- 3.Бекмухамедов Э.Л. К улучшению малопродуктивных пастбищ и сенокосов в сухостепной зоне // Улучшение и рациональное использование степных пастбищ Казахстана. – 1977. – Вып.2. – с.86-96.
- 3.Быков Б.А. Пастбища и сенокосы Казахстана // Алма-Ата, Наука. – 1969. – с.12-23.
- 4.Елеманов А.Е. Создание прочной кормовой базы в полупустынных и пустынных зонах Казахстана //Кормовая база отгонного животноводства – М., - 1967.
- 5.Жамбакин Ж.А. Пустынные пастбища и их использование // Улучшение и рациональное использование пастбищ Казахстана. – Алма-Ата. – 1975. – с.84-101.
- 6.Исаков К.И. Пастбища и сенокосы степной зоны // Алматы. – Гылым. – 1993.- с.188-189.

- 7.Использование и улучшение пастбищ Западного Прикаспия // Рекомендации. – М.:Россельхозиздат.-1984.-37с.
- 8.Курочкина Л.Я. Растительность песчаных пустынь // Растительный покров Казахстана. – Т.1. Алма-Ата.-1966.-с.191-582.
- 9.Кормовые ресурсы сенокосов и пастбищ Калмыкии / Бакинова Т.И, Борликов Г.М., Джапова Р.Р. // Ростов-на-Дону. Изд-во СКНЦВШ. – 2002.- 184с.
- 10.Таубаев Б.Ж. Состояние пастбищных экосистем и опустынивание Волжско-Уральских песков // КазгосИНТИ.-1994.№93-94. – с.61-63.
- 11.Таубаев Б.Ж. Экологическая оценка аридных пастбищ Волжско-Уральских песков Казахстана // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. – Алматы. – 2002.-№4.-с.6-9.



СТУДЕНТТЕРДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРМЕН ӨНДІРІСТІК БАҒЫТТА ДАЙЫНДАУ

Алмысбай Еркебұлан

О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі,
арнайы пән оқытушысы, ветеринария ғылымдарының магистрі

Қазақстан республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған ғылым мен инновацияны дамыту стратегиясын **(оның ішінде ғылым мен техниканы дамытуға арналған бағдарламасын қоса алғанда)** іске асырудың ағымдағы процесі **«Бәсекеге қабілетті және тиімді жұмыс істейтін, экономиканы қалыптастыруға бағытталған»** ғылыми-зерттеу секторының республика экономикасына технологиялық жаңғырту процесіне жетекші рөлін қамтамасыз ету.

Бұл үдерістің маңызды буыны тұрақты экономикалық өсудің негізгі ресурстарының біріне айналуы тиіс, **ауыл шаруашылық білім беріу ұйымдарының ғылыми әлеуеті болып табылады.**

Осы мақсат аясында адам қызметінің барлық салаларында, соның ішінде ҚР-ның білімінде де көрініс табуы тиіс, тиімді ұлттық инновациялық жүйені құру бүгінгі таңда жүзеге асырылуда екені барлығымызға мәлім. Білім берудің қазіргі жағдайын талдау қазіргі уақытта оны инновациялық процестер мен инновацияларсыз елестету мүмкін емес екенін көрсетеді. Білім беру үрдісіне шығармашылық көзқарас тәжірибеге бағытталған оқытуға барынша **оңтайлы бейімделген оқытудың жаңа инновациялық технологияларының** пайда болуына ықпал етуді көздейміз.

Инновациялар технологиясы деп инновациялық белсенділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін әдістердің, құралдардың және шаралардың белгілі бір жиынтығы түсіндіреді. Ауылшаруашылық білім беру саласында өзінің көрінісін табатын инновациялық технологиялардың негізгі түрлеріне мыналар жатады: тәжірибе енгізу, инжинерлік, консалтингтік және инновацияларды қамтамасыз етудің кадрларды дайындау кезеңін қамтамасыз ететін оқыту. О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінде инновациялық білім беру қызметін келесі бағыттар бойынша көрсетуге болады. Колледж студенттерін практикаға бағытталған оқыту мәселесі көбінесе жұмыс берушінің оларды дайындау талаптарын орындаумен анықталады.

Дегенмен, колледжбен кәсіпорын арасындағы қарым қатынастарды байланыстыруды одан әрмен дамыту мақсатында, кейбір олқылықтарды келесідей ұсыныстар бойынша практикаға бағыттауын болатынын ұсынамын.

1. **Бұл олқылықтың объективтілігі:** кәсіпорынның нарығымен ғана шектелмей және колледждің білім беру қызметтермен қатар түлектердің мамандықты түбегейлі заманауи меңгеруіне негіздеу;
2. **Студенттерге тек теориялық тұрғыдан:** білім беріуді тиісінше шектеулер еңгізе отырып, кәсіби тәжірибеден өтетін өндіріс орын немесе басқада мекемелердегі заман талабына сай инновациялық құралдарды көрсете отырып тәжірибесін арттыру;
3. **Пән ішкілік инновациялар:** бұл пән шеңберінде жүзеге асырылатын және оқытудың ерекшеліктерімен байланысты жаңалықтар. Бұл әдетте әртүрлі авторлық әдістермен және жаңа оқу-әдістемелік кешендерге көшумен байланысты. Кәсіби дағдыларды дамыту үшін тренажорларды белсенді пайдалану;
4. **Әдістемелік инновациялар:** бұл – кейс-технологиялар, рөлдік және іскерлік ойындар, жобалық іс-шаралар, білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі және т.б. сияқты дәстүрлі емес педагогикалық технологияларды оқу үдерісіне енгізу;

5. **Әкімшілік инновациялар:** бұл әртүрлі деңгейдегі басшылардың шешім қабылдауына әсер ететін және оқу орындарын тиімді басқаруға ықпал ететін жаңалықтар;
6. **Идеологиялық жаңалықтар:** бұл барлық басқа инновациялардың іргелі негізі болып табылатын және оны түсінуге, жаңаруға әкелетін іске асырылған тәсілдерді ұтымды, дұрыс пайдалануға ықпал ететін сананы жаңарту инновациялары деп аталады.

Студенттердің шығармашылық әлеуетін ашу үшін болып табылатын және студенттік іс-әрекеттің осы түрін қолдайтын үйірме ұйымдастыру. Сонымен, инновация бүгінгі таңда білім беруді дамытудың ең маңызды факторы болып табылады және студенттердің өздерінің жеке тұлға болып өзгеріуіне және дамуға мүмкіндік береді.

**СЕКЦИЯЛЫҚ ОТЫРЫС
СЕКЦИОННЫЕ ЗАСЕДАНИЯ**

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТЕТІКТЕРІ
ИНСТРУМЕНТЫ И МЕХАНИЗМЫ УСТОЙЧИВОГО ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ**

**ҚАМЫСТАН БҰЙЫМ ШЫҒАРУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ МЕН ТЕХНИКАЛАРЫН
АТЫРАУ ӨңІРІНДЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ**

Ихсанова Г.И.

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі,
Атырау қаласы

Ата-бабаларымыз шаруашылықта қамысты кеңінен қолданған. Үйкәсіпшілігімен айналысқанда қамысты тұрмыстық жабдық, әрі мал азығы ретінде, яғни үй тұрғызу, малға азық ету, ши тоқу сияқты шаруашылыққа пайдаланған. Қамысты үй қабырғасы және төбесіне жыруды сақтайтын құрғақтық қасиетімен бағалы деп білген. Қамыстан салынған үй жылы, құрғақ, табиғи таза болған, сондықтан таптырмас құрылыс материалы болып саналған. Қамыстан салынған мал қора қыста жылы, құрғақ болған. Сонымен қатар, қамысты отын ретінде де пайдаланған.

Қамыс - қияқ тұқымдасына жататын ең көп тараған өсімдік. Суда, ылғалды жерлерде өседі. Негізінен, 250-ден астам түрі белгілі, ал Қазақстанда оның 14 түрі бар. Қамыстың суда өсетіні белгілі болса да, ағашқа қарағанда 48 пайыз ылғалға төзімді болып келеді екен. Қамыс - таптырмайтын қазына. Қамыстың жер астындағы тамырын қазақ тілінде борық деп атайды. Борық - суда өсетін қамыс тәрізді өсімдіктің тамыры мен сабағының арасындағы шырынды, тәтті болып келетін сабағының түп жақ бөлігі. Қамыстың осы бөлігінен қант өндіруге болады. Қазірде қамыс қантын Үндістанда жасайды. Еуропаға бұл қант орта ғасырларда жетіп, XI-XII ғасырларда әлемдік танымалдыққа ие болған. Әлемде өндірілетін қанттың 60 пайызы қамыс қанты, ал, 40 пайызы қызылша қанты екен. Қызылшаға қарағанда қамыс қантының пайдалы қасиеттері әлдеқайда көп көрінеді. Себебі, қоңыр қант клетчатка, микроэлементтер мен жүйке жүйесін реттейтін В дәруменіне бай. Қамыс қантындағы калий ағзадағы артық сұйықтықты шығаруға көмектеседі. Қамыстан алынған қант түрінің құрамындағы кальций сүйектерді берік қылады. Қамыс қантындағы мырыш жалпы ағзаға пайдалы.

Қамыс - нағыз кәсіп пен табыстың көзі. Қамысы мен қызылшасы молынан жететін елімізде қант тапшылығын болдыртпауға болады. 2021 жылдың наурыз айында Көксу қант зауыты қамыс қантын өндіретін қуаты тәулігіне 300 тонналық қосымша желісін іске қосқан. Қанттың бұл түрін өндіруге кәсіпорында бұрыннан бар қондырғылармен қатар Украина, Австрия, Ресей, Германиядан жеткізілген жаңа қондырғылар, жапониялық автоматты құрылғылар қолданылады. Қосымша қондырғыларды жеткізу, монтаждау, тағы да басқа жұмыстарға 600 мыңнан астам АҚШ доллары көлемінде қаражат салынған. Жаңа желіні іске қосуға екі жылдай уақыт кеткен.

Бүгінде зауыт 80 пайыз автоматтандырылған. Шетелдік құрал-жабдықтарды игеру үшін Украина, Ресей елдерінен арнайы мамандар шақыртылып, жергілікті кадрлар үшін арнайы оқыту курстары ұйымдастырылған.

Мамандардың сөзіне қарағанда, қамыс қантын шығарудың бір артықшылығы, оны өндеуге кететін шығын салыстырмалы түрде аз. Және оның тәттілігі мен татымдылығы қызылша қантымен бірдей. «Әдетте қант қызылшасынан қант өндіргенде 12 пайыз мөлшерінде таза қант алынса, ал қамыс қанты шикізатын қайта өндегендегі өнімділігі 97-98 пайыз мөлшерінде болады», – дейді зауыт басшысы. Қамыстан өндірілген өнім еліміздің

кантқа сұранысын қанағаттандыру мақсатында отандық нарыққа шығарылып, бағаны ырықтандыруға септігін тигізбек.

Қазіргі кезде қамыстан тоқылған стол, орындықтар, бас киімдер, қолға ұстайтын сөмкелер, түрлі ыдыс өнімдері, түрлі бұйымдар саудаға шығарылуда. Шет мемлекеттерінің де қамысқа деген сұранысы жоғары. Кәдімгі қамыс Қызылорда облысы кәсіпкерлерінің экспорттық тауарына айналды. Бұл аймақта бақыланбайтын өсімдік барлық жерде тұщы су бар жерлерде – су қоймаларында, батпақты жерлерде, даладағы ойпаттарда өседі.

Оны Еуропа сатып алады, ол жақта қазір шатыр материалы ретінде экологиялық таза құрылысқа арналған сән бар.

2020 жылы 122 тонна шабылған және кептірілген қамыстың алғашқы партиясын Қызылорда облысының Арал ауданының солтүстігінен Германияға жіберді.

2021 жылы Еуропаға, атап айтқанда Германияға және Нидерландыға 900 тонна қызылордалық қамыс кетті. Биылғы жылы Қамысты экспортқа жеткізуді тағы да арттыруға болады.

Қамыстың бағалылығы, беріктігі, ылғалға төзімділігі, өңдеуге жеңілдігі мен экологиялық жағынан таза материал екені белгілі. Атырау өлкесінде өсетін қамыстың 70-80 пайызы орылмастан қалатыны анық. Осындай игілігі мол, табыс көзі болатын қамысты дұрыс тұтыну керек. Құрылыс материалдарының құны аспанға шарықтап, үй тұрғызу қиынға түсіп тұрған бүгінгі заманда табиғаттың берген байлығын бағалап, заманға сай технологияға ыңғайлап пайдалануға болады деген пікірдемін. Атырау өңіріндегі құрылыста қолданылып жүрген материалдардың дені тығыздалған ағаш. Ал, қамыс жоңқалы тақталар шығару - жылдар бойы жете мән берілмей келе жатқан мәселе. Бұған дәлел – оншақты жыл бұрын Құрманғазы ауданындағы қамыстан жиһаз тақтайын шығаратын цехтың ашылуы мен қаржы жетпеу салдарынан тез арада тарап кетуі. Қамысқа деген сұраныс Атырау облысы әкімшілігі тарапынан қолға алыну керек. Қамыс көгіне сиыр, жылқы, қой ұстап сүт, қымыз, ет секілді арзан мал өнімдерін өндіруге және қамыс пішенін орып - жинап, жем - шөп қорын жасауға немесе баулап базарға сатуға да болады. Үйдің жылуын сақтап тұратын қамыспен үйдің төбесін жауып қана қоймай, қабырғаларын тұрғызуға да пайдалануға болады. Ол - жылу ұстағыш таптырмас құрылыс материалы. Қамыс сабақтарын буып бау- бақша қоршауын да жасауға болады.

Осы өнімді өзге елде кеңінен пайдалану қолға алынған. Бұл өнім Германияда ағаш үйлердің шатырына тоқыма себет жасауға пайдаланады. Сулы жерде өсетін бұл өсімдікті су қатқаннан кейін шауып, оны баулап, ықтырма тоқиды. Өсімдік өзіне қажетті оттегін сабағына сақтайды да «үнемдеп» пайдаланады. Осы қасиетіне байланысты қамыстың тамыры тереңге кетсе де, тіршілігін жоймайды.

Бүгінде қамыс орып бұйым даярлайтындар жоқ емес. Адамдар үй салатын болса оған қамыстанбауқамыс даярлайды. Тоқырау жылдарынан бері жұмыссыз қалған біраз азамат қыстай қамыс орып, бауқамыс сатып нәпақасын тапты.

Соңғы уақыттарда қамыстың пайдасын білетін өлкеміздің жергілікті өнертапқыш азаматтары оны қолорақтарымен орып, станоктар жасап, бұйымдарды әртүрлі тәсілдермен жасап , сатып, табыс тауып пайдаланып жүр. Олар қамысты жаз мезгілінде малға азық ретінде орып алса, ал қыста құрылыс бұйымдарын жасау үшін орады екен. Қамысты құрылысқа пайдалану үшін станоктармен бауқамыс және тақта тоқиды. Шығарған бұйымдары сұранысқа ие болғандықтан сатып, табыс табады.

Демек, қамыс - құрылыс материалы ғана емес, азық - түлік, өңделген мал азығы, қағаз өнеркәсібі, отын ретінде қолдануға болатын және шығынсыз өсірілетін ерекше өсімдік. Қолдан жасалған станоктарды пайдаланып, бұйым шығару, одан кейін бизнеске үйреніп, табыс табу – менің студенттерімнің де қызығушылығын арттырып отыр. Биылғы оқу жылының жоспары бойынша техникалық шығармашылық жұмыстарымыздың қатарына «Болаттан жасалған қамыстан бұйым шығаратын станокты» қостық. Студенттер бауқамыс жасайтын станокты жақын арада құрастырып шығаруға талпынып жүр.

Атырау өлкесінде өсетін қамысты оруға комбайндарды пайдаланған дұрыс. Өйткені өсіп тұрған қамыс ауқымды жерді алып жатыр. Қамысты оратын комбайндар мен қамыстан бауқамыс тоқитын станоктарды, тақта шығаратын машиналарды Қытай мен Ресей елдерінен сатып алуға болады. Оларды пайдаланып, яғни қамыс орып, көптеген пайдалы бұйым өндіруге болады. Қамыстың игілігін толық меңгеріп, пайдасын көру үшін қамысты оратын комбайндар, қамыстан тақтай шығаратын құрылғылар, қамыстан төсеніш жасайтын машиналар, станоктарды сатып алып, құрылыс бұйымдарын шығаратын цехты іске қосу керек. Сонда, Атырау өңірінің экономикасы едәуір жылдам дамып, халқымыздың үйкәсіпшілігі жаңарып, жастарымыздың ұлт тәрбиесін алуға мүмкіндіктері болатын еді.

ТҮЙІН. Атырау өңірінде ондаған, жүздеген гектар қамыстар орылмастан қалып жатыр. Оны орып-шауып жатқан ешкім жоқ. Ендеше иен де иесіз жатқан осы қамысты неге орып, одан сапалы да бағалы құрылыс материалдарын даярламасқа. Қамыстың игілігін ел болып бағалауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алмахан Мұхаметқалиқызы Қамыстың пайдасын білеміз бе? Абай порталы МақалаБілгенге маржан 2514 4 пікір 15 Қыркүйек, 2022 сағат 13:04
2. Ерубай Қалдыбек. Жаңақорған тынысы » Қоғам » ҚАМЫСТЫҢ ДА ПАЙДАСЫ КӨП 27 қыркүйек 2018 жыл
3. Көксу қант зауытында қамыс қантын өндіретін қосымша желі іске қосылды Алматы облысының әкімдігіБаспасөз орталығыЖаңалықтар 15 наурыз 2021 - 15:36
4. Еуропа Қызылордада 900 тонна қамыс сатып алды Қызыл орда обылыстық Сыр бойы газеті.Қоғам. Негізгі жағалықтар. 30.01.2022
5. Құмаров Медет Берікұлы Қамыспен Бизнес каналының авторы

«ИНФОРМАТИКА» ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ АСПЕКТІЛЕР МЕН АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР

Суюндукова Гаухар Абильханкызы

Информатика пәнінің оқытушысы Қостанай Автомобильді транспорты колледжі, Қостанай облысы, Қостанай қ, Қазақстан Республикасы.

Түйін: Мақалада "Информатика" пәнін оқыту процесінде тәрбиелік аспект және ақпараттық технологияларды қолдану қарастырылған. Тәрбиелік аспект туралы негізгі мәселелер анықталады. Информатика сабағында тәрбиелік аспектілердің мысалдары, ақпараттық құралдарды қолдану мысалдары қарастырылады.

Түйін сөздер: ақпараттану, инновациялық даму, әлемдік стандарт, ақпараттық технология, модельдеу.

Аннотация: В статье рассматривается образовательный аспект и использование информационных технологий в преподавании предмета «Информатика». Выявлены основные проблемы воспитательного аспекта. Примеры образовательных аспектов, рассматриваются примеры использования информационных средств на уроках информатики.

Ключевые слова: информатизация, инновационное развитие, мировой стандарт, информационные технологии, моделирование.

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Сондықтан өз студенттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр оқытушы өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт.

Қазіргі уақытта ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отырды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс – тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпылған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану оқытушының біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал орта оқу орындары мамандарға қойылатын талаптардың өсуіне байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім беруге жаңа технологиялар енгізеді. Біздің елімізде болып жатқан өзгерістер білім жүйесіне де әсерін тигізіп отыр. Елбасымыз «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында, жалпы білім беру мекемелерінде мамандарды қайта даярлау жүйесін әлемдік стандартқа жақындату қажеттілігін айтып, Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек – деді. Осы жұмыстарды іске асыру үшін Елбасымыз оқытудың әр білім алушының білім мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау; онлайн тәсілінде оқыту барысын дамытып; оқу бағдарламасына жарытылыстану ғылымдар бойынша, бірінші кезекте, математика мен ақпараттық технологиялардан қосымша сағаттар немесе пәндер енгізу керек екендігін атап айтты. Ендеше, елімізде мамандар жаңа заман талабына сай, терең білімді, пайым – парасаты мол, өрелі жастар болуы керек. Ол үшін білім, ғылым және өндіріс үдерісінің өзара байланысын қамтамасыз ететіндей білім сапасын ғылыми – әдістемелік тұрғыдан дамыту керек. Бүгінде жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік

стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге, отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере, оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастыруымен басты мәселе болып отыр. Қазіргі таңда, оқу мекемелерінде оқытудың белгілі бір әдістемелік дәстүрлері қалыптасуына қарамастан, оқытудың жаңаша әдістерін іздестіру әрекеттері жүріп жатыр. Атап айтқанда, іргелі пәндерді оқыту мәселесіне жаңаша әдістре керек деп ойлаймын. Өйткені, бүгінгі әлемдік өндірістік технология барысында ғылыми жетістіктерді пайдалануда. Қоғамның қарқынды ақпараттану дәуірінде адамның жан – жақты дамуы үшін ақпаратты жинақтай білудің және жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы өте зор болғандықтан, көпшілікке түсінікті болып жатыр. Осы орайда, ең алдымен, Информатика пәнін оқытудың орны ерекше. Соңғы жылдары информатика негіздері мен есептеу техникасы, программалау курстарын оқу процесіне енгізудің алғашқы қадамдарынан бастап оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі мәселелеріне дейін шешілуде. Оқыту барысында білім алушылардың ақпараттық мәдениетін кеңейту, алгоритмдеу және программалау құзырлығын арттыру үшін қосымша электрондық құралдарды қолдана білуіміз керек. Өйткені, білім алушылар электронды материалдарды қолдана отырып, өз беттерімен білім ала алады. Қазақстан Республикасында білім беруді 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында ақпараттық және коммуникативтік технологияны білім беру жүйесін жеделдетіп дамытуға қолдану негізгі міндеттердің бірі ретінде анықталды.

Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Аталған бағыттарды дамыту үшін құқықтық-нормативтік, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық жағынан қамсыздандыру педагог мамандарды даярлаудың негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Қазіргі заман мұғалімі тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық білімді және ақпараттық-коммуникациялық білімді және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. Сонда ғана осындай жаңашыл мұғалім информатика сабағында компьютер желісін, презентацияларды және мультимедиялық – электрондық құралдарды білім беру процесінде терең, әрі нәтижелі қолданады. Ең тиімді программалардың бірі -Microsoft Power Point. Ол мұғалімге қысқа мерзімде өзінің үлкен дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін даярлауға көмектеседі. Және ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады. Олар: есте сақтау, көру, есту, ойлау, эмоционалды, автоматты және т.б.

Информатика оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады, мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Менің ойымша, ақпараттық мультимедиа құралдарын әр мұғалім өз сабағында қолдана білуі тиіс. Мультимедиа технологиясын қолданудың педагогикалық мақсаты ақпаратты эмоционалды тұрғыдан қабылдаумен байланысты болып келген білім берудің мотивациясының артуымен және ақпаратты өңдеуге байланысты атқарылатын өзіндік жұмыстардың түрлі формаларын қолдана білу қабілетін қалыптастырумен айқындалады. Оқыту процесінде мультимедианы пайдаланып білім берудің әртүрлі аспектілерін дамытуға болады. Олар: ақпаратты өңдеудің когнитивті аспектілері, оқытудың мотивациялық аспектілері, оқытудың коммуникациялық аспектілері, оқытудың танымдық аспектілері.

Мультимедиалық технологияларды пайдаланып оқыту, атап айтқанда, мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

- оқу материалын терең түсінуге;

- оқу мотивациясының артуына;
- алынған білімнің ұзақ уақыт есте сақталуына;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына т.б.

Қазіргі заманғы оқытушы үшін құралдар тек қызықты сабақ беру емес, сонымен қатар осындай сабақтарды құрастыру, білім алушыларды бақылау құралын құрастыру, үлгерімді және оқытудың мәселелік облыстарын қарау және зерттеу үшін қажет. Ақпараттық және коммуникативті технологияны қолдану оқу материалымен жұмыс істеуді жеңілдетеді және оқытудың жаңа әдістеріне көшуге мүмкіншілік тудырады. Мультимедиа технологиясын қолдану әдістемесі сабақтың әр кезеңдерінде білім беру жүйесін басқаруды жетілдіреді; оқу тәсілдерін күшейтеді; студенттердің ақпараттық мәдениетін жоғарылатуға мүмкіншілік береді, тәрбиелейді және оқыту санасын жақсартады; студенттердің қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар облысында білім алушыларды дайындау деңгейін жоғарылатады; компьютердің ойын құрылғысынан басқа мүмкіншіліктерін (демонстрациялау) көрсетеді. Информатиканы оқыту барысында ой еңбегінің мәдениеті жаңа сапалы деңгейде қалыптасады, білім алушы өзінің жұмысын жоспарлай білу, оны ұтымды орындай білу, бастапқы жоспарды оның орындалуымен байланыстыра білу сияқты жалпы адамзаттық мәні бар қасиеттер де қалыптасады. Сонымен информатиканы оқытудағы тәрбиелік мақсат – білім алушыны азаматтық, адамгершілік қасиетке және жоғары саналыққа баулуға бағытталған. Информатиканы оқып үйренудің жоғарыда аталған мақсаттары бір-бірімен өте тығыз байланыста, оларды бір-бірінен ажыратуға болмайды. Білім алушыларға негізгі жалпы білімді беріп болмай, информатиканың тәрбиелік эффектісін алуға болмайды. Білім беру мекемесінде информатиканы оқытудың жалпы мақсаттары нақты оқу үрдісіне байланысты нақты мақсаттарға айналады, яғни нақты тақырыптарды оқытудың мақсатына айналады. Пәнді оқытудың нақты мақсатарын анықтау жалпы дидактикадан басталады. Қазіргі қоғамның дамуына байланысты дидактиканың көптеген қағидалары өзгеріске ұшырап отыр. Информатика жас ғылым болғандықтан даму үстінде, оны білім беру мекемесінде оқыту мазмұны да әлі қалыптасу үстінде. Осындай жағдайда ғылыми тұрғыдан негізделген мақсат қана оқыту мазмұнын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Адам қызметінің барлық саласының ауқымды түрде ақпараттануы жағдайында, информатика пәнін кез келген ғылыммен байланыстыруға болады. Мысалы, философиямен байланысында әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін, филология мен тіл білімінде (бағдарламалау жүйесі, мәтіндік редактор, мәтінді айырып тану жүйесі, компьютерлік аударма құралдары, жасанды интеллект жүйесі), математика, физика, экономика бойынша (компьютерлік модельдеу), бейнелеу және графика (графиктік редакторлар, дизайн, мультимедиа жүйесі), т.с.с. Информатиканың фундаментальды негізі мына бөліктерден тұрады: теориялық информатика, ақпараттандыру құралдары, ақпараттық технологиялар, элеуметтік информатика. Теориялық информатика - информатиканың философиялық негізі, математикалық және ақпараттық модельдер мен алгоритмдер, сондай-ақ ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жобалау және құру әдістерін қарастырады. Аппараттандыру құралдары бағдарламалық, техникалық болып бөлінеді. Бағдарламалық құралдар (операциялық жүйе, бағдарламалау жүйесі мен тілдері), эмбебаб, мамандыққа бағытталған құралдар, техникалыққа - ДК, жұмыс станциялары, ақпаратты енгізу-шығару құралдары, ЭЕМ-нің желілері, компьютерлік (КТ) және телекоммуникациялық технологиялар (ТК) жүйелері жатады. Білім беру мекемесінде информатика курсының тәрбиелік мақсаты өте зор. Информатиканы оқыту барысында ой еңбегінің мәдениеті жаңа саналы деңгейде қалыптасады, білім алушы өзінің жұмысын жоспарлай білу, оны ұтымды орындай білу, бастапқы жоспарды оның орындалуымен байланыстыра білу сияқты жалпы адамзаттық мәні бар қасиеттер де қалыптасады. Информатиканы оқытудағы алгоритмдеу, бағдарламалар құру, оларды ЭЕМ - де орындау білім алушыдан ойлануды және шыдамдылықты арттыруды, көңіл қоя білуді, көз алдына елестете білуді талап етеді. Білім беру мекемелерінде информатиканы оқытудың жалпы мақсаттары нақты оқу процесіне байланысты нақты мақсаттарға, яғни нақты тақырыптарды оқыту мақсатына айналады. Пәнді оқытудың нақты

мақсаттарын анықтау жалпы дидактикадан басталады. Дәстүрлі сабақтарда еркін әңгімелесуді және орын ауыстыруды ұнататын білім алушыларға, информатика пәнінен сабақ уақытынан тыс алуан түрлі формалы сабақтарды (жас программистердің жазғы білімі, олимпиадалар, компьютерлік клубтар және т.б.) өткізу маңызды. Осы кезде білім алушылардың жасаралық байланыстардың дамуы байқалады, кейде төменгі курс студенті өзінен жасы үлкен студентке кеңес берсе, кейде білім алушының мұғалімге кеңес беруін көруге болады. Информатика оқу-тәрбиелік үрдісте кибернетикалық және педагогикалық идеялар үйлесімділігінің маңыздылығын білдіреді, ол білім алушылар ұжымына басшылық етудегі басқарушы мүше, мұғалімнің орнын өзгертіп, мүмкіндіктерін арттырып қана қоймай, басқару функциясын, сапаны диагностикалау және игеру деңгейінің, оқу үрдісіндегі кері байланыстың рөлін күшейтеді. Мұғалім көбінесе студенттердің өзіндік танымдық әрекетін және шығармашылық мүмкіндіктерін қалыптастыруға баса назар аударады.

«Информатика» пәнін оқыту үдерісіндегі білім берудегі негізгі аспектілер: жұмысты жоспарлау кезінде білім алушының және жалпы курстың білім деңгейінің диагнозын ескеру; жұмыстың әр кезеңіндегі білім алушылардың іс-әрекет түрлерін мақсатқа байланысты ойластыру; жұмысты бастаудың ең жақсы тәсілдері мен тиімді жолдарын таңдауды жүзеге асыру; жаңарту кезеңінде инновациялық технологияларды қолдану; жауапкершілікті, дербестікті, сыншылдықты, көпшіл болуды, еңбексүйгіштікті дамытуға мүмкіндік беретін бақылаудың әр түрлі түрлерін қолдану; білім алушыға және сәтсіздік жағдайында сәттілікке жағымды әсер ететін бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану; сабақтың білім беру міндеттерін түзетуге мүмкіндік беретін рефлексия кезеңін әр сабақта өткізу.

Информатика сабағында, мен алға келесі білім беру мақсаттарын қоямын: диалектика-материалдық дүниетанымды қалыптастыру; Студенттерді танымдық және практикалық қызметке дұрыс әдіснамалық тәсілмен қаруландыру; Қиындықтарды жеңуде еңбексүйгіштікке, бастамашылдыққа және табандылыққа тәрбиелеу. Білім беру мақсаттары бөлек емес, өйткені адамды оқыту және тәрбиелеу процесі біртұтас. Ол тек әр оқу пәнінде оның материалы мен әдістері бойынша нақты шешіледі.

Жақсы ойластырылған және дайындалған информатика сабағы студенттердің жан-жақты дамуы мен тәрбиесіне үлкен үлес қосады. Информатика сабақтары талдауға, салыстыруға, бағалауға, қорытынды жасауға үйретеді. Сабаққа дайындала отырып, мен материалды ұсынудың формалары мен әдістерін ойлап қана қоймай, сонымен қатар білім беру мүмкіндіктерін барынша пайдалану жолдарын саламын. Мультимедиялық информатика сабақтары, сабақтар-дәрістер, сынақтар, конкурстар, практикалық жұмыстар, студенттердің ұжымдық және дербес іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы өзіндік шығармашылық жұмыс, жұппен жұмыс істеу жалпы тәрбиелік және жеке тұлғалық маңызды мақсаттарды шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, сабақта күнделікті қолданып жүрген мультимедиялық технологияларды атап өтсек. Олар: Learning Apps, Flash, Calameo, Google Form, цифрлық аудио, виртуалды шындық және т.б.

Менің ойымша, сабақтың тиімділігі көптеген себептерге байланысты, өйткені сабақ өте күрделі процедуралық психологиялық - педагогикалық жүйе болып табылатын құбылыс.

Сабақтың жалпы функциясы-дамытушылық және тәрбиелік оқыту негізінде жеке тұлғаны тұтас қалыптастыру. Сабақтың шынымен тиімді болуы үшін әр оқытушы сабақтың үштұғырлы дидактикалық мақсатының барлық 3 аспектісін мұқият ойластыруы керек. Әр мұғалім сабаққа бара жатқанда, ол нені нақты үйретуі керек екенін, студенттерінде нені дамытып, тәрбиелеуді бастауы және жалғастыруы керек екенін көрсетуі керек.

Білім беру мақсаттары бөлек емес, өйткені адамды оқыту және тәрбиелеу процесі біртұтас. Ол тек әр оқу пәнінде оның материалы мен әдістері бойынша нақты шешіледі. Әр оқытушы өз сабағында әртүрлі формалар мен әдістерді қолдана отырып, білім беру мақсаттарын әртүрлі жолдармен жүзеге асырады. Нақтырақ тоқталып өтейін, кейбір нысандар мен әдістерді іске асыру үшін мен тәрбиелік мақсаттарды өз сабақтарымда қолданамын. Топтық қызметті ұйымдастыру. Топтық қызметті ұйымдастыру процесінде, алға мақсат қоямын, студенттердің алдында осындай ортақ мақсаты болады, ол қабілетті

қызықтырады, ал қол жеткізу үшін әр студент жеке үлесін қосуы керек. Мұндай топтарда студенттерге жұмыс істеу оңайырақ және ыңғайлы. Топтардағы жұмыс студенттерде бірлескен еңбек тәртібін тәрбиелейді, оларды уақытты ұтымды жоспарлауға үйретеді, бүкіл топ үшін ортақ оқу жұмысын орындау кезінде міндеттерді бөлуге және күш біріктіруге үйретеді, ұжымдық іс-әрекеттің тиімділігіне сендіреді. Мен, информатика сабақтарында топтық қызметті негізінен практикалық жұмыстар мен шығармашылық тапсырмаларда қолданамын. Мысалы, "АКТ құралдары" тақырыбындағы сабақ. Тәрбиелік мақсаттардың бірі: топта жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру. Оны жаңа материалды оқу кезеңінде жүзеге асыру үшін мен LOO технологиясын қолданамын: мен студенттерді топтың психологиялық-педагогикалық төлқұжатына сәйкес 3 топқа бөлемін. Әр шағын топ Капитанды таңдайды, тапсырманы бірлесіп шешеді. 1. Студенттердің субъективті тәжірибесін қолдану. Студенттің субъективті позициясын қалыптастыру жеке даму арқылы жүзеге асырылады. Көбінесе, білім беру ортасындағы қарым-қатынас кеңістігі оқушылардың субъективті тәжірибесін қалыптастырудан гөрі ресми білім беруге-білімді тексеруге көбірек бағытталған. Сондықтан қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі білім берудегі ең бастысы студенттердің жеке қасиеттерін, қажеттіліктері мен өзін-өзі дамыту қабілеттерін, өмір бойы үздіксіз және икемді өзін-өзі тәрбиелеуді қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты білім мен дағдыларды игеруге ғана емес, сонымен қатар әр студентке өзін түсінуге, көрсетуге және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайларды жасауға бағытталған педагогикалық тәсілдер мен технологиялар ерекше өзекті болып табылады. Информатика сабақтарында мен студенттерге өздерін көрсетуге мүмкіндік беруге тырысамын. Көбінесе сабақтарда менің орнына студент жаңа материалды түсіндіреді және көрсетеді (субъективті тәжірибеге сүйене отырып), мен оны қажет болған жағдайда ғана бағыттап, түзетемін. Мысалы, "Word текстік редакторы" тақырыбындағы сабақ. Тәрбиелік мақсат-жауапкершілік. Тәуелсіздік сезімін дамыту, жаңа материалды түсіндіретін студентті тыңдаған кезде, жаңа материалды түсіндіру кезеңінде жүзеге асырылады. 2. "Тәлімгерлік" әдісін қолдану. Компьютерде практикалық жұмыстарды орындау кезінде мен бір студент "тәлімгер" (пән бойынша "мықты") болатындай етіп жұп құруға тырысамын. Бұл әдіс артта қалған студентке "тәлімгердің" көмегімен материалды жақсы білуге, оған оқытушыдан сұрауға, компьютерлік сауаттылықты арттыруға көмектесетін сұрақтар қоюға көмектеседі. Тәлімгердің алдында оны алдын-ала ойластыру арқылы орындау керек; тәлімгердің өзі бір нәрсеге қол жеткізіп, одан әрі қадам жасап, басқа студентті осы қадамға итермелеуі керек. Тәлімгер студент өз білімі мен дағдыларын, өзін-өзі бақылауды, ынтымақтастық қабілетін беру үшін жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Мысалы, "Excel электрондық кестелері" тақырыбындағы сабақта материалды бекіту кезеңінде, мен тәрбиелік мақсатты жүзеге асырамын – ынтымақтастық қабілетін қалыптастыру мен мықты оқушы әлсіздерге көмектесетін етіп екі студенттерді таңдаймын. 3. Компьютерлік тесттерді қолдану әдісі.

Тестілік бақылаудың артықшылықтары: бағалаудың объективтілігі, ақпараттың сенімділігі, сенімділік, саралау қабілеті, оқытуда жеке көзқарасты жүзеге асыру. Компьютерлік тестілеуді қолдану оқу процесінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады, сонымен қатар студенттердің өз таңдауы, тәуелсіздігі, өз мүмкіндіктерінің үлкен деңгейіне жетуге деген жауапкершілік сезімін оятады. "Жүйелік блок" тақырыбы бойынша сабақта тәрбие мақсатын жүзеге асыру үшін – студенттердің білімін бақылау кезінде дербестікті дамыту үшін оларға тест тапсыруды ұсынамын. Студенттің өтініші бойынша тест сұрақтар түрінде немесе суреттер түрінде болуы мүмкін. Тестке 20 сұрақ кіреді. Бағдарлама тест уақытын автоматты түрде орнатады. Әр сұрақ бөлек пайда болады. Тест соңында баға қойылады. Мен тестілеуден өтуге 3 рет тырысамын, осылайша оқушыға өз мүмкіндіктеріне сенуге және оң нәтижеге қол жеткізуге деген ұмтылысқа көмектесемін. Бұл тесттің қағаз бетіндегі қарапайым тесттен айырмашылығы-студент барлық сұрақтарды бірден көрмейді және осы сұраққа жауап бермей, алдыңғыға ауыса алмайды, уақыт шектеулі, сондықтан бұл жағдайда тез әрекет етуі керек, дұрыс жауапты тез таңдай алады. Әрине, сабақты ұйымдастырудың кез-келген

түрінде, оқытудың кез-келген әдісін қолдана отырып , әр сабақта достық атмосфера құру қажет. Осындай атмосферада студенттер көмек әр түрлі көздерден келе алатындығын түсіне бастайды және біртіндеп құрдастарымен және үлкендерімен қарым-қатынас жасау дағдыларын игере отырып, олардың жолдастары мен мұғалімдерінің тәжірибесі мен дағдылары бәріне пайдалы және қажет екенін түсінеді.

Әр сабақта – мейлі ол жалпы білім беретін пән болсын, кәсіби пән болсын тәрбиелік мақсат болуы керек деп ойлаймын. Менің сабақтарым үшін бұл қарым - қатынастың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру - бұл адамның ақпарат әлемін шарлау, қажетті ақпаратты табу және оны компьютерлік технологияны қолдана отырып шығармашылықпен өңдеу мүмкіндігі. Егер әр оқытушы осындай тәрбиелік мақсатты өз пәнінде көрсе және оны бүкіл оқу курсының әр сабағында жүзеге асыруға жағдай жасаса, бұл дұрыс мақсат болады деп санаймын.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Беспалько В.П. Основы теории педагогических систем. – Воронеж: ВГУ, 1977. – 304с.
2. Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесіне кіріспе: Оқу құралы. – Алматы, 2008. – 280 бет.
3. Бочкин А.И. Методика преподавания информатики. — Минск: Выс. школа, 1998.
4. Основы информатики и вычислительной техники. - М.: Просвещение, 1991.
5. Кудесова Г. «Сабақтарда – ақпараттық технологиялар» // Қазақстан мектебі. – 2013.

ЭЛЕКТРМЕН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ПӘНІ БОЙЫНША ЭЛЕКТР ШАМЫН ЖАҒУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Қанат Амангүл Қанатқызы

Оңайбай Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі
арнайы пән оқытушысы, Атырау қаласы

Қазақстанда энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру шаруашылықтың барлық салаларында қазіргі уақытта энергетикалық, экологиялық және экономикалық проблемалар кешенін шешетін басым міндеттер болып табылады. Мемлекет басшысы энергия үнемдеу саласында жалпы ішкі өнімді үнемдеуді 2015 жылға қарай 10%-ға, 2020 жылға қарай 25%-ға төмендету бойынша міндетті алға қойды. Энергия үнемдеу саясатын жүргізу үшін негіз қолданыстағы нормативтік база болып табылады.

Қазіргі білім беру үдерісінде шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал ететін жаңа, неғұрлым тиімді технологияларды іздестіру аса маңызды болып тұр. Өр пән мұғалімі өз пәні бойынша студенттердің мамандығына қызығушылығын тудырғанын қалайды, студенттер жай ғана формулалар мен электрлік сұлбаларды сызып, өрнектерді жазып қана қоймай, логикалық ойлау қабілетіне ие болады. Тәжірибе көрсеткендей, дайын ақпаратты тыңдау оқытудың тиімсіз тәсілдерінің бірі болып табылады. Білімді бастан басқа механикалық жолмен беру мүмкін емес (естіледі - үйренеді). Мұғалімнің міндеті - студентті оқу процесінің белсенді қатысушысына айналдыру. Студент ақпаратты өзінің пәнге деген қызығушылық іс-әрекетінде ғана игере алады.[2] Сондықтан мұғалім ақпарат беруші, студенттердің іс-әрекетін ұйымдастырушы рөлін атқаруы керек, оқу мен даму жүретін органы ұйымдастырушы, тәлімгер, ақылшы және көмекші болуы керек. Менің оқытушылық мақсатым - энергоүнемдеу арқылы «Кәсіпорындармен азаматтық ғимараттарды электрмен қамтамасыздандыру» пәніне ынтаны арттыруға оңтайлы жағдай жасау.

Инновациялық білім беру тұжырымдамасы балаларды кәсіби деңгейде техникалық дамыған әлемге дайындауға мүмкіндік береді. Бұл студенттерге өз тәжірибелеріне сүйене отырып, тұжырым жасауға, алған білімдерін практикада қолдануға, проблемаға өзіндік (немесе топтық) көзқарасын ұсынуға мүмкіндік береді. Ғылым бір орында тұрмайды, сонымен бірге қазіргі білім де өзгереді.[3]

Қазіргі таңда алған білімді қолданып қана қоймай, өз бетімен жаңа шешімдер жасай білу, бар деректерді сыни тұрғыдан қайта қарау және ғылым мен техниканың бұрын қолданылмаған мүмкіндіктерін ашу маңызды.

Мен «Кәсіпорындармен азаматтық ғимараттарды электрмен қамтамасыздандыру» пәні бойынша «Газ разрядты шамдар» тақырыбы бойынша өткізілген сабағымды негізге алғым келіп отыр. Мен өз сабақтарымда оқытылған материалды бастапқы бақылау үшін қысқа уақыт аралығында техникалық диктантпен немесе тест тапсырмаларын құруға арналған түрлі бағдарламалар мен қызметтерді (My Test, Scratch, Learningapps, Kahoot және т.б.) қолдана отырып тексеремін.

Электр шамдарын қолданатын сабақтарда студенттердің топтық жұмысына көп көңіл бөлінеді. STEM технологияларын қолданатын сабақтарда барлық студенттер оқу үдерісіне қатысады және өздерінің білімдері мен пікірлеріне, пікірталастарына және өз ұстанымдарын қорғауға қатысу мүмкіндіктерін түсінуге және ой елегінен өткізуге мүмкіндігі бар екенін атап өткім келеді.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды әлемдік білім жүйесіндегі STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген сөзбен біріктіріп атауға болатынын ескеріп, «Кәсіпорындармен азаматтық ғимараттарды электрмен қамтамасыздандыру» пәні бойынша «Электр шамдар» тақырыбы бойынша өткізген сабағымға шолу жасаймын.

I. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу. Жоқ студенттерді белгілеу, аудитория тазалығын тексеру, сабаққа дайындықтарын қарау. Ұйымдастыру әрекеттінің қысқа мерзімділігі, оқытушының

талаптылығы, ұстанымдылығы, жинақтылығы мен бағытты әрекеттінің айқын болуы; білім алушылардың мақсатының болуы.

II. Үй тапсырмасын тексеру

Сабақ барысында студенттерді біліммен қаруландырып қоймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып ,

«Санаға сапар»

«Синквейн »

«Kahoot test» секілді әдістермен үй тапсырмасына шолу жасап,қайталап шықтық.Осы техникалар арқылы студенттердің сабаққа араласуына жол беріледі деп түсінемін.

III. Білім алушыны жаңа материалды қабылдауға даярлау

Жаңа сабақтың тақырыбы: «Энергоүнемдегіш шамдар»

Жоспар:

1. Газразрядтық шамдардың жалпы қасиеті
2. Люминесцентті шамдар
3. Галоген шамдар
4. Негізгі тапсырма

IV. Жаңа материалды түсіндіру

1. Жоспар бойынша газразрядты шамдарының түрлері мен олардың қасиеттерін, қолданылу саласымен құрылысы жөнінде ақпараттар берілді.

Газразрядты шамдарының қолданылуы жөнінде видеоматериалдар, электрмонтаждау схемалары және сабақтың көрнекілік құралдары ретінде электр шамдарының түрлері қолданылды. Күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген электр шамдарының негізгі қасиеттері, артықшылықтары мен кемшіліктері жөнінде де мол мағлұмат берілді. Қазіргі заманауи сабақтарды компьютерлік технологиялар, интерактивті тақта, ноутбук, мобильді құрылғылар мен қосымшалар арқылы өткізсе, оқушылардың жаңа материалды тез түсінуге мүмкіндік береді. Себебі, білім алушылар бұл құрылғылармен асқан қызығушылықпен жұмыс жасауға ұмтылады. Оқытушы студенттердің сабаққа қатысуын қадағалап, кері байланыс жасап отырады.



1- сурет. Студенттерге ақпарат беру сәтінен көрініс

2. Оқытушы бар ақпаратты түсіндіріп болғаннан кейін, осы аталған шамдарды электр шамдарын қолдану технологияларын бойынша тапсырмасын береді. Яғни студенттерге осы аталған шамдарды қосуда өздерінің идеяларын, жобаларын ортаға тастау сұралады. Студенттер өздерінің ойларын немесе топтың идеясын ортаға айтады. Замануи энергияүнемдегішшамдарды ақылды шамдарға айналдыру идеясы туындайды. Бұл бағдарлама **Sonoff** релесі арқылы және ұялы телефондағы Wi-Fi желісі немесе мобильді желі арқылы іске асырылады. Смартфондағы **android** жүйесі арқылы **eWeLink** қосымшасын жүктеп алып, осы қосымшаға өзіңіздің телефон номеріңізді енгізу арқылы тіркеледі. Осы қосымша негізінде үйде жанып тұрған шамды телефон арқылы басқару жүзеге асырылады.



2- сурет Sonoff релесі және оны жалғау процесі

Жалпы бұл бағдарламада дизайн, құрастыру және модельдеу, үлгілерді орналастыру, қажетті материал шығынын есептеу, монтаж желілерін есептеу, әртүрлі өлшемдерге өзгерту қарастырылған. STEM білім беру технологиясы бойынша бұл тапсырмада проблемалық сұрақтарын ғылыми тұрғыдан инженерлік жобалау және математикалық сипаттау арқылы білім алуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға, жаңа технологияларды игеруге байланысты болашақ кәсіптің іргетасын қалыптастыруға көмектеседі. Жаңа технология бойынша білім беру: математика саласы бойынша кабельдің өлшемдері, шамның жану ұзақтығы, коммутациялық аппараттарды орнатудағы дәл өлшемді алу, кабельдің қимасының өлшемі, пайда болатын кедергінің жүкетеменің өлшемдері есептелінеді. Аталған тапсырма бойынша физика, химия, жаратылыстану т.б. басқа пәндерді оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Тапсырманың мақсаты — теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, әртүрлі шамаларды өлшеудің әдістемелерімен танысу, әртүрлі құралдардың жұмыстарын зерттеу, тәжірибелік мәліметтерді жинау және өңдеу технологияларын үйрену, инженерлік графика және дизайн жасау дағдыларын дамыту екенін атап өткім келеді.



Студенттердің топтарда ақылдасу сәті

Негізгі тапсырмалары

- Студенттерді жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережесімен таныстыру, техникалық қауіпсіздікті сақтау;
- Негізгі бөлшектер мен үлгілерді жасау үшін бағдарламаның құралдарын және мүмкіндіктерін қалай пайдалану керектігін үйрету.
- Заманауи шамдарды ақылды шамдарға айналдыру туралы идеяны қалыптастыру;

Даму міндеттері

- Электрлі монтаждау жұмыстары бойынша сызбаларды сызу, өлшемдерді есептеу;
- модельдеу арқылы есте сақтау, ойлау және, шығармашылық қиялын дамыту;


- АКТ тиімді қолдана білу мүмкіндігі артады.
- технологиялық сауаттылықты қалыптастыру;
- стратегиялық ойлауды дамыту;

Тапсырма берудегі мақсат: Қазіргі инновациялық технологиясының көмегімен студенттер бір-біріне сұрақтар қоюға, тапсырмаларды тұжырымдап, өз шешімдерін әзірлеуге, өздерінің жобаларын қорғауға үйренеді. Студенттер жобалау барысында топта жұмыс жасауға, өзін және бірін-бірі бағалауға, шығармашылық жұмыс жасауға дағдыланады. Біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. Студенттерді қазіргі таңда энергоүнемдеуге және соңғы технологияларды оңтайлы пайдалануға үйрету.

Күтілетін нәтижелер

- Қарапайым электромонтаж сызбасын дайындайды;
- Электр шамдарын жағудың сұлбасын өзгертеді;
- Электр шамды ақылды электр шамына айналдырады;
- Алыстан басқару функциясын іске асырады.

Бұл жұмыстың басымдылығы студенттердің өз салаларында білімін, дағдыларын және қабілеттерін қалыптастырады. Сондықтан бұл тұжырымдама балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Мұғалімнің міндеті студенттерге күнделікті көріп жүрген техникалар жайлы түсінік қалыптастыру үшін өзін-өзі реттеуге мүмкіндік жасап, өздерін қоршап тұрған құрылымдардың жұмыс істеу принциптерін құру мен зерттеуге деген, технологияларды танып білуге деген қызығушылығын арттырып, ынталандыру. Командалық жұмыс коммуникативті дағдыларды жақсартады және кіші топтарда біртұтас және тиімді қарымқатынасты қалыптастырады. Болашақта алған дағдылары мен білімі еңбек нарығында бүгінгі студент жастарға деген сұранысты арттыратыны сөзсіз, мектепте алынған білімнің негізінде оларды қолдану оларға ересек өмірге тез дағдылануға көмек көрсетеді.



3 – сурет Топ бойынша тапсырманы орындау, нәтижесін түсіндіру кезеңі

VI. Қорытындылау

Электрмен қамтамасыздандыру бойынша білім беру идеясы негізінде топтардың идеяларын іске асыруды тыңдау, сараптау, тексеру жұмыстарын қорытындылау. Электрэнергияны үнемдеу, электр шамын іске қосудың жаңашыл әдісі қолданды. Басқа да креативті нұсқалары тыңдалды.

«4 сурет 1 сөз»

«Жылжымалы ақпарат»

«Kahoot» сынды техникалар негізінде бүгінгі сабағымызды қорытындылаймыз. Осы аталған техникалар негізінде студенттерге рефлексия жасау оңайға түседі.



4 – сурет Алған білімді қорытындылау процесі

«Кәсіпорындармен азаматтық ғимараттарды электрмен қамтамасыздандыру» пәнінде электр монтаждау сызбасын құрастыруда электр шамын қашықтан басқаруды қолдану оң нәтиже берді. Әсіресе қарапайым электр шамдарын жағу сызбасын жобалау, құрастыру, модельдеу бағытында заманауи технологияларды қолдану, уақытты тиімді пайдаланып, жұмысты сапалы орындауға мүмкіншілік береді. Мысалы студенттер бұрын қарапайым электр сызбасын құрастырып жүрсе, қазіргі кезде Sonoff релесі, сымсыз интернет және ұялы телефон негізінде қажетті өлшемдерді нақтылай отырып, сызба құрастыруды және оны іске асыруды үйренеді. Бұл студентке болашақта алған білімін өмірде қолдануына үлкен мүмкіншілік береді.

VII . Үй тапсырмасы

Үй тапсырмасын дәптерге түсіреді. Электрмонтажды сызбаны қайталап сызу. Бүгінгі сабақта көрсетілген электр шамдарының қолдану мүмкіншілігі жөнінде қызықты ақпараттар жинап келу. Жаңа идеялар ойлап, өз ұшқырлықтарын келесі сабақта көрсету. Сараптамаалап қорытындылау, білім алушыларды бағалау.

Қорыта келе, қазіргі заманауи арнайы пән оқытушысы студентті оқыта отырып, колледж қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Демек, қазіргі таңда жаңа технологияларды пайдаланып білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нетрадиционные и возобновляемые источники энергии : учеб. пособие [Электронный ресурс] / В. А. Агеев, А. А. Костригин. – Саранск : Изд-во Мордов. ун-та, 2018. – 3,16 Мб.
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. - // Қазақстан мектебі, №4, №2008]
3. Қ.Р. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі» туралы заңы.ҚР Парлментінің 2012 жылдың 25 қаңтарында қабылданды.Астана, 2012ж.
4. Тлеуов А. Нетрадиционные источники энегрии: учебное пособие.Астана: Фолиант, 2009,248 с.
5. А.Дандибаев, А.Абдрахманова, С.Шагиров, Н.Дускалиев. «Робот техникасы негіздері»\Әдістемелік нұсқаулық. Орал 2017
6. Азалиев В.В, Варсановьева Г.Д, Кроль Ц.Е. Эксплуатация осветительных установок промышленных предприятий

ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ МЕХАТРОННЫХ КОМПЛЕКСОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.

Корлыбаева Б. Е.

ГККП "Жамбылский политехнический высший колледж"

Ключевые слова:

«Worldskills».Мехатронные комплексы
-введение в WorldSkills в разрезе программирования,
-совокупность механики и электроники,
рентабельность выпускников.

В 2019 году ГККП «Жамбылский политехнический высший колледж» принимал участие в республиканском проекте «Жас маман», целью которой является модернизация 180 колледжей и 20 вузов по 100 наиболее востребованным профессиям и внедрение международного опыта подготовки высококвалифицированных специалистов. Наш колледж прошел по двум специальностям, одна из специальностей - это 1013000 «Механообработка, контрольно-измерительные приборы и автоматика в промышленности» и выиграл грант на модернизацию учебно-материальной базы. Учебно-материальная база была оснащена мехатронными станциями германской компании «Festo»: Handlingstation - перемещение, Distributingstation-подача, Separatingstation - отделение, Sortingstation - сортировка, Programmingstation - программирование, Storingstation- складирование, Automashinprocessing - процесс автоматизации, «Kazan _C_2019» комплект станции (1. Handling station, 2.Three Magazine station, 3.Visual Quality station, 4.Joining station), «Abu Dabi 2017» комплект станции (1. Handling station, 2.Megering station, 3. Paking station, 4.Joining station), Добот«Промышленная рука», коботами.

Сейчас идет внедрение в рабочие учебные программы дисциплин мехатронных комплексов по стандартам «Worldskills».Мехатронные комплексы -включают следующие виды работ:

- введение в WorldSkills в разрезе программирования;
- характеристики семейства SIMATICS7;
- программирование на LAD и др. языках;
- логические операции,счетчики,таймеры;
- операции сравнения и др.

Вообще мехатроника это совокупность механики и электроники. Основной целью мехатроники, является разработка принципиально новых функциональных узлов, блоков и модулей, реализующих двигательные функции, которые используются как основа для подвижных интеллектуальных машин и систем. В связи с этим, предметом мехатроники становятся технологические процессы проектирования и выпуска систем и машин, способных реализовать требуемый двигательный функционал.На сегодняшний день многие современные системы являются мехатронными или используют элементы мехатроники, поэтому постепенно мехатроника становится «наукой обо всём».

Мехатроника применяется во многих отраслях и направлениях, например: робототехника, автомобильная, авиационная и космическая техника, медицинское и спортивное оборудование, бытовая техника в химических производствах, машиностроении (автоматизированное машиностроение, станкостроение, электронное и энергетическое производсво и др.); авиакосмической техники,железнодорожный транспорт. Развитие мехатроники осуществляется на базе объединения сведений из ряда разнородных и обособленных областей: прецизионной механики, электротехники, микроэлектроники, информационных технологий, силовой электроники и других научно-технических дисциплин. Сейчас под мехатроникой понимают системы электропривода с исполнительными органами относительно небольшой мощности, обеспечивающие

прецизионные движения и имеющие развитую систему управления. К примеру мехатронных систем, можно привести множество примеров, которые обычно окружают нас с вами- это типичная мехатронная система —тормозная система автомобиля с АБС (антиблокировочной системой),также персональный компьютер является мехатронной системой: ЭВМ содержит много мехатронных составляющих: жёсткие диски, оптические приводы,роботы,станки с ЧПУ и многое другое.

Применение мехатронных комплексов в образовательном процессе повышает рентабельность выпускников, и способствует подготовке высококвалифицированных кадров, отвечающим современным требованиям нынешнего рынка труда.

Список литературы

1. «Мехатроника : основы, методы, применение: учебное пособие» - **Подураев В.Л.,2006**
2. «Основы технологии автоматизированных машиностроительных производств» учебник Скворцов А. В. , Схиртладзе А. Г.,2017

ҚАЗІРГІ ТАҢДА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Елемесова А.Е.

Жоғары инженерлік-технологиялық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы, техникалық ғылымдар магистрі. Орал қаласы.

Жоғары инженерлік-технологиялық колледжі Бүгінгі таңда кәсіптік білім беретін оқу орнында оқып білім алып жатқан жас ұрпақ алдында «Қазақстан – 2030» бағдарламасында көрсетілген «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» сияқты ұзақ мерзімдік іске асыру стратегиясын үшінші мыңжылдықта жүзеге асыру міндеті тұр. Демек, бұл қоғамдық саладағы өзгерістерге сай жоғары талаптар қоя отырып, экономикалық бәсекелестік жағдайында сапалы мамандар даярлау қажеттігін алға тартады. Отанымыздағы білім ордаларында оқу үдерісі мен тәрбие жұмыстарын тығыз байланыстыра отырып, білім алушылардың бойында ғылыми дүниетанымын, адамгершілік, саяси саналарын, еңбекқорлық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру – әрбір ұстаздың парызы. Себебі ұстаз – білім 97 алушының жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, олардың қиялын самғатып, арманын көкке ұмсындырушы тұлға. М.Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». Сондықтан да әрбір ұстаздың кәсіптік білімі ұлттық тәлім, тәрбиемен біте қайнасып жатуы керек, олай етпей білім берем деу құр әурешілік. Жас буынға ата тегін қадірлеу, ел намысын қорғау, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, сөз асылын құрметтеу, туыскандық ережелерді сақтау, табиғатты аялау, дала философиясын білу, оның заңдылығынан шықпау сияқты өмірге қажетті қағидаларды ұстаз сіңіре білуі керек. Ұстаздың кәсіптік рөлі, орны, педагогтік кәсіптік мінез-құлқының этика – деонтологиялық нормалары болады. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында жастардың жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруіне, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Ғылым мен техниканың дамуымен әлеуметтік өмір деңгейі де өзгеріп отырады. Осының бәрі табиғат байлығына адам миы мен күшінің жұмысынан туады. Әр адамның ойы мен білімі әр қоғамға қандай керек болса, табиғат пен оның байлығы да сондайлық керек. Мұның өзі дүние бір-бірімен байланыста дамитынын ондағы адам мен қоғамдағы қатынасты да қадағалай білген жөн. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту туралы тұжырымдамасының» басты мәнділігі – ол үздіксіз білім жүйесінің негізгі идеялары мен қағидаларын ХХІ ғасыр талаптарына сәйкестендірудің және оны әлемдік білім кеңістігінің даму заңдылықтарына ұштастырудың жолдарын көрсетуге арналып отыр. Тұжырымдаманың басты ерекшелігі мен артықшылығы білім берудің ұлттық жүйесін қайта құрудың принципті жаңа идеяларын ұсынуында болып отыр. Жаңадан енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енудің нысанына айналады. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми әдістердің, жекелеген оқытушылар мен тұтас бір ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді. Хутвс педагогикалық процестің

инновациялық даму стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде педагог қызметкерлердің рөлі артуда. Оқу үдерісінің көптүрлігіне қарамастан дидактикалық, компьютерлік, модульдық, проблемалық және басқа жетекші педагогикалық қызметті іске асыру оқытушылардың еншісіне қалып отыр. Оқу тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты оқытушы мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін қоса меңгеруде. Оқытушының кәсіптік қызметі арнаулы пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технологиясы салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан оқытушыдан арнайы педагогикалық, психологиялық дайындықты талап етеді. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады.

Инновациялық процесті үш кезеңге бөлуге болады: Бірінші кезеңде оқытушы жаңалықтардың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, одан кейін әртүрлі жаңалықтың ішінен қажетті ақпаратты тандап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды. Содан кейін, оқытушы инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне көшеді, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеп, енгізу жоспарын құрып, жаңалықты қолданады. Бұл кезеңде оқытушы оқу-тәрбие процесіне, жаңалықты енгізуге кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып өзгерістер енгізеді, жаңалықты уақытылы мерзіміне байланысты жүргізеді.

Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекет үшінші кезеңге өтеді. Бұл кезеңде оқытушы жаңашыл тұрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге жасаған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу-тәрбие жұмысына нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп, оны таратуға ұсынады. Инновациялық процесті болжау барысында қолданылатын іс-әрекеттер тереңдетіліп, кеңейтіледі. Сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеу қорытындылары талданады. Алдыңғы қатарлы озық тәжірибені ғылыми талдау негізінде оқып үйренуге, қазіргі кездегі педагогикалық зерттеулер нәтижелерімен танысуға болады. Жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық іс-әрекеттің негізі заңдылықтары мен қағидаларын дұрыс пайдалана білуге, шығармашыл ойлауға, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің құндылық қарым-қатынастарын қалыптастыруға, оқытушы шеберлігін 92 арттыру жолдарын таба білуге және жете түсінуге үйретеді. Сонымен қатар алдыңғы қатарлы озық тәжірибелер жөніндегі ағымдағы газет-журнал материалдары арқылы танысып, педагог-новатор әдістемелерін ғылыми тұрғыдан талдай білуге, инновациялық іс-әрекет ерекшеліктерін айқындап, өз беттерімен сурет, кесте құруға, реферат, хабарлама, аннотация, рецензия жазып, оқу-тәрбие қызметіне педагогикалық талдау жасауға үйренулері керек. Оқытудың жаңашыл әдістері мен тәсілдерін сөз еткенде, оқылып отырған материалдың ерекшелігіне аса мән беру керек. Әдістемелік құралдарды шығармашылықпен пайдалану қажет екеніне назар аудару көзделеді. Сонымен қатар, оқытудың инновациялық жүйесі, білім, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасу керек. Студентке белгілі бір көлемдегі білім, білік дағдыларды меңгертумен қатар дүниетанымын кеңейтіп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы деп отырмыз. Бұл, әрине ұстазға да көп ізденісті талап етеді. Өйткені, «Шәкірт – біліммен толтыратын бос құмыра емес, ол жануға дайын тұрған шырақ, ал ұстаз шырақшы ғана...». Сондықтан, білім беру саласындағы оқытудың озық жаңа технологияларын меңгермейінше, сауатты маман болу мүмкін емес. Осыған орай, әрбір ұстаз барлық жаңалықтар мен әдістерден хабардар болып, оқыту түрлерін, әдіс-тәсілдері мен құралдарын жетілдіріп, оларды тиімді қолдану жолдарын іздестіріп, өз кәсібін шығармашылықпен дамытып отыру қажеттілігі заман талабынан өз-өзінен туындап отыр. Білім беруді

ұйымдастырудың дүние жүзілік тәжірибесінде көптеген оқыту технологиялары жүзеге асырылуда. Ондағы мақсат – студенттің танымдық қабілеттерін, яғни өзінше ойлау қабілетін арттыру, елестету мен есте сақтауын, дағдысын, білім, жаңа педагогикалық технология – білім беруді ізгілендіру принциптеріне негізделген компьютерлік технология, сонымен бірге оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау. Онда: - білімді ізгілендіруге - оқыту сапасын арттыруға - басқару тиімділігін жетілдіруге - оқушылардың дамуына бақылау жасауға осыларға сәйкес бағалауға болатыны дәлелденіп отыр. Бұл жүйенің басты компоненті – оқыту мақсаты. Ол мақсат өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру, сондықтан оның өзіндік танымдық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет сапасының дамуын қамтамасыз ету. Қоғамды индустрияландыру кезеңінде білім беру жүйесі алдыңғы кезекте, маманданған сауатты тұтынушыларды дайындауға бағытталса, ал білім беруді ақпараттандыру жағдайында бұл мәселе білім берудің негізгі мақсатына ауысады. Мұндағы негізгі мақсат – оқушының қоршаған әлем жайында табиғи ғылыми болжамын қалыптастырумен жалпы ізгілікті адамгершілікке дайындау болып саналады. Қазіргі заман оқушысы тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сай білім беруді ақпараттандыру бағытында колледжімізде жүргізіліп жатқан жұмыстар ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуда. ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінгі таңда колледжде оқу пәндерін компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу ең басты орын алады. Бұған себеп оқыту процесінде туындайтын компьютерлендірудің педагогикалық-психологиялық жаңа проблемалары әлі толық шешілмегені. Білім беру жүйесін ақпараттандыру білім беру үшін үлкен перспективалар ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телекоммуникациялық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі рөлі 93 мен орнында түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бірге қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды. Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдастықта алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешуіне байланысты. Сонымен қатар, әлдебір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолдануының деңгейі оның материалдық базасының дамуымен қатар емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейімен, оның жаңа білімді туындату, игеру және қолдана білу қабілетімен де

анықталады. Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық-технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық – телекоммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер оның ішінде интерактивті құралдарды кең көлемде қолдануды қажет етеді. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» – деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады. Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде. Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды
2. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес.
3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады.
4. Сабақта АСТIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады.
5. АСТIVwand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді.
6. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.
7. Сабақтың өнімділігі артады.
8. Оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді. Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеру және оны әрбір сабақта тиімді пайдалану білім сапасына елеулі әсер етуде.

Инновациялық технологиялардың бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясы арқылы білікті маманды заман талабына сай даярлау оқытушының басты міндеті. Тәжірибеге сүйенсек күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді, интерактивті тақтамен, мультимедиялық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер беруде. Кез-келген сабақты қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу ол әрбір оқытушы үшін бір сабақ. «Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз» қағидасын ұстанған оқытушы үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Сонда ғана өзі қызыққан оқытушы – сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Кәсіптік білім беру орындарының оқытушылары үшін әрбір сабаққа

жаңалық енгізудің қажеттілігінен гөрі, әрбір сабақта жаңалықтарды пайдалану, озық тәжірибелерді пайдаланудың өзі үлкен жетістіктерге жеткізеді. Өзіміздің дәстүрлі, дәстүрлі емес оқытудың әдістерінде пайдалануды 94 ұмытпағанымыз жөн. Себебі жаңа-жаңа деп жүріп кейде біз қарапайым әдістерді меңгермей жұмысымызды күрделендіріп жібереміз. Өзімнің әрбір сабағымда осы озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Кез-келген сабақта тақырып бойынша «қандай жаңалықтар шығуда, қандай жұмыстар атқарылуда» арқылы бастау дәстүрге айналды. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызықты өтуінің кепілі. Алынған ақпаратты жеткізу, тарату үшін оқытушының алатын орны елеулі. Қазіргі уақытта кіріктірілген инновациялық технологиялар туралы көптеген ізденістер, жұмыстар атқарылуда. Кіріктірілген инновациялық технологияларды оқытуда қолдану тиімді нәтижелерін беруде. Мысалы, «Кәсіпорынның қаржы ресурстарының көзі» тақырыбында сабақ өту, тек өзімнің төңірегімнің айналасында болмауы қажет. Сол сияқты бұл тақырыпты «Қаржылық есеп», «Қаржылық талдау», «Ұйым экономикасы» т.с.с. пәндермен байланыстыра отырып оқыту үлкен жемісін беруде. Алынған ақпаратты ары қарай дамыту кіріктірілген инновациялық технология сабақтарында жүзеге асады. Тақырыпқа байланысты, мәлімет, ақпараттың барлығының жан-жақты бір ғана арнаулы пән оқытушысы емес, басқада оқытушылармен түсіндірілуі, дәлелденуі және жеткізілуі. Бір тақырыптың өзін кең көлемде түсіндіру. Қазіргі сабақтарда ақпараттық технологияларымен, кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстыра өту мен үшін тиімді нәтижелер беруде. Ақпараттық технологияда біз оқытушыны ақпарат беруші, бағыт бағдар көрсетуші деп түсінеміз. Белгілі бір тақырып бойынша мәлімет, әдебиеттер және т.б. берілді. Іздену жұмысы білім алушының еркінде болып қалады. Оқытушыдан алынған ақпарат тек жалпылама кең көлемде беріледі. Әрбір сабақта тақырыпқа байланысты материалды толық игеру, сонымен бірге жан-жақты ізденіс, зерттеу әрбір оқытушының қолынан келе бермейді. Тек әдебиеттердегі мәліметтермен шектеліп қоймай, сол тақырып бойынша әр пәннің ізденіс жаңалығымен толықтыру білім берудің сапасын арттыра түседі. Оқытудың технологияларын біріктіру, оларды тиімді пайдалану жұмысы үшін көптеген ізденіс жұмыстарын жүргізу мен үшін тағы бір асу, тағы бір белес.

Қазіргі таңда инновациялық технологияларды қолданып сабақ беру өте тиімді. Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын. Қазіргі заманның оқытушыға қояр басты талабы – ақпараттандырылған жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт сомдауы. Сапалы білімге жету жолында оқытушының аянбай еңбек етуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы. 10 шілде, 2012 жыл.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
3. Ерғалиев М. Оқытудың қазіргі технологиялары.
4. Мұхамбетжанов С.Т. «Ақпараттық технология және қашықтан оқыту».
5. Қарғаев Қ.А. Аймақтық білімнің бірегейленуі үрдісіндегі болондық жүйе және Қазақстан // Аймақ – концепт: мазмұны, әдістері мен технологиялар атты республикалық ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 2012

КОЛЛЕДЖДЕ ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

А.Е. Ботабекова

Түркістан облысы, Кентау қаласы, Кентау көпсалалы колледжі

Білім берудің тиімділігін арттыру үшін оқу үдерісін адамды қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерді есепке ала отырып ұйымдастыру керек. Ол маңызды өзгерістер ақпараттық салада. Бүгінде еліміздегі колледждердің компьютерлік сыныптары мен кабинеттері толық компьютерлі техникамен жабдықталған. Мультимедиялық кабинеттер білім сапасын көтеруге үлес қосып келеді.

Кез-келген оқыту технологиясы – ақпараттық технология екенін ескерсек, оқыту үдерісінде білім беруді жоғары деңгейде, дарынды баланың шығармашылық белсенділігін дамытып оқыту жаңа ақпараттық технологияға көшуді қажет етеді. Оқыту үдерісіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз—оқу мен оқу-тәрбие материалдарын, үйретуге арналған инновациялық және цифрлық технология, инновациялық және цифрлық технологияның оқу үдерісіндегі қызметі, мұғалімдер еңбегі мен білім алушылардың білімін жетілдіруде оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы білім беру жүйесі [1].

Технологияға мақсат қою, осы мақсатқа жетудің құралдарын іздестіру, бұл құралдарды қолданудың ережелерін табу – технологиялық оқытудың алгоритмі. Оқыту үдерісінде инновациялық және цифрлық технологияны қолдану – қажеттілік болып отыр. Осы қажеттілікті қанағаттандыру үшін, мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуіне және оқыту құралы ретінде пайдалану бағыттары бойынша білімдерін көтеру және қайта даярлау курстарының мазмұнын өзгертіп, жасақтау қажеттілігі туындады.

Инновациялық және цифрлық технологияны қоғам қызметінің барлық саласына пайдалану ақпараттық қоғамның басты міндеті болып отыр. Инновациялық және цифрлық технологиямен оқыту деп оқушының өз бетімен шығармашылық іс-әрекетін дамытуға, оқыту үдерісін басқаруға, дәріс пен зертханалық-практикалық, дамытушы ойындық жұмыстарды, адам – компьютерлі тұрғыдан шешуге бағытталған әдістемелік, психологиялық-

Интерактивті тақтамен жұмыс, шешімнің дұрыстығын ғана емес, сондай-ақ ұстанған бағыттың күшті және әлсіз жақтарын, жіберілген қателіктерді де оқушыларға көрсетіп отыратын интеллектуалды шығармашылық жүйе ретінде маңызы бар. [2].

Колледжде білім алушылардың жұмыс істеу белсенділігін арттыруға және оқыту мотивациясын жетілдіруге, қызығушылығын арттыруға компьютерлік оқу ойын бағдарламаларының да орны айтарлықтай. Себебі, инновациялық және цифрлық технологияны оқу үдерісінде пайдалану, компьютерлік имитация модельдеуде ал, танымдық ойын бағдарламалары оқу мотивациясын дамытудың жеке әдістері ретінде көрсетіледі. Бұл әдістермен жұмыс істей отырып, пән оқытушысы көзделген мақсатты жетері анық. Оқытудың инновациялық және цифрлық технологиясы дегеніміз – компьютердің техникалық мүмкіндіктерімен, оқыту үдерісінде қолданылатын оқыту технологиясын жетілдіру болып табылады.

Инновациялық және цифрлық технологияның көмегімен, жұмыстан, оқудан қол үзбей, білім алуды, білімін жетілдіруді "Қашықтықтан білім беру" технологиясымен жүзеге асырады. Толығырақ айтқанда, "Қашықтықтан білім беру" оны жүзеге асырудағы әдістер мен тәсілдер жиынтығы. Қашықтықтан білім беруде, бір-бірімен бетпе-бет кездеспей, оқушы мен мұғалім арасында интерактивті қарым-қатынас орнату және аталған курс бойынша білім мен дағдының белгілі бір мөлшерін өз бетінше игеру.

Инновациялық және цифрлық технологияның интернет сияқты, ақпаратқа тез қол жеткізетін құралдары қашықтықтан білім беруге зор мүмкіндіктер әкелді. Себебі, интернет

желісі қашықтықтан білім беретін кез-келген білім мекемесінің оқу үдерісінде табысты қолданылып келеді. Мәселен, бүгінде компьютерлік техниканың дамыған құралдарымен байланыстың спутниктік каналдарын пайдаланып, видеосабактар жүргізу қашықтықтан білім беру практикасында көптеп қолданылуда. Сондай-ақ кез-келген пән бойынша қашықтықтан білім беруде видеодисктер өте тиімді құрал болып табылады. Оларды әдетте дәстүрлі дәрістердің орнын басатын оқу материалдары ретінде қолданылады. Қазіргі таңда, компьютерлік техниканың заманауи мүмкіндіктерін пайдаланып, видеобайланысқа түсуге, видеоконференцияларды өткізуге қолымыз жетіп отыр. Мұндай байланыстармен үлкен аудиторияларда семинарлар, жиналыстар, ғылыми-әдістемелік конференциялар өткізу үшін қолдануға болады.

Компьютермен оқытудың жаңа технологиясы мен әдістері, қашықтықтан білім беру технологиясының негізінде жасалып, қашықтықтан суреттер мен сызулар, фотосуреттер мен қолжазбалық материалдардың берілуін іске асырады. Инновациялық және цифрлық технологиямен оқытуда оқушылар ақпаратты пассивті қолданушылар ғана емес, оқыту үдерісіндегі білімнің мәнін, мазмұнын өзінше пайымдаушылар болып табылады. Сондықтан, оқытудың дәстүрлі нобайы, жаңа жағдайдағы жаңаша нобаймен ауысуы керек. Инновациялық және цифрлық технологиямен оқытуда орталық фигурасы – оқушылар болып табылады. Ал, технологияның мәні – білім алушылардың өздігінен білім алу белсенділігін дамытып, ынтымақтастықта жұмыс істету [4]. Инновациялық және цифрлық технологиялар ұтымдылығы көбінесе мультимедиялық өнімдерді дайындау сапасы мен қолдану үдерісіне байланысты (оқыту бағдарламалары, бақылау-тестік бағдарламалар, компьютерлік фильмдер, электрондық кітаптар, мультимедиялық энциклопедиялар және т.б.). Олардың сапалылығы мен қолайлылығы мәтіндік, сызбалық, аудио, видео ақпараттардың, анимацияның және т.б. мультимедиялық мүмкіндіктердің бірігуі болып табылады. Яғни, компьютердің мультимедиялық мүмкіндігі пайдаланушымен диалог құрушыға айналдырып қана қоймай, колледжбілім алушыларын сыныптан немесе үйінен шықпай-ақ үлкен ғалымдар мен педагогтардың дәрістеріне қатысуына, өткен және қазіргі тарихи оқиғаларға куә болуына, әлемнің ең белгілі музейлері мен мәдени орталықтарымен байланыс жасап, білімін дамытуына қолайлы жағдай туғызады.

Телекоммуникациялық байланыс құралдарымен дайындалған берілгендер қоры, жеке мәліметтер қорында сақталған ақпаратпен салыстырсақ, Колледжде білім алушыларына әлдеқайда көп қызмет етіп, оқу белсенділігін дамытады. Қажетті ақпаратты сақтауға, талдауға, теңестіру логикалық амалдарының жасалуына және т.б. септігін тигізеді. Демек, компьютерлік техниканың оқу үдерісінде қолданылып жатқан мультимедиялық аудио, видео мүмкіндіктері, бұрынғы телекоммуникациялық байланыс құралдарының заманауи дамыған түрі, оның оқу үдерісін жетілдірудегі маңызы жоғары екені анық. Телекоммуникацияны оқу үдерісінде пайдалану электрондық поштаны қолданумен жүзеге асады. [3].

Электрондық пошта кез-келген құжатты – ол қызмет жайлы ма, жалпы мәліметтер бола ма (мекен-жайы, аты-жөні, тақырыбы) немесе жәй хабар түріндегі мәтін хаттың өзі ме – олардың ақпараттық негізін өзгертпей, нақты әрі сенімді түрде жеткізе алады. Жалпы желіде оның ішіндегі жергілікті желіде әйтпесе ауқымды желіде жұмыс істеген оқушылар іздеу, сөйлесу, ақпаратты өз бетімен беру, керекті компьютерлік бағдарламаны іздеу т.б. өзіне қажетті әрекеттерді орындай алады. Бұл кезде білім алушылардың ойлауы, ақпаратты сауатты салыстыруы дамиды, өзіне қажетті ақпаратты тауып білімін қызықты шығармашылық мазмұнмен толықтыруға тырысады. Коммуникативтік іскерліктер дамиды, тереңірек білім алудың мотиві пайда болады, жер шарының түкпір-түкпіріндегі адамдармен байланыс жасау мүмкіндігі пайда болып, шығармашылық белсенділігі дамиды. Яғни, on line режимінде аз уақыт мөлшерінде қажетті оқу материалдары мен ақпараттарды интернет желісінің ірі ақпараттық серверлерімен байланыс жасап білімін дамытады.


Оқу үдерісіне, электрондық пошта арқылы да, оқытудың виртуальдық әдісімен оқу сабақтарын құрастырып, пәндерді оқытуда Колледжде білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға болады. Ауқымды желіні пайдаланып, білім беру – оқытудың

виртуальдық тәсілі болып табылады. Қазақстандық ғалымдарымыз Е.Ы.Бидайбеков, Н.И.Аманжолова және т.б. еңбектерінде электронды оқулықтармен жұмыс, ал Б.Берібаев, Р.Дүзбаева, С.Кубентаева, Е.С.Полат еңбектерінде интернет желісі арқылы қашықтан оқыту мәселелері зерттеліп, тұлғаға бағытталған автоматтандырылған комплекс оқушы-мидлфейс-компьютер жүйесі ұсынылған. Бұл жүйе мұғалім (мидлфейс) байланыстырушы болып, білім алушылардың білім алуын үздіксіз бақылап-басқаруға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаға бағытталған компьютерлік электронды оқулықтар кешені. [3].

Колледж білім алушылары жас ерекшелігіне қарай әуестенушілік, қызығушылық имитация тән. Ауқымды желіде жұмыс істей алатын оқушыларды бақылаудың нәтижесі бойынша айтсақ, олар ең бірінші қарапайым көп байланысқа шығады, бірақ бәрін ретсіз орындайды. Ал, екіншілері қызық оқиғаларға ғана көңілін бөледі. Ауқымды желінің мультимедиялық мүмкіндіктері: түрлі-түсті интерфейс, аудио-видео, электрондық пошта және т.б. білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырады. Оқушыларды басқа қаладағы, елдердегі достарының өмірі қызықтырады. Ауқымды желідегі белсенді жұмыстың және бір көрінісіне білім алушылардың өмірде үлкен жетістіктерге жетуге әрекеті мен жеткен жетістіктерін көрсеткісі келетіні. Ауқымды желіде жұмыс істеу әдісін үйренген оқушылар жеке білім алуға, мектепте қосымша білім алуға, білім беру жүйесінің проекттерінің тақырыптарын талдауға да пайдалана алады. Бұдан, бұл жүйенің оқыту потенциалының жоғары екенін байқауға болады. Ауқымды желінің оқыту потенциалы оқулық мазмұнының қайнар көзі ғана емес, оны іздеуші, қайта өңдеуші, көрсету құралы ретінде де тануымызға болады. Инновациялық, интерактивті инновациялық және цифрлық технологияларды қолданып, Колледжде білім алушылардың білімі мен іскерлігін, танымы мен шығармашылығын дамытып, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, кәсіптік білімдерге үйрету мәселелерін шешуге болатынына көз жеткіздік. [6].

Сызбалық есептерді шешуде, компьютердің excel бағдарламасын пайдалану білім алушылардың техникалық қабілетін дамытып шыңдайды. Себебі, олар есептеу нәтижесінде алған сызбаларын қадағалай отырып, график сызығының нүктелеріндегі өзгерістерді компьютерлік немесе интерактивтік экрандардан бақылап, ой тұжырымдайды. Сызба, ең болмағанда екі информатикалық шама арасындағы тәуелділікті бейнелейтін белгі екеніне көз жеткізеді. MS Excel бағдарламасын қолдану дарынды балалар мектеп білім алушылардың шығармашылық жұмысының өнімділігін, пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін дамытады [8].

Компьютерді оқыту үдерісінде тиімді қолдану – дарынды оқушының оқу іс-әрекетін басқаруда, әсіресе көрнекілік қызметін жүзеге асыруда маңызы зор. Инновациялық және цифрлық технология ақпараттық тапсырманы, шығармашылық іс-әрекеттің құралына айналдыруда дарынды білім алушылардың мұғалімнен кейінгі үлкен көмекшісіне айналып отыр (7-сурет).



1 сурет – Инновациялық және цифрлық технология негізінде дарынды оқушылардың шығармашылығын дамыту жағдайындағы ақпарат ағындарының жүйелері

Мұнда: Ақпараттық тапсырма беру және алу: 1, 3, 4, 5 – Сыртқы үлкен компьютерлік айналым; 1, 2, 5 – Сыртқы кіші компьютерлік айналым.

(1, 3, 4, 5) айналымында компьютер мұғалімнің нұсқауымен оқу материалы ретінде оқушының шығармашылық белсенділігін ояту, дамыту мақсатында қажетті ақпаратты көрсетеді немесе тапсырмалар береді. Оқушы алған материалдары негізінде немесе алған тапсырмасын орындап, жұмысының нәтижесін мұғалімге тапсырады. Оқушы жұмысының нәтижесіне қаныққан мұғалім, оқушының шығармашылық білім деңгейіне сәйкес жоспар бойынша және тапсырма береді. Бұл қажетінше (6, 8, 4, 5) немесе (6, 7, 9) айналымымен қайта мұғалімге оралады. Бұл үдеріс үздіксіз жүріп отырады. Ал (1, 2, 5) айналымы да іске қосылса, ол мұғалімнің нұсқауымен оқушыға тек оқу ақпараттық материал берсе, (1, 2, 5, 6) айналымына түседі. Яғни, мұғалім оқушыға түсіндіреді. Ал егер мұғалімнің нұсқауымен оқушының ағымдық білімін анықтау материалдары (тест) берілсе, онда (1, 2, 7, 9) айналымына түседі. Бұл дегеніміз, оқушы компьютердің берген тестік сауалдарына, сұрақтарына, есептеріне тікелей жауап береді. Нәтижесін компьютер мұғалімге жеткізеді. Оқушы білімінің нәтижесіне қаныққан мұғалім, оқушының білім деңгейіне сәйкес жоспар бойынша және тапсырма береді. Бұл қажетінше (1, 2, 7, 9) немесе (6, 8, 4, 5) немесе (6, 7, 9) айналымымен қайта мұғалімге оралады. Бұл үдеріс үздіксіз жүріп отырады. Әр елдің болашағы сол халықтың білім, ғылым деңгейімен анықталатындықтан, оқу жүйесін неғұрлым тиімді құра білу қажеттілігі қай кезеңде де өзекті мәселе болып қалуда. Қазақ білім беру саласының шамшырағы Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақша оқу жайы» еңбегінде: «...әуелі бізге елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек. Неге десек, болашақ та, билік те, халық та оқумен түзеледі» деген пікір айтқан болатын. Бұл ұлағатты ойдың құндылығы бүгінгі таңда күн сайын айқын сезілуде [7].

Колледжде білім алушылардың шығармашылық белсенділігін инновациялық және цифрлық технологияның инновациялық мүмкіндіктерін пайдаланып дамытудың сызбасы Жоғары дарынды оқушы басқа дарынды оқушылардан осы технологияны қолданғанда бөлініп қалмайды. Өйткені сынып алдын-ала топшаларға бөлінеді. Әр топшаның басында басшы-нұсқаушы, қадағалаушы, жоғары дарынды оқушы(лидер) тұрады. Топшаларға жеке тапсырмалар алдын-ала беріледі. Блоктың жоспарында не істеу керектігі, қандай ғылыми әдебиеттер пайдаланып дайындалуға болатындығы ескертілетіндіктен, білім алушылар әрқашан сабақта дайын әрі белсенді болады. Білім беру арқылы тұлғаның шығармашылық белсенділігін көтеру және білім алушының шығармашылығын дамыту мәселесін біртұтас педагогикалық үдеріс тұрғысынан қарау қажет деп санаймыз. Себебі оқыту барысында адамның дамуы қазіргі білім берудің басты мақсаты ретінде қарастырыла келе, білім беру үдерісін ұйымдастыруды ерекше ізгілендіру, дамыту бағытының басымдылығы тұрғысынан қарау керектігін айқындадық.



Колледжде білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық тұжырымдамасының басты мақсаты – баланың өзіндік еркін дамуына педагогтің кәсіби көмек көрсетуі болып табылады. Бірақ, қандай да бір дарынды педагог болғанымен оқушы тұлғасын дәл өзі ойлағандай етіп қалыптастырып шығара алмайды. Бұдан шығатын қорытынды: мұғалімнің басты мұраты оқушының белсенді және шығармашылықпен өзіндік әрекетіне жол ашу, өзін дамыту, өзін көкейкестілендіру, өзін бағалауын жеткілікті қамтамасыз ететін қажетті жағдайларды жасау және оны сақтау, яғни өзіндік дамуына түрткі болу, ояту қойылғаны жөн. Оқу-шығармашылық тапсырмалар мен есептер жүйесі оқушының білім алу үдерісін құруға екі жағынан келуге мүмкіндік береді. Оның бірі – тапсырмалар мен есептер жүйесі болса, екіншісі – оқытудың мазмұнымен байланысты. Осы ұстанымдарға орай Колледжде білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға қажетті оқыту мазмұнын құрастыру, арнайы жасалынған оқу-шығармашылық есептер мен жаттығулар жүйесімен, демек оларды шешуге қажетті тұлғаның білім, білік сапаларының кешенімен анықталды. Бұдан оқыту үдерісі барысында білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың басты құралы ретінде дидактикалық, яғни оқу-шығармашылық тапсырмаларды пайдалану орынды деген қорытынды шығады. Кез-келген пәнді оқу барысында өзіндік жұмыс оқу-танымдық қызметті ұйымдастырудың негізгі нысандарының бірі болып табылады. Сондықтан, өзіндік жұмыстардың барлық формаларында: (тақырыпқа шолу, глоссарий жазу, қысқаша эссе жазу, реферат, презентация, компьютерлік модельдеу) шығармашылық тапсырмалар орындау бағыты жүзеге асуы тиіс. [8].

Қорытынды

Қорыта айтқанда, инновациялық және цифрлық технологияның жоғары мүмкіндіктерін сабақтың көрнекілігін, жұмыстың сапалылығы мен өнімділігін жоғарылатуда пайдаланған тиімді. Ол сабақтың мақсаты мен мазмұнын толық ашып, жұмыстың сапасын арттырады. Колледжде білім алушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу қызығушылығы мен ынталылығын күшейтіп, белсенділігін дамытады. Яғни, шығармашылық белсенділігін дамытатын жаңаша мүмкіндіктер оқу үдерісіне инновациялық және цифрлық технология құралдарын енгізу нәтижесінде жүзеге асады. Эксперимент нәтижелерін талдай келе, мынадай қорытынды жасаймыз:

– колледжде білім алушылардың шығармашылық белсенділігін инновациялық және цифрлық технология арқылы дамыту мәселесін арнайы қарастырып, ұйымдастыру мен әдіс-тәсілдерін жандандыру – оқыту үдерісін жетілдірудің басты ұстанымы болуы керек;

– дарынды білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуда инновациялық және цифрлық технология мен бағдарламалық құралдарды тиімді қолдану қажеттілігін көрсетіп берді;

– талдаулар мен зерттеулер, педагогикалық эксперимент нәтижелері ғылыми болжамының дұрыстығын дәлелдеп ұсынылған технология дарынды білім алушылардың информатика, информатика және информатика пәндеріне қызығушылығын арттырып, білімділігін жетілдіреді, оларды бүгінгі өмір талабына сай кәсіби-біліктілікке баулиды.

Пайдаланылған әдебиеттері

- 1 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 20.01.2004. – № 6. – Б.1-3.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 01.09.2022 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2022 – № 33-35. – Б.1-2.
- 3 Karpova T.N. Demonstrative education mathematician as efficient process of the shaping the knowledge of pupils. Y Aroslavil, 1993 pp.13-14.
- 4 Safronova N.V. The Theory and methods of teaching the information science. Moscow ‘High school’ 2004., pp. 99-100.
- 5 Burkit A. Using the new technologies in Shymkent, Kazakhstan, 2016., pp 158-161.
6. International Association of World Englishes [1], Retrieved on 18 November 2010.
- 7 Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі, 20.01.2004. – № 6. – Б.1-3.
- 8 Айтмухамбетов А., Боранбаев С. Роль компьютерных технологий в формировании познавательной активности и самостоятельности учащихся // Высшая школа Казахстана, 2000.– №1.– С.60-62.

МАШИНА ЖАСАУДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕЛЕР

М.А.Кариева

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, арнайы пән оқытушысы, Атырау қаласы

Соңғы жылдары мемлекетіміздің білім беру үдерісіне жаңалықтар еніп жатқаны барлығына мәлім. ХХІ ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы.

Машина жасауды жобалауды автоматтандыру жүйесі – механикалық құрылғыларды компьютердің көмегімен жобалау. Олар автомобиль өнеркәсібінде, кеме жасауда, аэроғарыш өнеркәсібінде, өндіру, тасымалдау, сақтау және қайта өңдеу үшін мұнай-газ жабдықтарын жасау кезінде, тұтыну тауарларын өндіру кезінде және т.б. қолданылады. Құрылымдық элементтерге, беттік және көлемдік модельдеу технологияларына негізделген параметрлік дизайнды қолдана отырып, бөлшектер мен құрастыруларды (механизмдерді) әзірлеуді қамтиды.

Бүгінгі таңда машина жасау үшін барлық қолданыстағы компьютерлік жобалау бағдарламалық қамтамасыз ету функционалдық толықтығы бойынша жіктеледі. Осы негізде ол шартты түрде үш деңгейге бөлінеді. Төменгі деңгейге (жеңіл АЖЖ) сызбалар мен техникалық шарттар, технологиялық карталар және мәлімдемелер түріндегі 2D модельдерін жүзеге асыратын техникалық құжаттаманы әзірлеу мен жүргізуді автоматтандыру бағдарламалары кіреді. Мысалы: AutoCAD LT (AutoDesk), T-Flex CAD 2D (Топ Системы), КОМПАС-График (Аскон), CADMECH (Интермех) және т.б.

Орташа (орташа АЖЖ) - тұтас модельдеу әдісімен салыстырмалы түрде қарапайым өнімнің үш өлшемді параметрлік модельдерін жасауға, бөлшектер мен құрылымдарды тексеру есептеулерін жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама кешені. Бұл бағдарламалық жасақтама кешендеріне мыналар жатады: Solid Works (SolidWorks Corp., США), AutoCAD Inventor (AutoDesk, США), Autodesk Mechanical Desktop (AutoDesk, США), Solid Edge (Siemens PLM Software, Германия), T-FLEX CAD/CAM/CAE/CAPP/PDM (жоғарғы жүйе, Ресей), КОМПАС-3D (Аскон, Ресей) және т. б. Бұл АЖЖ жеке пайдалану санатына жатады.

Ұжымдық пайдаланудағы жобалаудың және өндірудің бағдарламалық жүйелері жоғарғы деңгейде (ауыр АЖЖ) орналасқан. Бүгінгі таңда ауыр жүйелердің үшеуі ғана бар, бұл жетекші корпорациялардың кішігірім фирмаларды біріктіруі мен иемденуінің нәтижесі болды:

- CATIA (Dassault Systemes, Франция);
- UNIGRAPHICS NX (Siemens PLM Software, Германия),
- Pro/ENGINEER (PTC, АҚШ).

Жоғарғы деңгейде орналасқан компаниялар келесі қажетті функцияларды орындайды:

- Оларда кіріс компоненттерінің санына ешқандай шектеулер жоқ, яғни құрастыру ерікті түрде үлкен болуы мүмкін.

- Бір жобада ұжымдық жұмыс істеу мүмкіндігіне ие.

- Оларға әмбебап жобалау құралдарына қарағанда нақты салалардың тар мәселелерін толық шешетін көп функциялы және мамандандырылған модульдер (қосымшалар) кіреді (әдетте, бұл өздерінің әзірлемелері, ал «орта таптың» өкілдері үшінші тарап қосымшаларын кеңінен пайдаланады).

- Оларда кәсіпорындарда қолданылатын бағдарламалық құралдармен интеграциялауға арналған құралдардың үлкен жиынтығы бар.

- Сонымен қатар, жоғары деңгейлі жүйелерде маңызды техникалық құжат айналымы функциялары бар қуатты PDM жүйесі бар (тек электрондық мұрағат функцияларының болуы hi-end класын шешуге талап қою үшін жеткіліксіз).

- Ал беттік модельдеу жүйесі жоғары деңгейлі PLM шешімінің қажетті атрибуттарының тізімін жабады, өйткені қатты модельдеу арқылы көптеген тапсырмаларды орындау әрқашан мүмкін бола бермейді (бұл әсіресе автомобиль, аэроғарыш және кеме жасау салаларына қатысты).

Соңғы жылдары, әсіресе аддитивті өндіріс технологияларының пайда болуымен машина жасау үшін АЖЖ техникалық білімнің ең қарқынды дамып келе жатқан салаларының біріне айналды. Сонымен қатар, орта деңгейдегі жүйелер белсенді түрде жетілдірілуде, жоғары деңгейдегі АЖЖ-ға жақындауда. CAD жүйесін игеру-бұл машина жасау мен аспап жасау үшін кез-келген АЖЖ-мен танысудың алғашқы қадамы.

2008 жылы Dassault Systemes (DS) (Париж, Франция) PLM v6 өнімінің өмірлік циклін басқару платформасының жаңа нұсқасын шығарды, ол PLM2. 0 тұжырымдамасын жүзеге асырады, CATIA дизайнын автоматтандыру, ENOVIA инженерлік деректерін басқару, SIMULIA инженерлік есептеулері, DELMIA өндірісін дайындау және 3DVIA шынайы үш өлшемді визуализация жүйелерін біріктіреді.

PLM Express пакеті шағын бизнеске арналған. Мұндай шешім CATIA V5 және V6 платформаларына арналған. Толық платформаға қарағанда оны енгізу оңайырақ және оның мақсаты дайын параметрлері бар алдын ала конфигурацияланған шешім арқылы тұтынушының қажеттіліктерінің 80-90% жабу болып табылады. Шығарылғаннан кейінгі үш жыл ішінде CATIA сатылымының шамамен 90% дәл осы нұсқада болды. Dassault systemes шешімдер портфолиосында мыналар бар:

- Виртуалды өнімді жобалау үшін CATIA
- 3D дизайнына арналған SolidWorks
- Виртуалды өндіріске арналған DELMIA
- Виртуалды тестілеу үшін SIMULIA
- IMOVIA бизнес-процестер мен өнімдердің өмірлік циклін өзара әрекеттесуге және бірлесіп басқаруға арналған,
- виртуалды тәжірибе жасау үшін 3DVIA.

SolidWorks АЖЖ-гибридті параметрлік модельдеудің озық технологияларына, SWR-PDM/Workflow интеграцияланған электрондық құжат айналымы құралдарына және мамандандырылған модульдердің кең ауқымына негізделген қуатты дизайн құралы. SolidWorks әзірлеушісі-SolidWorks Corp. (АҚШ), Dassault systemes холдингінің тәуелсіз бөлімшесі (Франция). Әзірлеушілер SolidWorks негізін қалаған тұжырымдамалық идеялар және жоғары өнімділік пен сенімділік, интуитивті интерфейс, SolidWorks-ті отандық өнеркәсіп кәсіпорындарында енгізудің сәттілігін анықтайды.

Solid Edge - бөлік үлгілерін жобалауға, ассоциативті байланыстарды сақтай отырып жинақтарды жасауға және жасалған үлгілер негізінде сызба құжаттамасын шығаруға арналған орта деңгейлі 3D қатты күйдегі CAD жүйесі. Unigraphics жоғары деңгейлі жүйесімен және жобаларды басқару жүйесімен біріктірілген.

Autodesk (Сан-Рафаэль, Калифорния, АҚШ) компаниясы АЖЖ нарығының көшбасшыларының бірі болып табылады. AutoCAD әлемде 2D құжаттамасын әзірлеу үшін іс жүзінде стандарт ретінде танылған. Сонымен қатар, бұл жерде AutoCAD платформасында, атап айтқанда Autodesk Mechanical Desktop және Autodesk Inventor-да жасалған нарық үшін қымбатырақ өнімдерді сатып алу бойынша мәмілелер санының ұлғаюынан туындаған жалпы арақатынастағы жеке AutoCAD сатылымдарының үлесінің үздіксіз төмендеуі де өз үлесін қосады. AutoCAD Inventor Professional Suite 2011-күрделі машина жасау өнімдерін әзірлейтін ұйымдарға арналған үш өлшемді қатты күйдегі дизайн жүйесі.

AutoCAD Inventor Professional Suite 2011 бағдарламасын пайдалана отырып, сіз пластмасса бұйымдарын өндіруге арналған қалыптарды жобалай аласыз, электр компоненттері немесе құбырлары бар күрделі инженерлік өнімдердің динамикасы мен беріктігін зерттей аласыз. Мұның бәрі AutoCAD Inventor Professional Suite бір дизайн ортасында мүмкін - бұл кешен келесі бағдарламалық жүйелердің барлық компоненттері мен функционалдығын қамтиды:

- AutoCAD Inventor Suite 2011 - 2D және 3D модельдеуге, сондай-ақ техникалық құжаттаманы дайындауға арналған;
- AutoCAD Inventor Simulation Suite 2011-беріктікті талдау және динамиканы модельдеу үшін;
- AutoCAD Inventor Routed Systems Suite 2011-кабельдік жүйелер мен құбырларды жобалауға арналған;
- AutoCAD Inventor Tooling Suite 2011-Пластмасса бұйымдарын жасауға арналған қалыптарды жобалау және талдау үшін.

Additive manufacturing, немесе AF-технологиялары (AF - Additive Fabrication дегеннен) — әлемдік тәжірибеде өнеркәсіпте 3D басып шығаруды қолдануды білдіретін термин, ол қосу арқылы өнімді өндіруді білдіреді. Аддитивті өндірістің мәні күрделі пішіннің бір бөлігін жасаудың бұл әдісімен қосу болып табылады, материалды дәйекті түрде, әдетте, қабат-қабатпен қолданған кезде, ол қажетінше тұтынылады. 3D принтерінің бағдарламалық құралы 3D компьютер үлгісін бірдей қалыңдықтағы қабаттарға бөледі, содан кейін принтер модель материалының бір қабатын екіншісінен кейін дәйекті қолдану арқылы прототипті жасайды.

Шығын материалдары пластик, бетон, гипс, ағаш талшығы, поликарбонат, металл, тіпті тірі жасушалар мен шоколад болуы мүмкін. Қолданудың екі әдісі бар: сия бүріккіш және лазерлік. Сия бүріккіш әдіске балқытылған тұндыру модельдеу және Polyjet сияқты технологиялар кіреді, ал лазерлік әдіске қабатталған нысанды өндіру, таңдамалы лазерлік балқыту, таңдамалы лазерлік агломерация, металды лазермен тұндыру және лазерлік стереолитография кіреді.

AF технологияларының дәстүрлі технологияларға қарағанда көптеген артықшылықтары бар. Инновациялық AF «бөлшектен бөлшекке», қалыңдығы әртүрлі материал қасиеттері бар бөлшекті өсіруге мүмкіндік береді; құю немесе механикалық өңдеу арқылы алынбайтын торлы құрылымдар. Бионикалық принциптерді пайдалана отырып, мысалы, қуыс сүйек эндопротезін жобалауға және жасауға болады. AF маңызды артықшылықтарының бірі сандық үлгілерді әлемнің кез келген нүктесіне және кез келген масштабта жергілікті өндіріс үшін ең қысқа мерзімде ұйымдарға лезде тасымалдау мүмкіндігі болып табылады. AF көмегімен шикізатты үнемдеу 75 пайызға дейін жетуі мүмкін! Өйткені, технологиялық процесс «мен тасты алып, одан артығын кесіп аламын» (Микеланджело) қағидасы бойынша емес, керісінше: «Мен артық ештеңе алмаймын» және оны табиғатқа сәйкес өсіреді.

Машина жасаудың әртүрлі салаларында аддитивті технологияларды қолдану мыналарды қамтамасыз етеді:

- механикалық өңдеу машиналары мен қымбат жабдықтарды қолданбай күрделі профильді және бірегей бөлшектерді өндіру;
- Шағын сериялар мен эксклюзивті опцияларды өндірудің табыстылығын арттыру;
- бөлшектерді дайындау кезінде «адам» факторының әсерін жою: тетіктің құрылысы толық автоматты режимде жүзеге асырылады;
- қабырғалардың, элементтердің қалыңдығын азайту арқылы бөлшектердің салмағын азайту, бал және басқа құрылымдарды жасау (бионикалық дизайн деп аталады);
- бір технологиялық циклде күрделі, біріктірілген бөлшектерді құру мүмкіндігі;
- бөлшектерде құйма ақауларының және кернеулердің болмауы;
- жасалған өнімнің физикалық-механикалық қасиеттерін бақылау.

"Таңдамалы лазерлік агломерация" әдісі (SLS немесе selective Laser Sintering) ішінара балқыту үшін жоғары қуатты лазерлік эмитенттерді (әдетте Көмірқышқыл газы) немесе "агломерация", шығын материалын тұтастай пайдалану болып табылады. Қолданар алдында шығын материалы шар диірмендерінің көмегімен ұнтақ консистенциясына дейін ұнтақталады. Бөлшектердің минималды мөлшері екі микронға жетуі мүмкін.

Материал ретінде әртүрлі полимерлер, балку температурасы жоғары металдар мен металл қорытпалары пайдаланылуы мүмкін. Стандартты экструзиялық басып шығарудан

(FDM) айырмашылығы, технология біртекті материалды байланыстырғыш қоспаларсыз күйдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, басып шығарғаннан кейін дайын үлгілерді термиялық өңдеудің, шын мәнінде, агломерациялаудың қажеті жоқ, ал модельдердің өзі құйылған үлгілерге жақындаған жоғары беріктікке ие. Тұтқыр материалдарды қолданбай металл үлгілерін жасаудың бұл әдісі «металдарды тікелей лазерлік агломерациялау» деп аталады.

Машина жасау технологиясы дәстүрлі түрде ғылымның ең прогрессивті жетістіктерін пайдаланады. Сондықтан машина жасауда автоматтандырылған жүйелерді қолдану жаңа құбылыс емес. Кеңес дәуірінің өзінде бұл өндірісте бағдарламалық сандық басқарумен жабдықталған машиналар, әртүрлі роботтар қолданылды, көптеген учаскелер мен цехтар толық немесе жартылай автоматтандырылды. Бүгінгі таңда машина жасауда өндірісте «ақылды» машиналарды, яғни «интеллектуалды» машиналарды пайдалану мәселесі бұрынғыдан да өткір. Машина жасау үшін заманауи компьютерлік технологиямен басқарылатын осындай «ақылды» машиналарды жасау бүгінде қарқынды жүріп жатыр. Мұндай машиналарды пайдалану өнімділікті айтарлықтай арттырады, сонымен бірге «адам» деп аталатын фактормен байланысты шығындарды азайтады.

Машина жасауда ақпараттық технологиялар инфрақұрылымын дамыту ең алдымен кәсіпорынның зияткерлік капиталын арттыруға бағытталатын болады. Автоматтандыруды қолдану болашақта кәсіпорынның барлық мамандарының қызметін ретке келтіруге мүмкіндік береді, тұтынушылар мен өндірушілер арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетеді және өнім сапасын бақылаудың тиімді жүйесін құрудың тиімді негізі болады. Қорыта айтқанда, мемлекет пен ұлт, өзгеріссіз бір орнында қатып қалмай, үнемі дамып отыратын тірі ағза секілді. Сондықтан заманға сәйкес жаңғыру міндетті барлық мемлекеттердің міндеті деп айтсам, қателеспеген болармын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Норенков И. П. Основы автоматизированного проектирования: Учеб. для вузов. 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Изд-во МГТУ им. Н. Э. Баумана, 2002. — 336 б.
2. Норенков И. П. Основы автоматизированного проектирования: учеб. для вузов. — 4-е изд., перераб. и доп.. — М.: Изд-во МГТУ им. Н. Э. Баумана, 2009. — 430 б.
3. Большаков В.П., Бочков А.Л., Лячек Ю.Т., Твердотельное моделирование деталей в CAD системах: AutoCAD, КОМПАС-3D, SolidWorks, Inventor, Creo. — СПб.: Питер, 2015. — 480 б.

МЕТОД КЕЙСОВ В ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ

Койбагарова Жанар Толеугалиевна –
ГККП «Высший аграрно-технический колледж ЗКОУА», г.Уральск

Ключевые слова:

Технология метода кейс-стади [1]. Этот метод способствует развитию у обучающихся самостоятельного мышления [2]. Метод кейса представляет собой реальную жизненную ситуацию, описание которой отражает какую-нибудь практическую проблему [3].

Традиционно в процессе обучения обучающийся накапливает опыт решения четко и конкретно сформулированных задач. Не секрет, что в реальности ситуация принципиально иная: жизненные и профессиональные задачи неизвестны заранее, никто не формулирует их в стандартной форме учебных задач. Более того, чаще всего эти задачи «замаскированы» множеством сопутствующих событий и фактов. Поэтому важно использовать такие технологии, которые помогали бы обучающемуся объективно оценивать реальную ситуацию, выделять проблему, учитывать интересы других людей, устанавливать с ними контакты, влиять на их деятельность. Для этих целей как нельзя лучше подходит метод анализа конкретных ситуаций (кейс-метод/Case study)[2].

Технология метода кейс-стади заключается в следующем: по определенным правилам разрабатывается модель конкретной ситуации, произошедшей в реальной жизни, и при этом отражается тот комплекс знаний и практических навыков, которые учащимся нужно получить; при этом преподаватель выступает в роли ведущего [1]:

- генерирующего вопросы,
- фиксирующего ответы,
- поддерживающего дискуссию,
- (т.е. в роли диспетчера процесса сотворчества)

Метод кейс-стади был впервые применен во время преподавания управленческих дисциплин в Гарвардской бизнес-школе, хорошо известной своими инновациями, в 1924 году. Преподаватели данной школы быстро поняли, что не существует учебников, подходящих для аспирантской программы в бизнесе, таким образом преподаватели начали в дополнение лекции организовывать студенческое обсуждение. Их первым решением данной проблемы было интервью с ведущими практиками бизнеса и написание подробных отчетов о том, чем занимались эти менеджеры, а также о факторах, влияющих на их деятельность. Слушателям давались описания определенной ситуации, для того чтобы ознакомиться с проблемой и найти самостоятельный в ходе коллективного обсуждения решение, т.е. преподаватель «презентовал проблему», перед студентами ставилась задача и рассматривались различные варианты решения.

Термин «ситуация» ранее использовался в медицине и прооведении, но в образовании этот термин приобрел новый смысл.

Кейс-метод широко используется в бизнес обучении во всем мире и продолжает завоевывать новых сторонников. Так, с 50-х годов двадцатого века бизнес-кейс получают распространение в Западной Европе, а с 90-х годов используются переводные (западные кейсы).

Основными понятиями, используемыми в кейс-методе, являются понятия «ситуация» и «анализ».

Этот метод способствует развитию у обучающихся самостоятельного мышления, умения выслушивать и учитывать альтернативную точку зрения, аргументированно высказать свою[2]. С помощью этого метода студенты имеют возможность проявить и усовершенствовать аналитические и оценочные навыки, научиться работать в команде, находить наиболее рациональное решение поставленной проблемы или задачи.

Можно выделить практические кейсы, которые отражают абсолютно реальные жизненные ситуации; обучающие кейсы, основной задачей которых выступает обучение; научно-исследовательские кейсы, ориентированные на осуществление исследовательской деятельности.

Как правило, структура кейса включает в себя:

- Ситуацию — случай, проблема, история из реальной жизни
- Контекст ситуации хронологический, исторический контекст места, особенности действия или участников ситуации.
- Комментарий ситуации.
- Вопросы или задания для работы с кейсом.
- Приложения.

Основная задача практического кейса заключается в том, чтобы детально и подробно отразить жизненную ситуацию.

Грамотно изготовленный кейс провоцирует дискуссию, привязывая учащихся к реальным фактам, позволяет промоделировать реальную проблему, с которой в дальнейшем придется столкнуться на практике.

Виды представления CASE

1. Печатный CASE
2. Мультимедиа CASE
3. Видео CASE

Объем CASE может быть различным - от нескольких предложений на одной странице до множества страниц.

Однако следует помнить, что большие кейсы вызывают некоторые затруднения у учащихся по сравнению с малыми, особенно при работе впервые.

Сценарий организации занятий:

1. Подготовительный этап.

Педагог подготавливает ситуацию, дополнительные информационные материалы, определяет место урока в системе предмета, задачи урока

2. Ознакомительный этап.

На данном этапе происходит вовлечение учащихся в живое обсуждение реальной профессиональной ситуации.

1. Введение в ситуацию.
2. Описание ситуации.
3. Информационный материал.
4. Глоссарий.

3. Основной (аналитический) этап.

1. Вступительное слово преподавателя;
Распределение учащихся по группам (4-5 человек в каждой);
2. Организация работы групп: краткое изложение членами групп прочитанных материалов и их обсуждение; выявление проблемных моментов; определение докладчиков.
3. Первый раунд дискуссии - обсуждение проблемных моментов в малых группах, поиск аргументов и решений.
4. Второй раунд дискуссии - представление результатов анализа, общегрупповая дискуссия, подведение итогов дискуссии найденных решений.

4. Итоговый этап.

1. Заключительная презентация результата аналитической работы (обучающиеся могут узнать и сравнить несколько вариантов решений одной проблемы);
2. Обобщающее выступление преподавателя – анализ ситуации;
3. Оценивание преподавателем обучающихся.

Рассмотрим применение метода кейс-стади примере урока по модулю «Специальная технология» с применением метода кейс - стади. Данная дисциплина является основным

специальным предметом специальности технического направления 1405000 «Монтаж и эксплуатация оборудования и систем газоснабжения». Если идет повествование о газовом оборудовании, то необходимо конкретно рассказать из каких элементов оно состоит, где применяется, как работает, где установлено согласно СИ, ГОСТ, инструкциям. Вначале занятия проводится лекция, где освещаются вопросы по размещению оборудования, присоединению к газовым сетям и газовым плитам. Занятие проводилось с использованием технологии метода кейс - стадии. Трудность при подготовке была в том, что составить один кейс для трех, четырех групп не возможно, из-за того, что какой бы кейс не был бы составлен, у каждой группы было бы одно и тоже решение и дискуссии не получилось бы. Поэтому было составлено три кейса (ситуации) [1].

Порядок проведения этого урока. Вначале урока по слайдам с обучающимися было повторение предыдущей теме, представляется глоссарий, проводится фронтальный опрос.

Тот обучающийся, который отвечает - получает фишку (она необходима для дальнейшего оценивания). После преподаватель разделяет группу на три подгруппы, раздает задания-ситуации, необходимый информационный материал, плакаты, маркеры (необходимые для описания проблемы и ее решения). Учащиеся 15 минут выявляют проблему, решают ее, приходят к единому мнению. После обсуждения проходит защита решения проблемы. Другие подгруппы слушали данные решения, если появлялись вопросы, то задавались вопросы, ответ мог дать защищающийся или кто-то из его команды. После идет обобщение преподавателем каждого вопроса отдельно (правильно принятое решение или принять другое решение). Оценка урока складывается из: активности учащихся при обсуждении, выступления докладчика, добавляется баллы и тем учащимся, кто задавал вопросы.

На данном уроке использовался активный метод обучения, основанный на организации преподавателем в группе студентов обсуждения задания, представляющего собой описание конкретной ситуации с явной или скрытой проблемой.

Исходя из вышеописанного, можно сделать вывод, что решение кейса позволяет развивать навыки критического мышления, а также актуализирует определенный комплекс знаний, которые необходимо усвоить при решении заявленной проблемы. В основе метода конкретных ситуации лежит имитационное моделирование: использованию этого метода в обучении предшествует разработка конкретного примера или использование готовых материалов с описанием реальной ситуации. Это может быть констатация каких-либо событий, описание какого либо конфликта или проблемы, эмоционально-поведенческих аспектов взаимодействия – моделируется соответствующий содержанию обучения процесс в реальных условиях. Ключевые вопросы преподавателя при анализе ситуации: «Что вы сделали?», «Какие аспекты действия вы считаете правильными?», «Что можно было сделать лучше?», «Как вы можете решить эту проблему?». Эти вопросы способствуют выработке у обучающегося способности по-новому смотреть на мир: на конкретную работу, организацию, собственную деятельность и взгляды. Оно ориентировано на будущее, направлено на переоценку своей деятельности, выработку новых подходов: «Что мы могли бы сделать?», «В чем состоит проблема?», «Каковы возможные пути подхода к проблеме?», «Что может произойти и к чему может привести, если...» При технологически выстроенной работе с конкретной ситуацией происходит «погружение» обучающегося в определенные обстоятельства, его собственное понимание ситуации, оценивание обстановки, определение проблемы и ее сути [3]. Затем учащийся определяет свою роль в решении проблемы и вырабатывает целесообразную линию поведения. Во время подведения итогов участник ситуационного анализа должен провести коррекцию своих взглядов, соотнести их с групповыми взглядами и выработать планы на будущее.

Метод кейса представляет собой реальную жизненную ситуацию, описание которой отражает какую-нибудь практическую проблему [3]. В идеале проблема не должна иметь однозначного решения. Иначе говоря, в кейсе обязательна какая-то интрига, позволяющая поддерживать интерес к ситуации. Кроме того, четко обозначаются временные рамки

ситуации и дана вся информация для анализа кейса. Важным условием считается присутствие в кейсе «действующего лица», ответственного за принятие решения. Метод представляет собой специфическую разновидность исследовательской технологии, т.е. объединяет в себе операции исследовательского процесса и аналитические процедуры. Кейс выступает как технология коллективного обучения, которая интегрирует технологии развивающего обучения, включая процедуры индивидуального, группового и коллективного развития, формирования определенных личностных качеств обучаемых[4].

В методологическом плане кейс-метод можно представить как сложную систему, в которую интегрированы другие, более простые методы познания. В него входят моделирование, системный анализ, проблемный метод, мыслительный эксперимент, методы описания, классификации, игровые методы, которые выполняют в кейсе свои роли.

Список использованных источников:

- 1.Забродин Ю.Н. Коликов В.Л, «Управление нефтегазостроительными проектами:современные концепции, эффективные методы и международный опыт»- М: Экономика, 2004
- 2.Газета «Класс-тайм» № 8, 39,45,47
- 3.[<http://reports.weforum.org/global-competitiveness-2011-2012/>]
4. [<http://www.minplan.kz/economyabout/568/39993/>]
- 5.[http://www.centralasiabiz.com/cabiz/kazakhstan/industry/abt_industry_kz.htm]

ЖАҢА УАҚЫТ -ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ГЕОДЕЗИЯНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСАР ҮЛЕСІ

Шымырбаева Анаргул Боранбаевна,

О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжінің
арнайы пән оқытушысы, Атырау қаласы

Қазіргі заманауи технологияның қарыштап дамуы еліміздің білім беру ісіне үлкен серпілістер алып келуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында студенттің жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруге, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Әрбір мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен мұраты тарих сахнасынан өзіндік орнын ала отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылу болса, сол экономикасы жақсы дамыған елдердің басты жетістіктері олардың қазба байлықтарының көптігі немесе жер көлемінің үлкендігінде емес, сондағы байлықты өз орнымен игере білуінде. Бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бүкілхалықтық дәрежеде мән беру-қазіргі таңдағы үлкен мәселе. Олай болса, әр оқу мекемесінің басты міндеті – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие біліктілігі жоғары мамандарды дайындау. Біз енді мамандарымызды Еуразиялық экономикалық одақ талабына сай етіп дайындауымыз керек. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны, білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ең бастысы – өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын құзыретті маман тұлғасын қалыптастыру міндеті. Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсіну қажет. Сондықтан, жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы реформалар, педагогикалық әдіс-тәсілдердің тың, мәнді, әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезеңде, педагогтың жылдар бойы жинақтаған іс-тәжірибесін жаңа ақпараттық технологияға ұштастыруды қажетті санайды. Қазіргі уақытта білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыруда педагог құзыреттілігі, студенттен кәсіби құзыретті маман қалыптастыруды бәсекеге қабілетті, білімді, азаматтар тәрбиелеуді жүктейді.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін студенттердің шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымның құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және студенттің әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білу. Қазіргі заманғы ғылыми – техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ол – өз жұмыс орнында және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне,

жаңалықтарына бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. Егеменді еліміздің болашағы білім беру жүйесі мен оқу орындарына байланысты. Заман талабына сай қазіргі оқу орындарында білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жаңарту – білім реформасының жүзеге асуының басты шарты. Осы талапқа сай студенттердің белсенділігі мен танымдық іс – әрекеттері арқылы студенттердің шығармаларын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дамыту, осыған орай оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру мен тәрбиелеу – оқытушылар алдындағы басты міндет.

Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен студенттердің жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру – оқытушының кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып оқу – тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Мұндағы негізгі мақсат – білім жүйесін дамыту, шаруашылықты басқара алатын жастарымызды тәрбиелеу, білім беруді нарық талаптарына сай өркендету. Осы мәселелерді жүзеге асырудағы аса маңызды, қоғамның белсенді өкілі, жетекші тұлға – оқытушы. Талабы мен талғамы жоғары жас ұрпаққа сапалы білім беріп, шәкірттің шексіз ықыласына бөленіп жүрген О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің ұжымы осы салада аянбай еңбек етіп келеді.

Сондықтан арнайы пән оқытушыларының бірден-бір мақсаты – студенттердің қалаған мамандықтарына деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын ояту, өздері қалаған мамандықтарының жауапкершілігін сезіндіру, мамандыққа деген тұрақты ойлы көзқарасты қалыптастыру. Әрбір ұстаздың мақсаты мен міндеттерінің жүзеге асуы – өз пәндерінен студенттерге үздіксіз сапалы білім беруі.

Мамандық бойынша арнайы пәндерді оқытуда оқытушының кәсіби шеберлігі, үйретуді тәжірибемен ұштастыру іскерлігі дамып отыру қажет деп есептеймін, яғни мамандықпен байланыстыра оқытудың арнайы пәнді оқытуда ақпараттық технологияны қолданудың маңызы зор. Сондықтанда геодезия пәнін оқытуда заманауи озық бағдарламаларды өз сабақтарында мейлінше қолдануға тырысамын. Оған біздің колледжімізде барлық жағдай жасалынған, геодезиядағы жаңа ақпараттық технологиялар, инженерлік сызба құруға қажетті бағдарламалар, интернет желісі арқылы жұмыс жасайтын жер серіктік бағдарламалар білім алушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне негізделген. Мысалға алатын болсақ, **AUTOCAD бағдарламасын** қолданып әртүрлі инженерлік сызбаларды дайындауға болады, студенттерге жобалау – сызу жұмыстарының автоматтандырылған стандарттық жүйесін қолданып, сызбалар құрастыру әдістерін және тәсілдерін үйретуге, сондай-ақ студенттердің осы қуатты әрі жетілген программалық графикалық жүйесі бойынша әрі қарай өз бетінше білімдерін тереңдетіп, қыр-сырын меңгерулеріне тура бағыт сілтеуге болады. Графикалық жүйе жазықтықтағы екі өлшемді сызбалармен қатар, ғылым мен техниканың әртүрлі саласында қолданылатын күрделі, көлемді конструкциялар моделін салуға мүмкіндік жасайды.



Болашақ инженерлердің кәсіби қызметінде кездесетін мәселерді шешу барысында, өндірісті жобалауға AutoCAD бағдарламасын пайдаланудың маңызы орасан зор. AutoCAD бағдарламасын үйрену барысында мамандар болашақта жедел жобалауды үйренеді және сызбалар, жобаларды электрондық почтамен интернет жүйесі арқылы алыстағы орындаушыларға жіберіп, нақты объектілерді жобалаудың орындалу мерзімін тездетеді. AutoCAD-ты қолдану арқылы төмендегідей мүмкіндіктерді жүзеге асыруға болады:

- графикалық модельдеу;
- сызбалардың ақпараттық мәліметтер қорын құру;
- кеңістіктегі конструкцияларды жобалау, модельдеу, визуализациялау;
- интеллектуалды құралдар көмегімен сызбаларға өлшемдер беру сияқты жұмыстарды орындауға өте қолайлы, сонымен қатар TOPOCAD, CREDOCAD бағдарламалары жаңа ақпараттық технологиялық камеральды өңдеу жұмыстарын жасауды үйретуге тырысамын.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді пайдалану тек қана сабақтар ғана емес, сонымен қатар пән бойынша сыныптан тыс шараларды да мазмұнды, нәтижелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мысалы: «» тақырыбындағы сыныптан тыс шара өткіздім. Бұл тақырыпты таңдауымның себебі еліміз жерін сүйетін, аумақтық жер ресурстарды орналастыру және құрылысын салу үшін болашақты басқару үшін қажетті шаруашылықтық саралауға қабілетті, конструктивтік ойлау қабілеті бар жерге орналастырушы және құрылысшы мамандарды қажет етеді, осы орайда студенттерге сапалы білім мен тәрбие беру - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі табылады.

Заман талабына сай күрделі сұрақтарды инженерлер компьютер көмегімен шешуге тиістіміз, яғни негізгі мақсат -оқу процесінде компьютерлік технологияны кеңінен қолдану, студенттердің теориялық алған базалық білімдерін практикада ұштастыра білуге үйрету, практикалық машықтарын қалыптастыру.



Жоғарыда аталған компьютерлік бағдарламаларды оқытып, меңгерту «Геодезиядағы жаңа ақпараттық технологиялар» пәнінің негізгі мазмұны болып табылады. Дегенмен, аталған пәннің оқу бағдарламасында AutoCAD бағдарламасы бойынша арнайы сағаттар қарастырылмаған. Болашақ жерге орналастырушы-техник және құрылысшы-техник,геодезия және картография мамандары үшін аталған бағдарламаның маңыздылығын ескере отырып, өз педагогикалық қызметімде соңғы 5 жыл бойы «Геодезия және картография» кабинетінің меңгерушісі ретінде «Жас геодезист» үйірмесін жүргізіп келемін.

Бұдан шығатын нәтиже: ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білім, яғни орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениет байланысты кеңейтуге зор мүмкіндіктер береді. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Тугелбаева Жанаргул Сатбергеновна

«Махамбет көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі» КМҚК
I санатты физика – информатика пәнінің мұғалім

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі -білім алушыны оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану — өмір талабы.Қазақстан білім стандартының жасалуы, жаңа оқулықтардың жазылуы, жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім сапасын арттыру, әлемдік білім кеңістігіне ену, кредиттік технологияға көшу мақсатындағы жұмыстардың бәрі – еліміздің жаңалыққа талпыныстың куәсімін.

Қазіргі заман талабына сай пән мұғалімі ғана болу аз, мұғалім - ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс.

Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана нәрсе емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деген екен. Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданылып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.


Инновациялық технология - оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Инновациялық технология – бұл жаңашылдыққа негізделген технология.

Заман ағымына қарай мұғалім келесі инновациялық технологияларды қолдануы керек:

- дәстүрлі (оқулық, көрнекілік құралдар, электрондық оқулықтар);
- компьютерлік (презентация, дисктер, мультимедияқұралдар, интерактивтітақта);
- интернет – технология (интернет дербесақпараткөзіретінде, e-mail – ақпараталмасуқұралыретінде, тағыбасқа).

Инновациялық технологияны пайдалану



Жаңа материалды қызықты етіп түсіндіреді

Жаңа материалды бірігіп талдауға мүмкіндік береді

Педагогикалық жаңа технологияны ұтымды пайдаланып, физика сабағында жақсы жетістіктерге жету үшін, сапалы білім беруге ықпал ететін жаңа технологиялардың бірі - интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ)

Инновация — кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс.

Технологиялықинновациялар

бұлжаңазаманныңкомпьютерлікжәнетелекоммуникациялықтехнологиялары. Инновациялық технологиялармен оқыту барысында түрлі әдістерді пайдалануға болады. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Интерактивті оқыту әдіс - тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – мұғалімдердің басты міндеті. ИОТ – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым - қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс - әрекетін оқу - ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:миға шабуыл әдісі; топпен жұмыс; проблемалық шығарма әдістері; рөлдік ойындар; зерттеулер; іскерлік ойындар; сын тұрғысынан ойлау әдісі; пікірталастар,«Кинометафара» әдісі.

Мысалға I курстағы «**Электр тогы. Тізбек бөлігі үшін Ом заңы. Өткізгіштерді аралас жалғау**» тақырыбындағы сабағымды қарастырайын.

Сабақ мақсаттары:

- Тізбектей, параллель және аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын білу;
- Өткізгіштерді тізбектей, параллель және аралас жалғау қасиеттерін түсіну;
- Аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын есептер шығаруда қолдану;

Сабақтың басы:

Ұйымдастыру бөлімі:

Сәлемдесу

Түгендеу

Жағымды психологиялық ахуал тудыру «**Жұптық тілек**» (тренинг)

Үй тапсырмасын сұрау:

«**Серпілген сауал**» әдісі арқылы сұрақтар беріледі.

- Электр тогыдегеніміз не?
- Ток күшідегеніміз не?
- Кернеудегеніміз не?
- Ток көздеріне не жатады?
- Электр тогыпайдаболуыүшіннегізгіекішарттыата?
- Меншіктікедергідегеніміз не?

ҚБ:Өзін- өзі бағалайды.

Сабақтың ортасы:

Жаңа сабақ:

Жаңа тақырып пен оқу мақсаттарын таныстыру.

«**Кинометафара**» әдісі

Білім алушыларға жаңа тақырыппен таныспай тұрып, осы тақырып жөнінде бейнефильм көрсетіледі. Сол бойынша білім алушылар жаңа сабақтың тақырыбын ашады.

I топ «Ток күші»II топ «Кернеу»III топ «Кедергі»

1-тапсырма:

«**Ой қозғау**» әдісі топпен жұмыс. Әр топқа сабақ тақырыбымен байланысты суреттер беріледі. Білім алушылар сурет бойынша өз ойларын жазады.

ҚБ: Топтар бірін бірі бағалайды.

2-тапсырма:(жеке жұмыс)

«**Сәйкестендіру**» әдісі арқылы берілген кестеден физикалық шамалардың формуласы мен өлшем бірлігін сәйкестендіреді.

Физикалық шамалар		
Атауы	Формуласы	Өлшем бірлігі
Ом заңы	$I = q/t$	Вт
Ток күші	$U=A/q$	А
Қуат	$I = U/R$	В
Кернеу	$P=A/t$	А

ҚБ:Бірін - бірі бағалайды

3- тапсырма: «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі бойынша білім алушылардың жаңа сабақты қалай меңгергенін білу үшін қолданамын. Әр топқа бір тапсырмадан беремін. Олар бірлесіп есептер шығарады

I-топ

1. Кедергілері 10 Ом 5 Ом және 15 Ом үш резистор тізбектей жалғастырылып, кернеуі тұрақты 120 В желіге жалғанған. Әрбір резистордағы ток күші мен кернеудің түсуін анықтаңыз.

II топ

1. Шеберханадағы электр сымдарына әрқайсысының кедергісі 120 Ом-ға тең 3 шам параллель жалғанған. Осы тізбектегі кернеу 220В болса, онда бүкіл сым бойынан өтетін токтың күшін анықтаңдар

III топ

1. Берілген тізбектің жалпы кедергісін анықта. Әрбір өткізгіштің кедергісі 5 Ом ға тең.

ҚБ: Әр топтан сайланған эксперттер есеп шығарған білім алушыларға баға береді.

Сабақтың соңы: Кері байланыс: «ҚҚҚ» кестесі

Маған қызық болған 2 нәрсе	Маған қиын болған 2 нәрсе	Маған құнды болған 2 нәрсе

Бағалау:

«От шашу» әдісі

Үйге тапсырма: §60. 62-65 бет

Инновациялық технология – білім сапасын арттыру кепілі.

Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді. Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды сабақ барысында қолдану кезінде өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Мұғалім білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Білім мен ғылым — даму тетігі / Елбасының ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан, 13 қазан, 2014.
2. Скаун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения: Методическое пособие.-М.:Высш.шк.,2010г.
3. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015
4. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011.«Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;
5. Шишов С.Е. Понятия компетенции в контексте проблемы качества образования. «Государства и образования, 2002 г»
6. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012., 6-76б
7. zkoipk.kz

«ЛАНДШАФДТЫҚ ДИЗАЙНДЫ ДАМУ»

Қаблан Әлима Дәулетқызы

«Кентау көпсалалы колледжі» МКҚК, Кентау қаласы



Кіріспе

«Ландшафттық дизайн» табиғи компоненттерді белсене қолдана отырып табиғи немесе жасанды ортаны қалыптастыруға бағытталған қызметінің ерекше түрі. Бүгінгі күні ландшафттық дизайн, ландшафттық жасылдандыру және маңайды көркейту маңызды мәселелердің бірі болып қалыптасуда. Ол адамның тіршілік ортасын қолайлы және жағымды етеді. Ландшафттық өнер сәулетпен тығыз байланысты, өйткені екеуі де адам өмірі үшін кеңістікті ортаны ұйымдастырумен байланысты қызмет болып табылады. Осыған орай шамамен 100 жыл бұрын АҚШ-та алғашқы ұлттық парктерді ұйымдастыру кезінде «ландшафттық сәулет» термині пайда болды. Кейін осы ұғым еуропаға келіп, әлі күнге дейін пайдалануда.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы қалалардың инженерлік қайта құруымен белгіленді. Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен зәулім тұрғын орамдары, электрстанциялары мен көліктік жолдар салынды. Құрылыстың қарқындылығы мен ластанған қоршаған орта кері әсерін тигізіп, үйлесімділікті бұзды, адам мен табиғат байланысын айырды. Адам өмірі мен денсаулығы жағдайының нашарлауы қаланың барлық құрылымдық бөліктерін көгалдандыру, демалыс парктерін аудандық бақтарды салу, жолдар бойында ағаш отырғызу, көгалдарды жайластыру бұзылған байланысты қалпына келтіру қажеттілігіне әкеп соқты.

Жақсы жобаланған төсем, бағыт беруі, тартымды көрінуі мүмкін, сонымен бірге қауіп туындауды азайтады және қауіпсіздікті жақсартады. Нашар жобаланған жаяу жүргінші немесе жол төсемі, ең жақсы дегеннің өзінде тартымды көрінбейді, ал ең нашар жағдайда, қауіп-қатерге және тәуекелге жетелейді. Жолға арналған төсемнің және беткі жағының дизайні арнайы ілімді қажет етеді, ол дизайнды пайдалану, контексті және критерийінен, пайдаланудың жоспарланған максималдық интенсивтіліктен, жергілікті геологиядан, климат және бюджеттен тұрады.

Өзектілігі

Ландшафт дизайны бойынша бұл күндері дизайнның ерекше түрі түсінілуі үшін үйлесімді және орынды орта құруға бағытталған адам өмірі. Бір жағынан, табиғи ландшафтты қабылдай отырып, адам онда оның әлеуметтік қызметімен үйлесетін ерекшеліктерді іздейді, жеке өмір, көңіл-күй және сезім. Демек, адамдардың осы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ландшафттық дизайнның әр объектісі адамға бағытталуы керек және оған белсенді оң әсер етуге арналған болуы керек.

Екінші жағынан, бұл тақырып облыс орталығы болған Түркістан облысындағы Кентау қаласы үшін өте маңызды рөл атқаруда, қазіргі еңбекқор жастарымызды осы салаға бағыттау жұмыстары жүргізілуде. Жерімізді дұрыс пайдалана білуіміз керек.

Мәселе

Адамның денсаулығы мен көңіл-күйіне көптеген факторлар, соның ішінде визуалды орта әсер етеді. Сондықтан ландшафттық дизайн адам мәдениетінің қажетті элементіне

айналуы маңызды, оны жүзеге асыру кезінде жұмыстың тиімділігі мен нәтижесінің сұлулығын біріктіреді.

Нысан

Түркістан облысы Кентау қаласы Кентау көпсалалы колледжі аумағы

Пәні

Ландшафтық дизайн

Мақсаты

Кентау қаласы елді мекен аумағын абаттандыру және көгалдандыру бойынша ұжымдық шығармашылық істі ұйымдастыру арқылы халықтың жерді пайдаланудың жалпы мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері

1. Кентау көпсалалы колледж аумағында экологиялық жағдай жасау бойынша тәжірибелік қызмет арқылы халықтың экологиялық мәдениеті мен экологиялық санасын қалыптастыру.

2. Колледж «Құрылыс» пәндер бірлестігі және қала аумағына ландшафтық дизайн эскиздерін жасау бойынша бірлескен қызметті ұйымдастыру.

3. Кентау қаласы тұрғындарын жеке учаскелер мен тұрғылықты жерлердің сәндік дизайны мен ландшафтық дизайнының элементтерімен таныстыру.

4. Колледж аумағының ландшафтық дизайнын жүзеге асыру.

5. Кентау қаласы аумағын ерікті жергілікті тұрғындармен абаттандыру және көгалдандыру



Жаңалық

Біздің өмірімізде "Ландшафт дизайны" ұғымы жаңа және ерекше, бірақ біз бүгін колледж жанындағы және үй жанындағы учаскелерден тек жеміс-жидек пен көкөніс дақылдарын ғана емес, сонымен бірге бізді табиғатпен байланыстыратын сұлулықты, заманауи технологияларды қолдана отыра аламыз.

Гипотеза

Егер сіз аумақтың ландшафтық дизайнын жүзеге асыру бойынша жұмысты дұрыс ұйымдастырсаңыз, онда қоршаған ортаны мәдени өзгертуге деген ұмтылыс адамның табиғи қажеттілігіне айналуы мүмкін.

Әдістері

Сауалнама, әңгімелесу, байқау, әдеби дереккөздерді зерттеу, жұмыс тәжірибесімен танысу, жобалау, суретке түсіру, сипаттау, эксперимент, Нәтижелерді математикалық өңдеу.

Шарттары

- Колледж Басқару Кеңесінің, Кентау қаласы әкімшілігінің, «Құрылыс» пәндер бірлестігі Колледж кеңесінің нормативтік-құқықтық шешімдері, бірлескен жұмыс туралы келісім;

- Оған колледж білім алушылары мен мұғалімдер, студенттер мен Кентау көпсалалы колледж оқытушылары, ерікті жергілікті тұрғындар қатысуы.

- Тәжірибелік сабақтар және WorldSkills құзыреттіліктері – білім алушылардың және жергілікті тұрғындардың бос уақыты бойынша оқу-тәжірибелік сабақтар жүргізу.

- Кентау көпсалалы колледжінде "Ландшафтық дизайн" мамандығын ашу.

- Материалдық-техникалық – отырғызу материалы, сәндік тас, қиыршық тас, тротуар плитасы, құм, тыңайтқыштар;
- Қаржылық – Кентау қаласы әкімшілігінің бюджет қаражаты, Кентау көпсалалы колледж әкімшілігінің қаражаты, бюджеттен тыс қаражаты.

Кезеңдері

I. Дайындық кезеңі (2022 жыл)

- аумақты көгалдандыру бойынша тұрғындардың мүдделерін анықтау;
- колледж жанындағы учаске мен аумақтың экологиялық жағдайын мониторингілеу ауылдар;
- ландшафтық дизайн бойынша әдеби дереккөздерді зерттеу;
- Кентау қаласы әкімшілігінің, колледждің Басқарушы кеңесінің, «Құрылыс» пәндер бірлестігі отырыстарында қала және колледж аумағын абаттандыру мәселесін қарау;
- жергілікті тұрғындар, оқушылар, студенттер, педагогтар қатарынан бастамашыл топ құру;
- Кентау қаласы және Кентау көпсалалы колледж аумағының ландшафтық дизайны бойынша жобаларға ұсыныстар дайындау;
- елді мекен объектілерінің ландшафтық дизайнын модельдеу жөніндегі жобалау тобының жұмысы;
- отырғызылатын материалдың мөлшерін анықтау;
- мәдени және жабайы түрлерді іріктеу;
- жобаны жүзеге асыру үшін қаражат жағын шешу.

II. Іске асыру кезеңі (2022 – 2025 жылдар)

- учаскелерді дайындау, тегістеу, қоқыс пен арамшөптерді жою, жақсарту
- топырақ;
- "жасыл құрылыс" объектілерін анықтау;
- объектілердің үздік ландшафтық дизайнына конкурс ұйымдастыру;
- жергілікті тұрғындар, білім алушылар және ата-аналар, педагогтар қатарынан бригадалар құру;
- колледж аумағының дизайнын өзгерту және абаттандыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- ландшафтық дизайн объектілеріне кешенді күтімді ұйымдастыру.

III. Нәтижелі кезең (2023 жылдан бастап)

- білім алушылардың тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу қызметін ұйымдастыру, ғылыми-практикалық конференцияларға материалдар дайындау;
- жеке жұмыстар, жобалармен презентацияларды рәсімдеу;
- үздік жобалар, ландшафтық дизайн объектілері, авторлар туралы мақалалар жариялау бұл жұмыстарды қалалық және облыстық газеттерінде, журналдарда жариялау;
- "Студенттер аллеясын" білім алушылардың идеясы бойынша салу;
- колледж аумағын абаттандыру және дизайнын өзгерту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- Жергілікті өсімдіктердің түрлерінің алуан түрлілігін арттыру.



Болашағы

- Ландшафтық дизайн объектілерінің өзгеру дәрежесін айқындау үшін елді мекен аумағының экологиялық мониторингін жалғастыру;
- Елді мекен аумағында демалыс аймақтарын құру және күркелер (беседка) салу;
- Әр түрлі замануи технологияларды қолдана отырып ландшафтты дизайн жоспарлау.

Әлеуметтік әсер

- 1) Колледж аумағының санитарлық-гигиеналық және экологиялық жағдайын жақсарту;
- 2) Жерді пайдалану мәселелері бойынша халықтың жалпы мәдениетінің деңгейін арттыру, тұрғындардың эстетикалық талғамы мен креативті ойлауын дамыту;
- 3) Колледж және елді мекен аумағын декоративтік безендіру және абаттандыру;
- 4) Тұрғылықты жерін және үй маңындағы учаскелерді ресімдеудің теориялық және практикалық тәжірибесін алу;
- 5) Жұмыссыз тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесін шешу;
- 6) Ұрпақтардың өзара байланысын ұйымдастыру, балалар мен ата-аналардың бірлескен қызметі арқылы отбасын нығайту;

Қорытынды

Заманауи технологияларды пайдалана отырып жобалаудың жаңа әдістері аумақты абаттандыру жобаларын жасауға, перспективалық жоспарларды көзбен көруге, адам өмірі үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Гипотеза өзінің растауын тапты.

Колледж әкімшілігі және «Құрылыс» пәндер бірлестігінің тығыз ынтымақтастықтың арқасында мен жобалау, сызу, іздестіру жұмыстары бойынша жаңа технологияларды зерделеуге, іс жүзінде колледж аумағын абаттандырудың нәтижесін көруге, осы жобаны одан әрі дамытудың перспективалық жолдарын белгілеуге мүмкіндік алдым. Бұл жоба қалалар мен ауылдарды абаттандыру бойынша үздік бағдарламалар тізіміне ену мүмкіндігіне ие. Осы технологияларды қолдану адам қызметінің басқа да салаларында (әлеуметтік сипаттағы, техногендік және табиғи қауіпті жағдайларды қадағалауға, қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесуге көмектеседі) кеңінен пайдаланылуы мүмкін. 3D визуализация көмегімен саябақтарды, көшелерді, демалыс аймақтарын, үй-жайларды абаттандыру жобаларын жасауға болады.

Қолданылған әдебиеттер

- «Ландшафтты және бау-бақша дизайнын жобалаудың бөлшектері». 2016 Пол Хенси
- Ландшафтық жобалау және бақ дизайны» Т.Н. ЛЕЖНЕВА «Академия» баспа орталығы 2016.
- Гарнизиненко Т.С. Справочник современного ландшафтного дизайнера Р. н/Д: Феникс, 2005.
- Зверев И.Д. Человек в социоприродной среде / М.: Вента - Граф, 2000.
- Материалы и ресурсы Internet по темам “Ландшафтный дизайн” и “Дизайн пришкольного участка”

ДӘНЕКЕРЛЕУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Исаева Жұлдыз Төкенқызы

О.Көшеков атындағы Атырау агралы-техникалық колледжі, арнайы пән оқытушысы, Атырау қаласы

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде арнайы пәнді оқытудың басты мақсаты - заман талабына сай қоғам дамуының тұтқасын ұстайтын белсенді, кәсіби білікті, маман иесін даярлауда болып отыр. Сондықтан жас ұрпақты мамандыққа бағыттап оқыту мен тәрбиелеуге жаңа көзқарас, жаңа тәсілдер, жаңа педагогикалық ізденістер мен идеялар қажеттілігі туындап, Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алды. Осындай педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды және жаңаша қарым-қатынастар мен көзқарастар пайда болды.

Қазіргі заман болашақ мамандарынан тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, психологиялық-педагогикалық, технологиялық тұрғыдан сауатты және ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты меңгерген ақпараттық сауаттылығы, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі қалыптасқан маман болуы талап етуде. Студенттерге білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай орындалуда. Оқу процесінде компьютерді тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, студенттердің өз бетімен ізденісі, мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр. Мұндағы мақсат – теория мен тәжірибені ұштастырып, кәсіби білікті маман дайындау.

Мамандық- қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біреулер үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге — әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң. Мамандық таңдау- тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет.

Себебі кәсіптік-техникалық білім беру – уақыт талабы. Бүгінгі жастардың басым бөлігі таза кеңседе отыруды көздейді. Бірақ елімізге қазір сол жастар «менсіне бермейтін» мамандық иелері аса қажет болып тұр.

Соның қатарында «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша, оқылатын оқу практикасында өтілетін «Дәнекерлеу ісі» туралы айта кеткенді жөн көріп отырмын. Бұл оқу практикасының артықшылығы халық шаруашылығының түрлі салаларында қызмет істеуіне болады, сол себептен де «Дәнекерлеу ісі» – өте қажет құрылғы. Себебі кез келген өндірістік кәсіпорында электр газымен дәнекерлеу қолданылады. Электр газымен дәнекерлеу – қосылыс жерін балқу немесе иілу күйіне дейін қыздыру әдісі арқылы металл бөлшектердің қозғалыссыз, бөлінбейтін қосылыстарын алу үрдіс жұмыстары жүргізіледі.

Біздің О.Көшеков атындағы Атырау агралы-техникалық колледждің «Дәнекерлеу ісі» оқу практикасы студенттерге бірден дәнекерлеу кабинасынан емес, жас маман программасымен алынған ДТС-02 дәнекерлеушінің доғалық тренажердан басталады.

ДТС-02 дәнекерлеушінің доғалық тренажерінің артықшылығы, компьютерге орнатылған арнайы программамен жұмыс жасайды. Әр бір студентке компьютер экранында 2 минуттан уақыт бөлінеді. Осы уақыттың ішінде, студент алғашқы дәнекерлеуге бейімдеуге үйренеді. Себебі 2 минут ішінде монитордан жасалынған жұмыстарының нәтижесі көрсетіледі. Осы нәтижеге байланысты әр бір студент өзінің қателіктерін көріп, осы қателіктерді болдырмауға жұмыс жасайды.

Бұндағы көрсеткіштер:

- Дәнекерлеу доғасының ұзындығы;
- Дәнекерлеудің жылдамдығы;
- Электродтың орналасу бұрыштары көрсетіледі. Сондай-ақ осы қателіктерді принтер арқылы студенттерге шығарып беруге болады.

Осы қондырғының техникалық көрсеткіштері қалай жұмыс жасалатыны және қандай дәнекерлеу түрлерімен жасалынатынын көрсетемін.

ДТС-02 дәнекерлеушінің доғалық тренажері электродпен қапталған доғалық дәнекерлеу әдістерін (ММА режимі); қорғаныс газдары ортасында электрод сымымен жартылай автоматты дәнекерлеуді (MIG/MAG режимі); доғаның жанаспалы қозуы бар балқымайтын электродпен аргон доғалық дәнекерлеуді (TIG режимі) үйретуге және бастапқы оқытуға арналған.

Тренажер нақты шағын амперлік дәнекерлеу доғасын пайдаланып дәнекерлеу процесін имитациялауға мүмкіндік береді.

Тренажер практикалық дағдыларды игеруді қамтамасыз етеді:

- * доға аралығының белгілі бір ұзындығын қоздыру және сақтау;
- * дәнекерлеу объектісінің бетіне қатысты қол құралының кеңістіктік орнын сақтау бойынша;
- * дәнекерлеу ваннасының жылу режимін сақтау.

Тренажер дербес компьютердің көмегімен басқарылады. Машинаны басқару бағдарламасы, Wwsim Microsoft Windows 2000 операциялық жүйесіне арналған, HR. Бақыланатын параметрлердің шекаралық мәндерін орнату (доға аралығының ұзындығы, жылу салу, электродтың көлбеу бұрышы) параметрлер терезесі арқылы жүзеге асырылады. Бақыланатын параметрлердің шекаралық мәндерінің бұзылуы дыбыстық сигналмен бірге жүреді.

Ағымдағы нәтижелер монитор экранында келесідей көрсетіледі:

- * доға ұзындығының уақыт графигі;
- * ағымдағы уақыт көрсеткіші;
- * доғаның болу индикаторы;
- * доғаның ұзындығы, дәнекерлеу жылдамдығы, жұмыс құралының бойлық және көлденең бұрышы бойынша қате индикаторы
- * жұмыс құралының көлбеу бұрыштарындағы берілген мәндерден ауытқу көрсеткіші

Жаттығу сеансының қорытындысы бойынша есеп құрылады, оған доға ұзындығының уақыт графигі және сеанс уақыты, доға ұзындығының орташа мәні, бақыланатын параметрлердің берілген шекті мәндері, параметрлердің әрқайсысы бойынша қателер саны туралы ақпарат кіреді.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат кернеуі, В	220
Доғаның кернеуі (доға аралығының ұзындығы 1-5 мм), В	10 ... 40
Дәнекерлеу тогы, А	4,0±0,5
"Сеансты бастау" пәрменінен кейін шығу кезіндегі бос кернеу, В, артық емес	80
Тұтынылатын қуат, кВА, артық емес	0,5
Доғаның белсенді қуаты, кВА, артық емес	0,2

Көлденең жазықтыққа қатысты көлбеу бұрыш сенсорының жұмыс бұрышы, бұршақ.	±85
Қателер үшін акустикалық кері байланыс сигналдары: - доға аралығының ұзындығы бойынша, кГц - көлбеу бұрышы бойынша, кГц - жылдамдық бойынша, кГц	1,5±0,1 3,5±0,1 2,5±0,1
Салмағы, кг	12
Габариттік өлшемдері, мм	410x180x295
Бағдарламаланатын параметрлер	
Доға аралығының ұзындығы, мм	5.0 дейін
Дәнекерлеу жылдамдығы, мм / сек	20,0дейін
Оқу сессиясының уақыты, мин.	1-ден 10-ға дейін



Осы қондырғыны дәнекерлеу оқу практикасы өту барысында, әр бір студент алғашқы бейімделуден өтіп, дәнекерлеу кабинасына барады. Қондырғының артықшылығы студенттерді заманауи технологиялармен оқытып, алғашқы нәтижелерін көрсетеді. Яғни айта кетсек студенттер дәнекерлеуге барған кезде, өздеріне керекті тәжірибелерді жинақтап дәнекерлеп пісіру кезінде, жасайтын жұмыстарына пайдаланады. Сонымен қоса дәнекерлеп пісіру кезінде:

- Техникалық қауіпсіздікті сақтау жұмыстарын біледі;
- Жеке басты қорғау құралдарын пайдалана біледі;
- Пісіру қондырғысын жоғарғы кернеуге қосу және айыру әдстерін меңгереді;
- Пісіруге керекті ток күшін реттеуін біледі;

- Электродтардың диаметрлерін пісіретін металдардың қалыңдығына байланысты таңдауын біледі;
- Доға жағуға қолдарын жатықтырады.

Осы орындалатын жұмыстарды жоғарыда көрсетілген ДТС-02 дәнекерлеушінің доғалық тренажері көмегінің арқасында, студент дәнекерлеу жұмысына дайын болады.

Осы құрылғыны дәнекерлеу практикасы өтетін оқу орындарына пайдалануға ұсыныс беремін.

Қорыта келгенде «Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі» деп ежелгі грек материалісі, философ Демокрит айтып өткендей, инженер – педагог мамандарының өздерінің кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыруы, теориялық білімі мен әдістемелік білігін үздіксіз жетілдіруі, оқытудың озық әдіс-тәсілдерін үздіксіз үйренуі, мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген, мамандық алуға негізделген пәндерді тиісті деңгейде білуі, дәріс беру барысында пайдалануы, жалпы айтқанда, арнаулы пән оқытушысының үздіксіз білім алуы мен сапалы білім беруіне үлкен септігін тигізері анық деп есептеймін.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34
2. Қазақстан Республикасында орта білімнің дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан,-1997, 34б.
3. Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі. – 1998.- №11-12, 24-35б.
4. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. - №3, 4, -1999.
5. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововедений в системе образования: научный фонд и перспективы развития (Книга 1). – Алматы: Научно-издательский центр “Ғылым”,-2001.
6. Бегалиев Т.Б. Педагогика. Тараз: ТарМУ, 1999.
7. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М.: Педагогика. – 1989.
8. Электросварочное оборудование. Справочник Т-1.
9. Барашкова О.Н. Источники питания сварочной дуги. М. Высшая школа, 2002.
10. Сварка и свариваемые материалы. Справочник Т-2. М.
11. ПАО Электромашиностроительный завод «Фирма сэлма» дуговой тренажер сварщика ДТС-02, 2015.

ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ПӘНІ БОЙЫНША ДӘРІС БЕРУДІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

Баймукашева Найля Сериковна

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, арнайы пән оқытушысы, Атырау қаласы

Қазіргі кезде қоғам дамудың жаңа кезеңіне көшуде, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар өндірістің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды. Сол сияқты, қазіргі компьютерлік технологиямен бірге қарқынды даму қарсаңындағы геодезия әдістері ГАЗ мүмкіндіктерін пайдаланып, геодезиялық тапсырмаларды, яғни жасалынатын карталарды қажетті дәлдікте, тез әрі тиімді, материалдық және ақшалай шығынсыз шешуге мүмкіндіктудырды.

Топографиялық-геодезиялық жұмыстарда ГАЗ жердің бедері туралы нақты және сенімді мәліметтер алу үшін, сонымен қатар жолдар, су қоймалары, орман алаптары, ғимараттар мен құрылыстар сияқты нақты нысандарды сипаттау үшін, және құрылыс аумағында бедер күйінің өзгеруін белгілеп қою үшін қолданылады. Өндірісте жаңа ақпараттық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес.

Өндірістегі инновацияны арнайы пәндер дәрістеріне енгізу заман талабы болғандықтан, колледжіміздегі арнайы пән оқытушылары үнемі өндіріспен тығыз байланыста болады. Мысалы, геодезия өндірісіндегі инновация халықаралық дәрежеде болғандықтан, ағылшын тіліндегі терминологияны білу маңызды. Ол үшін арнайы пәндерде **CLIL** технологиясын қолдану студенттің басқа тілді үйрене алмаймын деген сенімсіздігін сейілтп, тілді үйренуге ынтасын арттырады. **CLIL технологиясы** (Content Language Integrated Learning)- арнайы пәндерді ағылшын тілімен пәндік-тілдік кіріктіре оқыту. Сабақта шетел тіліне үйренуге емес, шетел тілі білімін қосымша қолдануды ұсынатын тілде оқыту, осылайша, студенттер шетел тілін оқу кезінде қолданады, сондай –ақ, оны қалай пайдалану керектігін үйренеді.

Бұл аспект коммуникативті құзырлықтарды қалыптастырады, себебі тыңдай білу, сұрақтар қоя білу және оларға нақты жауаптар құрастыру жеке тілдік қатынас қабілетін дамытады. Оқытушының сөйлесуін азайтып, керісінше студенттердің бір бірімен сөйлесу дағдысын қалыптастырады.

“Студенттерді оқу үдерісіне қалай ынталандыруға/тартуға болады?” деген сұрақты шешуде студенттерді оқыту үдерісіне ынталандыру факторларын, әдіс-тәсілдерін анықтау аса маңызды. Шәкірттерді оқуға қызықтыру, ынталандыру жайлы ойлаған кезде, біз олардың ішкі ынтасын арттыру жолдарын түсінуге тырысамыз. Оқуға қатыстыру дегеніміз оларды қызықтыру, жаңа бір нәрсе жасап көруге, таңдауға, қателесуге, қайтадан бастауға, табысқа жетуге ұмтылуға мүмкіндік беру.

Тамыз айында «Galamat online school» мектебі ұйымдастырған «XXI ғасыр талаптарына сай онлайн білім беру құралдарын игеру» курсына қатысып, спикері Жігер Донтайұлы болған, қашықтан оқу бойынша білімімді толықтырып, жоғары әсер алдым. Курс мазмұнында видеосабактарды сапалы қалай дайындау, видеосабакты жазу үшін қажетті техникалар (жарық, микрофон, смартфон, штатив түрлері және т.б.) түрлерімен

таныстырылды. Сонымен қатар, оқу материалдарын, лекцияны студентке түсінікті етіп жеткізу үшін, презентация құру, мультфильм видеолар құрастыру варианттары көрсетілді.

Сол сияқты, осы курс барысында видеосабақтарды өңдеуге арналған Camtasia 2018, OBS Studio бағдарламаларын еркін меңгеріп, тегін ноутбуктерімізге жүктеп алып, әлі күнге дейін сабақтарыма тиімді пайдаланудамын.

Сіздермен CLIL технологиясы бойынша жасақталған сабақ жоспарыммен жәнегеодезия пәні бойынша жасақталған «Құрылыс алаңдарындағы нивелирлеу жұмыстары» тақырыбында Camtasia 2018 бағдарламасында дайындалған видеосабағымды дайындау тәжірибеммен бөліскім келеді. Бұл видеосбақ ерекшелігі студенттерге жеткізілуі оңай, түсінікті тілмен жеткізілген. Интернет желісінен берілген тақырыбым бойынша видеороликтер, мультфильмдер тауып алып, оларды Camtasia 2018 бағдарламасында өңдей отыра, яғни тілдерін аударып, артық жерлерін қиып, студенттерге өздігінен дайындалуға мүмкіндік беретін сапалы бірнеше видеосабақтар дайындай алдым.

Camtasia 2018 бағдарламасы бізге мониторда болып жатқан іс әрекеттердің барлығын жазып алуға және видео файлдарды желі арқылы демонстрация жасау үшін сапалы сығуға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісін жоспарлауға болады? - деген сұраққа жауап ретінде кеңесім: барлық жұмысты бірден жүзеге асыруға тырыспаңыз. Заманауи болашақ маман оқыту кезеңінде қандай мақсаттарыңызға қол жеткізуге болатынын мұқият ойластырыңыз; оқытудың ең қарапайым бір-екі құралын таңдап алып, солармен жұмыс істеуді бастаңыз. Бірден көптеген құралдарды қолдануға тырыспаңыз; оқыту кезеңінде Сіздің оқу сценарийлеріңіз неғұрлым қарапайым, түсінікті және шынайы болса, оларды ойдағыдай жүзеге асыру және қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі соғұрлым көбірек болады; оқытудың жаңа форматына Сіз ғана емес, студенттер мен олардың ата-аналары да жаңадан бейімделуде екенін, олар да Сіз сияқты мазасызданатынын есіңізде ұстаңыз; студенттеріңіздің ерекшеліктерін ескеріңіз және сабақты жоспарлау барысында сабақ мақсаттары мен тапсырмаларды әзірлеп, бір немесе бірнеше саралау тәсілін таңдаңыз.

Әдебиеттер

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру/М.Ғалымжанова//Информатика негіздері. – 2006. - №3. – 2-66.
2. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Академия, 2003.
3. Самашова Г.Е. Ақпараттық технология арқылы студенттерді іс-қағаздарын жүргізуге оқытудың педагогикалық шарттары /Педагогика ғылымының кандидаты, Қазақстан Республикасы, 2007, Қарағанды.

ПОУРОЧНЫЙ ПЛАН

Наименование программы:	Геодезия	Номер урока	
		(пары)	
Наименование модуля:	Тахеометрическая съемка		
Тема урока:	Электронные тахеометры		
Дата:		Продолжительность:	30 минут
Место проведения:			
Целевая аудитория:	1511000 «Землеустройство» 2-курс		

Цель урока:	Ознакомить с электронным тахеометром и объяснить отличие электронного тахеометра от простых геодезических приборов с помощью презентации во время изучения нового материала. Ознакомить с основными деталями путем демонстрации электронного тахеометра.
Языковые цели:	Language of learning: essential vocabulary, nouns and verbs. Language for learning: predicting, pre-listening, while-listening, after-listening Languagethroughlearning: показать на английском языке детали,
Ожидаемые результаты по предмету:	К концу урока студенты смогут: Знать особенности принципы работы электронного тахеометра Умеет показать основные детали прибора на английском языке Умеет дать информацию о приборе на английском языке с помощью данных терминов Умеет написать термины на английском языке
Ожидаемые результаты по языку:	Овладеют спец.терминологией и грамматической структурой при описании прибора на английском языке
Тип урока:	комбинированный
Необходимое оборудование и приборы:	Доска, проектор, электронный тахеометр

Ход урока	
Приветствие	Good morning . Stop talking everyone and pay attention. All the students here? Who is absent? Ok, good. Thank you. Let's begin the lesson. 1мин
Активизация	Try to find a theme through the video Найти тему с помощью видео -1 мин Раздаем карточки с новыми словами Даем задание на работу с карточками
Презентация новых слов	Демонстрируем электронный тахеометр - 2мин
Практика работы со словами	Определить по картинке названия терминов - 3мин
Предварительное задание для слушания	Работа с терминами / составить правильную версию слов из запутанных/-1мин
Задания во время слушания	Прослушать видео по теме и найти ключевые слова -1мин
Задание после слушания	На доске описывать тахеометра с данными

	терминами-2мин
Закрепление	С помощью предыдущего задания составить текст -2мин
Оценивание	На каждом задании раздаем три цвета смайликов-1мин
Рефлексия	Считаем баллы и делаем выводы-1мин

КӨТЕРУ-ТАСЫМАЛДАУ МАШИНАЛАРЫ ҮШІН ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕЙТІН ЭЛЕКТР ЖЕТЕГІН ЖАСАУ

Толубаева Айша Бакытжанқызы

Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі, Ақтау қаласы
физика пәні оқытушысы, электр энергетика мамандығы
техника ғылымдарының магистрі, әдіскер

Жұмыстың жалпы сипаттамасы

«Физика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша оқытудың мақсаты – оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды, бақылау қабілеттерін дамыту, табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру.

“Жалпы физика” курсының оқыту мақсатына жету үшін білім алушыларға:

- негізгі физикалық құбылыстармен таныстырып оларды бақылау және эксперименттік зерттеу әдістеріне үйрету керек;

- физикалық шамаларды өлшеудің әдістерімен, физикалық аспаптармен, сондай-ақ эксперимент нәтижелерін математикалық өңдеу және талдау әдістерімен, электронды есептеу машиналарын қолдану жолдарымен және физикалық экспериментті автоматтандыру принциптерімен таныстыру керек;

- Оқып жатқан мамандығына қарай бағыттау керек.

Осындай мақсатпен «Электростатика» бөліміне сәйкес «Автоматтандыруды басқару», «Автокөліктерге техникалық қызмен көрсету, жөндеу» мамандықтарына бағыттап «**Көтеру-тасымалдау машиналары үшін энергияны үнемдейтін электр жетегін жасау**» тақырыбындағы зерттеу жұмысын жүргіздім.

Жұмыстың мақсаты және міндеті:

1) Қолданыстағы жүк көтеру және көлікті басқару жүйелерін, талдаулар мен кемшіліктерді қарап шығу және талдау.

2) Көтергіш-көлік механизмдерінің электр жетектерінің жылдамдығын реттеу бойынша ұсыныстар.

3) Көпірлі кранның қозғалу механизмінің екі қозғалтқышты электр жетегін есептеу.

Зерттеу объектісі. Зерттеу жұмысында электротехниканың теориялық негіздерінің негізгі заңдылықтары, жалпыланған электр машинасының теориясы, имитациялық математикалық модельдеу әдістері қолданылды.

Қазіргі уақытта машина жасау кәсіпорындарында және кран жасау зауыттарында заманауи электр жетекті басқару жүйелері өндіріске кеңінен енгізілуде. Атап айтқанда, жиілік түрлендіргіштері жатады, олар асинхронды электр жетегінің жұмысын тиім торлы ротормен басқаруға арналған. Заманауи крандарды басқару кранның барлық механизмдерін іске қосу және тоқтатудың жоғары тегістігін, жүкті көтеру, түсіру және кең ауқымда жылжыту жылдамдығын реттеуді қамтамасыз етуі керек. Қазіргі уақытта реттеудің жоғары тегістігін алу міндеті микроконтроллерлердің бағдарламаларын жетілдіру және электр жетегінің басқару параметрлерін оңтайландыру арқылы жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, кран жұмысын автоматтандыру дәрежесін арттыру кранның қуат және жылдамдық мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, тек басқару әдісін ғана емес, сонымен қатар идеалды үдеу процесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін электр қозғалтқышының моментін өзгертудің ұтымды заңдылығын анықтау мәселесін шешу қажет. Өз кезегінде, көпірлі кранның үдеуінің идеалды процесі жүктің ауытқуының максималды амплитудасы сияқты кейбір негізгі шамалармен сипатталады; металл конструкцияға максималды динамикалық жүктеме; механикалық сипаттаманың тұрақсыз тармағында электр қозғалтқышының жұмысы кезінде жетектегі және металл құрылымдардағы қарқынды серпімді тербелістер; жеделдету уақыты және басқалары ең қолайлы мәндерді қабылдайды.

Үдеу заңын қозғалтқышты автоматты басқарумен ғана жүзеге асыруға болады, мысалы, ротордың тогын түзету арқылы іске қосу жүйесін уақыт функциясы ретінде пайдалану. Қазіргі уақытта қозғалу механизмдерінің жабдықтарында кеңінен таралып жатқан неғұрлым прогрессивті және заманауи – жиілікті басқару жүйесі бар тиін торлы роторы бар асинхронды электр жетегі. Жиіліктерді басқару жүйесіне келесі талаптар қойылады: қозғалыс жылдамдығы мен дәлдігі, тиімділік және автоматтандырылған жүйелерге біріктіру мүмкіндігі. Электр жетегінің кіріс деректері негізінде жеделдету процесін модельдеу және соның нәтижесінде жылдамдық, үдеу, жол, жүк арқандарының вертикальдан ауытқу бұрышы, үдеу уақыт сияқты негізгі динамикалық сипаттамаларды алу мүмкіндігі ерекше маңызға ие.

- көпірлі кранның екі қозғалтқышты электр жетегіне қойылатын талаптар және оның даму тенденциялары жинақталған, оның негізінде қазіргі заманғы технологиялық және пайдалану шарттарына сәйкес келетін ЖТ-АҚ жүйесі бойынша көпірлі кранның екі қозғалтқышты электр жетегінің басқару құрылымы ұсынылған және негізделген;

- жиілік түрлендіргіш – асинхронды қозғалтқыш жүйесі бойынша көпірлі кран қозғалу механизмінің екі қозғалтқышты электр жетегінің энергияны үнемдеуіне сапалық және сандық баға берілген.

Ұсынылған зерттеу жұмысы энергетика, көлік салаларға маңыздылығы жоғары.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеулер статикалық және динамикалық жүктемелер кезінде, сондай-ақ айналу үйкеліс коэффициентінің ықтимал өзгеруін және оның жүйенің жұмысына және қарастырылатын параметрлерге әсерін қарастыру арқылы нақты жағдайларға жақындаған кезде жүйенің тиімділігін көрсетілді. Нәтижесінде көпірлі крандарды қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін көпірлі кранның қозғалу арналған екі қозғалтқыш механизмінің жылдамдығын реттеуді шешудің ықтимал нұсқаларының бірі ұсынылды.

Зерттеу нәтижесіндегі ұсыныстарды әдістерді электр жетегінің моделін білім беру процесіндегі жалпы білім беру пәндерде (физика, математика) базалық модульдерде (экономикалық тиімділігі) және кәсіптік модульдерде (энергетика, автоматика және көлік салаларында) қолдануда кең мүмкіншілік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Александров М. П., Колобов Л. Н., Лобов Н. А. Грузоподъемные машины : учебник для вузов. – М. : Машиностроение, 1986. – 400 с.
- 2 Браславский И. Я., Ишматов З. Ш., Поляков В. Н. Энергосберегающий асинхронный электропривод. – М. : Academia, 2004. – 202 с.
- 3 Драчёв Г. И. Теория электропривода : учебное пособие. – Челябинск : Издание ЮУрГУ, 2002. – 137 с.
- 4 Фираго Б. И. Теория электропривода : учебное пособие. – Минск : Техноперспектива, 2007. – 585 с.
- 5 Герман-Галкин С. Г. Matlab&Simulink. Проектирование мехатронных систем на ПК : учебное пособие. – СПб. : Корона-Век, 2008. – 368 с.
- 6 Герман-Галкин С. Г. Компьютерное моделирование полупроводниковых систем в Matlab 6.0 : учебное пособие. – СПб. : Корона принт, 2001. – 320 с.

- 7 Variable speed drives Altivar 71 and Altivar 71 // Catalogue. – 2014. – 130 с.
- 8 Певзнер Е. М., Попов Е. В. Современные тенденции и перспективы развития кранового электропривода переменного тока // Труды 12 НТК «Электроприводы переменного тока». – Екатеринбург, 2001. – С. 214-216.
- 9 Комерзан Е. В., Кирасиров О. М. Моделирование и анализ процесса разгона мостового крана. – Вестник РГРТУ. – 2008. – № 4. – С. 62-66.
- 10 Завьялов В. М., Гусев А. В. Управление скоростью электропривода подъема мостового крана при ограничении динамических нагрузок. – Вестник КузГТУ. – 2010. – № 6. – С. 62-

ЖЫЛҚЫЛАРДЫҢ ПАРАЗИТАРЛЫҚ АУРУЛАРЫН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Сахиева Бахытгүл Наурызбайқызы

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі,
арнайы пән оқытушысы, Атырау қаласы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Қазақстан халқына Жолдауында- Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес. Сондықтан, осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға тиіс.

Қазақ халқының ерекше қадір тұтатын жануарының бірі де бірегейі – жылқы. Оны ең алғаш қолға үйреткен де қазақ. Халқымыздың қазақы болмысын айқындайтын құндылық және ежелгі көшпелі халық болғанымызды білдіретін басты нышан –қазақ жылқысы. Сондықтанда қазақ халқы жылқы өсіруде алдына жан салмайды. Жылқы шаруашылығының оңтайлы дамуына жылқыларда кездесетін жұқпалы аурулар кері әсерін тигізеді. Әсіресе, жылқының паразитарлық аурулары жылқы шаруашылығына эканомикалық зиян келтіреді.

Паразитарлық аурулар дегеніміз – жануарлар ағзасында гельминт, кене, жәндік және қарапайымдардың ықпалынан туындаған дерт. Паразит деген сөздің түпкілікті мағынасы – бір ағзаның екінші ағза есебінен күнелтуі.

Жылқыларда жиі кездесетін паразитарлық аурулар: гастрофилез, параскаридоз, деляфондиоз.

Гастрофилез – тақ тұяқтылардың асқазан жолдарын, таз қарның мекендейтін *Gastrophilidae* тұқымдасының *Gastrophilus* туысына жататын бөгелек балаң құрттары қоздыратын энтомоз ауруы. Гастрофилез малдың ас қорыту процесі бұзылуымен, жануарлардың бірте-бірте арықтауымен, гастритке, гастроэнтеритке шалдығуымен сипатталалды.

Қоздырушы түрлері: *G.intestinalis* – үлкен қарын бөгелегі, *G.haemorrhoidalis* –қызыл құйрық бөгелегі мұртты, *G.pesorum* – шөп бөгелегі.

Даму биологиясы: Ұрғашы имагоның жылқы түтіне бекіткен жұмыртқаларында 5-8 күн аралығында 1-ші сатыдағы личинка дамиды. Оларды жылқы өзін қасығанда немесе бірін бірі қасығанда ауыз кілегей қабығына бекініп, кейіннен асқорыту жүйесіне ауады да, 2-ші және 3-ші сатыларын өтеді. Көктемнің аяғында жаздың басында 3-ші сатыдағылары жерге түсіп, қуыршаққа айналады. Шамамен 25-37 күн ішінде олардан ересек бөгелектер дамып шығады. Әрі қарай еркектері ұрғашыларымен шығылысып өледі, ал ұрғашылары жұмыртқаларын бекіте бастайды. Тек *G.pesorum* имагосы жұмыртқаларын шөпке салады.

Эпизоотологиялық деректер. Гастрофилезге жылқы, есек, қашыр бейім. Бөгелектің солтүстік пен шығыста 4, оңтүстікте – 6 түрі кездеседі. Жайылымда болған жылқылардың 98-100% гастрофилезбен дерттенеді. Инвазия көзі ауру мал. Қоздырушы алиментарлық жолмен енеді.

Сыртқы белгілері: бөгелек балаңқұрттары аз болғанда өшкін түрде өтсе, инвазия интенсивтілігі жоғары болғанда мал арықтайды, кілегей қабықтары сарғылт тартады, гастрит пен коликтер тіркеледі, суаттағанда танауларынан су кері қарай ағады. Кейде тік ішек айналып кетуі ықтимал.

Диагностикалау мақсатында: Жүн жамылғысын бөгелек жұмыртқаларына зерттеу (ксенодиагностика), серодиагностикалау (ТЕГА, ИФТ) қолданылады. Өлген малда ауыз қуысында, жұтқыншақ, қарын, тоқ ішек, тік ішекте личинкалар табылады. Патологиялық өзгерістер негізінен личинкалардың кілегей қабыққа бекінген орындарында ойық жаралар, олардың домбығуы, қалындауы түрлерінде байқалады.

Гастрофилезді емдеуге келетін болсақ, бүгінгі күні ветеринарлық медицина мамандары Ивермектің негізіндегі препараттарды жиі қолданады. Алайда, кейбір жылқыларда ивермектин шок тудыруы мүмкін. Сондықтан, жылқыларға Ивермектин препаратын қолданбауға тырысу керек. Жылқыларға арналған танымал пасталар, өкінішке орай, тік ішек пен өңештегі паразит-личинкаларға әсер етуі төмен. Фенбендазол препараттарын 75-100мг /10кг дозасында бес күн бойы күн сайын тамаққа араластырып беру тиімді. Еліміздің аумағында жылқы ұстаудың ерекшелігін ескере отырып, фенасол кешенді препараты әзірленген. Бұл фенбендазол таблеткалары бар тұз-кертпелері. Тұз-кертпелердің құрамындағы таблеткалар да тиімді препарат қатарына жатады.

Параскаридоз – Параскридозы – Parascaridosis – жануардың ащы ішегінде тоғышарлық тіршілік ететін *Ascarida* тұқымдасына жататын *Parascaris equorum* нематодасымен туындайтын тақ тұяқтылардың: жылқы, есек және қашардың ауруы. Бұл ауру барлық жерде кең таралған. Бұл ауруды жылқы көбінде жазда, күзде және қыста жұқтырады. Сол себептен дегельминтизация жасалмаса, жаздан бастап бұл ауру құлындардың өліміне әкеледі.

Инвазия интенсивтілігі төмен болса, әсіресе ересек жылқыларда ауру айқын белгілерсіз жүреді. Клиникалық көріністер 5 айдан 1 жасқа дейінгі құлындарда айқындала түседі. Малдың көзге көрінетін кілегей қабықтары бозарады, оның біресе іші өтіп немесе қатады. Аурудың алғашқы кезінде құлын екі аптадай жөтеледі, өйткені балаңқұрттар өкпені шарлап, оны қабындырып бронхопневмонияға шалдықтырады. Танаудан кілегейлі шырын ағып, демалысы жиілейді. Бұл құбылыстар жануар ауруға шалдыққаннан кейін, 9-16-шы күндері байқалады және 4-7 күнге созылып, бірте-бірте жойылады. Құрттар ішекке түскенде, онда энтерит пайда болады. Соның әсерінен құлын-тайдың қарны қампиып кетеді. Құлын бірте-бірте арықтап, бойы өспей қалады. Жүйке жүйесі зақымданып, бұлшық еттері тырысып, артқы аяқтарының жансызданып қалуы мүмкін. Параскаридозды жұқтыруға себеп болатын жағдайлар – жылқыларды лас, дымқыл қораларда бағу және дегельминтизация жасамау.

Диагноз. Малдың тірі кезінде нәжісін Фюллеборн әдісімен қалқыту арқылы тексереді. Кейбір кезде параскаридтер нәжісімен бірге бөлінеді, бұл гельминттердің бөлінуін диагностикалық дегельминтизациялау арқылы жүргізіледі. Өлексенің ішегінен көптеген жұмыр құрттар табылуы шарт.

Емі. Қысы жазы жайылымда жүретін жылқыларға ең тиімдісі Фенасол препараты. Құрамында антгельминтигі бар тұз - кертпелерін жайылымға тастап кетсе де жылқыларда тұз да , дегельминтизация болады.

Деляфондиоз барлық жерде кездеседі. Жылқылардың 60-70% -ы жұқтыруы мүмкін. Бұл ауруды жұқтырған жылқы 8-9 айдан бастап ауырады, ал аневризманың пайда болуы 2-3 айдан бастап кездеседі. Әсіресе, олар тай, құнандарда жиі кездеседі. Жауын – шашын көп жылдары, қыс жылы болған кезде жылқы көп ауырады. Көбінде ауруды осы дертпен бұрын ауырған ересек жылқылар таратады. Бұл аурудың қоздырушысы *Delafondia vulgaris* нематоданың балаң құрттары қоздырады, олар тік ішектің сыртқы қан тамырларын,

шажырқайдың артерияларын жайлайды, ішкі қабығын тітіркендіріп қабындырады, тамыр ішінде қан ұйып түйіледі, ал оның қабырғасы соғылып кеңейеді, соның салдарынан өсінді-калташылар пайда болады.

Аурудың белшілері. Деляфондиозда қан тамырлары әр түрлі болады, олар балаң құрттың аз-көптігіне немесе бірнеше рет жұқтырылуына байланысты өзгереді. Егер құлын бірінші рет деляфондылармен зарарланса, онда ауру жіті түрде өтеді, жануардың дене қызуы 41 С-қа дейін көтеріледі, анемия пайда болады, қарын-ішектің қызметі бұзылады. Екінші рет инвазияны жұқтырған кезде клиникалық көріністер әдетте байқалмайды. Созылмалы түрінде, оқта-оқта ішек айналуы, оның түйілуі, яғни тромбэмбола түйнеуінің белгілері айқындала түседі. Деляфондиоз 5-10 жастағы жалқыларда ақпан, наурыз айларында жиі кездеседі. Аурудың ауыр түрінде жылқы жерге жата қалып, ұзақ аунақшиды, тапыршиды, шалқая жатып төрт аяғын көкке көтереді, кейде алдыңғы тұяқтарына сүйеніп бөксесіне шоңқайып, итше отырып қалады, іші шертіп кетеді. Аталған сырт белгілері айқындалып дүркін-дүркін каталанып ұзақ уақыт байқалады, ал әр бір түйнеудің ұзақ уақыт ұстайды, есіней береді аралығы қысқа болып келеді. Жануар дел-сал болып есеңгіреп қалады, аузына жинақталған шөбін шайнамайды. Дерттің бастапқы кезінде ішектің жиырылуы күшейіп, іші жиі өтеді, сұйық нәжісіне қан араласады. Перисталька біртіндеп бәсеңдей беріп тоқтайды, нәжісі шықпай ішекте жиналып қалады, метеоризм пайда болады. Ауру асқынғанда дене қызуы көтеріледі, қан тамырдың соғуы әлсірейді, бұлшық еттерінде діріл пайда болады, сирақтары құрысып-тырысып қалады. Ауыр түрі 1-2 күнде өтеді, малдың өлімімен аяқталады. Сирек жағдайда ауру 15-20 күнге дейін созылады.

Деляфондоз биологиясы. Еркегінің ұзындығы – 14-16 мм, ұрғашыныкі – 20-24 мм. Инвазиялық балаң құрттар жылқы ішегіне түскен соң сыртқы қабықшасын тастап, кілегейлі қабыққа тереңірек бойлай, одан әрі қан тамырларына енеді, ет және шажырқай артерияларына түседі. Олар белсенділікпен қан ағысына қарсы жүріп, шажырқай артериясына, қолқа және оның тармақтарына дейін жетеді. Мұнда қан ағымы бәсеңдейді, қан ұйып, қатайып, тромбыға айналады. Бірақ балаң құрттар өсуін жалғастыра береді, олар сыртқы қабықшаларын тастап түлейді, ұзындығы 2 см-ге жетеді. 5-6 ай ішінде өсіп-жетіліп, балаң құрттар қан тамырлардың ішіне қайта түседі, қан ағысымен бірге бүйен мен тоқ ішекке келеді, одан аталған мүшелердің қатпар-қабырғасына кіріп тоқтап, онда 3-4 апта тұрақтап, үлкендігі бұршақтай түйіндер түзіп, одан қайта шығып, ақырында ішектің қуысына өтіп, өсіп, жынысы жетілген еркек және ұрғашы жұмыр құртқа айналады. Толық дамудың айналым мерзімі 6-7,5 ай.

Емдеу жолдары: клиникалық белгілері болған кезде камфора, ауырсынуды басатын дәрілер қолданылады. Дегельминтизация үшін фенбендазол, альбендазол, тетраимизол қолданған тиімді.

Жылқының паразитарлық ауруын алдын алу үшін:

1. Сәуір-мамыр айларында жайылымға шығармау керек;
2. Қорада тұрған жылқыларды жылы сумен жуып, реппеленттерді себу керек;
3. Қораларды тазалап, әктеу керек, астауларды жуып, құрал – жабдықтарды уақытылы тазартып, жуып-шайып, жылқы нәжісін жинап, өртеп жіберу керек;
4. Халықты, мал иелерін және ветеринарлық дәрігерлерді паразитарлық аурулар мен инвазияларды емдеу және алдын алу шаралары бойынша санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу қажет.

Паразиттік аурулардан жылқы өлімі 50-60%-ға жетуі мүмкін. Осы жолы Атырау облысының 4 ауданында 59 жылқы өлді, оның 29-ы Құрманғазы ауданында, 18-і Махамбет ауданында, 12-сі Исатай ауданында.

Дер кезінде аурудың алдын алу шаралары жүргізілмегендіктен осындай шығынға мал иелері ұшырады. Сондықтан, ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеу керек. Ол үшін жылқының паразитарлық ауруларында аурудың алдын алу шаралары қатаң түрде жүзеге асырылуы керек!

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. М.С.Сабаншиев «Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары» Алматы, 2011ж
2. С.Ордабеков, С.Әміреев, С.Сүлейменов, М.Бердіқұлов «Паразитология» Тараз университеті баспасы, Тараз,2012ж.
3. Г.С.Шардарбаева, Г.Д.Ахметова, Г.Е.Тұрғанбаева, С.С.Усманғалиева, Д.У.Асылханов «Гельминтология» Алматы,2013ж
4. В.А.Сидоркин «Паразитарные болезни животных» Москва,2005г.
5. В.М.Субботин и др. «Современные препараты применяемые в ветеринарий» Ростов на Дону, 2000г.

АДЫРАСПАННЫҢ ФАРМАЦЕВТИКАДА ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ МЕДИЦИНАДА ҚОЛДАНЫЛУЫ.

Г.М.Кушбаева

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, химия пәні оқытушысы, Атырау қаласы



Кәдімгі адыраспан.

Гармала обыкновенная (Могильник).

***Peganum harmala*.**

Сипаттамасы. Халықтық және латынша атауы.

«Адыраспан, адыраспан шыққан жерді, сірә, баспан» деп келетін магиялық формула-тіркес адыраспанның дәстүрлі түсінікке сәйкес айырықша қасиетіне байланысты қалыптасса керек.

Адыраспан (*Harmal* немесе *Peganum harmala*) — актікендер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер туысы, терең тамырлы өсімдік. Сабағы мен гүлінде уы болады. Сабағы биіктігі 30-80см, тармақталған, жалаң, жасыл түсті болады, бұтақты, салалы тамыры 10 м тереңдікке дейін кетеді. Гүлі ақ, сары, бозғылт – сары түсті және ол 1 – 3-тен топталып сабақ басында орналасады. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, қысқажапырақты өсімдік. Жемісі шартәрізді, диаметрі 6-10мм, үшұяшықты бөлімдері бар. Тұқымы қоңыр немесе қошқыл-сұр түсті болады. Ерекше күшті сасық иісті, дәрілік өсімдік. Тау беткейлерінде, шөл-шөлейтті жерлерде, жол бойында, жазық далаларда өседі. Жаз-күз мезгілдерінде жемістейді. Қазақстанда оның үш түрі бар.

Таралуы.

Адыраспан Орталық Азияда, Шығыс Европада, Солтүстік Африкада таралған. Америка мен Австралияға жерсіндірілген. Сонымен қатар Кавказда, Ресейдің европа бөлігінің оңтүстік аймақтарында, Батыс Сібірде, Украина мен Моңғолияда да кездеседі. Оңтүстік Еуропа, Батыс және Орталық Азия, Солтүстік Африка мен Мексикада 6 түрі кездеседі. Қазақстанның шөл-шөлейтті, құмды, тұзды сортаңды топырақты жерлерінде, әсіресе Маңғыстау жерінде, Шу, Іле, Сырдария, Сарысу өзендері бойындағы тақырланған жайылымдарда, жазықтарда, жүзімдіктерде, бақша, жоңышқа егістіктерінде, өзендер мен көлдердің құмды жағалауларында, жол жиектерінде адыраспанның бір түрі – **Кәдімгі адыраспан (*P. harmala*)** өседі.

Химиялық құрамы. Құрамында хиназолин мен индолдың туындылары және алкалоидтардың бірнеше түрі бар. Алғашында құрамындағы алкалоидтардың ішінде таза күйінде гармалин, гармин (банистерин), гармалол және L-пеганин (вазидин) алынды. Кейінірек пегамин, пеганол, дезоксипеганин, пеганидин (шөпте) алкалоидтары алынды. Тұқымында кездесетін алкалоидтардың 50-95% - гармалиннің үлесінде болса, тамырында 67-74% гармин болады ал шөбінде 78% пеганин болады. Адыраспанның жас тамырларында алкалоидтар, әсіресе гармин екі есе көп болады. Алкалоидтардан басқа адыраспанның тұқымында қызыл бояғыш зат және кепкіш май алынады. Шөбінің құрамында 24% ақуыз, 4% май, 31% экстрактивті заттар кездеседі.

Адыраспанның алкалоидтары.

Атауы	Формуласы	ИЮПАК
Гармин	$C_{13}H_{12}N_2O$	7-метокси-1-метил-9Н-пиридол[3,4-b]индол
Гармалин (А типті МАО қайтымды ингибиторы)	$C_{13}H_{14}N_2O$	4,9-дигидро-7-метокси-1-метил-3Н-пиридол[3,4-b]индол
Тетрагидрогармин	$C_{13}H_{16}N_2O$	7-метокси-1,2,3,4-тетрагидро-гармин.
Гармин	$C_{12}H_{10}N_2$	1-метил-9Н-b-карболин
Гармин қышқылы	$C_{13}H_{12}N_2O$	Метил-7-метокси-b-карболин-1-карбоксилат
Гармилин қышқылы	$C_{14}H_{12}N_2O$	7-метокси-3,4-дигидро-b-карболин-1-карбоксил қышқылы.

Гүлдеу уақыты мен жинау. Мамыр-маусым айларында гүлдейді, тұқымы шілде-тамыз айларында піседі.. Өте өткір,өзіне тән иісі бар. Адыраспан шөбін бүршіктену кезеңінде ерте көктемде, ауа райы құрғақ болғанда жинап,дайындайды. Адыраспан киелі өсімдік болғандықтан оны жұлар алдында ырым бойынша «Ассалаумағалейкум адыраспан, Мені сізге жіберді Омар Оспан. Жанға дәру, дертке шипа болғай, Жамандықтан сақтай көр, сабылыстан» деп амандасып,рұқсат сұрап,жұлу керек. Жиналған адыраспан ауада кептіріледі. Адыраспанды сол жерден қайта жинау екі жылдан соң жүзеге асырылады. Адыраспанды жинап,кептіріп,өңдеп дайындау барысында өте мұқият болу керек. Шикізатпен жұмыс кезінде адыраспан уының әсерінен жүрек айну мен бас ауруы туындауы мүмкін.

Маңызы мен қолданылуы. Адыраспанның химиялық құрамының жүйке жүйесін қоздырғыштық қасиетімен қатар оны тыныштандырғыш,инфекцияға қарсы күресу,ауруды басатын,қабынуды жоятын, тершендіктің реттейтін,гельминттерді жоятын қасиеттері бар. Алайда ТМД елдерінде медицинада адыраспаннан алынатын препараттарын қолданбайды, себебі бұл өсімдікті медиктер мен биологтар әлі де зерттеу үстінде, сондықтан мемлекеттік фармакопояларда ондай дәрілік заттар тіркелмеген.

Дегенмен, адыраспан Африка және Азия мемлекеттерінің, кейбір Европа елдерінің мемлекеттік клиникаларында қолданылады. Орта Азия мемлекеттерінің дәріханаларында қарындаш тәрізді сығымдалған адыраспан сатылады. Йеменде адыраспан препараттары күзеліске қарсы қолданылады. Ауғанстанда адыраспан түтінімен сал ауруын емдесе,ал Үндістанда адыраспан түтінімен қиын жазылатын ашық жараларды емдеуге қолданады.

Адыраспанның құрамындағы заттармен перифериялық жүйке жүйесі аурулары мононеврит пен полиневритті де емдейді. Дәрілік өсімдік бұлшықет жүйесінің жұмысын реттеп, нервтардың өткізгіштігін жақсартады. Шетелдік дәрігерлер адыраспан құрамындағы алкалоидтарды ОНЖ ауруларын, мысалы Паркинсон ауруын, селкілдек сал ауруларын емдеуде қолданады.

Ал көптеген шығыс клиникаларында адыраспан алкалоидтары кокаин мен героинге тәуелділікті емдеуде қолданады.Адыраспан құрамындағы гармин мықты антидепрессант қана емес, сонымен қатар қан қысымын төмендетеді, туберкулез қоздырғышы Кох таяқшасымен де күресуде қолданылады.

Пеганидаин алкалоиды стафилококк инфекциясымен күресуде, жүрек бұлшықет жұмысын жақсартып,өттің түзілуін жақсартады.

Вазицин алкалоиды бронх спазмын төмендететін болғандықтан астманы емдеуде қолданылады⁷

Асқорыту жүйесінің ауруларын емдеуде, ағзадағы паразиттерді шығаруда, безгек ауруында, салқын тиіп суықтағанда да адыраспанды қолданады. Өртүрлі буын ауруларында, ревматизмде, қотыр мен көптеген тері ауруларында адыраспан ванналарын қолданады.

Адыраспанды тұнба,шай, қайнатпа түрлерінде қолданады.

Адыраспан халық ұғымында.

Адыраспан қазақ үшін қасиетті шөп болғандықтан бәле-жаладан сақтайды деп үйдің ішіндегі көрнекілеу жерге - кереге басына іліп қояды. Жаңа үйге кірерде **босағаға** жын-шайтан мүлдем жоламасын деп, адыраспанмен аластаған. Сонымен қатар, бұл өсімдікті иесіз үйді иесі жоқ кезде жайлап алған беймәлім жын-шайтандардан тазарту үшін адыраспанның бір бұтағын отқа салып тұтатып, аластайтын болған.

Сондай-ақ, ауыл әйелдері бірігіп текемет басқанда, әзірленіп жатқан текемет, киіздің қасына көз тимесін деп адыраспан және қызыл түсті мата төсейді. Өйткені, ондайда текеметке немесе киізге көз тисе, салынған өрнектер қиғаш немесе қисық түседі-мыс.

Жүн мен қолөнерде қолдананылатын түрлі жіптерді бояу үшін адыраспанды көп мәрте қайнатып, қызылкүрең түсті бояу алады.

Адыраспанның магиялық киелі қасиетімен бірге, емдік шипалығы да бар. Көшпелілер кесіртке тәрізді жәндіктер жараланғанда адыраспанға аунап жазылатынын байқаған.

Алайда, адыраспан - улы өсімдік. Қаратау сілемдерінде өсетін адыраспанды ашыққан кезде сиыр мен жылқы жеп, тыныстары тарылып, уланады.

Әлемге аты мәшһүр Ибн Сина адыраспанды адамның радикулитін, сегізкөздің нерві ауруын емдеуге де жиі қолданған. Ол үшін ұнтақталған құрғақ адыраспан шөбінің 50 грамының шүберек дорбаға салып, сыртынан қайнап тұрған су құяды. Біраз уақыт өткен соң суды сығып, дорбаны белдін ауырған тұсына басады да, сыртын тері кесіндісімен жауып, жақсылап байлап қояды. Сөйтіп 30 – 40 минут ұсталады. Дорбадағы адыраспанда ыстық сумен жібітіп, күніне 4 рет пайдалануға болады.

Дәрілік шикізат ретінде шілде айында бұтақшаларын, жапырағы мен гүлін жинап алады. Ол – улы өсімдік. Халық емшілері адыраспанды адамның құяңын, сегізкөздің жүйке ауруын емдеуге пайдаланған. Мал-дәрігерлік тәжірибеде оның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері ауруларын емдейді. Оның құрамында алкалоидтар бар. Халық медицинасында адыраспанды ды буын ауруын емдеуге пайдаланады, қайнатылған суын безгекпен ауырған адамға ішкізеді. Сондай-ақ малдың қотырын да жазады. Адыраспаннан жүн мен жіптерді бояу үшін күрең қызыл бояу алынады. Тұқымы мен көк шөбінен алынған тұнбаны адыраспан шаруашылық зиянкестеріне қарсы күреске пайдаланады. Адыраспан – улы өсімдік (құрамында бірнеше алкалоидтар бар), дәмі ащы, мал жемейді. Жаз, күз мезгілінде тұтас денесін, күз мезгілінде жемісін жинап, кептіріп сақтайды.

Тұмау тиіп ауырғанда, отбасы мүшелерін адыраспанға тұз қоса отырып, аластаудың магиялық функциясымен қатар ем дарытатын қасиеті де бар. Сондай-ақ емшілікте адамның буынын сырқыраудан, аяқ-қолын қақсаудан емдеу үшін адыраспанды қайнатып, сол сумен ауырған мүшені үш мәрте булайды. Жел-құздан қозған буын ауруын емдеу үшін адыраспанның жас сабағын қиып алып, жаншып буынға тарту керек. Суықтан болған ауруға, терісі бөрткен кезде адамды адыраспан суына шомылдырған. Құяқмен ауырған адам адыраспанның сабақ, жапырақтарын қайнатып, күніне ұдайы екі жеті қатарынан ішуі керек. Тіс қақсап ауырғанда, адыраспанның шөбімен ыстағаннан кейін басылады. Ұмытшақтық меңдетсе адыраспанды сабағы мен жапырағын бірге қайнатып ішеді.

Мал дәрігерлігі практикасында адыраспанның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері экземаларын емдейді. Тұнба 1:10 қатынаста жасалынады. 200 – 300 грамм ұнтақталған адыраспан шөбі қайнаған 2,5 - 3 литр жылы суға салынып, 1,5 – 2 сағат бойы тұндырырылады. Содан кейін оны бәсеңдеу отқа қойып, 2 – 3 минут қайнатып алады. Жылы тұнбаны малдың қышыма, қотырына жағып, сондай – ақ оны жуып емдейді.

Әдетте адыраспанмен ірі қара, жылқы, ешкі қышымаларын, экземаларын. Қойдың қотырын емдеуге сирек қолданылады. Адыраспан улы өсімдік болғандықтан, онымен малды емдеген кезде де сақ болған жөн.

Кез келген дәріні асыра қолдансаң уға айналары сөзсіз. Бүгінде адыраспанның қолдану тәсілін білетін ересектер азайғандықтан арнайы кеңеске сүйенбей қолдануға болмайды.

Ал үйді жағымсыз энергетикадан аластау үшін адыраспанды қанша түтетсеңіз де өз еркіңіз.

Көңілдеріңіз әркез сергек болсын!



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жетісу. Энциклопедия. Алматы, «Арыс» баспасы, 1004— 712 бет. ISBN9965-17-134-3
2. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану. - Алматы: Қайнар, 1988. - 242
3. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану. - Алматы: Қайнар, 1988. - 242
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011. -. ISBN978-601-7026-17-2
5. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану. - Алматы: Қайнар, 1988. - 242 б
6. «Отбасы хрестоматиясы» С. Керімбай
7. Интернет ресурстары.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Амирханова Үміт Өмірзаққызы

Қаптанбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі,
Сарыағаш қаласы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тәни күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек. Қай елдің болсын өсіп өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына, қазіргі таңдағы оқытудың дидактикалық жаңа сипаты - жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдалануға байланысты. Ал шығармашылық іс-әрекет арқылы жаңа нәтижеге жету мен өзекті мәселенің шешімін табу шығармашылық дербестік негізінде жүзеге асады.

Шығармашылық дербестік - болашақ маманның танымдық интеллектуалдық әлемін дамытып қана қоймай, кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан шығармашылық дербестікке жеке тұлғаның дамуына, оның рухани тұрғыда жетілуінде маңызды, білімдік және психологиялық мәні терең құндылық бағдар ретінде танудың маңызы зор.

Студенттердің шығармашылық дербестігін арттыру жолдары:
- көкейкесті мәселелерді нақты белгілеу арқылы студенттерді ойландыруға, талдауға ынталандыру және белгілі деректерді, оқиғаларды, құбылыстарды салыстыра отырып, оны дамытуға қызығушылық туғызу;

- жаңа білімді меңгеруде тапсырмалар мен өзекті мәселелерді шешудің стандартты емес басқа тәсілдерін табуға ынталандыру;

- студенттің ізденімпаздық іс-әрекетіндегі өзіндік қорытындылар мен рефлексиялық талдау жасауда дербестігіне қолдау көрсету.

Болашақ маманның шығармашылық дербестігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі: ынталандыру-еріктік, интеллектуалдық-белсенділік, жасампаз-рефлексиялық бөліктерден тұрады (I-кесте)

1-кесте - Студенттердің шығармашылық дербестігін қалыптастыру моделі

<i>Модель бөліктері</i>	<i>Өлшемдері</i>	<i>Көрсеткіштері</i>
<i>Ынталандыру - еріктік бөлігі</i>	Шығармашылық дербестікке ұмтылуы мен өзіндік өмірдегі ұстанымын айқындауға, кәсіптік білікті маман болуға талаптануы мен білім алуға қажетсінуін қамтиды.	- дербес өзіндік бағдармен іс- әрекетке шығармашылық сипат беруге қажетсінуі, - шығармашылық дербестікке ұмтылуы, ойлау еркіндігіне қол жеткізуі, - танымдық ынтасына сәйкес студенттің шығармашылық іс-әрекетке құндылық бағдар ретінде қажетсінуі, - жаңашылдықты қажетсінуі мен талаптану жаңашылдықты қажетсінуі мен талаптану
<i>Интеллектуалды- белсенділік бөлігі</i>	Интеллектуалдық ой-өрісі мен танымдық деңгейінің кеңдігі ғылыми білімді игеруі және оқу-танымдық қызмет тәсілдерінің жүйесін саналы меңгеруі.	-танымдық, шығармашылық іс- әрекетте дербестігінің болуы, - жаңаны табуда танымдық біліктерінің қалыптасуы, — құбылыстың мәнін білуге ұмтылысы мен ғылыми білімді игеруге ынтасының тұрақтылығы, — оқу-танымдық қызмет тәсілдерінің

		жүйесін саналы меңгеруі, — жаңа білімдер мен әрекет тәсілдерін өзбетінше игеру біліктерінің болуы, — шығармашылық жоспарлау және ұйымдастырудың жолдарын меңгеруі.
Жасампаз - рефлексиялық бөлігі	Студенттің өзін-өзі дамыту, өзін-өзі реттеу жүйесін меңгеруі мен іс жүзінде қолдануы, өзіндік бағалауға рефлексиялық талдауы	— өзін -өзі жетілдіру мен дамыту, — жаңаны ойлап табу мен жаңа нәтижеге жету, ой тереңдігі мен шығармашылық шабыттың болуы, — шығармашылық іс-әрекетке, ізденімпаздық жұмыстарға талдау жасай білуі, — мәселені түсінушілік, шешімтабудағы шапшаңдық пен мәселенішешудегі икемділіктің болуы, — іс-әрекетті объективті бағалау, жекетұлғалық құндылықтарды саналы түсіну, — өзін-өзі дамытуда рефлексиялық бағытты таңдау.

Енді колледж студенттерінің шығармашылық дербестігін ескере отырып, қазақ тілі пәнін өткізу ерекшеліктері мен кезеңдеріне тоқтала кетелік.

Тіл – ұрпақтар арасын жалғар алтын көпір, ақыл – ойдың түйіні танытар асыл қазына. Бүгінгі таңда егемендік алып етек жеңімізді жиып, ел болдық десек те көпшілікті толғандыратын мәселелер – ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтар.

Ұлттың ұланы – терең теориялық біліммен қаруланған, ұлттық дүниетаным негізінде көзқарасы қалыптасқан әлеуметтік белсенділігі жоғары, отаншыл, мәдениетті, ата – бабамыздың мұрасын, ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығында сақтайтын ұлтжанды, шығармашылық дербестігі қалыптасқан азамат болып тәрбиеленуі тиіс.

Сондықтан ұлттық бағытқа бет бұрған оқу орны бірінші кезекте, білім мазмұнын ұлттық бөліктермен яғни, ана тілімен, өз тарихымен, мәдениетімен толықтыру қажет. Осыған орай оқу орындарында қазақ тілін оқытылуына ерекше көңіл бөлу қажет. Себебі, тіл ұлттық құндылықтардың ішіндегі бірегейі.

Бүгінгі таңда ана тіліміздің қыр – сырын ғылыми тұрғыда терең игеруге арналған тиімді әдіс – қазақ тілін шығармашылық тұрғыдан оқыту.

Қазақ тілін шығармашылық тұрғыдан оқытудың мақсаты – тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгеру арқылы теория мен практиканы ұштастырып отырып, тіл үйренушінің ой - өрісін кеңейту.

Негізгі мақсатты жүзеге асыру үшін орындалатын міндеттер:

- қазақ тіл білімі мен танымдық лингвистиканың бір – бірімен байланысын көрсете білу;
- студенттердің ойлау қабілетін, қоршаған ортаны зерттеп тану қасиетін, өзіндік танымын кеңейту;
- ой, сана, тіл тұтастығы арқылы тілдік қатынасты жеке меңгерту, таным үдесін жан – жақты іске асыру;
- сөз өнеріне баулу;
- дербес шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- белгісіз жағдай ортасында өздігінен шешім қабылдай білуге дағдыландыру.



1. Шығармашылық жұмыстар.

Студенттердің шығармашылық дербестігін, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен ғылыми-шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда студенттердің қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Сондай-ақ, мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, түрлі шығармашылық кештер студенттердің ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді. Сонымен қатар, студенттердің шығармашылық дербестігі мен ізденімпаздығын қалыптастыруда мұғалімнің педагогикалық шеберлігі қажет.

2. Оқытушы студентке әрқашан тапсырманы екі түрде: ауызша және жазбаша түрде беріп, олардың сөйлеу мәнерін, сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.

1. Ауызша тапсырмаға пікірлесу сұрақтарын дайындау, әдеби шығармалардан тақырыпқа қатысты мәтіндер теру тапсырылады.

2. Жазбаша тапсырмалар арқылы оқушыларды өз бетінше жұмыс жасауға толық тәрбиелеуге болады. Ең бастысы әр бала өз зойын айта алатындай мүмкіндік тууы керек. Егер жеке өз ойы жетпеген жағдайда оқушы біреудің сөзін сол күйі айту арқылы да сөйлеп үйренеді.

3. Қазақ тілі пәнінде пікірлесу арқылы бір – біріне баға беріп сөйлесуге дағдыландыру

4. Тест тапсырмасы

5. Тақырыпқа байланысты шағын мақала, пікіржазуға үйрету.

3. Ізденіс жұмысына баулу – қоғамдағы, өмірдегі әр түрлі бейне суреттерден оқушыларда көптеген сұрақтар туындайды. Сол сұраққа өздері жауап іздеу арқылы ой - өрісін, шығармашылығын дамытып, бәсеке қабілеті күшейеді.

Ізденіс жұмысына баулу арқылы шығармашылық іс - әрекетті дамытудың, сөйтіп бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудың маңызы зор.


4. Деңгейлік тапсырмалар беру

Студенттерге деңгейлік тапсырмалар беру арқылы шығармашылық дербестігін қалыптастыру

Бастапқы деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
<ul style="list-style-type: none">- өз көзқарасы мен ұстанымын жан-жақты тұрғыдан қалыптастыра алмайды,- өз ұстанымын толық дәлелдей алмайды, оның артықшылықтарын толық көрсетпейді,- жан-жақты салыстырмайды,- ұтымды мысалдар келтірмейді,- себеп-салдарын дәлелді түрде келтіре алмайды,- талдау мен синтездеуді толық жасамайды,	<ul style="list-style-type: none">- ойлау қадамдарын ретімен қолданады,- өз көзқарасы мен ұстанымын қалыптастырғанымен оларды ұтымды түрде дәлелдей алмайды,- өз ұстанымдарын өзгелермен салыстырады, оның артықшылығы мен кемшіліктерін ажыратады,- өзіне айтылған сынды сабырмен қабылдай алмайды,- өзге ұстанымдарды жан-жақты талдамайды, олардың олқылықтарын ажырата алмайды,	<ul style="list-style-type: none">- негізгі ойлау қадамдарын ретімен, логикалы түрде және тереңінен қолданады,- өз көзқарасы мен ұстанымдарын ұтымды түрде дәлелдей алады,- өзіне өзі нақты баға бере алады,- өзге пікірлерді бағалай біледі,- ұсыныстар мен гипотезалар жасай біледі,- айтылған сынға байыппен қарайды: өз ұстанымдарын икемді түрде өзгерте алады,

- жан-жақты баға бере алмайды.	- өзге ұстанымдарды өз мақсатында пайдалана алмайды, - өз ұстанымын икемді түрде өзгерте алмайды.	- өз жұмысын жақсарту жолдарын іздестіреді.
--------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------

4. **Танымдық ойындар** студенттердің шығармашылығын дамытудың тиімді әдістердің бірі. Оған түрлі салт – дәстүр ойындарын кіргізуге болады.



Қорыта айтқанда, шығармашыл мұғалім – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты. Осы орайда, біздің басты мақсатымыз — студенттердің ой-өрісін, қиялы мен шығармашылығын дамыту арқылы, заман талабына сай жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруымыз қажет. Білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылым мен тәжірибеге негізделген жаңа идеялар мен жаңа инновациялық технологияларды зерттеп, оны өз іс-тәжірибемізде қолдану арқылы оқу-тәрбие процесінде шығармашыл білімді тұлғаның дамуына мүмкіндік беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022.
2. Ж. Дәулетбекова, П. Юсуп, Л. Жүмекенова. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. - Атамұра, 2019
3. Г. Стамқұлова, Г. Оспанова. Қазақ тілі. Дидактикалық материалдар, - Мектеп, 2015

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МУЛЬТИМОДАЛЬДЫ ТАСЫМАЛДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Музатова Салтанат Амангельдиевна

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, арнайы пән оқытушысы, Атырау қаласы

Кіріспе. Заманауи әлемдік көліктік жүйе – бұл көліктің алуан түрлерінің: жер үсті (теміржол, автокөлік), су (теңіз, өзен, көл), әуе (немесе авиациялық), жерасты (құбыр желілі) көліктерінің өзара толықтырылатын үйлесімі.

Әлемдік көліктік жүйе 20 ғасырда толығымен қалыптасты. Оның ішіне барлық қатынас жолдарының инфрақұрылымы, көліктік құралдары, көліктік кәсіпорындары мен көлікті басқару енді. Инфрақұрылым көліктік тордан (темір жолдары, автокөлік жолдары, барлық су жолдары, әуе жолдары, арналар, құбырлар, тоннелдер мен көпірлер) және көліктік тораптардан (порттар, әуежайлар, теміржол бекеттері, вокзалдар, аялдамалар) құралады. Көліктік құралдарға барлық жер үсті, су және әуе көліктері жатқызылады. Көлікті басқаруға ұшуды диспетчерлік басқару, бағдарламалары, теміржолдар көрсеткіштерін басқару жатқызылады.

Мақсаты. көліктік жүйе қызметінің негізгі тұжырымдары, санаттары мен заңдылықтары аясында оның инфрақұрылымын жетілдіру, көліктегі логистиканың жетістіктерін пайдалану аясында білім беру, бұл өз алдына көліктік кешенінің тиімділігін арттырудың, әлемдік көліктік жүйесіне кірігуін белсендірудің алғы шарты болып табылады.

Барлық көлік түрлерінің кешенді дамуы ерекше маңызды, өйткені тораптардың сыртқы байланыстары едәуір кеңейіп үстінде. Оларға барған сайын автокөлік, әуе, су және құбыр желісінің көлігі де көптеп қатысуда. Оңтайлы көлікті таңдау және осының негізінде оның әр түрін кешенді дамыту басталу бекеттеріне аяқталатын бекетке дейін барлық жүріп өтетін жолында

жүктеді және жолаушыларды тасымалдаудың оңтайлы тәртіптерін белгілеудің негізінде жүргізілуі керек. Көліктік торабының жұмысының технологиялық үдерісі жалпы жүк айналымымен, оның құрылымымен және жүк ағындарының пайдаланылуымен және аяқталатын бекеттері туралы деректермен анықталады.

Қазіргі уақытта әртүрлі елдердің экономикасы өндірісті бөлумен және олардың арасындағы көлік байланыстарын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

Көлік қызметтері нарығы, тіпті жекелеген дағдарыс жағдайында да жыл сайын өсіп келеді, сондықтан ел ішіндегі және Халықаралық экономикалық байланыстардағы көліктің рөлі үнемі артып келеді.

Көлікке сенімділік, үздіксіздік, ритақтылық, тасымалдау жылдамдығын арттыру, сондай-ақ "дәл уақытында" шығынсыз және тасымалдаудың ең төменгі құнымен жеткізу бойынша талаптар қойылады.

Материалдық ағындардың қозғалысын жеделдету үшін үлкен қиындықтар жылжымалы құрам мен инфрақұрылымға ұлттық нормативтік-құқықтық талаптар мен техникалық нормалардың айырмашылығын тудырады.

Осындай талаптарды қанағаттандыру мақсатында әртүрлі көлік түрлерінде бірыңғай құқықтық салада бірыңғай стандарттар, ақпараттық және техникалық сипаттамалар бойынша жұмыс істейтін көлік желілерін пайдалана отырып, өзара тығыз өзара іс-қимыл жасайтын жаңа техникалық құралдарды қолдана отырып, технологиялар үнемі әзірленіп отырады.

Қазіргі уақытта көлік үшін маңызды мәселе логистикалық ұйымдастыру болып табылады, көліктің әртүрлі түрлерінің өзара іс-қимылымен тасымалдауды басқару жүйелерін дамыту, сондай-ақ мультимодальды тасымалдауды және интермодальдық технологияларды қамтамасыз ететін терминалдық кешендер мен порттардың құрылысымен көлік инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді.

Интермодальды тасымалдау-бұл жүк иесінің қатысуынсыз бір көлік түрінен екіншісіне ауыстырып тиеу пункттерінде оны қайта тиеумен бірыңғай тасымалдау құжаты бойынша жүктерді көліктің бірнеше түрімен жеткізу жүйесі. Интермодальды тасымалдау кезінде жүк иесі бір делдалмен (оператормен) бүкіл жүру бағыты бойынша жүкті тасымалдауға келісім-шарт жасасады. Көбінесе оператор экспедиторлық компания болып табылады, ол жүк иесінің атынан әрекет етеді және жүктің жүру жолында барлық көлік операцияларын жүзеге асырады.

Мультимодальды тасымалдауды оператор елден тыс жерде жүзеге асырады.

Жүкті тасымалдау келісім-шарты жүк иесі мен бірінші тасымалдаушы (оператор) арасында жасалады. Келісім-шарт жүкті тасымалдауға беру сәтінде жасалған болып есептеледі, жүкті тапсыру-қабылдау фактісі құжаттарда жөнелтушінің және көлік ұйымы өкілінің қолдарымен, сондай-ақ соңғысының күнтізбелік мөртабанымен куәландырылады. Жүктерді тасымалдау мерзімі көліктің әрбір түрінде қолданылатын ережелерге сәйкес әрбір тасымалдаушының оны жеткізу мерзімдерінің сомасы ретінде есептеледі. Әрбір тасымалдаушы бірінші тасымалдаушының алдында оны жүк жөнелтушіден немесе алдыңғы тасымалдаушыдан қабылдаған сәттен бастап оны келесі тасымалдаушыға берген немесе алушыға берген сәтке дейін жауапты болады.

Интермодальды және мультимодальды тасымалдаудың белгілері:

- жолдың бастапқы пунктінен соңғы пунктіне дейін тасымалдауды жүзеге асыратын оператордың болуы;
- тасымалдау үшін бірыңғай өтпелі тариф;
- бірыңғай көлік құжаты;
- жүк және тасымалдау келісім-шартының орындалуы үшін бірыңғай жауапкершілік.

Интермодальды тасымалдау келесі негізгі ережелерді қамтиды.

1. Заңнамалық базаны және жүктерді тасымалдауды құжаттамалық ресімдеуді жеңілдетуді және жетілдіруді көздейтін Бірыңғай коммерциялық-құқықтық режим. Атап айтқанда, интермодальды тасымалдаудың бұл принципі мыналарды білдіреді:

- жүктерді (атап айтқанда контейнерлерде) көліктің барлық түрлерінде тасымалдау ережелерін жетілдіру, олардың таңдалған жұмыстарға сәйкес келісімділігі мен синхрондылық деңгейін арттыру мақсатында тұтастай алғанда көлік жүйесінің жұмыс істеу тиімділігінің критерийлері;
- кедендік рәсімдерді жеңілдету;
- мемлекетішілік көлік үшін бірыңғай тасымалдау құжаттарын әзірлеу және енгізу;
- сыртқы көлік нарығында жұмыс істеу үшін халықаралық үлгідегі стандартты коммерциялық және тасымалдау құжаттарын пайдалану.

2. Тасымалдауды ұйымдастырудың қаржы-экономикалық аспектілерін шешуге жүйелі көзқарас мынадай бағыттарды көздейді:

- жүктерді көліктің бірнеше түрімен тасымалдаудың, оның ішінде халықаралық қатынаста жүктерді тасымалдаудың және транзиттік тасымалдаудың бірыңғай тарифтік ережелерін белгілеу;
- көлік жүйесінің барлық элементтері арасында өтпелі көлік тарифтерін негізді бөлу әдісін әзірлеу;
- тасымалдауды жүзеге асыратын әрбір субъект үшін қызмет көрсету сапасын бұзғаны үшін қаржылық жауапкершілік тетігін әзірлеу.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы дәстүрлі

бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау. Жиынтық бағалау оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау. Критериалды бағалау мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналарға да өте тиімді бағалау түрі, өйткені мұғалім үшін — сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға т.б., оқушылар үшін — табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге мүмкіндік алады, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге т.б., ата-аналар үшін — оның оқуындағы табыстылықты бақылауға, оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаоану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғарғы мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруге тиіс. Қазіргі мемлекеттік бағдарламаларда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім берудегі озық іс-тәжірибелерінің ең үздік үлгілерін еліміздің барлық білім беру мекемелерінде кіріктіру көзделген. Дамыған елдердің білім беру жүйесінде мынадай тенденциялар байқалып отыр: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген модельдердің жасалуы; білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; жаңа білім технологияларының енгізілуі; оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі; терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы; ұрпаққа азаматтық – патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру ролінің күшейтілуі, білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі ролінің артуы. Әлемдік білім беру жүйесіне негізделген осындай басым бағыттар ұрпақты озық, саналы дара тұлға деңгейінде қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы.2016ж
3. Н.Ә.Назарбаев “Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты” атты Жолдауы, 2012.
4. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011.
5. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010.

WORLD SKILLS СТУДЕНТТЕРДІ МАМАНДЫҒЫНА ШЕБЕРЛІК ДАҒДЫЛАРЫН САПАЛЫ ДАМУДАҒЫН НЕГІЗГІ АСПЕКТІСІ

Сүйесина Айгуль Есенкуловна

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің арнайы пән оқытушысы

«Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын оқытушы жауапкершілігінің өсуі, танымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ.

Мақсаты: Кәсіби білім беру жүйесін worldskills стандарты деңгейінде және жұмыс берушілердің талаптары бойынша дамытуда инновациялық шарттарды жүзеге асыру

Сонымен қатар worldskills деңгейіне сәйкес мамандар мен кәсіби мамандарды анықтау және дайындауда кәсіби мамандар мен сарапшылардың өзара әрекеттесу аумағында дамуына көмектесу болып табылады.

Миссиясы: Кәсіби өзін-өзі жүзеге асырғысы келетін адамдарға жағдай жасау.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ: WORLD SKILLS СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕС ІС-ӘРЕКЕТТЕРГЕ МАШЫҚТАНАДЫ.

Жұмысшы мамандарға сұраныс күн санап артып келеді. Бүгінгі таңда Білікті мамандарды анықтап, кәсіби тұрғыда дамыту үшін WorldSkills чемпионатының маңызы зор. «Worldskills» – жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға негізделген. Мақсаты – жұмысшы мамандығын дәріптеу, жұмысшы мамандығының танымдылығын және қоғамдағы беделін арттыру. Бүгінде өндірісте жаңа жұмыс орындары ашылуда, ал ол жұмысшы кадрларының білікті дайындығын қажет етеді. Кез келген өндірістің жетістігі кадрлық саясатқа байланысты.

Қазақстан республикасында қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты — бәсекеге қабілетті маман дайындау. Колледж – үйрететін орта, оның жүрегі — оқытушы. Ізденімпаз оқытушының шығармашылығындағы ерекше тұс — оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға.

Осындай чемпионатты өткізу біздің колледжде дәстүрге айналып, өз жемісін көрсетуде.

2016 жылы Кірпіш қалау, Майлау және сәндік сылақ жұмыстары және құрғақ құрылыс құзыреттіліктері бойынша облыстық чемпионаттарға студентер дайындап жетекшілік етім. Нәтижесінде Кірпіш қалау және майлау және сәндік сылақ жұмыстары бойынша жүлделі 3 орында иеленді.

2017 жылы осындай құзыреттіліктермен Маңғыстау облысы Ақтау қаласында өткен Батыс скилс өңірлік чемпионатына қатысып, Кірпіш қалау құзыреттілігінен жүлделі 3-орынды иеленіп, қалған студенттерім сертификатпен марапатталды.

2018 жылы Кірпіш қалау құзыреттілігі бойынша облыстық чемпионатқа қатысып жүлделі 2-орынды иеленіп, шеберлігімізді шындалдық.

Сондай ақ жастарды өңірлік республикалық чемпионаттарға дайындап жүлделі орындарды иеленуіне өз білімім мен үлесімді қосудамын. Оның дәлелі 2019 жылы Республикалық worldskills чемпионатында студентім «Үздік маман» медалонын иеленсе, 2021 жылы Республикадан 19 қатысушыдан кірпіш қалау құзыреттілігі бойынша жүлделі 3-орынды қанжығасына байлап колледж абыройын биікке жеткізді. Осындай республикада байқауда жүріп сарапшы қызметін атқарып, өз білімімді одан сайын шындал түстім.

Бүгінгі қоғамның оқытушылар алдына қойып отырған басты міндеті, артар жүгі - сапалы білім берумен қатар жан-жақты дамыған, өзіндік ой-пікірі қалыптасқан тұлға қалыптастыру. Тұлға- қалыптастыруда - оның тәні мен жанын қатар дамыту, танымдық қызығушылығын дамытудың әдіс-тәсілдерін іздеу, анықтау, жүйелеу, қолдану.

Осы бағытта Үкімет тарапынан жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеруге ерекше мән беріліп отыр. Болашақта елді индустрияландыруға байланысты жұмысшы мамандықтарының маңызы арта түседі. Ел экономикасының негізі білікті мамандардан, өз ісінің шеберлерінен құралады. «WorldSkills – Еуропа мен өзге елдерде расталған жастармен жұмыс істеудің әлемдік ұйымы. Аталмыш қозғалыс үздік әлемдік тәжірибе мен кәсіптік стандарттар арқылы жүзеге асырылады. Бұл дүниежүзінің 80-ге жуық мемлекеті қатысатын халықаралық қозғалыс. WorldSkills қозғалысы, сонымен қатар EuroSkills жастарды жұмысшы мамандығын меңгеруге тартады және әлемдік аренада еліміздің мамандарына алған кәсіптік дағдылары мен құзіреттіліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл жоба 1946 жылдан бері әлемнің 78 мемлекетінде өткізіліп келеді. Қазақстан WorldSkills International халықаралық қозғалысына 2014 жылы енді.

Инновация – педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету. Инновациялық процессіз даму мүмкін емес.

Белгілі ғалым Н.Нұрахметов инновацияны мынадай топтарға бөледі: білім мазмұнындағы инновация; оқу-тәрбие процесінің әдістемесі, технологиясы, түрі, әдістері және құралдарындағы инновация; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы инновация; жоғарғы оқу орындағы басқару жүйесіндегі инновация;

Жаңалықтан кейін болған өзгерістердің сипатына қарай топталған инновацияның түрлері: жеке, бір-бірімен байланысы жоқ; модульдық (бір-бірімен байланысты): бір-біріне жақын пәндерге және жас деңгейлері бірдей студенттермен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарына енгізілген жаңалықтар;

Инновацияның түрлері: модификациялық, комбинаторлық, түбірлі.

Инновациялық іс-әрекет – қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай оқу орындарының жұмысын дамытатын, оқу өміріне оң өзгерістер әкелетін іс-әрекет. Әрбір оқытушы өзінің оқу-жұмысын дамыту үшін түрлі құралдар арқылы өзінің іс-әрекетін саналы түрде өзгереді.

Инновациялық үдерістің кезеңдері: инновацияның себептері; жаңалықты жобалау; жаңалықты жүзеге асыру.

Осындай нәтижеге жету үшін сабақтарда оқыту әдістерін тиімді пайдалану шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы студенттердің пәрменді ойлауын дамытудың негізі болып табылатын әдістеме теориясының тірегі-әдістерді анықтап алу басты міндет. Мысалы, анализ әдісі-ойлаудың логикалық тәсілі, ал синтез-таным деңгейін көтеру әдісі. Студенттердің шығармашылықпен жұмыс істеудегі білімдерін өзіндік таным тұрғысынан жинақтауға жетелейді. Сондай-ақ, шығармашылық пен жұмыс істеу әдістемесінде индуктивті-дедуктивті, эксперимент әдісі, салыстыру, қатысымдық, проблемалық, жаттығу, интерактивтік әдістерді қолданамын.

WorldSkills — мақсаты жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру және шеберлік дағдыларын дамыту болып табылатын халықаралық коммерциялық емес қозғалыс.

Колледжімізде “WorldSkills” чемпионатына байланысты колледжішілік сайыс жоспарлы түрде өткізіліп келеді.

Мақсаты: жұмыс берушілердің талаптары бойынша дамытуда инновациялық шарттарды жүзеге асыру болып табылады.

Міндеттері: кәсіби бағдар мен сүйемелдеу, кәсіби өзін-өзі анықтау шеңберінде қызмет көрсету; жұмысшы мамандықтардың мәртебесін көтеру; білім алушылардың мамандықтарына деген қызығушылығын арттыруға, халықаралық стандарттарды оқыту-әдістемелік құралдарында пайдалануға, материалдық-техникалық базаны жаңғыртуға,

сарапшылар мен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыруғы өзіндік үлесін қосу болып табылады.

WorldSkills Kazakhstan чемпионаты студенттер үшін өз білімдерін тексерудің ең жоғарғы деңгейі болып табылады. Бұл қозғалыс Қазақстанның кәсіптік-техникалық білімінің имиджін көтеруге бағытталған.

Сабаққа іріктелген жаттығу, тапсырма, ойындардың шығармашылық сипатта болуы өте маңызды. Оның маңыздылығы: студенттер үшін практикалық құндылығының болуы; студенттер өмірімен байланысты болуы; олардың интеллектуалдық қабілеттерінің дамуына жағдай жасалуы; студенттердің қызығушылығын туғызуы; оқытудың практикалық мақсаттарына сай болуы керек.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың әдістері неде?

1) Қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек.

2) Жаңалықты пайдалану студенттің ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді.

3) Инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі - бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Сабақты сәтті ұйымдастырудағы басты мақсат - оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, бүгінгі заман талабына сай білім беру.

Жаңа ғасырдағы Қазақстан елінің үміт артар ұрпағын білімді, мәдениетті, интеллектуалды азамат етіп шығару оқытушылар алдындағы міндет болып табылады. Сондықтан қазіргі білім берудің ұлттық моделіне өту- оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін игеруді қажет етеді. Жаңа инновациялық іс- әрекетпен қаруланған психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл оқытушы ғана мақсатқа жете алады.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу; - білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу; - өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту; - аналитикалық ойлау қабілетін дамыту. Осы инновациялық технологияларды мүмкіндігімізше өз пәнімізде қолдансақ болашақ маман иесі сапалы білім және тәрбие алатынына сенімдімін. Инновациялық технология – білім сапасын арттыру кепілі.

Осы WorldSkills чемпионатының аспектілері туралы Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары оқытушыларының «Менің әдістемелік шеберханам» атты он күндікке қатысып өзімнің педагогикалық іс- тәжірибеммен алмасып өз жұмысыммен бөлістім.

Көріп тұрғандарыңыздай алынған тақырып пен мақсатымды байланыстыра отырып Облыстық, Өңірлік, Республикалық деңгейде студенттерді тәжірибе түрінде дайындау арқылы, өзімнің өзекті нәтижеме жете білдім. Алдағы уақытта одан да жоғары деңгейде студенттерді биіктікке көрінуіне, шеберлікке шындалуына оқытушы ретінде өз білімімді арттыра отырып, Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі ретінде –барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға дайындаймын деп нық сеніммен айта аламын. Назарларыңызға рақмет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру.- Алматы,РБК,1995.54-55 б.

2. Слободчиков В. Новое образование-путь к новому сообществу. Нар. образование.- 1999.

3. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. Өскемен: МедиаАльянс,2004.
4. Инновационное обучение: стратегия и практика. Под.ред. В.Я.Ляудис.-М.: Изд-во МГУ,1994.
5. Внутришкольное управление: теория и опыт педагогических управленческих инноваций,Под ред. Н.В.Горбуновой:М.:Новая шк.,.1995.
6. Слободчиков в. Новое образование-путь к новому сообществу. Нар. образование.-1999.
7. Кларин М.В. Инновационные модели учебного процесса в современной зарубежной педагогике, -М2009.

ВНЕДРЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО МЫШЛЕНИЯ В СИСТЕМУ ТИПО

С.К.Утишкалиева

КГКП «Высший аграрно-технический колледж»

Ключевые слова:

Предпринимательство, бизнес, модернизация, маркетинг, поколение

Поддержка казахстанских детей проводится по многим направлениям - работа с одаренными детьми, оздоровление детей. Дети нуждаются в поддержке и понимании не только на словах и бумаге, а в конкретных действиях, законе и правильном, качественном его исполнении. И кто как не мы будем реализовывать данное направление, и мы готовы приложить все усилия для реализации данного направления.

Как вы знаете в 2017 году вышла статья первого Президента Н.А. Назарбаева "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания"

Казахстан вступил в новый исторический период, началась Третья модернизация Казахстана.

С этого момента дается старт двум важнейшим процессам обновления – политической реформе и модернизации экономики.

Цель известна – войти в тридцатку развитых государств мира.

Все казахстанские коллеги знают эту статью, не мало проработали над реализацией этих программ.

Одним из инструментов этой модернизации послужило внедрение курса «ОПД» в школах, колледжах и ВУЗах.

Сегодня я хотела бы рассказать и показать вам о том, как у нас в колледже внедрен курс «Основы предпринимательской деятельности», который и мне посчастливилось преподавать, чему я очень рада. Почему? потому что этот курс полезен не только для студентов, он нужен всем, кто когда -нибудь задумывался о «своем» деле. (не мало примеров когда сами преподаватели этого курса уходили в свое дело).

С одной стороны умение вести бизнес –это ключ к личной свободе и независимости, возможность находить неординарные решения и пробовать осуществить их в реальности, самостоятельно менять жизнь, жизнь своих близких людей. С другой стороны бизнес помогает создавать рабочие места в стране, производить продукты и услуги, требуемые в обществе. Конечно государству очень важно это и курсы получают мощную поддержку со стороны государства.

Инициатором внедрения в учебную программу дисциплины «Основы предпринимательской деятельности» выступила НПП «Атамекен» в соответствии с пунктом 11 Дорожной карты по проведению Года молодежи, учитывая полный региональный охват, представление интересов всех работодателей, а также, в целях увеличения доли предпринимательства среди молодежи.

Курс учит вырабатывать правильные компетенции, которые пригодятся в жизни любому предпринимателю,

Показывает, как правильно создавать команду для своего проекта, как выбрать верную бизнес-идею, опираясь на потребности рынка, как разработать бизнес-модель и

составить бизнес-план для старта своего бизнеса. Также студентов знакомят с основами маркетинга(реклама), как и где можно продвигать свои продукты и услуги, узнаем о существующих стратегиях продаж, помогаем понять, какими ресурсами вы располагаете и как ими лучше управлять. Также есть возможность посмотреть на операционную деятельность бизнеса изнутри, узнать, какие налоги и для чего существуют, как считать доходы и расходы, привлекать инвестиции и масштабировать бизнес.

А для начала организаторы - НПП "Атамекен" - обучают самих преподавателей. У нас колледже обучение прошли 5 преподавателей.

Затем в 2019-2020 учебном году этот курс прослушали 741 студент всех 4 отделений. В 2020-2021 учебном году 69 студентов. Все студенты по окончании получили сертификаты в объеме 36 часов. Что давало возможность обладателю этого сертификата претендовать на безвозмездный грант от государства, начиная от 500 000 тенге.

Вся программа геймофицирована, мы составляли очень много интересных проектов, разыгрывание ситуаций, что очень легко для студентов и для преподавателей.

В течении курса традиционно проводятся «Гостевые лекции» с уже состоявшимися предпринимателями. Особенностью прошлых гостевых лекций в том, что мы с коллегами приглашали наших выпускников, которые сумели стать предпринимателями(что было очень интересно, им задавали много вопросов). Встречи были очень «живыми», так как студенты слушали из первых уст. Выпускники отвечали на вопросы как им удалось открыть свое дело, как преодолели страх и.т.д.

Итоговым контролем для курса было составление «бизнес плана», и тут НПП «Атамекен» проводило сопровождение предложив для студентов готовые бизнес планы.

В этом учебном году, как было сказано выше обучение прошли порядком 1000 студентов колледжа. Отличительной особенностью этого учебного года было то что в связи с пандемией, гостевые лекции проходили в режиме «онлайн » и это оказалось еще круче, так как нам удалось организовать встречи с крупными предпринимателями нашей Республики, которые смогли должным образом мотивировать наших студентов.

Одним из новшест этого учебного года было создание сайта «Атамекен Академия». Эта платформа становится большим помощником для тех, кому интересен бизнес, предпринимательство. Наши студенты свободно могут посетить зарегистрироваться и получить еще больше информации, общения, стимула для занятия бизнесом. Здесь есть и курсы дополнительные, и статьи и видео известных людей Казахстана, это видеоблогеры, вайнеры медийно активные люди.

В общем курс говорит о том что современному миру нужны другие навыки.

Это: 1) стремление к независимости, 2) свободе действий, 3) творческой работе, 4) созданию капитала, 5) потребность в господстве, власти, влиянии, 6) воля к победе, 7) стремление к успеху в борьбе с соперниками и самим собой, 8) распознавание возможностей, 9) умение проектировать, 10) умение управлять рисками, 11) умение пережить неудачу, 12) склонность к действиям, а не планированию.

Уважаемые коллеги хочется напомнить что мы с вами работаем с поколением «Z»

- ✓ **Меньше ориентировано на идеологию и идеологемы**
- ✓ Понимает ценность свободы
- ✓ Самостоятельно
- ✓ С развитым чувством собственного достоинства

- ✓ Стремится к самореализации на высоком уровне
- ✓ Живут в Интернете и, как следствие, легко поддаются манипулированию
- ✓ Гиперактивны
- ✓ Агрессивны в подростковом и юношеском возрасте
- ✓ Не нацелены на чтение
- ✓ Нацелены на науку и искусство
- ✓ Способны к многозадачности, но при этом рассеянны
- ✓ Обладают клиповым мышлением, основанном на визуальных образах, а не на логике

Новое поколение – другие ценности:

Самопродвижение, успех, деньги, власть, статус, как основа личной защищенности, безопасности и возможностей.

Я очень надеюсь что полученные знания студентам помогут осознать, хотят ли они стать бизнесменами в будущем. И если они примут такое решение, знания, полученные на курсах окажутся надежной платформой, от которой смогут оттолкнуться для дальнейшего роста.

Список литературы

1. <https://atameken.kz/>
2. <https://cyberleninka.ru/>

АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ МАМАНДЫҚҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТУ

Жумажан Айнагуль Жумажанқызы

О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, информатика пән оқытушысы, Атырау қаласы

3D модельдеу - үш өлшемді нысан жасау. Яғни кез-келген заттардың үш өлшемдік нұсқа ретінде өңдеу. 3 қатпарлы, яғни 3D анимация және моделдеу соңғы жылдары тез қарқынмен дамып, кең ауқымды қолданысқа түсті. Бұл, сөзсіз, өнердің жаңа салаты кино, мультипликация, рекламалық роликтер дайындау, ойын жасау және түрлі презентациялар жасаудан бастап, сәулет өнері мен инженерия да және көптеген т.б салаларда қолданылады. Арнайы бағдарламалар 3D модельдеуге арналған бағдарламалардың саны жетерлік. Мысалы: Blender, Sweet Home 3D, Sculptris, SketchUp Make, LEGO Digital Designer, nanoCad free, Autodesk, AutoCAD. Олар үш өлшемді нұсқа жасау үшін арналған.

Blender – 3D модельдеу компьютерлік графика бағдарламасы. Blender бағдарламасының көмегімен 3D модельдеу, анимация жасауға, Видео үзінділерді өңдеуге, түрлі ойындарға логикалық объектілерді енгізуге мүмкіндік береді. Ең маңыздысы, ол бағдарламаның азғантай көлемі (шамамен мегабайт) Blender әртүрлі. ОЖ жұмыс істеуге мүмкіндік береді, олар: Linux, Windows, MacOS т.б. Бағдарламаның көшіріп алуға болады GNU лицензиясы бойынша. Қатпарлы, яғни 3D, анимация және моделдеу соңғы жылдары тез қарқынмен дамып, кең ауқымды қолданысқа түсті.

Қатпарлы моделдеу мектеп бағдарламасындағы геометрияны ейске түсіреді. Декарттық координатор жүйесін ейске алайық (X , Y және Z осьтері). Ал енді функцияларды және олардың графикаларын ейске алайық. Мысалы: сызықтық функция, квадрат функция және т.с.с. (Парабола, гипербола). Жалпы 3D анимацияның не екенін түсіну үшін көзіңіздің алдында тұрған барлық заттарды кеңістікке (декарттық X , Y , Z кеңістігі) жайғастырыңыз. Сонда әрбір заттың белгілі бір координатасы бар нүктелерден және түрлі өзінен кіші фигуралардан (сызық, эллипс, куб т.б.) құралғанын байқаймыз.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту - білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі - электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік, білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Сондықтан оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиясы-білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, білім сапасын бағалауы, оқу тәрбиесі үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында ақпараттық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны табу, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты - оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік береді. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру бағдарламалары, оқыту бағдарламалары сияқты бағдарламалық өнімдер қызмет етеді.



Өндірістік оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы студенттердің ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің бірі.

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестері мен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Ақпараттық технологиялар орталарын пайдаланудың мақсаттары:

Ақпараттық технологияларды қолдану негізінде оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру:

- оқыту процесінің ықпалы мен сапасын арттыру,
- пәнаралық байланысты тереңдету,
- қажетті ақпаратты іздеуді оңайлату және көлемін ұлғайту.

Оқушы тұлғасын дамыту, ақпараттық қоғамда өмір сүруге даярлау.

- коммуникативтік қабілеттерді дамыту,
- күрделі жағдайда оңтайлы шешім немесе шешу нұсқаларын қабылдау дағдыларын қалыптастыру.
- компьютерлік графика, мультимедиа технологиясын пайдалану арқылы эстетикалық тәрбие беру,
- ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, ақпаратты өңдей білу.

Әдебиеттер тізімі

1. “Информатика негіздері” журналы №1, 2010 жыл.
2. «Информатика негіздері» журналы №4-2008 жыл – Ж. Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі»
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.
4. Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» (Ел президентінің халыққа жолдауы) 2007 жыл

ҚАЗІРГІ ТАҢДА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Елемесова А.Е.

Жоғары инженерлік-технологиялық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы, техникалық ғылымдар магистрі.
Орал қаласы.

Жоғары инженерлік-технологиялық колледжі Бүгінгі таңда кәсіптік білім беретін оқу орнында оқып білім алып жатқан жас ұрпақ алдында «Қазақстан – 2030» бағдарламасында көрсетілген «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» сияқты ұзақ мерзімдік іске асыру стратегиясын үшінші мыңжылдықта жүзеге асыру міндеті тұр. Демек, бұл қоғамдық саладағы өзгерістерге сай жоғары талаптар қоя отырып, экономикалық бәсекелестік жағдайында сапалы мамандар даярлау қажеттігін алға тартады. Отанымыздағы білім ордаларында оқу үдерісі мен тәрбие жұмыстарын тығыз байланыстыра отырып, білім алушылардың бойында ғылыми дүниетанымын, адамгершілік, саяси саналарын, еңбекқорлық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру – әрбір ұстаздың парызы. Себебі ұстаз – білім алушының жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, олардың қиялын самғатып, арманын көкке ұмсындырушы тұлға. М.Жұмабаев: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». Сондықтан да әрбір ұстаздың кәсіптік білімі ұлттық тәлім, тәрбиемен біте қайнасып жатуы керек, олай етпей білім берем деу құр әурешілік. Жас буынға ата тегін қадірлеу, ел намысын қорғау, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, сөз асылын құрметтеу, туысқандық ережелерді сақтау, табиғатты аялау, дала философиясын білу, оның заңдылығынан шықпау сияқты өмірге қажетті қағидаларды ұстаз сіңіре білуі керек. Ұстаздың кәсіптік рөлі, орны, педагогтік кәсіптік мінез-құлқының этика – деонтологиялық нормалары болады. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру ісіне аса мән берілуде. Бүгінгі ғаламдастыру дәуірінің талабына сай білім беру барысында жастардың жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруіне, олардың танымдық әрекетін дамытумен қатар ғаламдық ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Ғылым мен техниканың дамуымен әлеуметтік өмір деңгейі де өзгеріп отырады. Осының бәрі табиғат байлығына адам миы мен күшінің жұмысынан туады. Әр адамның ойы мен білімі әр қоғамға қандай керек болса, табиғат пен оның байлығы да сондайлық керек. Мұның өзі дүние бір-бірімен байланыста дамитынын ондағы адам мен қоғамдағы қатынасты да қадағалай білген жөн. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту туралы тұжырымдамасының» басты мәнділігі – ол үздіксіз білім жүйесінің негізгі идеялары мен қағидаларын ХХІ ғасыр талаптарына сәйкестендірудің және оны әлемдік білім кеңістігінің даму заңдылықтарына ұштастырудың жолдарын көрсетуге арналып отыр. Тұжырымдаманың басты ерекшелігі мен артықшылығы білім берудің ұлттық жүйесін қайта құрудың принципті жаңа идеяларын ұсынуында болып отыр. Жаңадан енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енудің нысанына айналады. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми әдістердің, жекелеген оқытушылар мен тұтас бір ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді. Хутвс педагогикалық процестің инновациялық даму стратегиясында жаңашылдық процестерді тікелей алға апарушылар ретінде педагог қызметкерлердің рөлі артуда. Оқу үдерісінің көптүрлігіне қарамастан

дидактикалық, компьютерлік, модульдық, проблемалық және басқа жетекші педагогикалық қызметті іске асыру оқытушылардың еншісіне қалып отыр. Оқу тәрбие процесіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты оқытушы мен тәрбиеші кеңесшінің, ақылшының және тәрбиешінің қызметін қоса меңгеруде. Оқытушының кәсіптік қызметі арнаулы пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технологиясы салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан оқытушыдан арнайы педагогикалық, психологиялық дайындықты талап етеді. Осы негізде педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады.

Инновациялық процесті үш кезеңге бөлуге болады: Бірінші кезеңде оқытушы жаңалықтардың қажеттілігін дәлелдеу арқылы жаңалық туралы ақпарат жинайды, одан кейін әртүрлі жаңалықтың ішінен қажетті ақпаратты таңдап алып, оны қолдану туралы шешім қабылдайды. Содан кейін, оқытушы инновациялық іс-әрекеттің екінші кезеңіне көшеді, яғни іске асыру кезеңдерін зерттеп, енгізу жоспарын құрып, жаңалықты қолданады. Бұл кезеңде оқытушы оқу-тәрбие процесіне, жаңалықты енгізуге кедергі жасап отырған факторларды ескере отырып өзгерістер енгізеді, жаңалықты уақытылы мерзіміне байланысты жүргізеді.

Жаңалықты енгізу уақыты аяқталғаннан кейін инновациялық іс-әрекет үшінші кезеңге өтеді. Бұл кезеңде оқытушы жаңашыл тұрғыда ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысының нәтижесін көтеруге жасаған ықпалын анықтайды, жаңалықтың оқу-тәрбие жұмысына нәтижелі енгізу шарттарын белгілеп, оны таратуға ұсынады. Инновациялық процесті болжау барысында қолданылатын іс-әрекеттер тереңдетіліп, кеңейтіледі. Сонымен қатар оқыту мен тәрбиелеу қорытындылары талданады. Алдыңғы қатарлы озық тәжірибені ғылыми талдау негізінде оқып үйренуге, қазіргі кездегі педагогикалық зерттеулер нәтижелерімен танысуға болады. Жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық іс-әрекеттің негізі заңдылықтары мен қағидаларын дұрыс пайдалана білуге, шығармашыл ойлауға, кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің құндылық қарым-қатынастарын қалыптастыруға, оқытушы шеберлігін 92 арттыру жолдарын таба білуге және жете түсінуге үйретеді. Сонымен қатар алдыңғы қатарлы озық тәжірибелер жөніндегі ағымдағы газет-журнал материалдары арқылы танысып, педагог-новатор әдістемелерін ғылыми тұрғыдан талдай білуге, инновациялық іс-әрекет ерекшеліктерін айқындап, өз беттерімен сурет, кесте құруға, реферат, хабарлама, аннотация, рецензия жазып, оқу-тәрбие қызметіне педагогикалық талдау жасауға үйренулері керек. Оқытудың жаңашыл әдістері мен тәсілдерін сөз еткенде, оқылып отырған материалдың ерекшелігіне аса мән беру керек. Әдістемелік құралдарды шығармашылықпен пайдалану қажет екеніне назар аудару көзделеді. Сонымен қатар, оқытудың инновациялық жүйесі, білім, оқыту процесінде жаңа технологияларды пайдалана білу іскерлігі қалыптасу керек. Студентке белгілі бір көлемдегі білім, білік дағдыларды меңгертумен қатар дүниетанымын кеңейтіп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы деп отырмыз. Бұл, әрине ұстазға да көп ізденісті талап етеді. Өйткені, «Шәкірт – біліммен толтыратын бос құмыра емес, ол жануға дайын тұрған шырақ, ал ұстаз шырақшы ғана...». Сондықтан, білім беру саласындағы оқытудың озық жаңа технологияларын меңгермейінше, сауатты маман болу мүмкін емес. Осыған орай, әрбір ұстаз барлық жаңалықтар мен әдістерден хабардар болып, оқыту түрлерін, әдіс-тәсілдері мен құралдарын жетілдіріп, оларды тиімді қолдану жолдарын іздестіріп, өз кәсібін шығармашылықпен дамытып отыру қажеттілігі заман талабынан өз-өзінен туындап отыр. Білім беруді ұйымдастырудың дүние жүзілік тәжірибесінде көптеген оқыту технологиялары жүзеге асырылуда. Ондағы мақсат – студенттің танымдық қабілеттерін, яғни өзінше ойлау қабілетін

арттыру, елестету мен есте сақтауын, дағдысын, білім, жаңа педогогикалық технология – білім беруді ізгілендіру принциптеріне негізделген компьютерлік технология, сонымен бірге оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау. Онда: - білімді ізгілендіруге - оқыту сапасын арттыруға - басқару тиімділігін жетілдіруге - оқушылардың дамуына бақылау жасауға осыларға сәйкес бағалауға болатыны дәлелденіп отыр. Бұл жүйенің басты компоненті – оқыту мақсаты. Ол мақсат өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру, сондықтан оның өзіндік танымдық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет сапасының дамуын қамтамасыз ету. Қоғамды индустрияландыру кезеңінде білім беру жүйесі алдыңғы кезекте, маманданған сауатты тұтынушыларды дайындауға бағытталса, ал білім беруді ақпараттандыру жағдайында бұл мәселе білім берудің негізгі мақсатына ауысады. Мұндағы негізгі мақсат – оқушының қоршаған әлем жайында табиғи ғылыми болжамын қалыптастырумен жалпы ізгілікті адамгершілікке дайындау болып саналады. Қазіргі заман оқушысы тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, интерактивті құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Еліміздегі саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сай білім беруді ақпараттандыру бағытында колледжімізде жүргізіліп жатқан жұмыстар ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуда. XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бүгінгі таңда колледжде оқу пәндерін компьютер, интерактивті құралдардың көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми проблемаларды шешу ең басты орын алады. Бұған себеп оқыту процесінде туындайтын компьютерлендірудің педагогикалық-психологиялық жаңа проблемалары әлі толық шешілмегені. Білім беру жүйесін ақпараттандыру білім беру үшін үлкен перспективалар ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телекоммуникациялық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі рөлі 93 мен орнында түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бірге қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды. Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдастықта алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешуіне байланысты. Сонымен қатар, әлдебір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолдануының деңгейі оның материалдық базасының дамуымен қатар емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейімен, оның жаңа білімді туындату, игеру және қолдана білу қабілетімен де анықталады. Жедел дамып отырған ғылыми-техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық-

технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады. Тұтас дүние қалыптастыру мен қоғамдастықтар, жеке адам мен бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмір сүруі үшін жаңа жағдайларды қамтамасыз етуде ақпараттық – телекоммуникациялық технологиялар маңызды рөл атқарады. Ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер оның ішінде интерактивті құралдарды кең көлемде қолдануды қажет етеді. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» – деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашу керек.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында, оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады. Оқушылардың интерактивті құралдар көмегімен қалыптасатын және жүзеге асырылатын ойлау қабілеті бұрынғы технологиялар арқылы берілетін ойлау жүйесінен өзгеше болатындықтан, тек ойлау қабілеті түсінігі ғана емес, қабылдау, есте сақтау жоғарғы деңгейде. Интерактивті құралдардың келесі ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті айқын, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды
2. Тақта мен бордың көмегімен әр түрлі қосымшалары бар жұмысты түсіндіру қиын әрі мүмкін емес.
3. Слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады.
4. Сабақта ACTIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады.
5. ACTIVwand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді.
6. Сабақта көрнекілікті қолдану деңгейі артады.
7. Сабақтың өнімділігі артады.
8. Оқушылардың білім деңгейіне оң әсер етеді. Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен, қазіргі заманауи инновациялық технологияларды меңгеру және оны әрбір сабақта тиімді пайдалану білім сапасына елеулі әсер етуде.

Инновациялық технологиялардың бірі – ақпараттық технология. Ақпараттандыру технологиясы арқылы білікті маманды заман талабына сай даярлау оқытушының басты міндеті. Тәжірибеге сүйенсек күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді, интерактивті тақтамен, мультимедиялық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер беруде. Кез-келген сабақты қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу ол әрбір оқытушы үшін бір сабақ. «Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз» қағидасын ұстанған оқытушы үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Сонда ғана өзі қызыққан оқытушы – сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Кәсіптік білім беру орындарының оқытушылары үшін әрбір сабаққа жаңалық енгізудің қажеттілігінен гөрі, әрбір сабақта жаңалықтарды пайдалану, озық тәжірибелерді пайдаланудың өзі үлкен жетістіктерге жеткізеді. Өзіміздің дәстүрлі, дәстүрлі

емес оқытудың әдістерінде пайдалануды 94 ұмытпағанымыз жөн. Себебі жаңа-жаңа деп жүріп кейде біз қарапайым әдістерді меңгермей жұмысымызды күрделендіріп жібереміз. Өзімнің әрбір сабағымда осы озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Кез-келген сабақта тақырып бойынша «қандай жаңалықтар шығуда, қандай жұмыстар атқарылуда» арқылы бастау дәстүрге айналды. Қызығушылықты арттыру арқылы сабақты бастау сол сабақтың аяғына дейін қызықты өтуінің кепілі. Алынған ақпаратты жеткізу, тарату үшін оқытушының алатын орны елеулі. Қазіргі уақытта кіріктірілген инновациялық технологиялар туралы көптеген ізденістер, жұмыстар атқарылуда. Кіріктірілген инновациялық технологияларды оқытуда қолдану тиімді нәтижелерін беруде. Мысалы, «Кәсіпорынның қаржы ресурстарының көзі» тақырыбында сабақ өту, тек өзімнің төңірегімнің айналасында болмауы қажет. Сол сияқты бұл тақырыпты «Қаржылық есеп», «Қаржылық талдау», «Ұйым экономикасы» т.с.с. пәндермен байланыстыра отырып оқыту үлкен жемісін беруде. Алынған ақпаратты ары қарай дамыту кіріктірілген инновациялық технология сабақтарында жүзеге асады. Тақырыпқа байланысты, мәлімет, ақпараттың барлығының жан-жақты бір ғана арнаулы пән оқытушысы емес, басқада оқытушылармен түсіндірілуі, дәлелденуі және жеткізілуі. Бір тақырыптың өзін кең көлемде түсіндіру. Қазіргі сабақтарда ақпараттық технологияларымен, кіріктірілген оқыту технологиясын байланыстыра өту мен үшін тиімді нәтижелер беруде. Ақпараттық технологияда біз оқытушыны ақпарат беруші, бағыт бағдар көрсетуші деп түсінеміз. Белгілі бір тақырып бойынша мәлімет, әдебиеттер және т.б. берілді. Іздену жұмысы білім алушының еркінде болып қалады. Оқытушыдан алынған ақпарат тек жалпылама кең көлемде беріледі. Әрбір сабақта тақырыпқа байланысты материалды толық игеру, сонымен бірге жан-жақты ізденіс, зерттеу әрбір оқытушының қолынан келе бермейді. Тек әдебиеттердегі мәліметтермен шектеліп қоймай, сол тақырып бойынша әр пәннің ізденіс жаңалығымен толықтыру білім берудің сапасын арттыра түседі. Оқытудың технологияларын біріктіру, оларды тиімді пайдалану жұмысы үшін көптеген ізденіс жұмыстарын жүргізу мен үшін тағы бір асу, тағы бір белес.

Қазіргі таңда инновациялық технологияларды қолданып сабақ беру өте тиімді. Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық – коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын. Қазіргі заманның оқытушыға қояр басты талабы – ақпараттандырылған жан-жақты, дүниетанымы кең, тәрбиелі әрі саналы шәкірт сомдауы. Сапалы білімге жету жолында оқытушының аянбай еңбек етуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласы. 10 шілде, 2012 жыл.
2. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
3. Ерғалиев М. Оқытудың қазіргі технологиялары.
4. Мұхамбетжанов С.Т. «Ақпараттық технология және қашықтан оқыту».
5. Қарғаев Қ.А. Аймақтық білімнің бірегейленуі үрдісіндегі болондық жүйе және Қазақстан // Аймақ – концепт: мазмұны, әдістері мен технологиялар атты республикалық ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 2012.

БІЛІМ БЕРУДІ БРЕНДКЕ АЙНАЛДЫРУ

Н.А.Жумағалиева

Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі, математика пәні оқытушысы, Атырау қаласы

Қаншалықты кең тараса да, бір қарағанға тұрақты болып көрінгенімен, «білім» түсінігі көп мәнділігімен ерекшеленеді. Әдетте, бұл термин мазмұны жағынан келесідей түсініктемелерге ие болуы мүмкін: білім - жалпыадамзаттық құбылыс; білім - әлеуметтік мәдени мұра; білім – жүйе; білім – педагогикалық процесс; білім – нәтиже.

Жаңа заман талабына сай мұғалімнің шеберлігін арттыруда білім мазмұны мен оқыту технологияларының рөлі ерекше. Оқыту технологияларын талдағанда, қазіргі өркениетті елдер тәжірибесінде жүзеге асырылып жатқан білім берудің жаңа моделіне – нәтижеге бағдарланған білім моделіне - сәйкес келетін оқыту технологияларын іріктеуді қажет етеді.

“Оқыту технологиясы” термині алғаш рет АҚШ-та XX ғасырдың ортасында пайда болды. “Технология” – гректің *techne* - өнер, шеберлік, біліктілік, *logos* –оқу сөздерінен шыққан. Белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс ретінде технологияларды қолдану қазіргі уақытта өзектілік көрсетіп отыр.

Инновация, негізінен қандай да бір дәстүрлі мәселелерді жаңа тәсілдер арқылы шешу нәтижелерінде, деректерді терең әрі жан- жақты зерттеу барысында жаңа сапаларға ие болуы нәтижелерінде туындайды. Қазіргі заманғы инновациялардың көпшілігі тарихи тәжірибемен тығыз байланысты болғандықтан өткеннен бастау алады. Яғни инновациялық үрдістер- белгілі жағдай мен оның сәйкес көрсеткіштері үшін өзекті әрі бейімделген болып табылатын заманға сай идеяларды тарату, қолдану, меңгеру мен қалыптастыруға бағытталған мотивацияланған, мақсатты әрі сапалы үрдіс. Ол жаңалық енгізілген жүйенің сапасын жақсартуға бағытталған әрі ол жүйеге қатысушыларға стимул беріп, олардың көзқарасын жаңалыққа қарай өзгертуге бағытталған.

Білім берудегі инновациялық үрдістің нәтижесі жаңалықтарды теориялық әрі практикалық жұмыста қолдануда көрінеді. Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі инновация білім беруге жаңалық енгізу мақсатын да білдіреді: жаңа мазмұн өңдеу, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістері мен формаларын, мектепті басқарудың жаңа технологияларын құру, оны дамыту, мектепті эксперимент алаңы ретінде дамыту мектептегі білім беру ісі жаңа бағыт алып, оқыту мен тәрбиелеудің де жаңалануы кезіндегі оқиғаларды, жағдайларды т. б. қамтиды.

Студенттің дайындық деңгейін,ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану.Оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық,ұйымдастырушылық іс-әрекетін компьютерлік ойындар және т.б) сабақта жиі қолдану. Ойын арқылы оқыту.Сөзжұмбақ,ребустар,логикалық есептер,тестілеужәне бақылау.

Инновациялық технологиялар:

1. Студенттің өз қабілетіне,болашағына сенуіне
2. Студентті ынталандыру
3. Студент пен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынасына
4. Студенттің өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік беретініне көз жеткіздім

Инновациялық технологиялар:

- Жобалау технологичсы
- Саралап,даралап оқыту
- Дамыта оқыту технологиясы
- Модульдік оқыту технологиясы

- Сатылай комплексті талдау
- Деңгейлеп оқыту технологиясы

Инновациялық технология нәтижелері:

- 1.Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі
2. Студенттердің барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады
- 3.Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай алуға болады
4. Студенттердің көбін бағалауға мүмкіндік бар
5. Студенттерді ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді
6. Студенттердің қабілеттері, ұйымшылдығы, шығармашылық белсендігі артады
- 7.Жеке тұлғалық сипатын дамытуға,шығармашылығын шыңдауда,өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады

Инновациялық технологияларды енгізу кезінде мұғалім келесі іс-әрекеттерді дұрыс ұйымдастыра алуы қажет:

1. -Оқытушы жаңа технология көмегімен шешілетін мәселелерді
2. - Жаңа технологияны қолдану арқылы алынатын нәтижелерді
3. - Жаңа технология мәнін, алынатын нәтижелердің теориялық негізін
4. - Жаңа технологияда оқытушы қолданатын әдіс-тәсілдерді
5. - Студенттердің жұмыс әдісін
6. - Студенттердің жаңа технологияда жұмыс істеуге үйрету әдісін білу керек

Оқу тәрбиесі үрдісінде педагогикалық технологияларды енгізу 4 кезеңнен тұрады:

1. Жаңа идеяны іздеу;
2. Жаңалықтарды ұйымдастыру;
3. Жаңалықтарды енгізу;
4. Жаңалықтарды бекіту.

Мақсат, міндеттерді жүзеге асыру жолында күнделікті сабақ жоспарымда мынандай озық технологияларды сабақта қолдануды жөн көрдім:

- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы;
- Деңгейлеп -саралап оқыту;
- Интерактивті қолдану технологиясы;
- Сатылай кешенді талдау технологиясы;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Ойын технологиясы.

Студент мақсатты шешу, іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асырады. Әр студент өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптары тыңдалады, жасаған еңбегінің нәтижесімен бөліседі, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді. Оқытушының бағыттауымен оқушының өз бетінше білімді игерудегі мақсаты сынауға емес, шыңдалған ойлауға үйрету.

Мақсаты:

- 1.Студент ойлау қабілетін арттыру, сыни тұрғыдан талдауға бейімдеу, іскерлік дағдысын қалыптастыру.
- 2.Студентті шығармашылыққа баулу, оқуға қызығушылығын арттыру, шешім қабылдай білуге бейімдеу

Қазақстан Республикасының ұстаздарының негізгі мақсаты – қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай жастардың саналы ойлауын қалыптастыру, шығармашыл, өз мамандығын дұрыс таңдаған, ой-өрісі жоғары жеке тұлға дайындау. Қоғамның дамып-өркендеуі, оның әлеуметтік-мәдени этностық ерекшеліктерін толық меңгеріп, өзгерістер, жаңалықтар, ұғымдар туралы болып жатқан барлық мәселелерге мән бере отырып, салауатты өмір салтын құруда, білім беру саласындағы инновацияны меңгеруде, қоғамымызды ізгілендіруде мұғалімдерге, олардың кәсіптік сапаларына, білімділігі, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілеттілігі, мәдениеті, парасаттылығы, т.б. қасиеттеріне байланысты екендігін, мұғалімдік мамандықтың жан-жақты білімді,

шынайы сезімтал болуды, шәкірттеріне шексіз сүйіспеншілікті беруді талап ететінін, еңбегінің нәтижесі әр күн сайын балаларға қуаныш әкелгенде ғана жемісті болатынын ұғындыру. Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық әрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін оқушылардың бойында қалыптастыру, этнопедагогика материалдарын ұтымды пайдалану – аса маңызды міндеттердің бірі. ХХІ ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Егеменді Қазақстан Республикасының болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жолын салуға икемді, шығармашылық педагогикалық зерттеуші болуды талап етеді. Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан-жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді.

Менің де оқытушы ретінде алдыма қойған мақсатым – студенттерге ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру — әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Бұл ретте өзім сабақ беретін математика сабағымда оқытудың көптеген әдістерінен құралған интерактивті оқыту технологиясының тиімді әдістерін қолданамын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев., Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.
2. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011.«Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;
4. Педагогика: Большая современная энциклопедия (сост. Е.С. Ропачевич). – М.: «Современное слово», 2005.
5. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений / В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, А.И. Мищенко, Е.Н. Шиянов. – М.: Школа-пресс, 1997.
6. ҚР «Білім туралы» заңы. Астана. - 2007.
7. Гершунский Б.С. Философия образования для ХХІ века. - М. 1998.
8. Педагогика: Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік //Ғыл.жетекш. жасаған және жалпы ред. Басқарған проф. Ш.К.Беркімбаева, проф А.Қ.Құсаинов. - Алматы; 2007. - 248 бет.

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сейдишарипова Айнакул Суннатқызы

Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі, Сарыағаш қаласы

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда инновациялық технологиялардың көптеген түрлері бар. Атап айтсақ кредиттік модульдік технология, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек – сызба технологиясы, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, деңгейлеп – саралап оқыту технологиясы, интерактивті әдістер және т.б. Деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған.

Жаңа педагогикалық технологияда көрініс тапқан.

Яғни олар:

1. Студенттің дайындық деңгейін бақылай алу;
2. Оқу материалын сұрыптап ұсына алу;
3. Оқу әрекетін ұйымдастыра алу;
4. Диалог жүргізе алу;
5. Сабақ барысында жағымды эмоция сезімдерімен қанықтыра алу;
6. Мақсаттың нәтижеге ұласуын жоспарлау, жүзеге асыра алу.

Биология пәнін оқытуда жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіре отырып, оны танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді з аман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Әрине терең білім де, материалдың игеруге қолайлығы да, оқулық деңгейімен шектелу де мүлде нәтижесіз болды деп айта алмаймын. Оқытушы үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар студенттің жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

А. Андреева пікірі бойынша деңгейлеп оқытудағы диалогтық қарым-қатынас 2 сипатқа ие.

1. Коммуникативтік (студенттердің бір-бірімен ақпарат алмасуы)
2. Интерактивтік (студенттер білімдерімен ғана емес, сонымен бірге оқу әрекеттерімен де өзара алмасуы)

Студенттің жан-жақты дамып, жетілуіне, шығармашылықта жұмыс істеуге бейімделуіне, топта, жұпта жұмыс істей алу қажеттілігіне жетелейтін бірден-бір әдіс. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы әңгімелейді, түсіндіреді, ал студент тындайды, қабылдайды, ойлайды, т.б. таным әрекеттерін жасайды. “Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық” деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ сол оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- студенттің пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;

- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- студентті шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Соның бірі – “Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту” технологиясын сабақты жоспарлауды қолданудың тиімділігі. Мұнда әр студенттің ойы шындалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ой-толғанис.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал, соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда студентке ойланып-толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға студент шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек. Сабақтың қай құрылымында болмасын студент осындай стратегияларды қолданғаны дұрыс “Мен не ұқтым?” және “Мен нені білгім келеді?” деген сұрақтарды есінен шығармауы керек. “Мағынаны тану” кезеңінде студенттерді топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны мазмұны, стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға студенттер өз ойларымен жауап бере отырып, бұл сұрақтар оқушылардың деңгейіне сай топтастырылады немесе сұрақтардың өзін сұрыптауда “Жуан және жіңішке сұрақтар” стратегиясын оқытушы жүзеге асырады. Осы кезең бойынша жұмыстану арқылы қорытынды шығаруға болады:

Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой-толғанис. Мұнда “Венн” диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады. Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты яғни, пікір-сайыс өткізуге немес “5 жолдық өлең” жаздыруға болады. Мұндағы мақсат – студенттің өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Сол 5 жолдық өлеңді жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген студенттердің өзі 3,4 сөз тіркестерін құрастырып өз ойын жазса, соның өзі студентті сабаққа тарта білгеніміз деп білемін.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдануда - оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, студенттің пәнге деген қызығушылығы артады. Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Оқушылардың ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Биология сабақтарында ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;

- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- студенттің ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор. Оқытушы сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық - коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, Болашақ мамандарға сапалы білім беруге, әлемдік білім кеңестігінен мемлекетімізге лайықты орын алуға білім саласындағы қызметкерлерге тиісті жағдай жасауға айрықша мән беріледі. Ғалымдар жаңа технологияларды көптеп енгізуде. Себебі, жаңа оқыту технологияларын енгізу заман талабына сай білім беру бағыты өзгереді, өздігінен білім ала алатын логикалық пайымдай, талдай, қорытындылай алатын коммуникативті тұлғаны қалыптастыру қажет. Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылады. Осыған байланысты адамның шығармашылық потенциалын дамыту үшін қажетті жағдай жасалу керек. Жоғарыда айтылған ой-пікірлерімді тұжырымдай келе, компьютерді қолдану негізінде колледж пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады. Колледждегі ақпараттандыруға осылай мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сенімім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қуанышева С.Е. Биологияны оқыту әдістемесі
2. Қайым Қабділрашид. Биология. Анықтамалық көмекші құрал.
3. География, Экология және Биология журналы
4. Биология анықтамалылығы журнал

«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ»

Мақсотова Айгерім Тасболатқызы

Республикалық жоғары техникалық колледжі
арнайы пәнінің оқытушысы, Орал қаласы

XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе шет тілін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі тіл үйрену арқылы адам бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін қатар үйренеді. Адам көру, есту арқылы тіл қолданушылардың мәдениетін тезірек сезінеді. Яғни өзінің де сол тілді меңгергендердің қатарына қосылуы жеңілдей түседі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Дәстүрлі оқыту оқушыларға дайын, жаңаша оқыту технологиясы процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау болып табылады. Жаңаша оқыту технологиясы — белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі.

Оқытуды жаңаша ұйымдастыруда мына міндеттерді қамтуы тиіс:

- оқушыларды оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқыту.

Міне, осы міндеттерді қамтитын «дамыта оқыту» жүйесі даму заңдылықтарын ескере отырып, теориялық ойлауға бағытталған іс-әрекет арқылы баланың жақын даму аймағында оқытады. Нақ осы мәселелерді жүзеге асыруға бағытталған оқыту технологияларының көпшілігі ұжымдық ой қызметі негізінде баланы өз іс-әрекетінің субъектісі етуге ұмтылады, мақсатты оқу іс-әрекеті барысында нақты оқу міндеттерін шеше отырып, даму педагогикалық ықпалдың алдын алатын іс-әрекеттік оқыту тәсілі арқылы балада ақпараттық және жалпы біліммен қатар, амалдар мен құндылықтар жиынтығын, біліктілігін қалыптастырады [2]. Жаңаша оқыту технологиялардың бірі — «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы — технологиялардың ішіндегі шоқтығы биік, ерекшелігі мол, құнды технология.

Бізді, ағылшын тілі пәні мұғалімдерін, «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы несімен өзіне баурап алды:

- кез келген ұстазға сапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен;
- оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің көптігімен. Бұл бағдарламада жүзге тарта стратегия бар екені белгілі. Сол әдіс-тәсілдерді жақсылап игеріп, ішінен қажеттілерін таңдау арқылы әр сабақтың мақсат-міндеттерін тиімді де оңтайлы жолмен жүзеге асыруға мүмкіндік мол.
- «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының өзге бағдарламалардан ерекшеліктері;
- сын тұрғысынан ойлау сабақтарының алғышарттары.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады:

1. Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
2. Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағаламау.
3. Қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
4. Әр түрлі жауапқа бірдей қарау, жақсысын мадақтап, нашарын сынамау.
5. Тіл байлығын дамыту үшін, қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
6. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.
7. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне жағдай жасау.

8. Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру. Негізгі үш сатының маңыздылығы. Бұл жаңаша оқыту технологиясында барлық стратегиялар үш саты бойынша қолданылады.

I-саты — баланың қызығушылығын ояту — ой шақыру, бұл әрбір сабақта қажет. Сатының мүмкіндіктері: қаралып отырған тақырып немесе проблема бойынша оқушының бар білім қорын қорыту, өзектендіру, оқып отырған тақырыпқа тұрақты қызығушылық тудыра отырып, оқушының оқу іс-әрекетін мотивациялау, сабақ үстінде оқушының белсенділігін ояту.

II-саты — мағынаны ажырата білу. Бұл жердегі міндеттер мүлде бөлек. Саты оқушыға жаңа ақпарат алуға, оны ой елегінен өткізуге, өзінде бар білімдерін біріктіруге мүмкіндік береді, мәтінді жан-жақты және әр тұрғыдан талдау жұмысы жүреді.

III-саты — ой толғаныс-рефлексия. Мұнда, негізінен, алынған ақпаратты қорыту, жалпы ой елегінен өткізу; оқушыға жаңа ақпарат, жаңа білім беру, оқып отырған материалға әрбір оқушының өзіндік қатынасын қалыптастыру т.б. мән беріледі.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының тағы бір маңыздылығы, жүйенің кейбір ерекшеліктерінде, «тек қана есте сақтауымен емес, өзінің терең ойлануымен игеріп алған білім ғана білім» — деп, әйгілі орыс жазушысы Толстой айтқандай, бұл жүйенің бір ерекшелігі, кез келген ақпараттың жан-жақты ой елегінен өткізіп барып қабылданатындығы.

Екінші бір ерекшелігі, білім көбіне, «өзгенің ақыл-ойымен шыңдалмаған білім білім емес» деп француз ғалымдары айтқандай, жеке емес, топтық не ұжымдық талқылаулар түрінде игерілетіні. Дамыта оқыту жүйесі сияқты, «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының тиімділігі негізгі қағидалары мен мақсат-міндеттері дамыта-тәрбиелей отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігінде. Оқу мотивациялары мүлде өзгерді. Бұрын сәтсіздіктен қашып, оқуға талаптанбайтын, білімнің қажетін ескермейтін, құнды ақпараттарды енжар қабылдайтын оқушылар, әсіресе үлгерімі орташа деңгейдегі балалар адам танымастай өзгерді. Ал озат және оқу екіпінділерінің көпшілігі мадақталу үшін, не өзгелерден жоғары, жақсы болу үшін оқып келсе, қазір қызықты ақпараттарды өз бетінше іздеп тауып, өзгелермен ой бөлісуге асығатын болды. Мұның бәрі олардың табысқа жиі жетіп, өз күшіне сенуінің арқасында болып жатқан өзгерістер. Оқушылар жүргізілген сауалнамаларға (шығу парақтарында) берген өз жауаптарында жұмысты жоспарлау, жағдайға бейімделу нәтижені нақты бағалау сияқты қабілеттерді, табандылық, сынға төзімділік сияқты қасиеттерді жиі көрсете бастады.

Осы бағдарламамен жұмыс істеу арқылы мынадай жетістіктерге жеттік: «Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында білім беріп, икем-дағды қалыптастырып қана қоймай, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етіп, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауға болады екен. Әр баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық және тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану осы жүйені қолдану барысында ойдағыдай жүзеге асырыла бастады.

Әр жаңа технология, жобалар білім саласындағы жаңалықтардың басты мақсат, міндеттері бір-біріне жуық, мәндес болып келетіні бізге мәлім. Білім беру жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі — білім сапасы. Осы жобаның пән мұғалімдері ретінде білім сапасын көтеруге қызығушылықтарын арттыруға тиізген әсері туралы нақты мысалдар келтіріп тоқталғанымыз келеді. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері есебінде анық байқағанымыз — «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының стратегияларымен өткен сабақтарда оқушының пәнге деген қызығушылығының артуы. Қызықты болған жерде белсенділік те артады. 2010–2011 оқу жылынан осы жұмыс нәтижесін байқау барысында бұл бағдарламамен 8–10-сыныптарда жүргізіп келеміз. Бұл сыныптарда стратегияларды (ассоциация, кластер құру, инсерт әдісі, Венн диаграммасы, пікірталас, ЖИГСО, эссе жазу т.б.) күнделікті сабақта қолданамыз. Бұл сыныптар ағылшын тілі сабағында екі топқа бөлініп

оқылады. Стратегия қолданған топты стратегия қолданбаған топпен салыстырғанда оқушыларда төмендегі кесте бойынша мынандай өзгешелік анық байқалады:

К е с т е

Р/с №	I-топ оқушылары	Р/с №	II-топ оқушылары
1	Оқушылар жеке, жұппен, топпен жұмысты жақсы жүргізеді	1	Оқушылар бірден кірісіп кете алмайды, шулап кетеді
2	Белсенділіктері жоғары	2	Орташа
3	Оқушының жеке жауапкершілігі басым	3	Төмен
4	Қызығушылықтарын істе байқатады	4	Бірқалыпты
5	Бір-біріне көмек, сыйлау қалыптасады	5	Қызғаныш басым
6	Өз ойларын еркін жеткізеді	6	Анықтық жоқ
7	Сабақта көп жұмыс жасайды	7	Кейде берілген тапсырмаларды жасауға үлгере алмайды
8	Өз беттерімен жұмыс істеу қабілеттері артты	8	Міндетті түрде мұғалім көмегі керек
9	Сабақта ағылшынша сөйлеуге тырысады	9	Ықылас білдіре қоймайды
10	Шығармашылық қабілеттері артқан	10	Бірқалыпты

Бұл — жалпы сыныптар бойынша берілген басты сипаттар. Сабақта оқушылар мәтіннің өзімен бірнеше жұмыс жүргізе алуларына болады. Мысалы: жалпы, СТО ойлау бағдарламасында мұғалім жұмысында көбіне топтық, жеке, жұп бойынша жұмыстар жүргізіледі. Мұғалім әр оқушының білім алуға бағытталған іс-әрекетін бақылауға алады. Оқушы жұмыстары жеке жинақ, папкаларда көрсетіледі. Мұғалім тек бағыттаушы ретінде қызмет жасайды, оқушылар жаңа сабақ, ақпараттарды өз бетінше меңгереді. Сыныптағы оқушылар өзгерісі — оқушылардың жаппай тілдік әрекетке түсуі, әрине, таза ағылшын тілінде сөйлемегенмен, көбіне ағылшынша сұрақтар қойып, оған жауап беруге тырысады. Оқушылардың ойлау деңгейлері әлдеқайда жоғарылайды. Белсенділік танытып қызығушылықпен жұмыс жасап жатқанда, тіпті кейде қоңыраудың соғылғанын байқамай да қалады.

Білім сапасы бұл сыныптарда көтеріліп келеді. Сабаққа нашар деген оқушылардың да көзқарасы өзгерген, оларда талпыныс, құштарлық, ынта-жігерлері қалыптасып келеді. Мұғалім ретінде қол жеткізіп жүрген жетістіктерді осы сыныптар арқылы көрсетіп жүрміз.

Елбасының Қазақстан халқына 2012 жылғы 27 қаңтардағы Жолдауында «Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі — бұл, ең алдымен, білім және денсаулық сақтау. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растайтын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделуі керек» делінген [3].

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын Елбасымыз Н.Назарбаев: «Мұғалімдер қоғамның ең білімді, ең отаншыл, ең санампаз бөлігі болып табылады», — деп атап көрсетті. Әр мұғалім күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жанашыл әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соның бірі — ақпараттық технология.

Ақпараттық технология — ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер — технологиялық құралдардың жиынтығы. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бап 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндеті қойылған [4]. Қазіргі ғылым мен техниканың шарықтаған шағында шетел тілі сабақтарында көрнекіліктердің қай түрі болсын молынан пайдалану мүмкіндігі бар. Яғни, оқытудың мұндай жүйесінің құралы компьютер болып табылады. Мектепте компьютермен жұмыс істеу өте пайдалы. Өйткені нашар оқитын оқушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, себебі балаға компьютер білмеген

жерін көрсетіп, көмекке келеді. Заман талабына сай техникалық құралдарды ағылшын тілі сабақтарында қолдану — мұғалім жетістігіне апаратын тиімді жол.

Компьютер арқылы оқыту мынадай міндеттерді қамтиды:

- оқушылардың компьютерлік сауаттылығын ашу;
- оқыту-тәрбиелеу үрдісіндегі ақпараттық алмасу сипатын айқындау;
- дайын бағадарламаларды қолдана білу шеберлігін арттыру;
- ойлау қабілетін дамыту;
- ЭЕМ-нің мүмкіндіктерін пәндік материалда меңгеруді қолдана білуге үйрету.

Осыған орай, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерінің ең күрделі түрі — «Мультимедиалық кабинетте компьютер және интерактивті тақта арқылы ағылшын тілінде сабақтар өткізу». Бұл оқушылардың пәнге деген танымдық қызығуын арттырады, тиянақты білім алуына жағдай туғызады. Сабақ үстінде өз бетінше берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушының оған қызығуы арта түседі. Сабақ барысында компьютерді қолданудың жақсы жақтары: түрлі-түсті иллюстрациялар, анимациялар есте сақтау процесі үшін тиімді. Ағылшын тілі сабағында оқытудың жаңа компьютерлік жүйесін пайдаланудың мынадай ұтымды жақтарын атап көрсетуге болады:

- оқушылардың ойлану дәрежесіне, материалдық қабылдау ерекшелігіне байланысты әрбір оқушы үшін жеке-жеке компьютерде бағдарлама құрып, оқушылармен дербес жұмыс жасауға болады;
- компьютер арқылы нашар оқитын оқушыларды оқытудың тиімділігі артады;
- компьютерді сабақта пайдалану уақытты үнемдейді;
- оқушының сабаққа деген қызығуын арттырады.

Әр сабақта сөз әрекетінің төрт түрі де қолданылады: тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым.

Әр сабақ төмендегілерді қамтиды:

- компьютермен үзіліссіз тілдік қарым-қатынас;
- компьютер оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады;
- оқушымен жекелей жұмысты іске асырады;
- компьютер оқытудың аудио- және бейнеқұралдардың мүмкіндіктерін табысты байланысты- рады.

Компьютерде мәтінмен жұмыс жасау барысында тапсырмалар мынадай бөлімдерден болуы мүмкін.

- Берілген мәтіннің тақырыбын ашу.
- Мәтіндегі кейіпкер тобын ажырату.
- Мәтін мазмұнында кездесетін қанатты сөздерді жазу.
- Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою.
- Мәтіннің әрбір бөліктеріне тақырып қою.
- Ұнаған тақырыбына қысқаша өз ойын жазу.

Өз жұмысында компьютерді қолданған мұғалім өзінің өткізетін сабағының сапасын арттырып, оқушылардың танымдылық қызметін ұйымдастыруды белсенді түрде жүргізеді. Бұл жағдайда ағылшын тілі пәні мұғалімінің міндеті оқушыларға әр түрлі жаттығуларды орындауда компьютер көмегі мен мүмкіндігін көрсету өз бетімен компьютерді қолдануды үйрету болып табылады. Сондай- ақ ағылшын тілін меңгерту барысында компьютерлік ойындардың да тигізер пайдасы зор.

Компьютерлік ойындар жаттықтыру, оқыту және дамыту сипаттарын ескере отырып жасалынса, олардың әрбір оқушының білім сапасын арттыруға тигізер пайдасы зор. Сабақ арасында ойын элементтерін тиімді пайдалану олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыра түседі, әрі баланың бойындағы қабілеттерді, ойлау мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді, мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзып, теңдік сезіледі. Ұялшақ, жасқаншақ оқушылар ойын барысында белсенді серік болуға мүмкіндік алады. Ағылшын тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың бірі — Интернет. Интернет оқу үрдісін жеңілдетіп, сабақты қызықты, әрі тиімді ұйымдастыруға, оқу-білім сапасын көтеру үшін көптеген мүмкіндіктер береді:

- сұраныс бойынша ақпарат алу;
- Интернет тараптарында берілген пән бойынша тапсырмалар мен жаттығулар орындау;
- пән бойынша әр деңгейде тест жұмыстарын ұйымдастыру;
- сабақ тақырыбына байланысты ақпарат көздерін табу;
- тақырыптық жобалар дайындау;
- шетел авторларының шығармаларымен танысу;
- электронды сөздіктерді қолдану;
- электронды пошта арқылы шетелдіктермен хат алмасу;
- аудио-, бейнематериалдар қолдану.

Интернет мүмкіндіктерін жоба жасауға қолданған да қызықты. Мысалы, мұғалім қазіргі кезде мазалап жүрген мәселелерді Интернеттен тауып алып, оқушыларға ұсынып, тапсырма береді. Берілген мәселе бойынша оқушылар ақпарат жинап өз жобасын құрады, ол жобаға енгізген материал бойынша өз ойын, ұсынысын беріп, ақпараттармен келісіп немесе келіспей талқылай алады. Әр мәселе бойынша материалдар ұсынуға болады. Интернеттегі аудио-, видеобағдарламаларды оқушыларға сабақта тыңдатуға, талқылауға болады (мысалы, президенттік сайлау, әлемде болып жатқан оқиғалар, білім беру жүйесіндегі жаңалықтар т.б). Бұндай жұмыс түрлері оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырады. Осыны айта келе, ағылшын тілі сабағында Интернетті қолдану арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болады. Сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасауы керек. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді міндеттейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2008 жылғы 29 мамырда бір топ бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен кездесуінде «Тілдердің үш тұғырлығы» мәселесіне байланысты ағылшын тіліне деген өзінің ой пікірін төмендегі сөзімен дәлелдеп берді: «Ағылшын тілі — ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл».

Сондықтан да ағылшын тілін мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Ағылшын тілін оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Мектептердегі ағылшын тілі пәні мұғалімдердің мақсаты — оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, ағылшын тілін меңгертіп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда ағылшын тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру — үлкен істің бастамасы.

Шетел тілін оқытуда оқушылардың танымдық қызығуын ояту, шығармашылық белсенділікті, өз бетінше ізденуді арттыру жолында әр түрлі сабақтан тыс тәрбие жұмыстарының да көп көмегі бар. Мұндай тәрбиелік іс-шаралардың оқушылардың сабақ кезінде алған білімін, іскерлік дағдыларын, ой- өрісін дамытуда маңызы зор. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы сыныптан тыс жұмыстарды өткізуде ерекше байқалады. Өз тәжірибемізде сабақтағы теориялық білімді сабақтан тыс шаралармен ұштастыра отырып, оның өткізілу түріне, тәрбиелік, білімділік, мазмұнына баса көңіл бөлеміз. Себебі оқушылар бойында белсенділік, мақсат көздеушілік, ұйымшылдық, намысшылдық, жауапкершілікті сезіне білу сияқты саналы көзқарас, жақсы қасиет осындай тәрбиелік іс-шараларда

қалыптасатыны белгілі. Ағылшын тілі пәнінен өткізілген апталықтар барысында «Ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің әдет-ғұрыптары» тақырыбында демалыс кеші «Ағылшын тілі мақал-мәтелдерде», «Полиглот» атты білім сайыстары, «Ұлы Абай» поэзия кеші, «Ағылшын грамматикасының білгіштері» сайысы кезінде оқушылар үлкен белсенділік танытып, жоғарыда аталған кештердің және тағы да басқа іс-шаралардың өз дәрежесінде өтуіне өзіндік үлестерін қосып келеді.

Сабақтың соңында туған ой-толғанысымыз келесідей. Сабақтың жаңа жобалада өтуі оқушылардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізулеріне, сыншыл көзқарас байқатуларына мүмкіншілік туғызғандай болды. Бұндай әрекеттер сабақтың үш сатысында байқалып отырды. Оқушылар сабақтың барлық сатысында қызығушылықпен, белсенділікпен қатысып, өз ойларын, пікірлерін қызу түрде ортаға салып отырды. Шығу парағын толтыруда оқушылардың көпшілігі «не үйреніп, білдің?» деген сұраққа «мақсатқа жетуде орта жолда қалып қоймай, жету керек екенін түсіндім» деп жауап берді. Сабақта қолданылған стратегиялар оқушыларымызға өздерінің, бір-бірінің ой-пікірлеріне сын көзімен қарай отырып, жаңа, тың, идеялар туындауына жол ашты. Сонымен бірге көбіне қазақтың балалары өз ойын кесіп айтудан жасқанады және жеткізіп айта да алмайды. Сондықтан «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламаның ұтымды жағын көре отырып, былтырғы оқу жылынан оқушылар шығармашылығын дамытумен айналыстық. Сабақ барысында СТО бағдарламасының стратегияларын қолдана отырып әр түрлі міндеттерді шешіп, проблемалық сұрақтарды талқылап, дискуссия ұйымдастырдық. Оқушылардың жазған эссесін оқығанда оқуға деген мотивациясы артып, ойлау қабілеті белсендендіріліп, креативті, сын тұрғысынан ойлауы дамыды деп айтуға болады. Оқушылардың пікірі бойынша, сабақта алынған білімдері терең бекітіліп қалды.

Қорыта келе, «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасын дер кезінде қолға алынған, уақыт талабына сай көтерілген іс-шара деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ишанғалиева А.М. Құзыреттілік — білім мен мүмкіндіктің бірігуі // Шетел тілін оқыту әдістемесі. — № 2. — 34-б.
2. Бабаев С., Қазиева К. Педагогикалық инновациялар мен педагогикалық озат технологиялар — талапшаң мұғалім еншісі // Бастауыш мектеп. — 2011. — № 4. — 25-б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа жолдауы // Егемен Қазақстан., 2012. — № 41-42 (27114). — 28 қаңт.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. — 1999. — 23 шілде. — 2-5-б.
5. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. — 2001. — № 3.

СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ЭКОНОМИЧЕСКОМУ ОБРАЗОВАНИЮ

Г.Г. Джумашева

ГККП «Высший аграрно-технический колледж»

Ключевые слова: образование, преподавание, экономическое образование.

В настоящее время под экономическим воспитанием обучающихся, понимается организованная педагогическая деятельность, направленная на формирование элементов экономического сознания посредством передачи основ экономических знаний, формирование экономических умений и навыков, связанных с экономически целесообразной деятельностью, формирование экономически значимых качеств личности, развитие экономического мышления на уровне доступному любому обучающему [1].

Концепция развития системы образования предполагает, что обучающиеся должны быть экономически и финансово грамотными.

Причем такие темы как налоги, рынок труда, права и обязанности владельца собственности, должны доходить до инструментального уровня.

Это значит, что преподавание должно вестись на проблемной основе с обсуждением альтернативных решений реальных экономических проблем.

Интегрированный подход к экономическому образованию предполагает преподавание экономических вопросов и на других дисциплинах и предметах как история, право, географии, решение экономических задач на уроках математики.

В требованиях к уровню подготовки это есть умения использовать приобретенные знания в практической деятельности и повседневной жизни для получения и оценки экономической информации, составления семейного бюджета, оценки собственных экономических действий в качестве потребителя, члена семьи и гражданина.

Целями изучения экономики на профильном уровне является работа с источниками экономической информации с использованием современных средств коммуникации, критическое осмысление экономической информации, поступающей из разных источников, формулирование на этой основе собственных заключений и оценочных суждений, экономический анализ общественных явлений и событий, решение задач, раскрывающих типичные экономические ситуации, освоение типичных экономических ролей через участие в обучающих играх и тренингах, моделирующих ситуации реальной жизни [2].

Требования к уровню подготовки обучающихся предполагают использование приобретенных знаний и умений в практической деятельности и повседневной жизни для исполнения типичных экономических ролей, решения практических задач, связанных с жизненными ситуациями, совершенствования собственной познавательной деятельности, оценки происходящих событий и поведения людей с экономической точки зрения, осуществления самостоятельного поиска, анализа и использования экономической информации.

«Ключевые компетентности — наиболее общие культурно выработанные способы действия, способности и умения, позволяющие человеку понимать ситуацию, достигать результатов в личной и профессиональной жизни в условиях конкретного общества.

Они приобретаются в результате опыта успешного применения полученных в образовательном процессе умений, путем опыта их успешной реализации» [3].

Они многофункциональны и овладение ими позволяет решать различные проблемы в повседневной, профессиональной или социальной жизни.

Они предметны и междисциплинарны и переносимы на различные предметные области, т. е. применимы в различных ситуациях не только в учебном процессе, но и на работе, в семье, в политической сфере и др.

Современная концепция образования ориентируется не только на усвоение знаний обучающимися, но и на саморазвитие, самореализацию, развитие личности, её познавательных способностей.

Сейчас основным направлением в сфере получения новых знаний поставлен компетентностный подход в образовании, рассматривающий в качестве результата образования не сумму усвоенной информации, а способность человека действовать в различных проблемных ситуациях.

В своей работе педагог экономических дисциплин должен стараться придерживаться общеизвестных дидактических принципов, позволяющих активизировать познавательную деятельность обучающихся экономике и обществознанию:

- это полноценная работа каждого обучающегося в течение всего учебного процесса,
- это доступность материала и опора на известные уже знания
- это наглядность и занимательность обучения, рациональное сочетание изученного материала с неизвестным,
- это задания на максимальном уровне трудности, соответствующие реальным возможностям ученика.

Основным методом в системе работы современного педагога остаётся метод проблемного обучения, при котором учащиеся самостоятельно добывают знания.

Именно здесь и помогают информационные технологии. Например, использование электронных таблиц позволяет решать самостоятельно трудоёмкие экономические задачи, а возможность предоставления результатов в графической форме вызывает у обучающихся новый интерес.

В учебном процессе успешно используются комбинации элементов известных методик преподавания.

Так, сочетание деловых игр и информационно-коммуникационных технологий с элементами коллективного метода обучения позволяет добиться наивысшей активности обучающихся на уроках экономики и обществознания, привить интерес к изучению этих предметов, возможность получить прочные знания.

Это сочетание даёт возможность преодолеть такие проблемы, как однообразное изложение материала в учебном процессе, перегруженность информацией.

Различные компьютерные программы позволяют смоделировать и провести деловые игры на уроках, которые позволяют разнообразить урок, отработать различные ситуации на рынках.

Игровые технологии обучения прекрасно дополняют компьютерные, что позволяет использовать все уровни усвоения знаний: от воспроизводящей деятельности через преобразующую, к главной цели — творческо-поисковой работе.

Таким образом, информационные компьютерные технологии и технология игровых форм обучения нацелена на то, чтобы научить обучающихся осознавать мотивы своей деятельности.

Обучающиеся сразу могут увидеть результаты своих решений, проанализировать их, сравнить их с решениями других игроков.

Здоровый азарт, возникающий во время таких игр, развивает интерес к изучаемому предмету и воспитывает у обучающихся такие качества, как организованность, дисциплина и ответственность за принимаемые решения.

Это может быть, например, модель рынка товаров и услуг, когда обучающиеся имеют возможность принимать решения о деятельности «своей» фирмы, назначать цену продукции, определять объём производства и выбирать наиболее актуальные статьи расходов или модель рынка ценных бумаг, где каждый учащийся может ощутить себя инвестором.

С помощью Интернет можно организовать изучение процесса инвестирования на реально существующем рынке ценных бумаг.

Проведя отслеживание результативности своей работы, педагог получает возможность утверждать, что сочетание компьютерной и игровой технологии повышает темпы усвоения

экономических и обществоведческих знаний, так как использование этих технологий служит условием актуализации знаний школьников, позволяет применять средства и методы, направленные на формирование стремления к использованию своих способностей в реализации на практике экономических и обществоведческих знаний [4].

Таким образом, основы экономических знаний становятся важным компонентом в общей системе образования. Необходимость включения основ экономической грамотности в учебный план специальной объясняется, с одной стороны, общими тенденциями развития современного общества, а с другой - коррекционными задачами, основная из которых - подготовка обучающихся с интеллектуальным недоразвитием к практической жизни.

Проблема экономического образования актуальна и для вспомогательной школы. Экономико-хозяйственная подготовка умственно отсталых учащихся к труду и жизни имеет большое коррекционное значение. Запас экономических знаний и умений способствует становлению у них таких необходимых для социальной адаптации и самостоятельной жизни качеств, как экономность, бережливость, хозяйственность, деловитость; содействует преодолению иждивенчества и беспомощности в решении материально-бытовых проблем, безответственности, беззаботности, которые зачастую присуща юношам и девушкам, окончившим вспомогательную школу.

Реализация поставленных задач и цели в учебном процессе должна идти путем интеграции экономики с математикой или технологией, где экономические знания будут находить практический выход: математические расчеты, качества личности – трудолюбие, предприимчивость, экономность.

Опыт работы показывает, что систематическое решение даже элементарных экономических задач в учебном процессе помогает детям развить экономическое мышление, освоить понятийный аппарат в ходе выполнения практических действий.

Основными задачами являются:

В сфере обучения – освоение основ знаний о современной экономике, принципах и закономерностях ее функционирования, умений экономической деятельности.

В сфере самосознания – осмысление своего индивидуального потенциала, формирование осознанного гражданского экономического поведения.

В сфере мотивации – развитие интереса к проблемам экономики страны и семьи, постоянной потребности в новых знаниях, стремления к самовыражению и самореализации, что должно стать средством социальной защиты, адаптацией к условиям рынка [5].

Список литературы

1. Аменд, А. Ф., Васильев, Ю. К., Вульффов Б. З. Экономическое воспитание учащихся. М., 2008.
2. Ахметшина, Г. К., Воробьев, И. В., Щукин, А. С. Экономическое воспитание учащихся: формы и методы. Казань, 2007, с. 146 - 155.
3. Васильев, Ю. К., Левчук З. К. Формирование экономической воспитанности. М., 2008, с. 91 - 101., с. 17.
5. Дудников В.В., Ильина Л.Ю., Курак Е.А., Экономическая культура. – Самара: Самарский ИПКРО, 1994.
6. Ковалева, В. Е., Орлова, Т. В. Экономическое воспитание школьников в условиях совершенствования социальной демократии// Демократия средней школы: проблемы, поиски, опыт. М., 2006, с. 82 - 92., с. 87.

VALUES OF STUDYING

А.А.Аралбекова

Атырауский аграрно-технический колледж им. У.Кушекова,
преподаватель английского языка, г.Атырау

Abstract

We are living in an era of science and technology. Science education is very important is very important for individual benefits and for the development of the society on the whole. Science is also very important in our day to day lives. Science education not only develops knowledge and competence in the subject but also helps in developing values of life. We can inculcate a number of values in the students through science education.

Key words:

Disciplinary ,intellectual, health and hygiene, utilitarian , vocational, aesthetic, psychological value

We are living in an era of science and technology. Science education is very important is very important for individual benefits and for the development of the society on the whole. Science is also very important in our day to day lives. Science education not only develops knowledge and competence in the subject but also helps in developing values of life. We can inculcate a number of values in the students through science education.

Values of Science: Intellectual value, disciplinary value, cultural value, Vocational value, Moral value, Aesthetic value, Creative value, Psychological value, Social value.

Values of Science: Disciplinary value, Intellectual value, health and Hygiene, value of proper utility of leisure time, Training in scientific method, Value for science as a basis for better living, Awareness about technology, Development of scientific attitude.

Intellectual value-The primary Aim of science education is the development of intellectual ability. Science education inculcate the knowledge of fact, the spirit of enquiry, the technique of assumption, the power of observation, and value of judgment in the student. Science develops our thinking imagination, memory observation, concentration, analysis, originality and of systematic thinking and reasoning. Science gives us the insight which enables us to search the truth and the reality of nature around us. Utilitarian value-the knowledge gained through science is much more useful in guiding our life style than gained through other sources. Science has major impact in the field of medicines and health thus preventing and curing number of disease.

Science has entered in our life and daily activities. The computer boom and the resultant development of information technology have made the world smaller and brought people nearer.

Cultural value-science plays an important role in the civilization of man. Science has played an important role in understanding the culture and civilization of a country from time to time. Science has great impact on the culture is wholly dependent on scientific progress. Thus science is an integral part of our cultural treasure.

Vocational value-the study of science is an open season for a number of professions. A student of science can choose medical, engineering, agricultural or any other professions. Now a days like agriculture, poultry farming and dairy farming.

Moral value-some people believe that science is responsible for lack of faith in God, but in reality the situation is reverse. No doubt that science does not permit blind faith. The qualities of honesty of purpose, truth self-control, self respect, self confidence and tolerance are automatically developed in man if he follows scientific method in his pursuit of knowledge. In science ever conclusion depends upon testes and actual observations.

Aesthetic value-Science is beauty, art and source of entertainment and a successful means of attaining physical comfort. Science helps us to utilize our leisure purposefully. Cinema, TV, radio, newspaper are gifts of modern science for our entertainment. A science student appreciate the nature in a better way.

Creative value- creativity is defined as an activity resulting in new product which is useful society. Science develop creativity in students, students learn new concept, identify new techniques and perform.

Psychological value-study of science fulfill the psychological needs of man and helps in evolution of natural curiosity and other instincts like instinct of collection, ego, self expressions. The instincts of curiosity is responsible for the urge of investigation, experimentation and research . In this way the study os science develops all the latest facility of a child.

Social value-science is of great value to society science makes a man useful citizen. Science gives impetus to the progress of society by its new thoughts and inventions. Today society stands on the pillars of scientific techniques and knowledge. All our social activities depend upon science

Science teaches us to: Be healthy

-By disposing the waste at proper plate.

-By spitting at the right place.

-By preventing the spread of epidemic diseases.

Development of scientific method

Scientific method used in solving scientific problems is also helpful in solving other problems of life. They approach the problem using a definite scientific procedure called as a scientific method. One can easily solve any problem comfortably. It is necessary that the students are taught and trained in these scientific method so that they can attack the problem instead of escaping from it. They can apply it any situation.

Development of scientific attitude-the attitudes of a scientist involve critical observation, open mindedness, suspended judgment free from superstition and belief etc. It frees individuals from the superstitions belief and improves their rational thinking. Science brings a positive change in the attitudes of individuals. The attitude once developed in student period, proves useful effects in later life of the child. The development of scientific attitude has a great impact on an individual's psychology i.e, the way of thinking.

Disciplinary value-science brings mental and physical discipline in the life of the individual. Problem solving, decision making, critical thinking, perseverance and commitment to tasks are some of the mental discipline. It helps us to judge all the good and bad points together with the gain and loss likely to be incurred in the plan of contemplated. Science makes us think seriously and helps to observe the real nature of the problem. Awareness about technology-learning the basics of basics of how certain devices work can help you develop ideas of your own and invent new technology. Even the knowledge of how to use telescopes, microscopes, and other devices in a laboratory can help you in examining objects and determining differences between them. Fixing minor problems in electronic objects in your own home is possible when you have the basic knowledge about technology.

Conclusion

Science is not only the way of acquiring knowledge about ourselves and the world around us. Human gain understanding in many other ways, such as through literature, the arts, philosophical reflection, and moral perceptions, but these subjects extend beyond science's realm, which is to obtain a better understanding of the natural world.

References

Gallup. (2014). State of America's schools: The path to winning again in education. Washington, DC: Author. Retrieved from www.gallup.com/strategicconsulting/168422/state-america-schools-report.aspx

Hulleman, C. S., Godes, O., Hendricks, G. L., & Harackiewicz, J. M. (2010). Enhancing interest and performance with a utility value intervention. *Journal of Educational Psychology*, 102(4), 880–895.

Hulleman, C. S., & Harackiewicz, J. M. (2009). Promoting interest and performance in high school science classes. *Science*, 326, 1410–1412.

WORLD SKILLS СТАНДАРТТАРЫНА СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП "ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ" МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ДЕМО ЕМТИХАН ЕНГІЗУ.

Таргапбаева Бану Жолдасовна

Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі, арнайы пән оқытушысы, Алматы қаласы

Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды пайдалану - заман талабы. ХХІ ғасыр - озық технологиялар ғасыры. Технология – бұл қандай да бір істе, шеберлікте, өнерде қолданылатын тәсілдер жиынтығы (түсіндірме сөздік). Бұл педагогтың қызметіне қатысты барлық іс-әрекеттер белгілі реттілікпен және тұтастылықпен ұсынылатын құрылымы, ал оны орындау қажетті нәтижеге жетуді тұспалдайды және болжамды сипатқа ие. Жүздеген білім беру технологиялары бар.

Қазақстанның барлық білім беру жүйесінің жаңаруымен бірге типтік жүйеде жаңа трендтер белгіленді. Олардың қатарында WorldSkills International халықаралық қозғалыс стандарттарын оқу процесіне енгізу бар, ол жұмысшы кәсіптері бойынша кәсіби шеберліктің әлемдік стандарттарын қалыптастыруға бағдарланған.

Біздің еліміз бұл қозғалысқа 2014 жылы қосылды. Қазақстанда жыл сайын WorldSkills Kazakhstan Ұлттық кәсіби шеберлік конкурсы өткізіледі, оның мақсаты – өзінің жоғары технологиялық салаларын дамыту үшін елдің кадрлық әлеуетін құру, қазақстандық білімі бар жас мамандардың жоғары "өтімділігін" қамтамасыз ету.

WorldSkills Kazakhstan миссиясы-кәсіптік бағдарлау, кадрлар даярлау, сараптамалық қоғамдастықтарды қалыптастыру және еңбек өнімділігін арттыру тетіктерін қоса алғанда, халықаралық стандарттар негізінде өнеркәсіптің жоғары технологиялық салаларын техникалық мамандықтар бойынша кадрлармен қамтамасыз ету тетіктерін қалыптастыру.

WSS техникалық және техникалық жағынан ең жақсы халықаралық тәжірибелердің негізінде жатқан білімді, түсінуді және нақты құзыреттерді, жұмыстың кәсіби деңгейін анықтайды.

Ол тиісті жұмысшы мамандығы немесе өнеркәсіп пен бизнес үшін нені білдіретіні туралы ұжымдық жалпы түсінікті көрсетуі керек.

Құзыреттілік бойынша жарыстың мақсаты WSS-те сипатталғандай және оларды жүзеге асыруға болатын дәрежеде үздік халықаралық тәжірибелерді көрсету болып табылады.

Құзыреттілік бойынша жарыстарда білім мен түсінуді тексеру практикалық жұмыстың орындалуын бағалау арқылы жүзеге асырылады.

«Ет және ет өнімдерін өндіру» мамандығы WorldSkills стандарттары бойынша келесі құзіреттіліктерді білу қажет.

1. Жұмысты ұйымдастыру және басқару

Маман білуі және түсінуі керек:

- еңбек заңнамасының негіздері
- нормативтік құқықтық құжаттар
- өндірісті ұйымдастыру
- табиғи жартылай фабрикаттарды өндіру технологиясы
- ет құрамы
- негізгі және қосалқы материалдардың есебін жүргізу принциптері,
- жабдықтар мен құралдардың қажеттіліктері
- ақау себептері

Маман білуі керек:

- тиімді жұмыс үшін жұмыс орнын ұйымдастыру
- максималды тиімділікке қол жеткізуге және жұмыстағы кемшіліктерді азайтуға бағытталған, белгіленген уақыт шеңберінде жұмысты жоспарлау
- жұмыс және технология сапасының жоғары стандарттарын енгізу және үнемі пайдалану

- кәсіби қызметте нормативтік және ілеспе құжаттаманы қолдану
- техникалық құжаттаманы жүргізу
- шикізатты верификациялауды, қабылдауды және шикізатты дайындауды жүзеге асыру
- етті өңдеу әдістерін қолдану
- етті сүйектен ажырату
- етті бөлшектей отырып сіңірінен ажырату
- ірі кесекті жартылай фабрикаттар дайындау
- порциялық жартылай фабрикаттарды дайындау
- ұсақ кесекті жартылай фабрикаттарды дайындау
- сапаны бақылау және дайын өнімді сатуға дайындау

Кәсіптік білім беруді жаңғартудың өзекті мәселелерінің бірі кадрларды даярлау сапасын арттыру болып табылады. Осыған байланысты тәуелсіз бағалау сипатын іске асыратын білім беру және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес келетін білім беру нәтижелерін бағалаудың жаңа құзыреттілікке бағытталған форматтарын енгізу ерекше өзектілікке ие. Барлық осы талаптарға жауап беретін білім беру нәтижелерін бағалаудың жаңа форматы WorldSkills халықаралық жарыстары шеңберіндегі жалпы және кәсіби құзыреттерді бағалау стандарттарына негізделген демонстрациялық емтихан болып табылады.

Демонстрациялық емтиханды өткізудің артықшылығы: демонстрациялық емтиханды сәтті өткізу білім беру мекемесінің беделін арттыруға ықпал етеді. Ұлттық чемпионат критерийлері бойынша өткізілетін орта кәсіптік білім беру жүйесінің түлектерін мемлекеттік қорытынды аттестаттау шеңберіндегі демонстрациялық емтихан жаңа құбылыс болып табылады. Сондықтан, демонстрациялық емтиханды мемлекеттік қорытынды аттестаттаудың міндетті элементі ретінде өткізу және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін келесі шарттарды орындау қажет.

WorldSkills қасапшы құзыреттілігі бойынша демонстрациялық емтиханның рәсімдері мен материалдарын талдау негізінде келесі қорытынды жасауға болады: демонстрациялық емтихан қолданыстағы дәстүрлі форматқа қайшы келмейтін мемлекеттік қорытынды аттестаттаудың жаңа стандартталған форматы ретінде әрекет етеді; бағалау бірыңғай бағалау материалдарын пайдалана отырып, бірыңғай қағидаларға сәйкес жүргізіледі; емтихан барысында алынған жекелеген құзыреттердің қалыптасу бағалары бірыңғай форматтағы құжатта – дағдылар паспортында белгіленген кәсіби қызметті меңгеруді бағалауда жинақталады; барлық мүдделі тараптар үшін демонстрациялық емтихан форматында сертификаттау құралдары мен нәтижелерінің ашықтығы қағидаты іске асырылды.

Жас топтарына бөлінген қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар

Қатысушылар үшін 14 жастан 18 жасқа дейін

"Ет өнімдерін өндіру" құзыреті сарапшыларының тікелей басшылығымен демонстрациялық емтиханға қатысуға

"WorldSkills" стандарттары бойынша 14 жастан 18 жасқа дейінгі қатысушыларға рұқсат етіледі:

- "еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқама бағдарламасы" бойынша еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамадан Өткендер;
- еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен танысқандар;
- құралды пайдалану бойынша қажетті дағдылары бар, жабдықтағы бірлескен Жұмыс құрылғылары;
- денсаулық жағдайы бойынша демонстрациялық емтиханды орындауға қарсы көрсетілімдері жоқ.

Демонстрациялық емтиханды орындау және демонстрациялық емтиханды өткізу орны аумағында болу процесінде қатысушы нақты сақтауға міндетті:

- еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулық;

- қоршаулар мен техникалық бөлмелерге кірмеу;
- жеке гигиенаны сақтау;
- қатаң белгіленген жерлерде тамақ ішу;
- демонстрациялық емтиханды орындауға рұқсат етілген құрал мен жабдықты өз бетінше пайдалану.

Сараптамалық бағалау WSK жарыстарының негізінде жатыр. Осы себепті ол үнемі кәсіби жетілдіру мен мұқият зерттеудің тақырыбы болып табылады.

Бағалаудағы жинақталған тәжірибе мыналарды анықтайды.

WSK жарыстарында қолданылатын негізгі бағалау құралдарын болашақ пайдалану және дамыту бағыты: бағалау схемасы, конкурстық тапсырма және чемпионаттың ақпараттық жүйесі (CIS).

Жалпы бағалау схемасы демо емтиханның тапсырмасын әзірлеу процесінің шешуші факторы болып табылады.

Әрі қарай бағалау схемасы мен емтихан тапсырмасы және бағалау стратегиясы шеңберіндегі өзара байланыстарды бірлесіп оңтайландыру үшін итеративті процесс арқылы әзірленеді.

Бағалау схемасы емтиханның негізгі құралы болып табылады. Ол тек бір WSS модуліне сілтеме жасай алатын әрбір бағаланатын аспект бойынша ұпайларды бөлуге арналған.

Бағалау схемасы мен емтихан тапсырмасын бір адам, сарапшылар тобы жасай алады.

Емтихан тапсырмасын бағалау мынадай критерийлерге (модульдерге) негізделетін болады:

Жеке гигиена ережелерін сақтау;

- Қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- Жұмыс орнын дайындау;
- Әдіс талабына сәйкес әрекеттер тізбегін таңдау;

Демонстрациялық емтиханды ұйымдастырумен байланысты орта кәсіптік білім беру сапасын бағалау нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс, олар уақтылы өзектендіріледі. Педагогикалық кадрларды ДЕ өткізуге, сондай-ақ сарапшыларды арнайы даярлау қажет. Емтихан өткізу уақытының, сарапшылар (мемлекеттік емтихан комиссиясы мүшелерінің) санының және ДЕ материалдық-техникалық қамтамасыз ету шығындарының ұлғаюына байланысты мемлекеттік қорытынды аттестаттау рәсімін өткізуді қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі мәселені шешу маңызды.

Осы бағыттағы қызметті жалғастыру және жандандыру қажет, өйткені мемлекеттік қорытынды аттестаттауды өткізудің жаңа форматы студенттерге алған дағдыларын, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, кәсіби құзыреттерін іске асыруға мүмкіндік береді және болашақ түлектердің кәсіби мансабын құруға әсер етеді.

Қорытынды бойынша демонстрациялық емтихандарды сәтті тапсырған студенттер құзыреттілік паспортын алды.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. WorldSkills Kazakhstan стандарттары.
2. Интернет ресурстар
3. "Ет өнімдерін өндіру" құзыреттілігі бойынша Ресейдің WorldSkills стандарттары бойынша демонстрациялық емтиханға арналған бағалау материалдары.
4. Ет және ет өңдеу құзыреттіліктің техникалық сипаттамасы

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ- БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҮЛҒА ДАЙЫНДАУ КЕПІЛІ

Ж.А Ерболаева

О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі,
жоғары санатты экономикалық пәндер оқытушысы

Қазіргі таңда экономикалық білім тек экономика мен басқарудың түрлі саласында қызмет істейтіндерге, ғалым – экономистерге немесе экономика пәні оқытушыларына ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуге, қоғамның әрбір мүшесіне қажеттілігін бүгінгі өмір талабы көрсетіп отыр. Әлемдік экономикалық теорияның негізін салушы Адам Смит өзінің «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу» еңбегінде, экономикалық білімнің адамзат өміріне қосар үлесі зор деп көрсеткен. [1].

Экономика алғашқы ұғымында «үй шаруашылығын»білдірген.Кейіннен бұл ұғым кең көлемде, қоғамдық өндірістің жүйесі деп аталуда.Өндіріс - қоғамның дамуына және өмір сүруіне қажет. Көп қырлы экономикалық қатынас арқылы әрбір адам басқалармен байланыста болады. Адамдар жалақы алады, өнім шығарады сатушы және сатып алушы ретінде қызмет атқарады. Қай заманда болмасын адам өз өмірінен экономика белгілерін табады, яғни күн сайын ұшырасады. Мысалы, үстіміздегі киім, таңертеңгілік ас, үй жанындағы дүкен және т. б.

Экономикалық білім мен тәрбиенің міндеттері:

- білім алушыларды қоғамның даму заңдылықтарымен, өндіріс экономикасымен таныстыру
- басқаруға тән - ұқыптылық, іскерлік, ықыластық, тәртіптілік, т. б қасиеттерді дағдыландыру
- экономикалық есеп,талдау жасап дағдыларына үйрету, еңбекті ғылым негіздерімен байланыстыра білу

Экономикалық білім мен тәрбие беру дегеніміз жас ұрпақты экономикалық білімдер негіздерімен қаруландыру, қоғамның экономикалық саясатын ұғындыру, өндіріс, айырбас, бөлісу және тұтыну шеңберіндегі негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгерту.

Сондай-ақтұлғаның нарықтық экономика жағдайында шаруашылықты тиімді жүргізу қағидалары мен нормаларына сай, сана-сезімдерін, дағдыларын, іскерліктерін, талаптары мен мүдделерін қалыптастыруға жүйелі және мақсатты ықпал жасау. Ол жеке тұлғаның әлеуметтік құнды, жағымды қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі өсіп келе жатқан жастар, Қазақстан халқының әл-ауқатын көтеруді, әр азаматтың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін экономикалық жүйені құруы жолында еңбек етулері қажет. Сондықтан да, қазіргі таңда оқытушылар алдындағы өзекті мәселелердің бірі, ол өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бұл оқу орындарының барлық деңгейлеріне жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі оның білімі мен маман ретіндегі дайындығымен қатар, қоғамның әлеуметтік құрылымында орын алуға мүмкіндік беретін оның еңбекқорлық, жауапкершілікпен шешім қабылдау, шығармашылық, тәуекелге барушылық, көшбасшылық, бастамашылық, тіл тапқыштық, тәуелсіздік сияқты жекелеген қасиеттерге ие болуына байланысты.

Экономикалық тәрбиенің негізі отбасында және оқу орындарында қалыптасады. Ол ата-аналардың, мұғалімдердің, жұртшылықтың бірлесе күш салуымен іске асады. Оқытушылар қауымы еңбегінің нәтижесін көру үшін, білім алушыны біліммен толтыратын құты емес, жағатын шам ретінде қарастыруы қажет. Оқыту барысында жеке тұлғаға анықталған білім көлемін хабарлауды емес,өз бетімен дұрыс қорытынды шығаруға негіз болатын өмірдегі жағдайларды талдау арқылы, ой елегінен өткізуге дағдыландыру маңызды.

Экономикалық тәрбие мен білімнің өзіне тән әдістері бар. Олар:

1. Жаттықтыру. Әр түрлі іс-әрекеттерін істей білуге машықтандыру, жұмыс орнын тиімді ұйымдастыру, уақыт және өндіру нормаларын анықтау, материалдарды, электр қуатын, суды, газды үнемді пайдалану, т.б.

2. Тәжірибелік жұмыстар және эксперимент. Бұл әдістерді білім алушылардың жеке шаруа қожалықтарында, оқу орындарындағы жылыжайларда қолдануларына болады. Тәжірибелік және эксперимент жұмыстарының мақсаты – білім алушыларды өнімді бағалай білуге, бизнес, ақша мен пайда сияқты ұғымдарды өмірде қолдана білуге дағдыландыру.
3. Экономикаға байланысты есептер шығару - еңбек ақыны, уақыт және өндіру нормаларын есептей білу, рентабельдік, пайда, өзіндік құн және басқа да экономикалық ұғымдар жайлы есептер шығаруға үйрету, жаттықтыру.

4. Сандық материалдарды талдау әдісі - саяхат кездерінде жиналған мәліметтердің негізінде кестелер, диаграммалар жасау, қандай болса да экономикалық қызметтердің тиімділігін анықтау.

5. Ғылыми-техникалық, экономикалық әдебиеттермен жұмыс.

6. Экономикалық сөздік жасау- нарықтық экономика терминдерін қазақ тілінен орыс және ағылшын тілдеріне аудару, сөздікті пайдалана білуге үйрету, сөздік қорын молайту .

Жыл сайын мыңдаған түлектер оқу орындарын бітіріп, өмірге жолдама алады. Осылардың көпшілігі өз бетінше шешім қабылдап, дербес әрекет етуге дайын емес.

Дамыған елдерде экономикалық тәрбиенің бай тәжірибесі бар екені белгілі. Бастауыш мектептің өзінде білім алушыларды экономикалық білім негіздерімен таныстырып, қазіргі заманғы өндіріс пен мамандықтар туралы түсінік береді.

АҚШ-та экономикалық тәрбие беру мәселелеріне ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарында айрықша назар аударыла бастады. Американ экономистері, педагогтері мен өкімет ұйымдары өздерінің істерін, бизнесін дұрыс басқару үшін барлық адамдарға өте-мөте қажет негізгі экономикалық түсініктер мен дағдылар өнерін меңгерудің, сондай-ақ азаматтың саясатқа жауаптылықпен қатысуының және қоғамның жалпы игілігін қолданудың зор маңызы бар екенін түсіне отырып, бүкіл халықтың экономикалық сауаттылығын алдыңғы орындардың біріне қойды. Американ мамандарының пікірі бойынша, экономикалық білім беру бастауыш мектептің бірінші сыныбынан басталып, балалардың жыныстық және жас, этникалық және мәдени ерекшеліктері ескеріліп, олар оқу орнын бітіргенге дейін жүргізілуі керек. [2].

Чехия, Венгрияда, Болгарияда, Германияда балалар еңбекке ерте араласады, олар ата-аналарымен бірге мемлекеттен жалға алған жеке қожалықтарда жұмыс істейді, ол шаруашылықтар бай және жұмыс қолына өте зәру болады. Балалар сөз жүзінде емес, іс жүзінде ерте жастан еңбек етуге тартылады, шаруашылық қамына, экономикаға ден қойып, жұмысты шығын емес, пайда әкелетіндей етіп ұйымдастыруды үйренеді. Егер балалар жеке қожалықтарынан басқа жерде еңбек етсе, онда олар істеген жұмысы үшін ақша алады.

Тапқан ақшасын өз бетінше жұмсай отырып, өз кірісі мен шығынын жоспарлауды, қажеттіліктерін мүмкіндіктерімен үйлестіруді үйренеді. Ерте жастан еңбекке баулу отбасы мен ел экономикасына үлес қосып жүрген балалардың жеке тұлға ретінде дамуына игі ықпал етеді. Бірқатар елдердің әлеуметтік-экономикалық саясатында әркімнің өз еңбегінің түпкі нәтижесіне қызығуына мән береді. Басты нәрсе – адам мүддесін қоғам мүддесімен ұштастыру, оларды бір-біріне қарсы қойып алмау. Әрбір жеке азаматы дәулетті болған сайын сол елдің халық шаруашылығы да бай бола түседі деп есептеледі.

Бәсекеге қабілеттіліктің басты көрсеткіші – студент жастардың білім деңгейінің жоғары және олардың парасатты, аса тәрбиелі тұлғалар болып қалыптасуы. Өйткені бүгінгі күнгі студенттер – ертеңгі мамандар. Күні ертең - ақ, олар өндірістік және әлеуметтік басқару жүйесін өз қолдарына алады.

Бүгінгі таңда арнаулы кәсіптік оқу орындарында « Кәсіпкерлік негіздері» пәні базалық оқу модулі ретінде оқытыла басталды, Бұл пәнді оқу барысында студенттер базалық және кәсіби құзыреттерге ие болады, яғни біріктірілген есептер, іскерлік пен тәжірибе негізінде кәсіби

міндеттердің жиынтығын шешіп, кәсіпкерлік қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді игереді, сонымен қатар олар өз бетінше маркетингтік зерттеулер жүргізе алады және клиенттерді тарту және оларды ұстап тұру бойынша сату техникасын қолдана алады, операциялық қызметтің мәнін түсінеді, бизнес-модельдер мен бизнес-жоспарды құрастыра алады, идеяларды іске асыру үшін қажетті өмірлік маңызы бар дағдыларды, электрондық қызметтерді қолдануды, бизнесті масштабтау мен кәсіпкерліктің жауаптылығының мәні мен мақсатын меңгереді.

Студенттер, бұл пәнді оқу нәтижесінде экономикалық білім мен тәрбие алып қана қоймай, өз кәсіптерін қалай бастау керектігі туралы толық ақпарат ала алды.

Кәсіп ашудың негізі қаржы емес - тың идея. Идеясыз адам болмайды, тек соны аша білу керек. Бір адам – бір идея, немесе оданда көп. Әр студентке, үйге тапсырма ретінде, 3-4 идея ойластырып келуді тапсырылады. Студенттер кем дегенде тапсырманың 30 процентін орындағанның өзінде, бір идеядан алып келеді. Студенттер ең бірінші қойын дәптерден бастайды. Ойларына келген идеяны жазып қояды және көптеген сұрақтарға дайындалады: Бұл не? Бұл қалай жұмыс істейді? Қалай ақша табуға болады? Керек пе? Қалай бастау керек? Не керек? Кім керек? Қандай мәселені алдымен шешу керек? Осы сұрақтардың біреуіне жауап іздеген кезде келесі ой туындай береді.

Содан соң, студенттер бизнес идеяларын «Канва моделі» бойынша құрастырады. Яғни, бизнес идеяның тоғыз блоктан тұратын тиімділігі, бәсекелестері, жылжыту, іске асыру, табыс көлемі мен шығындары есептелінеді. [3].

Жалпы студенттерді кәсіпкерлікке баулымастан бұрын, кәсіпте өз орындары бар, озық кәсіпкерлер мен бизнесмендердің ойлары мен даналық сөздерін айтып отырған дұрыс деп ойлаймын. Мысалы:

Жаңалық жасайтын, әлемге өзгеріс әкелетін кімдер десеңіз, олар – ақылды адамдар. Сондай әйгілі тұлғалардың бірі -Стив Джобс. Әйгілі Apple компания-сының негізін қалаушы Стив Джобстың есімі жарты әлемге таныс. Бүгінде ол ойлап тапқан iPhone, iPad секілді гаджеттерді бүкіл әлем жұртшылығы пайдаланады десек қателеспейміз. Стив Джобстың айтқандары:

1. Қате жібермегенің, өмірді толыққанды түсінбегенің;
2. Біз мақтаншақ жастардың арқасында ақша тауып отырмыз;
3. Саған – «қолыңнан келмейді», деп айтқандардың ешқайсысын тыңдама

Бизнес жоспарлар – қандайда бір коммерциялық жобаны іске асыру жөніндегі компания қызметінің егжей-тегжейлі әзірленген бағдарламасы. Бизнес-жоспар әдетте болашаққа арналып жазылады және оны 3-5 жыл ілгеріге құрған жөн. Бұған қоса, бірінші жыл үшін негізгі көрсеткіштерді айға, екінші жылы – тоқсанға бөлу қажет, тек үшінші жылдан бастап жылдық көрсеткіштермен шектелген дұрыс. Алайда, біздің экономикамызды, оның тұрақсыздығын есепке ала отырып, бір жылдан астам уақытқа бизнес-жоспар құру – тиімсіз болмақ.

Студенттер негізінен бизнес-жоспарларды нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы «Бастау» жобасы бойынша алып грант қаражатына өндірісті бастауды жоспарлайды.

Кәсіпкерлік негіздерін оқыту өте күрделі болғанымен, болашақ мамандарды кәсіпкерлікке баулуда қызмет ету қызықты істердің бірі десекте болады. Еліміздің дамуына кәсіптік жолда еңбек ететіндер үшін бұл пән өте қажетті, әрі сұранып та тұр.

Біздің мақсатымыз – жастардың ойлау қабілетін арттыру, оларға қиындықтар мен туындаған мәселелерді мүмкіндік ретінде қабылдап, игерген машығын өзі таңдаған саланың қызметінде күнделікті пайдалануға үйрету, білікті маман, мықты кәсіпкер болуға баулу. Колледж оқытушылары пәнді оқыту барысында студенттер қауымына осыны түсіндіру жолында еңбек етуде..

Қазіргі таңда болып жатқан жаңа әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық саяси өзгерістер жағдайында еліміздің әрбір азаматы, әсіресе жас түлектер өмірдің дамуынан қалыспай өзінің Отан алдындағы парызын еш уақытта естен шығармауы керек. Әрине, бұл өте жауапты

жұмыс. Сондықтан нарықтың экономикаға байланысты білім алушыларға тәрбие және білім беру ісін басқару, оны жетілдірудің жолдарын іздестіру және ұтымды қолдану оқу орындары оқытушыларының басты міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Газизулин Ф.Г. Философия экономических ценностей / Проблемы современной экономики N 4 (36), 2010
- 2.Ахметова П.А. Шаумен Г.С. Ыбырай тағлымы. Арқалық 2008, 60-б.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

В.Г. Дахиева

О.Көшекков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, арнайы пән оқытушысы,
Атырау қаласы

Егеменді Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жетістіктері, халықаралық қарым-қатынасының кеңеюі экономиканың қай саласында болсын жұмыс пен қызметті ұйымдастыруды әлемдік талаптармен үйлестіруді қажет етеді. Елімізде кәсіби оқыту мамандарының кәсіби дайындығын зерттеу мәселесі жағынан бірқатар тәжірибелер жиналған. Қазіргі кезде кәсіби білім саяси-қоғамдық және психологиялық-педагогикалық білім саласында кеңінен өріс алады. Әсіресе, болашақ мамандарды ғылыми теория және іс-тәжірибе бағытында дайындауға зерттеулер педагогика ғылымдары жүйесінің әр саласында жүргізіліп келеді. Бұл кең етек алып келе жатқан еңбек нарығындағы құбылыстың бір көрінісі. Бұл үздіксіз процесс, оны тоқтату мүмкін емес. Сондықтан білім саласын қоғамның осы ерекшеліктеріне қарай бейімдеу қажет [1].

Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасында “арнаулы кәсіби білім берудің мақсаты - жеке тұлғаның саналы арнаулы білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын таңдауға кеңінен мүмкіндік беру” делінген. Осыған орай болашақ маманға кәсіби білім беру арқылы рухани және инновация жағынан дамуындағы ролін терең зерттеуді қажет етеді [2]. Сондай қажеттіліктердің бірі – техникалық және кәсіптік білім беру саласында арнайы пәндерді оқу процесінде факультативтік сабақтар мен курстарды оқу жоспарына енгізу.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласы – бұл жалпы орта білім берудің жалпы білім береті оқу бағдарламалары мен техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті кадрлар ындаярлау жөнінде техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны болып табылады [3].

Техникалық және кәсіптік білім беру студенттерге кәсіпке бағыттау маман тұлғаны қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы қоғамның экономикалық даму жағдайларына тез бейімделіп, еңбек нарығында өз орындарын тауып, өз іс-әрекеттерінен тұрмыстық және рухани қанағат алатын, өз қабілеттерін орынды пайдаланып және шығармашылық күштерін дамытуға белсене ат салысатын озық ойлы, елжанды мамандарды дайындау қажетті деп есептелінеді.

Қазақстан Республикасының мерзімге арналған білім беру ісін дамыту тұжырымдамасында отандық білім беруде жетілдіру мен оның әлемдік білім беру аясына ықпалдасуының басты бағыттары белгіленген. Соған байланыста алған білім мен біліктілігі негізінде бүгінгі өзгермей өмірді еркін бағдарлай алатын, өзін-өзі дамытып, өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдай білетін тұлғаны тәрбиелеу мақсаты қойылды. [4]

XXI ғасырдың өзекті талабы кәсіби- техникалық еңбектің жоғары білікті мамандарының кадрларын даярлау [1]. Осыған байланысты «Білім туралы заң» 4- тарау, 17- бабы бойынша:

1. Техникалық және кәсіптік білім беру орта білім беру деңгейінің құрамдас бөлігі болып табылады және қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтердің негізгі бағыттары бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті мамандарын даярлауға бағытталған.
2. Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары бағдарлама мазмұнына және білім алушылардың даярлық біліктілігінің деңгейіне қатысты техникалық еңбектің жоғары білікті мамандарын даярлауды, оларды қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін техникалық және кәсіптік білім беруді көздейді [3].

Көп жылдар бойы білімді кәсіптік білімнің негізгі көрсеткіші деп бағалау теория мен тәжірибе жұмысы дайындығы арасындағы табиғи байланысқа мән берілмеуіне, мамандарды

кәсіпке дайындауда білім қорының жеткілікті болмауына әкеліп, кейбір студенттердің оқуға, одан кейін болашақ кәсібіне деген біліктілігінің төмендеуіне әсерін тигізді. Техникалық және кәсіптік білім беру саласында, білім беру барысындағы осы мәселені шешу жолының бірі - студенттердің кәсіби біліктілігін қалыптастыруды қайта бағдарлау арқылы оларды таңдаған кәсіби саласында өз білімдерін, іс-тәжірибелерін, мақсаттарын толықтай жүзеге асыруға тұлғалық құлшыныстарын ынталандыру. Кәсіби біліктілік - ол маманның таңдаған кәсіби алдындағы талаптарды, міндеттерді және оған сәйкес көзқарастарды, пікірлерді, нұсқауларды барынша қабылдау деген сөз. Әсіресе, студенттердің болашақ кәсібіне байланысты мәселелерді шешу барысындағы олардың шығармашылық ой қабілеттерінің маңызы ерекше. Бастапқы кезеңде бірқатар студенттер өз мамандықтары бойынша жұмыс істеуді жоспарламайды, сондықтан олардың оқуға жағымды көзқарасын тудыру арқылы болашақ кәсібіне қызығушылығын қалыптастыру қажет [1].

Білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, технологиялық жағынан жабдықталуы, оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік сұранысынан туындайды. Бұған дейін білім беру үрдісінің негізгі бөліктері: мақсат - мазмұн - форма - әдіс - оқыту көрнекілігі болса, бүгінгі жаңа технология бойынша: оқып үйрену - меңгеру - өмірге ендіру - дамыту болып өзгеріп отыр.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруды ұйымдастыру түрі - оқу процесіндегі арнайы пәндер бойынша берілетін білімді жалғастыруға және тереңдетуге, сонымен қоса студенттің тәжірибелік дайындығын жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Кәсіптік-техникалық білім беру саласында оқытудың мынадай формалары қолданылады:

1. Теориялық оқыту: түрлі типтегі сабақтар, дәрістер, зертханалық-сарамандық жұмыстар, теориялық және практикалық семинарлар, саяхаттар, оқу конференциялары, үй тапсырмалары.
2. Өндірістік оқыту: оқу шеберханаларындағы сабақ, кәсіпорынның өндірістік цехында оқыту, қызмет көрсетудегі еңбек, өндірістік практика, жұмыс орны және т.б.
3. Сыныптан тыс жұмыстар мен қосымша сабақтар: факультативті сабақтар, консультациялар, үлгермеушілермен қосымша сабақтар, үйірме жұмыстары және т.б.

Студенттердің білім, білік және дағдыларын тексеру: сынақтар, емтихандар, қорытынды конференция-біліктілік байқау жұмыстары.

Сабақ- оқу үрдісін ұйымдастырудың негізгі түрі. Сабақ оқу-тәрбие барысының нақты түрі. Мұның нәтижесінде студент тұлғасын тәрбиелеу, дамыту, білім беру міндеттері арнайы дайындығы бар маман басшылығымен жүзеге асады. Сабақ беру- білім беру және тәрбиелеу мақсаттарына бағытталған оқытушы ұйымдастыратын студенттер іс-әрекетінің күйі. Оқу- студенттің нақты білім алып, біліктіліктер мен дағдыларды меңгеріп қамтамасыз ететін, тұрақты бағдарлама мен жоспар арқылы жүзеге асырылатын мақсатқа бағытталған барыс.

Оқу процесін дұрыс ұйымдастыру студенттердің үздіксіз өз бетімен білім және тәрбие алуды қажетсінуін туындатады. Оқудың сипаты, оның нәтижесі оқытушылар құрамына, олардың теориялық және педагогтық дайындығына, студенттердің дайындық деңгейіне, оқу іс- әрекетінің сипатталуына, оқуға олардың қатынасына тәуелді болады.

Кәсіби білім берудегі сабақ өту барысында инженер-педагог студенттерді білім деңгейі бірдей нақты топтарға біріктіріп, белгілі бір мерзім ішінде ақпарат береді.

Кәсіби оқытуда сабақ берудің мына түрлері қалыптасқан:

- Теориялық оқыту сабағы;
- Практикалық оқыту сабағы.

Теориялық оқыту сабағы студенттерге болашақ кәсіби қызметін жүзеге асыруда ғылыми-теориялық біліммен парасат, білік, дағдылық қабілеттіліктерін жетілдіруге арналған

оқу үрдісі болып табылады. Техникалық және кәсіптік білім беру салаларында сабақ мынадай түрлерге жіктеледі:

1. Жаңа білім негіздерін игеру;
2. Білім мен дағдыны жетілдіру;
3. Қайталама- жалпылау;
4. Бақылау- тексеру;
5. Аралас сабақтар т.б.

Теориялық оқыту үрдісінден негізінен аралас сабақтар түрі жиі пайдаланылады. Мұнда сабақтың ұйымдастыру және дидактикалық құрылымы болады. Ұйымдастыру құрылымы мыналардан тұрады:

- ұйымдастыру кезеңі;
- үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- оқушылардан өтілген материалдарды сұрау;
- жаңа сабақты түсіндіру;
- жаңа сабақты игеруде оқушылардың өз бетінше жұмысы;
- жаңа сабақ материалдарын бекіту;
- сабақты қорытындылау;
- үйге тапсырма.

Өндірістік оқытудың мынадай формалары бар:

1. оқу шеберханаларында оқыту;
2. өндірісте оқыту [5].

Бастауыш кәсіптік білім мен орта кәсіптік білім беру:

- Қызмет корсету
- Техникалық
- Ауылшаруашылық

Техникалық және кәсіптік білім беру салаларында оқытудың мына түрлері қолданылады:

1. Теориялық оқыту: сабақтар, лекциялар, зертханалық-сарамандық жұмыстар, семинарлар, экскурсиялар, оқу конференциялары, үй тапсырмалары.
2. Өндірістік оқыту: оқу шеберханасындағы сабақ, кәсіпорынның өндірістік цехында оқыту, қызмет көрсету аясындағы еңбек.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында кез келген оқыту технологиясы студенттердің қызығушылығын арттырып және белгілі бір саладағы ақпаратты жеңіл игеру ерекшеліктеріне ие. Мұндай технологияларға ойын технологияларын жатқызуға болады. Жұмысшы, техникалық мамандықтарды игеру кезінде студенттер теориямен қатар оқу тәжірибесін, өндірістік тәжірибесінен өтеді. Теориялық сабақ кезінде жаңа ақпарат алып белгілі бір заттардың (механизм, агрегат, жұмыс технология, шикізат т.б) құрылымымен, жұмыс принципімен танысып, зерттейді. Ал сол теориялық сабақ кезінде алған жаңа ақпаратына дәлелді студент оқу тәжірибесінде, өндірістік тәжірибесінде табады. Дәл осы оқыту процессі кезінде теориялық сабақтарда студенттерді жарыстыра отыра өтілген тақарап бойынша игерген білімдерін бағалау үшін, қолымен ұстап жұмыс істеп көрген механизмінің сипаттамасын, анықтамасын нақты студенттің білуі үшін ойын элементтерін және өзін-өзі дамыта оқыту технологияларын қолдану таптармайтын құрал.

Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде дидактикалық ойындарды қолданудың мақсаттылығы әртүрлі. Жаңа білімді игерген кезде дидактикалық ойындардың мүмкіндіктері дәстүрлі оқыту формаларына жол береді. Сондықтан оларды оқыту нәтижелерін тексеру, дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру кезінде жиі қолданады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <http://edu-resource.net> (Предметно-языковое интегрированное обучение).
2. <https://infourok.ru> (МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ. Алметов Н.Ш., ЮКГУ им. М.Ауэзова, 2016)

3. «Мұғалім kz» республикалық оқу – әдістемелік журналы, 2016ж
4. Тұрғанбекова Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы: Рауан, 2005. – 250 б.
5. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2018. 30- 32-б
6. Maryshkina T.V., Kalizhanova A. N. Possibilities of mechanisms of bilingual education for the formation of trilingualism // Филологический аспект: международный научно-практический журнал. – Нижний Новгород: Научно-издательский центр «Открытое знание», 2019. – №11 (43). – С. 138-145 с.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТЕТІКТЕРІ

Ахметбекова Улмекен Канибекқызы

Тараз политехникалық колледжі оқытушысы

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық педагогикалық технологияларын шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Еліміздің барлық оқу мекемелерінде білімнің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат – жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Осыған орай, білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгереді. Сол себепті қазір жалпы барлық оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары қолданыла бастады. Сондықтан жаңашылдық керек, яғни, инновациялық жүйе негізінде оқу орынның оқушыларының белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту олардың белсенділік-сенімділік сапаларын диагностикалық әдіс-тәсілдермен анықтауға, сабақта, сабақтан тыс уақытта өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуге, қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуына, инновациялық тәртіп нормаларын, белгілерін, көрсеткіштерін анықтауға көмегін тигізеді

Инновация («новация» - жаңа, жаңашылдық; «ин» «қайталанатын» процесс, деген ұғым) бар, әрекет етуші нәрсенің ішінде жаңаның пайда болуын, дамуын білдіреді. Бұл түсінік. ХХ ғасырдың 30- 50 жылдарында Европада ғылымның жаңа саласы ретінде пайда болды. Жалпы педагогикалық инновация ұғымын сипаттауды мына түрде беруімізге болады.

Білім берудегі адам қабілетімен іскерліктерін дамытуғы бағытталған оқу-тәрбиеде қолданылатын құралдардың арнайы формалары, әдіс-тәсілдері көрсетілетін психологиялық-педагогикалық нұсқауларға және оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру әрі жүзеге асыруға бағытталған біріккен педагогикалық іс—әрекетке жаңашылдық тұрғысынан келу инновациялық технология болып табылады. Демек, инновациялық технология маманның құзіреттілігіне ықпал ететін шығармашылық қасиеттерді, шеберлікті қалыптастыруға қолданылатын әдіс-тәсілдер мен амалдар жиынтығы.

Инновациялық оқытудың ерекшеліктері:

- Көрегендік сипат алуы, дамудың жылдамдығы;
- Болашаққа үмітпен қарау;
- Өзіне, өзгеге талаптың жоғары болуы;
- Тұлғаға, оның дамуына бағытталуы;
- Шығармашылық элементтерінің міндетті қатысуы;
- Қарым-қатынастың ынтымақтастыққа, өзара көмекке негізделуі және т.б.

Қазіргі кезде білім беру мен білім жүйесін ұйымдастырудың оқу үдерісіндегі жаңа технологиялары ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану аясын кеңейтіп мультипликацияны, бейнетаспа мен күрделі сызбалармен оқу материалдарын түсінікті баяндауға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологиялар адамға ақпаратты максималды жақын түрде сенсорлы елестету, ақпараттық және бағдарламалық аспектілері арқылы қолданушыға ақпаратты әр түрлі формада: мәтін, графика, анимация, дыбыс, бейнемен интерактивті режимде елестетіп көруге мүмкіндік береді. Ол үшін ақпараттық технологиялардың яғни компьютерлердің интернет желісіне қосылу мүмкіндігімен бірге дыбыстық әрлендіруге WT синтездерін, DSP сигналдық процессорларын, TW аудио сигналдар үшін сығушы синтездерді, CD-ROM лазерлік дискілерді пайдалану нәтижелі болады.

Соңғы кездері оқыту үдерісінде осы мақсатта пайдаланылып жатқан электронды оқулықтар да кеңінен қолданылуда. Электронды оқыту бұл электрондық бизнес сервистерін және технологияларды пайдалану. Мұнда аудиториялық сабақтардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін ұжымдық жұмыс құралдарын және электрондық контентті қолдану қарастырылған. Желілік инфрақұрылым электрондық оқу үшін технологиялық база болып табылады. Желілік инфрақұрылым өзінің күштілігімен, сенімділігімен, қауіпсіздігімен, ыңғайлылығымен ерекшеленеді және ашық оқу стандартына негізделеді.

Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». «Электрондық оқулықтарды» пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ойлау жүйесін, тәжірибелік ой тжырымдамасын қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электрондық оқулық дегеніміз - мультимедиялық оқулық, сондықтан электрондық оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық уақыт үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге, сауалнамалар арқылы өзін өзі бағалауға зор ықпал етеді.

Электрондық оқыту формасы қашықтықтан оқу жүйесінің құралы болып табылады. Қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі көрінісі оқытушы мен студент арасындағы қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен тікелей қатынас орнатуы.

Қашықтықтан оқудың дәстүрлі оқу түрінен айырмашылығына:

Ыңғайлылық - кез келген жерде, кез келген өзіне ыңғайлы уақытта жылдам дайындалу мүмкіндігі.

Параллельдік - маман ретінде өсуі, жетілудің қатарлылығы. Үнемділік - оқу аудандары мен техникалық және жеткізу құралдарын қолайлы пайдалану.

Технологиялық - әлемдік постиндустриалды ақпараттық кеңістікте адам қозғалысын жылдамдататын ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін білімдендіру үдерісінде қолдану.

Әлеуметтік тең құқылылық - студенттің материалдық және элитарлық, денсаулық жағдайы, тұратын орнына қарамастан тең білім алу мүмкіндігі.

Халықаралық - білім нарығында әлемдік жетістіктерді импорттау және экспорттау.

Икемділік - студенттер көп жағдайда лекция, семинар түріндегі сабақтарға қатыспайды. Әркім өзі таңдап алған мамандықты қажетті деңгейде игеру үшін өзіне керекті мөлшерде білім алады.

Алыстан қызмет көрсету мүмкіндігі - студентпен білім беретін мекеме арасындағы қашықтық (байланыс жүйелері жұмысының сапалылығы жағдайында) тиімді білім беру үдерісіне кедергі болмайды. ҚОЖ жүйесінде оқытындар саны шектеулі параметрге жатпайды.

Қамту - бұл ерекшелікті кейде «көпшілікті қамту» деп атайды. Олардың көптеген оқу ақпараттары көздеріне (электрондық кітапханалар, ақпарат базалары) ену мүмкіндіктері бар, сондай-ақ олар бір-бірімен және оқытушымен байланыс жүйелері немесе басқа да ақпараттық технологиялар құралдары арқылы байланыса алады.

Жаңарған білім жүйесінің ерекшелігі - тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып үздіксіз өз бетінше ізденуіне мүмкіндік тудыру.

Оқыту технологияларымен жұмыс жүргізу 5 саты арқылы қалыптасады. Олар: оқып меңгеру; тәжірибеде қолдану; дағдылану, шығармашылық бағытта дамыту; нәтиже.

Технологиялардың танымал түрлерінің бірі - модульдік оқыту. Ол тұлғаның мүмкіндігіне даярлық деңгейін бейімдейді, ал дамыта оқыту оқушының жеке тұлғасын, оның біліктерін көтеруге ықпал етеді.

Қазір оқу-тәрбие үрдісінде телекоммуникациялық технологияларды қолданудың 2 жолы бар: білім алушылар мен мұғалімдерді желімен жұмыс жасауға, дайын телекоммуникациялық жобалармен жұмыс жасауды ұйымдастыру, пәндік-әдістемелік Web-сайттар, Web-бетін құру болып табылады.

Аталған технологиялардың әр қайсысының оқу-тәрбие үрдісінде қолдану ережелері, талаптары мен сипаттары әр түрлі, бірақ сыртқы белгілеріне қарай жүйелеуде ұқсастықтар бар. Оны В.П.Беспальконың пікіріне сәйкес мұғалім мен білім алушының қарым-қатынасы (оқытуды басқару) тұйықталмаған және ырғақты (оқытушы мен білім алушылар арасында тұрақты түрде тура және кері байланыс орнаған); шашыранды (жаппай және топтық) және бағытталған (жеке); қолмен (вербальды) және автоматтандырылған (жасанды түрде қондырғылармен басқарылатын) болып бөлінеді.

Жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Білімгерлерге еркін ойлауға мүмкіндік береді;
2. Тіл байлығын дамытады;
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.

5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Міне осыдан келіп жаңа оқыту технологияларымен ақпараттық технологиялар негізінде оқыту жүйесін ұйымдастырудың тиімділігін сипаттау қолайлы. Кейінгі оқыту технологияларының негізгі құралы болып отырған мультимедия-құралдары әр түрлі ақпараттарды өңдеуге мүмкіндік беретін ең соңғы үлгідегі прогрессивті техникалық инновацияларды пайдалану жаңа деңгейдегі білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік береді деуге болады. Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың сапалы да саналы білім алуына ықпал етуші құралдарды пайдалануда ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды орынды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу-әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ә.Жүнісбек «Жаңа технология негізі – сапалы білім» // Қазақстан мектебі. – 2008. - №4. – Б.1-2.
2. Тапаева А. П. Оқушыларға сапалы білім берудегі озық инновациялық технологиялардың тиімділігі // Молодой ученый. – 2014. - №20. – Б. 43-48.
3. А.Даменова «Жаңа педагогикалық технологиялардың жіктелуі және ерекшелігі» // «Қазақстан мектебі». – 2012. - №2. – Б. 1617.
4. [<https://articlekz.com/kk/article/26287>]
5. [<http://edunews.kz/sciense/1542-blm-berudeg-apaty-tehnologiyalandyrudy-zektlg.html>]

ЭКОНОМИКА ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА ОЗЫҚ ТЕНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Ж.М Абилова

О.Көшекков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, экономикалық пәндер оқытушысы

Қазақстан үшінші мыңжылдыққа күрделі өзгерістермен аяқ басты. Өзгерістер әлемдік шаруашылық жүйесінің жаһандануымен, отандық экономиканың және білім беру саласының жедел модернизациялануымен байланысты орын алуда. Әлемдік қоғамдастықтың бір мүшесі ретінде мұндай тенденцияларды Қазақстанның білім беру жүйесінен, сондай-ақ тұтас экономиканың даму барысында байқауға болады.

Ақпараттасуы ретінде мойындалған ХХІ ғасырда білім беру мен тәрбиелеудің біртұтас жүйесі де күрделі өзгеріске ұшырауда. Сондықтан да аталған саладағы өзгерістерді алғашқылардың бірі болып меңгеріп, оларды оқыту әдістемесінде ұтымды пайдалана білу педагог мамандардың қызметінде орасан зор талаптар қойып отыр. Білім берудегі жаңа ақпараттық, сондай-ақ инновациялық технологиялардың қажеттілігін, яғни оған деген сұраныстың орыналуын келесі дейартықшылықтарымен негіздеуге болады:

1. Периферияда орналасқан оқу орындарының оқыту деңгейі бойынша артта қалушылығын жоюға септігін тигізеді.
2. Әлемдік білім беру кеңістігінің дамуына, білім беру қызметінің экспорттық және импорттық а, әлемдік интеллектуалдық, шығармашылық, ақпараттық және ғылыми-педагогикалық әлеуеттің бірігуіне қолайлы жағдайды қалыптастырады.
3. Оқытудың жаңа тиімді технологиясын жасауға, білімнің сапасын және қолжетімділігін арттыруға, оқытудың дистанционды, виртуалды, тренингтік және басқа да инновациялық әдісте

рінің дамуына мүмкіндік береді.

Оқытудың жаңа ақпараттық және инновациялық технологиялары және олардың қолданудың мүмкіндіктері В.С. Гершунский, В.М. Левина, Е.И. Машбиц, Г.К. Нұрғалиева, Е.С. Полат, В.Г. Разумовский, А.К. Мынбаева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Аталған еңбектер білім беру процесінде жаңа ақпараттық, инновациялық технологиялардың қолданудың психологиялық, педагогикалық мүмкіндіктерінашып көрсетеді.

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім беру жүйесін ақпараттандыру білім беру үшін үлкен перспективалар ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телекоммуникациялық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі рөлі мен орнын да түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың игеруі қазіргі заманда әрбір жекетұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бірге қажетті шартқа айналды. Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сонымен қатар, әлдебір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолданылу деңгейі оның материалдық базасының дамуымен емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейімен, оның жаңа білімді туындату, игеру және қолдана білу қабілетімен анықталады.

Экономикалық пәндерді оқытуда білім берудің дәстүрлі технологияларын қолдану, алдымен студенттердің экономика және онымен іргелес ғылымдар саласы бойынша білімдерді экстенсивті жинақтаумен ғана байланысты болады. Бірақ, өте кең көлемдегі оқу және ғылыми мәліметтерді меңгеру қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда болашақ мамандардың кәсіби және өмірлік қалыптасуы үшін жеткілікті болып отырған жоқ. Сондықтан, ақпараттық технологиялардың меңгеруіне қажетті қалыптастырудағы міндетті талапқа айналып отыр. Оқытудың жаңа инновациялық технологияларын қолдану ғылыми білімді меңгеру және бекіту процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Себебі, студенттің тапсырманы орындау жылдамдығын, тұлғалық ерекшелігі мен ендаярлық деңгейін ескеріп, іс-әрекетін жетілдіруге және өзгертуге жағдай жасайды.

Экономикалық пәндерді оқытуда кеңінен қолданылатын инновациялық оқыту әдістерінің ішінде SWOT-талдау, «635» әдісі, «515» әдісі, «шешім дерағашы» әдісі мен «Балық сүйегі» әдісін атап өтуге болады. SWOT-талдау әсіресе, бүгінгі күннің өзекті мәселелерін таразылап, оны шешу жолдарын қарастыруға қолайлы. Олағылшынның strengths (күшті жақтары), weaknesses (әлсіз жақтары), opportunities (мүмкіндіктер), threats (қауіп-қатерлер) түсініктері арқылы компанияның әлеуетін, мемлекеттік саясаттың тиімділігін, сондай-ақ басқа дәуір делі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешімін табуда кеңінен қолданылатын әдіс болып табылады. Ал, «635» әдісінде студенттер 6 адамнан топқа бөлініп, 5 минуттың ішінде 3 идея ұсынуы керек және ол идеяларын жазбаша, сызба немесе сурет түрінде жеткізеді. Әдістің мақсаты, студенттердің қандай да бір идея ойлап тауып, оны кескіндеп материалды жеткізе білу қабілетін жетілдіру болып табылады. Сол сияқты, «515» әдісінде оқытушы студенттерге мәселе қояды, студенттер

5 минут ішінде жазбаша түрде 15 идея ұсынуы қажет. Оның мақсаты қалыптасқан жағдайдан шығу жолдарын үйрету болып табылады. Әрине, бұдан да басқа инновациялық оқыту әдістері өте көп. Енді, осы әдістердің ішінде SWOT-талдауға мысал келтіріп көрейік.

SWOT-

талдауымыздың тапсырмасыретінде Қазақстанның Кеденодағы намушелігінің экономикалық ауіпсіздікке әсерін талдаймыз. (1 сурет)

Бүгінде экономикалық ғылымдағы теория мен тәжірибені байланыстыру оқу орындарының оқу жоспарларындағы бір қатар мәселелердің шешімін табуды талап етеді:

- еліміздегі және әлемдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңіне сәйкесті тұлғаның ғылыми дүниетанымын қалыптастыру;
- әрбір тұлғаның өмірдегі өз орнын тауып, кәсіби жағынан өзін-өзі аяқтандырып жасау;
- тұлғаның қазіргі жағдайда өз бетімен шешім қабылдауы, өз қабілетіне сәйкес әлеуметтік жағынан бейімделуі;
- әр түрлі әлеуметтік құрылымдармен өзінің қарым-қатынасы, коммуникативтік дағдылары мен іскерліктерінің пайдалануы.

1-сурет. Қазақстанның Кеденодағы намушелігінің SWOT-талдауы

<p>күшті жақтары</p> <ol style="list-style-type: none">1. Отандық тауар өндірушілер үшін жаңа нарықтар ашылады.2. Шекаралас аймақтар арасында әлеуметтік-экономикалық қатынастар жандана түседі.3. РФ мен Беларусь мемлекеттерімен сауда-экономикалық қатынастар жаңа деңгейге көтеріледі.4. ҚР-ның өзге елдермен шекарасы Кеден одағының шекарасы болып табылатындықтан сапасыз тауарлардың елге енуіне жол берілмейді.	<p>әлсіз жақтары</p> <ol style="list-style-type: none">1. Отандық өндіріс тауарлары басқа екі елдің тауарларымен сапа жағынан тең бәсекеге түсе алмайды.2. Кеден одағының барлық аймақтарына тарайтын отандық тауарлардың ассортименті шектеулі.3. Кеден одағының басқа мүшелерімен салыстырғанда Қазақстан дайын өнімге қарағанда шикізат тауарларын өндіруші болып табылады.
<p>мүмкіндіктері</p> <ol style="list-style-type: none">1. Өңдеуші өнеркәсіпті интенсификациялау мүмкіндігі бар, сол арқылы көршілес елдер нарығына ену.2. Кеден одағының аясында Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына мүшелікке қабылдану.3. Кеден одағының басқа мүше-елдеріне инвестиция салуда отандық инвесторлар үшін жеңілдетілген шарттардың болуы.	<p>қауіп-қатерлер</p> <ol style="list-style-type: none">1. Шекарадан тексерусіз өту режимінің болуы трансұлттық қылмыстың дамуына жол ашуы мүмкін.2. Отандық өңдеуші өнеркәсіптің дамуына салдарынан отандық капитал шетелге кетуі мүмкін.3. Тауар экспансиясы садарынан отандық тауар өндірушілер нарықтағы үлесін кемуі мүмкін.

Оқытудың инновациялық технологиялары білімдерді әр түрлі формада, әр түрлі күрделі деңгейде ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қолжеткізуге, қолайлы жылдамдықпен бірнеше рет қайталап отыруға мүмкіндік береді. Оқу үдерісіндегі ақпараттық технологиялар табиғи және дәстүрлі жағдайда қол жетпейтін көрнекіліктерді қолдануға, мотивацияны жоғарылататын материалдарды жақсы меңгеруге көмектеседі. Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру процесінде қолдану білімнің жаңа сапалық деңгейіне қолжеткізеді, себебі бұл потенциалды мүмкіндік ақпараттық технологияның мәнінде жатыр.

Компьютерлік модельдеу объект пен құбылысты түрліше жағдайда, әртүрлі көзқараста зерделеуге мүмкіндік туғызады. Ал мультимедиялық технологияны пайдалану жаңа материалды игеруде адамның барлық сезім мүшелерін жұмылдыра отырып, зерттеліп отырған объектінің әсем әрі көрікті бейнесін қалыптастыра алады. Ұсынылып отырған материалды тиімді меңгеруге мүмкіндік беретін ассоциативті байланыстарды қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, соңғы жылдары оқытудың ақпараттық, инновациялық технологияларының дамуы оқыту формаларына ғайыпталмауына: конференциялар, ғылыми жарыстар, еркін пікірталастар, оқуға байланысты кездесулер, саяхат сабақтар және т.с.с. кеңінен қолданылуда. Оқытудың жаңа инновациялық ақпараттық технологиялары тұлғада жеке ленген пәндік білімдер мен қатар, интеграцияланған білімдерді қалыптастыруға бейім. Оқытудың инновациялық педагогикалық технологияларын білім беру мазмұны сабақтастығының сақталуына, оқушылардың жас, жеке және психологиялық ерекшеліктеріне байланысты таңдап, тәжірибе десынап қараудың маңыздылығын атап айтқан жөн. Сөз соңында, қазіргі білім берусаласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше толыққанды жан-жақты педагог-маман болу мүмкін емес деген қорытынды жасауға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ә. Мұханбетжанова, А. Қасымова. Білімді интеграциялау процесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану. «Білім/Образование» журналы №4(22)2006ж 11-13бб.
2. Т.С. Сарбасова. Методика преподавания экономических дисциплин Учебное пособие. Алматы 2008
3. Т.С. Сарбасова, А.Қ. Сарбасова, Л.А. Бимендиева. Білім берусаласының әлеуметтік-экономикалық мәселелері. Оқу құралы. Алматы 2007
4. А.К. Мынбаева, З.М. Садуақасова. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать. Учебное пособие. Алматы 2009

КЛИНИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Абдужаппарова Ақбота Сүлейменқызы

Түркістан көпсалалы жоғары медицина колледжі,
Түркістан қаласы

Қазіргі жағдайлар кең профильді мамандарды дайындау қажеттілігін талап етіп отыр. Білім берудің құрамдас элементі еңбек нарығының талаптарына және практикалық бағыттылыққа бағдарлану болғандықтан, студент білікті және үздіксіз кәсіби өсу мүмкіндігіне ие болуы үшін икемді болуы керек.

Кәсіби маман иесін дайындау үдерісіндегі біздің негізгі міндеттеріміз кәсіптік деңгейде негізгі мамандықты меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар өзінің жеке әлеуметтік ұстанымын, өзінің көзқарасын білдіре алатын бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау. Кәсіби қызығушылықты арттыру, студенттердің оқу-танымдақ белсенділіктерін дамыту үшін әрине оқытудың заманауи әдістері ықпал етеді.

Осы тұрғыда біз сабақ барысында қолданып жүрген студенттің сабаққа деген қызығушылығы мен жауапкершілігін арттыратын екі әдіс-тәсілді айтпақпын.

1. **Кооперативті**
2. **FISHBONE**

Кооперативті оқыту моделін пайдалану мәселені бірлесіп шешуге бағытталған нақты жағдайларды модельдеуді қамтиды. Әсер ету объектісінен студент өзара әрекет ету субъектісіне айналады, ол өзінің оқу траекториясын ұстанып, оқу процесіне белсенді қатысады. Бұл ретте білім беру процесіне барлық қатысушылардың теңдік ережесі сақталады. Бұл жағдайда студент қарым-қатынас жасауды үйреніп қана қоймайды, ол

оқытушының қарым-қатынасты жоспарлау мен ұйымдастыруға, сондай-ақ оның нәтижесін бағалау мен түзетуге қажетті педагогикалық іс-әрекетін бақылайды және меңгереді.

Кооперативті оқыту барысында студенттер сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын игереді, жағдайларды талдау және тиісті ақпарат негізінде күрделі мәселелерді шешеді. Сонымен қатар, студенттер баламалы пікірлерді тыңдап, таразылауды, ойластырылған шешім қабылдауды, талқылауға қатысуды және басқа студенттермен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Осылайша, кооперативті оқыту оқытудың білім беру және тәрбиелік аспектілерін жүзеге асыруға ықпал етеді, өйткені ол жалпы оқу дағдыларын (талдау, синтездеу, мақсат қою және т.б.) дамытады, ал екінші жағынан ол студенттердің ұжымдық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Кооперативті (ынтымақтастық) әдістер – шағын топта оқыту тәсілі. Білім беру үдерісі аясында ынтымақтасу дегеніміз әрбір «ынтымақтасушы» жұмыстың белгілі бір бөлігін орындай отырып, ортақ мәселені шешу үшін олардың күш-жігерін біріктіріп, бірлесіп жұмыс істеуді білдіреді. Одан кейін студенттер өз білімдерін алмасуы керек. Бұл әдістің мәні: «Топтың басқа мүшелері өз мақсатына жеткенде ғана әркім өзінің оқу мақсатына жетеді». Бірлескен оқыту схемасы, негізінен, өте қарапайым. Оқытушының тапсырмалары мен нұсқауларын алғаннан кейін студенттер тобы бірнеше шағын топтарға бөлінеді. Содан кейін әрбір шағын топ барлық мүшелері түсініп, сәтті орындағанша тапсырма бойынша өз бетінше жұмыс істейді. Бірлескен күш-жігердің нәтижесі ортақ пайда болып табылады, өйткені тапсырмаларды орындаудағы табыс топтың әрбір мүшесінің іс-әрекетінің сипатымен анықталады. Мұндай оқыту моделінің әлеуметтік мәні де айқын: жалпы тапсырманы орындаудағы әрбір студенттің рөлі атап өтіледі, топтық сана, өзара жағымды байланыс, қарым-қатынас дағдылары қалыптасады.

Бірлескен іс-әрекет дегеніміз әркімнің өзіндік ерекше жеке үлес қосуы, жұмыс барысында білім, ой, іс-әрекет тәсілдерімен алмасу жүреді. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар ұйымдастырылады, жобалық жұмыс, рөлдік ойындар қолданылады, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жүргізіледі. Осылайша, білім беру қарым-қатынас ортасы құрылады, ол ашықтықпен, қатысушылардың өзара әрекеттесуімен, олардың дәлелдерінің теңдігімен, бірлескен білімнің жинақталуымен, өзара бағалау мен бақылау мүмкіндігімен сипатталады, бұл кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде сабақты сәтті меңгерудің кілті болып табылады.

Өткізу кезеңдері:

1. Оқытушы командалар жеке тапсырмаларды орындайтын сәттерге назар аудара отырып, жаңа материал бойынша шолу дәрісін береді. Дәріс мазмұны жағынан жеткілікті және сонымен бірге іс жүзіне бағытталуы керек.

2. Әрі қарай студенттер бір-біріне оның мазмұнын түсінуге көмектесетін дәріс конспектілері бойынша топтарда жұмыс істейді. Студенттер бір-біріне түсініксіз сәттерді анықтап, сұрақтар қоя алады. Оқытушы команда мүшелерінің ешқайсысы оларға жауап бере алмаған кезде ғана сұрақтар қоюға рұқсат етіледі.

3. Дәріс конспектісін пысықтағаннан кейін студенттер жеке жұмыстарды орындайды. Бұл кезеңде бір-біріне көмек көрсетілмейді, команданың әр мүшесі өз бетінше жұмыс істейді. Бұл әдістің басты ерекшелігі-жеке жұмыстарды бағалау жүйесі.

Бағалау прогрессивті салыстырмалы негізде жүзеге асырылады: студент осы жұмыс үшін оның бағасы алдыңғы жұмыс үшін орташа бағадан жоғары болған жағдайда ғана команданың банкін толықтыра алады. Тақырыпты зерделеу қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған команда жеңіске жетті деп саналады.

Кооперативті оқытудың бес құрамдас бөлігі (топтық әдіс) бар, олар осы әдістің міндеттерін шешуде құралға айналады.

1. Позитивті қатынас

Студенттер топта бірлесіп жұмыс жасайды. Барлық топтың бір мақсаты бар. Әркім бір-біріне сүйене отырып, мақсатқа бірге жетуі керек.

2. Жеке жауапкершілік

Әркім басқаларға өз мақсатына жетуге көмектесуі керек.

3. Өзара қарым-қатынас

Топтың әрбір мүшесі басқаларды құрметпен тыңдауы керек.

4. Қарым-қатынас дағдылары

Әр студенттің басқаны тыңдай білу, көмектесу, анықтау, тексеру, түсіну, сұрақ қою қабілеттерін дамыту маңызды. Бұл дағдылар қақтығыстарды шешуге және мәселелерді шешуге көмектеседі, қарым-қатынас дағдыларын, сенімділікті арттырады және көшбасшылыққа үйретеді.

5. Дағдыларды біртіндеп дамыту

Кооперативті оқыту үдерісін жақсарту туралы жалпы шешім.

Кооперативті оқытудағы оқытушының міндеті:

1. Студенттің іс-әрекетін бақылайды. Оқытушы үнемі топтан топқа ауысады және кім және не істейтінін көреді. Бұл студенттерден жауапкершілікті талап етеді және қажет болған жағдайда оқытушыға топтық әрекеттерге араласуға мүмкіндік береді. Бір студент топтың бақылаушысы бола алады және өзінің нақты ескертулерін жасай алады.

2. Көмектеседі, талаптарды түсіндіреді, қажет болған кезде топта шешім табуға тырысады. Студенттер ең алдымен бір-біріне сенім артып, ынтымақтастық дағдыларын дамытуы керек. Бұл орайда оқытушы студенттер проблемаларды шешу кезінде араласпау керек, себебі студент оқытушыға үміттен бастайды.

3. Тұжырым жасайды. Студенттерді біріктіріп, топта оқуға деген көзқарасы туралы талқылауға, сөйлесуге мүмкіндік беру керек. Оқытушы оларға көмектесуі керек, студенттерге өз іс-әрекеттері туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік беруі керек, топтағы білім деңгейі мен ынтымақтастық дағдыларын бағалау қажет.

Сабақты бекіту үшін FISHBONE әдісін қолдану.

FISHBONE студенттердің көрнекі-мазмұнды формасы арқылы сыни ойлау қабілетін дамытады, сондықтан ол көптеген сабақтарда кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, осы қабылдау арқылы студенттер жұптар мен топтарда жұмыс істеу дағдыларын игереді; Фишбоунды қабылдау сыни және шығармашылық ойлауды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар студенттерге ақпаратты талдау және оны жеңілдетілген түрде ұсыну арқылы күрделі материалды түсінуге көмектеседі. Студенттер авторлық позицияны анықтауға, өз пікірлерін айтуға және команда мүшелерінің жағдайын құрметпен тыңдауды үйренеді.

Сыни ойлауды дамыта отырып, FISHBONE әдісі мақсат қоюға, құбылыстар арасындағы себептік байланыстарды көруге, проблемаларды саралауға, қорытынды жасауға үйретеді. FISHBONE схемасы балықтың басы, құйрығы, жоғарғы және төменгі сүйектері түрінде ұсынылған төрт негізгі блокты қамтиды. Бас-талданатын мәселенің, сұрақтың немесе тақырыптың символы немесе мақсатты бекіту орны. Жоғарғы сүйектер-тақырыптың негізгі түсініктері, проблемаға әкелген себептер жазылған орын. Төменгі сүйектер-бұл тұжырымдалған себептердің болуын немесе диаграммада көрсетілген ұғымдардың мәнін растайтын фактілерді талқылау барысында енгізетін орын. FISHBONE әдісі рейтингті, маңызды мәселелерді қамтығандықтан, ұғымдар схемалық балықтың басына жақын орналасқан. Құйрық - қойылған сұраққа жауап, қорытынды, жалпылау.

Оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерін қолданудың артықшылықтары :

- оқытудың заманауи әдістерімен, құралдарымен және ұйымдастыру формаларымен таныстыру;
- мейіргерлік білім беруді ұйымдастырудың жалпы принциптері, студент пен оқытушының кәсіби құзыреттілігі, оқыту әдістемесі туралы түсінік алу, алған теориялық білімдерін кәсіби қызмет процесінде қолдану дағдыларын дамыту;
- оқытушының кәсіби іс-әрекетінің құралдарын, тәсілдерін және әдістерін меңгеру дағдыларын дамыту.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Нурмуханова Венера Алимбаевна

О. Көшекков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, Атырау қаласы

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер,өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алтын орны ерекше. Біздің міндетіміз-жеке тұлғаны дамытып,білімге деген сенімін нығайту,оқуға қызығушылығын оятып,ынтаасын арттыру. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді.

Жас ұрпақты жан-жақты жетілген,ақыл-парасатты,ой-өрісі биік,бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді.Тарих сабағында оқушыларының танымдық қызығушылығының дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін,ақыл-ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады.Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды. Сондықтанда жаңа сапаға ие, шығармашыл, қабілетті адамдар тәрбиелеу үшін дамыта оқыту жүйесін ең негізгі басшылыққа алар нысана деп білеміз.Біздің заманымыз жаңа мүмкіндіктер мен жаңа идеялар, заманауи технологиялардың қарыштаған кезеңі. Бұл дегеніміз ендігі кезекте біздің еліміздің тағдыры біздің тағдырымызбен айқындалады. Елдің бәсекеге қабілеттілігі, әрбір азаматтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы жағдайлардың жиынтығымен анықталады. Олардың әзірлік деңгейі, білімі мен жеке басының дамуы, ғылым мен технологияны ұтымды пайдалануы барлығы дерлік жастардың бәсекеге қабілеттілігін сипаттайды.

Н.Ә. Назарбаев: «Жаңа құндылықтар жастардың жүрегіне тезірек жол табады» деген болатын. Ендеше жылдар бойы жасалынып келе жатқан өзгерістер мен заман ағымындағы технологиялар тікелей жастарға арналады және жастар өмірінде маңызы зор. Сондықтан мен заманауи технологиялардың жастар өміріндегі орнына тоқталғанды жөн көрдім.Жалпы ауқымды және ғылыми техникалық прогресс процесі, әсіресе жаңа ақпараттық және телокommunikация технологиялардың дамуы бірегей мүкіндіктер ұсынады. Бүгінде әлемде өте көп заманауи технологиялар пайда боды, тіпті он-он бес жыл бұрын елестете алмаған. Бұл элетрондық медицина және ғылымның барлық салаларындағы гаджеттер, бизнес, құрылыс және басқада көптеген нәрселер смартфондар, планшеттер т.б. Бұл технологиялардың ешқайсысы да Қазақстанды айналып өткен емес. Әр уақыттада өзгерістереден қалыс қалмай дамып келеміз. Мәселен, жиырма жыл бұрын адамдар аурулардан көп қайтыс болатын,ал қазір дамыған медицина арқылы көптеген мүмкіндіктерге қол жеткіздік. Заманауи технологиялар әрқайсысымызды айналамызда. Мысалы, компьютер, телефон, телевизор, кір жуғыш машина т.б. Ал бизнесте бұл жаңалықтар мүлде басқа сатыда. Әрбір 2-3 ай сайын әлемге әйгілі корпорация ретінде Samsung, Appie, Noto, Mkrosoft, Sony және де көптеген жаңа анағұрлым күрделі және көп функциялы өнімдер шығып тұрады. Дегенменде барлық заманаи тенологиялардың үлкен пайдасы және үлкен зияны болады. Соның ішінде қазір ең озық қарыштап тұрған технология-компьютер және интернет желісі [1,216].

Интернеттің озық қолданушылары, үлкен мүмкіншіліктерді жүзеге асырушылары жастар болғандықтан, жастар өміріндегі маңызына тоқтала кетейік. Қазірге кезде заманауи тенологи жастар өміріне берік еніп, жыл сайын сұранысы артып келеді. Ия рас қазір барлығымыз үшін ең тиімді тұстары жұмысты мейлінше оңайлатып, өмірімізді жеңілдендіреді. Мысалы қашықтықтан онлайн оқу, қалаған тілдерінді меңгеру, әлемдеболып жатқан соңғы жаңалықтар мен ақпараттарды естіп-көру, электронды кітаптар

оқу, алыс-жақынды достарың мен туыстарың мен ара-қатынаста болу, жарнамалау немесе қалаған затымызға тапсырыс беру, білім-ғылымдада басқа мемлекет жастарымен қарым-қатынас орнату, көптеген шетелдік гранттарға қол жеткізу, ойсананы кеңейтуге, кәсіптік, бизнестік тәжірибе алмастыруға болады.

Жастардың қолынан барлығы келеді. Сондықтанда мемлекетіміз ұлтжанды, білімді жастары болып, елдердің көш басында жүрерлік болсақ, уақытымызды қажетсіз қалта телефонына қарауға салмай, маңызды істерге жұмылдыруымыз қажет. Заман көшінен қалмай, алға қарай ұмтылу жауапкершілікті сезуіміз керек. Дегенмен Елбасымыздың биылғы Жолдауынағы «Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиіс» делінген бір міндетінде көрсеткендей, жаңа технологияларды енгізу бұл экономикамыздың қарыштап дамуына жол ашатыны сөзсіз. Тәуелсіздігіміздің 27 жылында еліміз қарқынды дамуы осы заманауи технологияның үздіксіз дамуынан. Жаһандану кезеңінде бұл жастардың озық техниканы, электрониканы меңгере отырып, Елбасы айтқандай, жасқанбай алға ұмтылуға сенім береді. Оған қажырлы еңбек, үлкен құлшыныс керек.

Қазіргі инновациялық технологиялар-білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдаланудың оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін біз, мұғалімдер қауымы әр сабақта жаңа технологияларды қолдануымыз қажет. Себебі жаңа технологиялардың ерекшелігі-оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни, тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін-өзі дамыту, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жетелейді. Жалпы орта білім беру жүйесінің қазіргі талаптары білім беру үдерісін үнемі дамытып отыруды қажет етеді. Сапаны арттырудың және білім беруді дамытудың негізгі белгілерінің бірі-әдістемелік деңгейді арттыру болып табылады. Әрбір мұғалім үшін өз қорында топқа және кіші топтарға бөлу ережелерінің болуы қажет. Топтарға бөлу тренинг динамикасына зор әсер етеді. Кейде топқа бөлудің түрлері жаттығу орындауға немесе оның мазмұны, өту жолы қызу талдауға жағдай жасайды. Топтық оқыту – үлгісі педагогикалық үдерістің бір элементі болып табылады. Топтық жұмыс оқушылардың ұжымдық іс-әрекеттерінің көрінісі болып табылады. Топтық жұмыста әркім өзі үшін және басқалар үшін жауапкершілікті сезінеді.

Топқа бөлудің негізгі түрлері:

- Пазлдар мен бөлу: «Әлемнің жеті кереметі», «Әлемдегі ең биік мұнаралар», «Астана арман қала» және т.б тақырыптар бойынша фото құрастыру арқылы топтарға бөлу.

- Түстер арқылы бөлу: түстермен бөлу арқылы Э.Бононың «Ақылдың 6 қалпағы», «Деңгейлік тапсырмалар» бойынша жұмыс жасаған уақытта тиімді.

- Сандармен, әріптермен, доппен бөлу: тақырыпты меңгерту мақсатында қолдануға болатын ең қарапайым топқа бөлу формалары. Доппен бөлуде – топбасшысы бір біріне допты беру арқылы өздерінің топ мүшелерін жинақтаса, әріптер арқылы бөлудің «Қарлы кесек» немесе «Джек-со» тренингтерін өткізуге өте тиімді. Мозайка құрастыру арқылы: жаңа сабақтың мағынасына қарай қималарды құрастырады. Жаңа сабақтың тақырыбын ашуға мүмкіндік береді. Тарих сабағында үнемі қолданып отыратын өзіме тиімді әдіс – тәсілдерге тоқталып өтсем: оқушылардан үй тапсырмасын сұрау кезінде «Қарлы кесек», «Шынжырдағы үзбелер», «Өрмекші», «Автор орны», «Ақыл қалпағы», «Даналық ағашы» әдіс- тәсілдерін қолдана отырып сұраймын. Жаңа тақырыпты меңгеруде «Джексо» «Әңгіме құрастыру», «Мәтін бөліктері», «Шеңбер бойымен әңгімелеу», «Идеялар тоғыстыру» («Не? Қайда? Қашан?»), «Тұлғаны танып-біл» әдістерін қолдану арқылы жаңа сабақты түсіндіру ыңғайлы. Соның ішінде «Джексо» әдісін қолдану арқылы оқушылар сабақты өздері топ басшының көмегімен түсініп іздейді, ойларымен бөліседі. Бұл әдісті қолдану кезінде екі топ өздеріне берілген тапсырмаларды зор қызығушылықпен орындайды, постермен жұмыс жасап

қорғады. Оқушылар топпен жұмыс жасай отырып бір-бірін тыңдады, оқып үйренді. Жаңа сабақты түсінгенін тексеру мақсатында «Ойлан.Жұптас.Бөліс» әдісі арқылы топтық, жұптық, жеке жұмысты ұйымдастыра отырып бұл әдістің тиімділігіне көз жеткіздім. Бұл әдіске ерекше тоқталғаным қабілеті жоғары және уәжі төмен оқушылармен яғни деңгейлік тапсырмалар орындауда уақытты үнемдеуге септігін тигізеді. Бағалау кезінде «Баланс деңгелегін» қолданған өте тиімді. Сабақ соңында топтарға әр топтың сабақ барысындағы іс-әрекетіне «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісін қолданамын. Кері байланысқа түсе отырып сабақтың ұнаған жақтары мен ұсыныстарын оқушылардың өздері дәлелдейді. Яғни бұл келесі сабақта алдыңғы сабақта кездескен қиындықтарды жеңуге мүмкіндік туғызады. Ұлттық құндылықтарымыздың бір тармағы – дәстүр. Дәстүр – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттардың бірі. Осы орайда, «Дәстүрлі қазақ мәдениеті» тақырыбындағы танымдық сабағымды сахналандырылған той сабақ деп алдым. Бұл сабақта мен тікелей эфир әдісін қолдана отырып, Дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшелігі туралы студенттерге түсінік бердім.

Студенттерді алдын ала топқа ауылдарға бөліп қойдым, алдын-ала тапсырма беру әдісі бойынша студенттер, өздері ізденіп, сахналық көріністер қойды. Әр топта тілшілер өз ауылдарынан репортаж көрсетіп, баяндап отырды.

1-топ «Қазақ ауылы» қазақ халқының ұмыт қалған дәстүрлерін, біз шаншар, құда түсу, құйрық-бауыр, сыңсу, жар-жар, аушадияр, босаға майлау салттарын көрсетті.

2-топ «Халық ауыз әдебиеті ауылы» Халық ауыз әдебиеті туралы мәлімет берді, Қозы-Көрпеш Баян сұлу жырындағы Баянның монолога оқылды, Алтын сақа ертегісінен үзінді қойды, мақал-мәтелден жарысты, жұмбақ шешті, осылайша халық ауыз әдебиетін көрсетіп шықты.

3-топ «Шешендік өнер ауылы» Шешендік өнер туралы мәлімет, Төле, Әйтеке, Қазыбек билердің көрінісі, Біржан мен Сара айтысы, Бұқар жырау туралы қысқаша мәлімет берді.

Сабағымның тағы бір әдісі «Тікелей радиоэфир» телефон арқылы және көрерменнен сұрақ, студенттер сұраққа жауап береді, пікірталасты. Мысалы, мынадай сұрақтар қойылды. "Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар" деген сөз бар емес пе?! Жастар осы дәстүрлердің барлығы керек пе, әлде сіздердің ойларыңызша керек емес пе?

«Суреттермен жұмыс» сергіту сәтінде тақтада берілген суреттерді қазақтың қай ұлттық ойыны екенін тауып, айтады және қазақтың ұлттық ойыны ханталапай ойнады.

Сабақты бекітуде "Стоп кадр" әдісін қолдандым, тақтада слайдтар жүрді, мұғалім «Стоп кадр» дегенде тоқтайды, әр топ берілген тапсырмаға жауап берді.

Сонымен қатар сабақты бекітуде, үй тапсырмасын сұрауда *Quizizz*, *Kahoot* ойын бағдарламаларын қолдануға болады. *Kahoot*, *Quizizz* - әлеуметтік оқыту үшін әзірленген сайттар. *Kahoot*, *Quizizz* әр түрлі веб-браузерлер мен мобильді құрылғылар арқылы веб [интерфейс](https://kahoot.com/) арқылы ойнатуға болады. Ол үшін <https://quizizz.com/> және <https://kahoot.com/> сайтына тіркеліп, өз пәніңізге сәйкес келетін дайындап тапсырмаларды қолдануыңызға немесе өз тапсырмаларыңызды құрып қолдансаңыз да болады.

LearningApps сервисі студенттердің оқуын өз бетінше дамыту және қамтамасыз ету үшін көп мүмкіндіктерге ие және студент пен мұғалім арасында кері байланыс бере алатын негізгі құрал болып табылады. *LearningApps* - бұл әр түрлі пәндер бойынша интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға мүмкіндік беретін білім беру мекемелеріндегі білім беру процесін қолдау үшін арналған сервис деп есептеймін. Сервердің ерекшелігі, пайдаланушылар жасаған барлық тапсырмалар галереяда жиналған және жалпыға қол жетімді болып табылады. Дайын тапсырмаларды серверге тіркелмегендер де пайдалануға мүмкіндігі бар. Жеке материалдарды жасау және сақтау қарапайым тіркеуден өткен соң ғана мүмкін болады.

Сонымен қатар, өз материалдарын жасай отырып, пайдаланушы оларды жеке қолдану және жалпы пайдалану үшін сақтай алады. **LearningApps сервисін пайдалану арқылы**

студенттердің білім деңгейін көтеруде.Сервис мәтіндік ақпаратпен ғана емес сонымен қатар графикалық, аудио, видео ақпараттарменде жұмыстанудың көптеген таңдауларын ұсынады.

Біз дайындап ұсынған тапсырмаларды орындау барысында студенттер өздерінің теориялық білімдерін бірнеше рет тексеруге, білімдеріндегі кемшіліктерді жоюға, тапсырмаларды дұрыс орындауға қол жеткізеді, осылай олардың өз білімдерін өзін – өзі бағалауы артады.

Quizlet сервисі студенттердің есте сақтауына үлкен септігін тигізетін бағдарлама. Бұл бағдаламада терминдермен жұмыс жасауға болады. Терминдер үш тілде ағылшын, қазақша және орыс тілінде жазылған. Quizlet онлайн сервисінде дайын тапсырмаларды пайдаланып ойнауға болады немесе өзіңіз құрастырып студенттерге жіберсеңіз болады.

Колледждегі білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол-оқыту процесіне жаңа технологияларды кеңінен енгізу. Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Сондықтан әрбір педагог сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшелігіне қарай таңдап алу қажет. Сабақта қолданылған жаңа әдіс-тәсілдердің өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауының жүзеге асуы бүгінгі біз тәрбиелеп отырған білімді ұрпақтың қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Бәсекеге қабілетті экономика» және «Бәсекеге қабілетті халық» деген Қазақстан халқына жолдауы
2. К.Б. Блеутаева «Кәсіпкерліктің жаңа формаларын ынталандырудағы мемлекеттің ролі»
- 3.Ә. Сапарбаев «Иновация –негізгі қозғаушы күш»

ACTIVINSPIRE БАҒДАРЛАМАСЫН БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

А.Серікбаева

Құлан агротехникалық жоғары колледжі

ActivInspire - ең жақсы, толық түрде біріктірілген интерактивті технология.

Интерактивті тақтамен жұмыс істеудің тиімділігі:

- үйреншікті тақтадағы жұмыстың бәрін де орындауға болады, тек сабақтың темпі, студенттерге әсері өзгереді;
- жазуға, сызуға, өшіруге, сызбалар жасауға болады;
- жазба, сызбаларды сақтап қойып, келесі сабақтарға, басқа топтарда пайдалануға болады;
- сабақ жазылған флипчартқа фильм, суреттер және дыбыстар қосуға болады;
- Microsoft Word –тан немесе тура Интернет желісінен де мәтін көшіріп алуға болады.
- флипчарттарыңызды жариялауға болады, сол сияқты жарияланған флипчарттарды пайдалануға болады;
- барлық студенттерден алдын ала дайындалған сұрақтарға бір мезгілде жауап алып, оның қорытындысын дереу шығарып, сараптама жасап береді;
- қажеттілікке қарай флипчартты дереу өзгертуге болады;

- қарапайым құрал - жабдықтарды пайдалану арқылы студенттердің сабаққа қызығушылығын арттыруға болады.

Сабақта қолдануға тиімді әдістердің кейбірін сіздерге ұсынғалы отырмын. Соның бірі үй тапсырмасын сұрау, сабақтың тақырыбын ашу, сабақты бекіту барысында қолдануға өте тиімді флипчарт «Сөзжұмбақ шешу». Бұл флипчартта берілген сұраққа студент қаламмен жауабын жазады. Студенттердің жауабын тексеру үшін дұрыс жауабын шығарамыз.

Бұдан біз не ұтамыз? Бормен тақтаға жазғаннан көрі интерактивті тақтаға жазу студенттің қызығушылығын, тақтамен жұмыс жасау қабілетін арттырады және уақытты үнемдейміз.

Флипчарт №1



Сөзжұмбақ

1. Бактерицидтік қасиеті бар металл. **күміс**
2. Алақанда балқитын металл. **цезий**
3. Қан құрамындағы металл. **темір**
4. Металдар патшасы атанған металл. **алтын**
5. Ең қиын балқитын металл. **вольфрам**
6. Шойын өндіретін пеш. **домна**
7. Фотографияда қолданылатын металл. **магний**
8. Ең қатты металл. **хром**

Флипчарт №2 «Химиялық реакция типтері»

Мен бұл флипчарттарды өзіміз күнделікті сабақта қолданып жүрген Блум таксономиясы бойынша жасадым. Бұл флипчарт 15 ұпаймен бағаланады. Бүгінгі өтетін сабақтың тақырыбын студенттерге алдын ала береміз, сол бойынша студенттер дайындалып келеді. Келесі флипчартымызда студенттерге сұрақ қойылады. Студенттер сұраққа жауап береді. Жауаптың дұрыстығына көз жеткізу үшін дұрыс жауабын экранға шығарамыз. Бұл әдістің бізге тиімділігі студент өзін өзі бағалайды және топтағы барлық студенттер бір уақытта дұрыс жауапқа қол жеткізеді.

1. Химиялық реакция типтерін біледі (15 ұпай)

1. Қосылу реакциялары дегеніміз қандай реакциялар? **Екі немесе одан да көп заттардан түзілетін реакция типі**
2. Айрылу реакциялары дегеніміз қандай реакциялар?
3. Эндотермиялық реакциялар дегеніміз қандай реакциялар? **Ретікжесінде екі затқрамындағы атомдары ынағаласып екі жаққа зат түзеді**
4. Алмасу реакциялары дегеніміз қандай реакциялар?
5. Экзотермиялық реакциялар дегеніміз қандай реакциялар?
6. Орынбасу реакциялары дегеніміз қандай реакциялар?

Флипчарт №3



Келесі флипчартта жоғарыда айтып өткендей видеороликтерді де қосуға мүмкіндік бар. Бұл арқылы оқытушы ауызша айтпай-ақ, экраннан көргендері студенттің қызығушылын артырады және есте сақтау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Флипчарт №4

2. Түсіну (15 ұпай)
Бос орындарға тиісті терминді жазыңыз

Периодтық жүйеде элементтер
сыртқы түрі мен қасиеттері бойынша
екіге бөлінеді

болып

Сабағымыздың келесі кезеңінде бұл флипчарт сиқырлы қалам деп аталады. Бұл флипчартта 15 балдық ұпаймен бағаланады. Бұнда студент қаламды алып өзі дұрыс жауабын жазады. Студент жауабын тексеру үшін дұрыс жауабын шығарамыз. Біз бұл әдіс арқылы уақыт үнемдейміз.

Флипчарт №5

3. Қолдану (20 ұпай)
Берілген химиялық элементтердің металл немесе бейметалл екенін ажыратыңыз

металлдар

бейметаллдар

Ca

Cl

A diagram with a pink pentagon at the bottom. Two blue callout boxes point to the top corners of the pentagon. The left callout is labeled 'металлдар' and contains the symbol 'Ca'. The right callout is labeled 'бейметаллдар' and contains the symbol 'Cl'.

Келесі флипчартымыз сабағымыздың келесі сатысы 20 ұпаймен бағаланғандықтан екі тапсырма беріп отырмын. Біріншісі - түпсіз сандық деп аталады. Бұл жерде сандықтан химиялық элементтерді шығарамыз, оның металл не бейметалл екенін студенттер табады. Бұнда келесі қандай элемент шығады екен деп студент қызығып отырады, және жылдамдыққа итермелейді.

Флипчарт №6

Мүмкін болатын реакция теңдеулерін жазыңыз

$C \rightarrow CO \rightarrow CO_2 \rightarrow Na_2CO_3 \rightarrow CaCO_3 \rightarrow CaCl_2$

$+O_2=2C$
 $+O_2=2C$
 $+O_2=Na_2C$

A diagram showing a chemical reaction sequence: $C \rightarrow CO \rightarrow CO_2 \rightarrow Na_2CO_3 \rightarrow CaCO_3 \rightarrow CaCl_2$. Below the sequence is a small diagram of a reaction with a blue arrow pointing to the right. The diagram contains the following text: $+O_2=2C$, $+O_2=2C$, and $+O_2=Na_2C$.

Екіншісі – сиқырлы айна деп аталады. Студент мүмкін болатын реакция теңдеуін жазады, кейін сиқырлы айна арқылы дұрыс жауабын көре аламыз. Бұнда студенттердің қызығушылықтары артады.

Флипчарт №7

4. Талдау (15 ұпай) Бос орындарға қажетті химиялық элементті жазыңыз

1. $C + \dots \rightarrow CO$
2. $2CO + \dots \rightarrow 2CO_2$
3. $C + CuO \rightarrow \dots + CO$
4. $CaCO_3 + \dots \rightarrow CaCl_2 + H_2O + CO_2$
5. $\dots \rightarrow CaO + CO_2$
6. $\dots + CO_2 \rightarrow H_2CO_3$
7. $CO_2 + \dots \rightarrow CaCO_3$
8. $CO_2 + \dots \rightarrow CaCO_3 + H_2O$

Сабағымыздың келесі кезеңіне келер болсақ, бұл флипчартта бос орындарға қажетті химиялық элементтерді жазады. Кейін дұрыс жауапқа былай көз жеткіземіз. Мұнда әр студентті жеке тексергеннен көрі дұрыс жауап экран бетіне шығып тұрса, әр студент өзінің қатесін көріп, өзін бағалайды

Флипчарт №8

5. Жинақтау (15 ұпай) Сәйкесін табыңыз

1	Al	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^1$
2	Na	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^1$
3	Mg	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^4 4s^2$
4	Li	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^4 4s^1$
5	Cu	$1s^2 2s^1$
6	K	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6$

Келесі флипчартта жинақтау кезеңі берілген. Студенттер химиялық элементтердің электрондық конфигурациясын сәйкесендіреді. Бұл жерде жауабы дұрыс болса сәйкестенеді, жауабымыз дұрыс болмаса сәйкестенбейді, яғни бағдар дұрыс жауапқа ғана барады.

Флипчарт №9

6. Бағалау (20 ұпай) "Адасқан әріптер" жаттығуы. Төменде жазырылған химиялық элементтердің атын жазып, сол элементке сипаттама беріңіз.

натрий	темір
радиофтор	кальций
таллин	
мүскі	

Сабағымыздың келесі сатысы бағалау. Бұл флипчартта «Адасқан әріптер» жаттығуы. Мұнда студенттер жазырылған элементті тауып, сол элементке сипаттама береді. Периодтық жүйедегі орны, қасиеттері, табиғатта таралуы т.с.с

Флипчарт №10

6. Бағалау парағы

ҚУБАН АГРОТӘХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ
Пав. Хвант
Оқытушы: А. Сарибаева
ТОҚУ: 100% 100% Ақпараттық жүйе
Сыбақтың нөмірі: Металлорф

№	Сипаттаманы атау-жазып	Алтынның ролына қатынасты атау-жазып	Алтынның ролына қатынасты атау-жазып	Алтынның ролына қатынасты атау-жазып	Алтынның ролына қатынасты атау-жазып	Алтынның ролына қатынасты атау-жазып	Алтынның ролына қатынасты атау-жазып	Алтынның ролына қатынасты атау-жазып
1	Абай Құнанбай	15	15	20	15	15	20	100
2	Абай Қорғанов	15	15	15	15	15	20	100
3	Абайқалып Д.	15	15	15	15	15	20	100
4	Абайқалып Ә.	15	15	15	15	15	20	100
5	Абайқалып С.							
6	Абайқалып Р.							
7	Абайқалып Ш.							
8	Абайқалып А.							
9	Абайқалып Қ.							
10	Абайқалып Ә.							
11	Абайқалып Д.							
12	Абайқалып А.							
13	Абайқалып Қ.							
14	Абайқалып Ә.							
15	Абайқалып Д.							
16	Абайқалып А.							
17	Абайқалып Қ.							
18	Абайқалып Ә.							
19	Абайқалып Д.							
20	Абайқалып А.							

Соңғы флипчартымызда бағалау парағы көрсетілген. Әр сабаққа, әр топқа осылай бағалау парағын шығарамыз. Мұнда бізде сабақтың кезеңдері және ұпай сандары көрсетілген. сол арқылы студенттерді бағалаймыз. Бұның бізге тиімділігі неде дейтін болсақ, студенттер өзінің ұпайларын берген жауаптарына қарай көріп, өзін бағалай алады.

ЭКОНОМИКА САБАҒЫ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУ.

Нургалиева А.Ж

Экономика пәнінің жоғарғы санатты оқытушысы.
Атырау бизнес және құқық колледжі.

Кіріспе

Зерттеудің мақсаты – қоғамдағы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған студенттерге экономикалық білім берудің заманауи тәсілдері теориялық тұрғыда негіздеп, практика жүзінде енгізілген жаңа құбылыстың қолдануын зерттеу, тәжірибе жүзінде пайдалануды көздеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау негізінде «танымдық іс-әрекет», «танымдық белсенділік» колледж студенттерінің белсенділігін арттырудың заманауи тәсілдері ұғымдарының мәнін, мазмұнын ашу;
2. Колледж студенттерінің оқу – танымдық іс- әрекетін белсендірудің заманауи тәсілдерінің теориялық негіздерін анықтау;
3. Студенттердің танымдық іс- әрекетінің белсенділігін арттырудың заманауи тәсілдерін анықтау және оның тиімділігін тәжірибелік тексеруден өткізу, ұсыныстар беру.

Зерттеу әдістері: философиялық, психологиялық, педагогикалық әдістерді теориялық талдау; озат педагогикалық тәжірибені жинақтау және талдау; колледж құжаттары, бағдарламалар мен оқыту үрдісіне талдау жасау; сауалнамалар, топтық және жеке әңгімесулер; жеке тұлғаны зерттеу; жеке тұлғаның таным процестерін, диагностикалау әдістері; белсенділікті арттыруға бағытталған заманауи тәсілдерін сараптау, тиімділігін тексеру.

Зерттеу нысаны – колледжде заманауи тәсілдермен оқыту үрдісі.

Зерттеудің пәні – студенттерді экономикалық білім беру кезіндегі белсенділігін арттырудың заманауи тәсілдері.

Зерттелетін мәселенің өзектілігі студенттер еліміздің болашақ мамандары, жаңа заман талап ететін экономика оқыту кезінде белсенділікті арттырудағы заманауи тәсілдерімен студенттердің оқу үрдісіндегі ең тиімді, әрі жемісті жетістіктерге жету. Білім беру жүйесіндегі білім парадигмалары «білетін адам», яғни білім, білік, дағдымен қаруланған адам парадигмасынан «өмір сүруге бейімделген адам» яғни, белсенді және шығармашылықпен ойлай алатын, әрекет етіп, өзін өзі іс жүзінде көрсете алатын, парасаттылық, адамгершілік, экономикалық білім жағынан өзін жетілдіре алатын адам парадигмасына көшуде.

Қазақстан–нарықтық экономикаға көшкен жас мемлекет. Басты мақсаты- әлеуметтік бағытталған және жаңа ұстанымдағы қарым-қатынастарға негізделген күшті егеменді мемлекетті құру. Осы мақсатты орындауға ат салысатын бүгінгі студент – ертеңгі мамандар елдің нарықтық экономикаға көшу туралы өзінің болашағы туралы не ойлайды? Студенттерге экономикалық білім беру әрине қазіргі уақытта негізгі оқу мәселелерінің бірі екені осыдан көрінеді. Осыған орай студенттерді экономика сабағына ынталандыра отырып, қызығушылықты арттырудың заманауи тәсілдерді қолдануға ерекше көңіл бөлінуде.

Осы тұрғыдан алғанда экономикалық білім беру кезінде студенттің белсенділігін арттырудың заманауи тәсілдер мәселесінің зерттелуі қоғамдық қажеттілік болып табылады. Себебі экономикалық білім берудің басты міндеттерінің бірі-студенттерді экономикалық білім негіздерімен қаруландыра отырып, нарық заманында өмір сүріп, еңбек етуге бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті адамды тәрбиелеу.

Негізгі бөлім

Бүгінгі күнде оқытудың теориясы және практикасында экономика сабағын беру кезіндегі белсенділікті арттырудың заманауи тәсілдерін классификациялауының бірыңғай жолы жоқ. Ол берілген дидактикалық құбылыстың күрделілігі мен көпаспектілігімен байланысты. Одан қалғаны әр автор педагогикалық үрдіске өзінің, жеке әрбір нақты әдістің авторлық екенін көрсетіп беретін нәрсесін енгізеді. Қызығушылықты тудыратын заманауи әдістерінің жіктелуіндегі бөлек жолдарын талдайық. Солай ресейлік ғалымдар (В.М. Симонов, С.А. Маврин) жіктелу негізіне мынадай белгілерін жатқызуға ұсынады, олар:

А) Оқыту аспектілерін сипаттайтын (мазмұндық, процессуалдық, ұйымдастырушылық, мотивациялық).

Б) Нақты әдістің мүмкіндіктерін сипаттайтын (студент саны, педагогикалық процестің автоматизация деңгейі; мақсаттылық пен әрекет бағыттылығы; педагогикалық әрекеттің өзіндік бағыттылығы) 1. 1 кесте.

Кесте 1.1 -. Заманауи тәсілдерінің жіктелуі.

Жіктелу белгілері	Заманауи тәсілдердің негізгі түрлері	Авторлар
<p>Оқыту аспектілері жіктелу белгілері түрінде</p> <p>а) мазмұндық аспектісі</p> <p>б) мотивациялық аспектісі</p> <p>в) процессуалды аспектісі</p> <p>г) ұйымдастыру аспектісі</p>	<p>а) оқыту сабақтың интеграциялау техно логиясы, дидактика бірліктерінің үлкеюі.</p> <p>б) оқыту үрдісінің мотивациялық қамтамасыз ету, танымдық қызығушылығын белсендіру.</p> <p>в) программалау, компьютерлендіру, проблемалық, интерактивті оқыту.</p> <p>г) оқыту сабағына үңілудің қарым - қатынасы</p>	<p>Симонов В.М. Педагогика курс лекций</p>
<p>Жіктелудің белгілері</p> <p>а) студент саны</p> <p>б) автоматизация деңгейі</p> <p>в) әрекет бағыттылығы, мақсаттылығы бойынша</p> <p>г) педагогикалық әрекеттің өзіндік бағыттылығы бойынша</p>	<p>а) жекелеген, жекеше ленген, топтық, ұжымдық, салмақтық.</p> <p>б) оқу үрдісін ЭВМ-мен қолдану немесе қолданбауымен жүргізілуі.</p> <p>в) кәсіптік бағдарлан ған және жалпы дамытушы технологиялар.</p> <p>г) алгоритмді және жеке - шығармашылық</p>	<p>Маврин С.А. Педагогические системы и технологии</p>

Н.В. Бордовекая, А.А. Реан жұмысында оқыту әдістерін келесі түрлерге бөледі:

Оқытудың құрылымдық – логикалық әдісі. Олар дидактикалық міндеттерді тұрғызу, оларды шешу әдістерінің таңдалуы, алынған нәтижелерін диагностикалауымен бағалауын кезеңдеп ұйымдастыруымен сипатталады. осындай тапсырмалардың құрылымының логикасы әр түрлі: қарапайымнан күрделіге, теориялығынан практикалыққа дейін және қарама -қарсы.

Ойын әдісі. Бұл әдістер оқу үрдісі субъектілерінің ойын формасындағы қарым – қатынасымен сипатталады. Ол белгілі бір сюжет арқылы жүзеге асырылады (ойындар, ертегі,

спектакль, іскерлік ойындар). Оқыту барысында әр түрлі ойындар қолданылады: қызығушылық, театрлық, іскерлік, рөлдік, компьютерлік және т.б.

Компьютерлік әдістер. Олар әр түрлі оқыту программалары көмегімен (ақпараттық, тренингтік, бақылаушылық, дамытушылық және т.б.) «студент – компьютер – студент» жүйесі бойынша жүзеге асырылады.

Диагностикалық әдістер. Бұл коммуникативтік ортаны құрумен және оқу – танымдық міндеттерді қою мен шешу барысында «оқытушы-студент», «студент-студент», «оқытушы-автор», «студент-автор» деңгейіндегі серіктестік кеңістігін кеңейтумен қызмет ету.

Тренингтік әдіс – оқу - танымдық әрекетінің белгілі бір алгоритмдерін жасау бойынша іс-әрекет және оқыту барысында типтік тапсырмаларды шешудің әдістемелік жүйесі (тесттер және практикалық жұмыстар).

Келесі жіктелуді Столяренко Л.Д, С.И. Самыгина жұмысында көрсетіледі. Авторлар екі түрлі оқыту әдістерін бөліп көрсетеді: дәстүрлі және инновациялық (жаңашыл).

Проблемалық оқытуда инновациялық әдістердің 3 негізгі түрін бөледі: проблемалық мазмұндама, жартылай – ізденіс әрекеті және өзіндік әрекет.

1.Ең қарапайым тәсіл – жаңа тақырып түсіндірілген кезіндегі материалды, проблемалық мазмұндау яғни, мұғалім проблемалық сұрақтарды қояды, проблемалық міндеттерді қойып, өзі шешеді, студенттер шешімді іздеу үрдісіне тек ойлау деңгейінде кіреді.

2.Жартылай – ізденіс әдісі студенттерді келе-келе проблеманың өзіндік шешіміне тартады; студенттер практикалық сабақтар; эвристикалық сөйлесулер барысында мұғалім жетекшілігімен проблемаларды шешеді.

3.Өзіндік әрекет әдісінде студенттер өздері мұғалімнің кейінгі бақылауымен жүретін проблеманы құрастырып, шешімін табады.

Мәселелік принципі оқу ойыны мен оқу дискуссия формасында жүзеге асырылуы мүмкін.

Студенттердің экономика сабағы барысында қызығушылығын арттыру, өзінше проблемалық жағдайларды тудыру, шешімдерді қабылдауға оқыту үшін, шешім дұрыс екені дәлелдеу мен өзінің көзқарасының болуы дамыған, бәсекеге қабілетті адамды даярлау болып табылады. Осы мақсатта экономика сабағында проблемалық дамыта оқытуды қолданамыз.

Мәселелік дамыта оқыту студенттің жаңа білімді алу мен бекіту кезінде ізденім әрекетіне негізделген. Оның ерекшелігі: өткен материалды қайталау мен жаңа материалды өтуінің бірігуі. Сонымен қатар жаңа байланыспен қатынастарда өткен білік, білімді үзбей қолдана біліп қайталау кезіндегі білім көлемінің тереңдетілуі мен кеңеюінің жүруінде.

Студент үшін проблемалық ситуация әрқашан бар, ал сабақ беру үдерісінің көзқарасы бойынша мұғаліммен проблемалық ситуацияларды қоя білуі қажет етеді.

Студенттің белсенділігін арттыру үшін әр сабақта оның өз бетінше ойлауына оқыту керек.

Бұл жайлы В.А. Сухомлинский: “Өзінің күшін салып білім алатын студент, біріншіден, моральдық қанағаттанады, екіншіден қиындықтар алдында ешқашан артқа шегінбейді. Оларды жеңіп шығуда ол өте маңызды шындықты дәлелдеудің әдісін көріп тұр”-деп, айтады.

Сабақты тартымды, қызықты өткізу үшін қажетті тұрақты білім, білік, дағдыны қалыптастыру және негізгі терминология мен мәнін қалай бекітуі керек екен?

Экономика сабағында белсенділікті арттыру ең басты міндет. Ол үшін ойын элементтерін, мақал – мәтелді, сатиралық әңгімелерді, жұмбақсөзді шешу, экономикалық есептерді шешуді қолдану керек.

Психолог пен педагогтардың еңбектеріне сүйене отырып, біз танымдылық әрекет дамытушы, әрі пәнге деген қызығушылықты анықтайтынына көз жеткіземіз.

Бұл студенттерді оқыту үрдісі кезінде интерактивті әдістерді қолдана отырып танымдық қасиеттерін дамыту тиімділігін көтеруге болады деген ойға әкеледі.

Студенттердің танымдық қасиеттерін белсендіру тиімділігін жоғарлату үшін интерактивті оқыту тәсілдерін білім беру үрдісіне енгізу қажет.

Интерактивті оқытудың шарты мен тиімді нәтижесі ұжымдық жұмыс және студенттер арасында мұғаліммен қарым – қатынас жасау болып табылады. Осы тәсіл тағы бір жағымен қызықты, ол сабақты өткізу барысында мақсат пен уақытша мүмкіндіктерге сәйкес оның бөлек кезеңдерін пайдаланып шектелу мүмкін болуы.

Басқа жағдайда оған: рөлдік ойындар, ми шабуылы, топтық жұмыстар; нақты жағдайдың талдауы; портфолио, кейстер кіруі мүмкін.

Интерактивті тәсілді қолдану нәтижесінде студенттердің танымдық қызметтерін белсендіріледі, оперативті ойлануға үйренеді, түрлі жағдайларды талдауға, шешімді өзі қабылдауға үйренеді, өз ойларын анық, әрі қысқа жеткізе алады. Белсенділігі мен қызығушылық артқа түседі. Оқылатын материалды толығырақ игереді.

Ең бастысы интерактивті әдісін қолданғанда әр студент бірлесе оқитын зерттеу немесе мәселенің, нақты жағдайдың талдауын, топтық пікірсайыстың немесе ми шабуылының белсенді қатысушысы болады.

Экономика мұғалімдердің кездесе беретін мәселенің бірі – студенттің ойлау іс - әрекетінің белсенділігін арттыру, ынталандыру мәселесі.

Бұл мәселені шешу қиындығы өте көп себептермен және психо-педагогикалық ғылымда жетік зерттелгенімен, студенттің теориялық білім алу қызығушылығының төмендігі, және де көптеген студенттердің іс - әрекетіне тән кейбір серпіндермен шартты.

Байқаулар көрсеткендей студенттердің іс - әрекетін белсендіру сұрақтарын шешу кезіндегі жағдай көп уақыт бойы студенттің бір әдіс, тәсілді қолдануы көптеген студенттердің қатесі болып табылады. Мысалы, өзінің мінез-құлықтарын саналы түрде басқаруына үндеуі және т.б.

Қорытынды бөлім.

Оқытудың жаңа технологиясы (инноватика танымдық белсенділікті дамыту, модулі жүйесі, саралап деңгейлік негізде, мультимедия жүйесін қолдану т.б.) озат зерттеушілер, жаңашыл педагогтар идеясы білім берудің қызметіне жаңаша сипат әкеледі.

Сонымен, танымдық белсенділік пен жалпы танымдық іс-әрекет проблемасына арналған көптеген еңбектерді зерттеу мынадай қорытынды жасауға әкеледі: *белсенділік* – жеке тұлғаның алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады, ол сезімталдық, танымдық және еріктік үрдіс нәтижесі, танымдық мотив пен өзбеттілік әрекет тәсілдерінің жиынтығы, танымға деген тұрақты құлшыныс болып табылатын танымдық әрекетке бейімделуімен сипатталады.

Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытуда жаңа технологияны пайдалана отырып, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру маңызы зор.

Оқыту үрдісінде студенттің оқу-танымдық белсенділігін арттыру үшін барлық қажетті шарттарды: білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды, қажетсізді қалыптастыратын шарттарды, өзін-өзі бейімдеу шарттарын, проблемаларды шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етуге тиіс.

Оқу-танымдық белсенділіктің деңгейлерінің даму барысы дәл анықталуы, мүмкіндігінше неғұрлым дәл бақылау өлшемдеріне ие болуы үшін қажет. Бұл адамның «ішкі» мүмкіндіктерін «сыртқы» факторлар арқылы жарыққа шығару нәтижесінде жүзеге асырылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы // Егеменді Қазақстан, 14.12. 2010 ж.
- 2 Садықов Т.С., Әбілқасымов А.Е. Қазіргі дидактика. – Алматы: Ғылым, 2007. – 280 б.
- 3 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 482 б.

- 4 Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика (педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық), Астана, 2004. – 358 б.
- 5 Қазақ энциклопедиясы, Алматы, 1998. 7-том.
- 6 Журнал «Педагогическая техника». - №3. – Москва, 2007.
- 7 Әбілқасымова А.Е. Қазіргі заманғы сабақ. –Алматы, 2004. – 218 б.
- 8 Климанова Л.Ф. Универсальные учебные действия обучающихся: примеры формирования / Л.Ф.Климанова // Управление начальной школой. -2010. - №10.-С. 20-25.
- 9 Кузнецова О.В. Развитие универсальных учебных действий обучающихся средствами проектно-исследовательской деятельности / О.В.Кузнецова, Н.В. Дудырева // Управление начальной школой. – 2011. -№6. – С. 31-40.
- 10 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07. 2007.
- 11 Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, -1989. –190 с.
- 12 Әміров Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. 2009. -350 б.
- 13 Выбор методов обучения в средней школе. Под ред. Ю.К. Бабанского. – М.: -1981.
- 14 Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса, Волгоград: Перемена, 1995.
- 15 Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы, Жазушы, 2005. – 200 с.
- 16 Лернер И.Я. Проблемное обучение. - М.: Знание, 1974.
- 17 Занков Л.В. О предмете и методах дидактического исследования. -М.: 1962.
- 18 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.
- 19 Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құрал. - Түркістан қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010. – 113 б.
- 20 Амонашвили Ш.А. Обучения, оценка, отметка. – М.: Просвещение, 1980.

КӘСІПТІК МОДУЛЬДЕРДІ ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ

Зинелова А.К

БҚОӘББ «Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК
БҚО, Орал қ.

Негізгі сөздер:

*Кәсіптік білім беру жүйесі, әдістемелік инновациялар,
оқытудың интерактивті әдістері, кәсіби құзыреттіліктерді*

Нарықтық қатынастар жағдайында кәсіптік білім берудің қазіргі заманғы жүйесі білікті кадрларды даярлау міндеттерін табысты шешу үшін, білім алушының мүдделерін ескеру қағидатын басым айқындайды. Осыған байланысты арнайы пән оқытушыларының алдында білім алушының шығармашылық әлеуетін, оның оқуға деген ынтасын белсендіруге бағытталған оқытудың, интерактивті оқыту әдістерін енгізу және қолдану міндеті тұр. Оқытудың интерактивті әдістерін енгізу-кәсіптік білім беру жүйесінде кадрларды даярлауды жетілдірудің аса маңызды бағыттарының бірі. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінде оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты.

Оқытудың интерактивті моделін қолдану өмірлік жағдайларды модельдеуді, рөлдік ойындарды қолдануды, проблемаларды бірлесіп шешуді қамтиды. Оқу процесіне қатысушының немесе кез-келген идеяның үстемдігі болмайды. Білім алушы өзінің жеке даму бағытын басшылыққа ала отырып, оқу процесіне белсенді қатысады.

Сабақтағы интерактивті қызмет жалпы өзара түсіністікке, әрекеттесуге, бірақ әр қатысушы үшін маңызды мәселелерді бірлесіп шешуге әкелетін диалогтық қарым-қатынасты ұйымдастыруды және дамытуды қамтиды. Интерактивті оқыту мақсаттары [1]:

- оқу-танымдық ынтаны дамыту;
- дербестік пен белсенділікті дамыту;
- аналитикалық және сыни ойлауды тәрбиелеу;
- қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушының өзін-өзі дамытуы.

Интерактивті оқытуда білім алушының қажеттіліктері ескеріледі, оның жеке тәжірибесі ескеріліп, білімді мақсатты түзету жүзеге асырылады. Оңтайлы нәтижеге ынтымақтастық, тәуелсіз таңдау еркіндігі арқылы қол жеткізіледі, білім алушы өзінің қызметін талдайды. Оқу процесіне қатысушылар арасындағы қарым-қатынас схемасы түбегейлі өзгереді. Білім беру процесінің түпкі мақсаты мен негізгі мазмұнын сақтай отырып, интерактивті оқыту таныс трансляциялық формаларды өзара түсіністік пен бірлесіп жұмыстануға негізделген диалогтық формаға өзгереді.

Кәсіби құзыреттіліктерді игеру білім алушының белсенділігіне байланысты. Сондықтан оқу процесіне белсенді әдістерді енгізу маңызды міндеттердің бірі болып табылады, олар интерактивті оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Интерактивті оқыту әдістерін қолдану кезінде білім алушының зияткерлік қабілеттерін; ойлау дербестігін; ақыл-ойдың сыншылдығы; оқу материалын меңгерудің жылдамдығын дамытуға қол жеткізіледі.

Интерактивті әдістерді таңдау шарттары [2]:

1. Білім алушының теориялық дайындық деңгейі.
2. Қарастырылып отырған тақырып бойынша әлеуметтік тәжірибенің болуы.
3. Тиімді байланыс құру дағдыларының болуы немесе болмауы.
4. Білім алушының оқуға деген ынтасының дәрежесі.
5. Қосымша ақпарат көздерінің саны және олармен жұмыс істеу дағдысы.
6. Оқушы саны (үлкен топта интерактивті қарым-қатынас орнату қиын).
7. Оқытушының жеке ерекшеліктері (темперамент, материалды меңгеру деңгейі, қызығушылықтары).
8. Сыртқы шектеулер (уақыт мөлшері, материалдың жалпы көлемі, бағалау тәсілдері - тесттер, емтихан сұрақтары, ауызша жауаптар немесе т.б).

Интерактивті әдіс оқушыны білім алудың барлық кезеңдерінде белсенді жағдайға қояды, білім алу үрдісін мәнді етеді. Қорыта айтқанда, әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы. Оқу үрдісінде келесі интербелсенді әдістер қолданылады [3]:

- Кейс-стади–өзбетінше ойлау қабілетін және шешім қабылдау дағдыларын көрсетуге мүмкіндік беретін мәселелі сипаттағы сұрақтарды топпен талдау.
- Искерлік, рөлдік ойындар –білім алушы әртүрлі кәсіби рөлдерде сөйлеуге және сабақты мәселелі жағдайды қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқыту әдісі.
- Тестілеу–әртүрлі күрделіліктегі өзара байланысты тапсырмалар жинағынан тұрады.
- PBL (problembasedlearning–мәселеге-бейімдеп оқыту) әдісі -қойылған мәселемен өзбетінше жұмыс істеу нәтижесінде білім алушы әртүрлі модуль бойынша құзыреттілік құрылымдарын игеретін оқыту әдісі.
- TBL (teambasedlearning–кіші топтарда оқыту) әдісі –білім алушы топта жұмыс істеу дағдысын дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың топтық әдісі.

- Топтық дискуссия әдісі -білім алушыкәсіби жағдайды талдауға, мәселені құру, басқа қатысушылармен қатынасқа түсу, әртүрлі кәсіби мәселелер бойынша шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әңгімелесудің түрі.

- Миға шабуыл әдісі –топтажұмыс істеудешығармашылық белсенділігін жігерлендіру негізінде білім алушыситуация шешіміжауабының бірнешежолынайтуға мүмкіндік беретін, идеялармен шешімдердіқабылдаудың оперативтіәдісі.

- Тренинг(«to train» - оқыту, жаттықтыру). Егер оқыту интерактивті жүргізілсе, яғни ақпарат ала отырып түсініксіз сәттерді талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса, берілген ақпаратты тез меңгереді және алған білімдерін бекіте отырып, мінез-құлық дағдылары қалыптасады.

Болашақ мамандарды даярлау процесінде оқытудың интерактивті әдістерін қолданудың теориясы мен практикасын талдау негізінде бірқатар тұжырымдар жасауға болады:

- оқытудың интерактивті әдістері белгілі ғылыми педагогикалық әдістерді толықтырады және дамытады, сондықтан оларды оқу процесіне белсенді енгізу жүріп жатыр;
- кәсіптік білім беру жүйесінде оқытудың интерактивті әдістерін қолдану заманауи ғылыми тәсілге, техникалық құралдарға негізделген болса, болашақ кадрларды даярлау тиімділігі артады.

Оқытушының оқыту процесінде оқытудың заманауи әдістерін пайдалануы - оқу процессіндегі стереотиптерді жеңуге, практикалық жағдайларда жаңа тәсілдерді қолдану, білім алушылардың кәсіби және жалпы құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Двучичанская, Н. Н. Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций / Н.И. Двучичанская // Наука и образование: электронное научно-техническое издание. - 2011. - №4 - 16-17 с.

2. Григальчик, Е. К. Обучаем иначе. Стратегия активного обучения / Е.К. Григальчик, Д. И. Губаревич – Минск: Современное слово, 2009. – 144 с.

3. Анашкина, И. В. Активные и интерактивные формы обучения: методические рекомендации / И. В. Анашкина. — Тамбов: Изд-во ООО «Орион», 2011.— 39 с.

СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Есетова Әсел Есетқызы

Атырауский аграрно-технический колледж имени О.Кушекова

2020-2022 года изменили систему образования кардинальным образом. Глобализация, резкий скачок в мире технологий, переход в диджитал и сверху добавим немного пандемии коронавируса – это всё оказало существенное влияние на многие сферы нашей жизни, в том числе и на образование.

На дворе начало нового учебного 2022 года, а значит, настала пора поговорить о том, какие образовательные тренды будут доминировать в сфере образования в будущем, на что стоит обратить внимание и чего ожидать в ближайшие месяцы и годы в своих школах, колледжах и вузах.

Современные образовательные тренды ищут всё новые пути и способы заинтересовать учащихся в процессе. Если раньше было достаточно использовать новые технологии, то сейчас ими не удивить. Поэтому всё больше рождается идей, где роли ученика и учителя изменяются, преобразуются, а иногда даже и меняются.

В своем докладе я выделила 6 трендов в современном образовании.

Тренд №1. Адаптивное обучение

Адаптивное обучение – это обучающая модель, которая представляет технику в качестве «интерактивных обучающих устройств» и задействует новые технологии с целью их адаптации для нужд учащихся. Задача этого метода – создание оптимизированной модели обучения, которая учащихся из простых слушателей превращает в активных и готовых к сотрудничеству участников процесса обучения.



Тренд №2. Виртуальная и дополненная реальности (VR@AR)

Виртуальная и дополненная реальности (VR и AR) – это современные и быстро развивающиеся технологии. Их цель – расширение физического пространства жизни человека объектами, созданными с помощью цифровых устройств и программ, и имеющими характер изображения.



В качестве устройств на данный момент используются: очки виртуальной и дополненной реальности, контроллеры, наушники, смартфоны, планшеты. Эти устройства позволяют человеку видеть и слышать цифровые объекты. В ближайшем будущем, ожидается появление перчаток с обратной связью, позволяющих человеку осязать цифровые объекты.

Тренд №3. Поведенческая аналитика и мотивация в рамках цифровизации обучения

Основное внимание направлено на то, как ученик, слушатель, студент эффективен после обучения. Интерес к мотивации и анализу активности слушателя в рамках цифровизации

обучения, и как скомпоновать, посредством данных, личную траекторию слушателя, состоящую из различных инструментов.



Тренд №4. Геймификация


Геймификация – это применение игровых элементов и механик для достижения неигровых целей. Особой популярностью игровая методика пользуется в дистанционном образовании.



Тренд №5. STEAM-образование

Основано на применении междисциплинарного и прикладного подхода, а также на интеграции естественных наук, технологий, инженерного искусства, творчества, математики в единую схему обучения.

В отдаленном будущем у нас появятся профессии, которые будут связаны с технологией и высокотехнологичным производством на стыке с естественными науками, в особенности будет большой спрос на специалистов по био- и нано технологиям. Специалистам потребуется всесторонняя подготовка и знания из самых разных областей.



Тренд №6. MOOC, мобильное и смешанное обучение

Конкурировать с MOOC абсолютно бесполезно. Онлайн курсы дают возможность студентам выбирать то, что им нравится, и получать знания за короткий промежуток времени, в любом месте, за меньшие деньги. Именно поэтому университеты должны включить в образовательный процесс возможность интеграции MOOC с учебным планом.

Мобильное обучение тесно связано с электронным и дистанционным обучением, отличием является использование мобильных устройств. Обучение проходит независимо от местонахождения и происходит при использовании портативных технологий. Иными словами, мобильное обучение уменьшает ограничения по получению образования по местонахождению с помощью портативных устройств.



Вывод: В мире цифровых и технологических возможностей недостаточно уметь пользоваться технологиями, важно понимать, как с помощью технологий можно улучшить свою жизнь, повысить профессиональные возможности и качественно выполнять свою работу.

Список литературы

1. Красильникова В.А. Концепция компьютерной технологии обучения – Оренбург: ОГУ, 2008. – 42с.
2. Тен А.С. и др. Smart-обучение в системе повышения квалификации педагогов. Методическое пособие. –Алматы: АО НЦПК «Орлеу». 2014. -112с.
URL:<http://smart.orleu-edu.kz>
3. Кейс Терлоу. Десять трендов современного образования
URL:<https://www.hse.ru/news/media/63841790.html>
4. Курс «Современные образовательные технологии и SMART» – ваш гид по новым возможностям использования ИКТ на уроке. URL:<http://edguru.ru/blog/edutrends/>

РОБОТОТЕХНИКА – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Камисбаева К.Ж

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі,
жоғары санатты жалпы пәндер оқытушысы

Бүгінде «ақылды» ойыншық көліктер өмірімізге дендеп ене бастады. Сан салада медицинадан бастап космонавтикаға дейін адамдар роботтардың көмегіне жүгінеді. Төбеде қалықтап жүріп, мерекелік шараларды бейнеге түсіретін робот-дрондарға, күрделі механизмдерді көз ілеспес жылдамдықпен және асқан дәлдікпен құрастыратын робот-

қолдарға көз үйрене бастады. Оны айтасыз, сарапшылар алдағы 20 жылда адам істейтін жұмыстың тең жарымын роботтар атқаруы мүмкін деп отыр. Қысқасы, біздің заманымыз – робототехника заманы десек артық болмас. Қазіргі таңда бүкіл дүние жүзінде робототехника ғылымы кең қолданыс тауып отыр. Біздің мемлекетімізде осы бағытта дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында ғылыми-техникалық прогресстің осы бір маңызды бағытынан құр қалмауда.

Қазіргі таңда бүкіл дүние жүзінде робототехника ғылымы қолданысқа ие болды. Қазақстан ғылыми-техникалық прогресстің осы бір маңызды бағытынан құр қалмауда. Робототехника автоматтандырылған техникалық жүйелерді құрумен айналысатын ғылым. Бұл ғылым бағдарламалау және механика сияқты пәндерге сүйенеді. Механика және жаңа технологиялар проблемасын жасанды интеллект проблемаларымен ұштастырады.

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізі. Білім беру саласында сабақтан тыс уақытта жүргізілетін әрбір үйірменің жеке тұлғаны қалыптастырудағы ролі ерекше. Оның ішінде, техникалық – шығармашылық үйірмелері өзге үйірмелерге ұқсамайтын өзіндік атқаратын қызметі мен тәлім – тәрбиелік мүмкіндігі зор үйірмелер.

Робототехника – автоматтандырылған техникалық жүйелерді дамытумен айналысатын қолданбалы ғылым, студенттердің болашақ кәсіптерін анықтап, қабілеттерінің дамуымен қатар өзін-өзі танып білуге, техника әлемін зерделеуге, қабілеттерін, біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік жасайды.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған жолдауында «Мемлекет құрудағы бірегей бай тәжірибеміз арқылы, біз жаңа кезеңге енуіміз жайлы айтылған. Жолдауда «Цифрлық Қазақстан» жаңа бағдарламасының кезекті қадамын еңсеру Қазақстанның әрбір азаматына жауапкершілікпен жүктеледі. Елімізде үлкен экономикалық және технологиялық дүмпу болуы тиіс. Ал, ол үшін ең алдымен тағы сол ІТ саласына басымдық беріледі.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде робототехника — электроника базасында автоматтандырылған техникалық жүйелерді әзірлеу үрдісі туралы ғылым, механика және бағдарламалау.

«Не үшін робототехника? Біріншіден, бұл әлемде ғылыми зерттеулердің басым бағыты. Роботтар өндірістің жоғары технологиялық салаларына еніп, біздің өмірімізде күнделікті тұтынатын теледидар немесе телефон сияқты қалыптасқан затқа айналуға. Ерте ме, кеш пе роботтар адамның алмастырылмайтын көмекшілері болмақ, бірқатар қауіпті және ауыр жұмыстарды өз мойындарына алатынына ешкім күмән келтіре алмайды.

Екіншіден, білім беру стандарттарының талаптарына жауап беретін робототехника сабақтары. Робот құрастыру үрдісі – шығармашылық, берілген тапсырмалардың дайын жауаптары жоқ. Сондықтан да жаңаны іздеу үшін, бұрынғы бар білімін пайдалануға тура келеді.

Үшіншіден – тұлғаның дамуы үшін мақсат қоя білуге негізделген шығармашылық іс-әрекеттік тәсіл. Компьютерлік технологиялар заманында өмір сүретін жеке тұлғаны шығармашылық тұрғыдан қалыптастыруға бағытталған.

Робототехниканың негізінде студенттер математика, физика, информатика және басқа жаратылыстану-ғылыми бейіндік пәндеріне алған білімдері мен дағдыларын кіріктіре отырып, роботты техниканы, инженерлік дағдыларды қалыптастыруға және технологияларды оқып үйренуге мүмкіндігі жоғары.

Болашаққа жылжып келе жатқан жоғары технологиялар — ғарыш, денсаулық сақтау, өндіріс, қоғамдық қауіпсіздік, қорғаныста және көптеген салаларда пайдаланылады. Осыған байланысты, қосымша білім беру ұйымдарында Робототехника үйірмелері жүргізіледі. Үйірмелерде студенттер әлемдік робототехниканың жетістіктері және даму бағыттары туралы біледі, Лего-роботтарын құрастырады, бағдарлама жасайды және деректер моделін құрастыруды ойлап табады.

Колледжімізде біздің студенттер тек роботтар құрастырып, бағдарламалаумен шектелмейді. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, сапалы білім беруге аянбай еңбек етудеміз.

Елбасы Н.Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасындағы «XXI – ғасырдағы ұлттық сана туралы» тармағында: «Ұлттық жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» — деп өте әдемі айтқан еді. Демек, рухани жаңғыру – ұлттық сананың түрлі тармақтарын қиыннан-қиыстырып, бір арнаға тоғыстыру деген сөз. Халқымыздың тарихи мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Соның бірі – ұлт ойындары.

Ұлттық ойындар арқылы, баланың бойына ұлттық тәрбиені, өшпес рухты, қазақы болмысты қалыптастыруға болады. Жаһандану заманында ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу аса маңызды.

Робототехниканы зерттеу студенттердің болашақта ізденісін одан әрі дамытуына ықпал етеді. Студенттер робот құрастыра отырып, өзінің автоматтандырылған құрылғыларын құрады, оларды қадағалайды және эксперимент жүргізеді, модельдің практикалық қолданылуын іздейді, ғылыми бағыттағы инженерлік мамандықтың іргетасын рухани байлықтарымен қалыптастырады. Студенттер нақты мақсат қойып, оған жетуге үйренеді, өмірдегі проблемаларды шешу үшін сыни ойлайды және шығармашылық дағдыларын қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. История робототехника (Электронный ресурс)
2. Образовательная робототехника (Электронный ресурс)

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІ МАМАН - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Р. Т.Ташыбаева

Құлан агротехникалық жоғары колледжі

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Құлан агротехникалық жоғары колледжі 100 жылдық тарихы бар, өңірдің ауылшаруашылығы саласына мамандар даярлайтын базалық колледж болып табылады. Бүгінгі таңда колледждің материалдық-техникалық базасы 12 мамандық 29 біліктілік бойынша құзіретті мамандар даярлауға толық мүмкіндік береді. Техникалық және кәсіптік білім беруді мемлекеттік қолдау саясаты арқасында 2013 жылы «Техникалық және кәсіптік білімді модернизациялау» жобасы аясында колледж «Ветеринария» мамандығының базасы, 2018 - 19 жылдары «Колледжді дамыту» жобасы облыс әкімдігі тарабынан қолдау тауып, білім мекемесінің оқу – тәжірибелік шаруашылығы құрылып, базасы толықтай жаңғыртылды. Сонымен қатар колледж «Жас маман» жобасына қатысып заманауи үлгідегі техника және құрылғылармен «Агрономия» және «Дәнекерлеу ісі» мамандықтарын қамтамасыз етті.

Кәзіргі уақытта студенттердің құзіреттілігін қамтамасыз ету үшін:

- колледждің 100 га жуық егістік жері, 67 га жайылым жері;

- 450 түп интенсивті алма бағы;
- Лимон және түрлі көкөністер өсіретін 3 жылыжай;
- 10 дана ауылшаруашылығы техникалары;
- агрономиялық лабораториялар;
- заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген ветеринарлық клиника;
- ветеринарлық тәжірибелерді өткізуге арналған түрлі мал жан ;
- ет және сүт өнімдерін өндіру цехтары;
- орман шаруашылығы питомнигі;
- балық шаруашылығы шеберханасы;
- дәнекерлеу цехі бар.

Колледж 89 мекемемен және шаруа қожалықтармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс атқарады. 2022 жылы аудандағы ең ірі «Шәушен» шаруа қожалығы, Т.Рысқұлов ауданының әкімдігі және колледж арасында өңірлерге қажетті мамандарды даярлау бойынша Корпоративтік басқару (қамқорлық) туралы меморандумға қол қойылды. Осы меморандум аясында «Шәушен» шаруа қожалығы 17 миллион тг қаражатқа колледждің оқу шаруашылығында «Малды бордақылау» кешенінің құрылысын бастады.

Дуальдік оқыту жүйесі бойынша колледжде 7 мамандық бойынша 378 студент қамтылған. Олардың тәжірибеден өту барысындағы табысы айына 1 студентке - 120000-145000 теңгені құрайды. Сонымен қатар тәжірибенің нәтижесі бойынша озат студенттерді қолдау мақсатында «Атаулы шәкіртақы» тағайындалып, тұрақты жұмысқа қабылдану мүмкіндігіне ие болады.

Соңғы жылдары белсенділік алған AgroSkills қозғалысына колледж студенттері қатысып, жақсы нәтиже көрсетуде. 2019 жылы Қарағанды облысы Абай көпсалалы колледжінде өткізілген «WorldSkills Караганда» өңірлік чемпионатында «Ветеринария» күзиреттілігі бойынша жүлделі 3 орынға ие болсақ, 2022 жылы Ақмола облысының Шағалалы аграрлық колледжінде өткен аймақтық чемпионатта «Агрономия» күзиреттілігі бойынша 2-ші орынды жеңіп алдық. AgroSkills қозғалысына өз үлесімізді қосу мақсатында 2019 жылы колледж Республикалық «Үздік ветеринар» байқауын өткізді.

Республикадағы ауыл шаруашылығы секторын дамыту жағдайында ауыл шаруашылығы саласындағы ТЖКОБ ұйымдарының неғұрлым талантты педагогтерін анықтау және қолдау мақсатында ауыл шаруашылығы саласы бойынша бірінші республикалық кәсіби шеберлік конкурсы 2021 жылы Құлан агротехникалық жоғары колледжінде өтті.

Конкурс Агрономия және Ветеринария мамандықтары бойынша екі кезеңде өткізілді: теориялық және практикалық. Байқауға Қазақстанның 9 облысы және Алматы қаласының 16 колледжінің 25 педагог қызметкері қатысты. Осы байқауда бас жүлдені колледждің ветеринария мамандығының оқытушысы Сәрсенбиев Рашид ұтып алды. Аталмыш байқау Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен осы оқу жылында да біздің колледждің базасында өткізу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар колледждің мақтанышы - Ветеринария мамандығының оқытушылары Республикалық 2014 және 2019 жылғы «Үздік педагог» атағын беру конкурсының жеңімпаздары болып табылады.

Колледж Республикада алғашқы оқу орындарының қатарында қорытынды аттестацияны демонстрациялық емтихан түрінде өткізуді енгізді. Демонстрациялық емтихан тапсыру арқылы аграрлық мамандықтарды дәріптеу және педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыратындығына сенімдіміз. 2019-2020 оқу жылы «Ветеринария» мамандығы бойынша 10, 2020 - 2021 оқу жылы - 23 бітіруші студент демонстрациялық емтихандар тапсырып, нәтижелері бойынша студенттерге Skills-паспорттар алса, 2021-2022 оқу жылында «Ветеринария» және «Агрономия» мамандықтары бойынша 30 студент өз білімдерін демонстрациялық емтихан тапсыру арқылы дәлелдеді.

Қорыта айтқанда Құлан агротехникалық жоғары колледжі техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы тың өзгерістерге өз үлесін қосуға әрдайым дайын.

Жаңа білім ғасырында білімді терең меңгерген, жаңа технологиямен қаруланған, жан-жақты білімді, білікті маман ғана еліміздің болашағына өз үлесін қоса алады.

Дені сау, ұлттық сана сезімі жоғары, рухы мен ойлау дәрежесі биік, парасатты, ар - ожданы мол, еңбекқор, іскер, ғылым мен техниканы меңгеруге қабілетті мамандар дайындау мақсатына жұмылған ұжымды осы мәселе мазалайды. Әрине, мемлекетке сапалы мамандарды дайындауда колледж ұжымы өз үлесін арттыра түсері сөзсіз.

ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ – ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Дағарова Ұлдай Мұқымқызы

О. Көшекөв атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжі, Атырау қаласы

«Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін: білімді де зерделі, жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті ұрпақ керек» Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауынан. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазіргі уақыттағы білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат-еліміздегі білім беруде халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр- ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Заман талабына сай көштен қалмай қазіргі таңда педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етуде.

Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы-білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. «Технология» гректің «*teche*»- өнер, шеберлік және «*logos*»- ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағнаны білдіреді. Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Негізгі оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз– білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан, жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін мұғалім қажет. Енді, осы ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлеріне тоқталып өтейік: Ақпараттық технологиялардың бірі — интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Өзім қызмет жасайтын колледжде де жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Колледж кабинеттерінде интерактивтік тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймын, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы оқушыларды жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретеміз.

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Баласағұнның сөздері менің өмірлік қағидам. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де

жойылады» деген болатын. Сондықтан әр бір мұғалім күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген. Бүгінгі таңда білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибесіне сынап қараудың маңызы зор.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио-видео құралдар компьютер интерактивті тақта интернет компьютер – мультимедиялық құрал электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен инновациялық сайт және тағы басқалары жатады бұны бір сөзбен айтқанда оқу үрдісінде немесе сабақтарда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану деп атауға болады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Сондықтан оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиясы-білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау, білімді қабылдау, білім сапасын бағалауы, оқу тәрбиесі үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында ақпараттық мәдениетті, сауатты адам-ақпараттың қажет кезін сезіну, оны табу, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек. Осыған орай ақпараттық заманда өмір сүретін адам өзін-өзі шектей білетін негізгі нормалар мен ережелерді игеруі тиіс.

Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Мультимедиялық оқулықтар біріншіден оқушылардың қызығушылығын арттырады, екіншіден зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушының білім алу кезеңінде оқу іс-әрекетіне белсенділігін арттыра түседі. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттердің біріне айналды. Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың педагогикалық әдістемелік негіздері қалыптасу үстінде. Оқу процесінде оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын тиімді пайдалану және қолдану айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туғызып отыр.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа. Білім беру жүйесін ақпараттандыру мен ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану оқушының өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз.

АКТ-ны оқу-тәрбие үрдісінде қолдану оқушының қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Өз сабақтарымда АКТ пайдалану арқылы оқушылардың жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсететіндігін аңғардым. Жаңа материалдарды бірігіп талдауда да маңызы зор болды. Бұл оқушы және оқытушы жаңа ақпараттарды жеңіл түрлендіреді, жаңа нысандарды жасауға және жылжыту тиімділігіне жетеді. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. Ақпараттық технологияларды педагогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, сабаққа деген ынтасы оянады, өз бетімен жұмыс істеуге, дебат ұйымдатыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға еркін де кең мүмкіндік береді.

Ал, оқытушы үшін де маңызы өте зор, ол мына жетістіктермен ерекшеленді: мұғалім үздіксіз ізденіс үстінде жүреді, жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады, инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі, әдіс- тәсілі артады, жас мамандардың қызығушылығын туындатады, интернетке кіру жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс — тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс тәсілдерін игеруге қолы жетеді, оқытушының сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Ұлы педагог Ушинский: «Бала балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа салып құям десе де мұғалімнің қолында» дегені әр ұстазға қойылар үлкен сын деп ұғамын, ал ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру оң ықпалын беріп отыр. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп білемін. Қазіргі заман талабы оқушыларды бастауыш сыныптан бастап, ақпаратты коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігімен таныстыру керек. Ол үшін ұстаз компьютерлік технологияларды жетік меңгеруі керек. Әрбір мұғалім компьютерлік технологияларды пайдалану үрдісін тұтас қарастыруға үйреніп, сан-алуан байланыстарды, бәлкім, «сәтсіздіктің» және т.б. себептерін ашуға ұмтылады. Заман талабына сай ашық сабақтар беру барысында көрнекіліктерді интерактивті тақтамен көрсетуге тиімді. Мұғаліммен студенттің арасындағы жұмысын жеңілдетіп, баланың ойлануына, көзбен көріп, қолмен ұстап нәтижеге жетеді. Жіберген қатесін көзбен көріп, қолмен жазып түзете білуге үйретеді. Мен АКТ тиімді пайдалана отырып, көптеген нәтижеге, жетістіктерге қол жеткіздім.

Қорыта айтқанда, жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
2. Тіл байлығын дамытады;
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Пайдаланған әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017 ж.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан халқына Жолдауы / 14 желтоқсан 2012 ж. http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
3. Қазақ әліпбиі / <https://kk.wikipedia>.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы. 2004 ж. – 238б
5. Латын әліпбиі: рухани тәуелсіздік жолы / Қазақ үні, 11 сәуір 2017 ж. – 7 б.
6. М. Жұмабаев. Педагогика. Алматы, Ана тілі, 1992, 154 б.
7. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том, Алматы. Ғылым, 1999, 301

СТУДЕНТТЕРДІҢ ТИІМДІ ОҚУЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНУ.

Курашева Гульзира Еағалиевна.

Х.Өзбекғалиев атындағы жоғары политехникалық колледжінің физика пәні оқытушысы

Қазіргі әлем өмірдің барлық салаларын, соның ішінде білім беруді жаңартумен байланысты өзгерістерге толы. Отандық білім беру жүйесін реформалау жағдайында инновациялық тәсіл жаңа типті педагог – жаңа білім беру технологиялары мен оқу сабақтарын ұйымдастыру принциптерін оқу-тәрбие үрдісінде белсенді қолдана алатын жаңашыл мұғалімді алға қояды. Процесс жаңа ғылыми жетістіктерді, идеялар мен концепцияларды тәжірибеге енгізуге ықпал етеді. Сонымен, педагогикалық процесті жаңарту негізінде білім берудегі теория мен практиканың байланысы қазіргі уақытта өзекті, нақты және қажетті болып табылады. Бүгінгі таңда педагогикалық кеңістік белсенді және интерактивті оқыту әдістерін кеңінен қолдану идеясына мұғалімдердің көбірек назар аударуымен сипатталады. Білім беру саласындағы инновациялар, оқытудағы құзыреттілік тәсілдің басымдығы, педагогикалық технологияларды жетілдіру оқытудың институционалдық моделінен динамикалық моделіне көшу қажеттілігін анықтайды.

Қазіргі уақытта маманның жеке тұлғасына қойылатын талаптар күшейді: стандартты емес ойлаушы, шығармашылық белсенді, әлемде болып жатқан өзгерістерге икемді және тез жауап бере алатын, оны жоғары оқу орнының басты міндеті деп атауға болады. Студенттерді оқытудағы инновациялық тәсіл болашақ мамандарды дайындауда оқу-тәрбие жұмысының барлық аспектілерін қамтуы және жүйелі болуы керек.

Заманауи нақты жағдайда жоғары білім сапасына қойылатын талаптар студенттердің кәсіби және коммуникациялық дағдыларын қалыптастырумен қатар олардың жеке қасиеттерін, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін жан-жақты дамытуды көздейді. Сондықтан оқу үдерісі осы міндеттерді шешуге жақсы ықпал ететін формалар мен әдістерді қамтуы керек.

Осыған байланысты, біздің ойымызша, жоғары білім беру саласына оқыту жүйесін енгізу орынды, оның көмегімен студенттердің кәсіби білімі мен дағдыларымен қатар қажетті психологиялық және коммуникативті қасиеттерді қалыптастыруға және дамытуға болады. Инновациялық іс-әрекет – жаңа әлеуметтік талаптардың сәйкес келмеуі нәтижесінде туындайтын күрделі мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекет. Білім берудегі тәрбиешінің инновациялық іс-әрекетінің құрылымын талдауда әртүрлі көзқарастар бар. Мысалы,

А.Никольскаяның айтуынша, іс-шараларды жаңарту 3 кезеңде жүзеге асырылады: дайындық, жоспарлау және жүзеге асыру. Инновациялық оқыту үдерісінің тиімділігі үшін бірқатар талаптарды орындау қажет:

- 1) студенттің оқу іс-әрекеті нысандарында маманның кәсіби қызметінің мазмұнды және контекстік көрінісін қамтамасыз ету;
- 2) оқу қызметін ұйымдастыруға қойылатын психологиялық талаптарды ескере отырып, оқытудың әртүрлі нысандары мен әдістерін біріктіруге;
- 3) жүйе құрылысының модульділігін және оның оқытудың нақты жағдайларына және білім алушылардың контингентіне бейімделуін пайдалану;
- 4) білім беру нысандары арасындағы байланыстардың әртүрлі түрлерін жүзеге асыру;

5) білім беру мазмұнының және сәйкесінше білім беру формаларының оқу-тәрбие процесінің басынан аяғына дейін күрделене түсуін қамтамасыз ету. Оқытудың инновациялық әдістері студенттердің шығармашылық және инновациялық іс-әрекетінің тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл түптеп келгенде болашақ маманның құзыреттілігіне әсер етеді.

Оқытудағы жаңашылдықтың мәні, оқытудың өте жаңашыл әдістері, біздің ойымызша, олардың динамизмімен, белсенділігімен де айқындалады. Инновациялық оқытудың ерекшеліктері:

- алға қарай жұмыс істеу, дамуды болжау;
- болашаққа ашықтық;
- тұрақты мазасыздық, басқаша айтқанда, теңгерімсіздік жүйелер, атап айтқанда адамның өзі;
- тұлғаға, оның дамуына көңіл бөлу;
- шығармашылық элементтерінің міндетті түрде болуы;
- серіктестік қарым-қатынас түрі: ынтымақтастық, бірлесіп құру, өзара көмек және т.б.

Оқытудың жаңа формалары мен әдістерін енгізудің жоғары қарқынына байланысты мұғалімнің алдына мынадай міндеттер қоюы керек:

Оқыту интерактивті болуы керек.

Оқушылар оқытылатын пәнге қызығушылық танытуы керек.

Оқу процесі коммуникативті дағдыларды қалыптастыруға, бейімделуге ықпал етуі керек.

Динамикалық және тез өзгеретін өмір сүру жағдайлары, әлеуметтену және өсу стрессіне төзімділік және қазіргі заманғы адамға қажетті басқа да дағдылар. Олай болса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығының тұрақтылығы мен білім алған күннен бастап өз бетінше білім алу қабілетін дамыту, ғылыми ізденіске деген қызығушылықты жаңаша оқыту жүйесінің басты міндеттері болып табылады. Белгілі бір мұғалімнің оқыту әдістемесінде адам факторы өте маңызды рөл атқарады. Қалай болғанда да, маман өз тәжірибесі мен пәнді субъективті түсіну призмасы арқылы білімді таратады. Сондай-ақ, оқушылардың өз түсінігі тұрғысынан да жауаптары бағаланады. Инновациялық тәсілдер пәнді түсінудің шығармашылық аспектісін және қойылған міндеттердің стандартты емес шешімдерін көрсетеді, оқыту әдістерін, ең алдымен, кәсіби ғана емес, сонымен қатар тұлғалық өсуіне ықпал ету үшін процеске құштарлық пен қызығушылықты арттыруға негіздейді. Білім берудің классикалық моделінде мұғалім ақпарат көзі ретінде әрекет етеді,

ал оқушы оны қабылдаушы болып табылады. Бұл тәсілмен оқыту пассивті түрде жүреді, ал процесте оқушының рөлі шамалы.

Интерактивті оқыту әдістерінің алдына қойған міндеттері:

- оқушылардың пәнге және өзін-өзі тәрбиелеуге қызығушылығын ояту;
- студенттердің өзіндік пікірін қалыптастыру және өз ұстанымдарын қорғай білу;
- әлеуметтік және кәсіби дағдыларды қалыптастыру;
- оқытылатын материалды тиімді игеру;
- студенттердің мәселені шешу жолдары мен нұсқаларын, сондай-ақ шешімнің негіздемесін өз бетінше іздеуі;
- студенттер арасында белсенді әрекеттестік орнату, ұжымдық жұмысқа үйрету;
- оқушының саналы құзыреттілік деңгейін қалыптастыру.

Оқытуда әртүрлі интерактивті формалар бар:

- дөңгелек үстел әдісі;
- даулар;
- іскерлік және рөлдік ойындар;
- кейс-стади (нақты жағдайларды талдау, ситуациялық талдау);
- тренингтер, шеберлік сабақтары;
- әр өткен тақырыпқа рефлексия жазу. Нақты жағдайға байланысты мұғалімнің өзі оқытудың қолайлы формаларын таңдайды.

Қорытындылай келе, біздің заманымызда білім беру жүйесінің даму қарқынының жоғары болуына байланысты білім беру мазмұнына, кәсіби педагогикалық дайындыққа практикалық және теориялық көзқарастарды қайта қарау қажет. Болашақ мамандарды даярлаудағы инновациялық тәсіл жүйелі және жан-жақты болуы керек екендігі ерекше назар аударуға қажет. Иновациялық тәсілдің арқасында мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында білім берудің барлық жүйесі жетілдірілуде. Студент алған кәсіби дағдыларды іс жүзінде қалай жүзеге асыру керектігін түсінуі керек, сондықтан инновациялық технологиялар мен оқыту әдістері қажет. Білім беру технологияларындағы инновацияның негізі әлеуметтік тапсырыс, болашақ мамандардың кәсіби мүдделері және студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеру сияқты жаңа жоспар керек, бұл үшін инновациялық формалар мен әдістерді қолдануды үйлесімді үйлестіру қажет. Кадрларды даярлаудың мақсаттары мен міндеттерін түсіну және инновациялық әдістер оқу үдерісін дамытуға және қоғам өмірінің әртүрлі салаларына жоғары деңгейдегі мамандарды дайындауға бағытталған көптеген оқыту технологияларында көрініс табады. Олардың көмегімен болашақ мамандығы бойынша білім, білік, дағдыны қалыптастыру және бекіту үшін жағдай жасалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2.Қ.М. Нағымжанова. Оқыту технологияларын таңдау және мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениеті.
- 3.Устемиров К.Шаметов Н.Р. Васильев И.Б. Профессиональная педагогика.Алматы 2005.- 432б
- 4.Білім берудің жаңарту жағдайында заман талабына сай кәсіби білім беру мүмкіндіктері// Білім-образование.-Алматы,2009.№5-б 28-34.

ТИІМДІ САБАҚ- СТУДЕНТ ПЕН ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУ ЖОЛЫ

Ажигалиева Гүлбарам Орынғалиқызы

О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы, филология магистрі, Атырау қаласы

«Мақсатыңыз қол жетімсіз екеніне көзіңіз жеткен кезде,
мақсатыңызды емес әдісіңізді өзгертіңіз»
Конфуций

Қазіргі білім үлгісінің негізгі бағыты — тұлғаны қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде танып, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру. Сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасалуы тиіс. Бұл қазіргі уақытта педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты көрініс тауып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Студенттердің функционалдық сауаттылығын, құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, мәселелері тек қана білім мазмұнын жаңартуды жүзеге асырып қана қоймайды, сондай-ақ оқытудың тиімді технологиясы мен әдістерін қолдануды көздейді. Яғни бүгінгі күні мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және педагогикалық технологияларды меңгеру.

Мен өзімнің іс - тәжірибемде «Сын тұрғысынан ойлау», «Сатылай кешенді талдау» технологияларын қолданамын. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының стратегияларын ұтымды пайдалану студенттердің шығармашылық қасиетін анықтауда, күшейтуде, оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда ерекше маңызды. Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлау» деп сипатталады. Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль студенттердің де, оқытушылардың да сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль студенттердің де, оқытушылардың да сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Мақсаты тұлғаның кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету. Сабақ өткізу тәжірибемде тақырыптарды меңгертуде сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің «ДЖИГСО», «Венн диаграммасы», «Екі жақты күнделік», «РАФТ», «Соңғы сөзді мен айтамын», «Еркін жазу», «Автор орындығы» әдістерін пайдаланамын. Сабақты жаңашыл үрдіспен өткізу студенттердің білім сапасын арттырып, олардың шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытып отырады, ал педагогтар үшін кәсіби шеберліктерінің өсуіне жәрдемдеседі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Осы орайда жаңа форматта өткізілген өз тәжірибемде қолданған сабақ жоспарымды ұсынбақпын. 1-курсқа «Абай Құнанбайұлы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі» сабағында «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын қолдандым. Бұл сабақ барысында студенттердің белсенділік, қызығушылық деңгейі жақсы болды. Студенттер топпен жұмыстанды. Ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты. Сабақтың кіріспе бөлімінде сыныптың білім деңгейін анықтау мақсатында студенттерге «Миға шабуыл» әдісі арқылы үй тапсырмасын «шын/жалған ақпараттар» арқылы тексеремін. Жаңа тақырыпты ашуда бейнесюжет көрсетудің маңыздылығының жоғары екендігін ескеріп, «Абай» киносынан

үзінді көретіп, студенттер жаңа сабақтың тақырыбын табады. Кейін екі топқа түрлі тапсырма бердім. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңін тыңдап, өлеңнің негізгі идеясын, мақсатын анықтап, түсіндірмелі сөздікпен жұмыс жасайды. Топпен бірлесіп, өлеңге «Сатылай кешенді талдау» жүргізеді.

- 1.Шығарма авторы
- 2.Шығарма атауы
- 3.Шығарма тегі
- 4.Шығарма жанры
- 5.Көтерген мәселесі
- 6.Шығарма идеясы
- 7.Шығарманың көркемділігі
8. Шығарма құрылысы
- 9.Тәрбиелік мәні.

«Сатылай кешенді талдау – ұлттық құндылығымызды бағалай білуге, оның білім көкжиегінде кең таралуына ықпал етіп күнделікті өмірде қолданылу аясын жақсартуға бағыттайтын оқыту,»- деп түсінік береді технология авторы Нұрша Оразахынова.

Талдау жүргізілгеннен кейін топтар берілген үзіндіде кездескен көркемдегіш құралдардың орны мен қызметіне талдау жасайды.

Көркемдегіш құралдар мен ауыспалы мағынадағы сөздер	Қандай көркемдегіш құрал?	Автор не үшін қолданды деп ойлайсыз, түсіндіріңіз.
<i>Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.</i>		
<i>Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.</i>		
<i>Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді, Аузымен орақ органөңкей қыртың.</i>		
<i>Көрсеқызар келеді байлауы жоқ, Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.</i>		
<i>Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?</i>		

туденттердің әдебиет теориясынан алған білімдері осы кестені талдағаннан байқалады.

«Екі жақты күнделік» стратегиясы
Қазақ бойындағы жағымсыз мінездер

Ақынның айтуынша	Менің ойымша

Бұл стратегияны орындауда студенттер сыни тұрғыдан ойлануды үйренеді. Жұпта, топта талқылау болады. Топтағы көшбасшының пікірін тыңдай отырып, ортақ келісімге келеді.

«Дәлелденген эссе» әдісін пайдаланып, «Абай неге қынжылды, неге ашуланды?» деген тақырып бойынша екі студент шығып, пікірталас өткізеді. Бірі сол берілген тақырып бойынша теріс пікір (яғни жақтамайды, немесе келіспейді) айтса, ал екіншісі тура пікірде (яғни жақтайды, немесе келісетінін білдіреді) болады. Сабақтың бұл әдісінде студенттер өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен пікірталас жасау арқылы белсенді түрде білімдерін толықтырады.

«Жалғасын тап» әдісінде студенттер берілген мақал-мәтелдердің жалғасын табады. Бұл әдіс- ой ұшқырлығын дамытуға қолайлы әдіс.

«Қайтсек ел боламыз?» ой-толғауында жеткен нәтижем студенттер бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді, бірлескен түсінік қалыптасады. Өз идеясын ортаға салып, басқалардың пікірін тыңдайтын болады.

«РАФТ» стратегиясын студент топпен де, жеке де орындай алады.

I -топ

«Абай» ауылы

Р - Абай

А - Жастар

Ф - Хат

Т - Елімнің болашағы сендерсіңдер.

II-топ

«Жастар» ауылы

Р - Жастар

А - Абай ата

Ф - Хат

Т - Біз жалынды жастармыз

Студент қандайда бір рөлді алып, сол рөлге еніп өз ойын жазады. Студенттердің өзіндік пікірін қалыптастырып, терең ойлауға, белсенділігін арттырып, сөздік қорын дамытуға қолайлы әдіс.

Оқытудың жаңа тәсілдері: топпен жұмыс, бірлескен жұмыстың арқасында аз уақытта біз біраз жетістікке жеттік. Студенттер дайын білімді алушы студенттен дербес, сыни ойлайтын студентке айнала бастады.

Берілген тапсырмалар бойынша топтық ережені сақтап, студенттер бірлесе жұмыстанды. Тапсырмалар орындатуда студенттердің алға ұмтылысы мен қызығушылығының арта түскенін байқадым. Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы өткізілген сабақтан студенттердің тапсырмаларды сенімді орындағанын, белсенділікпен қатысуды үйренгенін байқайсыз.

Рефлексияда «Ұшақ» стратегиясы пайдаланылады. Студенттер топпен жұмыс жасап, ортақ қағазға 5 сөйлемнен тұратын тілек, ұсыныс жазады. Жазып болған соң, қағаздан ұшақ жасап, басқа топқа ұшырып жібереді. Топтар бір – бірінің тілек-ұшағын оқып, бір – бірін бас бармақ арқылы бағалайды. Мысалы, I-топтың ұшағында мына тілек-ұсыныстар жазылған:

- Ұлы Қазақ ұрпағы екендіктеріне сүйсінеміз!
- Бүгінгі сабаққа белсене атсалыстыңдар!
- Қазақ елі ынтымақта өмір сүрейік!
- Болашақ сендердің қолдарыңда!
- Қазақ елінің өркендеуіне үлес қосыңдар!

Бұл бір сабақтың «сын тұрғысынан ойлау» технологиясы арқылы өткендігінің нәтижесі.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген, Жүсіпбек Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас. Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі - тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады.

Қорыта айтқанда, «Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін - тек қана олардың оқуы үшін жағдай жаратамын»-деп А.Эйнштейн айтқандай, студенттерді шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың студент біліктілігін арттыру үшін маңызы зор. Тиімді сабақ нәтижесі, біріншіден, студент білімін нақтылайды, екіншіден, өздігінен жұмыс істеуге жаттықтырады, ой-қабілетін арттырады, үшіншіден, қажет кезінде алған білімін тәжірибеде қолдана білу дағдыларын қалыптастырады. Болашақ мамандарымыз жаңа заман талабына сай білімді, жан - жақты, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы үшін оның бойында құзыреттілікті дамыту ұстаздың қолында.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі» Рауан 1997.
2. Мұғалімге арналған Нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей// НИШ. Кембридж университеті. Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2012. 12 – бет.
3. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту //Білім - Образование - 2006, №2, 15 - 18 б.
4. <https://www.tarbie.kz/14486>.
5. www.ulagat.com.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ЖАҢА УАҚЫТ – ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Белдеубаева Асель Ерелхановна

Тараз политехникалық колледжі, әдіскер

Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі - оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Ақпараттық технологияларды сабақта қолданудың негізгі мақсаты: біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны қолдану, әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру. Бұл тұрасында Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп көрсетілген. Осы тұжырым білім беру жүйесін ақпараттандырудың мақсаты болып табылады. Бұл өз кезегінде білім беру жүйесін инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Осыған сәйкес сабақ үдерісінде жаңа ақпараттық және инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу, жан-жақты,

4. Solovova E.N. Students' autonomy as the basis for the development of modern continuous education of personality. // Foreign languages at school, 2004. № 4. p. 11-17.
5. Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment. MOSCOW: IFLU, 2003.
6. Kolker J.M. et al. Practical methodology of foreign language teaching: Textbook. Y.M. Kolker, E.S. Ustinova, T.M. Emalieva. M.: Publishing Center "Academy", 2001.
7. Galskova N.D. Modern Methodology of Teaching Foreign Languages: Manual for Teachers. // N.D. Galskova. 3rd edition, revised and extended. M.: ARCTI, 2004.

STEAM ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

М.С. Лапиденова

О.Көшекөв атыдағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі директорының орынбасары, математик апәні оқытушысы

STEAM-білім беру-бұл перспективалы инновациялық білім беру технологиялары мен әдістерін енгізумен байланысты ғылым мен білімді байланыстарған жаңа бағыт.

STEAM: S – science, T – technology, E – engineering, a – art, M – mathematics, немесе: Жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерлік өнер, шығармашылық, математика. Қысқаша, қазіргі әлемде ең көп сұранысқа ие пәндер. Бүгінгі таңда STEAM дамуы әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің бірі екеніне таңдануға болмайды.

Жалпы халықаралық экономикада "Данышпандар дағдарысы" туындап отырғаны, технологиялық компанияларда білікті STEM мамандары жетіспейтіндігі жиі айтылып келеді. Жетекші компаниялар үшін дамудың негізгі бағыты-деректерді цифрландыру және талдау, сондықтан IT және Data Science құзыреттері технологиялық бизнеспен байланысты кез келген адамға, инженер маманға қажет болып отыр. Мысалы, 2020 жылы Қытайдың өнеркәсіптік кәсіпорындары цифрлық технологиялардың арқасында 4 трлн доллардан астам қосымша құн алды. McKinsey бағалауы бойынша, АҚШ-тың денсаулық сақтау саласына Data Science әдістерін енгізу 450 миллион долларға дейін немесе бүкіл сала бюджетінің 17% үнемдеуге мүмкіндік берген. Цифрлық технологиялар мен деректерді талдауды қолдану қызмет саласына қарамастан кез келген бизнеске пайда әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, сыртқы ақпаратты өңдеу өте күрделі мәселелерді шеше алады. Тамаша мысал — банк саласы. Ірі банктер әлеуетті клиенттер туралы кез-келген ақпаратты жинайды және өңдейді: әлеуметтік желілерден геолокацияға дейін. Олар бизнес-процестерді болжау және автоматтандыру үшін жасанды интеллект пен машиналық оқыту әдістерін белсенді қолданады. Тиісті жұмысшыларды дайындау үшін ірі алпауыт компаниялар STEM білім беруді дамытуға инвестициялауға итермелейді.

Студенттердің жаратылыстану, нақты ғылымдар саласындағы білім сапасының төмендеуі, студенттердің мотивациясының болмауы, оқытушылардың саны мен сапасы мәселелері барлық елдегі проблемалық мәселе болып табылады. Негізінен жұмыс берушілер

нақты ғылым мамандарына жақсы жалақы төлеуге дайын, алайда студенттер мұндай пәндерді негізгі пәндер ретінде таңдағысы келмейді, себебі қиын, уақытты көп талап етеді.

Сондықтан жоғары технологиялық өндіріс дамытын елдерде STEM білімі басымдыққа ие болып отыр. Ғылыми-инженерлік кадрлардың шұғыл қажеттілігін технологиялық прогреске және инновацияға негізделген экономиканың өсуіне бағдарланған мемлекет те, кадрлық тапшылықты сезінетін IT-компаниялар да түсінеді.

Ал енді неліктен STEM –білімі басымдыққа ие:

- Жаһандану кезінде әлемде, соның ішінде, Қазақстанда IT-мамандар, бағдарламашылар, инженерлер, жоғары жіне нано технологиялық өндірістердің, инженердің мамандары және т. б. жетіспейтін болады.


- Болашақта қазір өндірісте жоқ мамандықтар пайда болады, олардың барлығы технологиямен және жаратылыстану ғылымдарға негіздерген жоғары технологиялық өндіріспен байланысты болады.

- Сол себепті болашақ мамандарға жаратылыстану ғылымдары, инженерия мен технология салаларынан жан-жақты дайындық пен білім қажет болады.

Steam аббревиатурасын АҚШ Ұлттық Ғылым қорының қызметкерлері 2001 жылы жаңа білім беру парадигмасын белгілеу үшін енгізді. Оның көмегімен Америка Құрама Штаттарын ғылым мен өнеркәсіпті дамыту үшін жоғары білікті техниктермен қамтамасыз ету жоспарланды.

Бүгінгі таңда STEM мамандары-әлемдік еңбек нарығында ең көп сұранысқа ие адамдар. STEM сауаттылығын арттыру кез-келген маманға жоғары білікті еңбек нарығында сұранысқа ие болуға көмектеседі.

STEM-мен ашық онлайн білім беру алаңдарында танысуға болады. Мысалы, Coursera, EdX, Udacity-де әлемнің жетекші университеттерінің ұзақтығы мен күрделілігі әртүрлі курстар жарияланады. Қосымша ақыға курсты аяқтағаны туралы электрондық сертификат алуға болады. Мұндай сертификатты LinkedIn профиліне тіркеуге болады, оны көптеген ірі компаниялар тізімдейді.



STEM білім беруді дамыту перспективаларының арасында үш негізгі бағыт бар:

- білім беруді жекелендіру
Әлемнің жетекші университеттерінің көпшілігі білім беру бағдарламаларын жекелендіреді-студенттер міндетті түрде бірнеше негізгі пәндерге қатысады, ал қалғандары өздері таңдайды. Бір жағынан, бұл тәсіл әр студенттің әлеуетін ашады, екінші жағынан, әлеуетті жұмыс берушілердің сұраныстарына бейімделуге көмектеседі.
- жобалық ойлауға және топтық жұмысқа назар аудару
Қарапайым инженерлер заманауи бизнеске қызығушылық танытпайды. Оған командада жұмыс істей алатын және команданы басқара алатын жобалық көзқарасы бар инженерлер қажет. Бұл дағдыларды дамыту іскерлік білім беруде қалады, бірақ STEM-ден айырмашылығы, MBA-ның танымалдығы соңғы уақыттан төмендеп келеді.
Бизнестің заманауи инженерлерге деген сұранысын қанағаттандыру үшін STEM білім беру сөзсіз өз бағдарламасына "икемді" дағдыларды дамытуды енгізеді.

- оқытудың аралас форматы

COVID-19 пандемиясы онлайн білім беруді сауатты ұйымдастырудың маңыздылығы мен болашағын айқын көрсетті. Алынған әзірлемелерді пайдалана отырып, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын аралас форматқа аударған жөн: офлайн плюс онлайн.

Бұл тәсіл студенттерге өз кестелерін еркін жоспарлауға және жатақханалармен қамтамасыз етуге аз тәуелді болуға көмектеседі. Университеттер-жеке сабақ бере алмайтын әлемдік деңгейдегі оқытушыларды тарту. Аралас форматта университеттер оқытушылар мен аудиторияны оңтайландырып, жалпы тиімділікті арттыра алады.

Ұзақ мерзімді перспективада STEM университеттердің білім беру бағдарламаларының бөлігі ғана емес, сонымен қатар мектептер де болуы керек. Бұл дайындықтың бірыңғай жүйесін құруға, бүкіл білім беру жүйесінің тиімділігін, әлемдік аренада отандық ғылым мен өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Оқушы үшін математиканың мәні неде?

Бірнеше жыл бұрын "Tatler үздік мектептер" қосымшасының беттерінде жазылған болатын: әлемді эмоционалды интеллект басқарады, математика мен физикаға балалар өмірлік мәселелер ретінде қарауы керек және тапсырмаларда X және Y емес, олардың достары Айна мен Айбар деп елестетуі керек.

Қазірде тренд өзгерді. Енді күнделікті өмірге жаратылыстану және нақты ғылымдар тұрғысынан қарау. Сабақта және өмірде болып жатқанның бәрін қарапайым және түсінікті жүйеге орналастыруға тырысу керек. Бұл тәсіл STEM – Science ("ғылым"), Technology ("технология"), Engineering ("инженерлік жобалау"), Math ("математика") аббревиатурасымен сипатталады.

Қазіргі заманғы STEM тәсілі эксперименттер арқылы алынған ақпаратты бекіту арқылы шеберлікті қалыптастыруға негізделген. Сабақтарда олар жеке пәндерді (мысалы, химия немесе информатика) оқымайды, бірақ бірнеше пәндердің түйіскен жерінде жобада жұмыс істейді (сондықтан кейбір мұғалімдер STEM аббревиатурасының орнына "жобалық қызмет" терминін қолданады). Бұл жобаны оқушылар талқылауы, жоспарлауы, тексеруі және жүзеге асыруы қажет. Жобалар ақылды автоматтандырылған қашықтан басқарылатын аквариум және ультрадыбыстық сенсорлары бар зағип адамдарға арналған жағдай болуы мүмкін.

Кейбір уақытта оқу бағдарламаларында STEM термині "ағайынды" – STEAM-мен бірге пайда болды. Мұндағы А әрпі Arts ("өнер") дегенді білдіреді. Бұл жерде біз өзімізге қарсы келеміз. Алайда Леонардо да Винчиді есімізге түсірсек- оның кескіндемедегі шеберлігі мен техникасы бір-біріне мүлдем кедергі келтірмеді, керісінше көмектесті. Егер Леонардо бұл процеске жүйелі түрде жақындасам, оның Мадонналары соншалықты шынайы көрінбейтін шығар. Суретші адам денесінің әрбір бұлшықетінің құрылымын егжей – тегжейлі зерттеді – бұл осы STEAM мысалы.

Арт-пәндер. Техникалық өнертабыстар мен ғылыми жаңалықтарға қажетті шығармашылықты дамытатынын ұмытпаңыз. Галилео өлең жазды, Эйнштейн скрипкада ойнады, Морзе портреттер салды. Біздің ғасырда өнердің өзі фотошопта өңдеуден бастап күрделі қондырғыларды жасауға дейін компьютерлік технологияны қолданады. Сондықтан, шығармашылықпен дарынды балалардың да цифрлық және техникалық дағдыларды игеруі мағынасы бар.

"Ақылды жылыжай" жобасын жасау

Информатика, инженерия, математика, физика, химия, биология, еңбекке баулу пәндерін біріктіреді.

Мақсаты: жүз пайыз автоматтандырылған жылыжай моделін құру.

Мерзімі: 1 жыл.

Оқушыларды топтарға біріктіріп, әрқайсысына жылыжайларында қандай өсімдіктер өсіргісі келетінін таңдауға шақырыңыз.

Биология сабақтарында балалар таңдалған өсімдік туралы бәрін біледі: жарық пен суарудың қандай режимі қажет, өнімділігі қандай биіктікке жетеді.

Содан кейін оқушыларды әр нақты өсімдікке суару жүйесін қалай қамтамасыз ету керектігі туралы ойлануға шақырыңыз. Схема келесідей: суару жер құрғақ болған кезде болуы керек. Бірақ сіз білуіңіз керек — дәл осы өсімдік үшін жер құрғақ па, әлде әлі ылғалды ма?

Топырақта қандай ылғалдылық деңгейі болуы керек екенін анықтағаннан кейін, балалар жылыжайда ылғалдылық сенсорын орнатады. Ол ылғалдылыққа байланысты өзгертін жердің кедергісін өлшейді. Сонымен, сенсор міндетті түрде калибрлеуді қажет етеді. Сондықтан физика сабағында сенсор өсімдіктің қажеттіліктеріне сәйкес калибрленеді.

Химия сабақтарында оқушылар топырақ құрамының өзгеруіне байланысты топырақтың әртүрлі құрамдарын және қарсылықтың өзгеруін зерттейді. Сенсор, өз кезегінде, Топырақ эрозиясы сыни болмайтындай етіп реттелуі керек.

Барлық бастапқы деректерді жинағаннан кейін студенттер оларды информатика сабақтарында өңдейді: сенсорлардың жұмысын бағдарламалайды және жылыжайдың ұсақ бөлшектерін 3D басып шығарады.

Басқа сабақтарда балалар ауа ылғалдылығы мен CO₂ датчиктерінің жұмыс принципін, жасанды жарықтандырудың жұмыс принципін үйренеді.

Егін жинау үшін студенттер түс сенсорының көмегімен егіннің піскенін анықтайтын Робот манипуляторының принциптерін меңгереді.

"Автоматты метеостанция"

География, информатика, физика, химия, еңбек қорғау, математика пәндерін біріктіреді.

Мақсаты: ауаның ылғалдылығы мен температурасын, көмірқышқыл газының мөлшерін, атмосфералық қысымды анықтай алатын метеостанция құру. Оған жел жылдамдығының сенсоры қосылуы мүмкін. Метеостанция әуе шарларында болады.

Орындалу мерзімі: 10 сабақ.

Жоба бойынша жұмысты оқушылар еңбек сабағында бастайды, онда мұғаліммен бірге метеостанцияның міндеттері мен функционалдығын талқылайды. Оқушыларды 3-4 мүшеден тұратын топтарға біріктіріңіз. Олардың әрқайсысы метеостанцияның өзіндік инженерлік көзқарасын дамытуы керек.

Қажетті электрониканы таңдау, корпусты әзірлеу және дайындау, барлық компоненттерді бір құрылғыға жинау және эргономиканы талдау еңбек сабағында да орын алады.

Математика сабағында оқушылар корпустың пішіні мен өлшемдеріне қатысты есептеулер жүргізеді. Физика және химия сабақтарында барлық датчиктерді дұрыс калибрлеу үшін тәжірибелер жүргізіледі.

Информатика сабақтарында оқушылар қашықтықтан беру және оқушы құрылғыларындағы көрсеткіштерді сақтау үшін метеостанция мен бағдарламалық жасақтаманың жұмысын реттейді.

"Ақылды үй" жобасы

Информатика, инженерия, математика, физика, химия, сәулеттік дизайн, еңбекке қорғау пәндерін біріктіреді

Мақсаты: тамақтану жаңартылатын көздерді пайдалану арқылы жүзеге асырылатын болашақ үйінің моделін құру.

Мерзімі: 6-9 ай.

Оқушыларды "Ақылды үйдің" мүмкіндіктері туралы өз көзқарастарын қарастыратын топтарға біріктіріңіз: үй моделін күн батареяларымен қуаттандыру, қозғалыс датчиктерін,

CO2 датчиктерін, ылғалдылық пен ауа температурасын реттеу, есіктер мен терезелерді автоматты түрде жабу және ашу, автоматты жарықтандыру және дабыл.

Еңбек сабақтарында әр топ Болашақ үйінің жобасын дербес әзірлейді: дизайн, едендер саны, террасаның, қосалқы ғимараттардың болуы.

Оларды дұрыс орнату үшін сенсорлармен тәжірибелер физика және химия сабақтарында жүргізіледі. Архитектуралық есептеулердің дәлдігі математика сабақтарында тексеріледі.

"Ақылдыүй" бағдарламалау, әрине, информатика сабақтарында жүреді. Модельге "Автоматты метеостанцияны" және "ақылды жылыжайды" қосуға болады.

Алгебра мен геометрияның интеграциясы: STEAM білімінде математика үшін қолдануға болатын мысалдар көрсетілген. Мұнда алгебра мен геометрияның интеграциясына сүйене отырып, вербалды емес дәлелдерді қолдана отырып, оқытуда қолданылатын теоремалар мен формулаларды дәлелдеуге болады.

Ең алдымен, бір формуланың ауызша және вербалды емес дәлелдерін көрсетейік:

N дәйекті сандардың қосындысының формуласын қарастырыңыз: $T_n = n(n+1)$


Ауызша дәлел:

$$1. \text{ для } n=1, T_1 = \frac{1(1+1)}{2 \cdot 1(1+1)} = 1$$

$$2. \text{ для } n=k, 1+2+3+\dots+k = \frac{k(k+1)}{2}$$


$$3. \text{ показывая правдивость для } n=k+1, \\ 1+2+3+\dots+k+k+1 = \frac{k(k+1)}{2} + \frac{k+1}{2} = \frac{(k+1)(k+1)}{2}$$

Студент Бұл дәлелде формуланы дұрыс түсінбейді Біз оқушыларымызды сабақ кезінде ойлануға мәжбүр етуіміз керек. Сабақтың соңында біз оқушылардың барлық сұрақтарына жауап беретін шешімді көрсетуіміз керек. Ауызша дәлелдеу шешім емес. Енді осы формуланың вербалды емес дәлелдерін қарастырайық. Вербалды емес дәлел:



Сурет. 3. Вербалды емес дәлел

T_n арқылы көк нүктелердің қосындысын белгілеңіз. Сол сияқты, T_n арқылы қызыл нүктелердің қосындысын белгілеңіз. Нүктелер саны бірдей болғандықтан, оларды бір формада белгілеуде ешқандай проблема жоқ. Егер суреттегі нүктелердің жалпы қосындысына қарасақ, $T_n + T_n = 2T_n$ екенін көреміз.



Егер біз қарап бейнесі алынған бірлестігі көк және қызыл нүкте, біз көреміз, сонда тіктөртбұрыш ұзындығы $(n + 1)$ және ені n екенін көреміз. Бұл формула төртбұрыштың ауданын $S = ab$, біз жазу бұл $2Tn = n(n + 1)$, содан кейін біз формуланы $Tn = \frac{n}{2}(n + 1)$. Дәлел аяқталды.

Көріп отырғаныңыздай, вербалды емес дәлелдер оқушыға бәрін мүмкіндігінше анық түсіндіруге көмектеседі. Мұнда вербалды емес дәлел оқушыға формуланың неліктен дұрыс екенін анық көрсетеді.

Зерттеулердің нәтижесінде вербалды емес дәлелдер бізге аксиомалар мен формулалардың дұрыстығын дәлелдеп қана қоймай, олардың дұрыстығын анық көрсетеді және бізді бұған сендіреді. Біз көрнекі түрде көретіндердің бәрін түсіну және есте сақтау оңай болғандықтан, вербалды емес дәлелдердің арқасында математика түсінікті және есте қаларлық болады.

Бір қарағанда, вербалды емес дәлелдерге қарау түсініксіз және қиын болып көрінгенімен, бұл біздің студенттеріміздің ойлау қабілеті жоқ екенін көрсетеді. Вербалды емес дәлелдер оқушылардың психикалық, математикалық және логикалық ойлауын жақсартуға, сондай-ақ олардың талдау және синтездеу қабілетін дамытуға көмектеседі. Білім беруде дәлелдемелердің барлық түрлеріне орын берілуі керек. Егер біз STEM білімінің негізгі мақсаттарының бірі студенттерге мәселені басқаша қарауға, оны басқа сабақтармен біріктіруге және шешуге мүмкіндік беру екенін ескеретін болсақ, онда математика оның өнер мен геометриямен байланысы нәтижесінде туындайтын мәселелерді шешетінін көреміз.

Пайдаланған әдебиеттер мен ресурстар:

- Мамедов Б., Шахбазова В. МАТЕМАТИКА В STEM-ОБРАЗОВАНИИ, ИНТЕГРАЦИЯ АЛГЕБРЫ И ГЕОМЕТРИИ
- <https://trends.rbc.ru/trends/>
- Токпалинова Анара Асалбековна. Использование STEAM – технологий на уроках математики и во внеурочной деятельности.
- <https://osvitoria.media/ru/experience/try-steam-proekta-kotorye-mozhno-realyzovat-v-shkole>

«PLATONUS» АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Тасымов Манарбек Болатович

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі
директордың ақпараттық-технологиялар жөніндегі орынбасары

Білім беруді жаңғырту - бүгінгі заманның талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен қатар жаңа бағдарламалар да жоғарғы оқу орындарының білім беру жүйесіне еніп жатыр. Солардың бірі – «Платонус» бағдарламасы.

«Platonus» - қашықтықтан және кредиттік жүйемен оқыту технологиясы процесін кешенді автоматтандыруды қамтамасыз ететін автоматтандырылған ақпараттық жүйе.

Жүйе колледждің нақты ақпараттары мен процестері көрсетілген орталықтандырылған деректер базасынан тұрады.

Әр студентке қажетті ақпаратты ашып қарауды, қызметкерге өзінің негізгі міндетін автоматтандыруды, қашықтықтан оқытындар үшін кейстер мен білімді бақылауға жедел қол жеткізуді, Интернет желісінде нақты уақытында тікелей оқытушымен қарым-қатынас жасауды немесе колледждің ішкі желісімен қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін жеке кабинет (web-парақ) қарастырылған.

Әр студенттің өзінің жеке виртуальді кабинетін пайдалану мүмкіндігі бар:


- өзінің жеке оқу жоспарын құру үшін элективті пәндерге тіркелуге;
- үлгідегі оқу жоспарымен және пәндердің силлабустарымен танысуға;
- оқу сабақтарының кестесі мен транскриптті қарауға;
- виртуальді аудиторияға қол жеткізу мүмкінді.

«PLATONUS» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі университетте оқу процесін тиімді және оңтайлы ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жүйеге кіру үшін келесілерді орындау керек:

- Браузерді ашыңыз (Internet Explorer немесе басқасы).
- Мекенжай жолағына портал мекенжайын теру керек <http://platon.aatk.kz:8080/>
- Ары қарай авторизация және тілді таңдау парақшасы ашылады


Мекенжай дұрыс енгізілмеген немесе компьютер желіге қосылмаған жағдайда парақша ашылмайды. Тілді таңдау парақшасында ашылмалы тізімнен тілді таңдау керек. Жүйе үш тілде қолданады – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. Интерфейс тілін таңдағаннан кейін авторизация деректерін енгізу керек (логин мен құпия сөзді офис тіркеуші қызметкерлері береді). Сәтті авторизациядан кейін өзіңіздің Жеке кабинетіңіздің басты парақшасына кіресіз



Басты парақшаның сипаттамасы

Басты парақшада жұмысқа қажетті ең маңызды мәліметтер көрсетілген. Парақша бірнеше негізгі бөлікке бөлінген

1. Сәлемдесу;
2. Қолданушы туралы ақпарат;
3. Хабарламалар.
4. Сабақ кестесі,
4. Басты мәзір



Оқуаудиториялары. Оқуаудиторияларының тізімі Виртуалды оқуаудиториясы – білімалушылармен студенттер чат, хаттар, тапсырмалар алмасу арқылы байланыса алатын сабақ өткізу алаңы. Оқуаудиториясы пән бойынша оқу материалдарына (кейстеріне) дақолжетімділікті қамтамасыз етеді. Оқуаудиториялар оқу топтары бойынша құралады, бірақ оқуаудиториясына осы топта оқитын білімалушылармен оқытушы кіреді **ОӘК (оқу әдістемелік кешені)**

Пәннің оқу әдістемелік кешені (ПОӘК) – бұл рпәнге әзірленген оқу-әдістемелік құжаттамалар, оқыту және бақылау құралдарының жиынтығы. ПОӘК пәнді оқыту үшін жеткілікті толыққанды құжаттаманы қамтуы тиіс. ОӘЖ білім беру үрдісінің ашықтығын қамтамасыз етуге арналған және кез келген қолданушыға қол жетімді болуы тиіс. Жүйенің басты мәзірінен «ОӘК» модуліне кіру қолжетімді. Жүйе келесі іздеу сүзгілерін көрсетеді:

- Жыл – оқу жылдарының анықтамасы. Жүйенің бастапқы қалпы бойынша ағымдағы оқу жылын көрсетеді;
- Семестр – ЖОО семестрлерінің анықтамасы. Жүйенің бастапқы қалпы бойынша ағымдағы семестрді көрсетеді;
- Академиялық дәреже – ЖОО академиялық дәрежелерінің анықтамасы. Бастапқы қалпы бойынша мән таңдалмаған;
- Бойынша сұрыптау – іздеу сүзгісінен сәйкес келетін табылған нәтижелерді сұрыптау тәсілі. Бастапқы қалпы бойынша іздеу нәтижелері пәннің атауы бойынша сұрыпталады.
- «Академиялық ағындар» бағанасында оқытушының таңдалған оқу жылы мен семестрде берілген пән бойынша білім алып жатқан оқу ағындары көрсетіледі.
- Оқу ағындарының мәндері үтірмен бөлінген тізіммен көрсетіледі. Сабақ түрі бойынша өзіндік жұмыс болып табылатын академиялық ағындар көрсетілмейді. «Топтар» бағанасында оқытушының аталған оқу ағымдарына кіретін топтар көрсетіледі. Топтар үтірмен бөлінген тізіммен көрсетіледі.

Пән бойынша оқытушының ОӘК-і

Парақшаның жоғары жағында таңдалған оқу жылы, семестр, сондай-ақ тиісті оқу ағымдарға кіретін академиялық ағындар мен топтар көрсетіледі. Егер «Оқу жылы» іздеу сүзгісінде «Барлығы» мәні таңдалса, онда академиялық ағымдар мен топтарға сәйкес бағандар бос болып көрсетіледі. Оқытушы ашылған парақшада жүйеге өз ОӘК-ні жүктеу үшін «Қосу» батырмасын басуы қажет, жаңа парақшада қажетті файл таңдап, «Атауы»

бағанасында жүйеде көрсетілетін файлдың атауын енгізу қажет. ОӘК файлы сәтті жүктелгеннен кейін, жүктелген файлды сақтау және жою мүмкіндігі пайда болады.

Бұл бағдарлама қазіргі заманға лайықталған, студентке де, ата-анаға да оңтайлы. Себебі, «Білімді - ұрпақ ел болашағы». Сондықтан, егемен елдің болашағы баянды болуы үшін білімгерді жарқын жолға бастар бағыт-бағдар бергеніміз жөн.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Сүгірбекова Айнура Қуанышбековна

Құлан агротехникалық жоғарғы колледжі
Жамбыл облысы, Құлан ауылы

Білім - адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткенін білеміз. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың инновациялық технологиялары пайда болуда.

Білім беруді ақпараттандырудың қағидалары:

- қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;
- жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- білім мен тәрбиенің бірізділігі;
- жалпы компьютерлік сауаттылық;
- оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы болып табылады.

Білім беруді жаңашаландыруды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты: қазіргі уақыттағы оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туып отыр. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялары мен жаңа технологиялары бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибе жүзінде сыннан өткізу маңызды. Оқытудың озық технологияларын меңгермейінше қазіргі білім беру саласында сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу- тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Еліміздің болашақ ұрпағы үшін ХХІ-ғасырдың – ғылым ғасыры деген сипатын дәріптейтін заманауи жаңашылдық іс тәжірибелерді дамыту көзделген. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Тұлғаның психологиялық ерекшеліктерімен табиғи қабілеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеті мен сабаққа деген ынтасын арттыру, ой-өрісін, логикалық ойлау дәрежесін дамыту, сонымен бірге экономикалық, эстетикалық, гуманитарлық, халықтық педагогикалық тәрбие беруде де, ойлау қабілетін белсендендіру үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді және технологияларды тиімді қолдана білу қажет.

Жалпы инновация дегеніміздің өзі («новация» - жаңа, жаңашылдық; «ин» «қайталанатын» процесс, деген ұғым) бар, әрекет етуші нәрсенің ішінде жаңаның пайда болуын, дамуын білдіреді. Бұл түсінік ХХ ғасырдың 30-50 жылдарында Европада ғылымның жаңа саласы ретінде пайда болған. Ал негізінде педагогикалық инновация ұғымын сипаттауды мына түрде беруімізге болады.

Білім берудегі адам қабілетімен іскерліктерін дамытуғы бағытталған оқу-тәрбиеде қолданылатын құралдардың арнайы формалары, әдіс-тәсілдері көрсетілетін психологиялық-педагогикалық нұсқауларға және оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру әрі жүзеге асыруға бағытталған біріккен педагогикалық іс-әрекетке жаңашылдық тұрғысынан келу инновациялық технология болып табылады. Демек, инновациялық технология маманның күзіреттілігіне ықпал ететін шығармашылық қасиеттерді, шеберлікті қалыптастыруға қолданылатын әдіс-тәсілдер мен амалдар жиынтығы болып табылады[8].

Инновациялық оқытудың ерекшеліктері:

- Көрегендік сипат алуы, дамудың жылдамдығы;
- Болашаққа үмітпен қарау;
- Өзіне, өзгеге талаптың жоғары болуы;
- Тұлғаға, оның дамуына бағытталуы;
- Шығармашылық элементтерінің міндетті қатысуы;
- Қарым-қатынастың ынтымақтастыққа, өзара көмекке негізделуі және т.б.

Бүгінгі жаһандану заманы жаңашылдық, жаңа көзқарастар мен өзгерістерге толы. Ал біз осы ағынмен өмірімізді жаңа өнімдерді, техникаларды, жетілген білімдерді, жан-жақты дамыған идеяларды пайдалану арқылы жалғастырып отырмыз. Сондықтан білім беру жүйесін ізгілендіру барысында оқыту үдерісіндегі, әдіс тәсілдерде жаңашылдыққа бағытталуы тиіс.[1],[2]

Қазіргі кезде білім беру мен білім жүйесін ұйымдастырудың оқу үдерісіндегі жаңа технологиялары ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану аясын кеңейтіп мультипликацияны, бейнетаспа мен күрделі сызбалармен оқу материалдарын түсінікті баяндауға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологиялар адамға ақпаратты максималды жақын түрде сенсорлы елестету, ақпараттық және бағдарламалық аспектілері арқылы қолданушыға ақпаратты әр түрлі формада: мәтін, графика, анимация, дыбыс, бейнемен интерактивті режимде елестетіп көруге мүмкіндік береді. Ол үшін ақпараттық технологиялардың яғни компьютерлердің интернет желісіне қосылу мүмкіндігімен бірге дыбыстық әрлендіруге WT синтездерін, DSP сигналдық процессорларын, TW аудио сигналдар үшін сығушы синтездерді, CD-ROM лазерлік дискілерді пайдалану нәтижелі болады.[4]

Соңғы кездері оқыту үдерісінде осы мақсатта пайдаланылып жатқан электронды оқулықтар да кеңінен қолданылуда. Электронды оқыту бұл электрондық бизнес сервистерін және технологияларды пайдалану. Мұнда аудиториялық сабақтардың мүмкіндіктерін кеңейту үшін ұжымдық жұмыс құралдарын және электрондық контентті қолдану қарастырылған. Желілік инфрақұрылым электрондық оқу үшін технологиялық база болып табылады. Желілік инфрақұрылым өзінің күштілігімен, сенімділігімен, қауіпсіздігімен, ыңғайлылығымен ерекшеленеді және ашық оқу стандартына негізделеді.

Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». «Электрондық оқулықтарды» пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ойлау жүйесін, тәжірибелік ой тжырымдамасын қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электрондық оқулық дегеніміз - мультимедиялық оқулық, сондықтан электрондық оқулықтың құрылымы сапалы жаңа деңгейде болуы тиіс. Электрондық оқулық уақыт үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге, сауалнамалар арқылы өзін өзі бағалауға зор ықпал етеді.

Электрондық оқыту формасы қашықтықтан оқу жүйесінің құралы болып табылады. Қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі көрінісі оқытушы мен студент арасындағы қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен тікелей қатынас орнатуында.

Қашықтықтан оқудың дәстүрлі оқу түрінен айырмашылығына мыналар жатады:

Ыңғайлылық - кез келген жерде, кез келген өзіңе ыңғайлы уақытта жылдам дайындалу мүмкіндігі.

Параллельдік - маман ретінде өсуі, жетілудің қатарлылығы. Үнемділік - оқу аудандары мен техникалық және жеткізу құралдарын қолайлы пайдалану.

Технологиялық - әлемдік постиндустриалды ақпараттық кеңістікте адам қозғалысын жылдамдататын ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін білімдендіру үдерісінде қолдану.

Әлеуметтік тең құқылылық - студенттің материалдық және элитарлық, денсаулық жағдайы, тұратын орнына қарамастан тең білім алу мүмкіндігі.

Халықаралық - білім нарығында әлемдік жетістіктерді импорттау және экспорттау.

Икемділік - студенттер көп жағдайда лекция, семинар түріндегі сабақтарға қатыспайды. Өркім өзі таңдап алған мамандықты қажетті деңгейде игеру үшін өзіне керекті мөлшерде білім алады.

Модульділік. Қашықтықтан оқыту бағдарламаларының негізіне модульдік принцип саналады. Студенттер игеретін әрбір пән немесе пәндер жүйесі белгілі бір ғылым саласы туралы тұтас ұғым қалыптастырады. Ал, мұның өзі бір-біріне тәуелсіз оқу курстарынан жеке немесе топтық талаптарға жауап беретін оқу жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Алыстан қызмет көрсету мүмкіндігі - студентпен білім беретін мекеме арасындағы қашықтық (байланыс жүйелері жұмысының сапалылығы жағдайында) тиімді білім беру үдерісіне кедергі болмайды.

Қамту - бұл ерекшелікті кейде «көпшілікті қамту» деп атайды. Олардың көптеген оқу ақпараттары көздеріне (электрондық кітапханалар, ақпарат базалары) ену мүмкіндіктері бар, сондай-ақ олар бір-бірімен және оқытушымен байланыс жүйелері немесе басқа да ақпараттық технологиялар құралдары арқылы байланыса алады.

Рентабельділік - қашықтықтан оқытудың бұл ерекшелігі оның экономикалық тұрғыдан тиімділігімен айқындалады.[3]

Жаңарған білім жүйесінің ерекшелігі - тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып үздіксіз өз бетінше ізденуіне мүмкіндік тудыру.

Технологиялардың танымал түрлерінің бірі - модульдік оқыту. Ол тұлғаның мүмкіндігіне даярлық деңгейін бейімдейді, ал дамыта оқыту оқушының жеке тұлғасын, оның біліктерін көтеруге ықпал етеді.

Қазір оқу-тәрбие үрдісінде телекоммуникациялық технологияларды қолданудың 2 жолы бар: білім алушылар мен мұғалімдерді желімен жұмыс жасауға дайын телекоммуникациялық жобалармен жұмыс жасауды ұйымдастыру және пәндік-әдістемелік Web-сайттар, Web-бетін құру болып табылады [6].

Аталған технологиялардың әр қайсысының оқу-тәрбие үрдісінде қолдану ережелері, талаптары мен сипаттары әр түрлі, бірақ сыртқы белгілеріне қарай жүйелеуде ұқсастықтар бар. Оны В.П.Беспальконың пікіріне сәйкес мұғалім мен білім алушының қарым-қатынасы (оқытуды басқару) тұйықталмаған және ырғақты (оқытушы мен білім алушылар арасында тұрақты түрде тура және кері байланыс орнаған); шашыранды (жаппай және топтық) және бағытталған (жеке); қолмен (вербальды) және автоматтандырылған (жасанды түрде қондырғылармен басқарылатын) болып бөлінеді.

Компьютерлік технологиялардың көмегімен әр түрлі дайын электронды ортада өз бетімен дайындалған сауалнамалар арқылы сабақта тұлғаның білімі мен іскерлік дағдыларын тексеріп бағалауға да болады.

Бейне ақпараттар мен презентациялар, салалық вебсайттарды сабақта пайдалану арқылы білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, ой өрістерін кеңейтуге болады.

Мен тарих пәнінің мұғалімі ретінде инновациялық білім беру бағыттарын тиімді қолдануға, барлық мүмкіндіктерді қалт жібермеуге тырысамын. Себебі, тарих - оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық

курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана - сезімді және адамгершілік этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным - әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, гуманитарлық циклдағы пәндермен байланысы картамен, мәтінмен жұмыс істеу, оқиғалармен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындау сияқты ортақ әдіс - тәсілдері негізінде іске асады. Студенттердің тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу мен үшін тиімді. Бүгінгі таңда сабақ өткізудің түрлері өте көп.

Білімгерлердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушыларға құбылыстардың себептерін толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдаяттар жасайды. Мұндай әдістер, әсіресе, табиғатынан тұйық, өз ойын тәптіштеп түсіндіруге шалағай, өздеріне сенімсіздеу, талданған мәселелерден, баяндалған тақырып мазмұнынан тиісті байлам, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын білімгерлерге пайдасы ұшан теңіз екеніне көзіміз жетті. Сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ білімгерлердің шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп, қуаттана марқаяды, келесі мәселелердің түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесе мәселені талдауға дайындайды.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау. Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда студент өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Жұмыс жасау барысында мұғалім студенттің өзін ізденуге жетелейді. Біздің міндетіміз - студенттерге оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың көмегімен білім алушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал ететін - білім.

Еліміздегі оқу орындарының білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтар іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен түсінуге және дәлелдер келтіру арқылы дәлелдеу тәсілдеріне жаттығып, теория мен практиканың бірлігін игереді. Сондай-ақ жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Бұл бағдарламаны өз сабақтарында әдіс-тәсілдерін қолдану барысында түсінгенім білім алушылардың бірін-бірі тыңдап, құрметтеуіне үйретуі, бұрын үндемей отыратын балалардың сабақ барысында қызу араласуы сабақтың ерекше, олардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуіне мүмкіншілік туғызады. Осы «Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасы арқылы оқытудың тиімді екенін атап айтуға болады.

Білім беру процесі - ақпараттық қоғам жайындағы жасөспірімдерді жан-жақты даярлайтын процестер болуы қажет. Сондықтан білім беру жүйесінде компьютерлерді

пайдаланудың маңызы зор. Өйткені компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналды. Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру білімгерлердің компьютерде жұмыс жасауды игерумен тығыз байланысты.

Міне осыдан келіп жаңа оқыту технологияларымен ақпараттық технологиялар негізінде оқыту жүйесін ұйымдастырудың тиімділігін сипаттау қолайлы. Кейінгі оқыту технологияларының негізгі құралы болып отырған мультимедия-құралдары әртүрлі ақпараттарды өңдеуге мүмкіндік беретін ең соңғы үлгідегі прогрессивті техникалық инновацияларды пайдалану жаңа деңгейдегі білім беру технологияларын енгізуге мүмкіндік береді деуге болады. Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың сапалы да саналы білім алуына ықпал етуші құралдарды пайдалануда ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды орынды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. [8]

М.Әуезов «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім» - деп атап көрсеткеніндей, білімді, саналы, дарынды, іскер, ойшыл болашақ ұрпақты даярлауда ең алдымен білім қажет. Жас ұрпақтың рухын оятатын, елін, жерін құметтейтін, мәдени ұлттық қажеттілікке жараған білім – ең мықты білім. Әрбір ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Әлкен. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу.
2. «Қазақстан тарихы» №1 2006 ж Р.Қ.Қарсыбаева. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі. №1 2009 ж.
3. Ә.Жүнісбек «Жаңа технология негізі – сапалы білім». Қазақстан мектебі. – 2008. - №4. – Б.1-2.
4. С.Мирсентова. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды 2011 ж.
5. Тапаева А. П. Оқушыларға сапалы білім берудегі озық инновациялық технологиялардың тиімділігі. Молодой ученый. – 2014. - №20. – Б. 43-48.
6. «Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту». С.Т.Мұхамбетжанова
7. «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту»
8. Ж.Досова «Жаңа технологияны оқытуда қолдану». Педагогикалық кеңес. – 2009. - №4. – Б. 16-25.
9. Инновациялық педагогикалық технологиялар.Қ.Сарбасова.(2006 ж)
10. Мұғалімге арналған нұсқаулық 1 деңгей, 2 басылым, 2014 - жыл

ИННОВАЦИЯ НЕГІЗІ-БІЛІМДЕ

Наубетова Рауза Шапхатовна

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы- техникалық колледжі арнайыпән оқытушысы

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай

қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқытушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», — дейді.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. » Масырова Р.Линчевская Т — «Жаңару» дегенімізді былай деп түсіндіреді: «Жаңару — белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке — дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке — дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С.Көшімбетова өзінің зерттеуінде оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

— дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттырады.

— қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

— оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

— саралап деңгейлел оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

— ақпараттық бағдарламалап оқыту — оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

— иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады;

— ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады .

Модификациялық инновация — бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация — бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация — білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады.

Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері — кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтай біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Бейімділік өлшемдерін болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті атады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған

болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді.

Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық - педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми — зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп — мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік — оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕР САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А.Е.Ташенова

«Ақжайық аграрлық техникалық колледжі» МКҚК
Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы

Ғылыми жетекшісі: Д.С.Шарипова, қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы- педагог зерттеуші

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі — жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады.

Оқу – тәрбие үрдісіне заманауи технологиялар мен әдістерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызығалықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім. Ақпарат маңызды рөл атқарады, студенттерден тез тіл табысу, ақпараттың жылдам ағынын шарлау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру талап етіледі. Бұған танымдық және кәсіби құзыреттілік арқылы қол жеткізуге болады.

Білім берудегі құзіреттілік көзқарас студентке бағытталған және білім берудегі қазіргі тәсілдермен байланысты, өйткені ол студенттің жеке басына қатысты және оның белгілі бір әрекеттер жиынтығын орындау процесінде ғана жүзеге асырылуы және тексерілуі мүмкін. Осыған байланысты қазіргі педагогикалық үдерісте кәсіби құзіретті оқытушылардың ұйымдастыратын оқу іс-әрекетіндегі рөлі айтарлықтай артып келеді.

Құзіреттілік білім беру процесіне «енгізіледі»:

- Технологиялар;
- білім беру мазмұны;
- Оқытушылар мен студенттер арасындағы және студенттер арасындағы өзара әрекеттестік түрі.

Оқу-танымдық құзіреттіліктер- бұл логикалық, әдістемелік, жалпы оқу іс-әрекетінің элементтерін қамтитын студенттің өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы құзіреттіліктерінің жиынтығы. Бұған мақсат қоюды, жоспарлауды, талдауды, рефлексияны, өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру тәсілдері кіреді. Зерттелетін объектілерге қатысты студент шығармашылық дағдыларды игереді: қоршаған шындықтан тікелей білім алу, оқу-танымдық есептерді шығару әдістемесін, стандартты емес жағдайларда әрекет етуді меңгереді. Осы құзіреттер шеңберінде функционалдық сауаттылықтың талаптары анықталады: фактілерді болжамнан ажырата білу, өлшеу дағдыларын меңгеру, танымның ықтималдық, статистикалық және басқа әдістерін қолдану.

Экономикалық пәндер сабақтарында оқушылардың оқу-танымдық қызметін қалыптастыру оқытушының өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Оқытудың танымдық құзіреттілігі сабақтар тек оқу материалын қабылдауға ғана емес, сонымен бірге студенттің танымдық іс-әрекетке қатынасын қалыптастыруға және өз бетімен жұмыстануға бағытталуы керек.

Өз бетімен жұмыстың маңыздысы — студенттің өз беттерімен орындай алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Өз бетімен жұмыс жасау барысында Р.Сүлейменов өздігінен істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай жаттығу, зерттеу шығармашылық жұмыстар деп топтастырады. «Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс».

Шығармашылық жұмыстар студентердің дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі. Оқытушының сабаққа дайындалғанда өзінің әрекеттерін ойластыруымен шектелмей, деңгейіне қарай студенттің әрекетіне мән беруі тиіс. Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру өте күрделі мәселе. Сондықтан студенттердің өзіндік жұмыстарын таныстыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру керек. Оқытудың мақсат міндеттеріне және пәннің мазмұнына, оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, студенттің даму дәрежесіне қарай өзіндік жұмыстарды бірнеше топқа бөлуге болады. Оның негізгі жиі кездесетін бір тобы — сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыстың түрлері. Олар мыналар:

- жаңа білімді меңгеруі;
- жаңа білімді бекіту;
- білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру.

Студент белсенділігінің құрылымында мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- оқу, дербес, шығармашылық тапсырмаларды орындауға дайын болу;
- өз бетінше іс-әрекетке, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі талдауға ұмтылу;
- тапсырманы орындаудың мағыналылығы;
- оқытудың жоспарлылығы, ұйымдастырылуы;
- өзінің жеке деңгейін арттыруға ұмтылу.

Экономикалық пәндерді оқыту кезінде танымдық құзіреттілікті қалыптастыруға белгілі бір көзқарас қалыптасты. Ең бастысы-студенттерді оқу материалын зерттеу бойынша өзіндік

іс-әрекетке ынталандыру. Ол үшін студенттер әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Бұл-кейстер, топтық жобалар, сөзжұмбақтар, іскерлік ойындар, сабақтан тыс іс-шаралар, жағдайларды шешу. Мұның бәрі тәуелсіз шығармашылық ойлауды, топта жұмыс істеуді дамытады.

Танымдық құзыреттердің тізімін, оларды экономикалық пәндер сабақтарында жүзеге асыруды қарастырсақ:

1. Өз кәсібінің мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну, оған тұрақты қызығушылықтың көрінісі. Мен өз сабақтарымда бұл құзыреттілікті өмірден мысалдар келтіре отырып, барлық тақырыптарға байланыстыруға тырысамын: бюджет бойынша, жалақы бойынша, еңбек ресурстары бойынша және т. б. Өмірден алынған мысалдар студенттерді өте белсенді етеді және қызықтырады, бұл студенттерді мысалдар келтіруге итермелейді.

2. Көшбасшы анықтаған мақсатқа және оған қол жеткізу әдістеріне сүйене отырып, өз қызметін ұйымдастыру. Бұл құзыреттілікке ең қолайлы тақырыптар: Бизнес-жоспар, еңбек ұжымының жетекшісі, жалақының мәні, бәсекелестер. Осы тақырыптар үшін іскерлік ойындар мен викториналар өткізген дұрыс.

3. Жұмыс жағдайын талдау, ағымдағы және қорытынды бақылау жүргізу, өз қызметін бағалау және түзету, өз жұмысының нәтижелері үшін жауапкершілік. Осы құзыреттілікті жүзеге асыру үшін мен экономикалық ойындар өткіземін, оған тақырыптар кіреді: кәсіпорынның пайдасы, еңбекті нормалау, өнімнің өзіндік құны. Ойынның мәні мынада, оқушылар өздері қызметкерлер, жұмыс берушілер рөлінде ойнайды.

4. Кәсіби міндеттерді тиімді орындау үшін қажетті ақпаратты іздеу. Ақпаратты іздеу кәсіби құзыреттермен тікелей байланысты, ол әр тапсырмада өзін-өзі орындау үшін жүзеге асырылады. Мен тесттер, кроссвордтар, сканвордтар, логикалық тапсырмалар, жағдайлар, презентациялар жасауды ұсынамын. Іс жүзінде студенттер осындай тапсырмаларды ықпалмен орындайды.

5. Кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. Біз әлеуметтік желілердегі топқа шығармашылық тапсырмалар жүктейміз. Өзін-өзі оқшаулау режимінде Zoom платформасы оқуды жалғастыруға мүмкіндік берді. Біз ZOOM платформасын конференциялар, тренингтер мен семинарлар өткізу үшін қолданамыз.

6. Командада жұмыс істеу, әріптестермен, басшылықпен, клиенттермен тиімді қарым-қатынас жасау. Бұл құзыреттілік іскерлік ойындар, викториналар, олимпиадалар кезінде жүзеге асырылады. Бұл құзыретте қатысушыларды оқыту бірлескен қызмет процесінде жүреді. Бұл жағдайда әркім өзінің рөлі мен функциясына сәйкес өзінің жеке міндетін шешеді. Қарым-қатынас білімді бірлесіп игеру, бірлескен іс-әрекетті, нақты зерттелген іс-әрекет процесінде ынтымақтастық дағдылары мен дағдыларын үйрету процесіне ықпал етеді.

Колледж студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды жалпы мынадай әдістер көмегімен айқындауға болады:

- 1) арнайы өз бетімен орындауға арналған тапсырмалар жүйесі;
- 2) жобалау әдісі;
- 3) шағын топтағы диалогтық, проблемалық жағдаяттар.

Кәсіби құзыреттілік ең алдымен студенттердің ақпараттық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Оқушы қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

Танымдық іс - әрекетті жандандыру мақсатына жетудің құралы, ең алдымен, оқу іс - әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістерін қолдану болып табылады. Олар - студенттердің жеке тәжірибесін ашуға; әр студенттің қызығушылық, жетістік атмосферасын құруға; студенттің іс-әрекетін тек түпкілікті нәтиже бойынша ғана емес, сонымен қатар оған қол жеткізу процесі бойынша да бағалауға; оқу іс-әрекетін ұйымдастыру үшін сабақта жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұлар- студенттің табиғи өзін-өзі көрсету жетістіктері. Оқу процесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуі оқу

процесінің оң нәтижесіне әкелуі мүмкін. Әрбір сабақ оқытушының шығармашылық жұмысы. Қазіргі уақыт бүкіл адамзат қоғамының ғылыми – техникалық үрдіс пен өркениеттің даму кезеңіне бет бұрған уақыт деп есептеймін. Сондықтан да әр сабақты студенттердің есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн.

Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында студенттің білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберліктерін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану ұстаз шеберлігінің белгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Барысова Н.Т. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау – заман талабы. 28.11.2017./ <http://orleunursultan.kz/>
2. Вербицкий А. А. Жоғары мектептегі белсенді оқыту: Контекстік тәсіл М., 1991. 3. Исаева, Мынбаева А., Садвакасова
3. Жоғары мектепте оқытудың белсенді әдістері мен формалары-Алматы, 2005.

ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Ильяс Сая Қуандыққызы

М. Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі, өндірістік оқыту шебері,
Қызылорда қаласы

Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуінің өтіп бара жатқан процесі білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сапалы жаңа деңгейге шығаруға қабілетті инновациялық технологияларды әзірлеуді және оларды педагогикалық практикаға енгізуді талап етеді. Нәтижесінде қоғамның қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға бағытталған жаңа білім беру технологияларын іздеу және құру тәжірибесі кеңінен таралуда. Өндірістік оқыту шебері үшін оқу үдерісін заман талабына сай жаңғырту өте маңызды. Инновациялық компонент бүгінгі әлемдегі өзгерістерге тез жауап беру қабілетіне негізделген. Сондықтан өндірістік оқыту кезінде жаңашылдықтарды, жаңа техникалық шешімдерді енгізу, еңбек нарығында сұранысқа ие жаңа мамандықтарды енгізу қажет. Колледждің сәтті жұмысының кепілі -- бұл инновациялық компоненттердің барлығы заманауи талаптарға сай болуы керек. Инновацияларды енгізудің алдында барлық оқу процесіне жүйелі талдау жүргізу және оның негізінде колледждегі оқу процесіне жаңғырту жүргізу қажет. Бүгінгі таңда дуальды және модульдік оқыту оқытудың ең перспективалы түрлері болып табылады.

Оқытудың кез-келген түрінің негізі өнімді жұмыс болуы керек. Яғни, білім алушы өз жұмысының соңғы нәтижесін көруі керек. Қазіргі уақытта көптеген колледждердің материалдық-техникалық базасы ескірген, өндірістен артта қалып отыр. Сондықтан өндірістік практикадан өту үшін базалық кәсіпорындардың жақсы заманауи жүйесі қажет. Біздің колледжде біздің әлеуметтік серіктестеріміз: «Қызылорда Жылуэлектроорталығы» МКҚ, «Нұр-Строй Сервис LTD» және т.б. осындай кәсіпорындар болып табылады. Мұнда базалық кәсіпорындар, колледж және білім алушылар арасындағы үш жақты келісім-шарттар маңызды рөл атқарады. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, бұл білікті жұмысшы кадрларды оқытуда, сондай-ақ оларды кейіннен жұмысқа орналастыруда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында: "индустриялық жобалардың сұраныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңарту" делінген. Біздің колледжде өндірістік кәсіпорындар арасында қандай да бір мамандық кадрларына қажеттілік мәніне мониторинг жүргізіледі, еңбек нарығының конъюктурасы ескеріледі. Колледж кәсіпорындармен үнемі байланыста болады

және колледж түлектерінің жұмыс берушісі бола отырып, болашақ жұмысшының негізгі құзыреттерін анықтайды. Сондықтан әр кәсіпорын өзіне қажет кәсіптің макетін ұсынуы керек, ал колледж кәсіпорынның өтініміне сәйкес кадрлар даярлауды қамтамасыз етеді. ТЖКБ-ны дамытудың негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1. Жаңа мамандықтар бойынша бағдарламалар әзірлеу;
2. Оқытудың жаңа нысандарына көшу;
3. Оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жаңғырту;
4. Еңбек нарығына тұрақты мониторинг жүргізу;
5. Қазіргі заманғы кәсіпорындарда инженер-педагог қызметкерлерді даярлау;
6. Рухани-адамгершілік тәрбие.

Көптеген инновациялық оқыту технологиялары бар, бұл оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлеріне өз тәжірибесінде колледж жағдайында оқытудың сапалы жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін оқыту құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді. Түлектердің жоғары кәсіби деңгейіне қол жеткізу үшін мамандар даярлаудың әртүрлі кезеңдерінде: білім беру мазмұнында, оқыту әдістері мен технологияларында, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, білім беру процесін ұйымдастыруда және басқару жүйесінде инновациялар белсенді түрде енгізілуде. Соңғы уақытта белсенді оқыту әдістері (БОӘ) кеңінен таралды, бұл білім алушыларды өз бетінше білім алуға, олардың танымдық белсенділігін, ойлау қабілетін дамытуға, практикалық дағдылар мен икемдерін қалыптастыруға итермелейді.

Инновациялық тәсілдер білім алушылардың оқу мен тәрбие деңгейіне үнемі диагноз қоюды, қызметтің тиімді әдістері мен формаларын іздеуді талап етеді. Сондықтан білім алушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, олардың шығармашылық белсенділігін, тәуелсіздігін арттыруға жағдай жасайтын бақылау әдістерін белсенді дамыту қажет. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы арқасында компьютерлер тек оқу үшін ғана емес, сонымен қатар оның нәтижелерін бақылау үшін де қажетті құралға айналды. Әлемдік практикада білім беру процесінің барлық кезеңдерінде оқыту нәтижелерін бақылаудың танылған тәсілі тестілеу болып табылады. Жоғарыда баяндалғанның бәрін қорытындылай келе, жаңа білім беру стандарттарын іске асыру жағдайында орта буын мамандарын даярлау сапасын қамтамасыз ету үшін колледжде білім беру процесін ұйымдастыруға кешенді тәсіл, оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін іздеу және енгізу қажет екенін атап өткім келеді.

Кәсіптік колледждерге әртүрлі зияткерлік деңгейдегі және танымдық іс-әрекетке деген ынтасы төмен білім алушылар келеді. Сондықтан, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту процесінде әрбір білім алушы мамандық бойынша білімді, дағдылар мен қабілеттерді игере алатын жағдай жасау қажет, әрі қарай кәсіби дағдылар мен шығармашылық ойлауды жетілдіруге қызығушылық пайда болады.

Білім алушыларды өз бетінше ойлауға, шешім қабылдауға, топтарда жұмыс істеуге, коммуникативті, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жауапкершілікті өз мойнына алуға үйрету үшін өндірістік оқыту шебері жаңа әдістерді оқып, қолдануға мәжбүр. "Инновация" термині латынның "novatio" сөзінен шыққан, ол "жаңарту" (немесе "өзгерту") дегенді білдіреді және латын тілінен "Innovatio" — "өзгерістер бағытында" деп аударылған "in" префиксі. Инновация дегеніміз — бұл кез-келген инновация немесе инновация емес, тек қолданыстағы жүйенің тиімділігін айтарлықтай арттыратын ұғым. Тиісінше, инновациялық әдістерді дамыту--білім беруді жаңғыртуды қамтамасыз ету, оның сапасын, тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру тәсілі болып табылады. [1]

Сондықтан тұрақты ізденіс жүргізілуі тиіс, оның мақсаты -- оқытудың барлық кезеңдерінде білім алушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу жөніндегі жұмысты бірыңғай процеске біріктіруге мүмкіндік беретін жаңа нысандар мен тәсілдерді табу. Өндірістік оқыту шебері әр білім алушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, әр түрлі дамуды және жеке тұлғаны қалыптастыруды бір уақытта жүзеге асыра отырып, білім алушыларды бағдарлама материалы туралы берік біліммен қамтамасыз етуі керек. Инновациялық сабақтар білім алушылардың білімін бақылау және бағалау функцияларын

орындай отырып, қандай да бір тақырыпты немесе бірнеше тақырыпты зерделегеннен кейін іске асырылады. Мұндай сабақтар ерекше, дәстүрлі емес жағдайда өтеді. Кәдімгі жағдайды мұндай өзгерту орынды, өйткені ол орындалған жұмысты қорытындылау кезінде мереке атмосферасын жасайды, қателік жасаудан қорқудың салдарынан дәстүрлі жағдайда пайда болатын психологиялық кедергіні алып тастайды.

Мұндай сабақтар барлық білім алушылардың міндетті қатысуымен жүзеге асырылады, сондай-ақ есту және көру көрнекілігі құралдарын (компьютерлік және бейне техникалар, көрмелер, буклеттер, стендтер) міндетті түрде пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Мұндай сабақтарда әдістемелік, педагогикалық және психологиялық сипаттағы әртүрлі мақсаттарға қол жеткізуге болады, оларды келесідей қорытындылауға болады:

белгілі бір тақырып бойынша білім алушылардың білімін, іскерлігін және дағдыларын бақылау жүзеге асырылады;

іскерлік, жұмыс атмосферасы, білім алушылардың сабаққа деген байыпты көзқарасы қамтамасыз етіледі;

өндірістік оқыту шеберінің сабағына ең аз қатысу көзделеді.

тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттері қалыптасуда.

Әрине, білім алушыларға инновациялық сабақтар көбінесе дизайн, ұйымдастыру және өткізу әдістемесі, қатаң құрылымның болмауы, өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдайлардың болуы және т.б. сондықтан мұндай сабақтар әр өндірістік оқыту шеберінде болуы керек, бірақ олар оқытудың жалпы құрылымында басым болмауы керек. Өндірістік оқыту шебері өз жұмысында дәстүрлі емес сабақтардың орнын анықтауы керек.

Сабақтың ойын нысаны сабақтарда білім алушыларды оқу іс-әрекетіне ынталандыру, ынталандыру құралы ретінде әрекет ететін ойын тәсілдері мен жағдайлардың көмегімен жасалады. Мысалы, өндірістік оқыту сабақтарында мен әртүрлі ойындарды қолданамын - "жетіспейтін сөзді енгізіңіз" ойыны, "Аукцион" ойыны, бағалау парақтарын толтыру (өзін-өзі бақылау, өзара бақылау), "қажетті материалды таңдаңыз", "қажетті құралды таңдаңыз", "қатені табыңыз" және т. б. Білім алушылардың өзгермелі ойлауын, яғни түсінігін дамытуды білдіреді мәселені шешудің әртүрлі нұсқаларының мүмкіндіктері, нұсқаларды жүйелі түрде санау, оларды салыстыру және ең жақсы нұсқаны табу мүмкіндігі. [2]

Іскерлік ойын-оқытудың бұл әдісі білім алушыларға алған білімдерін нақты жағдайларға жақын жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді, болашақ маманның шығармашылық белсенді, кәсіби және әлеуметтік сауатты тұлғасының дамуына ықпал етеді. Рөлдік ойындар білім алушыларға қауіпсіз ортада олар үшін жаңа мінез-құлықты "байқап көруге" мүмкіндік береді. Рөлдік ойындар нақты өмірде пайда болатын проблемалар мен жағдайларды зерттеуде қолданылады.

Сабақ-зерттеу. Өндірістік сабақ барысында білім алушыларға жаңа әдістерді зерттеуге технологиялық тапсырмалар беріледі. Тапсырманың бұл түрі жан - жақты функцияны орындайды--бұл білімді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді және кәсіби ойлауды ғана емес, сонымен бірге ұжымда қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Технологиялық тапсырмалардың мазмұны теориялық және практикалық білім мен іскерліктің үйлесімі негізінде құрылады және, әдетте, технологиялық процестерді талдауды, технологияны таңдауды, құрал-сайманды дұрыс таңдауды және жабдықта жұмыс істеуді және т.б. болжайды.

Сабақ-бәсекелестік. Бітіруші топтардың білім алушыларының кәсіби шеберлігін бағалауға жұмыс берушілерді тарту арқылы жүргізіледі. Өндірістік оқыту сабақтарына қатыса отырып, олар сарапшылар рөлін атқарады, өз кәсіпорындарына жұмыс істеу үшін түлектерді іріктейді.

Шығармашылық тапсырманы орындай отырып, білім алушы өзінің мүмкіндіктерін көрсетеді және жұмысқа шақыру алу құқығы үшін бәсекелестікке қатысады. Алынған шақыру білім алушыға жетекші кәсіпорындарда өндірістік практикадан өту (кейіннен жұмысқа орналасу) құқығына кепілдік береді.

Сабақ-конференция -ақпарат алмасу бойынша диалогтың бір түрі. Білім алушылар сабаққа алдын-ала тапсырма алады және қосымша әдебиеттерді, интернет-сайттардың материалдарын, сондай-ақ өз ойларын қолдана отырып хабарламалар дайындайды. Мұндай жағдайда рөлдік диалог элементтеріне жүгіну қисынды. Сабақтың бұл түрі мұқият дайындықты қажет етеді. Осы типтегі сабақты дайындау және өткізу білім алушыларды әртүрлі көздермен жұмыс жасау нәтижесінде білімдерін одан әрі тереңдетуге ынталандырады, сонымен қатар көкжиегін кеңейтеді, өндірістік қатынастарды мақсатты түрде құра алады, стандартты емес шешімдер қабылдай алады және тіпті кішігірім мәселені жан-жақты қарастыра алады.

Бұған топта өткізілетін шеберлік сыныптары мен кәсіби шеберлік конкурстары, жалпы білім беру пәндерін білуге негізделген жарыс сабақтары айтарлықтай ықпал етеді. Мұндай сабақтар практиканы теориямен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Жарыс- сабағы білім алушыларда ұжымшылдық, бүкіл команда үшін жауапкершілік сезімін дамытады, тәртіпті, ұйымшылдықты тәрбиелеуге ықпал етеді. Жарыс сабағы білім алушыларды жоғары қарқынмен жұмыс істеуге мәжбүр етеді, жарысқа дайындық кезінде әртүрлі үй тапсырмаларын қолдануға болады (сканворд жасау, тарихи анықтама дайындау, сұрақтар дайындау, қарсылас командаға жұмбақтар және т.б.).

Өндірістік оқыту сабақтарында өзара оқыту технологиясын қолданған кезде білім алушылар тобына сабақ тақырыбы бойынша алдын-ала тапсырма беріледі, содан кейін олар сабақта өндірістік оқыту шебері ретінде әрекет етеді. Мұндай жұмыс әрқашан білім алушылардың қызығушылығын тудырады. Мұндай сабақтарға дайындық кезеңі білім алушылармен шебердің жеке және бірлескен шығармашылық жұмысының жоғары деңгейімен белгіленеді.

Проблемалық презентация әдісі - өндірістік оқыту шебері материалды ұсынбас бұрын әр түрлі көздер мен құралдарды қолдана отырып, проблема тудыратын, танымдық тапсырманы тұжырымдайтын, содан кейін дәлелдемелер жүйесін ашатын, көзқарастарды, әртүрлі тәсілдерді салыстыратын әдіс, мәселені шешудің жолын көрсетеді. Білім алушылар ғылыми ізденістің куәгерлері мен қатысушылары болады.

Оқытудың проблемалық-іздіретуәдістері (білімді меңгеру, іскерліктер мен дағдыларды игеру) білім алушылардың ішінара іздірету немесе зерттеу қызметі процесінде жүзеге асырылады; проблемалық жағдайды қою және шешу кілтінде түсіндірілген оқытудың сөздік, көрнекі және практикалық әдістері арқылы іске асырылады. Білім алушылардың оқу процесіне енгізілген ғылыми-зерттеу жұмысы - мұндай жұмыстар оқу жоспарлары мен оқу пәндерінің бағдарламаларына сәйкес орындалады, білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметінің осы түріне өндірістік оқыту шеберінің әдістемелік басшылығымен ғылыми зерттеу элементтері бар аудиториялық және үй тапсырмаларын өз бетінше орындау (эссе, рефераттар, талдау жұмыстарын дайындау; білім алушылардың жұмыстарды орындау, дипломды қорғау); білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметінің барлық түрлерінің нәтижелері оқыту шебері тарапынан бақылауға және бағалауға жатады. [3]

Жобалау технологиясы. Жоба -- бұл кез-келген тақырыпты зерттеуде қолдануға болатын оқыту әдісі, ол әрқашан білім алушылардың тәуелсіз қызметіне--жеке, жұптық, топтық және нақты нәтижеге бағытталған. Жобаның мақсаты--нәтижеге қол жеткізудің шынайылығы, білім алушылардың жаңа білімді игерудегі және алған білімдерін қолданудағы жеке мүмкіндіктерін ашу. Бұл жағдайда өндірістік оқыту шеберінің мақсаты бар: оператор-машинист мамандығын түсінуде білімді қолдану мүмкіндіктерін іс жүзінде көрсету, өндірістік оқыту шебері жетекшілігімен білім алушылардың өздері орындайтын шағын жобалар сериясын жасау. Білім алушылар алынған ақпаратты тақырыптың теориялық және практикалық көрінісі бойынша дербес талдайды, негізгі міндеттерді бөледі, өндірістік тапсырманы орындайды және өз жұмысының нәтижесін ұсынады. Жоба шынайы еркін тұлғаны тәрбиелеуге баса назар аударады, білім алушылардың өз бетінше ойлау, білім алу және қолдану, қабылданған шешімдерді мұқият қарастыру және іс-әрекеттерді нақты жоспарлау, құрамы мен профилі бойынша әр түрлі топтарда тиімді ынтымақтастық жасау

қабілетін қалыптастырады. Жобалар қарым - қатынас дағдыларын (коммуникативтік құзыреттілік) қалыптастыруға мүмкіндік береді--ынтымақтастыққа, өзара іс-қимылға, мәлімдемелерді негіздеу және сынды қабылдау, бастаманы қабылдау қабілеті, бұл өте маңызды, өйткені коммуникативтік дағдылар бүгінде еңбек нарығында сұранысқа ие, кез келген қызмет салаларында қажет.[5]

Пән бойынша қосымша ақпарат көзі ретінде өндірістік оқытудың АКТ сабақтарын пайдалану; өндірістік оқыту шебері мен білім алушылардың еңбегін өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі тәрбиелеу тәсілі ретінде; өндірістік оқыту шебері үшін тұлғалық-бағдарлы тәсіл мүмкіндігі ретінде; білім алушының жеке белсенділік аймағын кеңейту тәсілі ретінде. Оқу процесінде жаңа технологияларды қолдану жаңа педагогикалық әдістер мен әдістердің дамуына әкеледі; шебердің жұмыс стилінің, олар шешетін міндеттердің өзгеруі оқытудың мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді, пәнаралық байланыстарды нығайтуға көмектеседі. Жаңа ақпараттық қоғамда өндірістік оқыту шебері бұдан былай қоршаған әлем туралы білімнің жалғыз көзі бола алмайды, бұл сөзсіз оқу жұмысының формаларының өзгеруіне әкеледі.[4]

Мұндай сабақтарды жоспарлау және өткізу кезінде өндірістік оқыту шебері сабақ өткізу үшін таңдалған тақырыпқа және білім алушылардың қабілеттеріне сүйене отырып, өз түзетулерін енгізе алады, сонымен қатар өндірістік оқыту шебері өзінің қиялы мен тәжірибесіне сүйене отырып, кәсіптік оқыту жүйесінде орын алатын өндірістік оқытудың инновациялық сабағын жоспарлай алады. Мен оқытудың басқа әдістері мен формаларымен қатар мамандандырылған оқыту жүйесінде стандартты емес сабақтарды оңтайлы және ақылға қонымды енгізуді жақтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Батышев С. Я. Профессиональная педагогика. М.: Изд.«Эгвес».
2. Беспалько В.П. «Слагаемые педагогической технологии». М.Педагогика,1989г.
3. Вербитский А.А., Борисова Н.В."Методологические рекомендации по проведению деловых игр", М., 90.
4. Кульневич С.В., Лакоценина Т.П. Совсем необычный урок: практ. пос. для учителей, студентов средн. и высших пед. уч.зав., - Ростов-на-Дону: Изд-во "Учитель", 2001.
5. Пидкасистый П.И. «Технология игры в обучении» – М.:Просвещение, 1992г.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Турдалиева Балжан Даниялқызы

Жамбыл политехникалық жоғары колледжі, Техника ғылымдарының магистрі,өндірістік оқыту шебері,
Тараз қаласы

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер жас ұрпақтың болашағының жарқын болуына бірден-бір кепіл. Білім жайында жер бетіндегі ақын жазушылардың бәрі де қалам тербеді. Нақыл, қанатты, ұлағатты ой айтып, бізге құнды мұра етіп қалдырды. Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге үйрету – біз ұстаздардың басты міндетінің болуымен қатар, оларға үлкен жауапкершілікті еселейді.

Ұстаз қалай білім беру жүйесін ұйымдастырса, солай ұйымдастырушылық процесстің барысы өтіледі. Ең бастысы берілген сабақты дұрыс заман талабына сай жоспарлап алу қажет деп есептейміз. Білім беру үрдісін жаңаша ұйымдастыру біз ұстаздардың және білімалушылардың өзін-өзі жетік дамытуына қолайлы жағдай жасай

отырып, оның шығармашылығының өздігінен артуына септігін тигізеді. Мұндай жаңа технологияларды пайдаланып оқыту барысында ұстазға қойылатын негізгі талап білімалушының берген жауабын түзету, берілген тапсырманы оңай орындау жолдарын көрсету, білімалушыға өз ойын еркін-толық жеткізуді үйрету болып табылады. Өз ойын қысылмастан айтуға мүмкіндік беру, оған пікір еркіндігін сездіру білімалушының сол сәтке деген қызығушылығын арттырады.

Қоғам дамуында білім берудің ең маңызды мәселе екендігі баршаға мәлім. «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген елбасы сөзі бекер айтылған жоқ. Еліміздің өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан шақта сапалы білім беріп, жан-жақты, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу мұғалімдердің алдында тұрған негізгі міндет. Әлемдік саяси аренада Қазақстан Республикасының өзіндік салмағын пайымдау оның ұлттық білім жүйесінің жоғары дәрежеде дамуымен байланысты.

Қай елді, қайкезеңді алып қарамасақ та бірінші орында білім беру тұрады. Себебі, халықтың білімділігі сол елдің даму деңгейінің шынайы көрсеткіші болып табылады. Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесіне де елеулі өзгерістер енгізуде. Әлемдік білім беру жүйесі өмір ағымы мен бүгінгі таң сұранысына байланысты күн санап өзгеруде. Ал біздің жас мемлекетіміздің білім беру жүйесі де өзгеріс пен жаңалықтарды талап етуде. Неге десеміз, біздің білімалушыларымыз басқа елдің студенттерімен салыстырғанда білімі жағынан еш кенжелігі жоқ. Бірақ, сол білімді қолдану аясына келетін болсақ, білімалушылар алған білімдерінің іске асуын, өмірде қажеттілікке жұмсалатын сәттерін анықтай алмай, ауыр жүкті босқа арқалауда. Бұл олқылықтарды жою үшін студенттер алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оны тиімді және орынды жерде қолдана білуге үйретуге біз мұғалімдер қауымы басты назар аударуымыз керек. Осыған байланысты білімалушының жеке даралығын да естен шығармау керек [1].

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Студенттерді заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Жаңартылған білім беру бағдарламасының мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - өскелен ұрпақты оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту болып табылады. XXI ғасыр - жаңа технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру үрдісінде жаңа технологияларды тиімді қолдану заман талабы. Яғни, көрсетілген міндеттерді ескере отырып, біз заманауи оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін, басқалармен пікір бөлісетін білімді, адамгершілігі мол, ұлтжанды, маманды тәрбиелейміз. Білім беру барысында ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар кейде қол жетпейтін білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, көрнекіліктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден бір шарты мұғалімнің ізденімпаз болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу-әрбір ұстаздың міндеті болуы керек [2].

Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы білім мазмұнын жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Білім теңіз, оның тереңін жетік білетін, сырын меңгерген адамдарды дайындайтын ұстаз. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениеті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Ол үшін мұғалім өзі оқытатын пәндердің ғылыми әдістемелік деңгейін ғылыми ұйымдастырғанда, яғни сабақта әртүрлі әдіс-тәсілді кешенді жоспармен пайдаланғанда ғана қолы жетеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - маман даярлауда «Өмірлік білімнен өмір бойы білім алу» қағидасына лайықты болуға тиіс. Әр ұстаз – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек.

Сабақтың оқыту әдістерін үнемі түрлендіріп отыру қажет. Оқыту ісінде алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану, олардың ең тиімділерін сұрыптап қолдану. Мұғалім мен білім алушының арасында жылы қарым-қатынас болуы шарт. Білім алушының қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, жеке тұлғаның барлық дағдыларын дамытып, оның толық ашылуына мүмкіндік жасау. Еліміздің білім беру жүйесінде сындарлы оқыту теориясын қолдану білімді де саналы, тәрбиелі, өз елін сүйетін, рухани құндылықтарды бойына сіңірген жастар өсіп шығатыны анық [3].

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір суру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзі қоғамдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны ендіру сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикасы күшті дамыған елдердің көрсетіп отырған білім деңгейлерінен көруге болады. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын толық игеру міндеті тұр. Тұтас алғанда әлемдік технологиялық даму деңгейіне сәйкес өзіміздің жаңа экономикамызға қажетті білімнің баршаға ортақ базасын ұдайы жаңартып отыру үшін ілгері талаптар қойып, тиісті инфрақұрылым қалыптастыру керек.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны – ұстаздың білім беру жүйесінің алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Ол – жаңа техника-технологияны жақсы меңгерген жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Ол үшін білім беру саласында қазіргі дидактикалық мүмкіншіліктер мен жаңа идеяларды және инновациялық технологияларды тиімді пайдалану қажет.

Қорыта келе, жаңартылған білім беру болашақтағы сапалы білім кепілі деп тануға болады. Ертеңгі келер күннің бүгіннен гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білім. Қазіргі күнде білім беру саласындағы тың өзгерістер мен жаңалықтардың болуы заман талабына да байланысты болса керек. Жаңа қоғамға жаңаша біліммен толыққанды сусындаған маман тәрбиелеуіміз керектігін тағы да дәлелдеп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар – Алматы, 2006.
2. Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н.Исабаева, Б.Ғ.Бостанов. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері.-Алматы, 2014.
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі - сапалы білім // Қазақстан мектебі № 4. 2008ж.

ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ МЕХАТРОННЫХ КОМПЛЕКСОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.

Корлыбаева Б. Е.

Жамбылский политехнический высший колледж

Ключевые слова:

«Worldskills».Мехатронные комплексы-введение в WorldSkills в разрезе программирования, -совокупность механики и электроники, рентабельность выпускников.

В 2019 году ГККП «Жамбылский политехнический высший колледж» принимал участие в республиканском проекте «Жас маман», целью которой является модернизация 180

колледжей и 20 вузов по 100 наиболее востребованным профессиям и внедрение международного опыта подготовки высококвалифицированных специалистов. Наш колледж прошел по двум специальностям, одна из специальностей - это 1013000 «Механообработка, контрольно-измерительные приборы и автоматика в промышленности» и выиграл грант на модернизацию учебно-материальной базы. Учебно-материальная база была оснащена мехатронными станциями германской компании «Festo»: Handlingstation - перемещение, Distributingstation-подача, Separatingstation - отделение, Sortingstation - сортировка, Programmingstation - программирование, Storingstation- складирование, Automashinprocessing - процесс автоматизации, «Kazan _C_2019» комплект станции (1. Handling station, 2.Three Magazine station, 3.Visual Quality station, 4.Joining station), «Abu Dabi 2017» комплект станции (1. Handling station, 2.Megering station, 3. Paking station, 4.Joining station), Добот«Промышленная рука», коботами.

Сейчас идет внедрение в рабочие учебные программы дисциплин мехатронных комплексов по стандартам «Worldskills».Мехатронные комплексы -включают следующие виды работ:

- введение в WorldSkills в разрезе программирования;**
- характеристики семейства SIMATIC S7;**
- программирование на LAD и др. языках;**
- логические операции,счетчики,таймеры;**
- операции сравнения и др.**

Вообще мехатроника это совокупность механики и электроники. Основной целью мехатроники, является разработка принципиально новых функциональных узлов, блоков и модулей, реализующих двигательные функции, которые используются как основа для подвижных интеллектуальных машин и систем. В связи с этим, предметом мехатроники становятся технологические процессы проектирования и выпуска систем и машин, способных реализовать требуемый двигательный функционал.На сегодняшний день многие современные системы являются мехатронными или используют элементы мехатроники, поэтому постепенно мехатроника становится «наукой обо всём».

Мехатроника применяется во многих отраслях и направлениях, например: робототехника, автомобильная, авиационная и космическая техника, медицинское и спортивное оборудование, бытовая техника в химических производствах, машиностроении (автоматизированное машиностроение, станкостроение, электронное и энергетическое производсво и др.); авиакосмической техники,железнодорожный транспорт. Развитие мехатроники осуществляется на базе объединения сведений из ряда разнородных и обособленных областей: прецизионной механики, электротехники, микроэлектроники, информационных технологий, силовой электроники и других научно-технических дисциплин. Сейчас под мехатроникой понимают системы электропривода с исполнительными органами относительно небольшой мощности, обеспечивающие прецизионные движения и имеющие развитую систему управления. К примеру мехатронных систем, можно привести множество примеров, которые обычно окружают нас с вами- это типичная мехатронная система —тормозная система автомобиля с АБС (антиблокировочной системой),также персональный компьютер является мехатронной системой: ЭВМ содержит много мехатронных составляющих: жёсткие диски, оптические приводы,роботы,станки с ЧПУ и многое другое.

Применение мехатронных комплексов в образовательном процессе повышает рентабельность выпускников, и способствует подготовке высококвалифицированных кадров, отвечающим современным требованиям нынешнего рынка труда.

Список литературы

1. «Мехатроника : основы, методы, применение: учебное пособие» - **Подураев В.Л.,2006**
2. «Основы технологии автоматизированных машиностроительных производств» учебник Сковрцов А. В. , Схиртладзе А. Г.,2017

ИНТЕРНЕТ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ

Кабдулов Канат Тарихович

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы техникалық колледжі

Біздің ғасырымыз ақпарат пен ғылым ғасыры екенін көріп отырмыз, яғни білім беру саласы миллиондаған адамдарды ақпаратты әлемнің жаңа талаптарын қанағаттандыра алатындай етіп дайындау мәселесін шешу керек. Білім беруді ақпараттандыру мәселесіне де жаңа көзқараспен қарауды талап етіп отыр. Білім беру саласында оны ақпараттандыруға ықпал етіп отырған ойлар мен бағыттардың ішінен мыналарды басты етіп көрсетуге болады:

- гуманитарлық және білім беруді гуманитарландыру;
- мамандарды көпденгейде және алдын-ала дайындау;
- білім берудің үздіксіздігі, яғни өмір бойы білімнің толықтыра алу мүмкіндігі;
- тұлғаны әлеуметтендіру және мамандандыру

Білім беруді ақпараттандыру – білім беру саласын, білім беру мен тәрбиелеуде психологиялық, педагогикалық және ыңғайланған, денсаулықты сақтауды көздейтін мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған, методологиямен, технологиямен, жоспарлай алу тәжірибесімен және заманауи АҚТ технологияларын тиімді қолдана алумен қамтамасыз ету. Бұл процесс мынандай мәселелер мен тапсырмаларды шешуді ұсынады: білім беруді дамытудың ғылыми-педагогикалық, методикалық, нормативті-технологиялық және техникалық алғышарттарын анықтау; білім алушының жеке тұлғасын дамыту мақсаттарына сәйкес, білім беру мазмұнын іріктеудің методологиялық базасын, білім беру мен тәрбиелеуді ұйымдастыру формалары мен әдістерін жетілдіру; білім алушының өздігінен білім алу білігін қалыптастыру, интеллектуальды мүмкіндігін дамытуға бағытталған, білім берудің методологиялық жүйесін құру; білім беруге арналған электронды құрылғылардың зерттеуге, жалпыға көрсетуге арналған прототиптерін құрастыру; ғаламдық Интернет желісін білім беру саласында қолдану және ғаламдық телекоммуникация қорында ақпараттық әсер ету технологиясын әзірлеу.

Білім беруді ақпараттандырудың басты мақсаты- қоғам талабына сәйкес білім берудің сапасын түбегейлі арттыру болып табылады.

Бұл басты мақсат төмендегідей бірнеше бөліктерден тұрады: --

ақпараттық қоғамның талаптарына сәйкес өмірдің барлық салаларына тиімді араласа алатындай білім алушыны дайындау;

- білім алушының қолжетімділігінің дәрежесін көтеру;
- ұлттық білім берудің әлемдік қоғамдастық инфрақұрылымымен ақпараттық бірігуі

Білім беруді ақпараттандырудың құрылуы мен дамуы төмендегідей үш бағытпен анықталады:

1. Білім беруші мен білім алушы арасындағы ақпараттық білім беру байланысының құрылымын өзгерту;
2. білім беру процесіндегі оқу материалдарын ұсыну мен оқу-методикасымен қамтамасыз етудің құрылымын өзгерту;
3. білім алу ортасын өзгерту – білім алу процесіне қатысушылардың өзара байланысының және білім алушыға жол сілтеуші педагогикалық байланысты орнату шарты ретінде

Экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы елдердің даму талдауы көрсеткендей, білім берудің жоғарғы, төменгі, қаймектебі болмасын ақпараттандыру экономиканың, ғылым мен

мәдениет дамуының алғышарттары болып табылады. Қазіргі қоғамдық ақпараттандыру және оның ентығыз байланысты білім беру әрекетінің барлық формалары заманауи ақпараттық,

коммуникациялық технологияларды жаппай тарату және дамыту процесі мен сипатталады. Ақпараттық технология-адамдардың білімін және елеулі меттік, техникалық процестерді басқару мүмкіндіктерін дамытуға арналған ақпаратты жинау, ұйымдастыру, сақтау, өңдеу, беру және ақпаратты көрсету әдістері мен техникалық құралдарының жиынтығы. Қоғамның дамуындағы ақпараттық технологияның орнын сараптай келе, төмендегідей тұжырымдарды атап өтуге болады:

1. Заманауи ақпараттық технологиялар қоғамның дамуындағы негізгі стратегиялық фактор болып есептелетін ақпараттық қорын тиімді пайдалануға және белсенді етуге мүмкіндік береді.
2. Өркениеттің дамуы ақпараттық қоғамның дамуымен өлшенеді, мұндағы көпшілік айналысатын объектісі мен нәтижесі материалдық қндылықтар емес, еңбастысы, ақпарат пен ғылыми білім болып табылады. Мұнымен бірге ақпараттық технологиялар қоғамдағы болып жатқан ақпараттық процестердің тиімді жолына табуға және кейбір жағдайларда автоматтандыруға мүмкіндік береді.
3. Ақпараттық процестер басқа күрделі өндірістік немесе қоғамдық процестердің басты элементтері болып табылады. Осыған байланысты ақпараттық технологиялар өндірістік немесе қоғамдық технологиялардың құрамы ретінде қарастырылады.

Ақпараттық технологиялар қоғамның интеллектуалдандыру процесінде, оның білім беру жүйесі мен мәдениетінің дамуынан негізгі орнына алады. Сонымен қатар білім беретін ақпараттық құрылғылардың қолдануы өздігінен білім алу жүйесі үшін де, мамандарды даярлау және білімін көтеруге жүйесі үшін де тиімді болып табылады.

Компьютерлік желі, АКТ құрылғылары пайда болу нәтижесінде әлемнің кез келген бұрышына ақпаратты тез алу мүмкіндігімен байланысты қоғамда жаңа мақсаттар пайда болды. Ғаламдық Интернет желісі көмегімен әлемдік ақпараттық ресурстарға тез арада қол жеткізуге мүмкіндігі туды. Интернет – миллиондаған компьютерлерді бірақ ақпараттық жүйеге біріктіретін, ғаламдық компьютерлік желі. Интернет-технология – бұл автоматты түрде ақпаратты алу, өңдеу, сақтау, беру және білімді ақпарат ретінде пайдалану және олардың Интернет желісіндегі машинаның және адамның элементтерінен құралған объектілермен байланысы. Интернет технологияның мүмкіндіктері:

- білімденгейінің сапасын көтеруге жағдай жасау, себебі бұл технологиялар мультимедиа элементтерін қоса алғанда ақпаратты әртүрлі көрсету мүмкіндігіне ие;
- алған білімді бақылау саласы бойынша білім алуды автоматтандыру;
- білім алушының қашықтықтан беру;
- білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру.

Интернетке кітаптар, энциклопедиялар, аудио-видео жазбалар, зертханалық сынақтар енгізудеміз, сонымен бірге Интернетте оқыту бағдарламаларын, білімді бақылау құралдарын құрамыз. Интернет

технологияның көмегімен сабақ берудің жаңа формаларын: виртуальді экскурсия, саяхат, зертханалық жұмыстар, семинарлар мен қосымша сабақтар жүргізу мүмкіндіктеріне ие болады. Интернет

технологиялар оқытушыларға білімдерімен бөлісуге және ақпаратты қызықты етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Қашықтыққа, уақытқа қарамай Интернет кез келген жастағы, мамандықтағы адамдардың жаңа білім алуына жағдай жасайтын қанағаттандыра алады.

Интернеттің қолжетімділік принципі арқасында оның ресурстары үнемі жаңартылып жән толықтырылып тұрады. Ендігі мақсат осындай мол ақпараттар қорын тиімді, орынды, уақытылы пайдалану болып табылады.

ИННОВАЦИИ, КАК ЗАЛОГ КАЧЕСТВЕННОГО РОСТА ЭФФЕКТИВНОСТИ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ.

Туржанова Еркежан Сериковна

студент 1 курса, группа нБ-22, специальность 04110100 Учет и аудит

Аблаева Наталья Николаевна

Руководитель, магистр, преподаватель общеобразовательных дисциплин КГКП «Житикаринский политехнический колледж», г.Житикара, Республика Казахстан

Түйінді сөздер: *инновациялар, интерактивті әдістер, маман, инновациялық технологиялар, оқытудың белсенді әдістері, оқу процесі, білім алушы, талдау.*

Ключевые слова: *инновации, интерактивные методы, специалист, инновационные технологии, активные методы обучения, учебный процесс, обучающийся, анализ.*

Keywords: *innovations, interactive methods, specialist, innovative technologies, active teaching methods, educational process, student, analysis.*

Как отметил глава нашей страны в своем выступлении первого сентября 2021года: «В целом перед казахстанским образованием и наукой стоит масштабная, неотложная задача – не просто поспевать за новыми веяниями, а быть на шаг впереди, генерировать тренды» [1]. В очередной раз это доказывает, что применение инновационных методов в образовании является стратегической основой развития личности, общества, нации, государства и залогом успешного будущего.

В нашем, быстро меняющемся мире, современный специалист должен быть готов к решению нестандартных задач, решение которых предполагает наличие умений и навыков строить и анализировать собственные действия.

А социальный заказ, профессиональные интересы будущих специалистов, учет индивидуальных, личностных особенностей обучающихся должны составлять основу инновационных образовательных технологий, применяемых в учебном процессе.

Применение различных активных форм и методов обучения таких как: создание проектов, подготовка публичных выступлений, дискуссионное обсуждение профессионально важных проблем, обучение в сотрудничестве, создание проблемных ситуаций, подготовка профессионально направленных видеофильмов и презентаций и т. д. , являются наиболее эффективными формами учебной работы по внедрению в образовательный процесс инновационных процессов и формированию ключевых профессиональных компетенций будущих специалистов. Таким образом, на сегодня можно отметить различные инновационные методы обучения, в частности, это проблемная и игровая технологии, технологии коллективной и групповой деятельности, имитационные методы активного обучения, методы анализа конкретных ситуаций, метод проектов, обучение в сотрудничестве, креативное обучение, инновационная образовательная проектная деятельность, технология дебатов и т. д. Предлагаю некоторые из представленных методов более подробно.[2]

Метод мастерская. Мастерская подразумевает самостоятельное добывание студентами предметных знаний и умений. Идея мастерской – создать условия студентам для индивидуальной, так и групповой работы. В процессе совместного обдумывания проблемы возможен переход на новый качественный уровень, что ведет к новому видению проблемы.

Алгоритм проведения мастерской:

Фаза индукции. Постановка студентами проблемы. Предлагаемый для постановки проблемы материал (ключевые слова или слова, предметы, рисунки, какие-то физические явления, внутренние психические образы и т.п.) должен быть в зоне понимания студентов.

Работа с материалом. Анализ материала. Студенты анализируя материал, выдвигают безумные идеи (приемы творчества предлагаемые преподавателем для мотивации студентов например, что было бы, если бы... и т.п.) 1. работа индивидуально (или работа в малых группах); 2. обсуждение в малой группе (коррекция своей работы, дополнение, улучшение). На этом этапе студенты собирают в свою копилку «зерно» (положительные, уникальные идеи).

Социализация. Представление творческих работ. Студенты вывешивают работы на доске. Все свободно передвигаются, и идет общение, задают вопросы. Основной принцип общения «нахождение успеха». Студенты находят в любой работе интересный, примечательный момент и сообщают автору работы. Отрицательные моменты не высказываются.

Рефлексия. Высказывания о своих чувствах, ощущениях, которые у них возникли в процессе работы мастерской, а также чему новому научились на занятии.

Данный метод развивает умения: умение ставить проблемы, творчески искать ответы, развитие креативных умений. Развитие креативного мышления, воображения, памяти и мотивации.

Метод Дельфи.

Сущность метода состоит в том, что каждый работает над какой-либо проблемой индивидуально, а в результате работы анализируются и оцениваются сообща, коллективно. Участники работы независимо друг от друга формулируют свое решение по данному вопросу, затем выносят его на обсуждение всего коллектива. На основе рассмотрения спорных мнений разрабатывается единый вариант решения данной проблемы.

Данный метод развивает умения: Умение работать индивидуально, умение слушать, анализировать, оценивать.

Метод «Альтернатива, возможности, варианты».

Выбирается проблема. Рассматриваются традиционное решение.

Предлагаются альтернативные варианты решения.

Определяются возможности реализации решения.

Предлагаются оптимальные варианты решения.

Данный метод развивает умения: всестороннее видение проблемы, комплексное решение проблемы.

Для решения любой проблемы, задачи, можно воспользоваться «SWOT - таблицей».

1 этап. Анализ ситуации (по схеме):

а) ранжирование круга проблем,

б) решение проблем (близких и далеких, срочных и важных).

2 этап. Участники в решении проблемы (кто входит, прямые, косвенные участники).

3 этап. Все участники собираются, ведут диалог, приходят к общему решению.

Данный метод развивает умения: Умение анализировать и прогнозировать развитие.

Метод «Коллаж»

1. Выбирается тема.

2. Предлагается заранее принести вырезки из газет и журналов с яркими картинками (дополнительно ножницы, клей и ватман), касающиеся этой темы.

3. Студентам предлагается выразить тему содержания с помощью наклеенных картинок на ватмане. Условие: без слов, по желанию студенты наклеивают на ватман картинки.

4. После окончания работы, рассказать как они понимают понятие, например, «дружба» (или отвечают другие команды, какое содержание они видят на ватмане).

Данный метод развивает умения: Умение размышлять, умение понимать, искать ассоциации, умение выступать, умение выражать смысл, выделять главное и др. [3]

Целью инновационной деятельности является качественное изменение личности выпускника: отличная профессиональная подготовка, повышение его культурного уровня, умение правильно вести себя в обществе, уметь видеть ситуацию, решать самостоятельно проблемы. Но это станет возможным только при мастерском использовании педагогами тех или иных инновационных методов. И как говорил Джон Дьюи: «Если мы будем учить

сегодня так, как мы учили вчера, мы украдем у детей завтра», данные слова показывают, что современный педагог должен активно использовать на своих уроках интерактивные методы обучения. Для того чтобы современный выпускник быть готов к решению нестандартных задач, решение которых предполагает наличие умений и навыков строить и анализировать собственные действия.

Литература:

1. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. 01 сентябрь 2021 г.
2. Скрипко Л.Е. Внедрение инновационных методов обучения: перспективные возможности или непреодолимые проблемы. Менеджмент качества. – 2012.
3. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активные методы и формы обучения в высшей школе: Учебное пособие для вузов. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.

«ХИМИЯ ПӘНІНЕН ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Темірғалиев Рүстем

Атырау энергетика және құрылыс колледжінің директордың ІІ санатты орынбасары, І санатты Химия пәні оқытушысы

- *Бұл мақалада оқуда ақпараттық – коммуникативтік технологияның маңызы қарастырылып, нақты дәлелдер келтірілді.*
- *В статье рассматриваются вопросы применения информационной технологии для повышения знания и познавательного интереса учащихся*
- *The article discusses the application of information technology in independent work to increase the cognitive interest of students in studying.*

Біздің еліміз ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне келіп отыр. Қазіргі кезде қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық - коммуникативтік технологиялар педагогтер қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр.

Түсіну өте маңызды - сіз қандай сабақтың үзіндісін визуализациялағыңыз келетінін түсіну керек, сондықтан бейне сабағын құруға арналған бағдарламаны таңдау осыған байланысты болады. Егер бейне оқулық мұғалімнің бейне бейнесін қамтымаса және материалды "тірі" презентация арқылы түсіндіру жоспарланса, онда бағдарламаларды қолдану ұсынылады: Screencastify.

Screencastify - экранды бейнеге түсіруге мүмкіндік беретін Google Chrome арналған шартты-тегін браузер кеңейтімі. Бағдарлама орнатуды қажет етпейді. Screencastify пайдаланушы компьютердің экранын тез жазып, бейнені Интернетте бөлісуі қажет жағдайларда жылдам шешім болып табылады. Сондай-ақ, бағдарлама веб-камерадан суретті жазуға қабілетті. Баптауларда жүйелік дыбыстар мен микрофоннан аудионы жазуды бөлек қосуға болады. Кеңейтімі өз аналогтарының арасында офлайн режимде жұмыс істеу мүмкіндігінің арқасында ерекшеленеді. Бағдарламаның тегін нұсқасында жазылған бейнелер автоматты түрде Google дискте MP4 немесе GIF форматында сақталады. Содан кейін оларды ДК-ге жүктеуге немесе достарыңызбен Youtube және әлеуметтік желілерде бөлісуге болады. Қосымшада қарапайым редактор бар. Оның көмегімен бейнеге мәтіндік аннотацияларды қосуға, меңзерді және бейнедегі кез-келген басқа маңызды заттарды бөлектеуге болады. Тегін нұсқада жазылған бейненің ұзақтығы 5 минутқа шектеледі, бірақ мұндай бейнелердің саны шектеусіз.


Бұл бағдарламаны пайдалану үшін Сізге Google Chrome браузерін пайдалану керек (қажет болса, оны компьютерге орнату керек). Бұдан әрі келесі сілтемелерді пайдалануға болады




Әрі қарай, **Орнату** пәрменін таңдап, осы кеңейтімді орнату барысында микрофон мен веб-камераға қол жеткізуге **рұқсат** беру керек.








Кеңейтім параметрлерін орнатқан кезде Google дискте сақтауды таңдаңыз, әйтпесе көптеген мүмкіндіктер қол жетімді болмайды




Screencastify кеңейтімін орнатқаннан кейін, Google Chrome браузерінің жолында тиістісі пайда болады, оған баса отырып, сіз өз бейнеңізді жаза аласыз.




Screencastify тек  қосымшаны және бүкіл экранды, соның ішінде  жүйелік элементтерді қоса алғанда, тек  веб-камераны жазуды таңдауға мүмкіндік береді.  батырмаға басқаннан кейін 3 секундтан соң бейнені жазу басталады.


Егер сіз бүкіл экранды, соның ішінде  жүйелік элементтерді түсіре отырып, жазудың екінші нұсқасын таңдасаңыз, сізге барлық әрекеттерді жұмыс үстеліне жазатын немесе тек бір терезе жазылатын таңдау ұсынылады. **Бөлісу** батырмасын басқаннан кейін сіз таймердің дыбыстық сигналын естисіз және 3 секундтан соң бейнені жазу басталады.




Жазуды аяқтау үшін **Қол жетімділікті жабу** пернесін басу керек.



Жазылған бейнені конвертациялағаннан кейін, сіз қайшы құралын пайдалана отырып, файлдың басынан немесе соңынан бейнені қиып ала аласыз. Өзгерістерді сақтау үшін **Кескінді сақтау** батырмасын басыңыз




Егер сіз басқа фрагменттерді жойғыңыз келсе, сіз **Редакторда ашу** қосымшасына өте аласыз





Ашылған терезеде құралдар панелін қолдана отырып, сіз келесі әрекеттерді орындай аласыз:

- Бейненің үзінділерін жою
- Экранның бір бөлігін кесу
- Мәтінді қосу

Сондай-ақ, **Add Media** батырмасын қолдана отырып, сіз жобаға бейнелерді басқа дереккөздерден қоса аласыз



Барлық қажетті өзгерістерді енгізгеннен кейін **Бөлісу**  **доля** құралын таңдап, жасалған бейне файлды сақтау әдісін таңдау керек.



Сcreencastify – экранды түсіруге арналған ең танымал және ыңғайлы құралдардың бірі. Алайда, бұл қосымша кейде проблемаларға бейім болады, жиі кездесетін қателіктер мен оларды шешу жолдарын қарастырып көрейік.

1. Микрофон анықталған жоқ. Сіз басқа микрофонды немесе өзіңіз қолданатын Chrome браузерін қосқан боларсыз, ол сіздің микрофоныңызбен үйлеспейді. Мұны тексеру үшін [осында келіп](#), қандай да бір дыбыстың анықталғанын көріңіз. Егер веб-сайт сіздің дыбысыңызды естісе, Chrome және микрофон дұрыс жұмыс істейді дегенді білдіреді. Бұл жағдайда ең жақсы әдіс - Screencastify кеңейтімін қайта орнату болады.

2. Дискте орын аз. Screencastify оларды Google Drive-қа жүктемес бұрын сіздің компьютерде жасалған бейнені сақтайды. Кеңейтім жұмыс істеу үшін кем дегенде 1 ГБ сақтау орнын қажет етеді. Егер сіздің бейнеңіз шамадан тыс болса жазу тоқтатылады, бұл "дискідегі бос орын жеткіліксіз" хабарламасының пайда болуына әкеледі. Сіз бұл функцияны өшіре аласыз, бірақ ол сіздің құрылғыңызда жүйелік проблемаларды тудыруы мүмкін. Ең дұрыс тәсіл - дискідегі орынды босату.

3. Кіре алмаймын. Screencastify-дегі есептік жазбаңызға кіру кезінде қиындықтардың туындауы мүмкін. Бұл сіздің cookie файлдарын қоспағаныңызға байланысты болуы мүмкін. Бұл проблеманы шешу үшін Chrome мәзіріне өтіп, "Баптаулар" бөліміне өтіп, "Қосымша" пайда болғанға дейін төмен жылжып, соған басыңыз. Құпиялыққа, содан кейін контенттің баптауларына өтіңіз. "Cookies" басыңыз және "Басқа cookie файлдарын бұғаттау" параметрлерін өшіріңіз.

Осы әдістемелік әзірлеменің көмегімен кез келген педагог кез келген күрделіліктегі және кез келген форматтағы өз бейнесабақтарын (бейне презентациялар, бейнероликтер) жасай және жариялай алады. Сіз мұның бәрін біле аласыз, тіпті егер сізде арнайы білім болмаса да. Сіз өткен ғасырда тұрып қалған және әлі күнге дейін студенттерге жету тәсілі ретінде тек мәтіндік ақпаратты пайдаланатын әріптестеріңізден ерекшеленуге ерекше мүмкіндік аласыз. Сіздің қолыңызда бейнесабақтар түріндегі құралдардың барлық арсеналы болады, олар рөл атқара алады: бейне презентациялар, бейне емтихандар, оқу бейне курстары және аудио подкасттар. Бейне сабақтарды кез-келген пән мұғалімі жасай алады. Виртуалды баяндаушы болу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз, қызықты тақырыпты ашып, өзін білімді маман — мұғалім жағынан көрсетіңіз. Шығармашылық табыс тілеймін!

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Себепова А.Ғ.

Жоғары аграрлық-техникалық колледжін, арнайымұнай-газ пәндерінің оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі, Орал қ.

Дусетова К.С.

Жоғары аграрлық-техникалық колледжі, арнайымұнай-газ пәндерінің оқытушысы, Орал қ.

Білімді де білікті ұлт биік белесті бағындырып, ғылымы мен өркениеті дамыған елдердің қатарынан орын алады. Ал білімнің алғашқы іргетасы мектеп қабырғасында қаланып, одан ары қарай қабілеттілігі оқу орнындарында ұшталатыны сөзсіз. Бұл өз кезегінде студенттерді оқытуда білім мен ғылым саласындағы озық идеяларды қолдануға тікелей байланысты. Осы жағынан алғанда ҚР Білім және ғылым министрлігі білім саласын дамытуға ерекше назар аударып келеді. Білім беру жүйесінде болып жатқан жаңа процестер инновациялық білім берудің идеологиясы ретінде, жаңа білім берудегі идеологияның қалыптасуына алып келеді. Білім сапасын одан әрі арттыру мәселелерін шешу үшін технологияларды қайта өңдеу яғни қайта қарастыру және білім беру мекемелерінің қалыптасып қалған дәстүрлі тәсілдерін жаңғырту қажет. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың ең негізгі басты мақсаты – үздіксіз өзгерісте болатын өмірге адамдарды дайындау. Бұлай оқытудағы басты мән - потенциалды мүмкіндіктерді жүзеге асыруға бағыттау болып табылады.

Оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сайкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да , білім алуға да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, студенттердің өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын студент етіп даярлау қажет болып отыр.

Әр ғылымның барлық саласында болмысы білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде студенттердің өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады.

Білім беру процессіндегі заманауи технологияларды пайдалану бұл оқытушы мен білім алушы ақпараттық технологиялардың көмегімен өзара әрекеттесетін білім алу түрі. Оқытушы мен студенттердің оқу процесіне тән барлық компоненттерді (мақсаттары, мазмұны, әдістері, ұйымдастырушылық нысандары, оқыту құралдары) көрсететін және интернеттехнологиялардың ерекше құралдарымен немесе интерактивтілікті көздейтін басқа да құралдармен іске асырылатын арақашықтықтағы өзара іс-қимылы деуге де болады. Қазіргі кезде интернет желісі арқылы білім алуға мүмкіндік беретін оқытудың инновациялық түрі ретінде қарастыруға болады. Біздің мақсатымыз студенттерге өзгеретін әлеуметтік-экономикалық жағдайларға тиімді бейімделуге және қазіргі қоғамға сәтті интеграциялануға мүмкіндік беретін әмбебап білім беру элементтерін ұсыну. Соңғы 10-15 жылдан астам уақыт ішінде Қазақстандағы білім беру жүйелерінің құрылымдарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Осы ретте қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген білім берудегі SMART-technology жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі - студенттердің кез келген колледждер мен

университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болып отыр.

Ақпараттық-технология құралдарын оқу процесінде оқытушылар және студенттерге қолдану тиімділігі

Ақпараттық-технология құралдарын арнайы пәндер сабағында қоладану тиімділігі	
Білім беруші тұлғаға	Білім алушы тұлғаға
Сабақ барысында тақырыпты түсіндіруде және оны практикалық түрде көрсетуде тиімді;	Сабаққа деген қызығушылығы және ынта-жігері оянады;
Арнай пәндер сабағында тақырыпқа байланысты бейне сабақ, сызбаларды, ойын түрінде нақты түрде көрсете алады;	Жаңа сабақтың қызықты әрі әр сабақта әртүрлі болуы;
Сабақты түсіндіру жеңілденіп, уақытты үнемді пайдалана алады;	Оқушы сабақ түсініксіз немесе қатыспаған жағдайда оның сол тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік береді;
Әр сабақ барысында қолданбалы бағдарламалады қолдану педагогтың істәжірибесін жоғарылата түседі	Түрлі ойын түрлері, аудио және видео материалдар ой өрісін дамытады

Ақпараттық технологиялар құралдарын сабақ барысында қолдану мынадай мәселерді қамтиды:

- студенттерге оқылатын құбылыстар мен объектілер туралы толық және дәл ақпаратты бере отырып, оқу сапасын арттырады;
- оқытудың көркемділігін арттырады, яғни студенттерге қиын да күрделі материалдарды көрнекі түрде түсіндіруге қол жеткізеді;
- оқытудың тиімділігін жоғарылатады және оқыту материалын түсіндіру мүмкіндігін арттырады;
- оқытушы мен студенттің жұмысын жеңілдетеді.

Соңғы жылдардағы әлемдік COVID-19 мәселесі бойынша үзіліссіз оқуды жалғастыру үшін көптеген платформалар қолданысқа енгізілген болатын. Осы мәселеге байланысты оқушылар онлайн оқыту платформалары балалардың оқуға деген қызығушылығы мен ынтасын одан әрі дамыта түсті.

Оқушыларға білім алу үшін қарым-қатынас маңызды рөл атқарады. Интерактивті бейне сабақтар оқытушылар мен студенттерге сол тиімді қарым-қатынасты жасауға көмектеседі.

Білім беру платформалары студенттерге:

- Бір бірімен қарым-қатынаста болуға
- Бейнелерді, фотосуреттерді және үй тапсырмаларын көрсетуге.

Бейне сабақтың мақсаты - берілген мәліметті жетік түсіндіріп, оны визуалды түрде көрсету, сабақта айтылатын мәліметті нақты, қысқа да нұсқа жеңіл тілмен жеткізу.

Бұл жерде оқушы үйде отырып, бейне сабақты қарауға, түсініксіз жерлерін кері қайталап қарауға, бейне сабақты көрген соң, сұрақтары туындаса, оқытушыға оны қоюға,

ақпаратты меңгеруде тиімділікті жоғарылауына, сонымен қатар қажетті ақпаратты дәптерге түсірмеу секілді мүмкіндіктерді берді.

Бейне материалды қолдану оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілік ойлауды, оқытылатын оқу материалдарына және пәнге деген қызығушылықты арттырады. Бейне сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылар теледидар, компьютер, басқа да техникалық құралдардың көмегімен ақпаратты жылдам қабылдайтынын біле отырып, бейне-сабақтар арқылы сабақтың ұтымды, жеңіл қабылдануына қол жеткізуге болады.

Оқыту процесін жеделдету және жеңілдету үшін сабақта техникалық құралдарды, соның ішінде бейнесабақтарды пайдаланудың дидактикалық мағынасы зор. Бейне сабақтар оқушының материалды жақсы меңгеруіне көмектеседі, жаңа тақырыпқа деген құштарлығын оятады. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін бейне сабақтарды түсіріп, қолданудың артықшылықтары мол.

Ойындарға негізделген оқыту платформалары студенттерді ойын арқылы оқуға деген құштарлығы мен қызығушылығын арттыратын жақсы тәсіл. Студенттерге қиындықтарды тез шешу және сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін викториналар мен ұпай жинау әдістері ұсынылған.

1. Kahoot!

Студенттерді викторина сияқты ойындардан артық ештеңе қызықтыра алмасы анық Kahoot! ойыны қызықты сұрақтарымен оқуды жеңілдету үшін, жаңа мәліметтерді жадыда тез сақтап қалу үшін ұсынылады. Kahoot! сондай-ақ, студенттер өз ойындарын құруға және оларды басқа студенттермен бөлісуге мүмкіндік береді.

2. Quizlet

Quizlet оқуды тиімді ету үшін карталар мен ойындарды пайдаланады. Осы платформа арқылы оқушыға не қиындық ететінін анықтай аласыз және студенттерге оқуға көмектесетінін есте сақтау құралы ретінде қызмет етеді. Quizlet студенттерге әртүрлі пәндерді үйренуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, оқу орындарындағы оқытушылардың алдындағы басты мақсат – студенттерге сапалы білім беру мен болашақ маман ретінде бүгінгі күн талабына сәйкес, жаңа кәсіби міндеттерді шешуге дайын тұлғаны даярлау. Студенттердің білімге деген құлшынысын жоғалтып алмау үшін, сабақта бейне материалдарды, электронды ресурстарды тиімді қолдана отырып оқытуды ізгілендіру, өздігінен білім алып, ізденіс арқылы дамитын, өзіндік дұрыс шешім қабылдай алатын, өмірге бейім жеке тұлғаны қалыптастырға болады. Қазір цифрландырылған заманда барлығы дайын, қолжетімді болып отыр. Білім аламын деген адамға шектеу жоқ, мүмкіндік көп. Білім стандарттары мен технологиялық жүйелілікті сақтай отырып, дәстүрлі оқытумен қатар, қазіргі кездегі білім беру технологияларын тиімді қолданған оқытушы ғана, студент шығармашылығын арттырып, әмбебап тәсілдерді пайдаланып білім бәсекелестігіне дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Мұғалім шеберханасы» Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. Алмаы; 2016 ж., №1 (43)
- 2.«Педагог» Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал. Алмаы; 2019 ж., №6 (54)
- 3.Б. А. Досжанов Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері 24-25б. Түркістан, 2007

ҚАЗАҚСТАНЫҢ ТЕМІРЖОЛЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ

Сәрсенғалиқызы Гүлзада

Е. Тәңірбергенов атындағы Түркістан индустриалды- техникалық колледжі

Он тоғызыншы ғасырдың соңғы шенінде Қазақстан мен Орта Азияның сирек қоныстанған, мүлде зерттелметен аймақтарына теміржол магистралін салу туралы ой, шын мәнінде адамзат баласының ақыл-ойы мен талантының ең батыл да, протресшіл екенін дәлелейтін айқын мысал. Бір кезде шөлді өлкелерде, ауа райы құбылмалы жағдайда теміржол жолдарын қысқа мерзім ішінде салып бітіруі, аса ірі табыс қана емес. сондай-ақ мыңдаған инженерлер мен жобалаушылардың, жұмысшылар мен құрылысшылардың еңбектетуі ерлігі болды.

Қазақстан мен Орта Азия болат жолдары күллі Орта Азиялық аймақтың шаруашылығы мен мәдениетінің және қоғамдық өмірін дамуына кең мүмкіндіктер ашты. Олар Тянь-Шянь, Алатау Іле Алатауының жоталарын көктей өтіп, Жоңғар Қақпасынан бірақ шықты. Қарақұм мен Қызылқұмның батпағы мен құмын баса-көктеп, бой берместен көмір мен темір кеніштеріне, мақталы далаларға, адам аяғы баспаған орманды алқаптарға, ұлы дария, үлкен көлдердің жағалауына келіп жетті.

Оларсыз Қазақстан мен Орта Азияның индустриясын дамыту, табиғат байлықтарын шаруашылық айналымына тарту, шалғай аудандардағы жаңа ашылған пайдалы кен қазбаларын итеру мүмкін емес еді.

Міне, осы болат жолдар бір кезде мүлтіп жатқан далаға жан бітірді, адамға қажетті және бағалы жүктерді тасымалдаудың көлемі шұғыл және едәуір арта түсті. сөйтіп мұның өзі аймақтарда салынған жолдарды техникалық жақтан әрі қарай жаңғыртып отыруды, халықтардың экономикалық және мәдени ынтымақтастығының барлық салаларын ұлғайта түсуді талап етті.

Алғашқы жақсы бастамалар XIX ғасырдың бас кезінде болды. Темір рельстер салынып, бұл әдіс кейін барлық жерлерде жаппай қолданыла бастады. Енді осы жолдар арқылы салмағы бес – алты есе ауыр жүктерді тасмалдай беруге болатын мүмкіндік туды. Стефенсон темір жол көлігінің негізін қалаған алғашқы ағылшын өнертапқышы 1814 жылы өзінің алғашқы паравозын жасап шығарды. Паравоздың көптеген үлгілерін ұсынды, оның ішінде «Ракета» да бар болатын (1829).

Он тоғызыншы ғасырдың 60-шы жылдарында қазақ халқының әлеуметтік – экономикалық өмірінде және оның орыс және басқа ұлттармен мәдени байланыс орнатуында, аймақтың жалпы дамуында үлкен маңызға ие болды.

Қазақстандағы ең алғашқы теміржол желісі Каспий теңізі мен Арал теңізін Үстірт арқылы қосу жобасы тіпті, XIX ғасырдың 50-ші жылдарында-ақ пайда болған. XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Қазақстан теміржол құрлысы саласындағы 1877 жылы қаңтарында іске қосылған Самар – Орынбор (уақытша Чакалов) жолы жалғыз қомақты нәтиже болды. Теміржол құрлысының аумағын кеңейтуді талап еткен Орта Азия және Қазақстан шикізат көздері мен тұтыну нарығын иелену қажеттігі туды. Бұл Түркістан және Сібірді рельс арқылы қосу жобасымен түсіндіріледі. Ал енді қазіргі Қазақстанның теміржолының дамуына келер болсақ.

Республика тәуелсіздігі мен Теміржол көлігі жөніндегі кеңес кезіндегі Қазақстан теміржол көлігінің өткен жолын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең (1992-1996 жж.) – саланың КСРО-ның таралу салдарына және мүлдем жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуі.

Екінші кезеңнің (1997-2001 жж.) маңызы үш қазақстандық магистралды өзінде біріктірген, қиыншылық кезден өте алған, саланың ары қарай дамуына негіз салған, бірінші

қазақстандық теміржол кәсіпорны «Қазақстан темір жолы» РМК-нің құрылуы мен дамуы болды.

Үшінші кезеңде (2001 жылдан бастап осы уақытқа дейін) саланы қайта құрылымдау басталды. Атап айтқанда, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компания» ЖАҚ құрылуы осы реформалардың жүзеге асырылуының бастамасы болды. Олар еліміздің теміржол көлігін қазіргі заманға сай әрі жоғары тиімді салаға айналдыруға бағытталған және әлемдік тасымалдау жүйесіне үйлесімді кіріге отырып, дамыған нарықтық, бәсекелестік жағдайында тұтынушылардың талаптарына барынша сәйкес келетін кәсіпорын дәрежесіне жеткізу болды.

2004 жылы Қазақстан темір жолы өзінің айрықша межесіне – 100 жылдығы мерейтойына жетті.

Бұл жылы Қазақстан темір жолының мерейтойы 100 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Шойын жол тарихының маңызды кезеңдері аталып өтілді. Темір жолды жаңғырту, әлеуметтік саланы, теміржолшылардың еңбек жағдайын жақсарту шаралары мен ірі құрылыстар аяқталды.

30-шы қарашада Арқа стансасында мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғаларының қатысуымен Алтынсарин-Хромтау жаңа темір жолдың ашылуы өтті. Бұл жол арқылы көршілес елдердің аумағына кірмей ел іші арқылы жүргізілетін бағдар іске қосылды. Алтынсарин-Хромтау темір жол желісі арқылы жылына 160 миллион доллар көлемінде үнемділікке қол жеткізілді. Сонымен қатар Қазақстанның ішкі жолдарымен жүк тасымалдау қашықтығы 500-ден екі мың шақырымға дейін қысқарды.

Қазақстанның Тәуелсіздік күні мерекесінде Астана вокзалы алдында тарихи экспонат – Эш 4161 сериялы паровозы орнатылды. Алғашқы бесжылдықтың белгісі, Ұлы Отан соғысының естелігі, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру кезеңіндегі басты рөл атқаратын Қазақстанның шойын жолы тарихындағы ерен ерліктердің куәсі іспетті мақтаулы жерден орнын алды.

Алтынсарин -Хромтау жолымен жолаушылар тасымалдаудың жаңа кестесін 10 желтоқсанда Астана-Ақтөбе пойызы ашты. Жолаушыларды жолдың 15 сағатқа дейін қысқарғандығы, билет бағасының екі есеге азайғандығы қуантты. 132 шақырымдық Павлодар - Екібастұз темір жол телімінде электрлендіру ең ірі жобалардың бірі болып отыр. Павлодар -Екібастұз жобасының жүзеге асуы тасымалдаудың үнемділігі және электровоздардың экологиялық тазалығын сақтауға әкелді. Мәселен, бұл жобаны іске қосу арқылы жылына бір жарым миллиард теңгені үнемдеуге және қоршаған ортаға артық қалдықтардың түспеуіне игі ықпал етті.

Бүгінгі таңда Қазақстан Қытай арасындағы мемлекеттік шекаралық өткелі Достық стансасының маңызы зор. 2004 жылы Достық стансасы арқылы 9,5 миллион тонна жүк тасылды. Бұл жылы станцияның әлеуетін арттыруға 3,5 миллиард теңге бөлінді. Осындай қаржы бөлу арқылы 300 метр жол, 64 көтергіш құрал, вагондарды алмастыру орыны жаракталды. Достық-Ақтоғай жол телімінде 102 шақырымдық жолдың үстіңгі қабаты жақсартылып, пойыздың жылдамдығы сағатына 80 шақырымға дейін жеткізілді. Сол жылы Достық стансасында теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелеріне арнап 11 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

2012-2014 жылдары "Жезқазған-Бейнеу" және "Арқалық-Шұбаркөл" жолдары салынып 2014 жылы тамызда ашылды. Жолдардың басты нүктелері - Маңғыстау облысындағы Бейнеу стансасынан, Ақтөбе облысының Шалқар стансасынан, Қызылорда облысының Сексеуіл стансасынан және Жезқазған қаласынан тікелей қосатын жаңа жолдар ашылды. 500 млрд теңге жұмсалып 1200 км жол салынды. Теміржол көлігі қазіргі уақытта елдегі барлық жүк айналымының 58,1% - ын және жолаушылар айналымының 10,8% - ын қамтамасыз етеді. Ол экономиканы тамақтандыратын артерия деп аталады. "Қазақстан темір жолы" АҚ - 85 мың адам еңбек ететін ең ірі қазақстандық компания, АҚШ, Қытай, Үндістан, Еуропалық Одақ елдері, Ресей және Украинадан кейін жүк тасымалдау көлемі бойынша әлемде 7-ші орын алады.

Сонымен қатар "Локомотив құрастыру зауыты" Акционерлік қоғамы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған "Қазақстанның Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде құрылды.

2006 жыл - Қазақстан Республикасы Президентінің АҚШ-қа сапары барысында "Қазақстан Темір Жолы "ҰК" АҚ "GE Transportation" компаниясымен Қазақстан Республикасында "Evolution" сериялы локомотивтер өндірісінің технологиясын беру туралы келісім жасасты.

2009 жылғы 3 шілде - Қазақстан Республикасы Президентінің, "Қазақстан Темір Жолы "ҰК" басшылығы мен "GE Transportation" компаниясының қатысуымен зауыттың салтанатты ашылуы.

2009 жылғы 7 желтоқсан-Қазақстанда құрастырылған "Evolution" сериясының ТЭ33А бірінші тепловозы конвейерлік желіден шығарылды.

Наурыз, 2010 жыл-Локомотив рамасының өндірісі жолға қойылды.

Қыркүйек, 2010 жыл-British Standards Institution (Ұлыбритания) компаниясынан ISO 9001:2008 бойынша СМЖ тіркеу сертификаты алынды.

2010 жылғы 21 желтоқсан – кәсіпорын номинацияда жеңімпаз болып танылды.

2011 жылы Астанада ТМД елдерінде баламасы жоқ "Тұлпар-Тальго" жүрдек жолаушылар вагондарын шығаратын зауыт салынды. Зауыт құрылысы "Қазақстан Темір Жолы" акционерлік қоғамы мен "Patentes Talgo" испандық компаниясының бірлескен ынтымақтастығымен жүзеге асырылды. Жоба Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен Үдемелі инновациялық-индустриялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Жобалық қуаттылығы: жылына 150 вагон.

Жұмыс орындарының саны: 230 адам.

Жер учаскесінің ауданы: 22 га.

Үй-жайлардың ауданы: 32 мың м².

2011 жылғы желтоқсаннан бастап "Patentes Talgo" (Испания Корольдігі) компаниясының технологиясы бойынша жүрдек жолаушылар вагондарын шығаруды жүзеге асырады.

2012-2015 жылдар кезеңінде F-061 (шанақтың ені 2960 мм) жобасы бойынша 436 вагон (16 құрам) өндірілді.

2015-2017 жылдар кезеңінде F-065 (шанақ ені 3200) жобасы бойынша 178 вагон (6 құрам) өндірілді

Мақаланы қортындылай келе Қазақстанымыздың алғашқы президенті Назарбаев.Н.Ә айтқандай.

Біз көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам басамыз.

Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!

ӘЛ ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Жусипбаева Гүльназ Умирзаховна

Ерқанат Тәңірбергенов атындағы Түркістан индустриалды техникалық колледжі
gulnaz.zhussibayeva@mail.ru

Резюме: Бұл мақалада Әл-Фараби мұрасы әр уақытта да, қазіргі жаһандану кезеңінде де өзекті тақырып. Фараби өз дәуірінде адамдардың өзі көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтып, адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс екенін, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетілетіндігін қарастырған.

Резюме: Наследие Аль-Фараби существовало всегда, как в нынешнюю эпоху глобализацииактуальный вопрос. Фараби сказал, что в свое время люди добились своих целей.Мужчина постоянно совершенствуется духовно, говоря, что это зависит только от него самогочто человек должен сидеть, только зная правду, мир вокруг негопри условии, что он созревает.

Abstract: Al-Farabi's legacy has always existed, both in the current era of globalizationtopical issue. Farabi said that in his time, people achieved their goalsSaying that it depends only on himself, a person constantly improves himself spirituallythat a person should sit, only by knowing the truth, the world around himprovided that it matures.

Түйінді сөздер: бақыт, адам, түйсік, табиғат, құндылық, қасиет.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ Әл Фараби хижра бойынша 257 жылы туылып, 339 жылы дүниеден озды (миләди, яғни христиан жыл санау дәстүрі бойынша - 870-950 жж). Фараби ислам философиясының негізін қалаушы болып табылады, яғни ислам дәстүрінде антикалық мұраның ықпалымен пайда болған «фәлсафа» ағымының бастаушысы. Ол Аристотельден кейінгі Екінші Ұстаз мәртебесіне ие болған («Муаллим Сани»). Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінде алғанға ұқсайды. Өйткені, «көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, Мәуреннаһрда балаларды түрлі коләнері мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың бес жасар кезінен басталатын болған».

Фарабидің нақты осы тарихи дәуірде, яғни ортағасырларда туылуы, ұлы ғұлама ретінде қалыптасуы - кездейсоқ емес. Фараби феномені - Араб Халифатының ғажайып рухани өрлеуіне байланысты «Мұсылман Ренессансы» деп аталған дәуірдің жарқыраған бір көрінісі екені сөзсіз.

Кейінгі кезеңдерде де Қазақстан мен Таяу Шығыс арасындағы мәдени-өркениеттік байланыстар мен ықпалдастық жалғаса берді. Оның анық дәлелі - Мысырдағы Бейбарыс тұлғаның өмірі мен қызметі. Алайда, тек араб факторын, яғни біз үшін сыртқы факторды алдыға тарта беру дұрыс емес. Мысал үшін айта кету керек, Ресейде, Еуропа елдерінде шығып жатқан кейбір оқулықтар мен энциклопедияларда түркілік негіздің, ғұламаның тарихи отаны болған Қазақстанның ешқандай әсері болмағандай Әл Фарабиді әлі күнге шейін «араб философы» деп жазатыны өкінішті-ақ.

Әл Фараби - ислам ғұламасы, хакімі (данышпаны). Ақиқатында, Фарабидің Аристотель мұрасын зерттеуінің өзі (себебі) ислам мүдделерінен туындағанға ұқсайды. Аббасилер кезеңінде (ҮІІІ-ХІ ғғ.) діни еркіндік жағдайында патша сарайларында үнемі діни пікір таластар болып отырды. Осы жағдайда ислам дінін Аристотельдің логикасының күшімен дәлелдей түсу, жаңа аргументтер табу, ғылыммен ұштастыру қажеттілігі туды.

Фараби, Аристотельдің ізімен кейде метафизиканы «құдай берген қасиетті ғылым» деп атайды. Болмыс туралы ілім әл-Фараби дүниетанымының кіндік ортасы болып табылады. Әл-Фараби шығармаларында қарастырылған болмыс категориясын жүйелі анықтауы дүниенің үлкен бір кескінін жасауға көмектескендер еді. Болмыс

категорияларына әл-Фараби өзінің бірқатар шығармаларында тұжырым жасайды. Мысалы: қарапайым қала тұрғындарының көзқарастары туралы және азаматтық саясаты деген трактатында ұлы ойшыл дүние пайда болғаннан бастап адам қоғамының пайда болуына дейінгі дамудың жолдарын көрсетеді. Бұл мәселе жөнінде Фарабидің жолын қуушы Ибн Сина мен Фарабидің идеялық жақындығын көре аламыз.

Ұлы бабамыз Әбу Нәсір Фарабидың кім екендігін, қандай этно-мәдени ортадан шыққандығын, ежелгі қазақ даласының мұндай ұлы тұлғаны адамзатқа қалай сыйлағанын айқынырақ түсіну үшін ол кісінің заманындағы түркі дүниесінің құпияларына тереңдете көз жүгіртіп, сол тұстағы этникалық және саяси үрдістерден жақсы хабардар болуымыз керек. Бұл зерттеушілердің бабамыз өмір сүрген түркі заманындағы ру-тайпалардың өзара қарым-қатынасын, тарих сахынасында пайда болу ерекшеліктерін ерекше зерттеулерін қажет етеді. [1, 322 б]

Қазақ топырағындағы көкірегі ояу, көзі ашық талай ойшылдары бүкіл шығыс-араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі бәрімізге танымал ұлы жерлесіміз Әбу-Насыр әл-Фараби. Араб аристотелизмінің негізін салушылар қатарына Кинди, әл-Фараби, Ибн-Сина және т.б. жатады. Алайда философия тарихшыларының басым көпшілігінің ұйғаруынша мұсылман шығысындағы ілгерішіл қоғамдық саяси ой-пікірдің нағыз көшбасшысы әл-Фараби болып табылады.

Қазіргі өтпелі кезеңде тәуелсіздікке, демократия мен еркіндікке қолы жеткен қазақ ұлтының өзіндік санасын дамытуда ежелгі бай рухани және мәдени мұраның алатын орны өте зор болып саналады.

"Өзіңді таны және өзгерт" - бұл даналықтың үлгісі, халқымыздың ойлау жүйесінің өзекті мәселесі. Әрбір адам үшін болмыс сол адамның өзінің тіршілік ету ауқымы. Ал оның, өмірінің бағыты мен мазмұны "мен қалай ойлаймын, солай тіршілік етемін" деген қағидалық үлгіге ұқсайды. Өзін-өзі жетілдіру, жасампаздық - адамның өзіндік дамуының мәңгілік процесі болып табылады. Фарабимен қатар Абайдың философиялық идеясы осыған меңзейді"

Әл-Фараби ортағасырлардағы ғылым мен мәдениеттің дамуына көптеген еңбектер жазды. Ол ғылым мен қоғамның дамуына көптеген утопиялық ой-тұжырымдарын өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» деген еңбегінде көрсетті. [2, 76.] Бұл еңбекте Әбунәсір қоғам басшыларын сынға ала отырып, олардың ғылым мен мәдениет саласындағы еңбектеріне тоқталды. Ол өзінің қоғамдық ойларын дамыта келе, қоғамның дамуына үлес қосатын ғылымның әдістемелік мәселелеріне де ерекше мән берді.

Фараби идеялары көбінесе жаратылыс пен адамның етістіктеріне ұқсас. Фараби жаратылыс ретінде адам барлық жағынан Құдайға тәуелді екенін айтады. Оның сөзіне қарағанда, адам өзі жасаған күйден жоғары құрылымға ие болғысы келмейді. Бұл мәселеде жалғыз Құдайдың сөзі бар. Алайда, Фарабидің айтуы бойынша, Құдайдың ісі осымен бітеді. Осыдан кейін адамдардың өз еркімен жасайтын әрекеттері анықталады. Адам тек басында берілген шектеулі мүмкіндіктер шегінде әрекет ете алады, бірақ Құдайдың жаратуы осы кезде оның әрекеттерін анықтамайды. Адамның әрекет ету саласын анықтайтын жаратылыс адамның онтологиялық құрылымымен байланысты. Адам бұл қасиеттерді анықтауда еркін емес.

Мұның ең айқын көрсеткіштерінің бірі - ислам әлеміне бәрін илаһи ерік пен күшке жеткізген фаталистік түсінуден кейін философиялық ойдың, әсіресе Мұхтиланьның сөздері жазылған сотталушы және ақыр соңында ислам өркениеті барлық салаларда құлдырау процесіне кіргені. Соңғы жылдары ислам әлемінде пайда болған сыни және ұтымды оймен қатар, барлық салаларда оң ұтқырлықты байқау да осыны растайды. Сондықтан, ислам өркениетінің философиялық және теология саласындағы сыни және ұтымды түсінігін алғашқы кезеңдерде қайта жандандыру үшін мұны мүмкіндігінше тезірек жасау керек және

ислам өркениетінің болашағын құруда фаталистік түсінік емес, еркін және сыни көзқарас қамтамасыз етілуі керек.

Орта ғасыр ғұламасы екінші ұстаз Әл-Фараби жеке адамның қисынсыз қасиеттеріне, әрекеттеріне қанша қапаланса да, сынап-мінесе де, "камил инсан", нағыз адамдардың барлығына да, шын мұсылмандардың болатындығына да сенімінен айрылған жоқ, адамгершілікті, адамилықты дамыту құралы ретінде қабылдаудан бас тартқан жоқ.

Бұл тұрғыда Фараби "жалпы теңдіктегі, өзара сыйластықты және бақ дәулеті бар тәуелсіз еркін адамдар өмір сүретін қайырымды қала туралы айтады сондай-ақ, бұл мінсіз мемлекет тек "парасат" деп аталатын білім, зерде жолымен ғана құрылады деп топшылаған".

Ағартушылық жолында Фараби халықты әділетті қоғамға жалпы әдемдік бағытқа әкелетін күш ретінде сауаттандыруға зор үміт артқаны белгілі. Орта ғасыр ғалымы Жүсіп Баласағұнның сауатты адамдар өмір сүретін мінсіз қоғам нормалары жайында, әр қилы қоғамдық дәрежедегі адамдардың мінез-құлық ережесі мен басқарушылар және бағынушылар арасындағы байланыс ережелері туралы еңбегінен айқын көруге болады.

Жалпы атап айтар болсақ, Батыс пен Шығыстың әлемдік озық ойшылдары адамзат тарихының барлық кезеңдерінде тағдыр мәселесін шешуге тырысады. Олардың ішінде адамды құдайға, тәуелді еткені және адам тағдыры, мұратын да алдына қойған дегендері де табылған. Мұрат Құдайдың шексіз құдіреті мен тағдырға ешқандай қатысты емес деушілер адам бойындағы мүмкіндіктердің шексіздігі, оның ақыл-ойы қандай да болсын қиындыққа, өзгелікке, төмендеушілікке қарсы тұратындығын білетін еді. Адам санасы белгілі-бір мұратқа тәуелді өмірдің мәнін түсінуге барынша тырысады. Әр кезеңнің ойшыл ғұламаларының ойларындағы байланыс осыдан келіп пайда болады. Олардың көзқарастарына адам өмірінің барлық саласындағы байланысқа ерекше мән берген. Оның ішінде материалдық және рухани байлық та сонымен қатар, сабырлықты, қайырымдылықты серік еткен тұлғанның ақыл-парасаты да тыс қалмаған.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Аль Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города // Аль Фараби. Философские трактаты. Алма-Ата, 1972. с.322
2. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995. 7 б

"ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЛАРЫНЫҢ ШЕТЕЛ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ"

Айдарова Көркем Бекахметовна

Ерқанат Тәңірбергенов атындағы Түркістан индустриалды техникалық колледжі

korkem-8282@mail.ru

Резюме: Мақалада Отандық және шет елдік ғалымдардың Әл Фарабидің мұраларын аудару, зерттеу, оны насихаттау жұмыстары және Шығыс рухани мәдениеті жайлы еңбектер жазған еуропа ғалымдараның зертеулері жайлы қарастырылады. Сондай-ақ, Әл-Фарабидің әмбебап рухани құндылықтарын зерттеген орта ғасырлық ғұламалар да сөз болады.

Резюме: В статье рассматриваются перевод, изучение, популяризация наследия Аль-Фараби отечественными и зарубежными учеными, а также исследования европейских ученых, написавших труды о духовной культуре Востока. Также будут средневековые ученые, изучавшие универсальные духовные ценности Аль-Фараби.

Abstract: The article discusses the work of domestic and foreign scholars on the translation, study, promotion of Al-Farabi's legacy and the work of European scholars who have written works on the spiritual culture of the East. Medieval scholars who have studied Al-Farabi's universal spiritual values will also be mentioned.

Түйін сөз: Әл-Фараби, ғұлама, шығыс, ұстаз, бақыт, философ

Биыл Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен әл-Фарабидің 1150 жылдығын айрықша атап өту тапсырылған болатын. Рухани жаңғыру аясында қасиетті топырағымыздан шыққан бір туар асыл ғұламалармызды қанша дәріптесек те аздық етеді. Отырар (Фараб) ойшылдарының ең атақтысы, — Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» («Әл-Мұғаллим ас-Сани»), «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Оның толық аты-жөні — Әбу Нәсір Мұхаммад бин Мұхаммад бин Тархан бин Узлағ әл-Фараби. Мұнда әл-Фарабидің өз аты Әбу Нәсір Мұхаммад, әкесінің аты да Мұхаммад, бабасының есімі Тархан, арғы атасы — Узлағ. Түрік оқымыстылары Әбу Насыр атының соңына «әт-түрки» деген сөзді қосып, оның түркі текті екенін дәлелдей түседі.

Араб, парсы шежірелерінің жазбаларында Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсында орналасқан Фараб (Отырар) қаласында, кей деректерде — оның тікелей ықпалында болған Уасиджде (Оқсыз) отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келгендігі айтылады. Ол туған жерінің атауымен «Әл-Фараби», яғни «Фарабтық» деген атқа ие болғандығы да сондықтан. Отырардан шыққан Фараби атауын алған ғұламалар көп. Ол жайында филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Дербісәлиев «Отырар мен Сайрамның саңлақтары» [1, 6] атты Егемен Қазақстан газетінде шыққан мақаласында тоық тоқталып өткен

Әл Фараби - ислам ғұламасы, данышпаны екендігі даусыз дүние. Әл-Фарабиді отандық және шетелдік ғалымдар өте көп зерттеген. Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын аудару, зерттеу, оны насихаттау жұмыстары ХХ ғасырдың 60-70 жылдарынан бастау алды. Қазақстандық фарабитанудың басында, мұраларын тұңғыш іздеуші, аудармашы, мәселені көтеруші ретінде А.Машани есімі аталады, ал 1968 жылы ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтында «Әл-Фараби мұраларын зерттейтін шығармашылық топ» құрылды, топты ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Х. Қасымжанов басқарды. Отандық ғалымдардан А.Қасымжанов, Ә.Дербісәлиев, М.Бурабаев, Г.Шаймуханбетов, Қ.Жарықбаев, С.Сатыбековалардың еңбектері қазақстандық фарабитануда өзіндік үлестерін қоса білді.

Әл-Фараби Ибн Синаға, Ибн-Рушдке, Ибн Туфейлге, сонымен қатар, Батыс Еуропаның философиясы мен ғылымына орасан әсер етті. Адам еркіндігі туралы сұрақтарға, олардың ақыл-ойы, санасы, неден жаратылғандығы жөнінде үстірт, жанама, тұспалдап жауап беру әсте оңай. Қазір де адам еркіндігі мәселесін зерттемейтін ғылым жоқ десек те болады. Ал, жан-жақты түрде білімдерді ой елегінен өткізіп, нақты, тура, дәл жауап беру өте қиын. Фараби адам еркіндігі мен әлеуметтік бостандығын құбылысын халқымыздың жүріп өткен сан ғасырлық жолы негізінде философиялық тұрғыдан сараптау керек деп пікір келтіреді.

Әл-Фараби мұраларын зерттеуде ХІХ-ХХ ғғ. Еуропалық ғалымдарды да айтап өтейік. Олар: ХІХ ғасырдың екінші жартысында ортағасырлық арабтілді Шығыстың рухани мәдениеті туралы еңбектер жазған бұл неміс ғалымы М.Штейншнейдер, 1890 жылы әл-Фарабидің сегіз философиялық трактатын лондондық, лейдендік және берлиндік жазбалардан жариялаған Фридрих Детриций, неміс және ағылшын тілдерінде жарық көрген «Ислам философиясының тарихы» еңбегінің авторы, голландық ғалым Де Бур болды. Ортағасырлық араб философиясын зерттеген француз ғалымдары, соның ішіндегі фарабитанушылар: И.Форгет, С.Дугат, Л.Лутхер, С.Мунк, Э.Ренан, И.Финнегендерді айтуға болады. Э.Ренанның «Аверроэс и авероизм» (Париж, 1952) еңбегінің маңызы зор. Танымал француз шығыстанушысы Р.Эрланже 1930-1935 жж. әл-Фарабидің музыкаға қатысты «Китаб әл-мусика әл-кабир» («Музыканың үлкен кітабы») кітабын Парижде түпнұсқадан аударып, жарыққа шығарды. Бізге белгілісі, ХХ ғасырдың басында шығыстың рухани мәдениетін зерттеуде әл-Фараби мұраларын зерттеу өз жалғасын тапты. Көптеген шығыстанушы ғалымдардың, А.Мец, Л.Массиньон, Р.Блашэр, А.Массэ, Ф.Габриели, Э.фон Грюнбаум, Ф.Коплстон т.б. еңбектері жарыққа шықты. [2]Сондай-ақ, ресейлік: И.Крачковский,

Е.Бертельс, В.Бартольд сынды шығыстанушы-философтардың да қосқан үлестерін атап өткен жөн.

Әл-Фараби жайлы еңбектер Англия, Испания, АҚШ сынды мемлекеттерде де жарыққа шықты.

Дүниежүзінің оқымыстылары Фараби мұраларын мың жыл бойы тынбастан зерттеп келді. Олардың ішінде араб-парсы тілдерінде жазған Ибн әл-Надим (995ж), әл-Байхаки (1169), Ибн әл-Кифти (1248), Хаджи Халифа (1657), латын тілінде жазған Венике (1484ж), Камерариус (1638), француз тілінде жазған Генрих Зутер (1902) және басқалары да бар.

Фарабидің әлемдік мәдениет пен ғылымға қосқан үлесін зерттеудің маңызын алғаш рет шетел ғалымдары Г. Сартон, Д. Беркал және А. Койре негіздеп берді. Музыка саласында Фараби әр алуан шығармалар мен қатар «Музыка туралы үлкен кітап» атты іргелі еңбегін француз тілінде И. Мадкури мен Г. Фармер жариялап, ғылыми түсініктеме жасады.

Фараби мұраларын зерттеуде тек қана шығыс, орыс ғалымдары ғана емес, Батыс ғалымдары да зерттеп, еңбектерін жариялауда. Бұл тұрғыда америкалық ғалым Николас Решердікі айтуға тұрарлық еңбек. Николас Решер – АҚШ-тың Питсбург университетінің профессоры. Ол – Фараби және оның шәкірттерінің ғылыми мұраларын көп зерттеген ғалым. Николас Решер ұзақ ізденудің нәтижесінде 1962 жылы ағылшын тілінде «Фарабидің аннотацияланған библиографиясы» деп аталатын, Фарабиді зерттеушілер үшін құнды еңбегін жариялады. Мұнда 1000 жыл бойында Фараби жөнінде кім не жазды, Фараби шығармалары қай тілдерге аударылды, оның мұрасының аса құнды екенін дәлелдейді.

Деректердің бірінші тобын құрайтын жазба деректерге рухани тұлғаларымыздың жеке бастары жайлы зерттеушілеріміздің еңбектері С.Қ.Сатыбекова, әл-Фарабидің философиялық еңбектерінің бағытын саралай келе: «Әбу Насыр әл-Фараби — орта ғасырдағы Таяу және Орта Шығыста алғаш рет философиялық ізденістің объектісі ретінде адам мен адамзат қоғамы мәселелерін ұсынды. Осылай рационалды дүниетаным шекарасын адамның мәнін, оның өмірінің маңыздылығын түсінуге алып келді және адам туралы түсінікті кеңейтті [3, 446 б.] дейді.

Әл-Фараби еңбектерінде адам еркіндігі, өмірі, ішкі жан сарайы, әсіресе этикалық дүниесі, жан дүние жарасымдылығы, болмысы, адамның болашағы, әлеуметтік саяси-мәні жайлы көптеген дүниелер жазып қалдырды. Адам еркіндігін Фарабиден басқа ғылымдар ой толғап зерттеген. Орта ғасырлық Шығыс және Батыс ойшылдарының еңбектері де жоқ емес. Ортағасырлық ислам мен христиан философиясында бұл проблема детерминизмі немесе құдайшылдық, аскетикалық ерік және жеке адам-еркіндігі немесе ерік-жігер қатынастарының проблемасы ретінде көрсетеді. Бұл мәселені ислам ойшылдарындағы ислам философтары философиялық өлшемге көтерді, әсіресе Мутезил теологтарынан бастап, Эшари теологтары жалғастырды.

Ал отырарлық ғұлама жайлы ғалым Ә.Нысанбаев былай дейді: «Әл-Фараби этикасынан Құдайлық жазмыш және еркін таңдау мен адам еркі, діни-адамгершілік пісіп жетілу талаптары мәселесінің қойылуы мен шешілуінде мутазилиттік әсерді көруге болады. Онда сонымен қатар, түркі мәдениетіне жататын адамгершіліктің жоғары өлшемдердің адамдық көрінісі болып саналатын, жалпылама ризашылықтың шуағымен нұрланған, өзінде халықтың бүкіл рухани тәжірибесі мен білімі жинақталып, «дана» феномені онда ашылған, жақсылықты ажырата білу, тағдыр, бақыт пен бақытсыздық мәселелерін көтерудегі ру-тайпалық қарым-қатынастың дәстүрлі этикасының әсерін көруге болады».

Фарабидің зерттелер шығармалары әлі де жетерлік. 2013 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар қажы Дербіслінің Түркия мен Европа елдерінің кітапханасына барып зерттеу жүргізгені дәлел. «Мені қуантқан Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) бабамыздың теріге жазылған 10 трактатының табылуы еді. Әбу Насырдың жинағы 612 санмен беріліпті. Қолжазбаның бастапқы беттері ескіріп сарғайған. Жыртылған тұстары да бар. Санмен басталған беттегі шығарма атауынан кейін 16 жол тіпті көрінбеуге айналыпты. Оқылуы қиын болды. Одан кейінгі беттердегі жазуларды айқынырақ деуге

болады. 5-беттен әрі қарай көптеген сөздердің асты қызыл-қоңыр сиямен сызылып отырған. Оны трактаттарды көшірген хаттап сызды ма, жоқ па, білмедім. 5-бет басмаламен басталған. Одан соң пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) салауат айтылған. Одан кейін «Тағлиқ ли-Әби Бақр Мұхаммед бин Йахия бин ас-Саиғ рахимаһу Алла ала китабиһи Әби Наср бин Мұхаммед әл-Фараби радиа Аллаһу анһу фи Исағуджи» деген жолдарды оқыдым» -дейді жазбасында. [4, 6 б.] Фараби бамамыздың еңбегі бүгінгі күнде зеттелуі тиіс болып отыр.

Философ Д.Кенжетай зерттеуінде Әл-Фараби біліміндегі “сана бұл ақыл, планета фалак” және сол сияқты терминдер көне грек философиясынан алынғанымен, ислам дүниетанымында “сама-көк, рух-жан, малак-періште т.б. сияқты ұғымдарды білдіруде пайдаланылған. [5, 141 б.] Онсызда ол болмыстардың онтологиялық қатарында Тәңірден кейін орын алған “ақылдарды”-яғни, рухани болмыстар- саналарды, малак-періштелер ретінде беріліп отыр. Мәселен: “фаал ақыл” яғни, белсенді сана дейтін болмысты “рух-ул-амин”, “рух-ул-қудс”, “жебірейіл” толығымен исламдық діни терминдер. Осылайша әл-Фараби әртүрлі философиялық жүйелер мен ойлардағы құбылыстар мен құндылықтарды қолдана отырып, оларды исламдық қалыптар негізінде қорытып, ұсына білген ойшыл болатындығын атап өтеді.

Сондай-ақ, Әл-Фарабидің шәкірттерінің ғылыми философиялық еңбектері алдыңғы қатарда қоғамдық философиялық ойды дамытуға қызмет жасады. Осы тұста Әл-Фарабидің шәкірті Ибн – Рошдты /1126-1198/ айрықша атап өту керек. Ибн Рошд Аристотель, Фараби және оның шәкірттері идеяларын дамуына ат салыса отырып, өз еңбектері арқылы Батыс Европада насихаттауға ерекше ат салысты. Ол „Силлогизмдер туралы Фарабидің пікірі”, „Әбу-Насыр Фарабидің логикалық трактатындағы пікірлерді баяндау”, „Фарабидің Орғонды баяндауына түсініктеме”, „Екінші аналитикаға қарсы айтылған Фарабидің сыны туралы”, т.б еңбектер жазып қалдырды.

Фарабидің энциклопедиясын Европа ғалымдары-музыка зерттеушісі Симон кеңінен пайдаланды. Фарабидің „Музыканың ұлы кітабының” атты еңбегі XV-ғасырдадың өзінде Европада белгілі болып, онда ғылым мен өнердің өркендеуіне едәуір ат салысқан болатын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ә.Дербісәлиев «Отырар мен Сайрамның саңлақтары» Егемен Қазақстан газеті 15 қаңтар 2020 ж. 6 б
2. [dalanews](#) газеті [2016 ж. маусым 4](#)
3. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. - Алматы: Ғылым, 1995. 184б
4. Егемен Қазақстан. №9. 15 қаңтар, 2020 6 б.
5. Досай Кенжетай. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. А.2008 ж.

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ХИМИЯ ПӘНІН МЕНГЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Боранова Талшын Табылдықызы

ЖШС «Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжі», Орал қаласы
Техника ғылымдарының магистрі, педагог-эксперт

Тақырыптың маңыздылығы:

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Болашақ маман – бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды оқутәрбие үдерісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс. [1]

Білім беруде технология деген сөзді көп естиміз. “Технология” түсінігі техникалық процеспен байланысты және сөздікке сүйенсек (гректің *techne* – өнер, біліктілік және *logos* – оқу ұғымдары), материалды өңдеудің тәсілдері мен құралдары туралы білімнің жиынтығы. Ғылыми әдебиеттерде қазір технология түсінігіне мынадай анықтама беріледі: “Технология” – бұл қоғамдағы практикалық процесстердің техникамен реттеліп отыратын және материалдық дүниенің заңдылықтарымен анықталатын, техникалық құралдар мен объектінің өзара әрекеттесуінен туындайтын процесс” және “технология” термині үш түрлі аспектіні береді: технология-материалдық игіліктер өндірудің тікелей процесі; технология-технологиялық процесс; технология - осы процесстің заңдары туралы ғылым. Ғылым мен техниканың дамуына қарай педагогиканың да мүмкіншіліктері артты, жаңа технологиялар пайда болы. Қоғамдағы талаптар мен әлеуметтік сұраныстар педагогикалық технологиялардың тууына себеп болды. [2]

Білім – қоғамның дамуы мен болашақтағы жағдайын анықтаушы болып табылады. Кез келген елдің экономикалық және саяси тәуелсіздік жағдайы халықтың жалпы білімі мен кәсіптік деңгейіне байланысты.

Қазіргі қоғамдық сұраныс – өз ісіне мығым, жұртшылықпен араласуда жеке басындағы барлық шынайы жағымды қасиеттерін байқата алатын, бүгінгі студент, ертеңгі маманды тәрбиелеуді талап етеді. Дүние жүзілік білім беру тәжірибесіне жүгінетін болсақ, оқыту үрдісінің сапалы да жемісті жолы аудиториялық сабақтардың көлемін тиімді қысқарту арқылы студенттердің өздік жұмыстарына уақытты көбірек бөлу. Себебі семестрдегі жүйесіз берілген өзіндік жұмыстар сессия кезіндегі «үлгермеушілікке» және білім сапасының төмендеуіне әкеліп соғады.

Студенттердің өздік жұмыстарының ішкі мазмұны – мұғалімнің қатысуынсыз немесе көмегінсіз дайындалу ғана емес, студенттің әрекеті алған ақпаратты білімге қолдана білуге айналдыру. Негізінен алғанда, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұрады:

- * студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау,
- * әдістемелік қамтамасыз ету,
- * бақылау және орындалу бағасы,
- * талдау және жетілдіру.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мыналар:

- жұмыстың көлемін шамадан тыс асырмай, оның сапасын арттыруға көңіл аудару;
- оқушылардың жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу;
- оқушылардың дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;
- өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;
- оқушыларды табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын, сонымен қатар нақты фактілер мен құбылыстарды өздігінен талдап, түсінуге үйрету; [3]
- оқушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыру;

Өзіндік жұмыстың эффективтілігі эпизодты немесе кездейсоқ емес, оқу процесінің құрамына жоспарланған түрде маңызды элемент ретінде еніп, арнайы уақыт бөлінгенде ғана мақсатына жетеді. Осы жағдайда ғана білім алушыларда өзіндік жұмысқа деген қызығушылық артады. Өзіндік жұмыстың түрлерін таңдағанда дидактиканың негізгі ұстанымдарын есте сақтаған жөн. Жекеше өздік жұмысты ұйымдастыруда оқушылардың даму міндеті шешіледі. Қабілеті мен дайындық деңгейі әр түрлі оқушыларға тапсырмаларда деңгейлеп беріледі.

Мысалы: Жалпы химия пәнінен биогенді элементтердің медицинадағы рөлі туралы дараланған тапсырмалар беруге болады.

- Төменгі деңгей үшін:

Элементтердің химиялық формуласын, молекулалық массасын, периодтық жүйедегі орнын, химиялық қасиетін қарастыру.

- Жоғары деңгей тапсырмасы:

Элементтердің шекті рауалы концентрациясының артуынан немесе төмендеуінен болатын патологиялық өзгерістер.

- Орта деңгей тапсырмасы:

Микро макроэлементтер жайлы түсінік. Элементтерді микро және макроэлементтерге сәйкес жіктеп орналастыру.

Өз сабақтарымда, химия пәнінің үйірмесінде әр түрлі өзіндік жұмыстың түрлерін қолданамын. Мысалы: пресс-конференция сабағында білім алушылар өздерін журналист, фотокорреспондент, техникалық қызметші, зерттеуші ғалым рөлдерінде жеке ізденіс-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Пәндік үйірмеге қатысушыларға жыл бойы ізденуге, зерттеуге, сауалнама жүргізуге арналған әр-түрлі тақырыптар беріледі. Мысалы: косметикалық және гигиеналық заттардың құрамы, белсендірілген көмірдің құпиясы, химиялық қоспалармен шаштын структурасын өзгерту, алтынның сынамасын анықтау.

Студенттердің өздік жұмыстарының қарапайым және қолайлы түрі – белгілі бір тақырыптағы баяндама немесе деректі мәселені талқыға салатын ғылыми жиналыс түрінде ұйымдастыру. Бұған мұғалімдердің де шығармашылық әдіс-амалдары қажет. Мысалы, студенттердің жазған «мазмұндамасын», жасаған «семестрлік, курстық жұмыстарын» әдеттегідей қабылдай салмай, әр-түрлі ғылыми пікірталас ұйымдастыру арқылы қабылдаған әлдеқайда тиімді. Бір жобаны 2-3 студент орындаса, жобаның практикалық сапасын арттыруға болатындығы көрінеді, яғни, бұл топтастырған тәсіл өз бетімен жұмыс істеуге, өзара көмек көрсетуге, шығармашылығын және жауапкершілігін арттыруға себебін тигізетіндігі анық. Өйткені жобалау кезінде студенттер таңдау еркіндігін алады. Білімгерлердің өздік жұмыстарын қадағалаудың тәсілдері де үлкен нәтиже береді. Өзін бағалай және қадағалай білуді, өзіне баға беруді қалыптастыру – оқушының қызығушылық көзқарасын және белсенділігін арттыратын сенімді тәсіл.

Химияны оқытуда оқушылар мен табиғат арасындағы байланыстарды жүзеге асыруда эксперименттің алар орны үлкен. Әрбір сабақта химия кабинетінің мүмкіндігіне қарай демонстрациялық тәжірибелер жүргізуге тырысамын. Тәжірибелік сабақтарда білім алушылар жұптасып тәжірибелік дағдыларды орындайды. Мысалы: аналитикалық химия сабағында титриметриялық әдіспен заттардың құрамын сандық анықтау, әрбір топ катиондарына сапалық реакциялар жүргізу секілді тапсырмалар берілген кезде оқушылар тәжірибелерді аса қызығушылықпен орындайды. Сабақтың ыңғайына қарай шығармашылық бағыттағы ішінара зерттеуді қажет ететін тапсырмалар беру білім алушының ойлауы мен тәжірибе жасау икем дағдыларын арттырады. Осыған байланысты, өздік жұмыстарын орындау үшін әр студентке оқу-әдістемелік құралдарын көрсетіп, өздік жұмыстарына тиімді нұсқау беру керек. [4]

Химияны оқуда өзбетімен жұмысты ұйымдастыру үшін оқушы негізгі заңдылықтарды меңгеріп, химиялық білімді тұжырымдап, ғылыми мәселелерді шешу мәселесін көрсетіп оларды шешудің тиімді жолдарын анықтай білуі тиіс. Оқушыларды химиялық мәселелерді өзбетімен шешуге үйрете отырып оқытушы алдымен бірқатар мысалдар негізінде болжам құруға, мәселе қоюға, оның дұрыс шешімін табуға жол көрсетеді. Заман талабына сай ақпараттық технологиялардың да көптеген элементтерін қолданамын: word padlet, migo қосымшасында тапсырмалар дайындау, Jamboard тақташасымен жұмыс, [Quizlet](#), [Kahoot](#), [Quizizz](#) или [Wordwall](#) платформаларында викторинаға жауап беру, [LearningApps](#), [Twinkl](#) платформасында ойындар, интерактивті жаттығулар орындау, виртуальді зертханамен жұмыс.

«Ұрпағы білімді халықтың болашығы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар қажет. Осы айтылған міндеттер – мамандар дайындайтын оқу орындарының алдында тұрған негізгі мәселелер.

Қорытындылай келгенде, еліміздің болашақ мамандары қоғам талабына сай жан-жақты қарулануы үшін төмендегі міндеттерді әрбір оқытушы орындауы қажет. Менің басты

мақсатым оқушыны өз бетінше жұмыс істеуге баулу арқылы оның өзін-өзі дамытуына жағдай жасау. Өз бетінше ізденуге баула оқушыны қатарластарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздеуге, қиындықты жеңуге баулиды. [5]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Елорда, 2005. – 47 б.
2. Шешукова Г.В. Роль и место системы образования в политической социализации населения современной России // Credo. – 1998. – № 4. – С. 24
3. Абсаттаров Р.Б., Байлярова Б.К. Идеино-политическое воспитание в студенческом коллективе. – Алма-Ата: КазГУ, 1989. – 32 с. Политиздат, 1986.
4. Нұрмағамбетов А.А. Образовательная политика Республики Казахстан в контексте трансформации системы высшего образования. — Алматы, 2002. — 35 с.
5. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар Ф. Б. Бөрібекова Н. Ж. Жанатбекова : Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Н.С.Смаилова

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Жітіқара политехникалық колледжі» КМҚК

Негізгі сөздер:

Инновация, технология, сыни ойлау, виртуалды кеңістік, стратегия, дағды, қабілет.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі - білім. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр.

Үшінші мыңжылдық – құзыреттілік білім беру жағдайында оқытушының инновациялық даярлығын қажет ететін, жаңа формацияның мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің кезеңі.

Инновациялық үрдіс – білім беру жүйесін жаңарту және дамыту ғана емес, қоғамның, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында жаңа қоғамның, жаңа әлемнің жаңа мұғалімі қажеттілігінен туындаған үрдіс.

Құзыреттілік білім беру жағдайындағы инновациялық үрдіс – нысанның, педагогикалық идеяның, деректер мен тұжырымдардың, теорияның, әдіс-тәсілдердің жаңа сапалық өзгерістерін қамтамасыз ететін үрдіс, педагогикалық қауымдастықтың сұранысын қанағаттандыратын, қоғамдық педагогикалық құндылықтарына сәйкес жаңаны меңгеру, қолдану, талдау, салыстырмалы бағалау.

Қоғамдағы білім беру саласындағы инновациялық үрдістер мен реформалар педагогика ғылымына «инновациялық білім», «инновациялық даярлық», «инновациялық іс-

әрекет», «инновациялық технология», « мұғалімнің инновациялық даярлығы» және т.б. жаңа ұғымдарды өмірге алып келді.

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы.

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің сапасын арттыратын оқу-тәрбие үрдісін жаңа бағытта құру бойынша түбегейлі өзгерістермен ерекшеленетін жаңаша іс-әрекет.

Технология – бұл қандай да бір істе, өнерде қолданатын амал-тәсілдердің жиынтығы, дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі.

Оқытуда педагогикалық технология – тұтас педагогикалық үрдісінің мақсатына жету үшін студент пен оқытушыға бірдей қолайлы жағдай тудыра отырып, заманауи оқу құрал-жабдықтарын, әдістемелік кешендерді жүйелі пайдалануды көздейтін студент пен оқытушының бірлескен іс-әрекетін жобалаудың жан-жақты ойластырған жүйесі.

Оқытушының инновациялық даярлығы – оқытушының инновациялық педагогикалық технологияны меңгеруі және оның өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуына қажетті жаңа білім, білік, дағдыны меңгеруі.

Оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру инновациялық білім беру мен оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Инновациялық оқыту дегеніміз – қазіргі кезеңдегі әлеуметтік, мәдени ортадағы инновациялық өзгерістерді жете қарастыратын үрдіс және оқу, білім бер әрекетінің нәтижесі. Сонымен оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру үшін оларға инновациялық білім беріп, инновациялық оқыту жүргізуі тиіс. Бұл үшін мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру тұжырымдамасын жасау және оны жүзеге асыру қажеттілігі туындап отыр.

Инновациялық білім беру – мұғалімдерге инновациялық білімдерді жүйелі меңгерту арқылы олардың инновациялық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру үрдісі.

Инновациялық оқыту – оларды ізденімпаз жаңашыл ұстаз етіп даярлау, күнделікті білім мен біліктілікті көтеру, өз ісіне шығармашылықпен қарау, меңгерген инновациялық технологияны жас ерекшеліктерін ескере отырып түрлендіре алу, шағын өзгерістер енгізе білу, өз ісіне сыни көзқараспен қарау, жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктеріне педагогикалық сараптама жасай алу, өзінің авторлық технологиясын өмірге әкелу, оны әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, ұдайы әдістежелік жетілдіріп отыру.

Инновациялық білім беру әдістеріне: әңгімелесу, пікірлесу, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап, миға шабуыл және т.б. эвристикалық әдістер кіреді.

Инновациялық білім беру құралдары: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер-мультимедиялық құралдар, электронды оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен, медиатека, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық веб-сайт және т.б.

Инновациялық білім берудің нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог, зерттеуші жаңашыл мұғалім болып шығады.

Инновациялық оқыту жүйелі инновациялық білім беру арқылы жүзеге асады.

Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе – білім беру мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру және оларды жүзеге асыратын болашақ мамандарды даярлау.

Қазіргі педагогиканың негізгі мақсаты – білімді сапалы ету, студенттің толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына негіз қалау.

Бүгінгі таңда оқыту жүйесіндегі алға қойған негізгі мақсат – білімді әншейін ғана беру емес, оқуға үйрету, шығармашылық әдіс- тәсілдерін таба білуге үйрету, ізденіс әдістерімен қаруландыру, қабылдау қабілетін жетілдіру, керек хабарларды талдап одан қорытынды шығаруды әдетке айналдыру және тәжірибелік әрекетті тану барысында алынған және жинақталған білімді қолдана білу қабілетін жетілдіру.

Өз жұмысымда жаңаша оқыту технологиялардың бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын қолданамын. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Технологияның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л. С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

- Қызығушылықты ояту («көпір жасау», ой қозғау);
- Мағынаны тану (мағынаны ажырату);
- Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады).

Білім берудің маңызды шарты оқу үдерісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады.

Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік.

Қызығушылықты ояту. Үйрену үдерісі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау», т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі *INSERT*. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – «білемін», — - «мен үшін түсініксіз», + - «мен үшін жаңа ақпарат», ? – «мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. *INSERT* – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі мынадай нәтижелерге кол жеткізеді:

- оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай береді;
- басқаларды тыңдай білуге, кез келген жауапқа сыйластықпен және түсіністікпен қарауға үйретеді;
- өз ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге баулиды;
- керек кезде өз көзқарасын дұрыс өзгерте білуге үйретеді, оның дамуын қамтамасыз етеді;
- ең бастысы – оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады, сабаққа қызығушылығы артып, балалардың белсенділігі өте жоғары болады.

Осы технологияны қолдану арқылы мынадай жетістіктерге жеттік: «Сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында білім беріп, икем-дағды қалыптастырып қана қоймай, ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы бала болашағына ықпал етіп, оның өз білімін жетілдіре отырып, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына жағдай жасауға болады екен. Әр баланың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез келген сабақтың дамытушылық және тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану осы жүйені қолдану барысында ойдағыдай жүзеге асырыла бастады.

Әр оқытушы күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен білім алушының білім сапасын арттыруы керек. Заман талабына сай техникалық құралдарды қолдану - оқытушы жетістігіне апаратын тиімді жол.

Білім беру материалдарын электрондық нысанда алатын виртуалды кеңістікте жұмыс істеу білім алушылар үшін даусыз артықшылық береді. Оқыту әлдеқайда тиімді болады, әсіресе кез-келген мәтіндік материалдарға презентациялар, суреттер, аудио және видео материалдар қосылса, олар білім алушы жадында қалмауы мүмкін емес. Бұл жағдайда балама түрде виртуалды тақталарды пайдалануға болады.

Білім алушылардың жобалық іс-әрекеті жағдайында жеке және бірлесіп оқытуды табысты жүзеге асыру үшін Padlet, Miro, Google Jamboard онлайн-тақталарын пайдаланамын, тестілерді жылдам тексеру үшін Online Test Pad, Kahoot, Google test онлайн тестілерін пайдаланамын, бұл дидактиканың маңызды қағидаттарының бірі – көрнекілік принципін іске асыруға мүмкіндік береді.

Виртуалды кеңістікте жұмыс істеу ұсынылған материалды игерудің жоғары деңгейін, шығармашылық белсенділікті дамытуды, сабаққа деген құштарлықты, сабақ кезінде зейіннің тұрақтылығын, қызығушылықпен оқу мотивациясын, сайып келгенде, материалды игерудің тиімділігін қамтамасыз етуді білдіреді.

Қазақ тілін оқытуда техникалық құралдарды пайдалану сабақ беру сапасын және білім алушылардың осы материалды игеруінің тиімділігін арттырады. Тәжірибе көрсеткендей, заманауи технологияларды, мультимедиялық жабдықтарды пайдалану және енгізу білім беру процесінің мазмұнын байытады, қазақ тілін үйренуге деген ынтаны арттырады, оқытушы мен білім алушылар арасында тығыз ынтымақтастық байқалады.

Интерактивті тақтаны қолдана отырып оқыту, әдеттегі оқыту әдістерінен айтарлықтай ерекшеленеді, дегенмен сабақты сәтті өткізудің негіздері бірдей. Біріншіден, кез-келген кәсіп, оның ішінде интерактивті технологияларды қолдану нақты жоспар мен құрылымға ие болуы керек, белгілі бір мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуі керек. Мұның бәрі білім алушыларға материалды жақсы меңгеруге және оны бұрыннан білетін нәрселермен байланыстыруға көмектеседі. Оқытушы мен білім алушылардың интерактивті шығармашылығы шексіз.

Осылайша, қазақ тілі сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану пәнге қызығушылық тудырады, танымдық және ақыл-ой белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін белсендіреді, байқағыштықты дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
2. Бұзаубақов К.Ж. Жаңа инновациялық технология. Тараз. ТарМУ, 2003, 208-б.
3. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. Учебно-методическое пособие. – Алматы. АГУ им Абая, 2002.
4. Юсуфбеков Н.Р. Основы педагогического инноватики. Методическое пособие. – М., 1991. Ф.

ОҚУ ҮРДІСІНЕ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Сагиндыкова Нуржамал Осеровна

«№14 колледж» МКҚК, Түркістан облысы, Мақтарал ауданы

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру. Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар элементтерін енгізу айрықша маңызды. Осы және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды толығымен «цифрлық қайта жүктеуді» талап етеді.

Біріншіден, «Электронды үкіметтің» мүлде жаңа құрылымын жасау керек. Мемлекеттік сектордың барлық ІТ-бастамасы тек қана қазақстандық мемлекеттің жаңа платформасына негізделеді.

Екіншіден, біз мемлекеттік органдардың бизнес-үдерісін түгел қайта қарап, цифрлық форматқа көшіретін Цифрлық трансформация орталығын ашамыз.

Үшіншіден, ұлттық компаниялар ІТ-қауымдастықпен өзара қарым-қатынас жасайтын платформа құруымыз қажет. Квазимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттілігі мен сұранысы барынша отандық компаниялардың күшімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңызға ие болады. Қазақстан Еуразия өңірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс», - деп атап көрсетті. Осы Жолдауды іске асырудың көп алғышарттарының бірі ретінде Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасындағы «Электрондық оқыту: білім беруді жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі, оған білім беру ұйымдарына қажетті оқу ресурстарының 90%-ы бар ғаламтормен, орта, техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) ұйымдарын сандық білімдік контентпен толық қамтамасыз ету, оқытушылар әзірлейтін электрондық сандық білімдік ресурстарды дамыту» сияқты міндеттер қойылып, олар табысты іске асырылуда екенін айтуға болады.

Бұл жобалада білім беру үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудағы маңызы, әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электронды оқыту жүйесі жобасы аясында жасалған ЦБР мазмұны мен құрылымын талдау қарастырылған. Сонымен қатар, ЦБР-ге қойылатын талаптар, қағидалар, топтамалардың мазмұны, және оны қолданудың әдістері көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған.

Осы жағдайда білім берудің жаңа әдістерін, білім алушылардың толыққанды оқу-танымдық іс-әрекеттерін қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін іске асыру үшін Цифрлық білімдік ресурстар (ЦБР) құрал-жабдық ретінде қарастырылған, себебі ЦБР айтарлықтай түрде дәстүрлі оқыту формасын дамытуға бейімделген, оның көрнекі оқу материалын, безендірулерді, аудио- мен бейне материалдардың үлкен мөлшерін енгізуге мүмкіндігі бар.

Оқу үрдісіне ЦБР-ды қолдану нәтижесінде:

- сабақтың түрлі кезеңдеріне ЦБР элементтерін енгізу арқылы оқу үрдісінің тиімділігі артады;
- оқытушы мен білім алушылар сабаққа дайындалу кезінде сан-алуан материалдарды пайдалануға мүмкіндік алады;
- кейбір үрдістердің динамикасын көрсетуге мүмкіндік береді (бейнеүзінділер, анимация);
- өтілетін сабақтардың көрнекілігі артады;
- басқаша әдістермен көрсетуге болмайтын нысандарды көруге мүмкіндік береді;
- жергілікті желілерді пайдалану арқылы сабаққа дайындалу кезінде білім алушылар өздерінің икемділігі мен дағдыларын пысықтау сапалы болады.

Педагогтардың өздерінің авторлық материалдарын дайындауға көмектесуге арналған Электрондық оқытудың ақпараттық жүйесінің (ЭОАЖ) негізгі компоненті – электрондық кітапхана, оның ішіне әдістемелік ұсынымдар мен мыңдаған ЦБР-ы енгізілген. Екі қызметтік бөліктен тұратын «ЦБР дизайнері» модулінде онлайн-режимінде оқу курстарын және офлайн-режимінде цифрлық білімдік ресурстарды дайындауға болады. Онлайн-режимінде оқу курстарын дайындау бойынша қызмет онлайн-режимінде LMS (Learning Management System) ЭОАЖ-нің өзінде оқу курстарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Оқу курстарын дайындау курстың құрылымын беруге және электрондық кітапхананың басқа білімдік ресурстарынан жеке элементтерге сілтемелер есебінен оның мазмұнын толықтыруға мүмкіндік береді. Онлайн-режимінде ЦБР-ды дайындау бойынша қызмет мамандандырылған бағдарламалық өнімде ЦБР-ды дайындау мүмкіндігін ұсынады және LMS ЭОАЖ-мен қосылуының бар немесе жоқ болуынан тәуелді болмайды. Қазіргі кезеңде ЭОАЖ-н енгізу жобасының ауқымында онлайн-режимінде ЦБР-ды дайындауға мүмкіндік беретін бағдарламалық Жасақтама көптеген білім беру ұйымдарына орнатылған.

Ал ЦБР-ды төмендегіше шартты түрде жіктесе болады:

Білімнің өзектілігін арттыруға арналған ЦБР-ы:

- электрондық тесттер;
- ЦБР.

Жаңа оқу материалдарын түсіндіру кезеңіндегі ЦБР-ы:

- электрондық оқулықтар;
- мультимедиялық презентациялар;
- оқу бейнефильмдері.

Білімді, икемділікті және дағдыларды бағалау мен бақылауға арналған ЦБР:

- жобалау жұмыстары;
- тренажерларға арналған бағдарламалар;
- білім алушыларды аттестаттауға арналған материалдар.

Цифрлық білім ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, білім алушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда білім алушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен,

өмірлік тәжірибелермен, білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы орайда айта кететін жайт, жоғарыда жазылған техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) ұйымдарын цифрлық білімдік контентпен қамтамасыз етуге ҚР БЖҒМ-інің үйлестіруімен Ұлыбритания (Sibeko), Румыния, Польша мемлекеттерінің мамандарымен бірге «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ ғалымдарының құрамында «№14 колледж» МКҚК оқытушылары Ө.Рысбаев, Н.Сагиндыкова, Ұ.Шалқарова, С.Бекмұрзаев та қатысып, ТЖКБ арналған ЦБР компоненттеріне кіретін тест сұрақтары мен жауаптарын дайындауға «Ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу, күту мен баптау», «Мал шаруашылығында қолданылатын машиналар» мамандықтары бойынша атсалысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.К.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы [электронный ресурс] - :<http://www.akorda.kz> Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Авдеева С. Цифровые ресурсы в учебном процессе: [о проекте «Информатизация системы образования» и о создании Единой коллекции цифровых образовательных ресурсов] Народное образование. – 2008. – № 1. – С. 176-182.
3. Российский общеобразовательный портал по разработке цифровых образовательных ресурсов нового поколения [электронный ресурс] - :http://edu.of.ru/zaoch/default.asp?ob_no=8845
4. Савелова Е. В. Цифровые образовательные ресурсы в колледже: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. — М.: Университетская книга, 2008. — 224 с.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ

Кулмеханова Арай Тлекбергеновна

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі
Ақтау қаласы

Цифрлік сауаттылық - бұл адамның өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде.

Оқу үдерісінде цифрлық білім беруді тиімді пайдалану үшін, алдымен цифрлық білім беру ресурстар топтамасымен танысып, ондағы қажетті ресурсты таңдай білген жөн. Біздің елімізде ең ауқымды топтама Ақпараттандырудың Ұлттық орталығының www.nci.kz сайтында орналасқан. Қазір Қазақстан Үкіметінің ақпараттық технологияларды игеруді барынша жылдам дамытуға ұмтылып отырғандығын байқауға болады. Қазіргі ақпараттық технологиялар дегеніміз – цифрлы сана мен технологияларға қол жеткізудің басты алғышарты. [1]

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру процесіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Бұл жүйе білім беру сапасын жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту, заманауи қағаз процестерін жеделдету. Ақпараттандыру жағдайында студенттер меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Электрондық оқыту жүйесі ең алдымен оқытушы мен студентке үлкен еркіндік береді. Бұл екеуінің де тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолайлы.

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Орта білім берудегі оқу үдерісін автоматтандыру үшін электронды журналдар жүйесі пайдаланылуда. Жоғары білім беруде «Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесі» жұмыс жасайды, ол ақпараттық жүйелерді ықпалдастырудың көмегімен толығады, осылайша әрбір студенттің мәртебесі бойынша өзекті мәліметтерді әрдайым көруге мүмкіндік береді. Ғылым саласында барлық ғылыми гранттарға өтінім беру, есептер қабылдау, мақалаларды есепке алу, электронды мекен-жайлар базасы цифрландырылды. Екінші бағыт – цифрлық білім беру контенті бойынша мектептер үшін үш тілде бейнефильмдер мен интерактивті сабақтар енгізілді, олар оқытушыға сабақты әлдеқайда жоғары деңгейде жүргізуге көмектеседі. Аталған цифрлық ресурстар онлайн және офлайн режимдерде қолжетімді, яғни оқытушы – пәнді жүргізуші дайын бейнематериалды алып, оны сабақ барысында оқу материалын түсіндіру немесе бекіту үшін пайдаланады. Үшінші бағыт – білім беруді басқаруды цифрландыру – басқарудың бірыңғай жүйесін құруды қарастырады, оған барлық білім берудің мәліметтер базалары негізінде Big Data құру енгізіледі.

Қазақстанда білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақтың көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтты білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтып отырмыз. Үй тапсырмаларын оқушылар онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Кітапханалар ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. [2]

Білім беру үрдісінде цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі - ЦБР) қолданудың негізгі әдістері:

Біріншіден, ЦБР-ды пайдаланудың ең танымал түрі, ол – электрондық құралды жаңа материалды түсіндіргенде қолдану. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар пайдаланған дұрыс.

Екіншіден, студенттің өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған ЦБР-дағы үлкен мүмкіндіктерді пайдалану әдісін атауға болады. Мұндай әрекет үй тапсырмасын, сынақ және т.б. даярлауда орындалуы мүмкін. Бұл жағдайда оқу комплексінің барлық материалдары: анимация, бейне, дыбыстық сүйемелдеу, интерактивті компоненттер, суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және қарапайым мәтіндер де пайдалы болуы мүмкін.

Үшіншіден, ЦБР-ды әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды) ұйымдастыруға қолдану әдісін атауға болады. Мұндағы бақылау-диагностикасы оқушылардың компьютерлік тестіленуі жайлы.

Төртіншіден, мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР-ды нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс. Бұл сақталған ресурстардың қорын жасап, оларды бір жүйеге келтіріп, оқушыға да, мұғалімге де тақырып бойынша қажетті ресурсты жылдам іздестіруге көмектеседі. Сөйтіп, білім беру мекемесінде қарастырылатын проблема бойынша сақтаулы тұрған ЦБР, қағазда тасымалданатын ресурстар және Internet желісіндегі сайттарға сілтемелер жайлы берілгендер банкі де құрылуы мүмкін.

Бесіншіден, ЦБР-ды лабораториялық жұмыстарды орындау кезінде және көптеген курстарда қарастырылатын әртүрлі топтық іс-әрекеттерде қолдану әдісін атауға болады.

Алтыншыдан, студенттерге оқытушының қатысуынсыз өздеріне ығайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру әдісін айтуға болады. Бұл әдіс үйде оқитын немесе жолсапарда жүрген балаларға өте тиімді. [3]

Цифрлік оқытудағы инновациялар техникалық инновацияларды емес, сонымен қатар ұйымдық принциптерінде білім беру курстарының мазмұны мен ұйымдастырылуының

өзгеруін білдіреді. Сәтті цифрлау үшін оқу материалдарын цифрлық формаға аудару жеткіліксіз. Жаңа медианы қолдану оқытудың әрі қарай дамуының бастапқы шарты болып табылады, оны бағалау критерийі – білім алушы үшін пайдалы болуы. Оқу курстарының мазмұны мен құрылуындағы инновациялар, колледждерде, жоғары оқу орындарында ұйымдастырушылық және құрылымдық өзгерістер студенттерге нақты пайда әкелуі керек. Оқудың жобалық тәсілі, білім беру бағдарламаларын инновациялық жаңғырту, әрбір студентті өз жобаларын құруға тарту, стартап-қозғалысты дамыту – осы барлық міндеттер колледждер үшін де, жоғары оқу орындары үшін де қолайлы болып табылады. Инновациялық зертханалардың кеңеюі және қосымша интеллектуалдық орталықтар құрылуы, бұл алаңдар студенттік жобалардың үйлестіруші және ынталандырушы негізі болып табылады. Бұдан басқа, адами капиталдың сапасы негізі болып табылатын кәсіпкерлік және инновациялық қызмет үшін орталар дамып келеді. Және бұл инновациялық экономикадағы тарихи міндеттерді жүзеге асырудың жалғыз мысалдары. Осылайша, Мемлекет басшысының Жолдауында колледждер, ақпараттық жоғары оқу орындары жұмысын одан әрі жетілдірудің нақты алгоритмі ретінде қабылдайды. [4]

Тәжірибе көрсеткендей, белгілі бір құзыреттілікті қалыптастыру білім алушылардың мақсаттарына және жас ерекшеліктеріне сәйкес білім берудің әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асады. Соңғы уақытта жеке тапсырмалардан бастап тағайындалған құзыреттерді қалыптастыру үшін толық курстар мен модульдерге дейін ашық жалпы білім беру, жалпы дамудың онлайн-ресурстарын құру және пайдалану үдерісі белсенді түрде жүргізілуде. Онлайн курстардың бірыңғай платформасы студенттерге ақпараттық ағындарға жылдам бейімделуге, ақпаратты бағалауға, ерекше жағдайларда шешімдер қабылдауға, бір сөзбен айтқанда, ХХІ ғасырдағы дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Талдаушылардың айтуынша, халық өмірінің әлеуметтік парадигмасын қайта цифрландыру, ол адамдардың ой өрісін кеңейтуге, жаңа білім алу мүмкіндігін ашады. Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі - желілік қызмет, әлеуметтік желілерді білім беру ресурстары ретінде пайдалану және шалғай шеберлік сабақтарын өткізу, тренингтер. Желілік технологияларды қолданумен цифрлы білім берудің типтік ерекшеліктері - бұл икемділік, ұтқырлық, өндіріс қабілеттілігі, диалогтық және интерактивтілік, медиа ағындарды қабылдауға бағдарлау. Осының барлығы сандық экономикадағы құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. [5]

Қорыта келе, цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, студенттерге, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Қазақ жастары халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Цифрландыру – Қазақстанның озық ел атану жолындағы басты құралы.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Электрондық оқыту ортасында педагогтардың құзырлылығын қалыптастыру» Ахметова Г.К., Мұхамбетжанова С.Т. Алматы, 2012
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы.
3. Жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білімдік ресурстарды дайындау стандарты [www.nci.kz]
4. АҚ «Білім беруді ақпараттандырудың ұлттық орталығы» [www.nci.kz] Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институт [www.ripkso.kz]
5. Қадірбаева Р.І. Жаңа ақпараттық-білім технологиясын пайдаланып оқытудың ерекшеліктері //Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. -Шымкент-Москва, 2009.

ІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢАША ОҚЫТУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Акишева Заурет Исаевна

БҚОӘББ «Жоғары аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК

БҚО, Орал қаласы.

Бағыты: Заманауи білім беру: жаңа уақыт – жаңа көзқарас.

«Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», - деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер жас ұрпақтың болашағының жарқын болуына бірден-бір кепіл. Білім жайында жер бетіндегі ақын жазушылардың бәрі де қалам тербеді. Нақыл, қанатты, ұлағатты ой айтып, бізге құнды мұра етіп қалдырды. Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге үйрету – біз ұстаздардың басты міндетінің болуымен қатар, оларға үлкен жауапкершілікті еселейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - өскелен ұрпақты оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту болып табылады. XXI ғасыр - жаңа технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру үрдісінде жаңа технологияларды тиімді қолдану заман талабы. Әсіресе қазақ тілі мен қазақ әдебиетін үйренуде мұның пайдасы өте зор. Себебі адамдар бүкіл бір ұлттың мәдениеті мен әлеуметін тіл үйрену арқылы үйренеді. Яғни, көрсетілген міндеттерді ескере отырып, біз заманауи оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін, басқалармен пікір бөлісетін білімді, адамгершілігі мол, ұлтжаңды, ұрпақты тәрбиелейміз.

Өскелен ұрпақты қызықтыра тәрбиелеп білім беру, студенттің ғылымға, білімге деген құлшынысын оятады, әрі қарай дамуына өте қажет шығармашыл қасиеттерін ашады. Білімнің сапалы болуы тікелей біз ұстаздарға, оның білім дәрежесі мен іздену, талпыну шеберлігіне байланысты. Педагогикалық технология дегеніміз - біз педагогтардың өзін-өзі ұстай білуіміз, алғырлығымыз, сөзге шеберлігіміз, байқағыштығымыз жатады. Білім беру жүйесін жобалау, жоспарлау, мақсатын анықтау мүмкіндіктері ескерілуі керек.

Ұстаз қалай білім беру жүйесін ұйымдастырса, солай ұйымдастырушылық процесстің барысы өтіледі. Ең бастысы берілген сабақты дұрыс заман талабына сай жоспарлап алу қажет деп есептейміз. Білім беру үрдісін жаңаша ұйымдастыру біз ұстаздардың және балалардың өзін-өзі жетік дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылығының өздігінен артуына септігін тигізеді. Мұндай жаңа технологияларды пайдаланып оқыту барысында ұстазға қойылатын негізгі талап баланың берген жауабын түзету, берілген тапсырманы оңай орындау жолдарын көрсету, балаға өз ойын емін-еркін толық жеткізуді үйрету болып табылады. Өз ойын қысылмастан айтуға мүмкіндік беру, оған пікір еркіндігін сездіру баланың сол сәтке деген қызығушылығын арттырады. Студент өз мақсатын айқындай отырып, проблеманы шешуге әрекеттенеді, білімді жете меңгеру үшін өзінің барлық іскерлігін пайдаланады.

Қазақстан Республикасының азаматы елінің ертеңгі болашағы қандай болатынына жауапты. Өзі өмір сүріп отырған қоғамды әрі қарай дамыту оның міндеті және парызы. Олай болса, әрбір жас ұрпақтың өз Отанының тарихын, мәдениетін, әдебиетін білуі аса маңызды. Менің тәжірибе барысында үйренгенім: дәстүрлі сабақта баланың ойлау мүмкіндігі шектеулі болатын. Дәстүрлі сабағымда оқушыларымды жиынтықты бағалап, дайын тапсырма бойынша дайындайтынмын. Тек нақты сұрақтар қойылып, нақты жауап айтатын. Ал жаңа бағдарламаның жеті модулінің сабақтарға кіріктіру барысында мынандай нәтижелерге жеттім: Бала сын тұрғысынан ойлауды үйренді. Оқушының сабаққа деген ынтасы артты. Топпен жұмыс жасауды үйренді. АКТ-ны пайдалану арқылы білімін жетілдіреді Өзін - өзі бағалай алу арқылы қай деңгейде екенін біледі. Менің сабағымда не өзгерді? Сын тұрғысынан ойлауды үйрене отырып, студенттер өзін - өзі реттеп, топпен жұмыс жасай білді. Білім берудегі және білім алудағы жаңа тәсілдерді меңгерді. Талантты және дарынды

оқушыларды зерттеу барысында деңгейлік тапсырмалармен жұмыс жасадым. Студенттердің қабілетін зерттей отырып, көшбасшылық танытқан білім алушыны анықтадым. Алған білімдерін өзіне бағалатуды үйреттім. Сабақтар барысында әріптестер тарапынан қызығушылық танытып жаңа әдісті түсіндіруіме тілек білдіргендер де болды. Әр сабағыма қатысып көргеннен кейін өзіндік ой-пікірлерімен бөлісті. Олардың айтуынша сабақтың барысында диалогтің жақсы орын алатындығы, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына, өз бетінше ізденуіне жаңа әдіс жол ашады деп өз пікірлерін білдірді. Мұндай пікірлерден кейін әріптестер жаңашыл бастаманы құптап қолдау көрсететіндеріне менде сенімді болдым. Осыған орай мен, өз ойымды басқалармен бөлісуді жөн көрдім. Өз әс-тәжірибемнен бір сабақ жоспарымды ұсынғым келеді:

Пән: Қазақ әдебиеті. **Тақырыбы:** Қадір Мырза Әли. «Қызыл кітап» поэмасы.

Оқыту мақсаты:

Көркем шығарманың тілдік ерекшелігіне талдау жасау, өзіндік пікірлер арқылы салыстыру

Сабақ мақсаты: (тәрбиелік мақсаты)(құндылықтарды игерту).

Жалпы адамзаттық құндылықтар:

- адамгершілік, мейірімділік, заман тыныштығы.

« Мәңгілік Елдің » мызғымас Жеті тұғырын нығайту, оны ұрпақтан - ұрпаққа аманат ету құндылығы; өз туған жеріне деген сүйіспеншілік, қоршаған ортаны қорғау және оған аялы көзқарас қалыптастыру

Бағалау критерийлері:

- 1) Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтайды;
- 2) Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдайды.
- 3) Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалайды.

1.1 Оқу сабақтары барысында білім алушылар игеретін кәсіби біліктердің тізбесі

2. Блум таксономиясы: Білу; Түсіну; Қолдану; Талдау.

Бағалау: Шығармадан алған тәрбиелік танымды өмірмен салыстырып көріңіз.

3. Сабақты жабдықтау. 3.1 Оқу-әдістемелік құрал-жабдықтар, анықтамалық әдебиеттер: Слайдтар, қосымша-дидактикалық материалдар, оқулық әдебиеттер, бейнероликтер, аудио, видео құрылғылар.

3.2 Техникалық құралдар, материалдар, сілтемелер, ресурстар:

Презентация. <https://youtu.be/ODEC3d6AM-E> Қадір Мырза Әли - Қызыл кітап

<https://www.youtube.com/watch?v=V8qSxEA3E5Y> **Қызыл кітап дегеніміз не?** <https://bilim-all.kz/olen/9481-Ouzyl-kitap> «Қызыл кітап» поэмасы

4. Сабақтың барысы
Сабақтың басы (35 мин)

Амандасу. Түгендеу. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру:

Білу; Түсіну.

Үйге берілген тапсырмаларды сұрау, тексеру.

а)

Үйге берілген тапсырмалар сұралады. «Ыстық орындық» әдісі бойынша сұрақ-жауап арқылы студенттер жауап береді.

Қызығушылықты ояту

Сабақтың тақырыбы, мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады.

Жаңа сабаққа дайындық.

Ширату кезеңі: «Көңілді гүл» әдісі бойынша студенттер шеңбер құрып, дөңгелене тұрып, бір-біріне жылы-жылы тілектер айтады.

Сабақтың ортасы: (40 мин) **Қолдану; Талдау.**

Тапсырма 1.

ББҮ кестесінің «білемін» бағанына Қ. Мырзалиев туралы не білетіндерін, «білгім келеді» бағанына не білгісі келетіндерін жазады.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Мағынаны тану кезеңі. Тек бір минут.

Жұптарда оқушылар «Тек бір минут» тәсілі арқылы шығарманың мазмұны мен жазылу себебіне өз ойларын айтып, пікір алмасады

<https://www.youtube.com/watch?v=V8qSxE3E5Y>

Тапсырма 2. Нақтылау сұрақтары: Оқушылар «Қызыл кітап дегеніміз не?» тақырыбында бейнематериалдан үзінділерді қарайды. Мысалы:

1. Не себепті қызыл кітаптың түсі қызыл?
2. Қазақстанның қызыл кітабына қандай жануарлар енген?
3. Аңдар мен құстардың жойылуына қандай себептер бар?
4. Сенің ойыңша қай елде браконьерлерге қатысты қатаң жаза қолданылады?

Тапсырма 3. Шығармашылық жоба. Браконьерлермен күресті қалай жүргізуге болады. Жұпта ойланып, шағын жоба ұсынып көр.

Жобаның атауы:	
Жобаның мақсаты:	
Атқарылатын іс-шаралар: (шараларды қадамдар арқылы көрсетіңіз.)	

Дескрипторлар:

- Сұрақ мазмұнын түсінеді;
- Сұраққа нақты жауап береді.
- Жоба ұсынады.

Тапсырма 4.

Тапсырманы көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып орындаңыз (теңеу, эпитет, фразеологизмдер т.б). I топ:

Жазушының адам мен табиғат арасындағы байланысты суреттеудегі айтқысы келген ойы	Сенің пікірің

II, III топ:

Кейіпкер	Автор толғанысы	Түйін (өз көзқарасың)

Тапсырма 5.

<https://youtu.be/ODEC3d6AM-E>Қадір Мырза Әли - Қызыл кітап

Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалаңыздар, салыстырмалы түрде«Венн диаграммасын» толтырыңыздар.

Дескриптор:

- Берілген тапсырманы топта бірлікте жасайды;
- көркемдегіш құралдарды пайдаланады;
- Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалайды, салыстырмалы түрде«Венн диаграммасын» толтырады.

Тапсырма 6.

Оқушылар ««Қызыл кітап» поэмасын оқи отырып, *Табыс* кестесін толтырады.

Жеке орындалатын жұмыс. Дәптерлеріне жазады. Жұпта тексереді.

№	Түсінемін	Анықтаймын	Байланыстырамын	Ықпал етемін	Сенемін
1					

«Түсінемін» бөліміне оқушы не түсінгенін, «Анықтаймын» бөліміне нені түсінбегенін, яғни талқылауды, толықтыруды қажет ететін өзі үшін жаңа мәліметті жазады, «Байланыстырамын» бөлімінде өмірден мысал келтіреді, «Ықпал етемін» бөлімінде осы өлеңдегі ойды не жақтайды, не даттайды, демек, я жаңғыртуға ықпал ететінін, я маңызды емес деп тапса, қолданғысы келмейтінін жазады, «Сенемін» бөлімінде дегенмен осы өлеңнің артықшылығын, келешектегі жайы туралы болжайды. Оқушылар өлеңді оқи отырып, ақын қозғаған мәселелердің өміршендігін, өлеңге қатысты көзқарасын қазіргі кезеңмен салыстырмалы түрде жазуы тиіс.

Дескриптор:

- 1.Өлеңнің мазмұнын, автор ойын түсінеді;
- 2.Өлеңдегі қажетті, қажетсіз ақпаратты анықтайды;
- 3.Өмірден мысалдар келтіреді;
- 4.Автор ойына сын-пікір келтіре алады.

Бекіту сұрақтары:

1. Әңгімеде қандай кезең суреттелген?
2. Жазушының негізі айтар ойы, көтерген мәселесі не?
3. Әңгіме өзіңе қандай ой салды? Алған әсерің қандай?
4. Бүгінгі сабақ сізге қандай сезім сыйлады?

Рефлексия

БІЛІМ ҚОРЖЫНЫ



Үй тапсырмасы: (5 мин)

Қ.Мырза-Әли «Қызыл кітап» поэмасы. [8] 185-190 беттер, 191 бет, 2,3,4-т.

Қорыта келгенде, кез-келген педагогикалық технология жоспарлау негізде қаралады. Сондықтан, бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан заманауи технологияларды реттеу, жүйелеу және жаңарту қажет. Білім беру жүйесіндегі заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы оқу құралдарын оқытуды, біртұтастылықпен үздіксіз жүргізу, білім беру және тәрбиелеу үрдісінде оқытуда пәнаралық байланыстардың болуын қарастыру.

Күнделікті жас ұрпаққа білім беру біз үшін үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол сонымен қатар жаңадан заманауи алтын қазынаны табатын өнер көзі екендігіне көзіміз жетті. Болашақта өркениетті ел қатарына қосылатын болсақ, отан сүйгіш, өз өлкесін, туған жерін сүйе білетін, ұлтжанды, патриоттық сезімдерге бай, жан-жақты білімді, дені сау ұрпақ тәрбиелеуде еш уақытта естен шығармауымыз керек. Себебі еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында. Еліміздің болашақ жастарына заман талабына сай білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Осы талапты орындау мақсатында біз ұстаздарға жүктелер міндет орасан зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // Алматы - 2006ж. 4-5 бет.
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі - сапалы білім // Қазақстан мектебі № 4. 2008ж.
3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Қазақстан мұғалімі. — 1999. — 23 шілде. — 2-5-б.
5. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы - педагогикалық технология көзі // Алматы 2001 - 75 б.
6. Нұржамал Үсенова, «Білім туралы нақыл сөздер жинағы».
7. Орда.Г, Дәрібаев.С, Сатылова.А «Қазақ әдебиеті» әдістемелік нұсқау 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт Алматы. «Мектеп» 2020 жыл
8. Орда.Г, Дәрібаев.С, Сатылова.А «Қазақ әдебиеті» Хрестоматия 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт Алматы. «Мектеп» 2020 жыл
9. А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Ж.Н.Нұрлыбаева. Қазақ әдебиеті: оқулық+Үнтаспа 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт. – Алматы: Атамұра, 2020

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Хожбанова Айгул Турсынбаевна

Х. Өзбекғалиев атындағы жоғары политехникалық колледжі
Ақтау қаласы

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс.

Инновациялық білім беру технологияларының басты мақсаты – адамды үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайындау. Алынған ақпаратты өз бетінше шарлау қабілеттерін дамыту, шығармашылық дәстүрден тыс ойлауды қалыптастыру, балалардың табиғи қабілеттерін барынша ашу арқылы дамыту инновациялық қызметтің негізгі мақсаты болып табылады. Қазіргі уақытта көптеген инновациялық технологиялар бар. Қазіргі білім беру технологияларына мыналар жатады:

- дамыта оқыту;
- проблемалық оқыту;
- көп деңгейлі оқыту;
- тәрбиенің ұжымдық жүйесі;
- есептерді шешу технологиясы;
- оқыту әдістерін зерттеу;
- жобаны оқыту әдістері;
- модульдік оқыту технологиялары;
- білім берудің лекция-семинар-тест жүйесі;
- оқытуда ойын технологияларын қолдану (рөлдік, іскерлік және басқа да оқу ойындарының түрлері);
- ынтымақтаса оқыту (топтық, топтық жұмыс);
- электронды-интерактивті оқыту;
- қашықтан оқу;
- сыни тұрғыдан ойлауды дамыту;
- денсаулық сақтау технологиялары.

Солардың кейбіріне тоқталайық. Модульдік оқытудың мәні оқу мақсаттарын, тапсырмаларды көрсететін оқу материалын, осы тапсырмаларды орындау бойынша ұсыныстарды біріктіретін модуль бойынша жұмыс істеу барысында оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің мақсатына өз бетінше жетуінде. Модульдік сабақ студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне, қарым-қатынас жасауына және бір-біріне көмектесуіне, өзінің және досының жұмысын бағалауға мүмкіндік береді. Модульдік оқытуда мұғалімнің рөлі оқушылардың жұмысын басқаруға дейін төмендейді. Осындай жұмысты ұйымдастыру арқылы ол әр оқушымен дерлік тіл табысып, әлсіздерге көмектесіп, күшті оқушыларды жігерлендіреді. Модульдік-технологиялық оқыту жаңа материалды меңгеру деңгейін анықтауға және оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жылдам анықтауға мүмкіндік береді.

Модульдік технологияны оқу үрдісіне енгізудің негізгі мотивтері – оқу нәтижесіне жету, жұпта, топта жұмыс істей білу, білім деңгейін таңдай білу, жеке қарқынмен жұмыс істей білу, процесте бақылау. білім беру мазмұнын меңгеру.

Модуль құрудағы ең маңыздысы – білім игерудің: қабылдау, түсіну, түсіну, есте сақтау, қолдану, жалпылау, жүйелеу кезеңдерінің логикасында оқушының іс-әрекетін құрылымдау.

Е – интерактивті оқыту – бұл желілік технологиялар ресми және бейресми нұсқауларды, қолдау мен бағалауды беру үшін қолданылатын білім беру технологиясы. Тренинг барысында студенттер сыни тұрғыдан ойлауға, жағдайлар мен өзекті ақпаратты талдауға негізделген күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді таразылауға, ойластырылған шешім қабылдауға, пікірталасқа қатысуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Ол үшін сабақтарда жеке, жұптық, топтық жұмыстар, зерттеу жобалары, рөлдік ойындар, құжаттармен және әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс, шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылады. Технология үшін мультимедиялық, интерактивті, мобильді, сымсыз сыныптар өзекті болып табылады.

Электрондық интерактивті оқытудың негізгі құралдары мен әдістері:

- интерактивті ресурстар мен материалдар;
- нақты уақыт режимінде талқылаулар;
- чаттар және бейне чаттар;
- электрондық пошта;
- бейнеконференция;
- бейнеконсультациялар және бағдарламалық қосымшаларды ортақ пайдалану.

Электрондық оқу құралдары:

- веб-конференциялар;
- онлайн семинар;
- вебинар.

Оқытудың электронды интерактивті түрлерінің артықшылықтары:

- Оқушылар жаңа материалды енжар тыңдаушы ретінде емес, оқу процесінің белсенді қатысушылары ретінде меңгереді;
- Аудиториялық жүктеменің үлесі азайып, өзіндік жұмыс көлемі артады;
- Студенттер заманауи техникалық құралдар мен ақпаратты өңдеу технологиялары бойынша дағдыларды меңгереді;
- Ақпаратты өз бетінше табу және сенімділік деңгейін анықтау қабілеті дамиды;
- Студенттер білім беру ресурстары мен бағдарламаларына желідегі кез келген компьютерден қосыла алады;

Проблемалық оқытуды ұйымдастыру оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің ізденіс принципіне негізделген. Мұғалімнің іс-әрекеті қажет болған жағдайда аса күрделі ұғымдардың мазмұнына түсініктеме беруінен, жүйелі түрде проблемалық жағдаяттар туғызуынан, оқушыларды фактілермен хабардар етуінен және олардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудан тұрады. , фактілерді талдау негізінде студенттер өз бетінше қорытынды жасайды және жалпылайды.

Қашықтықтан оқыту – оқытушы мен студенттің жанама немесе толық емес делдалдық әрекеттесуімен ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтықтан білім алуға мүмкіндік беретін технологиялардың көмегімен оқыту. Қашықтықтан оқыту көбінесе интернет арқылы жүзеге асырылады.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:

- ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде және қарқынмен оқу мүмкіндігі;
- пәнді меңгеру үшін реттелмеген уақыт кезеңі;
- оқу үдерісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін пайдалану;
- білім алушының тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, материалдық қамтамасыз етілуіне қарамастан білім алуға тең мүмкіндіктер.

Қашықтықтан оқыту екі режимде жүзеге асырылуы мүмкін. Асинхронды оқыту режимі: Мұғалім мен студенттер курсқа әр түрлі уақытта қосылады. Асинхронды оқыту құралдары: электронды тесттер, форум, файлдармен алмасу, электронды оқулықтарды оқу. Синхронды оқыту режимі білім беру процесіне қатысушылардың білім беру қызметтеріне бір мезгілде қосылуын білдіреді. Синхронды оқыту құралдарына чат, бейнеконференция жатады.

Қашықтықтан технологиялар мұғалімге оқушыларға тапсырмалардың әртүрлі түрлерін әзірлеуге және құруға мүмкіндік береді. Студенттер орындалған тапсырмаларды оқытушының қарауына кез келген нысанда бере алады: эссе, кесте, реферат, презентация, аудио, бейне файлдар және т.б. Ең кең таралғаны қашықтан оқыту моделі болып табылады, онда білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы білім беру байланысы асинхронды түрде, кәдімгі немесе электрондық пошта арқылы немесе веб-сайт арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін инновациялық технологияларды қолданудың кейбір жалпы тәсілдері бар. Студенттердің негізгі білім мен дағдыларды меңгеру жүйесін жетілдіру, теориялық және өнімді ойлауын, оқушылардың танымдық қабілеттерін белсендіру, сыни көзқарасты дамыту. Оқу процесінде ойлау, белгілі бір мәселені шешуде оқушылардың ынтымақтастығын ұйымдастыру, оқу-ізденіс әрекеттерін ұйымдастыру, оқу процесінде компьютерлік технологияларды қолдану, оқушыларды әртүрлі қарқынмен оқыту және әртүрлі білім көлемін меңгеру. Сабақта инновациялық технологияларды жүйелі қолдану білімнің сапалы жаңа деңгейіне жетуге, дербестік, шығармашылық, өз іс-әрекетінің нәтижесіне жауапкершілікпен сипатталатын жаңа ойлау стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кларин М. В. Сыни және шығармашылық ойлауды дамыту. 2004 ж
2. Заир-Бек С. Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту: сатылар мен әдістер, тәсілдер. 2005ж
3. Парышев Ю. В. Оқу процесін оңтайландыру шарты ретінде сараланған оқыту, Санкт-Петербург, 2004 ж.
4. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015
5. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Рахимғалиев Бейбітжан Килянбекович

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, аға оқытушы,
Орал қаласы

Рахимғалиева Динара Кабуловна

Жоғары инженерлік-технологиялық колледжі, бірінші санатты экономикалық пәндер оқытушысы,
Орал қаласы

«Геймификация – оқу процесінде қолданылып жүрген жаңа әдіс, сондықтан ол жеткіліксіз зерделенген, сонымен бірге кең білім беру әлеуетіне ие. Ол адам өмірінің әртүрлі салаларына қатысуы мүмкін, бірақ соңғы онжылдықта сабақ өткізудің ең перспективалы инновациялық тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады.

Геймификация сөзін ағылшын тілінен аударғанда ағыл. game – ойын түрлі жағдайларға қатысты ойын элементтерін қолдану. Геймификация – бұл ойын емес контексте ойын элементтері мен ойын принциптерін қолдану. Ойын техникалардың пайдалана отырып адамның іс-әрекетін өзгерту техникасы.

Геймификация әдісі мынадай салаларда қолданылады.
-Фирмаларға арналған геймификация

- Білім беру саласындағы геймификация
- Әлеметтік салаларда
- Маркетингтегі геймификация.

Білім беруде геймификация әдісі тақырыпты түсіндіру, студенттің сабақты меңгеріп кетуіне оң жағдай туғызады. Соның ішінде студенттер өтіп жатқан сабақты меңгеруден бөлек, есте сақтауына үлкен мүмкіндік. Ойын арқылы студенттің күтпеген әрекеті ашылады, эмоция туғызу арқылы сабақты меңгеру қызықты әрі студенттер арасында достық қарым-қатынастың нығайуына да әсер етеді.

Оқытушы сабақ кезінде геймификация әдісін төмендегі сатылар арқылы бастауы тиіс:

- Мақсатты анықтау
- Ережелерді ойлап табу
- Оқушылар арасында рольдерді бөліңіз
- Сюджет жасау.

Оқытушы сабағында геймификация әдісін қолдану барысында төмендегі қателікке әкелетін жағдайларды ескеру керек:

- Бақталастық пен жарысқа қатты мән беру
- Марапатты тым көбейту
- Ойынға қатты берілу
- Ойын механикасындағы ақаулар.

Белгілі бір өндірістік жағдайларға қатысуды модельдеуде ойын әрекеті студенттерді ойлауға, алған білімдерін біріктіруге, шындыққа жақын белсенді оқу-ізденіс жұмыстарына итермелейді. Осылайша, бизнес-ойындарын қолдану теориялық және практикалық ережелердің зерттеу тәсілдемесін меңгеруді қалыптастыруға ықпал етеді. Іскерлік ойынға қатысушылардың ойын рөліне байланысты әртүрлі қызығушылықтары туындайды. Мысалы, біреуі бөлім маманы, ал екіншісі – бас директор. Келесі іскерлік ойында біреуі несие беруші, екіншісі несие алушы және т.б. рөлінде әрекет етеді, нәтижесінде қатысушылардың әрқайсысы бірдей іскерлік мәселелерді өзінің жеке позициясынан шешеді.

Сонымен бірге, адамдардың тұрмыстық іс-әрекетті алдын-ала анықтайтын объективті экономикалық заңдылықтардың әсерінен олар бір шешімге келіп, мәмілеге келуге мәжбүр. Мұның бәрі экономикалық пәндерді оқытудың кез-келген басқа әдістемелерге қарағанда студенттерге экономикалық өзгерістердің мәнін түсінуге көмектеседі, тұрмыстық іс-әрекеттің оңтайлы экономикалық нұсқасын таңдауға бағытталған практикалық әрекеттерді жасауға ықпал етеді.

Ойындардың ұзақтығы әртүрлі: кейбіреулері бүкіл сабақ бойы созылады, ал, енді кейбіреулері бес минуттан да аспайды, сондықтан оқытушы оларды өз қалауы бойынша сабаққа ойын әрекетін ендіре алады немесе топтың дайындығына және студенттердің санына байланысты ойын жүргізушіні, ойынның орны мен уақытын таңдауға немесе студенттерге өз еркімен ойнауды ұсына алады. Мақсаты: сергіту жаттығуы. Студенттер арасында ойлау мен зейінді дамыту үшін қолдануға болады.

Сабақ материалын бекіту үшін бизнес-ойын өткізу қажет болған жағдайда төменде келтірілген бизнес ойындарын пайдалануға болады.

«Сәлеметсіз бе!» жаттығуы

Студенттер кезек-кезек бас бармақ саусағынан бастап, көршісінің сондай қол сау- сақтарына тигізіп, келесіні айтады:

- Саған әрқашан (бас бармағыңызды тигізіңіз);
- барлық жерде (сұқ саусақ);
- үлкен (ортаңғы саусақ);
- табыс (аты жоқ саусақ);
- тілеймін (кішкентай саусақ); Сәлеметсіз бе! (бүкіл алақанмен жанасу)

«Идеялар матрицасы» ойыны. Ойын ережесі

1.Топтарға бөлініңіздер

1. Тренерден қарапайым әрі үйреншікті заттардың атауы көрсетілген екі карточканы аласыз.

2. Бес минут ішінде әрбір командаға сабақта осы карточкалардың мазмұнына негізделген бизнес идеяны ойлап табу керек және брейнштурмды (ми шабуылын) аяқтағаннан кейін оны топқа таныстыру қажет.
 3. Тренер сіздің идеяңыздың критерияларын нақтылау бойынша тағы екі раунды өткізеді.
 4. Соңғы презентация нәтижесі бойынша ең көп дауысын жинаған команда жеңіске жетеді.
- «Көңілді есеп» жаттығуы*

Бұл жаттығуды жүргізу үшін әр командаға 0-ден 9-ға дейінгі сандар жазылған карточкалар жиынтығы алдын-ала дайындалады. Топ 2 командаға бөлінеді. Командалар жүргізушіге қарама-қарсы қатарға тұрады, олардың алдына екі орындық қойылады. Әр ойыншы сандардың бірі жазылған карта алады. Командалар үшін жүргізуші мысалды оқығаннан кейін, нәтижені құрайтын сандары бар ойыншылар жетекшіге қарай жүгіреді және жауапты оқи алатындай орындықтарға отырады. Мысал: 16+5 болды делік. 2 және 1 сандары жазылған карточкалары бар қатысушылар жүргізушінің жанындағы орындықтарға отыруы керек, өйткені 16 және 5 қосындысы 21-ге тең. Мұны тез және дұрыс жасаған команда ұпай жинайды. Есеп бес ұпайға дейін барады.

«Команда қалыптастыру» ойыны

Мақсаты: команданы қалыптастыруды және команда мүшелерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауды үйрену.

Қатысушылар саны: 7-9 адамнан құралған командалар.

Ресурстар: ойыншылар санына қарай толтыруға арналған кестелер үлгісі

Ойын ережесі: сынып 7-9 адамнан тұратын топтарға бөлінеді.

Бос орынға үміткерлердің барлығы шеңбер жасап отырады. Командаларда жұмыс берушіні (жобаның негізін қалаушыны) таңдайды, оған карточкада оның атқаратын міндеті сипатталады: әрбір үміткерден өзін таныстыруды, өзі туралы әңгімелеуді және бос жұмыс орны несімен ұнайтынын (кез келген жұмыс орнын жүргізушінің өзі таңдайды), осы лауазымда және осы компанияда неге жұмыс істегісі келетінін түсіндіруді сұраңыз. Уақыты 2-3 - минут. Жүргізуші қатысушыларды таныстырмас бұрын жоба негізін қалаушыдан (жұмыс берушіден) мұқият қадағалап парақтағы әрбір үміткердің тұсына белгі салуды сұрайды, себебі бұл қатысушыларды бөлу кезінде пайдалы болады. Одан әрі компанияның иесі былай дейді: «Енді сіздің әрқайсыңыз бланкідегі кестенің сол бағанында басшы/менеджер/бухгалтер/дизайнер және т.с.с. жұмысына қажетті 5-7 жеке тұлғалық қасиеттерін жазуы тиіс». Барлығы 2-3 минут жазады. «Енді оң жақ бағанада сіздердің барлықтарыңыз ортақ пікірге келіп, барлық топ келісетін жеке тұлғалық қасиеттерді жазуыңыз керек. Дауыс беруге тыйым салынады, яғни барлығыңыз ортақ келісімге келуіңіз керек». Әрі қарай компания иесі «осылай болсын...» деп кім айтатынын, кімді тыңдайтынын (көшбасшылық) қадағалау керек. Талқылау 7-8 минутқа созылады. Содан кейін компанияның негізін қалаушы: «Біреуіңіз шығып, барлығыңыз бірге жасаған қасиеттердің тізімін оқып шығыңыз», - дейді де, кім жауапкершілікті алып ортаға шыққанын бақылайды. «Ал енді әркім сіз бірге жасаған қасиеттердің контекстінде өзіңіз туралы айтып беріңізші, мысалы: «мен жауапты адаммын, өйткені..., бұл мынадан көрінеді..., оған мысал ретінде... келтірсем болады.». Компанияның негізін қалаушы кім сенімді айтып отырғандығын байқауға тиіс. Әдетте, егер қандай да бір қасиет әлсіз ашылған болса, кандидатқа ештеңе айтудың қажеті жоқ, ол мысалдар да келтіре алмайды.

Үміткерлердің сөздерін тыңдап, компанияның негізін қалаушы (егер уақыт мүмкіндік берсе) келесі мәселені шешуді ұсына алады: «1,5 күн ішінде 1,5 тауық 1,5 жұмыртқа туды. 3 күн ішінде 3 тауық қанша жұмыртқа туады» (Жауабы: 6-ға тең). Шешімге 3-4 минут беріледі. Содан кейін әрқайсысы кезек бойынша өз жауабын айту керек. Жауаптар әртүрлі болады: 3, 6, 9, шешім жоқ. «Есеп таза математикалық болғандықтан, оның бір ғана дұрыс шешімі болады. Сіз 5 минут ішінде ортақ пікірге келу керек», - деп айтуыңыз керек. Егер ортақ шешімге келмесе (бәрі өз пікірінде қалса), онда жауабы 6-ға тең деп айтыңыз. «Енді 6 деген жауабы барлар, басқа жауаптары бар адамдарға қалайша 6 шығатынын түсіндіреді». Қатысушылардың түсініктемелері мен реакцияларын қадағалап және үміткерлердің бос

жұмыс орнына кім келетіні туралы дәлелді қорытынды жасау керек. Әр адамға бос жұмыс орнына неге бас тартылғанын немесе келісімнің берілгенін түсіндіру керек.

Ойынның қатысушыларынан ойын кезінде өз эмоцияларын айтып, қандай қорытынды жасағандарын сұраңыз. Жұмыс беруші қандай қорытынды жасады? Ол үміткерлерді іріктеу кезінде не нәрсеге назар аударатын болады? Қатысушыларға ойын несімен пайдалы болды?

«Компанияның ұйымдық құрылымын модельдеу» ойыны

Мақсаты: ағымдағы ұйымдық құрылым мен бөлімшелер арасындағы өзара іс-әрекет процестерін бірлесіп ұғыну. Ұйымның қалай жұмыс істейтінін жалпы түсіну және жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

Ойын ережесі: қатысушылардың әр тобының міндеті – кез келген қолда бар заттарды: телефондар, кілттер, визиткалар – ой-қиялыңыз жеткеннің барлығын пайдалана отырып, олардың бөлімшелерінің ұйымдастыру құрылымын және өзара іс-қимыл сызбасын құру болып табылады. Ұзақтығы: 10-15 мин. Әр команданың 5-10 минут аралығында жасаған шығармашылық нәтижелерін ұсынуын сұраңыз.

Барлық презентациялар аяқталғаннан кейін қатысушыларға келесі сұрақтарды талқылауды ұсыныңыз: барлық қатысушыларда ұйым туралы ортақ түсінігі бар ма? Келіспеушіліктер қайда жатыр? Қандай проблемалы аймақтар бар? Жұмыс тиімділігін жетілдірудің қандай нұсқаларын қарастыруға болады?

«Өрмекшінің өрнегі» жаттығуы.

Барлығы шеңбер жасап орындықтарға отырады. Оқытушы жіптің орамасын алып, саусағына жіпті орап, шеңбердегі кез-келген балаға жіптің орамасын береді («Мен бұл ораманы Қатираға бергім келеді, өйткені...»). Әрі қарай, екінші қатысушы өз саусағы-на жіпті орап, ораманы келесіге беріп, таңдауын түсіндіреді. Ары қарай бәрі бір жіппен байланғанша, тағы сол секілді жалғасады. Сыныпта студенттер арасында туындаған байланыстарды көзбен көріп байқауға болады. Әр оқушы естелікке саусаққа оралған жіпті кесіп алса болады.

«Комплимент» жаттығуы

Сабақты әсерлі аяқтау үшін «Комплимент» жаттығуларының бір нұсқасын қолдануға болады (Комплимент-мақтау, іскерлік қасиеттерге мақтау, сезімге мақтау), онда студенттер бір-бірінің сабаққа қосқан үлесін бағалайды және бір-біріне және оқытушыға сабақ үшін алғыс айтады. Сабақты аяқтаудың бұл нұсқасы әркімнің жеке маңыздылығын тану қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Неліктен ойын арқылы білім беру жұмыс істейді? Өйткені қазіргі өскелең буын ойын құралдарын пайдаланумен өсіп келеді. Олардың назарын кітап, жазу, дәстүрлі дәріс оқумен аулау қиын. Олардың ынтасы парыз бен дұрыстыққа емес, жарысу мен марапатқа негізделген. Мұндай сана жаңа деңгей, жаңа машыққа икемді келеді, жаңа жаттығулар жасап, рекорд жаңартуға бейім. Сондықтан осы ерекшеліктерді ескере отырып, әлем бағдарламашылары білім жобаларын, тіпті жұмыс түрлерін ойынға негіздейді.

Сараптама жасасақ, ойын түрлері жан-жақты дамып, жас буыннан үлкендерге әсер етіп жатқанын байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кәсіпкерлік және бизнес негіздері./Е. С. Дүйсенханов, Н.Е. Жұлдызбаев, С. А. Щеглов - Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2020.
2. Артамова В.В. 21 ғасырда геймификация тұжылымдамасын дамыту/В.В. Артамова//Тарихи және әлеуметтік-білім беру ойы. Шығ. №2 (2) 2018
3. <https://hrhelpline.ru/30-igr-dlya-sozdaniya-komandy-igra-vozmozh/>

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІН ТАЛАП ЕТЕТІН СТУДЕНТТЕРМЕН ӨТКІЗІЛЕТІН ТИІМДІ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Токсанбаева Зура Еркеновна

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы
“Красный Яр ауылы, агротехникалық колледжі” МКҚК

Ғылыми жетекшісі: Таткенов Болат Толекович – басшының оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді [1].

Бейімделген бағдарламаның ерекшелігіне қарай ақпаратты меңгерудің жеке әдістері қолданылады. Сондықтан оқытушы ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттерге жеке білім беру әдіс-тәсілдерін қолдану керек.

Ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттермен төмендегідей бағыттарды басшылыққа алу қажет:

- оқытудың негізгі бағыты;
- жаңа оқу материалын шағын бөліктерге бөлу;
- қайталау (нақты жоспарға және логикаға негізделген);
- жалпылама көзқарастарды қалыптастыру;
- студенттердің жан-жақты дамуы;
- жеке және сараланған тәсілдерді қолдану;
- эстетикалық талаптарға сай көрнекіліктерді пайдалану;
- стресстік жағдайларды болдырмау;
- өз еркімен жұмыс жасауға ынталандыру;
- мінездің жағымсыз жақтарын білдірмеу;
- оқыту практикалық бағытында өткізілуі қажет (бұл санаттағы студенттерді өмірге дайындау екенін есте сақтау жөн);
- сөйлеу, тіл дамытуға арналған тұрақты жұмыс жүргізілуі;

Сөйлеу – өте күрделі психикалық әрекет, адамның маңызды психикалық қызметтерінің бірі. Сөйлеуді дамыту процесінде танымдық іс-әрекеттің жоғары формалары, ұғымдық ойлау қабілеті қалыптасады. Сөйлеу арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынас жасалады.

Студенттермен қарым-қатынас жасау кезінде мұғалім өзінің айтатын сөздеріне назар аударуы керек. Мұғалімнің сөзі жылдам емес, ырғақты, қысқа, түсінікті сөйлемдерден тұратын, эмоционалды, мәнерлі болуы қажет. Ал ең бастысы, мұғалімнің студентке деген қарым-қатынасы мейірімді болуға тиісті. Қазіргі кезеңде бұл мәселені шешу- білім беруді ұйымдастырудың жаңа әдіс - тәсілдері негізінен ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттердің нақты мүмкіндіктерін, ағымдағы қызмет - жағдайларын ескеретін білімді қалыптастырудың тиімді жолдарын іздеуді болжайды. Ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттерді тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты: студенттің сырттан берілген

көмекке тәуелділігін азайту, оның белсенділігін арттыру, қоршаған ортаға және әлеуметтік ортаға бейімделу арқылы даму ауытқуларын түзету болып табылады.

Қ.Ж.Жарықбаевтың, Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн және басқа да көрнекті психологтардың пікірлері бойынша адам психикасы белсенді түрде өзгеріп, әрекет процесінде өзгереді. Педагогикалық үдеріс үздіксіз жаңа технологиялармен артып, өзгеріп, түрленіп отырады. Ең жақсы нәтижеге жету үшін ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттермен жұмыс барысында мұғалім өзінің іс - тәжірибесінде инновациялық технологиялардың бірнеше түрлерін қолдануы қажет.

«Инновациялық технологиялар – бұл оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан жаңа міндеттерінің, мазмұнының, әдіс - тәсілдерінің күрделі және ашық жүйелері. «Инновация» - бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже көздейді [2].

Қазіргі кезеңде білім, ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, колледждегі студенттерді оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті.

Педагог жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғы шарттарды басшылыққа алуы қажет:

- Оқу үрдісін интенсификациялауды жаппай қолға алу;
- Білім алушылардың сабаққа өз – өзін шектелмеуін болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру. Оның ғылыми- әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау жасап, назарда ұстау;
- Жаңа оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, білімді деңгейлеп беру технологиясын меңгеру арқылы студенттерге білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу;
- Оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу қажет.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

- студентке ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;
- студенттің танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- студенттің өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;
- олардың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту [3];
- әр студентпен жүйелі жұмыс жасау.

Мен де өз іс - тәжірибемде ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттерді тәрбиелеу мен оқытудың мақсаты мен міндеттерін табысты орындау үшін оқу үрдісінің интенсификациялық әдістерін жүйелі түрде қолданамын.

Біріншіден - денсаулық сақтау технологиясына аса назар аудару керек деп, есептеймін. Бұл технология білім алушының денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен денсаулығын шыңдаудың мүмкіндіктерін анықтайды. Технологияның бұл түрі сабақ барысында өткізілетін динамикалық үзілістерді, саусақ ойындарын, тыныс алу жаттығуларын қамтиды. Студенттер К.П. Бутейко әдісі арқылы мынадай тыныс алу жаттығуларын орындауды ұнатады.


1. «Мысық». Аяқтың арасы – ашық. Торғайды аңдып отырған мысықты еске түсіреді. Соның қозғалысын қайталап отыра, аздап отырып оңға және солға қарайды.

2. «Иығынды құшақта». Иықтың бойымен қолдарын көтереді. Шынтақтарын бүгеді. Алақанды кеудеге қойып, мойыннан төмен тұрады. Екі қол бір – біріне қарама – қарсы болу керек. Қолдарды жақындату керек. Қатты тыныс алып «иық ауаға көмектеседі» деп, айтады.

3. «Жартылай отыру». Бір аяқ алда, екіншісі – артта. Дене салмағы – аяқта, яғни, жарысқа қатысатын адам тәрізді болу керек. Сол жаттығуды бірнеше рет тұрып, отырып жасайды. Қозғалысты меңгеріп алып, қолдарын тербеліске келтіреді.

Менің ойымша, арнайы тыныс алу жаттығулары студенттің тыныс алу қызметін, ішкі ағза резервтерін жақсартады.


Қазақ тілін оқытуда **ӨТШТ (ТРИЗ)** әдістемесі тиімді әдіс – тәсілдердің бірі деп, санаймын. Осы әдістемесінің қолдануы студенттердің тілдік дүниетанымын дамытады. Олар өздері ойлап тауып, өз ойларын жасқанбай айтып, жеткізуге тырысады. ӨТШТ әдістемесі бойынша сызбалар арқылы студенттер жеке сөздерден сөйлем, сөйлемнен әңгіме құрастыра алады. Мысалы: көйлекті сипаттап бере алады.



- 1) Көйлектің түсі қызыл, жасыл.
- 2) Көйлек жібектен жасалған.
- 3) Көйлек - киім.
- 4) Көйлекті жазда, күзде, қыста, көктемде киеді.
- 5) Көйлекті әже, ана, қыз киеді.
- 6) Көйлекті қолмен ұстауға болады.

ӨТШТ (ТРИЗ) әдістемесі бойынша «Жасырылынған жұмбақ» деген ойынды бастапқы кезде мен өзімнің суретімді көрсетіп, студенттерге жұмбақ жасырамын, кейін студенттер өздері, тақырыпқа байланысты сурет салып, жұмбақтарын құрастыру барысында сөйлемдерді қазақ тілінде айтуды тез үйреніп алады. Бұл ойын арқылы студенттердің сурет салуға қызығушылықтары артып, қарым – қатынас жасаудың дағдылары қалыптасады.

Мысалы: Мына сызба арқылы жұмбақ жасырылады.



- 1) Оның түсі жасыл, сары, қызыл болады.
- 2) Пішіні дөңгелек.
- 3) Ол - жеміс.
- 4) Ол дәмді.
- 5) Ол ағашта өседі.
- 6) Біз оны жейміз. Ол не?

Жауабы: алма

ТРИЗ - студенттердің логикалық және абстракты ойлау қабілетін, қиялын дамытып, зейін қоюға үйретеді. Менің байқағаным, ӨТШТ технологиясының элементтері студентті шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамыта отырып, шығармашылыққа жетелеуге мүмкіндік береді.

Студенттің бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін айқындау үшін қызықты, тартымды ойындарды жиі өткіземін. Ойын – эмоция мен ақылды көп қажет ететін әрекет. Ойын барысында студенттер қандай да бір шешім қабылдауға үйренеді. Бұл жерде студенттер қайтсем, жеңсем? Не қылсам? Не айтсам? – деген сұрақтардың алдында тұрып, оларға дұрыс жауап беруге тырысады. Студенттерде жеңіске деген ұмтылыс байқалады. Ойында барлық студенттер тең. Ойын – студенттер үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Сонымен қатар, ойын студенттерге өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Ойын барысында пайда болатын эмоциялар жүйке жүйесіне пайдалы әсер етеді, ағзаның функционалдық белсенділігін нығайтып, студенттердің тіл байлығын дамытады. Мысалы:

Ойын «Бес сиқыршы»

Тақырыбы «Жемістер»

Сиқыршылар: көз, мұрын, ауыз, қол, құлақ.

Тақтада алманың суреті ілулі тұр

Әр сиқыршы алма туралы айтады.

Сиқыршы көз айтады: алма қызыл, сары болады.

Сиқыршы мұрын айтады: Алманың иісі дәмді.

Сиқыршы ауыз айтады: Алманы жеуге болады.

Сиқыршы қол айтады: Алма қатты, жұмсақ болады.

Сиқыршы құлақ айтады: Алма сөйлемейді.

Ойынға қатысқан студенттер негізінен бір – бірімен тез тіл табыса алады. Ойын кезінде мейірімді болып, бір – біріне әрқашан көмек беруге дайын болады.

«Синквейн» технологиясының тәсілін кез келген тақырыпты пысықтауда өткіземін.

«Синквейннің» құрылым алгоритмі (бес жолдан тұратын өлең)

- **1-ші жол** – бір сөз, әдетте зат есім.
- **2-ші жол** – екі сөз, негізгі ойды суреттейтін сын есім.
- **3-ші жол** – үш сөз, етістік, тақырып айналасындағы іс-қимылдарды суреттейді.
- **4-ші жол** – тақырыпқа байланысты сөйлем, автордың тақырыпқа қатысы туралы бірнеше сөзден құрылған сөйлем, қанатты сөздер, т.б.
- **5-ші жол** – сөздер, тақырыптың мағынасын айқындайтын, біріншісімен байланысты.

Мысалы:

1.Тігінші

2.Білімді, шығармашыл.

3.Тігеді, жаңартады, әшкелейді.

4.Тігіншілік – қол мен қиялдың еңбегі.

5.Шебер.

Нәтижесі бірден шығарылып отырылады, «Синквейн» тәсілі студенттердің тілдік қорын байытады, қысқаша мазмұндауға үйретеді, бір сәтте ақын ретінде сезінуге мүмкіндік береді, ой-пікірді қалыптастыруға үйретеді.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: студенттің еркін ойлауына мүмкіндік береді, ақыл - ойын дамытады, шығармашылық белсенділігін арттырады, тіл байлығын жетілдіреді. Ақпараттық технологияның ерекшелігі: оқушылардың өздері ақпараттар жинап, жаңалық ашуға ұмтылып, ізденіп, жауабын тауып, өзінің көзқарасын логикалық түрде дәлелдейді.[4].

Сондай-ақ, сабақта ақпараттық технологияның бірнеше түрлерін қолданамын: грамматикалық ережелерге байланысты презентациялар, бейнекөріністер, қызықты компьютерлік ойындар студенттердің тапсырмаларды орындауға ынтасын арттыруға көмектеседі.

Сабақ барысында өткізілетін осындай әдіс – тәсілдер ұжымшылдыққа тәрбиелейді. Студенттер алға қойған мақсатқа сәйкес бірлесіп ойлауға, әрекет етуге, бірін-бірі тыңдауға, өзінің және жолдастарының жұмыстарын талдап, бір-біріне әдептілікпен сыни ескертулер жасауға үйренеді. Мұның бәрі, әрине, ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттердің жеке тұлғасының қалыптасуына зор әсер етеді. Мысалы, мультимедиялық бағдарлама бойынша студенттер тапсырманы компьютер көмегімен тыңдап, жауабын қазақ тілінде айтып бере алады. Ең бастысы – тапсырмалар күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға негізделіп берілген, яғни: бұл тіл үйренушінің тілді жеңіл түсініп, тез меңгеруіне көмектеседі.

Оқыту процесінде ұтымды технологиялардың элементтерін пайдалану барысында студенттер қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге тырысады, алған білімді нақты істе қолдана біледі; уақытты үнемдеуге үйренеді. Олардың білімге деген қызығушылығы, ізденушілікке деген ынтасы арта түседі.

Білім беру саласында қызмет ететін әр қызметкер, әсіресе, мұғалімдер шығармашылықпен жұмыс жасай білуі керек деп түсінемін. Қазіргі таңда кәсіби білімді мұғалім қоғам талаптарына сай болуы үшін өзінің білімін үнемі жетілдіру, мінез - құлқын психологиялық жағынан тәрбиелеу, шығармашылық даму шараларын жүзеге асыра білген жөн. Нәтижесінде аталмыш іс- әрекеттердің жүзеге асырылғанын немесе жүзеге аспағанын өз тәрбиеленуші студенттердің бойынан іздеу қажет. Себебі мұғалім өзіндегі бар болмысының, іс- әрекетінің жемісі- өзі тәрбиелеген шәкірттері екенін ұмытпаған абзал. Шәкірт жеңісі- ұстаз жемісі. Шығармашылық жұмыспен айналысқан, өз қанатының астында тәрбие көріп, қара қанаттанған балауса қанатымен самғай білген шәкірттің білім

кеңістігі мен шығармашылық биіктерден көріне білсе, еңбегінің еш кетпегені десе де болады. Сондықтан менің ұстаздық міндетім: ерекше білім беру қажеттілігін талап ететін студенттермен қазақ тілін оқыту барысында тиімді тәсілдерді қолдана отырып, студенттерге сапалы да, терең білім беру, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, қазақ тілінде еркін сөйлеу дәрежесін көтеру.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. 2016ж.
2. А. Утеуова «Инновациялық технологиялар – сапалы болашақ кепілі» 2021ж.
3. «Оқыту тиімділігі – озық технологияларда» Педагогикалық журнал 2022ж.
4. А Тапаева, Б. Арзымбетова, Н. Шаптай «Оқушыларға сапалы білім берудегі озық инновациялық технологиялардың тиімділігі» 2014 ж.

ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ – ҚАЗІРГІ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

С.Р. Кулмурзаев

Кентау көпсалалы колледжі, Түркістан облысы, Кентау қаласы

Қазіргі Қазақстандағы білім беру – жас ұрпақ пен ата-аналарды, педагог-мамандарды толғандыратын және жаңа Қазақстанды құру жолында ең көп талқыланатын әлеуметтік мәселелердің бірі. Білім мазмұны, мақсаттары мен міндеттері, білім берудің орны тәуелсіздік алғалы бері, бүгінгі күнге дейін талқыланып келеді. Өртүрлі әлеуметтік топтардың сұраныстары мен мүдделері қанағаттандыратын, білім беруші мен білім алушыны бір-біріне сенімді қарауларына мүмкіндік беретін қолайлы шешім толық берілген жоқ. Жағдайдың тұрақсыздығы дайын шешімдердің жоқтығын көрсетеді, сонымен қатар бұндай ахуал жинақталған тәжірибені теориялық тұрғыдан түсіну қажеттілігін, кеңестік дәуір тәжірибесін де алуды қажет етеді. Қазақстандағы заманауи білім берудің нысаны мен мазмұнына қатысты сұрақтардың едәуір бөлігі қазіргі заманғы педагогикалық тәжірибемен тұжырымдалған, сонымен қатар әлеуметтік консенсуске, қоғамдық келісімге қол жеткізумен анықталады.

Зайырлылықтың, тәрбиенің, дүниетанымдық еркіндіктің немесе рухани дәстүрге бастама берудің рұқсат етілген шекараларын анықтау қиын, өйткені оқушының жеке басын хабардар ету мен өзгерту арасындағы демаркация сызығын салу қиынға соғады. Зайырлы мектепте қоғамдық және ұлттық сананы қалыптастыратын этнопедагогикалық білім негіздеріне жол берілгенімен, зайырлылық пен дәстүршілдік қарым-қатынасы мен өзара әсер ету мәселесі ашық күйінде қалып отыр [1].

Жаһандану және аймақтардағы интеграциялық процестердің дамуы жағдайында қазіргі елдердің тіршілігінде ұлттық педагогика негіздері мен әдіс-тәсілдерінің қажеттілігі артып келеді. Әралуан бейнедегі ұлттық сана, салт-дәстүрге бейінділік білім берудің барлық кезеңдерінде көрініс алуы қажет. Ұлттық сананы насихаттауға бағытталған ғылыми еңбектер мен зерттеулер өзекті болып табылады. Көптеген танымал ойшылдар халықтар мен жекелеген тұлғалардың өздерінің ерекшеліктері, қалаулары мен қалыптасқан орталарына қарай білім контентін таңдау құқықтары бар екендігін қолдайды.

Білім кеңістігі тарылған мына заманда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану да ұтымды болмақ. Себебі, ғылым мен білім кеңістігінде интеграциялану орын алған кезеңде жеке кеңістікте қалып қою өз құқығынды шектеу де болып табылады. Ғылымды дамыту мен білім алу аймақ не өлкемен шектелмей, бүкіл адамзаттың жеткен табыстарымен тұтастану керек, олай болмағанда, ғылыми салалар жұтап, арнасы тарылады. Батыс Еуропаның басынан өткерген тәжірибе бүкіл адамзатқа сабақ болу керек деген ойдамын. Бір саланы не әдісті қауза бермей, оның жалпыадамзаттық жетістіктермен бір платформада салыстыра қарап, озық үлгілерді білім саласына қолданғаннан ешкім ұтылмақ емес.

Заманауи білім беру саласына қажет тетіктердің бірі – осы бірегейлік пен тұтастық позициясында қалу. Бүгінгі таңда интегралды білім экономикалық прогрессті қамтамасыз етуде шешуші күшке айналды, ол қазіргі елдердің рухани өмірінің жаңғыруын (модернизациясын) талап етеді. Жаһандану мен интеграциялық үдерістер дәуірінде заманауи білім беруді жаңа конструктивті тәсілсіз жүзеге асыру қиындықтарға әкеп соғады. Сондықтан бұл бағытта зайырлы білім мен ғылым басты рөлді атқарады.

Бүгінгі күні білім берудің рухани мазмұнын қайта қарау терең өзектілікке ие. Білім беру тәжірибелерінің сараптамасы білім берудің рухани мәнін қайта қалпына келтіруді қазіргі заманғы білім жүйесі қажет ететіндігін көрсетіп отыр. Оқу саласында руханилықты әркезде дәстүрлі білім беру анықтаған болатын. Дәстүрлі білім беру дискурсы қазіргі білім құрылымындағы қажетті, толықтырушы компонент болып табылады. Қазіргі заманда білім беру біржақты зайырлы бола алмайды. Яғни оқыту үдерісінде көп бағыттар назарға алынуы керек. Педагогиканың жалпы негіздері, оқыту мәселелері, тәрбиелеу теориялары заманауи ғылым мен педагогикалық тәжірибе жетістіктерін ескере отырып, ашылады. Педагогикалық ұйымдарда оқыту процесін ұйымдастыру принциптері, оқытушының міндеттері, әдіс-тәсілдері өз ішінде қаралып, бекітіліп отырады. Бұған мекеменің білім беру бағыты, саласы мен ерекшеліктері әсер етеді. Және де ең маңыздысы теория тәжірибемен астасып жату керек. Шиллер: «Ой-пікірлер санамызда бейбіт қатар өмір сүреді, бірақ өмірде олар қатты соққыға тап болады», - деп, алынған білім негізінде нақты педагогикалық жағдайды түсіну әрекеті танымдық әрекеттің логикалық қорытындысы болу керектігіне басымдық береді [2]. Оқыту мен тәрбиелеу барысында алынған білім тәжірибе сынағына төтеп бере алмаса, ондай білімнен пайда жоқ.

Оқушының жұмысы – оңай танымдық жұмыс емес, оны мүмкіндігінше өнімді етуге тырысу керек. Дербес еңбексіз кез келген күрделі істе нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес, ал еңбектен қорыққан адам өзін шындықты білу ләззатынан айырады. Жас өскелең ұрпақ білім алуға, шындықты іздеуге, ізденіс жолында қиындықтардан оңай өтуге дағдыланулары керек.

Мәселен, «Электр және электромеханикалық жабдықтар (түрлері бойынша)» мамандығына арналған «Техник-электрик» біліктілігі құзыреттері ішінде заманауи технологияларды баяндай отырып, модуль бағдарламасының тақырыптары мен тараулары бойынша теориялық және практикалық материалдар жинақтау орын алған [3, 2 б]. Электр және электромеханикалық жабдықтарды монтаждау, техникалық қызмет көрсету, пайдалану және жөндеу бойынша негіздерін баяндай алу керек. Сонымен қатар электр қондырғыларында жүргізілетін жұмыстардың сапасын бақылау және орындау да олардың біліктілігі ауқымына кіреді.

Көпсалалы колледжерде кәсіптік құзыреттерге сәйкес кәсіптік қызметті меңгеруге жаңа әдістер қарастырылған. Зертхана мен өндірістік практикадағы практикалық біліммен монтаждау жұмыстарының технологиясын, түрлі нысандағы ғимараттарды монтаждау ерекшеліктерін үйрену бойынша теориялық білімдерді біріктіру қажеттілігі; қабылдау-тапсыру сынақтарын орындау; сынақтардың аяқталуы жөнінде хаттамалар ресімдеу; электржабдықтарын тексеру және күйге келтіру, релелік қорғаным және автоматика қондырғыларын тексеру және реттеу жұмыстары жүзеге асырылады [4].

Кентау көпсалалы колледжінде электрлік орнату жұмысы техникалық және инженерлік істердің ажырамас бөлігі ретінде «Электрлік монтаждау» пәнінде қарастырылады. Электрлік орнату жұмысы құрылыс кешеннің бір бөлігі табылады.

Ұйымдастыру кезеңінде қондырғыларды орнату үшін ғимараттар, құрылымдар, іргетас, саңылаулар мен конструкциядағы тауашаларды қабылдау, т.б. механизмдер жасалады. Оқушылар теориялық модуль аяқталысымен, білімдерін өнеркәсіпте шыңдайды. Практика аяқталысымен теорияны жалғастырады. Осылай циклдік оқыту үдерісі жалғасады. Яғни, электрлі монтаждау ісін үйрену арқылы оқушылар өндіріске жақындайды. Дуальды оқыту барысында оқушылар өнеркәсіп орындарында теориялық білімді бекітеді, өнеркәсіпте жұмыс атқару ережелерін меңгеріп сақтайды. 2022 жылы колледж қабырғасына жаңа электрлік жабдықтар сатып алынды. Онда зертханалық жұмыстар түрлі бағытта атқарылады. Жаңа жабдықтармен жұмыс істеу арқылы оқушылар шетелдік әдістермен танысады, жұмыс жасау іскерлігі мен дағдыларын шыңдайды.

Қорыта келе, заманауи білім беру мен тәрбие беру арқылы жас ұрпақты мамандық қыр-сырын білуге, өз білімін тәжірибеде қолдануға, ісінің нәтижесін қызығушылықпен күтуге итермелейді. Заманауи кәсіби білім беруде арнайы құзыреттілікті меңгертуге бағытталған оқыту бағдарламасында отандық және шетелдік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тұлғалық және кәсіби деңгейін көтеруге маңызды орын берілуі тиіс деген ойдамын. Сонымен бірге, оқушылардың өндірістік практикалары да оқыту мен тәрбиелеу құралдары ретінде кәсіби біліктіліктерін көтеруге, адами қасиеттерін жетілдіруге, білімін көтеруге үлкен үлес қосады деген пікірдемін.

2021-2022 оқу жылында бітіруші түлектердің Сарыағаш қаласында өндірістік практикадан өтулері олардың теориялық білімдерін шыңдауға, теорияны іске асыруға мотивация болғаны хақ. Өндірістік практикада алған тәжірибелері оқытушыларға зертханалық-практикалық сабақтарды ұйымдастыру үшін, ал өндірістік оқыту шеберлеріне өндірісте жұмысшыларды дайындау кезінде пайдасын тигізеді. Оқушылар болса, қолдан жасаған заттарын, өнімдерін көрген мезет, индуктивтілік пен дедуктивтіліктің маңыздылығын, зертханалық жұмыс процесін игеру және басқару маңыздылығын сезінеді. Өндірістегі жетістіктерін өмірлерінде қолдана білу, тұлғалық өсу, үлкен әріппен жазылған адам болу – заманауи оқыту мен тәрбие ісінің кәсіби өсуге ғана емес, тұлғалық кемелденуге алып барары күмәнсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру: 3 кітап. Формирование казахстанской идентичности в контексте задач модернизации общественного сознания: книга 3. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2020. – 668 с.
2. <https://obuchalka.org/2012091566983/pedagogika-kniga-1-podlasii-i-p-1999.html>
3. Голев В.М., Королева Н.Г., Катинас В.М., Блок В.В. «Техник-электрик» біліктілігі бойынша негізгі жұмыс түрлерін орындау/ Оқу құралы. – Астана: «Кәсіпкер» холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. -140 б.
4. Өнеркәсіптік және азаматтық ғимараттардың электр жабдықтарын монтаждау мен реттеу: орта кәсіптік білім беру мекемесінің студенттеріне арналған оқулық / И.В.Шашкова, А.В.Бычков. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2015. — 256 б.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Баратов Аброр Бахтиярұлы

Түркістан көпсалалы жоғары медицина колледжі,
Түркістан қаласы

«Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар біздің елімізде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Білім беруде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да қолданудың мүмкіндігі жасалып отыр», - деп айтқандай, еліміздегі ғылым-білім, технология, коммуникация, экономика, өзге ғылым салаларында табысты болуда қажетті дағдыларды игеру қажет. "Қазақстан-2050" Стратегиясы – "Қазақстан-2030" Стратегиясының жаңа кезеңдегі үйлесімді дамуы. Қазақстан 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарында болуға тиіс», - деп көрсетілгендей, сындарлы саясаттың арқасында әлемнің алпауыт елдерінің қатарында болу үшін өркениетті елдермен тәжірибе алмасып, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды бағалай, сақтай отырып, заман талабына айналған 31 ақпараттық технологияны оқытудың озық инновациялық технологиясынан іздену – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Сондықтан да білім беру жүйесі ақпараттандыруды мақсат ете отырып, төмендегідей міндеттерді қойып отыр:

- Білім сапасын арттыру;
- Әлемдік білім беру кеңістігіне ену;
- Орта білімді ақпараттандыру;
- Интернет жүйесін пайдалану;
- Электрондық оқулықтар;
- Қашықтықтан басқару .

Сондай-ақ, білім саласына қарқынды енген ақпараттық технологияны пайдаланудың тиімді жолдарынан іздену ақпараттық-коммуникативтік құзырлы тұлғаның қалыптасуына жол ашады. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасында тұлғаның бойынан табылуға тиісті құзырлылықтарды нақты айқын көрсеткен. Соның бірі: «Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті), - деп атап көрсеткендей, жан-жақты дамыған құзырлы тұлғаны дамыту, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыру заман талабы. Ұлттық Ақпарат Орталығының ақпаратына сүйенетін болсақ, білім сапасының көтерілуі, ең алдымен, цифрлі мультимедиялық білім қорының дамуына байланысты деп көрсетеді. Электрондық оқулықтар цифрлі мультимедиялық білім қорының бірі болып табылады. ЭО педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық мультимедия технологияларының интеграциялық бірігуі нәтижесінде жасалады . Яғни, қазіргі білім сапасының артуына септігін тигізіп отырған ақпараттық технологияның әр студенттің мүмкіншілігін тануына ықпалы зор. «...қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу керектігін атап көрсетеді: компьютерлік техника, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру». Қоғамды жаппай ақпараттандыру білім сапасын арттыруды мақсат етуде. Себебі мемлекетіміз өркениетті отыз елдің қатарына көтерілу үшін ғылымның қай саласында болмасын білімді азаматтар керек. Қоғамды жаппай ақпараттандырудың міндеттері: Білім сапасын арттыру; Әлемдік білім беру кеңістігіне ену; Орта білімді ақпараттандыру; Интернет жүйесін пайдалану; Электрондық оқулықтар; Қашықтықтан басқару . АКТ-ның негізгі мақсаты – студентті қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде

пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу, яғни студентті ақпараттық қоғамға бейімдеу. Заманауи АКТ құралдарымен 32 жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай-ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында студентті өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет,»-деп Н.Әбішұлы айтқандай, халықаралық білім беру стандартына сәйкес білім беру жүйесіне жанартылған бағдарлама енгізіліп отыр. Осыған орай Білім беру мазмұнын жанарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар колледж студенттерінің жалпы үлгерімін арттырады, инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану -Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі студенттердің жұмыста, бос уақытында және күнделікті қарымқатынасында технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады. -Студенттер білім беру бағдарламасындағы пәндерді оқу барысында мәліметтерді табу, құрастыру және басқару, ақпараттармен және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану дағдыларын дамытады. Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технология студенттердің ойлау қабілеттерін дамытуға жетелейді. АКТ-ны, электрондық оқулықтар мен интернет жүйесін т.б сабақта қолдану студенттердің тілдік дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Қорытындылай келгенде, АКТ-ны қолдануда оқу үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін не қажет? Бір қалыптылықты пайдаланбау; деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) студенттер әрекетін алмастырып отыру; студенттің ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу; әр студенттің жеке қабілеттерін ескеріп отыру; жеке, жұппен, топпен орындайтын тапсырмаларды қарастыру. Бүгінгі қоғам ақпараттың, инновацияның жан-жақты дамыған қоғамы болғандықтан, сапалы білім алуда, қоғамға қажетті дағдыларды дамытуда, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыруда АКТ-ның тиімділігі зор деп баса айта аламыз.

Қолданылған әдебиеттер.

1. Н.Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»// «Егемен Қазақстан» газеті, 2017, 31 қаңтар. 33
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2015-138 б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
4. БітібаеваҚ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы: Рауан, 1997.
5. Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. (Үлестірмелі материалдар) Екінші (негізгі) деңгей.

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Матанова Гүлназа

Түркістан көпсалалы жоғары медицина колледжі

Түркістан қаласы

Өмірдің ағымы мен қоғамның даму тынысы Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануы ғылым мен білім саласындағы процестердің өзгеруіне ықпалын тигізуде. Білімді интеграциялау – бұл салалы дамытудың негізгі тенденциялары мен болашағы болып табылады. Білім процесін интеграциялаудың мәселелерін өзектілендіру кезінде оқыту парадигмасын өзгерту, оның мақсатын әрлендіру, мазмұнын жаңарту, оқытудың тиімді әдістері мен жолдарын іздеу оқу процесінің барлық компоненттерін интеграциялауды ойластырады.

Интеграция – бұл жекелеген бөлімдерді біріктіруге, соның нәтижесінде білім жүйесінің сапалы өзгерістеріне жетелейтін байланысқан жүйелер теориясы. Интеграция білім беру процесін құрастырудың басты қағидаларының бірі, оны жетілдірудің тәсілі ретінде, әлемді бір-тұтас тануды қамтамасыз ету құралы және студенттердің дидактикалық жүйесінің даму шарты ретінде де түсіндіріледі (Үлкен кеңес энциклопедиясы). Яғни, интеграция тек пәндер бойынша білімдер қарым-қатынасы ғана емес, сонымен қатар оқыту технологиялары, әдістемелері мен формасы туралы мәлімет береді. Педагогикалық іс-әрекет – бұл нормалар мен шығарманың, ғылым мен өнердің қоспасы. Сондықтан қазіргі кездегі қолданыстағы білім беру әдістерінің көп түрлілігін дұрыс біріктіру және интеграциялау маңызды болып отыр. Бұған оқыту нәтижесі тікелей тәуелді.

Студенттің кәсіби іс-әрекетінде пәндер мен оқыту технологиялары бойынша интеграциялық білім беру деңгейінде шығармашылық ізденістер орны аса ерекше. Қазіргі заман ғылымы алдында интеграциялық оқытуды теория негізінде ұғыну мәселесі тұр. Себебі философиялық тұрғыдан қарағанда интеграциялық оқыту – бұл пайдалы ақпаратқа немесе нақты білімге ғана қатысты емес, сонымен қатар студенттің өз ортасын, оқытушыларын және медициналық пәндерді тереңірек ұғынуына ықпал ету түсінігі де. Оқытудағы интеграция пәнаралық байланыстардың дамуы мен тереңдеуін, бұл өз кезегінде ғылымаралық байланыстың аналогы болып табылады, яғни пәнаралық тақырыптарды келістіріп қана қоймай оларды терең қарым-қатынаста оқытуға көшуді білдіреді.

Интеграцияланған оқыту – студенттердің тәжірибелік бағыт-бағдары бар әртүрлі ғылымдардың әдістерін үйлесімді біріктіретін, зерттелетін мәселені тұтас, талданған түрде қабылдауына мүмкіндік беретін оқыту түрі. Бұл дегеніміз қарастыруға және шешуге бағытталған қандай-да бір проблеманы әртүрлі пәндер білімдерін біріктіре отырып мақсатқа жеткізетін арнайы ұйымдастырылған сабақ. Интеграцияланған оқыту дегеніміз пәнаралық түрлі проблемаларды студенттердің білімін кеңейту мақсатында қарастару болғандықтан пәндер тоғысында оларды оқыту әдістері де әртүрлі болғаны жөн, яғни: дәріс оқу, сабақ-саяхат, сабақ-зерттеу, оқу конференциялары, мультимедия-сабақ, мәселелі сабақ, сұхбаттасу және т.т.

Сабақтың құрылымы келесі кезеңдерден құралғаны жөн: ұйымдастыру, мақсат қою, білімді өзектілендіру, бастапқы білім дағдыларын бекіту, білімді жүйелендіру, тақырыпты қорытындылау, үй тапсырмасын анықтау және оны орындау бойынша нұсқау беру. Интеграцияланған оқытудың басты қағидасы - студенттің ойлау қабілетін дамыту.

Интеграцияланған сабақтың мынадай белгілері болуы тиіс:

1. Сабақтың арнайы ұйымдастырылуы (егер ол арнайы ұйымдастырылмаса бір мақсатқа бірікпеген жеке сабақтарға ыдырайды);

2. Мақсатының нақты болуы (біріккен), яғни: оқылатын тақырыптың мағынасы бойынша тереңірек түсінік беру; студенттің пәнге деген қызығушылығын арттыру; тақырып сұрақтарын тұтас, синтезделген тұрғыда қабылдау;
3. Әртүрлі пәндерден алынған білімін кеңінен қолдану, яғни пәнаралық байланыстарды тереңдету

Интеграцияланған оқытуда қолданылатын әдістер

Сонымен, қорыта келе медициналық білім беруде интеграциялық оқыту әдісінен мынадай нәтижелерге қол жеткізу үшін тырысу қажет:

- Студенттің ғылыми ойлау дағдысын дамытуға ықпал ету
- Студенттің ғылыми әдістерді кеңінен қолдану мүмкіндігін жетілдіру
- Қоршаған ортадағы объектілер байланысын көрсететін пәндерге кешендік көзқарас қалыптастыру
- Студенттің білімінің сапасын арттыру
- Студенттің әртүрлі пәндерге қызығушылығын арттыру және дамыту
- Студенттің ой-өрісінің кеңеюіне, творчестволық дамуына ықпал ету, әртүрлі пәндер бойынша бағдарлама материалын неғұрлым тереңірек ұғынуына мүмкіндіктер жасау
- Қандай-да бір тәжірибелік жағдайдағы қарастырылатын проблеманы шешу арқылы студенттердің критикалық ойлау, теория мен практиканы салыстыру қабілетін арттыру;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарына араласу мүмкіндігін дамыту

Интеграцияланған оқытудың тиімділігі дұрыс, педагогикалық тұрғыдан дәлелденген оқыту формасын таңдауға байланысты. Және пәнаралық интеграция жүргізу үшін оқытушылар ұжымында оңтайлы қарым-қатынастың болуы, өзара құрмет пен түсіністік негізіндегі өнімді бірлескен еңбектің де маңызы зор.

онымен, интеграциялап оқыту жоғары білім беру оқу орындарында кәсіби мамандарды дайындау оқытушының үшін тек қана жоғары оқу орнының маманы болып қана қоймай, өзінің бағыты бойынша өте жоғары деңгейдегі сұрақтарды шеше алатындай, компетентті болуын да талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер.

- Рубцов Н.В. Повышение мотивации обучения в высшей школе на основе интеграции знания. / Вестник университета Российской академии образования. №3/2007
1. Советова Е.В. Эффективные образовательные технологии / Е.В. Советова. – Ростов н/Д: Феникс, 2007. – 285. – С. 92-96.
 2. Кларин М.В. Технологии обучения: идея и реальность. Рига, 1999
 3. Краевский В.В. Методология педагогической науки.- М.,2000.
 4. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология.- М.,2006.
 5. Караковский В. А. Воспитательная система школы: Педагогические идеи и опыт формирования. - М., 1992.
 6. Федорец Г.Ф. Проблемы интеграции в теории и практике обучения.- Л.,1990.

ҚАЗАҚСТАНДА ҮШТІЛДІЛІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ CLIL ӘДІСІМЕН ПӘНДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУ

Оразбекова Камшат Диханқызы

Түркістан көпсалалы жоғары медицина колледжі
Түркістан қаласы

Тіл білу – заман талабы

CLIL әдісі дегеніміз не? Біріншіден, CLIL әдісі –химия, биология, физика т.б пәндер мазмұнын ағылшын тілі көмегімен кіріктіріп оқыту. Қазіргі таңда ағылшын тілін білу, үйрену – заман талабы болып отыр. Неге десеңіз, барлық ғылым мен техниканың тілі, ол ағылшын тілі! Егер біз болашақта ұрпағымыз ғылым мен техниканың саласында

жетістіктерге жетіп, ашылулар мен жаңалықтар алып келгенін қаласақ, онда оқушыны жастайынан ғылым мен техника тіліне үйретуіміз қажет.

CLIL әдісін қолданғанда, мұғалім рөлі оқушының грамматикасын тексеру емес, оқушылардың пән мазмұнын ағылшын тілінде түсіне алуы мен түсіндіре алуына, қолдана білуіне жағдай жасау. Бірақ, әрине сауаттылық та қаралады. CLIL технологиясы – пән мазмұны мен тілді бірлесе оқыту технологиясы. «CLIL» терминінің қолданыста жүргеніне айтарлықтай уақыт болмағанымен (1994 жылы), ол жаңа құбылыс болып табылмайды. Адам баласы көп тілді қоғамда өмір сүріп келеді. Көп тілді меңгеру қоғамда өмір сүру құралы болып табылады.

CLIL дегеніміз не немесе ағылшын тілі арқылы әлемді тани аламыз ба?

CLIL ағылшын тілін оқытуда жаңа бағыт болып табылады, онда мектеп пәндері шет тілдерінде оқытылады. Термин «Content and Language Integrated Learning» болып жіктеледі және «пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту» деп аударылады.

CLIL екі мақсатты көздейді, яғни тақырыпты шет тілі арқылы және шет тілін пән бойынша оқыту. Осылайша, студенттердің өздерінің ана тілі және үйреніп жатқан тілі – біртұтас болып табылады. Математика, жаратылыстану ғылымдары, биология, химия, экономика, информатика, өнертану, география, философия, классикалық әдебиет және басқа да көптеген пәндер ағылшын тілінде оқытылады.

CLIL әдіснамасының негіздері Лондон Экспресс Мектептерінде:

- тіл білімі пәннің мазмұнын зерттеудің құралы болып табылады;
- сабақтар қызықты түрде жүргізіледі, студенттер ғылыми тәжірибелер жасайды және түрлі эксперименттер жүргізеді;
- тіл жалпы білім беру бағдарламасына біріктірілген;
- қызықты тақырыптарды талқылау үшін тілді үйренуді ынталандыру;
- сыныптар тілдік ортаға түсуге негізделген;
- қажетті дағдылар - шет тіліндегі мәтіндерді оқу.

Тілге тән интеграцияланған оқыту

CLIL – бұл кейбір пәндердің жартысы шет тілінде оқыту әдісі болып табылады. Үйрену екі тілде жүргізіледі, сондықтан оқу жағдайында жағдайға және оқу мақсатына сәйкес келетін тіл қолданылады. CLIL әдісіне сәйкес ана тілінен басқа барлық пәндер шет тілінде оқытылады, демек тіл оқыту объектісі емес құралы болып табылады.

Тілдік сабақтарда жүргізілетін оқыту шет тілін үйрену деп аталады. Оқыту ішінара ана тілінде және ішінара шет тілінде жүргізіледі. Шет тілінде оқытуды тілдік класс, «тілдік жауын» немесе екі тілде білім беру деп атауға болады. Оқыту сөйлеу жағдайында ерте «толық тілді сіңіруге» негізделген.

CLIL (Content and Language Integrated Learning) - бұл шет тілін пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту. Мысалы, география мен тарих оқытудың тіліне қарамастан барлық сыныптарға қазақ тілінде, дүние жүзі тарихы және информатика орыс тілінде. Математика, физика, химия және биология, информатика сияқты барлық жаратылыстану пәндері, жоғарғы сыныптарда ағылшын тілінде.

CLIL оқытудың құзыреттілік көзқарасы болып табылады, ол еуропалық білім беру жүйелерінде серпін береді. Бұл пән шет тілі арқылы оқытуды, яғни, сабақты «тілді қолдану арқылы» үйрету. CLIL бүгінгі жұмыс берушілер арасында сұранысқа ие тұлғалық, мәдениетаралық және тілдік дағдыларды дамытатын бағдарламаларды пайдалануға шақырады.

CLIL сабағы келесі компоненттерден тұрады:

- **МАЗМҰН** (білімді, дағдыларды, пәндік доменді дамыту)
- **БАЙЛАНЫС** (оқыту кезінде шет тілін пайдаланып, оны қалай қолдану керектігін үйрену)
- **ТАНУ** (жалпы идеяны қалыптастыратын когнитивті және ойлау қабілетін дамыту)
- **МӘДЕНИЕТ** (өзіңізді мәдениеттің бір бөлігі ретінде танытып, баламалы мәдениеттердің бар екенін түсіну. Бұл пәнаралық байланыстар мен азаматтықты тәрбиелеуді қамтиды.)

Бұл жерде лексикалық бағыт грамматикаға қарағанда маңызды. Мәтінмен жұмыс істеген кезде, оқуды визуализациялау үшін иллюстрациялары бар, мәтіндерді схемалық түрде ұсынуға болады, бұл оқушыларға мәтіннің идеясын және онда көрсетілген ақпаратты анықтауға көмектеседі.

Оқып болған соң, оқушылар мәтіннің идеясын өз сөздерімен жеткізу мүмкіндігіне ие болады, сол уақытта, мұғалімдер пән мен тақырыпқа сай лексикасына назар аудару керек. Сонымен қатар, мұғалім арнайы лексикаға назар аудару керек, сондай-ақ кейбір әмбебап тілдік бірліктер: сабақтан тыс уақытта қажет болатын фразалық етістіктер, тұрақты тіркестер, салыстырмалы шырайлар.

Тапсырмаларды құрастырған кезде, оқушылардың ойында қалу үшін иллюстрациялық заттардың болуы ықтимал. Мысалы, сіз келесі тапсырмаларды пайдалана аласыз: құрастыру немесе диаграмма, кесте, карта, т.б. толтыру, нақты ақпарат (күні, уақыты және орны) тауып, дұрыс ретпен тармақтарды орнату (мысалы, қолмен) іс-қимыл барысын анықтау, мәтіндегі бос жерлерді толтыру, мәселе қоя білу: сұрақ-жауап, мерзімді анықтау, толық емес; нақты ақпаратты іздеу бойынша міндеттер; ойындар арқылы сөздерді табу, сауалнама, мәтін бойынша 20 сұрақ қою, көрнекі материалдар қолдау сұрақтар, түрлі көркем диаграмма, жұмыстың ауызша презентациясы. Бұл жағдайда мәтіндер пән бойынша болуы тиіс сонда ғана пәндік және тілдік құзыреттілік даму болады.

Мұғалімнен жүйелі жоспарлау, оқыту, бақылау және бағалау қажет.

CLIL артықшылықтары:

- тіл біліктілігін және өзін-өзі сенімділікті жоғарылатады
- мұғалім мен студенттердің ынтасын көтереді
- тәуелсіздікті және жеке пікірді ынталандырады және жігерлендіреді
- екі тілдегі сауаттылықты жақсартады
- оқу дағдыларын, шоғырлануын дамытады
- гендерлік мәселелерге оң көзқарас
- ойлау дағдыларын дамытады
- мәдениет пен мәдениетаралық білім дамытады
- оқу лексикасын көбейтеді

CLIL сабақтарында оқытушылар мен студенттер оқытатын тілмен бұрыннан таныс болуы керек. Оқушылар тақырыпты түсіну және олардың идеяларын түсіндіруге, қарым-қатынас мүмкіндігі болу үшін, пәндік (сөздік, грамматикалық құрылымдардың) байланысты болып табылатын тілді білетініне сенімді болуы тиіс. Мысалға, географияға сай, студенттер картаны сипаттау үшін және картадағы оқылымды қалай түсіндіруге болатын арнайы сөздікке ие болуы керек. Олар пәннің оқу материалын оқып-үйрену барысында қолдануға болатын грамматикалық құрылымдарды қалай қолдануға болатынын біле алады. Оқушылар әдетте тілді ағылшын тілінде үйренеді. Мысалы сыныпта картаны үйренген кезде, өзен маршрутын сипаттау үшін студенттер «ағады» немесе «тасиды» деген негізгі етістіктерді пайдалана алады. Олар сондай-ақ себептері мен әсерін білдіру үшін шартты нысанын пайдалана алады.

CLIL дегеніміз не? Егер біз бұл тұжырымдаманы қазақ тіліне аударсақ, онда бұл пәндік-тілдік интеграциялық оқытудан басқа ештеңе емес. CLIL - бұл пәндер шет тілдерінде оқытылатын оқыту әдістемелерін сипаттайтын термин. CLIL екі мақсатты көздейді, атап айтқанда, тақырыпты шет тілі арқылы және шет тілін пән бойынша оқыту. CLIL әртүрлі білім беру контексттерінде - балабақшаның үлкен тобынан жоғары білімге дейін қолданылады. CLIL білім беруінде шет тілін пайдалану білім мақсаттары мен алдына қойылған мақсаттарға байланысты. CLIL - бұл әртүрлі білім беру контексттерінде қолданылатын бірқатар тәсілдерді біріктіретін «қолшатыр» термині. CLIL-ты жүзеге асырудың әртүрлі әдістерін сипаттайтын бірқатар терминдер бар, мысалы: толық тілді меңгеру, «тілдік душ» және т.б. CLIL әдіснамалық тәсілінің негізгі қағидаттарын айқындаған кезде, төрт еуропалық елдерде мәдени және лингвистикалық ортаны қамтитын

және негізгі және білім беру проблемаларын шешуге бағытталған төрт негізгі аспект бар. 4 аспекттердің әрқайсысы студенттердің жасына, әлеуметтік-лингвистикалық ортаға және CLIL-дегі меңгеру дәрежесіне байланысты түрлі жолдармен жүзеге асырылады. Тілдік интеграцияланған оқыту қағидасын пайдалану идеясы шет тілін білу деңгейіне қойылатын талаптардың көбеюіне байланысты, оны зерттеуге арналған уақыт. Бұл мәселе барлық елдердегі мұғалімдерде кездеседі.

Қолданған әдебиеттер:

1. Л.Т. Нұрақаева, З.К. Шегенова. Назарбаев Зияткерлік мектептерінде пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін қолдану: Астана, 2013ж
2. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі » атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008.
3. Marsh, D (Ed) (2002) Content and Language Integrated Learning (CLIL). A Development Trajectory.
4. Maryshkina T.V., Kalizhanova A. N. Possibilities of mechanisms of bilingual education for the formation of trilingualism // Филологический аспект: международный научно-практический журнал. – Нижний Новгород: Научно-издательский центр «Открытое знание», 2018

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЭЛЕКТИВТІ КУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ермет Дәулет Маратұлы

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
магистранты**

(Қазақстан, Түркістан),
e-mail: ermet.daulet@mail.ru

Қазіргі күнде қоғам дамуының ең маңызды заңдылығы халықтардың жақын араласып, олардың өзара қарым-қатынасының күшеюі және әлемнің жаһандануы болып есептеледі. Бұл жүйелер қоғамдағы қолданылып жатқан барлық салаларына әсер етіп, олардың біршама өзгеріске ұшырауына, яғни атап айтар болсақ адамзат үшін ең маңызды орында тұратын білім беру саласыны жаңғыртуға себеп болады. Білім беру жүйесі қазіргі уақытта адамның өзіне бағалауының және дамуының алғы шарты болып табылады. Адамзат өмір бойы ізденіп білім алуға ынтылу керек. Қазіргі таңда білім беру жүйесі кез-келген маманның бәсекеге қабілетті болуын және өз мамандығын жоғары деңгейде меңгеруді талап етеді. Сонымен қатар ағылшын тілін табысты меңгеру маңызды болып отыр, бұл ретте шет тілдік қарым-қатынасты оқытудың мақсаттары және сол мақсатқа негізделген міндеттерінің дұрыс орындалуы табысты нәтиже көрсетеді. Заманауи әдістерді өз орнымен қолдану бұл болашақ мамандар үшін өте маңызды өйткені ағылшын тілін жоғары деңгейде игеруге мүмкіндік береді.

Элективті курстар оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуда сонымен қатар ағылшын тіліне деген ынталарын артыруға үлкен пайдасын тигізеді. Қазіргі таңда білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік сондықтан да элективті курстарға қатысқанда тіл үйренушілер тарапынан курстың жаңашылдығына, дамыған деңгейіне назар аударылады. Себебі, дәл қазіргі білім беру жүйесі ғылыми жаңалықтар мен терең ізденістерді талап етеді. Шет тілін оқыту барысында білім алушылардың айрықша белсендігін, ойлау қабілетін, ізденісін дамыту үшін

сабақтың әртүрлі типтерін ұйымдастыру қажет. Ағылшын тілін оқыту барысында білім беру бағдарламаларында элективті курстарды қолдану өте тиімді. Сонымен бірге ағылшын тілін дамытуға және тереңдетуге бағытталған мамандықтардың бейіні бойынша ағылшын тілінде элективті курстарды ұйымдастырудың негізін даярлау және оның тиімділігін тәжірибе жүзінде тексеру өте маңызды. Білім беру жүйесіндегі элективті ағылшын тіліндегі курстарының мәнін ашып, мамандыққа сәйкес элективті курстарды ұйымдастырудың негізгі әдістемелік ережелерінің нақтылануында және элективті курстар арқылы тіл үйренушілердің оқудағы іс-әрекетін дамытудың теориялық жолдарын қарастырды. Сонымен қатар тіл үйренушілердің мамандыққа деген даярлығының тиімділігімен оның сапасын арттыруға бағытталған элективті ағылшын тілі курсы ұйымдастыруға арналған. Осындай курстарға деген сұраныс әртүрлі мамандықтар арасындағы халықаралық арақатынастардың үнемі жоғары деңгейде дамып жатқанымен дәлелденіп отыр.

Әйгілі ғалым В.В. Давыдовтың ойынша оқу жұмысы зерттеу барысында орындалады сондықтан зерттелген ғылыми теория өзгермейді сондықтан оқушылар теорияны зерттеуге араласпайды. Әйтседе теориялық жұмысты зерттеу барысында оларда әртүрлі түсініктер пайда болады. Көп жағдайда оларда жаңа теория қалыптастыруға, өзгерістер енгізуге ой қалыптасады деп атап өткен [12].

Элективті курстарды ұйымдастырған кезде аса көңіл бөлетін жағдай уақыт есебі. Курсты жүргізу барысында мұғалімге үлкен жауапкершілік артылады. Мұғалім курстың басталу, аяқталу мерзімімен қатар, аралық нәтижелерді анықтайтын уақытты анықтау қажет. Аралық тексерулердің нәтижесінде оқушылардың жіберген қателіктерімен, кемшіліктері, курс барысында кездескен қиындықтар анықталып, үлгермей көп қателіктер жіберілген түстарға түзетулер енгізіледі. Сонымен бірге оқушыларға өз уақыттарын тиімді пайдаланып, жақсы нәтижеге қол жеткізуге үйретуге бағыт көрсету мақсат етіледі. Оқушылар жақсы нәтижеге қол жеткізе алса ол өздері үшін де мұғалім үшін де үлкен жетістік болмақ. Ұстаздардың оқушыларға қалыптастырған өзара қарым-қатынасы, олардың бір-бірін тыңдай білуі, бірлесіп оқулары, үйрену мәдениетіні қалыптасуы, элективті курстың жүргізілуінің негізгі басты әрекеті ретінде қарастыра аламыз. Элективті курстарды ұйымдастыру барысында оның кезеңдерін анықтап, нәтижесін белгілеп, сол қорытындыға сәйкес бақылап оны бағалауды қажет етеді. Осыған орай жүргізілген барлық кезеңдерде дәстүрлі басқаруға сай емес өзгерек жұмыс түрлерін пайдалануға болады.

Кезеңдерде жүргізілетін жұмыстарға тоқталып өтсек:

1. Дайындық кезеңдері

Бұл кезеңнің мақсаты жалпы педагогикалық ұжымның мотивациялық дайындықпен қамтамасыз ету болып табылады. Ал осы мақсатқа негізделген мазмұнға келетін болсақ

- Педагогтардың мотивациялық даярлықтарының деңгейлерін қамтамасыз ету керек болады.
- Ақпараттық базалары төмендегідей жинақтаймыз:
 1. Жаңалықтар базасы жасалады яғни бұл білім беру саласында болады;
 2. Тақырыптарға сай семинар өткізіледі, жаңа әдістер талқыланып, әдебиеттер тізімімен жұмыс жасалынады;
 3. Педагогтардың семинарға толық қатысуларын қамтамасыз ету ұйымдастырылады.
- Мекемелердегі таңдалған ғылыми жетекшілерімен кеңесіп, өзара ақылдасып, жоспар құрып сол жоспар негізінде дұрыс бағытта дұрыс жасау қажет болады.
- Ақпараттық және инновациялық әдістер педагогтардың қажеттіліктері бойынша іріктеліп алынады.
- Педагогтардың өз пәдері бойынша әдістерді дұрыс аңдап алып оқушыларымен жұмыс жасауға жағдай жасалынады.
- Таңдап алынған әдістері ойынша болжам жасалып нәтижесі қарастырылады.

- Білім алушыларға және олардың ата- аналарымен жұмыс жасалып жақсы нәтижеге қол жеткізуге жан-жақты мүмкіншіліктерді қарастырады.

2. Екінші кезең бұл ұйымдастыру кезеңі деп аталады.

Бұл кезеңнің мақсаты педагогтардың ақпараттық мүмкіндіктерін дамыта отырып даярлық жұмыстарын жүргізу.

- Зерттеу жүргізу мақсатында ғылыми кеңесшілер тобы құрылады;
- Арнайы семинар және тренингтер педагогтардың әдістемелік ғылыми ақпараттық ілімдерін дамыту есебінде жүргізіледі;
- Зерттеу тақырыптары бойынша ғылыми жұмыстар жасалынады;
- Педагогтарды қызықтыру мақсатында ынталандыру жоспарлары құрастырылады;
- Қорытынды бөлімінде қорау жүргізіледі арнайы шығармашылық есеп дайындалып, слайттар жасалынады.

3. Үшінші кезең бұл жүзеге асыру деп аталады.

Бұл кезеңнің мақсаты жасалынып отырған жұмыстардағы өзгерістерді жүзеге асыру.

- Ұжымның ақпараттық технология мүмкіндіктеріне дайындығы бойынша зерттеу жүргізу;
- Келесі семинарға дейін қолданылатын әдістерді талдау және қорытындыны жаса талдау;

4. Төртінші кезең бағалау кезеңі

Бұл кезеңнің мақсаты қорытындыны бағалау кезеңдері және оның көрсеткіштері.

- Жаңалыққа педагогтардың көз қарасы және оны қабылдаулары қарастырылады;
- Шығарылған жаңалықты игеруге даярлықтары;
- Шығармашылық белсенділіктері
- Өзара қарым-қатынастары
- Ұжымның ақпараттық технологияларды дамытып жалғастыруға даярлық жасау [2].

Элективті курстарды қолдану барысында жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін төмендегідей жұмыстар атқарылуына аса мән беруіміз қажет:

- 1.Білім алушылармен жеке, топпен, жұппен жұмыс жасаған дұрыс;
- 2.Элективті курстың арнайы жоспары, аралық қорытындылары, нәтижесі болғаны дұрыс;
- 3.Жұмыс кезеңдерінің дұрыс нәтиже шығаратын әдістердің қолданылуы;
- 4.Алға қойған мақсаттарды анықтау және оған негізделген міндеттерді таңдау;
- 5.Таңтап алынған міндеттердің болжамы жасалуы керек;
- 6.Өртүрлі зерттеу әдістері талқыдан өткізіледі;
- 7.Көрсетілген нәтижелерді жинақтап, оларды жүйеге келтіріп, талдау жасалынады;
- 8.Ең соңғы нәтижені анықтап оның рәсімдеу тәсілі анықталады;
- 9.Анықталған нәтижені рәсімдеп, қорытындылау қажет болады;
- 10.Ең соңында қорытынды жасалып, жаңа зерттеу мәселері анықталады.

Элективті курстардың материалы негізінде қалыптасқан шеберлікті әр оқушы әртүрлі қарқынмен меңгереді. Ал сол нәтижені бағалау да міндет тұрғысынан емес, оқушының мүддесі тарапынан іске асады.

Элективті курстарды ұйымдастыру барысында топпен жұмыс жүргізу өте маңызды. Атақты ғалым Д.Б. Элькониннің тұжырымы бойынша достыққа негізделген қарым-қатынастар оқушылардың тұлға болып қалыптасуына әсер етеді өйткені олар бұл іс-әрекет арқылы жеке тұлға болып таңдау жасап әрекет ете басайды. Бірақ, белгілі бір мақсатқа негізделмеген мазмұнсыз қарым – қатынас, өзара әңгімелесу, олардың бір – бірімен коммуникациялық қарым – қатынасты тиімді дамытпайды. Егер, топ белгілі бір мақсатқа сай бір идея негізінде проблеманы шешуге әрекет етіп, оны жүзеге асыруға ұмтылғанда ғана өзара достық, сыйластық, түсіністік орта қалыптасады. Ал ешбір мағынасыз, еш

қажеттіліксіз жиналып, қарым – қатынасқа түсетін, қараусыз топтар өз ішінде бір- бірімен келіспеушілікте болса, қарама – қайшылықтар болуы мүмкін. Топпен жұмыс барысында топшілік бірлескен жұмыс атқарудың ережесін орындауда қажет. Кез-келген коммуникацияның белгілерін құрайтын қағидалар болады:

- Бір оқушы сабақ айтқанда басқалар тек тыңдаушы болады;
- Ой бөлісу тапсырмаларын орындаған кезде бір- бірін сынауа болмайды;
- Пікір айтушының ойы нақты және түсінікті болу керек;
- Кез-келген пікір айтушыға түсіністікпен қарап ойын қорытындылай білу қажет;
- Қандай жағдай болып жатсада бір-бірінің намысына тиетін сөздер айтылмай ойды дұрыс жағынан түсіну керек;
- Пайдаланылған деректерді толық түсінтіріп берілу керек.
- Пікірталас барысында барлық оқушыларға сұрақ қою мүмкіндігі беріледі және сол сұрақтарға жауап беруге тырысу керек [3].

Техниканың және ғылымның жылдам дамыған заманында ақылдың, ойдың мүмкіншіліктерін дамытып, оны барынша жоғары деңгейде көрсете білу біздің алдымыздағы басты міндетіміз. Білім беру жүйесінде құзыреттілікке бағытталған жолдарды тиімді ұйымдасрудың мән-мазмұнын анықтап, тиімді болған әдістерді құрастыру және оны дұрыс меңгеру арқылы жүзеге асырылатын болады. Сондықтанда зерттеліп отырған әрекеттің ғылыми негіздерін игере отырып оның оқу үрдісіндегі орнын және ролін оқушылардың әртүрлі дағдыларын дамытуға тигізетін ықпалын анықтай отырып, білім беру барысында жаңа нәтижелерге қол жеткізу және қалыптастыру маңызды мәселе екені сөзсіз.

Қорыта келе айтарымыз білім – өркениеттің өлшемі де, тетігі де. Кез келген мемлекеттің рухани жағынан да, әлеуметтік-экономикалық жағынан да өлшенуі сол жерде тұратын халықтың білім деңгейіне байланысты. Ғалымды танудың кілті ғылым болса, ол ғылым негізгі білімде жатыр. Ал білімнің іргетасы орта мектепте қаланады. Жаңа ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту мектептен басталып, жеке орта және жоғары оқу орындарында жалғасын табуда. Өйткені, кешегі оқушы – бүгінгі оқытушы, бүгінгі оқушы – елді өркениетке жеткізетін ертеңгі маман. Білім беру жүйесінің сапасы және оқу-әдістемелік кешеннің қажеттілігі болашақ мамандар үшін өте қажетті дүние.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В.В.Давыдов «Проблемы развивающего обучения»: – М.: Педагогика, 1986. – 240 с.
2. С.М. Бахешева « Педагогикалық жүйелерді басқарудағы жобалау және оның ғылыми - теориялық негіздері» монография. – Алматы, 2009.
3. Б.Д. Эльконин «Кризис детства и основания проектирования форм детского развития //Вопросы психологии. – 1992.- №3,4.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚЫТУДАҒЫЖАҢАӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Абильдаев Мейрамбек Токмырзаевич

Қызылорда гуманитарлық-экономикалық колледжі, Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, экономика ғылымдарының магистрі, жоғары санатты оқытушысы

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өскелең өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаматтықпен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тіліншексіз сүйетіндей етіп дайындауға әрбір ұстаз міндетті.

Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі де елімен бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгін арқалаған ауыр болса да – абыройлы, күрделі кезеңін жүріп өтті. Ендігі мақсат тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын, өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ.

Егеменді Қазақстанның болашақ потенциалын оқытып – тәрбиелейтін мұғалім – шығармашыл, жан-жақты білімді, парасатты, мейірімді, сезімтал, интеллектуалды, мәдениетті, кәсіби шебер, ізденімпаз, ғылыми зерттеуші болса, онда жекетұлғаға қойылатын мынадай талаптар: креативтілік, белсенділік, жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдылығы алдыңғы орынға шығады.

Қазіргі жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған негізгі проблемалар:

1. Баланы оқи білуге үйрету;
2. Баланы ойлауға үйрету;
3. Баланың өзін-өзі тұлғаретінде дамуына жағдай жасау.

Білім беру мақсаты — келесі негізгі кең ауқымды дағдыларға бағытталады:

- білімдерді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- сыни ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану;
- әртүрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану;
- топта және жеке жұмыс істеу ептілігі;
- проблемаларды шешу және шешімдер қабылдауға ие оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуымен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру.

Педагогикалық әдіс-тәсілдер

- құндылықты-бағдарланған;
- әрекетті;
- тұлғалық-бағдарланған;
- кіріктірілмелі;
- коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымымен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады. Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде ақпараттық коммуникация тәсілдерін қолданудағыларында мытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасадy, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жағдайларға қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. Ақпараттық-коммуникация тәсілдері оқушы білімінің, олардың тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған біліммен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Оқыту әдіс-тәсілдері:

Құндылықты-бағдарланған тәсіл-

оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді.

Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отан сүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білімалу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл— педагогтің назары оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақылойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық қышандарымен дамуды мүмкіндіктерімен қосаруға ниеттенуі туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл— оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл— бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларындамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкестілдік қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл— оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әртүрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара іріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бастауыш білім беру мазмұнына ортақтақырыптардың енгізу әртүрлі пәндік салалардан білімдерді іріктіруге және соларқылы алынатын білімдердің функционалдығына қолжеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі— зерттеушілік әрекет дағдыларындамытуға, ғылым таным мәдістері мен танысуға жәрдемдеседі, оқушылардың танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс— үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action- әрекет дегенді білдіреді) Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қолжеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты – текақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табаудағы сынмен қертуде екендігі мен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты – білу емес, үйрену білу

- өзіне деген сенімге тәрбиелейді
- шешендік көнерін жетілдіреді
- танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын)
- сыни ойлаудағыларындамытады
- өз пікіріне деген құқығын түсінуі артады

Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – естесің, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жекере рефлекциялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеяларымен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігімен жаңатүсінікпен білім құрастыру;

- пікірталастарға қатысып, өз ойымен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік

таныту. Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлік көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет,

күжаттар, мұражайт.б.)

- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнамат.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді естесактау қажет:

- Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.
- Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін—өзі көрсетуіне жол беру.
- Кабинет талап қасай болуы қажет.
- Жұмыс орнына назараудару қажет. Оқу орнының ғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.
- Оқу барысында дағдыға және уақытқа назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау. Интерактивті әдістеме өзара қарым–қатынастың молауқымын қамтиды.

Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесі барысында мынадай қарым–қатынас қатүседі:

- Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
- Өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында)
- Шағын топтармен (3-5 баламен);
- Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып пәлде бір мәселені талқылау

барысында);

- Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
- Кейбір техника түрлерімен (мысалға, компьютермен);

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуға белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңарту және критериялды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерін анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңашатүсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқтыт.б.

Мен өз сабақтарымда әсіресе, жаңартылған білім мазмұны бойынша сабақ өткіземін. Өз сабақ тарымда қазақ тілінің дағдыларын смарт мақсат қасай орындап отырамыз. Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда топтыккінемесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады. Оқыту барысы пікірталасқан егізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді.

Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің аңғаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілгендігі байқалады.

Дәстүрлі оқыту барысында сабаққа бір ғана мақсат қойып, бірыңғай талап етілсе, жаңартылған білім бағдарламасы оқушыларды саралауға мүмкіндік береді. Белсенді оқу арқылы әр оқушының жеке қабілеттерін, шығармашылығын, ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Сондықтан оқушыларға осы дағдыларды барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі – осы дағдыға ерекше назар аударып отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жаттығуларды біртіндеп енгізу болып табылады. Мысалы, тақырыпты талқылау тиісті лексиканы қолдануды көздейді, соларқылы оқылм бойынша тапсырмаға қызығушылық туғызады, осыдан кейін оқу негізінде жазбаша тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы – аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал көрсетуге болады, содан кейін пікір талас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады. Бейнематериал көргеннен кейін оқушылар бейнематериалға қатысты өз ойларын білдіріп, ойды тұжырымдайды және қазіргі өмірмен байланыстыра отырып талдау жасайды.

Сонымен қатар, қарым-қатынас жасау тәсілі тілді жай ғана пайдаланып қоймай, тілдесуге арналған мақсатты қамтамасыз етеді. Қарым-қатынас жасаудың мақсаты, айталық, бірнәрсе туралы белгілі бір фактіні анықтау үшін сұхбаттасу немесе әңгімені тыңдап, содан кейін мазмұнын айту болуы мүмкін.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің колледжінің қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеледі.

Негізі, ұстаз ол – ұлы тұлға. Сол себепті ұлы тұлға өз бойындағы білімін, кішіпейілділік қасиетін, алдында отырған шәкірттерінің кем дегенде сексен пайызының бойына дарыта алмаса ол ұстаз немесе мұғалім қатарына саналмайды.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұовтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанынан ұрқұялады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай, ендеше біздің мақсатымыз – оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оларды болашаққа жетелеу.

Сөз соңында айтарым, «Білімді ұрпақ-ұлт болашағы» - дегендей білімді ұрпақ тәрбиелеуде әрқашан шаршамай, талмай еңбек ете берейік!.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012 ж. [6, б. 13].
2. ҚР Орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016 ж.
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016 ж.
4. Жанпейісова М. М. Технология модульного обучения, 2012 ж. [24, б.].

5. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

6. Б.А.Тұрғанбекова«Мұғалімніңшығармашылықәлеуетінбіліктіліктіарттыру жағдайындадамыту: теорияжәнетәжірибе»Алматы-2015. [48-52,б.].

7. Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарынакірустратегиясы». – Егемен Қазақстан газеті.19/І-2016. №16.

СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ТЕОРИЯ, МЕТОДИКА И ПРАКТИКА

Естаева Бахыт Муханбетжановна

Преподаватель Кызылординского гуманитарно -экономического колледжа

На сегодняшний день образование становится непрерывным и главным открытием в новом мире, что требует от современного учащегося обучения на протяжении всей жизни.

Образовательная система является важнейшей частью любого общества.

В современном образовании довольно много методов и приёмов для работы с детьми.

Методы обучения – понятие сложное и неоднозначное.

Многие ученые так и не пришли к единому мнению и толкованию этой педагогической категории, но,несмотря на это, всё же можно отметить и нечто общее, что сближает точки зрения. Речь идет о том, что в последнее время большинство авторов склонны считать метод обучения способом организации учебно-познавательной деятельности учащихся.

Современные методы обучения можно разделить на три главные группы: пассивный, активный и интерактивный.

Пассивный – это метод, когда учитель управляет уроком, а дети слушают лекцию и записывают материал в тетрадь.

Активный – это метод, когда учитель и ученик взаимодействуют на равных и ведут диалог, беседу, дискуссию, а интерактивный– ученики взаимодействуют с учителем и с одноклассниками (например, работа в группах, защита проекта и прочие).

1. Информационно – коммуникативные технологии (презентация).

Использование компьютерных технологий позволяет сделать урок более интересным, мобильным, а главное современным. Используется практически любой материал, нет необходимости готовить к уроку огромные энциклопедии или репродукции – всё это уже заранее готово и содержится на маленьком компакт-диске.

В презентации можно использовать всё необходимое для урока, включая аудио или видео – сопровождения.Это способствует осознанному усвоению знаний учащимися на любом уроке. Применение ИКТ на уроках усиливает положительную мотивацию обучения, активизирует познавательную деятельность обучающихся.

В начальной школе практически все учителя используют презентации на всех этапах урока: при объяснении нового материала, закреплении, повторении, контроле, при проведении внеклассных занятий и другое. Ребёнок жаждет получить новые знания, тем самым становясь творческой, настойчивой и трудолюбивой личностью.

Таким образом, мы можем сделать вывод, что использование современных технологий в образовании способствуют у учащихся формирование интеллектуальности, креативности и самостоятельности.

2. Объяснительно – иллюстративный метод и раздаточный материал.

В этом методе обучения я использую иллюстрации или схемы и раздаточный материал к ним, чтобы облегчить детям усвоение темы, так как иногда одного учебника и рабочей тетради недостаточно. Далее мы выполняем задания на индивидуальных картах, опираясь на иллюстрацию и обсуждением содержание темы урока.

Также раздаточный материал помогает закрепить пройденную тему урока.

В процессе закрепления сосредотачивается внимание на главных пунктах материала.

В таком методе обучения удобно получать обратную связь, информацию о том, насколько успешно поняли учащиеся объяснение.

Такой анализ помогает подобрать соответствующие виды упражнений, заданий и самостоятельных работ для овладения учебным материалом.

Следовательно, преподаватель самостоятельно принимает решение о выборе конкретного метода обучения или их сочетании для проведения учебного занятия. [1]

Новые приоритеты в образовании побуждают учителей к поиску новых современных и эффективных технологий преподавания, позволяющих достичь более высоких результатов обучения и воспитания, применять новые образовательные технологии в учебный процесс.

Задача учителя — помочь ребятам найти себя в будущем, стать самостоятельными, творческими и уверенными в себе людьми.

Если взять советские времена, то в цене были узкие специалисты. Тогда информация добывалась с трудом, технологии не менялись десятилетиями. Как правило, человек работал на одном месте всю жизнь.

Сейчас «узкие» знания можно получить в интернете за несколько минут.

Технологии постоянно обновляются. Поэтому «узкий профессионализм» перестает быть преимуществом, а иногда начинает мешать успеху человека на рынке труда.

Поэтому сейчас от нас требуется тотальная перезагрузка.

За последнее десятилетие мобильные технологии изменили подход к обучению, сделали его более комфортным и быстрым.

Мобильное обучение подразумевает использование мобильной технологии — как в отдельности, так и совместно с другими информационными и коммуникационными технологиями — для организации учебного процесса вне зависимости от места и времени.

Обучение может принимать различные формы: с помощью мобильных устройств учащиеся могут получать доступ к образовательным ресурсам, связываться с другими пользователями, создавать контент в учебном классе и за его пределами.

Мы все чаще просматриваем веб-сайты с мобильных устройств, а компании идут нам навстречу, создавая специальные «мобильные» версии сайтов.

Мобильные устройства дешевеют, количество их пользователей растет, и, как следствие, растет потребность в мобильных материалах. Более того, меняется отношение педагогов к мобильным устройствам.

Где применяется мобильное обучение?

Технические и функциональные возможности мобильного обучения могут применяться:

- для изучения нового материала (доступ к электронным учебникам и воспроизведение аудио- и видеофайлов расширяют возможности образовательного процесса, в особенности для обучения языковым предметам и творческим специальностям);
- для проведения тестирования, письменных работ и самостоятельного контроля знаний;
- для организации совместной или проектной работы (мессенджеры, командные онлайн-доски, облачные хранилища, а также вебинары в системе курса позволяют быстро и эффективно обмениваться информацией). [2]

Современный мир меняется с бешеной скоростью, и не похоже, что он сбросит темп в ближайшее время.

Качественное образование – это главный ресурс человека, который обеспечит ему способность свободно и эффективно действовать в новых условиях, свободно выбирать.

Качество образования “задает” качество жизни человека и общества.

И наша с вами задача – и совместно, и каждому - искать пути повышения качества образования, ведь качество образования это – итог деятельности нашей с вами работы.

Любое новшество в образовании, любая новая образовательная методика должны последовательно пройти несколько стадий: анализ, проектирование, развитие, внедрение и оценка. Только такой подход к образованию позволит создать по-настоящему качественное обучение. [3]

Некоторые учителя, используют игровой подход в действии используя различные онлайн игровые платформы. Развитие онлайн- и мобильных технологий открывает возможности для персонификации обучения.

Правильный подход к обучению и воспитанию - еще одна актуальная тенденция современного образования.

Нельзя обойти стороной самую интригующую тенденцию, имя которой - творческая среда. Любой уважающий себя педагог понимает, что монотонные лекции и «палочная система» уничтожают даже в талантливом ученике стремление к знаниям.

Для выявления скрытых способностей учащихся, а так же для создания нормальной рабочей атмосферы в классе необходимо поддерживать особый интеллектуальный и психологический микроклимат, который поможет учащимся активизироваться, раскрыться и без лишнего стеснения энергично участвовать в освоении материала. Такой подход поможет ученику безболезненно пройти стадию индивидуального развития, а так же получить удовлетворение от результата. Именно творчество способствует получению положительных эмоций от образовательного процесса.

Творческая среда способствует развитию анализа и осмысления.

Информативная и воспроизводимая формы обучения больше не актуальны.

Сегодня образование требует применения элементов определения и расширения проблем, научного поиска, индивидуальной деятельности, взаимодействия учеников.

Необходимо перейти от воспроизведения к пониманию и осмыслению, применяя полученные знания на практике. Важно давать ученикам возможность самореализации и самоорганизации, ведь это именно то, что требует время и сложившаяся ситуация.

В прочем творческий, креативный подход ожидается не только от учеников, но и учителей. Об этом гласит тенденция - применения мотивации и собственных педагогических методик. Соблюдая определенные общие правила, педагог должен сделать свой предмет оригинальным, интересным, таким, который может привлечь ученика новой формации.

Непрерывность образования - важная тенденция, способствующая углублению знаний и достижений в образовании и воспитании. Она помогает накапливать и совершенствовать полученные знания на протяжении всей жизни. [4]

Я считаю, что на уроках необходимо применять современные обучающие технологии в учебный процесс. Они позволяют разнообразить формы и средства обучения, повышая тем самым творческую активность учащихся.

Таким образом, можно сделать вывод о том, что в настоящее время существует огромное количество возможностей для обучения. Научить современных детей сложно, ведь довольно часто мы сталкиваемся с телефонной зависимостью ребёнка, нежеланием учиться, ленью. Применяя эффективные методы обучения, и основываясь на взаимосвязи учителя и ученика, можно добиться успехов. Учить ребенка радостно, без принуждения – возможно, если в своей работе педагог использует обучающие технологии.

Нужно учить детей добывать информацию, понимать её и применять на практике.

А для этого требуется колоссальный труд по подготовке не только новых учебников для учеников и пособий для учителей, но и самих педагогических работников.

Даже при большом желании, мы не в состоянии охватить все тенденции в современном образовательном процессе, ведь ситуация в мире стремительно меняется.

Это связано со многими причинами, от научно-технического прогресса до пандемии 2020 г. Сегодня мы вынуждены противостоять серьезным вызовам времени, и образование одна из важнейших сфер деятельности человека, которую необходимо непрерывно актуализировать, развивать, в соответствии с последними тенденциями науки, культуры и реальной жизни.

Источники и список литературы:

1. https://studopedia.ru/1_95413_sovremennogo-obrazovaniya.html

2. <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2019/08/30/sovremennye-metody-obucheniya>
3. <https://nsportal.ru/shkola/istoriya/library/2019/10/13/statya-sovremennoe-obrazovanie>
4. РАЗВИТИЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ: сборник статей Международной научно-практической конференции. – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». – 2021. – 140 с.

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Алимкулов Нурболат Дуненбаевич

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«Құрылыс колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Қазіргі білім беру жүйесі адамдардың мақсаттарын өзгертті және білім беру бағдарламаларына дағдылардың барынша кең тізбесін енгізді. Мектеп балалардың танымдық және әлеуметтік-эмоционалды дамуының бір-бірінен бөлінбейтінін ескере келе, олар үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Білім беру сапасы саласындағы халықаралық зерттеушілердің назарындағы мәселе – уақыт сұранысына сәйкес білім беру мазмұнын, оқыту әдістері мен нысандарын, білім беру нәтижелерін бағалауды жүйелі түрде жаңарту. Білім сапалы түрде уақытында игерілмесе, кейінгі берілер жаңа білімге кері әсерін тигізеді. Оқушылар терең білім алуы үшін сабаққа белсенді қатысуы керек. Алған білімдерін одан әрі үздіксіз дамытып отыруы болашағының жарқын болуына кепіл болады. Сонымен қатар, осы мақалада талқыланатын дағдылар ерте балалық шақта қалыптасады және оқушы олардың дамуына қолайлы ортаға неғұрлым ертерек түссе, соғұрлым жақсы болады.

Барлық елдердің арасында адамдардың бойында бәсекеге қабілеттілігін ұзақ уақытқа әрі тиімді қалыптастыратын стратегия – білім беру болып есептеледі. Ол ХХІ ғасырда негізгі дағдыларды дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған. Белгілі бір бағыттағы осы дағдылардың әр түрлі конфигурациясына, ғылым, технология және тағы басқа салаларда орын алған өзгерістерге қарамастан, адамзат табысты болу үшін негізгі құзіреттер жиынтығы тұрақты болып қалыптасқан. Осыған орай, кез-келген білім дағдысына аса көңіл бөлу – қазіргі күнгі міндеттер қатарын толықтыратыны анық.

Цифрлық дәуірде жас ұрпақты күрделі, өзгермелі әлемде өмір сүруге дайындау және оған көмектесетін құзыреттерді қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Ал осы құндылықтарды бала бойында қалыптастырып, дамуына ықпал ететін, дұрыс тәрбие, сапалы білім беретін тұлға – мұғалім. ХХІ ғасырда өмір сүріп, азамат болуға, еңбек етуге дайындау оңай міндет емес. Қазіргі заманда жаңа технологиялардың, көші-қон, нарықтық өзгерістердің, саяси қауіп-қатерлер мен экологиялық проблемалардың орын алуы оқушыларға қажет болатын білік, білім, дағдыларды дамытуды талап етеді. Мұғалім қалай оқыту керек?

1) Оқытудың өзектілігін арттыру. Оқу бағдарламалары пайдалы іске асырылуы үшін оқушылардың өмірімен тығыз байланысты болғаны жөн. Мұғалім трансмиссиялық оқыту, жаттанды деректерді пайдаланатын болса, оқушылар ақпаратты тек бақылау жұмыстарын тапсыру үшін есте сақтап, кейін оны тез ұмытады, қажет болса ғаламтордан іздеп тауып алады. Бұндай жұмыс оқушылардың бойында ХХІ ғасыр дағдысын дамытуға кедергі келтіреді. Бағдарламаны өзекті ету үшін мұғалімдер басқа да тақырыптарға негіз болатын, пәндік зерттеулерде маңызды орын алатын және білім алушылардан қолдау табатын негізгі тақырыптардан бастау керек. «Бұл тақырып оқушыларымыздың қызығушылығымен байланысты ма?»

Пән арқылы оқыту. Ғылым саласындағы сарапшылар білім алу процесі нақты және гуманитарлық ғылымдар, ана тілі, шет тілдер, математика, музыка, өнер секілді пәндер арқылы жүргізілуі тиіс деп есептейді. Говард Гарднердің пікірі бойынша, оқушыларға адам өміріндегі қазіргі және алда болатын қиындықтар, проблемалар және мүмкіндіктер туралы білім қажет. Сонымен қатар, оқушылар белгілі бір тақырып бойынша базалық біліммен танысу арқылы анықталған міндеттер, тапсырмалар мен проблемаларды тұжырымдап үйренуі керек. Ол үшін оқушылар деректерді жинақтау мен таңдау арқылы ақпаратты іріктеп, қорытындылай алғаны абзал.

1. Білімді тәжірибемен байланыстыруға ықпал жасау. Яғни, оқушылар бір пәннен алған білімдері мен дағдыларын басқа пәндерде де, өмірдің басқа салаларында да қолдана алуы қажет.

2. Балаларды оқуға дағдылау. Мектепте алатын білімі шексіз болғандықтан, оқушыларға өз бетінше оқуды үйрету қажеттілігі туындайды. Ол үшін оқушылардың оқу процесінің мағынасын түсінгені абзал.

3. Қате түсініктерге тікелей назар аудару. Мектеп жасындағы балаларға дәлелдеп, көздерін жеткізбейінше, олар шынайы әлемді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Сондықтан, қате түсінікті жеңу үшін жаңа білімді белсенді қалыптастыру қажет. Бұл дегеніміз – тақырыпты егжей-тегжейлі түсіндіру, оқушыларға тақырыпты мұқият тексеруге уақыт беру, оларды қате түсінік туралы әңгімеге тарту, т.б.

2) Ынтымақтастық қатынас бірлескен оқуды ұйымдастыруға көмектеседі. ХХІ ғасырдың маңызды дағдысы – ынтымақтасу қабілеті. Оқушылар сабақ барысында жұптық немесе топтық жұмыс жасаса, олардың коммуникативтік және метатанымдық дағдылары дамиды. Бұл – түсінбеген жерлерін дұрыс түсіндірудің, білімді жеңіл және терең меңгерудің тамаша тәсілі болып есептеледі.

3) Технологияларды пайдалану. Технологиялардың көмегімен сыни ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, алған білімді өмірде пайдалану, өзіндік ой-пікірді талдай білу, қателіктерді түзету, құрбы-құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеу сияқты жағдайларды ұйымдастыруға болады. Ал мұғалімдер технологияларды өз тәжірибелерін жетілдіру, олармен бөлісу, ақпарат табу мақсаттарында пайдаланады.

4) Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Креативтілік барлық салаларда жоғары бағаланады, себебі бұл қасиеттің көмегімен көптеген жұмыстарды орындауға, мәселелерді шешуге, әлеуметтік және адамның өзіндік дамуына ықпал ететін инновацияларды басқаруға болады. Шығармашылық туа біткен қасиет болмағандықтан, мұғалім оқушылардың бойында бұл қасиеттерді дамыта алады, сонымен қатар оны бала бойынан анықтап, қолдау көрсете алады.

Бәсекеге қабілетті болу – оқушының бойынан табылуы тиіс қасиет. Бұл қасиетті оның бойына құятын тұлға – мұғалім екенін білдік. Олай болса, бұл жолда ең бірінші іске асырылатын ұстаз ісі – оқушының бойына дағды қалыптастыру. Дағды – қайталау тәсілімен іске асырылады, яғни оқушының іс-әрекетті жасауда еш қиналмауы, оған машықтануы. Оқушы бойында дағдының қалыптасуы, оның кез-келген іске қабілетін арттырады. Сонымен қатар, алдына қойған биік мақсаттарды еш қиналмастан бағындыра білу, оқуға мейлінше ынталы болып, қызығушылық таныту, өз бетінше жұмыс жасай білу, мектеп бағдарламасынан тыс, белгілі бір тақырыптарды одан әрі терең ашып, үйренуге ұмтылу сияқты машықтар – Дамытудың басым бағыттары оқушының айқын бейнесін көрсететіндей. Алдындары тек мұғалім ие болған, атап айтсақ, өзіндік пікірі бар, сыни ойлайтын, әрқашан жоспармен жүру, кез-келген істе білімімен бөлісетін мұғалім ғана болса, қазір осы атаудың жанында оқушы ұғымы да қатар жүре алады. Бұрынғы оқушы – тек тыңдаушы, орындаушы, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға ретінде өзіндік көзқарасы бар, сыни ойлай білетін, өз білімін жетілдіруге мүдделі, өзінің алдына нақты мақсаттар қоя білетін, өз білімін кез-келген ортада іске асыра отырып, пікірін еркін жеткізе алатын болуы керек.

Ресейлік ғалым-педагог А.М.Кондаков негізгі құзіреттіліктерін ғана емес, сонымен бірге шындықтың өзгеру қарқынының өсуіне байланысты өзекті болатын жеке қасиеттерін

де бірінші орынға қояды. Ғалымның пікірінше, 2030 жылғы мектеп түлектері инновациялық мінез-құлыққа, сондай-ақ ХХІ ғасырда еңбек нарығында сұранысқа ие негізгі құзыреттердің жиынтығына ие болу қажеттігін айтады. Олар нені білуі қажет:

- өмір бойы білім алуды;
- ауызша және ауызша емес қарым-қатынастың әртүрлі түрлерін, математикалық сауаттылықты;
- шығармашылық, сыни ойлауды;
- басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды;
- саналы түрде тәуекелге баруды;
- тез өзгертін жағдайларға бейімделе білуді;
- басқа адамдарға, мәдениеттерге, пікірлерге толерантты және құрметпен карауды;
- өздерінің бойындағы күшті және әлсіз жақтарды дұрыс бағалауды;
- күрделі мәселелерді шешуді, көшбасшылыққа ынталандыруды атап айтуға болады.

Дамытудың басым бағыттарыбой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман деп тұңғыш елбасы айтпақшы, қазір білім, мәдениет, өнер сынды дүниелердің «бәсекеге» түскен кезеңі. Адамдар білек күшінен бұрын, білім күшін игере алуы тиіс. Білімді адамның жолы ашық, білімсіздің күні қараң, бұл – қазіргі заман талабы.

Бүгінде білімді боламын деген адамға ешқандай да кедергі жоқ. Ізденіп, талаптанған жанға ақылдының заманы болған соң бәрі де айқын. Ғаламтордан бөлек, ауыл, аудан, қала кітапханаларын студент болсын, оқушы болсын еркін пайдалана алатыны бәрімізге аян. Сондықтан да, Абай атамыз арсыз санаған ұйқы, һәм жалқаулықты сап тыю – біздегі басты міндет.

Цифрлық дәуір экономиканың барлық жақтарын жедел қарқынмен өзгертеді: адамдар мен бүкіл елдер арасындағы материалдық, зияткерлік және технологиялық алшақтық артып келеді. Осыған байланысты адамның белсенділігі, оның жағдайларға қатысты өзгертін күші, өзгерістерге бейімделу, үйрену және қайта даярлау қабілеті ерекше мәнге ие болады. Мысалға, оқушының қазақ тілін оқу арқылы тілдік дағдыларды сауатты қолдануын меңгеруін алайық. Оқушы осындағы қарым-қатынас құралы ретінде қолданып жүрген тілдің құрылымы мен бірліктерін теориялық тұрғыда оқып қарастырады. Функционалдық-коммуникативтік бағдарда тілдің танымдық, ақпаратты сақтау құралы ретіндегі қасиетін таниды. Ал әдебиет пәні арқылы шығармашылық тұрғыда ойлауды, креативті ойларын еркін жеткізуді, бағалау дағдыларын қалыптастыруды, салыстыру және талдау жасауды үйренеді. Әр нәрсеге ерекше мән беріп, оны түсіне алу – дағдының шарықтау шегіне апарар жол.

Адам өзінің өмір сүріп жатқан қиын ортасының сын-қатерлеріне жауап бере отырып, дамуын талап етеді: ақпаратты өз бетінше өндіру және сыни тұрғыдан бағалау, командада жұмыс істеу дағдыларын игеру, нәтижеге жұмыс істей білу және табысқа жете білу, көшбасшылық қасиеттерге, ерік-жігерге, жауапкершілікке ие болу. Яғни, қазіргі заманда жұмыс берушілерді қызметтің кез-келген түрінде табыстың кепілі деп танылған Soft skills («икемді» дағдылар) көбірек қызықтыра бастады. Қазіргі жастар жоғарғы оқу орнын бітірмей-ақ, өзінің көшбасшылық қабілеті арқылы табысқа жетуде. Мысал ретінде блогерлерді алып қарасақ болады. Бұл жерде білімнен гөрі өзіндік даму мен ерік-жігерлері табысқа жетелеп тұр. Яғни, адамдармен сенімді түрде сөйлесіп, өздеріне қаратып қызықтыра білу де – белгілі бір шыңға жетелейтін дүние.

Қорытындылай келе, Дамытудың басым бағыттарыдағдысын меңгерген оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру – бүгінгі педагогтардың басты мақсаты. Оқушылардың ауызша, жазбаша мәтіндерді сын тұрғысынан қолдана білуі, мазмұнды мәтін құрай алуы тәрізді іс-әрекетінен пән мазмұнын қаншалықты игергенін байқауға болады. Бәсекеге қабілетті, шығармашылық тұрғыда өз ойын еркін жеткізе алатын, тұлғаға бағдарланған құндылықтарды бойына сіңірген, кәсіби тұрғыда құзіреттілігін мектеп жасынан ала білген функционалды сауатты жеке тұлға – қоғам дамуының қозғаушы күші болып қала бермек.

ДУАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ (СЭНДВИЧ СИСТЕМА) В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА

Умаров Дониер Собирович

Туркестанская область, город Кентау

Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан Об утверждении Правил организации дуального обучения от 21 января 2016 года № 50. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 9 марта 2016 года № 13422.

Дуальная система по своей сути означает параллельное обучение в образовательном учреждении и на производстве. В основу обучения положен принцип взаимосвязи теории с практикой.

Дуальная модель обучения в Казахстане:

- 70-80% обучения проходит на производстве;
- 3-4 дня в неделю студент учится на предприятии и 1-2 дня в колледже;
- Учебные программы: 1/3 общеобразовательные дисциплины и 2/3 предметы по специальности;
- Срок обучения варьируется от 2 до 3,5 лет;
- Основные затраты по обучению несет предприятие.

Договорные отношения:

- По окончании обучения по учебным программам профессиональной подготовки, студент сдает квалификационный экзамен.
- По результатам квалификационного экзамена выдается сертификат от работодателя.

Преимущества дуального обучения:

- Обеспечивается высокий процент трудоустройства выпускников, так как они полностью отвечают требованиям работодателя;
- Обучение максимально приближено к запросам производства. Примечательно, что участником дуального обучения может быть самая маленькая компания;
- Достигается высокая мотивация получения знаний, формируется психология будущего работника;
- Получила мировое признание;
- Наиболее распространенная и признанная форма подготовки кадров, которая комбинирует теоретическое обучение в учебном заведении и производственное обучение на производственном предприятии.
- устраняет основной недостаток традиционных форм и методов обучения - разрыв между теорией и практикой;
- воздействие на личность специалиста, создание новой психологии будущего работника;
- создает высокую мотивацию получения знаний и приобретения навыков в работе, т.к. качество их знаний напрямую связано с выполнением служебных обязанностей на рабочих местах;
- Заинтересованность руководителей соответствующих учреждений в практическом обучении своего работника;
- Учебное заведение, работающее в тесном контакте с заказчиком, учитывает требования, предъявляемые к будущим специалистам в ходе обучения;

Недостатки дуальной системы образования:

- С мотивацией обучения на предприятии может снижаться качество образования;
- Рабочие программы не всегда согласованы с сезонной последовательностью выполняемых работ на производстве;
- Образовательная организация не всегда может вовремя преподать необходимый предприятиям учебный материал;

- Недостаточная готовность предприятий к обучению — вследствие этого отсутствие учебных мест на производстве;
- Предприятия вынуждены через повышение цен на производимый продукт зарабатывать средства на образование (недостающее оборудование, недостаток финансов и др.).

Таким образом, **дуальное образование** — это возможность подготовить для себя кадры точно «под заказ», обеспечив их максимальное соответствие всем своим требованиям, экономя на расходах по поиску и выбору работников, их переквалификации и адаптации. К тому же, есть возможность отобрать самых лучших выпускников, ведь за период практического обучения их сильные и слабые стороны становятся очевидными. В свою очередь, такой подход мотивирует студентов учиться не для галочки. Молодые специалисты могут сразу работать с полной отдачей и производительностью, они хорошо знают жизнь предприятия и чувствуют себя на нем «своими». Все это в совокупности способствует закреплению кадров и уменьшению текучести, что для предприятий немаловажно.

Список литературы :

1. [<https://alau.kz/polzu-i-problemy-dualnogo-obrazovaniya-obsudili-pedagogi-kazahstana-i-rossii-v-kostanae/>]
2. [<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013422>]
3. [<https://externat.foxford.ru/polezno-znat/chto-takoe-dualnoe-obuchenie>]

БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУ –БҮГІНГІ ТАҢДА ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Имангалиев Азамат Дүзелбаевич

Жоғары аграрлық-техникалық колледжі, БҚО Орал қаласы

Қай елді, қай кезеңді алып қарамасақ та бірінші орында білім беру тұрады. Себебі, халықтың білімділігі сол елдің даму деңгейінің шынайы көрсеткіші болып табылады. Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесіне де елеулі өзгерістер енгізуде. Әлемдік білім беру жүйесі өмір ағымы мен бүгінгі таң сұранысына байланысты күн санап өзгеруде. Ал біздің жас мемлекетіміздің білім беружүйесі де өзгеріс мен жаңалықтарды талап етуде. Неге десеңіз, біздің оқушыларымыз басқа елдің оқушыларымен салыстырғанда білімі жағынан еш кенжелігі жоқ. Бірақ, сол білімді қолдану аясына келетін болсақ, оқушылар алған білімдерінің іске асуын, өмірде қажеттілікке жұмсалатын сәттерін анықтай алмай, ауыр жүкті босқа арқалауда. Колледжде алған білімдерінің елеулі бөлігінің өмірде қажеті шамалы. Бұл оқулықтарды жою үшін оқушылар алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оны тиімді және орынды жерде қолдана білуге үйретуге біз мұғалімдер қауімі басты назар аударуымыз керек. Осыған байланысты оқушының жеке даралығын да естен шығармау керек

Әлем елдерінің білім беру жүйесін талдай келе көп мәселелер анық болды. Білім беру жүйесін реформалау бүгінгі күні қалыпты және қажетті өзгеріс. Ғылым мен техниканың дамуы, бүгінгі күнгі өскелең ұрпақтың сұранысы ағымнан кеш қалмау мақсатын көздейді. Ендеше Қазақстанның білім беру жүйесі өзгеріссіз қалмауы тиіс деп ойлаймын. Сондықтан болар, әлемдегі қарқынды өзгерістер, колледжді де, мұғалімдер мен оқушыларды да жаңалыққа тартады. Бүгінгі мұғалімнің мақсаты –оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерлерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана

білуін қамтамасыз ету. Осы басты мақсатты жүзеге асыру үшін Қазақстан білім беру жүйесіне де өзгеріс енгізілу үстінде.

Сингапур, Жапон, Финляндия елдерінің білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында жүргізілген реформаларын зерттей келе біздің елімізде де білім жүйесі әлем елдерінің озық білім беру тәжірибесін өзіне оңтайлы үлгі ретінде алып елеулі жұмыстар жүргізіп жатыр.

Біздің колледжде білім алуда жақсы көрсеткіш көрсеткен оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, бірақ білім қорытындысында өз мүмкіндіктерін көрсете алмай жататыны белгілі. Сонымен қатар, алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмейді. Әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар мен білім маңызын қайта қарауды қажет етті. Осы мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізу керектігі туындап отыр.

Соңғы кезде біздің елімізде де көп тілділікке терең көңіл бөлініп отыр. Ағылшын тілін жапшай меңгеруге біртіндеп көшуде. Былтырғы 2013-2014 оқу жылынан бастап барлық мектептерде ағылшын тілі бірінші сыныптан бастап енгізілді. E-learning электрондық оқыту саласы соңғы жылдары Қазақстан мектептеріне енгізіліп, өзінің оң жақсы нәтижесін беріп отыр. Қай саланы алмасақ та, білім алушылар үшін қашықтықтан оқу өте ыңғайлы және қажет.

Білім саласында оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық қарым - қатынас құзиреттілік желілерге шығу керек. Елбасы халыққа жолдауында дамыған елдердің қатарына ену үшін біріншіден, білім қажет екенін атап көрсетті. Қазақстан бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылу үшін, білімді ұрпақ қажет. Қолданып жүрген білім жүйесіндегі білім материалдарын игеруде ауқымды ақпарат көп болғандықтан меңгеру үлкен қиындық туғызады. Сондықтан оқушылардың білім сапасы біршама төмендеп, икемді дамуына тиімсіз болып, денсаулыққа кері әсері бар екені анықталды. Осы өзекті мәселені уақытылы шешу – мемлекетіміздің басты міндеті – 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу және әлемдік білім беру кеңістігіне ену болып табылады. Он екі жылдық білім берудің мақсаты қоғамның мүддесіне өзін -өзі белсенді етуге әзір, жаңаша өмір сүруге бейімделген шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Жақсы бастама деп Н. Ә. Назарбаев зияткерлік мектептердің ашылуын атап өткім келеді. Бірақ мұндай мүмкіндігі мол мектептерден білім алуға көп оқушы қол жеткізе бермейді. Әсіресе алыс ауыл-аймақтардағы балалардың қолы жетпейді. Сондықтан да жалпы білім беретін мектептерде білім беру мазмұнын жаңғыртатын өзгерістер қажет деп ойлаймын. Осы өзгерістер басталып та кетті. Алғашқы оң қадамдар сәтті жасалуда. Қазақстанның бүгінгі таңда қабылдаған білім беру реформасының алдына қойған мақсаты – білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік – экономикалық ортаға бейімдеу. Білім берудің дамуы еліміздің өркендеуіне негіз болады.

Сол себепті білім беру саясатын жетілдіру мақсатын жүзеге асыру үшін «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» дер кезінде қабылданды. Бағдарлама бірімен бірі тығыз байланысқан шаралар мен істер кешені болып табылады.

Білім беруді жетілдіру –бүгінгі таңда оқу және тәрбие процесін оқушылардың адамгершілік нормаларын, рухани дамуын, жан - жақты қалыптасуына бағытталған.

Оқыту саласына енгізілген жаңалықтардың бірі және елеулісі Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру бағдарламасы көздеген деңгейлік курстары. Осы аталған курстардан мұғалімдер сәтті өтіп жатыр. Бұл курстарда

мұғалімдер білім берудегі заманауи тәсілдерді иегріп, оның ерекшеліктерін терең түсінуде. Ал осы деңгейлік курстарының үшінші деңгейін игерген мұғалімдер саны беске жетті. Осы мұғалімдер өз сабақтарында оқушылардың жас ерекшеліктерін, дарынды және талантты балалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін қоса алғанда, қалай оқу керектігін үйретуді жүзеге асыруда. Олардың негізгі мақсаттары сапалы және тиімді оқыту. Сонымен қатар дамыған елдердің тәжірибесінен өзінің жұмысына тиімді деп саналатын әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану.

Міне осы алға қойған міндеттер мен мақсатты жүзеге асыру үшін менің де бүгінгі күннің жаңа талаптары мен өмір ағымына сай жылдам өзгеруім керек. Себебі, менің оқушыларым жүрек қалауы бойынша өмірде өздеріне тиісті орындарын тауып, биік жетістіктерге жете білуі керек деп ойлаймын.

Бүкіл Қазақстан мұғалімдері үлкен талпыныспен және жігермен, үлкен жауапкершілікпен білім беру жүйесін дамытуды іске асыруға ат салысса өте жақсы болар еді.

Сухомлинский сөзі: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады»

АҚЫЛБЕК ШАЯХМЕТ ӨЛЕҢДЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

Қушегалина Айгүл Манапқызы

Қостанай құрылыс колледжі, қазақ тілі және әдебиет пән оқытушысы
Қостанай қаласы

«Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы».
Абай

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі, әдеби тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілі өмір таныту, тәрбие беру, қарым – қатынас жасау құралы екендігі белгілі. Тіл мен әдебиетті оқи отырып, адамадық болмысың қалыптасады; бүкіл дүниенің әлемдік қақпасы тіл арқылы ашылады. Тіл – достықтың дәнекершісі, ғылым тілі, мәдениет көрсеткіші. Тарихымыз – өткеніміз бен бүгінгіміз және ертеңгі болашағымыз сол тіл арқылы сыр шертеді.

Өмір көшіне ілесе білу, тарих тынысына құлақ түру, тамырын басу оқытудағы басты шарт десек, тарихи тұлғалар өмірінен деректер, өнегелік, тәрбиелік мәні зор шығармалар жергілікті ақын Ақылбек Шаяхметтің поэзиясында орын алған. Ақынның тілі шұрайлы, ойы орамды, тақырыбы өзекті. Жазушының туған жер туралы толғаныстарың, адам мен табиғат арасындағы байланыс туралы философиялық тебіреністерін, қазіргі заман тақырыбына арналған туындыларын қазақ тілі сабағында дидактикалық материал ретінде кеңінен пайдалануға болады, бұл әрі ұтымды әдіс болып табылады. Сондай сабақтарға тереңірек тоқталайын. Ақылбек Шаяхмет орысы көп, қазағы аз Қостанай өңірінде «Қазақ тілі» қоғамының шаңырағын көтеріп, ана тілі мұңын мұңдаған, жоғын жырлаған. Күні бүгін де жазушыны ана тілінің болашағы қатты толғандырады. ... Дүрмекпенен байқамашпыз, білмеппіз тілім азат, дәстүр тозып жатқан [«Тыңда туған», 55-бет] дейді ақын. Бұл сөйлемді синтаксистік талдауға аламыз.

«Ана тілім – қазынам, сені жұтсам балдайын, сырқатымнан жазылам»,

«Баламызбен тілдестік өзге тілде қызармай...» – деп ақын тілдің жанашыры екенін білдіреді. [«Жер-Бесік» 133-бет].

Мына бір өлеңнің тәрбиелік мәнін аша отырып, оқушылардың тілін, ойын дамытуды көздейміз:

Атамекен – бірлігімнің айғағы,
Ана тілім – тірлігімнің қайнары .
Тірлік азып, бірлік тозса, сол жерің,
Боп кетпей ме көрінгеннің ойнағы.
Жүрек үні жыры болар Ананың,
Жүрек үні тілі болар Баланың.
Ұл – қыздарым осы тілде тілдесе,
Жүрек үні сыры болар Дананың.
Осы тіл ғой маңдайдағы көзің нұр,
Өз тіліңді сыйламасаң өзің біл.
Нағыз соқыр, нағыз мылқау, саңырау.
Еш уақыт өзін-өзі танымау.

Тілдің тағдырына дұрыс қарап, оның мерейін өсіру өлеңнің негізгі идеясы екенін оқушыларға түсіндіру қажет.

Қазақ тілі сабақтарының түпкі мақсаты-оқушылардың қазақ тілі, қазақ жері, қазақ елі туралы білгендерін өзі өмір сүріп отырған қоғамның ерекшеліктерін, сөйлем түрлері мен сөйлемді құрайтын бірліктер жайында алған білімдерін дұрыс қолдана отырып, ауысша да, жазбаша да көркем тілмен жеткізе алуы.осы мақсатқа жету, тілін, оқушыларды туған жерін, елін сүйуге баулу ақын А.Шаяхметтің туындыларын оқып, талдау арқылы тиімді болар еді.

Мысалы:

Қанша жерді, қаншама елді шарладым,
Ұзын арқан, кең тұсауды барладым.
Бірінде де, бірақ, тоқтап қалмадым,
Туған жердей табанымды жылытар
Тұрақ таба алмадым. «Көзімді ашып көргенім» [17 бет].

Жарылсам ағымнан,
Айналдым туған жерін бағынан.
Айналдым жолдардың маңынан,
Сен маған қымбатсың.
Патшаның тағынан,
Туған жер! Сені сағынам! «Көзімді ашып көргенім» [97 бет].

Шет елде бөлек ғұмыр сүре білген,
Адамдар жайлы ойланып жүремін мен.
Туған жер мәңгі-бақи орын апты,
Құстың да тіп-тітімдей жүрегінен..... «Көзімді ашып көргенім» [182 бет].

Туған ел, саған айтам базыңамды,
Жас жаным бір өзіңнен азық алды.
Ыстық қан ойнап тұрса тамырымды,
Сақтармын жүректегі қазынамды.
Кең барма жер астында табылмайтын,
Бұл жағдай маған да айқын, саған да айқын.
Болғаны қандай жақсы қазынамның,
Қопарып, қазып ешкім ала алмайтын..... «Көзімді ашып көргенім» [186 бет].

Осы үзінділер оқушыларға патриоттық тәрбие беруге табылмайтын дидактикалық материал. Ал грамматикалық тақырыптарды алсақ, септік, жіктік, тәуелдік, көптік жалғаулары; етістік шақтары, сын есімнің шырайлары, есімше, көсемше т.б. тақырыптар бойынша ауысша, жазбаша жұмыс түрлерін өткізуге болады. Мысалы: мына шумақтардың мәнін ашып, есімдіктерді теріп жаз, қай топқа жататынын айт; есімше, көсемшенің астын сызып қой; септік, тәуелдік жалғауларын белгіле-деп, оқушыларға тапсырма береміз:

.....Осы қазақ қой айдап, жылқы баққан,
Садақ оғын дұшпанға зырқыратқан.
Өзі барып ешкімге тиіспеген,
Келген жауды жығып сап, шырқыратқан.

.....Осы қазақ кен қазып, дән өсірген,
Асқан талай өмірдің белесінен.
Кісі аузына тосқан ол бар тапқанын,
Құр қалса да өзінің үлесінен. «Көзімді ашып көргенім» [10 бет].

А.Шаяхметтің өлеңдерін, драмалық туындылары, философиялық толғаулары ақынның ұлтжандылығын, туған ел мен өскен жерге деген шексіз махабатын аңғартады. Елінің тәуелсіздігіне көптеген өлең-жырларын арнады. Сабақта пайдаланған бірнеше үзінділер:

1.....Сенің пірің, Қазағым, алыс күннен,
Келген Батыр астына Барыс мінген.
Желтоқсанның желімен мұз қазылып,
Қиянатпен барыстай алыстым мен.
Алтын қазақ, нар қазақ барыс мінген,
Жетті бізге жарқырап алыс күннен.
Нар қазақпен-намыс бар Қазақпен.
Жиырмасыншы ғасырда таныстым мен. «Көзімді ашып көргенім» [11 бет].

2.....Тәуелсіз күнің, қазағым, ғұмырлы болсын,
Осыны жеткіз әлемге, дамылды жырым.

3.....Қонақжай елдің азаттық сағаты туды,
Тереземіз теңесер күніміз келді!

4.....Қайраттай қазақ қанымен, қарындастың көз жасымен,
Тәуелсіздігін танытқан киелі қазақ елі бұл!

Біріншіден, сөздік жұмыстан кейін бұл үзінділердің мән-мағынасын ашып аламыз.
Сондай-ақ сөз құрамы, сөзжасам, лексика, талдау тақырыптары қайталанатын.
Қазақстан Республикасының рәміздері-халықтың мақтанышы екенін ақын өз өлеңдерінде байқатады.

Мысалы, мына үзінділерді оқушылар дәптерге жазып, талдайды:

1. Аспан түстес көк туды көтердік бүгін,
Көк бөрінің бейнесін сағынған күні.
Перзенті болсын қай ұлттың,
Қадірлеп, сүйіп өзі өскен жайласын жерін.

2. Еркіндіктің Елтаңба арнасы болсын.....

Рулық емес, елдіктің таңбасы болсын!

Ел ордасы Астана туралы жыр жазбаған ақын бар ма? Ақылбек Шаяхметтің «Еркін елдің Ақ Ордасы» «Астана, саған айтамын» т.б. өлеңдерінде Астана – жаңа ел ордасы ғана емес, Астана жаңа Қазақстан деген ой тастайды.

Астана – жер кіндігі, ел жүрегі,
Елімнің ет-бауыры елжіреді.

Үшінші мыңжылдыққа алып шықшы,
Қабырғаң қайыспастан енді мені,
Астана – зарды ұмытар заман басы,
Тотыдай тоқсан түрлі таранбасшы.
Қырандай сыпырылған томағасы,
Бола бер еркін елдің Ақ Ордасы.

Берілген үзінділердің мағынасын ашып, асты сызылған тіркестердің қандай мағына беріп тұрғанын айт, сөз құрамына талда-деп тапсырма береміз.

Ақылбек Шаямет халық даналығын өлеңдерінің негізгі арқауы етеді. Халық ұғымында «табиғат» деген қасиетті сөз «туған жер», «өскен ел», «атамекен» деген мағынаны білдіреді. Ақын өз шығармаларында табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен адамзатқа тән адамгершілік қасиеттерін аңғартады. Мысалы: «Мөлдір бұлақ» пьесасында «осы таза бұлақтай мөлдір болайық, халықтың болашағы үшін қызмет істейміз деп ант етейік!.....Ортақ мақсат жолында таза болайық. Әйтпесе болашақтан қарғыс аламыз. Жарық сәуле қараңғыны қақ жарып, бәрі-бәрін өз орнына қояды. Тазалық – денсаулықтың бастауы» - деген сөздерін, пьесаның негізгі идеясын оқушыларға ұғындыру қажет. Өйткені бұл мәңгілік адамгершілік тақырып. «Жер бесік кітабынан үзінді» [235 бет].

“Көп” көрген кәрі даланың,
Қалыпты шашы селдіреп,
...Көзіндей нұрлы ананың,
Қарайды көздер мөлдіреп,
Абыржып тұр ма атырап
Ағаштар сыңсып шулайды
Жел тербеп жусан, қурайды
Жүрегім неге тулайды?
Бар дей ме әлде ол түбінде
Келетін басқа бір қайғы-

осы шумақтардың менін ашу, «кәрі дала», «көпті көрген», «шашы селдіреп», «ананың көзіндей», «қайғы» «абыржып» - деген тіркестерді түсіндіріп адам мен табиғаттың арасында қандай байланыс бар? - оны қай жолдан көреміз?- деген сұрақтарға жауап алу т.б жұмыс өткізуге болады.

Тағы бірнеше өлеңдеріне тоқталсақ,

«Наурызда»: Наурызда жаным - ау күн мен түн теңескен,
Өткеннен аманат, барына қанағат,
Аман - сау өтіппіз тағы бір белестен,
Келешек ұрпаққа болмасын жаманат

Тапсырма: астын сызған сөздердің қандай мағына білдіріп тұрғанын айту; септік жалғауларды белгілеу, зат есімдерді теріп жазу.

«Табиғат - адам - өмір» - мәңгілік өзекті тақырыпқа арналған өлеңдерін: «Егер нөсер болмаса», «Көктемгі қар», «Дарқан өлкем», «Дала жолдары», «Пейзаж» (жылдың төрт мезгілі туралы) «Жауын», «Тасу борасын» т.б Кез келген сабақта тиімді пайдалануға болады Қандай тақырыпта болмасын оқыту процесі кезінде қойылатын басты міндет- оқушылардың оқуға деген ынтасын жойып алмау, одан әрі дамыту, оларды ойлауға үйрету, өздігінен шешімдер табуына жетелеу, өзіне деген сенімін тәрбиелеу. Сондықтан сабақта берілетін дидактикалық материал оқушыларға түсінікті, маңызды, қызық, болуы шарт. Айтайын дегенім, Ақылбек Шаяхметтің шығармалары оқушыларға түсінікті, маңызды, әр сабақтың тәрбиелік мақсатын ашатын материал болып табылады.

Ақын өлеңдері мақал мәтелдерге, қанатты сөздерге, ұлағатты сөздерг, синоним, антонимдерге бай. Мысалы, «Қарама – қайшылықтар» [Жер бесік -168 бет]

Өтірік пен шынын,

Кебегі мен ұнын.
Асылы мен құмын,
Көрсен дағы мың сан.
Ажырату қиын.
Көктемі мен қысын,
Астары мен тысын,
Сырты менен ішін
Айыра алмай тұрсаң,
Аз болғаны миың.
Бәйтерек пе, тал ма,
Жас па әлде қарт па,
У ма, әлде балма?
Шыр айналтып қояр
Өмір деген құйын-

Бұл шумақтар бойынша сөздік жұмыс, мәнін ашу, қарсылық мағынасын түсіндіру, қосымша қарама - қарсы құбылыстарды іс- әрекеттерді айту, оқушылардың ойын, тілін, зейінін дамыту жұмыстарын жүргіземіз.

Ақылбек Шаяхметтің «Пирамида» жинағына ерлік, парыз, сенім, ар, махаббат, достық сияқты мәңгі ұғымдар арқау болған. Ақын Басыңа қиын жағдай туғанда, қасыңда сенімді досың болу қажет дегенді білдіреді.

«Досым, саған мың алғыс» өлеңінде:
Өзгеге бас шұлғымай, өз дегенің үшін,
Төзуге болмайтын жерде төзбегенің үшін,
Айтпасаң да арамды көздегенің үшін,
Қасты көрсен, қайнаған қасық қаның үшін,
Досты көрсен жетуге асыққаның үшін,
Жаман әдеттен жақсыны шошытқаның үшін,
Терең судан қаймықпай, шешінгенің үшін,
Көршінің сөзін кек тұтпай, кешіргенің үшін,
Көрпенің бойына қарап көсілгенің үшін,

Досым, саған мың алғыс!-деп досының адамгершілік қасиеттерін айтады.

Өлеңнің мағынасын ашып, «Мен достықты қалай түсінемін» тақырыбына оқушылар шағын шығарма жазады. Күнтізбелік жоспар бойынша «Менің досым» деген тақырып бар. Қазақ тілі сабағында ақын туындыларын пайдалану, яғни қазақ тілін әдебиетпен ұштастыру, пәнаралық байланыс - тілді оқыту процесінде өте тиімді әдіс екені сөзсіз.

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ:

1. Тыңда туған [Мәтін]: поэма-күнделік/А.Шаяхмет// Искра.-1995.-18 тамыз.-4-16 б.
2. Жер-Бесік [Мәтін]: өлендер мен поэмалар /А.Шаяхмет.-Астана,2004, 240 б.
3. Көзімді ашып көргенім [Мәтін]= Мир моими глазами: жинақ/ А.Шаяхмет.-Қостанай, 2001- 432 б.
4. Мөлдір бұлақ [Мәтін]=Светлый родник: пьесалар// А.Шаяхмет.-Қостанай, 2009- 138 б.
5. Пирамида [Мәтін]: эсселер, толғаулар мен мақалдар //А.Шаяхмет.-Қостанай, 1997-220 б.

«АНЫҚТАЛМАҒАН ТЕНДЕУЛЕРДІҢ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІ».

Байменова Райхан Ержанқызы
Кентау көпсалалы колледжі

Мазмұны

Кіріспе

I-тарау. Анықталмаған теңдеулердің (Диофант теңдеулерді) шешудің теориялық негіздері.

1.1. Диофанттың өмірі мен шығармашылық жұмыстарының мәні мен маңыздылығы.

II-тарау. Анықталмаған теңдеулер және теңдеулер жүйесінің бүтін түбірлерін табудың әдіс-тәсілдері.

2.1. Анықталмаған сызықсыз теңдеулерді шешу әдістері

2.1.1. Көбейткішке жіктеу тәсілі.

2.1.2. Бөлшек өрнектің бүтін мәнін есептеу тәсілі.

2.1.3. Модуль (салыстырым) пайдаланып Диофант теңдеу шешу.

2.1.4. Жұп, тақтық қасиетті пайдалану.

2.1.5. Кері жору тәсілі.

2.1.6. Айнымалының мәнін бағалап, шектеу тәсілі.

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Қазіргі уақытта математикамен кәсіби түрде немесе әуесқойлықпен барлығы Диофанттық теңдеу туралы, тіпті Диофанттық анализ туралы естіген болар. Соңғы 15-20 жылдары өзінің алгебралық геометрияға жақындығына байланысты ол «сәнге» айналды. Сонымен қатар анықталмаған анализге атау берген Диофанттың өзі туралы, антикалық заманның қызықты оқымыстыларының бірі туралы ештеңе айтылмаған. Оның еңбектері туралы тарихшылар өздерінің кері көқарасына ие. Олардың көпшілігінің ойынша, Диофант қк, алайда жекелеген әдістерді пайдалана отырып, анықталмаған теңдеулерге ұқсайтын жекелеген есептерді шешумен айналысқан. Осы бағалар туралы біз дәлірек төменде айтатын боламыз.

Сонымен қатар Диофант есептерін қарапайым талдау көрсетіп отырғандай, ол анықталмаған теңдеулерді бүтін сандарда шешу мәселесін қойып қана қойған жоқ және де оларды шешудің кейбір жалы әдістерін берді. Осы орайда айта кету керек, антикалық математикада жалпы әдістер ешқашан шешілетін есептерден бөлек «таза түрінде» сипатталмаған. Диофантпен де жағдай осыған ұқсап тұр. Виет пен Ферма үшін оның әдістері түсінікті болды және олар жаңа есептерді шешу үшін оларды пайдаланады.

Диофант идеяларының дамуы Анри Пуанкаре мен Андре Вейльдің жұмыстарына дейін жалғасты. Сондықтан Диофант анализінің тарихы ерекше қызықты.

Бұл жұмыс анықталмаған теңдеулердің бүтін түбірлерін табуға арналған Диофант әдістеріне және олардың тарихына арналған.

Тақырыптың қажеттілігі мен маңыздылығы

1. Бұл тақырыптың теориялық және практикалық маңызы зор бола тұра программалық курста зерттелмейді.

2.Олимпиадаға дайындық жасаудағы басты тақырыптың бірі Анықталмаған тендеулердің бүтін түбірлерін табуға арналған (диофант тендеуін шешу) есептер болатыны сөзсіз.

3.Диофант тендеу шешу тәсілдері математикалық әр түрлі есептер шешуге қолданылатын маңызды әдіс тәсілдерді қамтиды.

Тақырыптың мақсаты мен міндеттері

Диофант тендеу шешудің және жалпы математика бағытымен топталып алынғандықтан, оқушыларды математиканы оқып үйренуге тәрбиелеу, есеп шығару дағдысын арттыруға тиімді ықпал ететін болады.

Практикалық мазмұндағы мәтін есептерді тендеу және олардың жүйесінің бүтін шешімін табу жолымен шешу арқылы теорияны өмірмен ұштастыра білуге баулу.

Негізгі тәсілді игеру арқылы есептер шығару тәсілдері.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі.

Жұмыс кіріспеден,екі тараудан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады.Жұмыстың көлемі бет

Бірінші тарауда анықталмаған тендеулердің (Диофант тендеулерді) шешудің теориялық негіздері жөнінде қысқаша шолу жасалған.

Екінші тарауда анықталмаған тендеулердің және тендеулер жүйесінің бүтін түбірлерін табудың әдіс-тәсілдері қаралды.

1-тарау.Анықталмаған тендеулердің (Диофант тендеулерді) шешудің теориялық негіздері.

1.1.Диофанттың өмірі мен шығармашылық жұмыстарының мәні мен маңыздылығы.

Диофант ғылым тарихында едәуір қиын жұмбақтардың бірі.Бізге оның өмір сүрген жылдары және осы салада жұмыс жасағандар туралы белгісіз.Оның еңбектері тұтастай өткізбейтін қараңғының арасындағы жарқыраған алаңға ұқсайды.

Диофант өмір сүрген уақыттың аралығы, мүмкін бес жүз жылды құрайды.Осы аралықтың төменгі шегі ешқандай қиындықсыз анықталады:өзінің көпбұрышты сандар туралы кітабында Диофант б.ғ.д II ғ ортасында өмір сүрген математик Гипсикл Александрскийді бірнеше рет тілге тиек етеді.Бір жағынан Теон Александрийскийдің,белгілі астроном Птолемейдің «Альмагестіне»берген комментаринде Диофант шығармаларының үзіндісі келтірілген.Теон б.э.IV ғ ортасында өмір сүрген.Осымен осы аралықтың жоғарғы шегі анықталады.Сонымен, 500 жыл.

Диофанттың едәуір толық мәтінін шығарушы , француздың ғылым тарихшысы Поль Таннери осы аралықты сүзгіден өткізуге әрекет жасайды.Экспуриалдық кітапханасында ол XI ғасырдағы византиялы ғалым Михайл Пселлдің хатының үзіндісін тауып алды, онда «оқымысты Анатолий Александрийский осы ғылымның едәуір маңызды бөліктерін жинағаннан кейін (белгісіздік дәрежесі және олардың белгіленуін ендіру туралы айтып отыр) оны өзінің досы Диофантқа арнады.

Анатолий Александрийский «Арифметикаға кіріспені» құрастырды,оның үзінділері Ямблих және Евсевийдің бізге дейін келіп жеткен шығармаларында келтіріледі.Бірақ, Анатолий Александрияда б.ғ. III ғ ортасында,тіпті дәлірек айтатын болсақ 270 ж, Лаодаксий деп атайтын Диофантпен достығы осы уақыттан бұрын да орын алуы мүмкін.

Егер, танымал Александриялық математик және Диофант атты Анатолийдің досы бір адам болса, онда Диофанттың өмір сүру уақыты б.з. III ғ ортасы.

Диофанттың «Арифметикасының» өзі «достопочтенды Диониске» арналған.Ол мәтінінен көріп отырғанымыздай , арифметикаға және оны оқытуға қызыққан.Дионисий есімі сол уақытта айтарлықтай таралғанымен, Таннеридің айтуынша «мақтаулы» Дионисияны көрнекі лауазымдарға ие болған дәуірдің белгілі тұлғаларының арасынан іздеу

керек. Міне, 241 жылы Александрийдің Епископы Дионсий деген біреу болды, ол 231 жылдан бастап қаланың христиандық гимназиясына басшылық етті. Сондықтан Таннери бұл Дионисийді өзінің еңбегін арнаған Диофантқа ұқсастырды да Диофант б.э. III ғасырының ортасында өмір сүрді деген тұжырымға келді.

Диофанттың «Арифметика» - шешімделген және қажетті түсініктемелермен қамтылған есептердің жинағы. Сондықтан бір қарағанда, ол теориялық шығарма болып табылады. Алайда мұқият оқысақ, есептердің мұқият таңдалғандығын және толығымен анықталған, қатаң ойластырылған әдістерді көрсету үшін қызмет атқаратындығын көруге болады. Көне заманда қабылданғандай, әдістер жалпы түрде тұжырымдалмайды, біртүпті есептерді шешу үшін қайталанылады.

II-тарау. Анықталмаған теңдеулер және теңдеулер жүйесінің бүтін түбірлерін табудың әдіс – тәсілдері.

2.3. Анықталмаған сызықсыз теңдеулерді шешу әдестері.

2.3.1. Көбейткіштерге жіктеу тәсілі.

1-есеп: $2x^2+3xy+y=35$ теңдеуінің бүтін шешімдерін тап.

Шешуі: $2x^2+3xy+y^2=35 \rightarrow (2x+y)(x+y)=35$

$35=5*7=(-5)*(-7)=1*35=(-1)*(-35)$ және x, y – бүтін сандар болғандықтан байланысты жүйелерді шешу арқылы $(2;3), (-2;9), (-2;-3), (2;-9), (34;-33), (-34;69), (-34;33), (34;69)$ пар сандары теңдеудің шешімі болатынын анықтаймыз.

2-есеп: $x^4-y^4-20x^2+28y^2=107$ теңдеуінің бүтін шешімдерін тап.

Шешуі: $x^4-y^4-20x^2+28y^2=x^4+x^2y^2-x^2y^2-y^4-24x^2+4x^2+24y^2+4y^2-96+96=(x^4+x^2y^2-24x^2)-(x^2y^2+y^4-24y^2)+(4x^2+4y^2-96)+96=(x^2+y^2-24)-(x^2-y^2+4)+96$ болғандықтан берілген теңдеу $(x^2+y^2-24)(x^2-y^2+4)=11$ түрінде жазылуымен қатар $11=1*11=(-1)*(-11)$ болатынын ескеріп алдыңғы есептегідей барлық мүмкін жағдайды қарастыру арқылы $(2;-3), (-2;-3), (4;3), (-3;-3), (-2;3), (2;3), (-4;3), (4;-3)$, шешімдерін табамыз.

3-есеп: $1+x+x^2+x^3=2^y$ теңдеуінің бүтін шешімдерін тап.

Шешімі: Берілген теңдеуді $(1+x)(1+x^2)=2^y$ деп түрлендірейік. Бұдан $1+x$ және $1+x^2$ сандары 2^y -нің бөлгіштері болады. Немесе $1+x=2^m, 1+x^2=2^{y-m} \rightarrow x=2^m-1, x^2=2^{y-m}-1$ бұдан $2^{2m}+2^{m-1}+1=2^{y-m}-1$ немесе $2^{y-m}+2^{m-1}-2^{2m}=2$ болады. Төмендегі жағдайларды қарастырайық.

1) $m=0$ болсын. $2^y+2-1=2$ немесе $2^y=1 \rightarrow y=0$ және $1+x=2^m \rightarrow x=0$.

2) $m>0$ болсын. $2^{y-m-1}+2^m-2^{2m-1}=1$ және $2^m, 2^{m-1}$ –лар бүтін 2^{y-m-1} –бүтін және $2^{y-m-1}(1+2^{2m-y+1}-2^{3m-y}=1), \rightarrow 2^{y-m-1}=1, 1+2^{2m-y+1}-2^{3m-y}=1$ немесе $y-m-1=0, 2m-y+1=3m-y \rightarrow m=1, y=2, x=2^m-1-1$ олай болса теңдеудің $(0;0), (1;2) \geq 4$ -есеп: $xy=x+y$ теңдеуінің бүтін шешімін тап.

Шешімі: Теңдеуді $xy-x-y+1=1 \rightarrow (x-y)(y-1)=1$ түріне келтірейік. $1=1*1=(-1)*(-1)$ және x, y – бүтін сандар болатынын пайдаланып мүмкін екі жағдайды қарастыру арқылы $(0;0), (2;2)$ шешімдерін табамыз.

2.3.2. Бөлшек өрнектің бүтін мәнін есептеу тәсілі.

1-есеп: $2x^2-2xu+9x+y=2$ теңдеуінің бүтін шешімдерін тап.

Шешуі: Берілген теңдеуді $y=\frac{2x^2+9x-2}{2x-1}=x+5+\frac{3}{2x-1}$ түріне келтірсек y бүтін сан болу үшін $\frac{3}{2x-1}$

бөлшегі бүтін мәнді қабылдау керек. Мұның төмендегі төрт мүмкіндігі бар.

а) $2x-1=1$, б) $2x-1=3$, в) $2x-1=-1$, г) $2x-1=-3$, Сондықтан теңдеудің бүтін шешімдері $(1;9), (2;8), (0;2), (-1;3)$ пар сандары болады.

2-есеп: $\begin{cases} x^2 - y^2 - z^2 = 1 \\ x - z - y = 3 \end{cases}$ теңдеулер жүйесінің бүтін шешімдерін тап.

Шешімі: 2-теңдеуден $x=y+z-3$ -ті 1-теңдеуге қойсақ $yz-3y-3z+4=0$ болады да $y=$;

3-есеп: $x^3-13xu+y^3=13$ теңдеуінің бүтін сандар жиынында неше шешімі бар.

Шешімі: $x+y=s$, $xy=t$ ауыстыруын орындау арқылы берілген тендеуді $s^3-3st-137=13$ немесе $t=\frac{s^3-13}{3s+13}$ түріне келтірейік. Бұдан $27t=\frac{27s^3-13*27}{3s+13}=9s^2-39s+169-39s\frac{13(13^2+27)}{3s+27}$ t – бүтін сан болғандықтан $\frac{13*196}{3s+13}$ бүтін сан болу керек. Сондай-ақ $s^2-4t=(x-y)^2 \geq 0$ $s^2-4\frac{s^3-13}{3s+13} = \frac{3s^3+13s^2-4s^3+52}{3s+13} = \frac{s^2(13-s)+52}{3s+13} \geq 0 \rightarrow -4 \leq s \leq 13$
 $1 \leq 3s + 13 \leq 52$, $3s+13=1(3)$ және $13*96=2^2*7^2*13$ санының осы қасиеттерге үйлесетін бөлгіштерін тапсақ: 1;4;7;13;28;49;52 болады да S сан сәйкес -4;-3;-2;0;5;12;13; мәндерін қабылдайды. Бұған сәйкес t -нің мәндері $t=-77,-10,-3,-1,4,35,42$, x, y – тер $z^2-sz-t=0$ тендеуінің түбірлері болады. Бұл тендеуді s, t –нің табылған мәндерінде шешсек (7;5), (7;6), (7;12), (1;3), (1;-1), (1;4), (-5;2) деген 7 шешім шығады да x, y симметриялы екенін ескерсек есептің бүтін сандар жиынында $7*2=14$ шешімі болады.

2.3.3. Модуль (салыстырым) пайдаланып Анықталмаған тендеуді шешу.

1-Есеп: $x^2+5y^2=20z+2$ тендеуін бүтін сандар жиынында шеш.

Шешімі: Берілген тендеуді $x \equiv 2 \pmod{5}$ түрінде жазуға болады. Егер $x=5k \rightarrow x^2 \equiv 0 \pmod{5}$, $x=5k+1 \rightarrow x^2 \equiv 1 \pmod{5}$, $x=5k+2 \rightarrow x^2 \equiv -1 \pmod{5}$ болатындықтан тендеудің бүтін шешімі жоқ.

2-Есеп: $19x^3-91y^2=1991$ тендеуінің бүтін шешімін тап.

Шешімі: Тендеуді түрлендіріп

$19(x^3-100)=91(1+y^2) \rightarrow 19(x^3-2)-19*98=91(1+y^2)$ түріне келтірейік. $91 \equiv 0 \pmod{7}$, $(19*7)=1x^3 \equiv 0 \pmod{7}$ – ге келтірейік. $x \equiv 0; 1; 2; 3; 4; 5; 6 \pmod{7}$ немесе $x=7k; 7k+1; 7k+2; 7k+3; 7k+4; 7k+5; 7k+6$ жағдайларын тексеріп көрсек $x^3 \equiv 2 \pmod{7}$ тендеудің шешімі жоқ екені дәлелденеді.

3-Есеп: 3^n+55 саны бүтін квадрат болатын барлық натурал-сандарын тап.

Шешімі: $3^n+55=s^2$, $s \in \mathbb{N}$ (1) дейік

а) $n=2m+1$ $3^{2m+1} \equiv 3 \pmod{4} \rightarrow 3^{2m+1} \equiv 3 \pmod{4}$ $55 \equiv 3 \pmod{4}$ болатындықтан тендеу $s^2 \equiv 2 \pmod{4}$ түріне келеді де $s^2 \equiv 0; 1 \pmod{4}$ болатындықтан бұл жағдайда есептің шешімі жоқ.

б) $n=2m$ (жұп сан) болсын. Бұл жағдайда (1) тендеуінің $s^2=(3^m)^2+55$ немесе $(s-3^m)(s+3^m)=55$ түріне келтірейік, $55=1*55=5*11$ және $s-3^m+s+3^m$ болатынын ескерсек

$$1.s-3^m=1; s+3^m=55$$

$$2.s-3^m=5; s+3^m=11 \text{ бұл жүйелерін шешу арқылы}$$

$$а) m=3, s=28 \rightarrow n=6$$

б) $m=1, s=8 \rightarrow n=2$ мәндерінде 3^n+55 өрнегінің мәні бүтін санының квадраты болатынына көз жеткіземіз.

2.3.4. Жұп, тақтық қасиетті пайдалану.

Есеп 1: $x^3+y^3-3xy=2$ тендеуінің бүтін шешімін тап.

Шешімі: а) x, y екеуі бірдей немесе қай біреуі тақ болса теңсіздіктің сол жағы тақ сан болады да бұл жағдайда шешімі жоқ.

б) x, y екеуі де жұп болсын немесе $x=2m, y=2n$. Берілген тендеуді түрлендірсек $2(2m^3+2n^3-3mn)=1$ болатындықтан шешімі жоқ.

Есеп 2: $x^2+y^2=2006$ тендеуінің бүтін шешімі болмайтынын дәлелде.

Шешімі: а) x, y екеуі де жұп немесе біреуі жұп, біреуі тақ болса сол жағы 4ке бөлінеді де оң жағы бөлінбейтіндіктен шешімі жоқ.

б) $x=2z+1, y=2t+1$ болсын $z^2+z+t^2+t=501 \rightarrow z(z+1)+t(t+1)=501$ тендеуінің сол жағы жұп, оң жағы тақ болатындықтан шешімі жоқ.

Есеп 3: $y^2+9=x^3$ тендеудің бүтін шешімін тап.

Шешімі: а) x -жұп сан болсын. Бұл жағдайда берілген тендеу $y^2 \equiv -1 \pmod{4}$ салыстырымына келеді. Бұл салыстырымның шешімі болмайды.

б) x -тақ сан болсын. Тендеуді

$$y^2+1=x^3-8=(x-2)(x^2+2x+4) \text{ түріне келтірейік.}$$

$A=x^2+2x+4=(x+1)^2+3=-1(4)$ сондықтан A санының жай бөлгіштерінің қай бірі $p=-1(4)$ түрінде болады. $A \equiv p \rightarrow y^2+1 \equiv p$ немесе $y^2 \equiv -1(p)$ бұл тендіктің екі жағын $\frac{p-1}{2}$ дәрежеге шығарсақ $y^{p-1} \equiv -1(p)$ болады. Келесі жағынан $(y;p)=1 \rightarrow$ Ферманың кіші теоремасы бойынша $y^{p-1} \equiv 1(p)$ болуға тиіс. Қайшылыққа келіп тендеудің бүтін шешімі болмайтыны дәлелденді.

2.3.5. Кері жору тәсілін керектену.

Есеп 1: $x^2+y^2=3t^2$ бүтін шешімдерін тап.

Шешімі: $x=y=t=0$ шешімі болады.

а) x, y, t үшеуі де нөлден өзгеше деп алайық. $(x; y; t)=d$ десек $x=dx_1, y=dy_1, t=dt_1$ және $(x_1; y_1; t_1)=1 \rightarrow x_1^2+y_1^2=3t_1^2 \rightarrow x_1^2+y_1^2:3 \rightarrow x_1; y_1$ екеуі де 3-ке бөлінуі шарт $x_1=3x_2; y_1=3y_2 \rightarrow 3(x_2^2+y_2^2)=t_1^2 \rightarrow t_1:3$. Бұл $(x_1; y_1; t_1)=1$ дегенге қайшы келеді.

б) $x; y; t$ сандарының қай бірі нөлге тең болатын жағдайларда да жоғарғымен бірдей шешім болмайтынын дәлелдеу қиын емес.

Есеп 2: $x^5+3x^4y-5x^3y^2-15x^2y^2+4xy^4+12y^5=33$ тендеуінің бүтін шешімі болмайтынын дәлелде.

Шешімі: Тендеудің сол жағын көбейткіштерге жіктеп, $(x+3y)(x+y)^*$

$(x-y)(x+2y)(x-2y)=33$ түріне келтіреміз. Керісінше тендеудің x_0, y_0 бүтін шешімі бар делік. $x_0^5 \neq 0$ болғандықтан $y_0 \neq 0 \rightarrow x_0+3y_0, x_0+y_0, x_0-y_0, x_0+2y_0, x_0-2y_0$ сандары әртүрлі. Ал 33 санында $(-1) 1 (-3) -11 (-1) 1 3 (-11)$ деген әртүрлі 4 көбейткіш қана болуы мүмкін.

2.3.6. Айнымалының мәнін бағалап, шектеу тәсілі.

Есеп 1: $6x^2+5y^2=74$ тендеуінің бүтін шешімін тап.

Шешімі: Берілген тендеуді $6(x^2-4)=5(10-y^2)$ түріне келтірейік. Бұдан $x^2-4=5u, 10-y^2=6v$ немесе $u=v$ болуы тура. $\rightarrow u, v$ айнымалылары үшін 0 және 1-ге тең болатын екі ғана мүмкіндік бар. $u=v=0$ болса тендеудің бүтін шешімі жоқ $u=v=0$ кезде бұдан $(3; 2), (3; -2), (-3; 2), (-3; -2)$ шешімдерін аламыз.

Есеп 2: $x(x+1)(x+7)(x+8)=y^2$ тендеуінің бүтін шешімдерін тап.

Нұсқау: $x^2+8x=z$ деп алып z^9 болғанда $z^2+7z=y^2$ саны $(z+3)^2$ –мен $(z+4)^2$ сандарының арасында болатындығына көз жеткіземіз. Бұдан z^9 болғанда шешім жоқ екенін анықтадық. Енді $z \leq 8$ болғандағы x -тің мәндерінде тендеудің шешімін табу қажет.

Есеп 3: $x^2+xy+y^2=x^2y^2$ тендеуінің бүтін шешімдерін тап.

Нұсқау: Тендеуді $(x+y)^2=xy(xy+1)$ түріне келтіріп, $xy \neq 0$ болса $x+y, x-y$ сондай-ақ $x-y-1$ болса $(x+y)^2$ сандары бүтін мән қабылдамайтынына көз жеткізу қажет.

Есеп 4: $x(x+1)(x^2+x+2)=2y^2$ тендеудің бүтін шешімдерін тап.

Нұсқау: $x(x+1)$ жұп $\rightarrow y$ -жұп болатынына көз жеткіз. $x(x+1)=2z, y=2t$ десек $z(z+1)=2t^2 \rightarrow z=2a^2$ немесе $z+1=2b^2$ түрінде болатынын ескеріп 2 жағдайды жеке жеке алып көр.

Жауап: а) $(0; 0), (-1; 0)$

б) $(1; 2), (1; -2), (-2; 2), (-2; -2)$

Есеп 5: $x^4+x^3+x^2+x+1=y^2$ тендеуінің теріс емес бүтін шешімдерін тап.

Нұсқау: Тендеуді $(x^2+\frac{x}{2}+\frac{3}{8})^2+\frac{5}{8}+\frac{55}{64}=y^2$ түріне келтір.

$8y^2-8x^2-4x+3$ немесе $2y^2-2x^2-x+1$ тендігінің екі жағын квадратта және берілген тендеуді пайдаланып x -тің мәнін шекте.

Қорытынды

Орта мектепте анықталмаған тендеулердің бүтін түбірлерін табудың қарапайым әдістері қарастырылады. Оқушылар анықталмаған тендеулердің шешудің таңдау тәсілі, дербес шешімдерін алтыншы сыныптан бастап үйренеді. Әсіресе, бұл тендеулердің бүтін шешімдерін табу мәселелері қарастырылады. Бұл дипломдық жұмыста Диофант тендеулердің

бүтін шешімдерін табудың әдіс-тәсілдері жинақталып, оларды жалпылау арқылы жалпы әдіс қорытындыланған. Диофанттық тендеулердің бүтін шешімдерін табудағы оқушылардың логикалық ойлауын қалыптастыру, математикаға қызығушылықты арттыру, байқағыштыққа, шапшаң есептеу және шешу дағдыларын қалыптастыру, өзіндік ізденуге жол ашу, математика әлемінің сырларын анықталмаған тендеулер арқылы ашудағы проблемалық есептерді орта мектепке пайдалану мәселелері қарастырылды.

Бүтін сандар адамдарды ерте дәуірлерден бері қызықтырып келеді. Ежелгі грек-рим шежірелерінде, сол дәуірдің өзінде-ақ бүтін сандар арифметикасын күнделікті өмірдің қажеттілігінен де тереңірек, кеңірек зерттеп үйренгені туралы мәлімет айтылады. Бүтін сандардың қасиеттерін зерттеумен ертедегі гректің данышпан ғалымдары Евклид, Пифагор, Диофант тағы басқалары айналысқан.

Евклид (біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасыр) жай сандардың ақырсыз көп екенін және басқа қасиеттерін дәлелдеген болса, Эратосфен (б.э.б. 384-322) берілген саннан үлкен емес жай сандар кестесін түзудің тәсілін ұсынған.

Пифагор (б.э.б. 580-500) натурал сандардың қатынасы арқылы музыканы зерттеген. Натурал сандарды зерттеп үйренгені соншалықты, натурал сандарға түрлі атаулар беріп, адам тағдырын сандардың қасиеті арқылы болжаған. Келешекте дүниені сан басқарады, сан дүниенің негізі деген мистикалық пайымдаулар жасауға дейін барған. Диофант анықталмаған тендеулерді бүтін сандарда шешуді қарастырған.

Бүтін сандардың тамаша қасиеттерін көп зерттеген ғалымдардың бірі – француздың атақты математигі П. Ферма (1601-1665). Ол өзінің атымен аталған бірнеше теорема қалдырған.

Математика тарихында анықталмаған тендеулерді бүтін сандарда шешумен бірінші болып, III ғасырда өмір сүрген грек математигі Диофант айналысқан. Сондықтан анықталмаған тендеулерді кейде **диофанттық тендеулер** деп те атайды. Анықталмаған тендеулердің, негізінен, бітін шешімдерін табу қарастырылады.

Практикалық өмірде, атап айтқанда халық шаруашылығы өркендеуімен байланысты техникалық мәселелерде анықталмаған тендеулердің бүтін шешімдерін табу – ғылымда болсын немесе техникалық мәселелерде болсын негізгі проблемалардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бейсеков Ж, Рахымбек Д, Шарипов Т.А. – Орта мектепте математиканы оқытудың әдістемесіне арналған оқу құралы – Шымкент 2003, -180 бет.
2. Бидосов Ә. – Орта мектепте математиканы оқыту методикасы. – Алматы, 1992.-224б.
3. Брадис В.Н. методики преподавания математики в средней школе.-М.Учпедгиз,1951.-504стр.
4. Көбесов А. – Орта мектепте математиканы оқыту методикасы. – Алматы, 1989.-86б.
5. Математика пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама (5-9 сыныптар) Алматы, 1999.-24 бет.
6. Мұқашев Ә.Қ, 5-6 сыныптарда математиканы оқытудың кейбір мәселелері.-Алматы Рауан.-1991.-144бет.
7. Оразалиев А. - математикалық сөйлемдер.-Алматы, 1996. – 68 бет.
8. Груденов Я.И. – совершенствование методической работы учителя математики. Кн для учителя.-М:Просвещение,1990.-224с.
9. Репьев В.В. – Общая методика преподавания математики.-М.Учпедгиз,1958.-223стр.
10. Баймұханов Б.Б, - математика есептерін шығару.-Алматы мектеп 1988.

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Байменова Тамара Булатовна
Высший аграрно-технический колледж, УОАЗКО, г.Уральск

Ключевые слова:

Коммуникативная компетентность, компетентностный подход, коммуникативные технологии

Коммуникативная компетентность становится одной из главных составляющих профессионального уровня специалиста любой сферы в современных условиях.

В рамках компетентностного подхода доминирующим является представление не просто о наращивании объема знаний, а о приобретении разностороннего опыта деятельности. Его актуальность заключается в том, что:

- образовательный результат соответствует общей цели образования — подготовке гражданина к активной социальной адаптации, самостоятельному жизненному выбору, к началу трудовой деятельности и продолжению профессионального образования;
- в нем соединяются интеллектуальная, навыковая и эмоционально-ценностная составляющие образования;
- содержание образования, в т. ч. и стандарты, должно перестраиваться по критерию результативности, которая, однако, выходит за границы знаний, умений и навыков (ЗУН);
- компетентность выпускника, заложенная в образовательных стандартах, повлечет за собой существенное изменение не только в содержании образования, но и в способах его освоения, а значит, в организации образовательного процесса в целом [1].

В отличие от деятельностного подхода, приоритетом которого является интеллектуальное развитие человека, компетентностный подход делает акцент на формировании способности и готовности индивида к практическому социальному действию. В сравнении с личностным — развитие личности в рамках компетентностного подхода ограничивается развитием лишь тех личностных качеств, которые необходимы для освоения ключевых компетенций, хотя общая установка учитывать личностные возможности и потребности сохраняется. В отличие от культурологического подхода, ориентация компетентностного подхода на освоение определенного набора компетенций конкретизирует сферы культуры, которые рассматриваются как значимые с точки зрения образования [2].

Главная цель компетентностного подхода в преподавании русского языка и литературы заключается в формировании всесторонне развитой личности студента, его теоретического мышления, языковой интуиции и способностей, овладение культурой речевого общения и поведения. Предмет должен быть направлен на формирование коммуникативных навыков учащихся, чтобы учащиеся могли в любой стандартной и нестандартной ситуации высказать свою точку зрения, доказать и обосновать при необходимости, умело вести диалог в условиях межкультурной коммуникации.

Коммуникативная компетенция - это овладение всеми видами речевой деятельности и основами культуры устной и письменной речи, умениями и навыками использования языка в различных сферах и ситуациях общения, соответствующих опыту, интересам, психологическим особенностям обучающихся [3].

Вся жизнь человека протекает в постоянном общении, поэтому формирование коммуникативной компетенции имеет особую значимость и ей следует уделять пристальное внимание: она влияет на учебную успешность, от неё зависит эмоциональное благополучие в коллективе, она является ресурсом эффективности и благополучия студента и в будущей взрослой жизни.

Большой проблемой является сейчас очень низкий уровень коммуникативной компетенции у студентов колледжей. Причины:

- снижение уровня читательской культуры;
- снижение уровня индивидуального словарного запаса;
- низкий уровень сформированности индивидуально-личностных оснований для коммуникативной компетентности.

В связи с этим процесс обогащения словарного запаса студентов – важный этап организации профессионально-ориентированного изучения русского языка. Если процесс обучения русскому языку построить в контексте будущей специальности путем формирования понятия о термине как о языковой единице, то данная система обеспечит формирование коммуникативной компетенции в специальной системе речевой коммуникации.

Основным условием эффективности профессионально-ориентированной методической системы обучения русскому языку является комплексное использование ее компонентов – содержания терминологического и текстового минимумов, коммуникативно-деятельностного метода освоения профессиональных терминов и интеграции традиционных и активных методов обучения [4].

4. Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысына сипаттама. *Интернет – ресурс*:<https://shygharma.info> › azirgi...
5. Қазіргі мектептегі тәрбиенің мазмұны - презентация онлайн. *Интернет – ресурс*:<https://ppt-online.org> › ...
6. Манашова С. Еңбекке тәрбиелеу //Бастауыш мектеп. -2005.-№1.-11.

ТЁПЛЫЙ ПОЛ

Каримова Эльнура Абдурахманқызы
Кентауский многопрофильный колледж



Тема: Тёплый пол.

Актуальность : На сегодняшний день отопление помещений квартир и домов может включать в себя не только общее централизованное или индивидуальное отопление, но и локальное в виде теплого пола. Такая комбинированная система позволяет обогревать помещения в любой период года

Гипотеза: Тёплый пол – эффективная, выгодная отопительная система

Предмет исследования: Тёплый пол.

Теплый пол имеет немало преимуществ по сравнению с традиционным радиаторным отоплением, главное из которых - более высокий уровень комфорта. При напольном отоплении распределение тепла в комнате с точки зрения физиологии близко к идеальному. Касание ступнями поверхности пола создаёт ощущение тепла, а относительно прохладный воздух на уровне головы - свежести.

Теплоотдача происходит с обширной поверхности и с относительно низкой температурой, благодаря чему возрастает количество излучаемого тепла по сравнению с теплом, распространяемым потоками воздуха. Излучение, в отличие от конвекции, обеспечивает более равномерное распределение тепла в помещении. Уменьшение конвективных потоков приводит к сокращению количества пыли в воздухе обогреваемого помещения. Не опускается ниже нормы и уровень влажности воздуха, поскольку температура поверхности пола, как уже говорилось, невысока.


Отопление с помощью теплого пола более экономично, чем традиционное радиаторное отопление. Равномерное распределение тепла, помимо комфорта, позволяет использовать

более низкие температуры теплоносителя. Отопление помещения с помощью тёплого пола даёт от 15 до 40% экономии по сравнению с радиаторным отоплением на том же источнике энергии.

Электрический тёплый пол

Современный электрический тёплый пол безопасен с точки зрения температуры (24-28°C) и электромагнитного излучения. Электрический тёплый пол чаще всего устанавливается в городских квартирах. Он способен стать как основной, так и дополнительной системой отопления, которую можно включить в любое время года, независимо от распорядка работы ТЭЦ.

На выровненном и очищенном черновом полу укладывается теплоизоляция, затем укрепляется монтажная лента, с помощью которой закрепляют нагревательный кабель, затем заливается бетонная стяжка. Кабель подключают к автоматическому терморегулятору (термостату), управляющему температурой воздуха в помещении. Этот прибор закрепляется на стене и является единственной видимой частью системы.



1. Покрытие
2. Теплоизоляция
3. Нагревательный кабель
4. Датчик температуры
5. Цементно-песочная стяжка
6. Керамическая плитка, линолеум, ковёр
7. Термостат
8. Монтажная лента

В случае, если нет возможности увеличить толщину пола даже на 3 см, можно установить на небольшой площади помещения сверхтонкий тёплый пол, представляющий из себя сетку из пластиковых нитей, в которую вплетен тонкий нагревательный кабель. Сетка поставляется в виде рулонов, готовых к употреблению и укладывается непосредственно в несколько утолщенный слой клея для плитки.

Такая система отопления не требует технического обслуживания - достаточно периодического контроля. Электрический тёплый пол не имеет никаких движущихся частей, трущихся пар и т.п. деталей, у него в принципе невозможны протечки и неисправности, что обеспечивает его надёжность и долговечность.

Главный недостаток электрического тёплого пола - высокое энергопотребление. Особенно много электроэнергии расходуется там, где электрический тёплый пол является основной системой отопления. Например, владельцу коттеджа "электрическое" тепло ежегодно обходится в 20 раз дороже, чем полученное от системы на газе. В связи с этим основную систему напольного электрического отопления экономически оправданно использовать лишь в местностях, где нет и не предвидится магистрального газоснабжения, да еще если дом построен с соблюдением последних нормативов.


Популярные модели



Водяной тёплый пол

В случае водяного тёплого пола источником энергии является нагретый теплоноситель, который, проходя по уложенным в полу трубам, отдает тепло помещению. Такая технология водяного отопления применяется в основном только в контурах с принудительной циркуляцией, так как для получения относительно низкой температуры воды необходимо организовать смесительный узел, а он не способен функционировать без насоса. Смесительный узел обеспечивает пониженную температуру подаваемого в систему теплоносителя путем смешивания воды от источника тепла, имеющей температуру до 90°C, с уже остывшей, возвращенной из труб водой. Водяные теплые полы чаще всего используются в частных домах, а также для подогрева полей стадионов, спортивных площадок, дорог и подъездных путей, ангаров, взлетно-посадочных полос и т.д.

1. Полиэтиленовая пленка 100 мкм
2. Полистирольная плита
3. Арматурная сетка
4. Труба 17-20 мм
5. Демпферная лента
6. Бетонная стяжка 30 мм над трубой



В городских квартирах с централизованным отоплением подключение таких полов возможно, но только вместо радиаторов центрального отопления, и обязательно с использованием теплообменника с балансировочным клапаном поддерживающим то же падение температуры, что и радиатор. Дешевле и проще это сделать в домах с двухтрубной системой центрального отопления. Недопустимо подключение к трубам горячего водоснабжения, ведь вода из стояка ГВС, проходя через контур теплых полов, возвращается назад уже охлажденной, что не может понравиться потребителям горячей.

Заключение

На сегодняшний день существует масса вариантов оборудовать у себя в квартире, в доме или на даче максимально эффективную систему отопления. В зависимости от целевого использования жилых помещений отопительные системы могут быть основными и вспомогательными. В каждом отдельном случае сами жильцы решают, каким образом отапливать свой дом. О преимуществе водяных полов сказано уже достаточно много. По своей эффективности и качеству обогрева водяной теплый пол является несомненным лидером среди существующих вариантов отопления

Список использованной литературы:

1. Попов К.Н. Еденге арналған заманауи материалдар. // Құрылыс материалдары.—2000ж. — №3.—2—4бет.

2. Шестопалова А.А. Бетон едендерді орнату технологиясы. // Құрылыс. Жаңа технологиялар. Жаңа жабдықтар.—2007г.—№10.—37–41 бет.
3. Зарубина Л.П. Өңдеу жұмыстары технологиясындағы заманауи әдістер. Еден құрылымы. // Әдістемелік материалдар.—СПб.—ЦИПК—1990ж.
4. Өнеркәсіптік құю едендері. // Өнеркәсіптік-құрылыстық шолу.—2006ж.—№2(92)—С.109.
5. Өнеркәсіптік едендердің құрылысы. // Еуроқұрылыс.—2007ж.—№49.
6. Еден құрылымы және жөндеу энциклопедиясы. pol-master.com

МЕКТЕПТЕ Б.МАЙЛИННИҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУ

П. Балғабайқызы

М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 4-курс студенті, Тараз қ.

Негізгі сөздер: Б.Майлин, Майдан, әдебиет, инновация, технология.

«Өмірдің қуанышы – көп алуында емес, басқаларға көп беруінде, білім мен тәжірибенді халыққа таратуында» - деп қазақтан шыққан батыр әрі қаламгер Б.Момышұлы айтқандай, бойындағы білім мен тәжірибені бөлісу де – бір қуаныш. Бұл сөздің мәнін көп жағдайда ұстаздар қауымы тереңірек түсінеді. Ұстаздар өз өмірінде жиған-терген білімдерін шәкірттерімен бөлісуден еш тартынған емес. Ұстаздықтың ерекшелігі – жауапкершіліктің молдығы. Білім беру бағадарламасында көптеген пәндер бар. Олардың барлығы да баланы білім нәрімен сусындатады. Дегенмен баланы патриот етіп тәрбиелейтін, өмірді танытатын пәндер санаулы. Меніңше, олар қазақ – тілі және қазақ әдебиеті пәндері.

Қазақ тілі пәні баланың өз ана тілінде дұрыс сөйлеп-жазуын, сөздердің дұрыс қолданылуын, пунктуациясын үйретіп, тілді сүйеге жетелесе, қазақ әдебиеті пәні – өмірдегі түрлі оқиғаларды бастан өткізген кейіпкерлер арқылы өмірді тануға, тарихымыздағы түрлі сергелдендерді тереңірек ұқтырып, ұлы тұлғаларымызды тануға жетелеп, тіл байлығымызды дамытады. Қазақ жерінде хадим мектептері, жадид мектептері, орыс мектептеріне негізделген Ы.Алтынсарин мектептері болғандығы рас. Дегенмен әдебиет жекеленіп пән ретінде оқытылмады. Тек 30-жылдары ғана пән ретінде оқытыла бастады. Осы сәттерден бастап қазақ әдебиетін оқыту әдістемелерін жасау да қолға алынды.

Бүгінге дейін қазақ әдебиетінің әдістемесін жасауда бірқатар ғалымдарымыз еңбек етті. Атап айтар болсақ, Қ.Бітібаева, Қ.Байтанасова, С.Айтуганова, Ә.Қоңыратбаев секілді іргелі ғалымдарымыз әдістеменің дамуына өз үлестерін қосты. Әлбетте, әдебиетті зерттеген ғалымдарымыз өте көп. Алды А.Байтұрсынұлы, З.Қабдолов, М.Мырзахметұлы, Р.Сыздықова секілді ғалымдарымыз. Әдебиетті зерттеген ғалымдарымыздың еңбектерін негізге ала отырып, біз оқушыларға әдебиетті тереңірек түсіндіре аламыз. Қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру [1, 3 б.]. Қ.Бітібаева секілді ғалымдарымыздың әдіс-тәсілдері оқушылардың пьесаны түсінуіне жағдай жасағанымен, жаңа инновациялық әдістерді қажет етеді. Дамыған елдің жаршысы болатын жастарды жаңа әдістермен шығармаларды оқытып, қызықтырған да артықтық етпейді. Сонымен қатар инновациялық технологияларды қолдану барысында ескеру

керек жағдайлар да бар. Оқытудың инновациялық әдістерінің классификациясы мынадай топтарға бөлінеді:

1. Қатысушы саны бойынша;
2. Ұйымдастыру жері бойынша;
3. Оқу-танымдық қызметі бойынша;
4. Қатысушылардың іс-әрекетінің үлгісі бойынша;
5. Компьютерді қолдану принципі бойынша [2, 27 б.].

Еліміздегі ірі өзгерістерден кейін көптеген сала дамып, дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін еңбек етіп келеді. Білім беру бағдарламасы да бірқатар өзгерістерден өтті. «Елу жылда ел жаңа» - дегендей тәуелсіздігімізді алғалы 30 жыл болса да, елімізде мектепте Б.Майлиннің драмалық шығармаларын оқыту қолға алынбай жатыр. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемілік құралдарында аздап тоқталғанымен, нақты айтылмай жатқандығы да мәлім. Кеңестік дәуірде 20-30 жылдай театр репертуарларынан түспеген Б.Майлиннің «Майдан» пьесасы да бүгінде қозғаусыз қалып бара жатқандығы да жасырын емес. Дегенмен оқылықтардың орнын толтыру үшін әлі де кеш емес.

Техниканың дүркіреп дамып келе жатқан заманында шығармаларды мектепте түрлі инновациялық тәсілдермен оқытуға болады. Тіпті ғаламтор арқылы мұхиттың арғы жағында тұрса да хабар алысып, білім бере алатын күнге жеттік. Сабақта интеллектуалдық ойын ретінде өтетін болса, «Power point» қосымшасындағы «гиперссылка» пәрменімен сабақта ұяшықтар таңдауға болады. Егер сабақта оқушылардың білім деңгейін тексеруді қаласа, «Google формы» қосымшасымен тиімді тексеруге де болады. Егер сабаққа түрлі «Бәйге», «Миллионер» тағы басқа да ойындармен оқушыларды қызықтырғысы келсе, «Learning apps» қосымшасын пайдалануға да болады. Б.Майлинның драмалық шығармаларын оқыту сәтінде де жаңа технологияларды пайдаланып, сабақты қызықты өту – бүгінгі заман талабына айналып отыр.

Б.Майлиннің драмалық шығармаларын оқыту жайын қозғамас бұрын келесі мәселені ескерген жөн. Әдеби процесс 3 компонент (автор, шығарма, оқырман) толық болса ғана жүретіндігі белгілі. Егер автор болмаса, көркем шығарма да болмас еді. Сондықтан мектеп бағдарламасында автордың өмір жолы мен шығармашылығын оқыту да маңызды. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін зерттеген ғалымдардың көпшілігі ақын-жазушылардың өмірін оқыту жайын қозғап кеткен болатын.

Әдебиетте шығармамен таныспай жатып, ақынның немесе жазушының өмірі жайында ақпараттандырылудың маңызы зор. Өйткені әдебиеттің басты критерийі шындық. Әр ақын, әр жазушы не басынан өткен оқиғаларын, не көзімен көрген, не естіген оқиғалар жайын жазады. Сондықтан біздің әдебиетіміз тарихи шығармаларға бай. Мәселен, түркілердің жәдігеріне айналған «Құтты білік» дастаны, құтты мемлекет болмысын жасайды. Автор, яғни Ж.Баласағұни өз өмірінде сол заманғы патшалықтың қайреткері болған, «Хас хажиб» атағын алған. Бертін келі хандық дәуір әдебиетін алар болсақ та, би-шешендер мен ақын-жыраулар шығармашылығы сол заманғы мемлекет, өмірдің ақ пен қарасын, әделетсіздер мен опасыздықтар, халық жайынан сыр шертеді. Махамбеттің өз өмірінде батыр болғаны, Исатай қолбасшының соңынан ергендігі, дос болғандығы, хан жауыздығын көргендігін барлығы да дерлік өлеңдерінде сайрап тұр. Бұлардан өзге де Абай, Ыбырай, Ахмет, Мағжан, Шәкәрім сынды өзге де ақын-жазушыларымыздың шығармалары тарихи шындық пен өз өмірлері жайынан хабар береді. Егер оқушылар ақын-жазушылардың өмірін оқи отырып, шығармашылығын оқитын болса, шығарма идеясы мен тақырыбы, мәні түсінікті болмақ.

Қ.Бітібаева 9-11-сыныртарға ақын-жазушылар шығармашылығын оқытудың екі тәсілін көрсетеді: «Тәжірибеде суреткер өмірбаянына арнайы сағаттар бөліп, шығармашылығын талдау алдында оқыту және оны шығармашылығымен қоса, хронологиялық жүйемен оқыту орын алған. Орыс әдебиетін оқытуда соңғы тәсіл кең орын алады. Ал қазақ әдебиетін оқытуда бұл соңғы тәсіл келе бермейді, оның басты себебі жазылып қалған деректердің болмауы, тағы басқа себептер бойынша ақын-жазушының

өмірі, шығармаларының дүниеге келуінің нақты мерзімі белгісіз болуы,» – деп көрсетеді [3, 168]. Автордың өмірін өткен кезде оның өміріндегі басты оқиғаларды жинақтап, оларға байланысты шығармаларын қарастырып, хронологиялық кесте пайдалануға болады. Б. Майлиннің драмалық шығармаларын оқыту хақында да алдымен «Б. Майлин кім?» – деген сұраққа жауап берген жөн. Осы сәтте жаңа технологиялардың бірі ретінде «Google формы» қосымшасын пайдалануға болады (<https://forms.gle/tRkgMu6sTibV6sRL8>).

Б.Майлиннің драматургияның ірі саласында үлкен суреткерлігін танытқан пьесасы – «Майдан». «Майдан» пьесасында келісімге келмейтін екі таптың күресін көреміз. Майданның бір жағында іргесі сөгіліп, үміті қырқылған, күні өткен бай табының қалдығы мен оның шашбауын көтерушілері Бекболат, Мамық, Жұмағұл, Есен, Көдебайлар, екінші жағында совет өкіметі арқасында теңдікке қолы жеткен Досан, Орынбай, Ержан, Дәурен, Зәуре сияқты кедейлер тобы. Осы топтардың арасындағы тартыс шығарманың негізгі өзегі. Автор ұнамды образдардың ой-санасының өсу жолын, мінездерінің қалыптасуын сол кезеңге сәйкесті шығуға күш салған. Орынбай, Досан, Зәуре, Ержандар тап күресіне бұрыннан араласып ысылған адамдар емес, бәрін де сол дәуірдегі тап тартысы сахнаға шығарған күрес ерлері, күні кешегі Бекболаттың батрактары. Драматург олардың күресте шынығып өскенін нанымды жеткізе білген. Бұл кедейлердің әрқайсысының өзіне лайықты өсу жолдары бар.

Көптеген ұстаздар драмалық шығармаларды оқытқан кезде оның ерекшеліктерін ескеруді жөн санайды. Филология ғылымдарының кандидаттары Қарлығаш Байтанасова мен Сәулеш Айтуғанова: «Драмалық шығармаларды мұғалім оқушыларға мынадай жұмыс түрлерін жүргіздіруіне болады:

- Мұғалім алдымен өзі оқып көрсетеді;
- Оқушылар рөлге бөліп оқиды;
- Пьесадағы негізгі тартысты анықтайды;
- Басты кейіпкерлерге мінездеме береді;
- Сюжет желісін бақылай отырып, әр көрініске тақырып ойлайды,» –

деп драмалық шығармаларды өту түрлерін көрсетеді [4, 96]. Әлбетте оқушыларға жоғарыда аталған жұмыстарды жүргізбес бұрын олардың шығарманы оқығандарына көз жеткізу керек. Оқушыларға шығарманы оқу барысында қажет болар ақыл-кеңестерді беруге де назар аударған жөн. Әсіресе шиеленістің қызған сәттеріне көңіл бөлу керек. Мұндай сәттерде үлестірме тапсырмалар берген де дұрысырақ, яғни оқушыларға түсіндіре отырып, ойландыратын сұрақтар беру керек. Жаңа технологияларды қолдануды қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген ойын түрлерімен байланыстырып, сабақты одан әрі қызығырақ өтуге болады (<https://learningapps.org/watch?v=pcvxmsm3j22> немесе 1-сурет).

Қорыта келгенде, драмалық шығармаларды оқыту және талдау жолдарын әдіс-тәсілдерін жетілдіре түсу қажет. Сыныптан тыс жұмыстарда, драмалық үйірмелерде драмалық шығармаларды оқыту, мүмкіндіктерінше сахналату оқушы үшін драмалық шығарма табиғаты мен күрделі кейіпкерер жүйесін, адамдар әлемін танудың бірден-бір жолы болмақ. Б. Майлиннің драмалық шығармалары қайта оқу бағдарламасына еніп, жаңаша тәсілдермен тамыр жая оқытылғандығы жөн.



1-сурет. Б.Майлиннің «Майдан» пьесасы бойынша «Learning Apps» қосымшасымен құрастырылған «Сәйкестендіру» тестіне QR-коды бар суретті сілтеме.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бұзаубақова К. Ж. Инновациялық педагогика негіздері. Оқу құралы. – Алматы: «Білім» баспасы, 2009. – 424 бет.
2. Ф. Б. Бөрібекова, Н.Ж. Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. –360 бет.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан», 1997 – 288 бет.
4. Байтанасова Қ., Айтуғанова С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008. – 160 бет.
5. Майлин Бейімбет. Қызыл жалау. Роман, повесть, әңгіме, пьеса, фельетон, очерктер. Құрастырған С. Ордалиев. Алматы, «Жазушы», 1974. 384 бет.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мухамбеткалиева Гүльмира Шалгезовна

Жоғарғы аграрлық-техникалық колледжі, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы . Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. Қазіргі кезеңде мектеп мұғалімінің алдында тұрған маңызды, жауапты міндеттердің бірі - оқушыға тиянақты білім беру. Ол үшін мектеп мұғалімдері оқытудың тиімді әдіс – тәсілдерін өз тәжірибесінде таңдап алады. Жаңа технология стратегияларын күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану оқыту мақсатында жетудің тиімді жолдарын көрсетеді. Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің, мемлекеттік тілді оқытудың басым бағыттарын айқындау педагогика тәжірибесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық. Тіл тағдырын жетілдіру көп ретте мектепте атқарылатын жұмыс деңгейіне байланысты. Өйткені, өскелең ұрпақтың балғын санасына бай тіліміздің нәрін сіндіріп, көкірегіне ұялатуға әр пән мұғалімі ауқымды істер атқаруы тиіс. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр мұғалім, жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттіктерге ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан да әрбір ұстаз үнемі шығармашылық ізденісте болуы керек. Мен өз тәжірибемде көбінесе оқушылардың бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлемін. Оқушы бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Топ

мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жайттарды есте ұстаймын:

- Сыйластық (бір – біріне бірдей бағынышта болу);
- Жауапкершілік ;
- Топқа бөлгендегі әр тектілікті ұмытпау;
- Топтың барлық мүшелерінің кезекпен сөйлеу дағдысын үйрету;
- Тікелей сөйлеуде әлеуметтік қарым – қатынас жасау, дағдыларын қалыптастыру;
- Мұғалімдердің, оқушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету;
- Топта ұтымды жұмыс істеу.

Осындай топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі болады, шындалады.

- Бірлесіп жұмыс жасауда қол жеткізген жетістіктерім;
- Оқушының ең алдымен есте ұстау қабілетінің жоғарлауы;
- Жиі- жиі ой талқысын жасау және терең түсінікпен ойлаудың дамуы арқылы оқушыны сөйлету;
- Сабақта өз бетімен бақылаусыз отырғаннан гөрі оқушының жұмыс басты болуы;
- Бір нәрсеге үйрету, мәнді түрде қызығушылығын оянуы;
- Бірлесіп жұмыс жасау кезінде топ мүшелерінің ұлтына, жынысына, қабілетіне, әлеуметтік жағдайына қарамай олардың бір – біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын түсінеді.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап, оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы. Орта мектептерінде қазақ тілін, мемлекеттік тілді оқыту жүйесі қарапайым және бастапқы, негізгі, орта және ортадан жоғары деңгей бойынша базалық және пәндік құзыреттерді жүзеге асыра отырып, қазақ тілін жете меңгерту; сөйлесім әрекетінің түрлеріне сай оқушыны тілдік білім негізінде әдеби тілде сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дара тұлғаның тілдік қабілетін дамыту, бір-бірімен сабақтас, жүйелі тақырыптарды коммуникативтік тұрғыдан ұсына отырып, оқушыларға қазақша тілдік қатынасты игерту мақсатын көздейді. Осы аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланған орынды.

Қазақ тілі сабағында оқу ақпаратын ақпараттық технология жағдайында меңгерумен байланысты оқу әрекетінің түрлері; Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;

- Ақыл - ойын дамытады;
- Шығармашылық белсенділігін арттырады;
- Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді;
- Тіл байлығын жетілдіреді;
- Жан - жақты ізденушілігін арттырады.

Осы кезеңдер бойынша сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында оқу әрекеті қалыптасып, белсенді қызмет етуге ұмтылады. Бұл әр оқушының дербес компьютердің және мұғалімнің көмегімен өзара түсінісу ортасында қазақ тілі сабағында жаңа білімдерді алуына, танымдық іс-әрекетін дамытуына айтарлықтай септігін тигізеді және оқушының танымын, тілдік құзіреттілігін қалыптастыруда бірігіп жұмыс жасаудың жоғары түрлеріне көтереді. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияны қолдануда, әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, бірігіп шешу мәселелері ұсынылады, рольдік ойындар пайдаланылады, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни

тұрғыдан ойлауға үйретеді. Демек, ақпаратты технологияны пайдалану оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді.

Тындап – түсіну, көріп – байқау құралдарының концепциясында оқыту былайша орналасады: тыңдау – сөйлеу – оқу – жазу. Оның ішінде ауызша қабылдау (тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады.

Тындап – түсіну, көріп – байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – бейне құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған ұнтаспа, т.б.

Бейне материалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлікпен жеткізеді; екіншіден, оқушының бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады. Мен өзімнің сабақтарымда ғаламтор желісі арқылы көптеген мәлімет аламын. Көбіне бейнебаяндарды YOU TUBE сайтынан аламын. "Ұстаз", "Білімділер", "Сабақтар" сайттарын жиі пайдаланамын.

Мысалы, оқушылардың бейне мәтіннің жалпы мазмұнын түсінгендіктерін тексеру үшін мынадай жұмыстар жүргіземін:

Мәтіннің мазмұнына байланысты әр топқа сұрақ беремін, әр топ өздеріне тиісті сұраққа жауап ұсынады. Оқушылардың өздерінің жауабымен бейне мәтіндегі баяндалған мазмұнымен салыстырамыз. Сол арқылы оқушылар өздерінің ойын бейнебаяндағы айтылған ой мазмұнымен салыстырады. Сол арқылы өздерінің тілдік қабілетінің қандай деңгейде екенін байқайтын болады. Мен өзімнің сабағымды ақпараттық технологияларды пайдалану тиімділігінің тіл дамытуға тиімді екенін байқадым.

Сабақ барысында ақпараттық технологияны қолданудың жақсы жақтары:

1.Түрлі – түсті иллюстрациялар, ұлттық музыка, анимациялар есте сақтау процесі үшін тиімді.

2.Әр сабақта сөйлеу әрекетінің бес түрі де қолданылады: тыңдалым,сөйлесім, оқылым, жазылым, айтылым.

3.Әр сабақ төмендегілерді қамтиды:

а) компьютермен үзіліссіз тілдік қарым – қатынас;

ә) бірнеше рет тыңдау мен оқып – білген материалды қайталаудың арқасында дағдыларды машықтандырғанға дейін меңгертіледі.

4.Компьютер оқушының өзіндік жұмысын ұйымдастырады.

5. Компьютер оқытудың аудио және бейне құралдардың мүмкіндіктерін табысты байланыстырады.

6.Компьютерлік желілермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың тілдік сауаттылығы, шығармашылық потенциалының, тілдік құзіреттілігінің дамуына мүмкіндік туады.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолданған оқытушы ұтады, яғни, ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. 2009, № 12
2. Т.М. Артықова. «Қазақ тілі бойынша тірек – сызбалар».
3. В.Ф. Шаталов. «Тірек – сызба нұсқасы».
4. Ж. Адамбаева. «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері». 1993.
5. М.А. Аманбаева. «Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану».

ГИДРОПОНИКАДА ӨСІМДІКТЕРДІ ӨСІРУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Мәдір Гулмира Сағындыққызы,

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, биология ғылымының магистрі, Атырау қаласы,

Гидропоника - бұл топырақты пайдаланудың орнына өсімдіктерді өсіруге арналған ерітінділерді қолданудан тұратын әдіс. Бұл техниканы қолданудың көптеген тәсілдері бар және бұл өте пайдалы. Бұл техниканы қолданған кезде тамырлар өсуге қажетті қоректік заттарға бай және суда еріген тепе-тең концентрациялы ерітінді алады. Сонымен қатар, бұл ерітіндіде өсімдіктің жақсы дамуы үшін барлық маңызды химиялық элементтер бар. Осылайша, өсімдік тек минералды ерітіндіде өсе алады, немесе инертті ортада, мысалы, қиыршық таста, перлитте немесе құмда. Табиғи жағдайда, топырақ минералды қоректік заттардың қоры ретінде жұмыс істейді, бірақ өсімдіктің өсуі үшін топырақтың өзі маңызды емес. Топырақтағы минералды қоректік заттар суда еріген кезде өсімдіктің тамыры оларды сіңіре алады.

Өсімдіктер қоректік заттарды ерітіндіге енгізе алатындықтан, өсімдіктің дамуы мен өсуі үшін субстрат қажет емес. Кез-келген өсімдікті гидропоникалық техниканың көмегімен өсіруге болады, дегенмен, басқаларына қарағанда оңай және жақсы нәтиже беретіндер бар. Бүгінгі күні бұл қызмет ауылшаруашылығы үшін қолайсыз елдерде үлкен серпінге жетуде. Гидропониканы жылыжайды жақсы басқарумен біріктіру арқылы өнім ашық аспан асты дақылдарынан алынған өнімнен әлдеқайда жоғары болады. Осылайша, біз көкөністерді тез өсіре аламыз және оларды қоректік заттарға бай тағаммен қамтамасыз ете аламыз. Гидропоника техникасы бұл қарапайым, таза және арзан, сондықтан шағын ауыл шаруашылығы үшін бұл өте тартымды ресурс. Ол тіпті коммерциялық стандарттарға қол жеткізді және кейбір елдерде топырақтың жетіспеушілігімен байланысты көкөністер, сәндік және жас темекі өсімдіктері осылайша өсіріледі. [1]

Гидропоника әдеттегі дақылдарға қарағанда көптеген артықшылықтар ұсынады:

1. Гидропоникалық бақпен өсіру - өте қарапайым, таза және тиімді тамақ өсіру әдісі.
2. Кеңістікті үнемдеу, егістік жердің болмауы.
3. Өсімдік әрдайым қажетті заттарды қажетті мөлшерде алатындықтан, ол мықты және сау болып өседі және топыраққа қарағанда тезірек өседі. Сонымен қатар жеміс өнімділігі мен сәндік өсімдіктердің гүлденуі бірнеше есе артады.
4. Өсімдіктің тамырлары ешқашан кеуіп кетпейді.
5. Су ағынын бақылау оңай болғандықтан, өсімдіктерді күн сайын суарудың қажеті жоқ. Таңдалған қуатқа және өсіп келе жатқан жүйеге байланысты сіз суды әлдеқайда аз мөлшерде қосуыңыз керек - үш күн бір рет, айына бір рет.

6. Тыңайтқыштардың жетіспеушілігі немесе олардың артық мөлшері проблемасы болмайды.
7. Топырақ зиянкестері мен ауруларының көптеген проблемалары(нематодтар, саңырауқұлақ аурулары, шірік және т.б.) жойылып, бұл пестицидтерді қолдануды жояды.
8. Өсімдік тек өзіне қажет элементтерді алатындықтан, ол адам денсаулығына зиянды заттарды топырақта жинамайды (ауыр металдар, улы органикалық қосылыстар, радионуклидтер, нитраттардың көп болуы және т.б.), бұл жеміс өсімдіктеріне өте қажет.
9. Жерді қазудың қажеті жоқ, гидропоникалық ыдыстар жеңіл; балкондағы немесе жылыжайдағы үй таза және ұқыпты және топырақ өңдеуге байланысты басқа да жағымсыз факторлар жоқ. [2]

Барлық өсімдіктер осы әдіспен өсірілмейді, ал кейбіреулері басқаларға қарағанда жақсы өседі. Гидропоникалық бақтардың көпшілігінде өсімдіктерді кез-келген бақшаға біріктіру алдында тұқымдар жерде өну қажет. Гидропоникалық бақтар тез өсетін, қоректік заттарға бай тағамдарды шығарады. Бұл факт, өйткені оны кім отырғызса, оған әсер ететін элементтерді толық бақылауға алады: ылғал, рН, тотығу және қоректік заттар сияқты өсімдіктердің өсуін реттейді. Қалай болғанда да, барлық гидропоникалық жүйелер бірдей емес, суды қоректік ерітіндімен қалай айналдыратыныңызға байланысты, субстратты қалай пайдаланатыныңызға байланысты, соған сәйкес гидропоникалық бақшаларды әртүрлі түрлерге бөлуге болады:

1. *Су төгетін жүйесі бар гидропоникалық бақ.* Бұл жүйеде өсімдіктер инертті немесе органикалық болуы мүмкін субстраттың кейбір түрімен толтырылған науада өсіріледі. Бұл науалар өсімдіктер сіңіретін қоректік препараттармен толтырылған. Өсімдіктер барлық қоректік заттарды тұтынған кезде, науаны ағызып, оны қоректік препаратпен толтырады. Науадағы ерітіндінің тұру уақыты субстраттың су мен қоректік заттарды ұстау қабілетіне байланысты.

2. *Қоректік ерітінділерді жинайтын тамшылату жүйесі бар гидропоникалық бақ.* Бұл әдіс дәстүрлі тамшылатып суару әдістерін пайдаланады. Айырмашылығы сол, артығы жиналып, қажетіне қарай егінге айдалады. Бау-бақша егіске салынғандықтан, артығын алып тастауға болады.

3. *DWP гидропоникалық бағы (терең су мәдениеті).* Бұл гидропоникалық бақша жүйесі ежелгі уақытта қолданылғандарға өте ұқсас. Өсімдіктерді қоректік ерітіндінің бассейніне орналастырылған ыдысқа салады. Тамырлар сумен байланыста болады, сондықтан олар қоректік заттарды сіңіреді. Мәселе мынада, бұл тоқтап тұрған суға аквариумға орнатылатын компрессор арқылы оттегімен қамтамасыз етуіңіз керек.

4. *Гидропоникалық бақша NFT (Nutrient FilmTechnic).* Бұл өнеркәсіпте ең көп қолданылатын гидропоникалық бақтың түрі. Өсімдіктер субстраты жоқ ПВХ түтіктеріне орналастырылады және тамырлар қоректік заттарды сіңіре алатындай ерітінді сорғылар желісі арқылы түтіктерде үздіксіз айналады. [3]

Жоғарыда айтылған гидропоника әдістерінен біраз өзгешелеу болып, малды қыста және ерте көктемде қосымша қоректендіру үшін көк балаусаны өсіру әдісі. Мұның мәні мынада: сұлының, арпаның, бидайдың және тағы басқа астық дақылдарының жуылып, залалсыздандырылған тұқымдарын науаға 1 см қалыңдықпен салып, жылыжайдағы сөрелерге орналастырады. Тұқымдарды алғашқы 1, 2 күні жүйелі түрде таза сумен, кейіннен қоректік заттармен дымқылдайды. Бірнеше қат қабатпен орналасқан науаларды жарықтандыру үшін, олардың төбесінен лампа, дұрысы люминесцентті лампалар қойылады, себебі олар өсімдіктерді қыздырмайды, әрі күйдірмейді. Өне бастаған тұқымдар науа түбінде

тамыр киізін қалыптастырады да, кезекті дымқылдаудың ерітіндісін жақсы ұстап қалады. Ерітіндімен дымқылдауды тәулігіне 2-3 рет жүргізеді. Ерітіндіні науада 20-30 минут ұстайды, кейін артығын ыдысқа ағызып жібереді. Өнген тұқымнан 7-10 тәуліктен соң биіктігі 20-25 см қою сабақ қалыптасады. Оны тамырымен қоса малға береді.

Мұндай мал азығын өсірудің екі мағынасы бар. Біріншіден, ол қыс кезінде малға тапшы дәрумендер көзі болып табылады, яғни биологиялық құндылығы төмен қордағы тұқымдар, өсу барысында алмастырылмайтын амин қышқылдарына, атап айтсақ, лизин, метионин және триптофан бар негізгі азыққа айналады. Сонымен қатар өсімдік макро және микроэлементтері бар қоректік ерітіндімен дымқылдандырылатындықтан, өсірілген көк балауса қосымша минералды қорек бола алады. Екіншіден, бұл өндірісті үлкен табыс көзіне айналдыруға болады. Осы әдіс арқылы біз студенттермен сұлыны өсіріп қарап жатырмыз, ойдағыдай шығып жатса алдағы уақытта осы бағытта үлкен жұмыстар атқаратын ойымыз бар. [3].

Өсімдіктер өсірудің негізгі ережелері. Тамырдың пішіні көбінесе олардың өмір сүретін ортасына байланысты. Егер олар гидропоникалық әдіспен суда өсірілсе, олар жеңіл, шырынды болады және көптеген дәрумендермен қамтамасыз етіледі. Өсімдіктердің қажеттіліктері бірдей, бірақ күтім ерекшеліктері әр түрлі. Гидропоникалық жұмыс ерітіндісінің температурасы тым төмен немесе жоғары болмауы керек, ол +20 ° С шамасында болса, оңтайлы болады. Мұны мұқият қадағалап отыру керек, әсіресе қыс мезгілінде. Гидропоникалық жүйеде қолданылатын жоғары сапалы қоректік ерітінділер арнайы жасалған калибрленген тесіктер арқылы жасыл культураның тамыр жүйесіне енеді. Дұрыс дайындалған қоректік ерітінді - бұл жоғары сапалы көкөніс және жасыл өнімдердің кепілі. Ерітінді дайындау үшін пайдаланылатын судың бастапқы мәліметтері келтірілген:

- ерітін тұздар концентрациясының жалпы көрсеткіштері;
- маңызды қоректік заттардың сапалы және сандық құрамы;
- қаттылық көрсеткіштері.

Сарапшылар мен тәжірибелі бағбандар қоректік ерітінді дайындауға кеңес береді:

- кешенді тыңайтқыш «Кемира-гидро»;
- түйіршікті кальций нитраты;
- монопотасий фосфаты;
- сұйық магний нитраты;
- калий нитраты;
- магний сульфаты;
- 58% азот қышқылы;
- 77% фосфор қышқылы.

Ерітінді дайындау үшін судың температурасы 18-20 ° С болуы керек. Ерітіндідегі қоректік заттардың мөлшері жасыл дақылдың өсіп келе жатқан маусымына байланысты өзгеруі мүмкін. Дайын ерітіндінің стандартты рН деңгейі 5,8-6,5 аралығында болады.

Салат өсіру үшін арнайы қоректік композиция дайындалуы керек. *Қыста қоректік заттардың қатынасы келесідей:*

- азот - 180;
- фосфор - 50-70;
- калий - 3604

- магний - 50-60;
- кальций - 80-100.

Жазда салат өсіруге арналған қоректік шешім келесі құрамға ие болуы керек:

- азот - 140;
- фосфор - 50-70;
- калий - 220;
- магний - 40-55;
- кальций - 80.

Кез-келген өзгерістер жасыл культураның өсуі мен дамуына теріс әсер етуі мүмкін, сонымен қатар жоғары сапалы өнімдер алуға мүмкіндік бермейді. [4]

Гидропоника: өсіп келе жатқан тұқымдар мен көшеттер. Қазіргі гидропоника әдісі жидек, көкөніс және жасыл дақылдардың кез-келген түрін өсіруге қолайлы. Бұл әдіс тамырлы дақылдарды өсіру үшін мүлдем жарамайды. Көбінесе гидропоника қияр, қызанақ және түрлі жасыл дақыл, бақшаға арналған құлпынай және жабық сәндік өсімдіктер өсіру үшін қолданылады. Осы әдісті агрономия мамандығында оқитын студенттерге факультативтік қосымша сабақтарда қолданып жасап жатырмыз. Бұл студенттердің сабаққа деген қызығушылықтарын екі есе арттырды. Тұқымдарды отырғызбастан бұрын, суға батыру әдісі арқылы отырғызуға дайындадық. Мұнда өну үшін ылғалданған мақтаны пайдаландық. Сұйықтықпен күніне 1-2 рет бүрку әдісі арқылы шашып, әрдайым дымқыл күйде ұстадық. Өскін тұқымның енінен жартысында болған кезде отырғызу керек. Егер осы сәтті жіберіп алған жағдайда, онда отырғызу кезінде өскінге зақым келтіру мүмкіндігі болады.

Көшеттердің өсуін белсендіру және оларды вирустар мен саңырауқұлақ инфекцияларынан қорғауды қамтамасыз ету үшін топырақ келесі компоненттерден дайындалуы керек: шымтезек - 3 бөлік; муллин 0,5 бөлік; үгінділер – 1 бөлік. Қоспа, егер оны дайындаудың барлық шарттары толығымен орындалса, нәтиже береді, оның бастысы - компоненттерді мұқият араластыру. Содан кейін субстратқа 500 г калий, 100 г азот және 3 кг фосфор қосылады.

Тұқымдардан күшті көшеттерді өсіру үшін бөлмедегі ылғалдылық 70% сақталуы керек. Өсу процесінде топырақтың бетінде пайда болған қияр көшеттері арасындағы қашықтық 5-7 см-ден аспайтындай болуы қажет. Осылайша біз қияр, қызанақ, қызыл бұрыш тұқымдарын көшеттерге отырғызып қойдық. Өскіндер өсіп келе жатыр, бұйыртса оны колледжіміздің жылыжайына отырғызып, жартысын гидропониканың терең су мәдениеті әдісімен өсіріп қарайтын боламыз.

«Көкөніс дақылдарын гидропондық әдіспен жылыжайда өсіру технологиясы» курстары бойынша агроном мамандарымыздың біліктілігін арттырып, колледжде өсімдікті топырақсыз жасанды ортада «гидропондық» әдіспен өсіру үшін арнайы технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етіліп, зертханалық жұмыс жасайтын арнайы кабинет ашылып, жұмыс жасалса деген тілегім бар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гидропоникада өсімдіктерді өсірудің артықшылығы мен әдістері[1]
2. «Жасыл жаңартылатын заттар» Қоршаған орта » [2]
3. (Гидропоника) өсіру әдістемелері[3]
4. Үйде гидропоника бойынша шөптерді өсіру технологиясы[4]

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Нажмадинова Сарбиназ Сапарбайқызы

Атырау Бизнес және Құқық колледжі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,
Атырау қаласы

Жапаш Бағдат Темірғалиқызы

Жалпы білім беретін пәндер бірлестігінің жетекшісі

Қазіргі таңдағы білім берудің, жаңаша бағытта дамытудың алғашқы қадамын отбасыдан бастаған дұрыс деп білемін. неге? өйткені әр бір тұлға «Тәрбие-тал бесіктен» деген ұғымды тереңінен түсінгені жөн. Өткенге зер салсақ ХХ ғасырда ғылым мен білімді дамыту үшін алдымен нені нысанаға алды. Өткенге оралсақ, алғашқы білімнің дамуының басбалдағы осы ғасырдан көре аламыз. Жастарды ғылымға тарту мақсатында жас ғалымдар қауымдастығын құру, ғылымға деген қызығушылықты арттырып, ғылым дәрежесін өсіру және жас ғалымдардың санын арттыру үшін өңірлік ғылыми форумдар өткізіп, ғылыми-танымдық журналдарды қолданысқа енгізу және ғалым кәсібінің беделін барынша насихаттауды жүзеге асыру да мәселенің оңтайлы шешу жолынан болмақ. Бұл тұста бағдарлама үш бағытты көздейді: ғылыми әлеуетті дамыту, кадр резервін күшейту және көшбасшыларды дамыту бойынша стратегиялық hr-менеджментті енгізу жөніндегі жұмыстарды кешенді түрде жүргізу.

Білім мен ғылым инфрақұрылымын дамыту және цифрландыру. «цифрландыру трендтерін ескере отырып, ғылыми инфрақұрылымды жаңарту және жаңғырту жөніндегі шаралар кешені әзірленетін» деп көрсетілді аталған құжатта.[3] Отандық ғылымның қазіргі жағдайы

Рас, отандық ғылымның қазіргі деңгейі өркениетті елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. себеп – қаржыландыру жүйесі мен ғылымды басқару мәселелері. маңыздысы – ғылымның елге, өнеркәсіптің дамуына қосатын үлесі, әкелер пайдасы. бұл ретте біз әлемде 61-орындамыз. бұл көрсеткіш дамыған елдер деңгейінен 24 есе төмен дегенді білдіреді. қазақстан республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім мен ғылым дамуының әлсіз тұстарының бірі – ғылым, білім және өндірістің нашар байланысы деп көрсетілген. ғылым-білімнің дамуында ғалымдар саны мен сапасы да басымдыққа ие. осы ретте статистикаға сүйенсек, елімізде 1 млн халыққа 662 ғалымнан келеді, бұл ресейге қарағанда (2 852) 4,3 есе, беларуське қарағанда (1 805) 2,7 есе және ақш-қа қарағанда (4 256) 6,4 есе аз.[3]

1.2 Ғылым мен білімді дамытудың алғы шарттары.

Ғылымның алғашқы пайда болуының алғы шарттарының бастамасын қай кезеңнен бастаймыз алдымен тарихынан бастасақ. Әр бір бастаманың басбалдағы болғанымен даму кезеңі, қарқынды даму бағыты болады, жарқырайтын сәтті болады. Ғылым, теңізі терең артылатын жүктің ауыр болатынын білеміз. Ғылым бұл біздің дамуымыздың биік шыңы деп айта аламыз, өйткені ғылымсыз білімсіз адамзат баласының жас болашақтың қай тұстан алсақ та болашағы бұлыңғыр деп нақты айта аламыз. Үлгі тұтар ғұлама ғалымдарымыздың маңдай тері еңбегінің дамуы жолымызда күнделікті азықтанып жүргеніміз шын. Бұл қос егізді Қазақстан болашағының айнасы екеніне шүбә келтіре алмаймыз.

Білім саласын дамытуда жасалынып жатқан іс-әрекеттер.

2.1 Білім саласында шетелдік тәжірибелер.

қазіргі таңда шетелдік білімнің қарқынының өсіп тұрған кезеңі яғни жаңа қазақстан, дамыған қазақстан болуы үшін бірнеше шетелдік тілдерді білім сапамызға қосқанымыз барлықтарыңызға белгілі жоғарғы оқу орындарында ағылшын, қытай, түрік, француз т.б тілдерінің қарқынды өсіп тұрған кезеңі әрине бағытымыз білім сапасының атап айтқанда бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болуымызға қосар үлесі көп. «өзге тілдің бәрін біл өзге тілді құрметте» демекші өсу жолымызда әкелер пайдасы мол. ақ жарғысына, қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігінің нормативтік және нұсқаулық

құжаттарына, президент-ректордың бұйрықтары бұйрықтары мен өкімдеріне сәйкес институттардың, кафедралардың халықаралық бағдарламаларға қатысуын ұйымдастыруға жалпы басшылықты және бақылауды жүзеге асыру;
функционалдық міндеттер шеңберінде бөлімнің жұмысына қатысты есептерді дайындау;
белгіленген мерзімде жұмыс барысын бақылауды қамтамасыз ету;
іс жүргізу тәртібін сақтау, кафедраның атқарған жұмыстары туралы басшылыққа, ғылыми кеңеске және университет басшылығына, қазақстан республикасының білім саласындағы уәкілетті органына, жергілікті мемлекеттік және атқарушы билік органдары;
профессорлық-оқытушылық құрамның, қызметкерлердің және студенттердің шетелдік іссапарлардан оралған кездегі есептерінің уақтылығы мен толықтығын қадағалау және белгіленген тәртіпте университет басшылығы мен қызметкерлерін осы іссапарлардың нәтижелері туралы хабардар ету;
университеттің шетелдік білім және ғылыми ұйымдармен меморандумдарды, келісімдерді, келісімдер мен шарттарды әзірлеу, ресімдеу және қол қою бойынша ұйымдастырушылық іс-шараларды қамтамасыз ету және жезу халықаралық ынтымақтастығы бойынша қолданыстағы құжаттардың орындалуын бақылау;
ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді, шетелде тағылымдамадан өту үшін оқитын мамандарды іріктеуді жүзеге асыру;
шетел азаматтарының университетте оқуын, тағылымдамадан өтуін және жұмысын қадағалау;
шетел азаматтарының контингенті мен оқу үлгерімі туралы ақпаратты жүйелеу;
бөлімнің басқа құрылымдық бөлімшелермен оңтайлы өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
президент-ректорға, ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорға тікелей есеп беру;
сапа менеджменті жүйесін қолдау.[1]

2.2 Қазіргі заманғы білім беру әдістеріне сай білім және ғылым беру дағдыларын қалыптастыру.

жаңа заман жаһандану, жаңа технологияның кезеңі деп жатамыз. бұл кезең жаңа дамуға өзгеріске алып келетін ерекше керек. болашақ жастардың жеткілікті білімді болуы үшін жасалынып отырған жаңа мүмкіндік. бәсекеге қабілетті маман болу үшін елімізде бірнеше шаралар қолға алынып жатыр. әрине сол мүмкіндікті тиімді пайдалану біздің қолымызда. жаңа өзгеріске бейімделіп, дағдылану өз қолымызда.

интербелсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. (inter – аралық, бірнеше, action – әрекет дегенді білдіреді) өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз. интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда туралы әңгімелесу, талқылау түрінде өтеді.[2] бұл әдісті мен 100% ға қолдаймын әр бір білім алушының үйретуші мен үйренушінің арасындағы тығыз байланыс болғаны бірінші орында деп айта аламын. қазіргі таңда білім алушыны білімге деген құштарлығын ашу үшін қызықты және тиімді әдісті ойлап табу әрине оңай көрінгенмен іс жүзін келгенде кедергісі бар неге олай десеңіздер қазір көп сабақ әжуаға айналып бара жатқан секілді саны бар сапасы жоқ әдістер көбейіп кеткен секілді. алайда оң пайдасын беріп жатқан сабақ өткізу әдістеріменде өз мақсаттарына жетіп жатқан ұстаздарымызда жоқ емес бар. кез келген дүниеге елуде-елу деген көзқарас пен қараған жөн әрине сапа маңызды.

Қорытынды

Атап айтар дүниеміз өте көп сөздің тұшыпты қысқа да нұсқа болғаны маңызды. бос сөз жазғаннан іс жүзінде өз үлесімізді қосу үшін машықтану қажет әр сөздің жерде қалмай сөз

күдіретін түсінгеніміз абзал.сапалы білімді жаңа бағытпен қолға алғанымыз жөн.Әр бір тұлға кемел бодып қалыптасқаны маңызды болашақ жастардың қолында жастарға мүмкіндік берілген қолдау көрсетілгені маңызды.Қазіргі таңдағы білім беру сапасының жоғары деңгейге жеткізу басты мақсатымыз,болашақ ғылым мен білімнің өркендеуінде екеніне шүбә келтіре алмаймыз. Тәрбие,білім,мәдениет,болашақ ғылымның ұштастығы.Ғылымсыз білімнің, білімсіз мәдениеттің, мәдениетсіз тәрбиенің болмайтыны анық.Өмірдегі барлық құбылысты бір-бірінебайланысты тізбек деп қарастырғанымыз жөн.

ТІГІН ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ КИІМДЕРДІ ҮЛГІЛЕУ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ПРАКТИКА САБАҒЫНЫҢ ЖАҢАША ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНДІРУ ЖОЛДАРЫ, МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Сералиева Қ.Н.

Түркістан көпсалалы техникалық колледжі, Көксәйек ауылы
Өндірістік оқыту шебері

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Мемлекеттік білім стандарт деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Тігін технологиясын практика жүзінде пайдалану, әртүрлі заманауи киім үлгілерін тігіп шығару үшін жаңа автоматтандырылған тігін машиналары, құрал-жабдықтар, автомат және жартылай автомат арнайы тігін өндірісіне арналған машиналар шығарылып, өндірістерге енгізілуде. Осы құрал-жабдықтарды дұрыс және орнымен пайдалану, мамандықты кәсіби меңгеру, оны ары қарай дамыта білуге оқушыларға ықпал ету. Осыған қоса қазіргі кезде педагогикалық ғылым саласында оқушыларға осы құралдарды, машиналар мен автоматтарды өндіріске енгізу, оны өз орнымен пайдалану әдіснамасы (методологиясы) мен парадигмасын жетілдіруге қажет тереңдетілген әлеуметтік өзгерістер болып жатыр.Студенттердің білімі тереңдеп, өрістері кеңейген сайын олар одан кейінгі оқуын жалғастыру мен еңбек етуге жақсы даярланып шығатын болады. Бірақ, технологиялардың жедел дамуына орай осы пән көлемінің тұрақты түрде ұлғайып отыруына және оқыту сағаттарының жетіспеуіне байланысты бұрынғы білім беру аясында шешуге болмайтын мәселелер туындап келеді. Осы мәселе оқытылатын мәлімет көлемі мен оған бөлінетін сағаттар арасындағы сәйкессіздікке баса назар аударуғанегіз болып отыр. Бұл қайшылықты шешуге мүмкіндік беретін бір тәсіл – оқуға керекті сағат санын арттырмай-ақ, күннен күнге ұлғайып отырған жаңа білім беру технологияларын енгізу болып табылады. Сағат саны жетіспей, оқу құралдары да тапшы болып отырған осы кезеңде білім беру бағдарламасын толық жүзеге асыру үшін жаңа оқыту технологияларына негізделген әдістемелік және дидактикалық материалдар жасап пайдалану керек. Студенттердің білім алу процесін жетілдіріп, оны игеруді жылдамдата алатын жаңа педагогикалық тәсілдер балаларға технологиялар жағынан терең білім алуға көмектесіп, кейіннен жоғары оқу орындарында да

табысты түрде оқуға кепілдік береді. Мұндай технологияларға Жобалар тәсілін, Модульдік оқытуды, бір мәселеге баса назар аударту (концентрированное обучение) арқылы оқыту, әркімді деңгейіне қарай жетілдіру (дифференцированное обучение) және тұлғаға бағытталған оқыту элементтері, ойы программалары мен тест арқылы тексеру істерін жатқызуға болады. Студенттердің білімге ынтасын арттыра алатын біріктірілген немесе бинарлық сабақтар жаңа материалдарды тиянақты ұғып, оларды бекіту жолында жақсы нәтижелер беріп келеді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру болып табылады.

Жобаның мақсаты – әрбір білім алушының өз ерекшеліктеріне, ынтасына, мүмкіндіктеріне орай білім алуын қамтамасыз ететін оқыту жүйесін жасауға ұмтылу, технология сабағын меңгеру жолдарын табу болып табылады.

Жобаның проблемасы – оқу-тәрбие үрдісін білім алушының жеке басының дербес және дара ерекшеліктерін ескере отырып, олардың технология сабағына деген танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында ұйымдастырудың жолдарын айқындау.

Технологиялық практика пәнінің басты сипаты, жаңаша бағыттардағы теориялық негіздері.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі – асқақтаған күмбездері де, ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. «Біздің балаларымыз білімі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен биржалардың иелері болады (Қазақстан-2030 бағдарламасы). Әрине, «келешектің иесі – жастар». «Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас келеді» (И.С.Кони). Сондықтан, қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіндіктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Практика сабақтарының негізгі міндеттері – тігін технологиясын дұрыс меңгеру мен түсіну, яғни, тігетін бұйымның дизайнын жасау, оны конструкциялау, сызбасын сызып лекаласын өлшем бойынша жасау. Дайындаған лекалды матаға салып пішіп, бұйымды тігу. Дайын болған бұйымды соңғы өңдеуден өткізіп, фурнитураларын тігу. Студенттерді практика сабақтарында теория сабақтарында өткен тақырыптарын қолмен жасап, әр құрал-сайманды, машиналарды сауатты, орнымен дұрыс пайдалануға үйрету. Тігетін бұйымның дизайнын дұрыс таңдап жасау да үлкен роль атқарады.

Оқытудың қазіргі технологиялары.

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіру оқу жүйесін осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі

елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда:

- Білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;
- Ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радиобайланыс – қазіргі заманғы планшет, смартфон, компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;
- Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жандүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;
- Баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жандүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;
- Мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;
- Қоғамдық біліммен бара-бар технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның роліне мән берілуде.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық, педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары төмендегіше сипатталады:

- Есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;
- Білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
- Оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Қазір Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес келген кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласында педагогтар мен студенттер қашықтықтан оқуды тәжірибеден өткізуде. Оқудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сондықтан, қашықтықтан оқудың да оқушы үшін де, мұғалімге де жақсы жақтары бар: жаңа технологияны меңгеріп интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Технологиялық практика оқытудың модульдік жүйесі

Модульдік оқытудың құрылымы

Оқытудың модульдік жүйесі – оқыту бағдарламасы бірнеше бөліктерге (модульдерге) бөлінетін технология болып табылады. Оны төмендегі схема бойынша жүргізуге болады.

Модульдік оқыту тәсілінде пәннің барлық материалын қарастырып, оның теориялық және практикалық тапсырмаларын құрастырып, жеке тақырыптарға арналған әдістемелік материалдардың бірнеше нұсқаларын жасап шығару керек. Студенттердің білім деңгейін

және олардың өзіндік тапсырмаларын орындауын бағалау үшін рейтингілік жүйе элементтерін пайдаланған абзал. Модульдер санын таңдау үшін бағдарламаны бірнеше жеке тақырыптарға – мәліметтердің аяқталған толық блогына бөліп шығу керек, олар бір-бірімен сабақтас болып, өте үлкен немесе өте шағын болмауы тиіс.

Модульдік практика сабақтары білім алушыларға орындайтын практикалық, өзіндік жұмыстар тізімін толық қамтуы тиіс. Практикалық жұмыстар мен жеке тапсырмалар студенттер модуль тақырыптарын өткен соң жауап беретін сұрақтармен толықтырылады. Практикалық тапсырмалар теорияны толық қарастырып, модульдік тапсырмаларын тиянақты түрде меңгеруге көмектесуі тиіс. Оған қоса модуль оқушылардың сол тақырыптарды игеруін, өз білім деңгейлерін тексере алатын өзін-өзі бақылау, тексеру тапсырмаларын, мысалы, тестермен толықтырылуы керек. Модульдік жүйені енгізудің нақты нәтижесі ретінде оқушылардың өзіндік жоба жұмыстарына көптеп көңіл бөле бастаған үлгерімдерінің өсуі анық көрсетіледі. Оқытудың модульдік жүйесі әрбір оқушыны керекті материалдармен қамтамасыз ететін мұғалімнің өте көп дайындалуын талап етеді, ал бұл оңай іс емес.

Студенттердің білімге деген ынтасын, пәнге деген қызығушылығын арттыратын, соның салдарынан білім деңгейін де көтеретін тағы бір тәсіл – **жобалар тәсілі** болып табылады. Бұл тәсіл соңғы кездерде бүкіл әлемде кең таралып келеді. Жоба ұғымы дидактикалық мақсатқа жету үшін бір идеяны, белгілі бір бұйымды жасауды, есеп шығаруды, схема құрастыруды жүзеге асыратын, жұмыс нәтижесі практикалық бір жазба, схема немесе есеп түрінде көрсетілетін жұмыс болуы керек. Жобалар тәсілі негізінде: практикалық немесе теориялық бір мәселені бастан аяқ қарастырып шығатын жобаның түпкі идеясын жүзеге асыру, бір нәтижеге қол жеткізу ісі жатады.

Оқу орындарында қазіргі уақытта дистанциялық алыстан оқыту ісінің дамуына байланысты қашықтықтан білім беру жобалары, олимпиадалар, конкурстар жүргізу етек ала бастады. Дистанциялық оқыту оқушылардың бір-бірімен қатынасуы, араласуына (коммуникация) байланысты психологиялық проблемаларды шешіп, оларға бұрынғыдан гөрі ашығырақ болуға көмектесіп отыр. Өз ойларын жүзеге асыру жолында ақпарат алмасу арқылы жұмыс жасау оқушыларға бір-бірімен араласудың, ауызба-ауыз сөйлесудің орнын толтырады. Дистанциялық қызмет көрсету істерінің ашық түрде атқарылуы студенттердің дүние танымын планеталық деңгейге дейін көтерді деуге болады. Барлық елдердің және континенттердің жақын екендігін – Интернет желісіндегі электрондық пошта мен web – жүйелерін пайдалана бастаған әрбір оқушының жаңа көңіл күйлерінің ең алғашқы белгісі. Оқу модулін құрудың тағы бір ерекшелігі – мұғалімнің даярлық жүйесі. Мұғалім бір оқу модуліне бөлінетін сағат санын анықтап алған соң, оның мақсатын, мазмұнын және нәтижелерін, сондай-ақ осы модуль сабақтарын ұйымдастырудың формасын ойластырып, оқу модулін құрады.

Қорытынды

Сонымен, қорыта келгенде, жоба жұмысының барысында технологиялық практика сабағын оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, мен оқыту технологиясының өзіндік нұсқасын қарастырып шықтым.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, түрлерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Зерттеулер көрсеткендей, осы технологияны қолдану барысында білім сапасын едәуір арттыруға және білім стандарты бекіткен оқу материалын барлық оқушылардың жүз пайызға меңгеруін қамтамасыз етуге болады. Бұл технологияның тағы бір ерекшелігі дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтары орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше, қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз.

«МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Әбілғазы Ынтагүл Жақсығалиқызы

Қызылқоға аграрлы-техникалық колледжі, математика пәнінің оқытушысы,
Атырау облысы

**«Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім»
М.Әуезов**

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттардың бірі – дүниежүзілік білім әлеміне ену болып отыр. Бұл салада білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып, құрылымдық жүйесін жаңарту, өзгерістер енгізу – білім реформасын жүзеге асыру алғы шарттары екені баршамызға аян.

Елбасының «Қазақстан 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» жолдауын жастар зор ынта-ықыласпен қабылдап, оны жүзеге асыру жолында құлшыныспен еңбек ете бермек. Елбасы ұсынған елімізді өркендетудің жеті бағыты да маңызды. Оның ішінде төртінші бағыт «Білім саласы қызметкерлері, біздер үшін маңызды болып табылады». Ол жоғары білімді ұлт қалыптастыру қажеттілігі. Бұл бағыт білім беру саласында еңбек етіп жүрген ұстаздарға жаңа міндеттер жүктейді. Оқыту әдістемелерін жаңарту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізу – заман талабы. [2; 4]

Еліміздің білім беру жүйесі қазіргі кезде өзгермелі және талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне біріктіруге ұмтылыс жасауда. Бұл білім сапасын жетілдіру және оны жоғары деңгейге көтеруді алға тартады. Осыған сәйкес, ғылыми-зерттеу барысында әлемдік озық тәжірибелер мен отандық білім жүйесіндегі ерекшеліктер зерделенуде. Оқу сапасын арттыруда білім мақсаттарының күтілетін нәтижеге бағдарлануы жан-жақты білімді, өз мамандығын жетік білетін бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дайындауға бағыттайды. Сол себепті оқыту мазмұнын жаңалау және жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалануға байланысты жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Жеке тұлғаны рухани тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысының қалыптасуына баса назар аударылады.

Білім мазмұнында жаңа ақпаратты болжау қабілеттерін және қойылған міндетті шығармашылықпен дамытуға көңіл бөледі.

Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептерде оқытудың түрлі формаларының пайдалануы оқытудың әдіс-тәсілдерінің жаңаруы, бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді.[7; 9]

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік дағдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық әдіс-тәсілдерді енгізу, студенттердің білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады.

Мұғалімнің оқыту әрекеті саналы болуы үшін ол педагогика ғылымының заңдылықтарын, тәрбие міндетінің қоғамның мақсаты мен талап тілегінен туындайтын, теория мен тәжірибенің бірлігін, әрекет – дамытудың көзі екендігін, қарама-қайшылықсыз дамудың жоқтығын, оқытудың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік сипатын, оқыту мазмұны мен жоспар бағдарларының оқу-тәрбие мақсатымен сәйкестігін, т.б нақты білуі керек.

Бұл білімдер мұғалімнің педагогикалық процесте қателіксіз еңбек етуіне мүмкіндік жасайды. Мұғалімнің оқыту әрекеті табысты болуы үшін ол терең білімділігімен қатар шешендікпен, әсерлі сезімталдықпен, ұнамды дикция мен көркем әуезді дауыспен, қажетті сөздерді тауып, саралап сабақ түсіндіре білу сияқты педагогикалық қаруды игеруі абзал.[12; 15]

Мұғалім оқыту үрдісін тиімді өткізіп студенттердің белсенділігін тудыру үшін сабаққа қойылатын төмендегі талаптарды ескереді:

- а) дидактикалық талаптың (сабақтың тақырыбы, мақсаты, мазмұнының бағдарламаға сай болуы, игерілетін іскерлік дағдыларының айқындығы, қабылдауға әзірлеу, түсіну, ой елегінен өткізу);
- ә) дамытушылық талаптың (дамытушылық мақсатының айқындығы, танымдық қызығушылығының, бастамашылдығын, өздігінен іздену, білімін толықтыру ой еңбегінің мәдениеті мен іскерлік, дағдысын қалыптастыру, ақыл-ойын дамыту);
- б) тәрбиелік талаптың (тәрбиелік мақсатының нақтылығын, білім мазмұны арқылы көзқарасын, эстетикалық сезімі мен адамгершілік қасиеттерін, жүйелі еңбегін қалыптастыру, мамандығына сүйіспеншілігін арттыру);
- в) гигиеналық талаптың (сыныптың тазалығы, желдетілуі, оқу құралдарының, тақтаның, сабақтың жабдықталуын ескеру);
- г) психологиялық талаптың (білімге ынталандыру, танымдық белсенділігін арттыру, эмоциялық көңіл күйін тудыру, қабылдау, ойлауын қамтамасыз ету);
- ғ) ұйымдастырушылық талаптың ескерілуі. Ол екі кезеңнен тұрады.

I кезеңі: сабаққа алдын ала дайындық. Күнтізбелік жоспар негізгі және қосымша әдебиеттерді, әдістемелік және көркем шығармалар педагогикалық басылымдармен жұмыс істеу.

II кезеңі: пән бойынша тақырыптық сабақ жоспарын жасау. Онда сабақтың мақсат-міндеттерін, күтілетін нәтижелер, әдіс-тәсілдерін таңдау, сабақтың құрылымын белгілеу, сабақ кезеңдерінің логикалық байланысын, өздігінен істейтін жұмыстарды ескеру.

Мұғалім оқытудың әдіс-тәсілдерін біліп қана қоймай, тиімді пайдаланғанда ғана студенттердің білімге құштарлығын тудырып, терең түсінігін қамтамасыз етеді. Оқыту әдісін таңдау үлкен шеберлікті керек етеді. Айталық, өткенді қайталау, қорытындылау, бекітуге арналған жаттығулар мен педагогикалық есептер жүйесін ойластыру, уақытты дұрыс пайдалану, сабақта студенттердің жұмыс түрлерін тыңдау, талдау, жазу, жаттығу, іздену жұмысын ұйымдастыру, сабақтың темпін, ритмін өзгертіп отыру мұғалімнің

шеберлігі мен жұмыс стиліне (педагогикалық ептілігі, икемділігі, шамамен сезе білуі, әдептілігі, тапқырлығы, мәдениеттілігі, оқушының жеке басын сыйлауы, талап қоя білуі, жылы қарым-қатынасы) байланысты шешілетін мәселелер. [4; 6]

Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Сол мақсатқа жету үшін сұрақтар туындайды. Сабақты қалай пайдалы, қызықты етіп өткізуге болады? Осы сұрақтарды шешудің бір жолы – оқытуда педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану, яғни мұғалімнің жаңа қаруы ретінде педагогикалық әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдалану. Қазіргі уақыт жаңалық уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек. [8; 9]

- жаңалықты пайдалану студенттің ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді.
- педагогикалық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері.

Жаңа оқыту технологиясының түрлері көп. Өз тәжірибемде математика сабағында қолданылатын оқыту технологияларына тоқталып өтейін. Кейбіреуін атап айтатын болсақ, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту (студенттердің белсенділігі жоғарылап, өздерінің күштеріне деген сенімдері арта бастайды), М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» (студенттердің интеллектуалды және шығармашылық потенциалын дамытуға бағытталған), Ж.Қараев пен Ж.Кобдикованың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі» (деңгейлік тапсырмалар беру арқылы дамыта оқыту идеясы жүзеге асырылады). Сонымен қатар, деңгейлеп саралап оқытуға тоқталып өтсем, әдетте сабақты жақсы оқитын, эзірлігі жеткілікті, ізденімпаз студенттер тапсырманы жүйе-жүйесімен орындап шығады.

Сабақ – қашанда жетіліп отыратын шығармашылық сипаттағы үрдіс. Сабақ білім беруді ұйымдастырудың негізгі жолы. Сабақ құрылымы қандай болса студентке білім мен дағды беруді көздейді. Жаңаша әдістерді жаңа педагогикалық технологияны ұтымды енгізу, оларды пайдалану – мұғалімнің ең басты міндеті. Өзімнің көп жылдар бойы жинақтаған тәжірибемнен түйгенім студенттерге білім беру үшін төмендегі қағидаларды есте сақтаған жөн:

- 1) Мұғалім жаңа сабақты студентке қарапайым тілмен жеткізе білуі керек;
- 2) Мұғалім студентке қатаң талап қоя білуі керек;
- 3) Мұғалім сабағында ғылым мен педагогика саласындағы жаңалықтарды үнемі пайдалануы керек.

Жалпы математика сабақтарын төрт топқа бөлуге болады:

Жаңа тақырыпты меңгеру сабағы;

Жаңа тақырыпты бекіту сабағы;

Тақырыпты қайталау-пысықтау сабағы;

Студенттердің алған білімдерін қолдана білуге үйрету сабағы.

Қайталау пысықтау сабағында мынандай мәселелерге көңіл бөлемін:

Тарау бойынша студенттердің алған білімдерін бір жүйеге келтіру;

Тақырып бойынша негізгі теоремалар мен формулаларды қолдана білу;

Студенттердің шығармашылығына жол ашу;

Тақырып бойынша өтілген математикалық формулалар мен заңдылықтарды бір жүйеге келтіру;

Мүмкіндігінше тереңдете білім беру.

Осы орайда 11-сынып алгебрадан «Анықталған интеграл. Ньютон-Лейбниц формуласы» сабағымды ұсынып отырмын.

Сабақтың тақырыбы: Анықталған интеграл. Ньютон-Лейбниц формуласы

Сабақтың мақсаты: 1. Студенттерге анықталған интеграл ұғымын кеңінен түсіндіріп, оны есептеу үшін қолданылатын Ньютон-Лейбниц формуласын пайдаланып деңгейлік тапсырмалар орындай отырып жаңа білімді меңгерту.

2. Анықталған интегралды есептеу дағдыларын қалыптастырып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

3. Топпен жұмыс істеуге, ұйымшылдыққа, іскерлікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Анықталған интеграл және оны есептеу үшін қолданылатын Ньютон-Лейбниц формуласын өздігінен меңгереді;

Анықталған интегралды есептеу дағдысын қалыптастырады.

Сабақтың түрі: Сын тұрғысынан ойлауды дамыту

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта, дидактикалық материалдар, деңгейлік тапсырмалар, тест тапсырмалары.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

II. «Қайталау – оқу анасы» (үй тапсырмасын сұрау)

III. «Ой қозғау» (жаңа тақырып түсіндіру)

IV. «Ой толғаныс» (жаңа тақырыпты бекіту)

V. «Білгенге маржан»(қатемен жұмыс)

VI. «Ой түйін»(тест тапсырма)

II. Қайталау – оқу айнасы(Өткен сабаққа шолу)

Сұрақ-жауап:

- 1) Алғашқы функцияның анықтамасын айтыңыз
- 2) Алғашқы функцияның негізгі қасиетін тұжырымда
- 3) Алғашқы функцияны табудың үш ережесін тұжырымда
- 4) Қисық сызықты трапеция анықтамасын айтыңыз
- 5) Қисық сызықты трапеция ауданын қалай табамыз?

Кестені толтыр:

Берілген функция туындысын тап?	Берілген функция	Берілген функцияның алғашқы функциясын тап?
	1) $y = x^n$	
	2) $y = \sin x$	
	3) $y = 2\cos x$	
	4) $y = 2\sin 2x$	

III. «Ой қозғау» Жаңа сабақ түсіндіру

- 1) Қисық сызықты трапеция ауданын табу анықтамасы, формуласын қайталау
- 2) Қисық сызықты трапеция ауданын есептеу формуласын басқа жолмен қорытып шығару
- 3) Анықталған интеграл анықтамасы. Анықталмаған интегралдан айырмашылығын ажырату
- 4) Ньютон-Лейбниц формуласы
- 5) Ньютон-Лейбниц формуласын пайдаланып, мысалдар қарастыру

IV. «Ой толғаныс» Жаңа тақырыпты бекіту. Деңгейлік тапсырмалар

A. 1) Интегралды есептеңдер: №31(1;4), №32 (1;3)

B. 2) Теңдеуді шешіңдер:№ 40(1) 3) Теңсіздікті шешіңдер:№ 41(1)

C. 4) Интегралды есептеңдер: №42(1)

V. «Білгенге маржан» «Қатемен жұмыс» қатені табыңдар:

1) f функциясы $[a; b]$ кесіндісінде үзіліссіз және теріс емес функция да, ал F функциясы оның осы кесіндідегі алғашқы функциясы болса, онда қисық сызықты трапецияның ауданы мына шамаға тең: $S=F(b) - F(a)$, $a>b$

2) $f(x)$ функциясы үшін алғашқы функциялардың жалпы түрін $F(x)+1$ формуламен келтіреміз.

VI. «Ой түйін» Сабақты қорытындылау

№	Тапсырмалар	жауаптар			
1	Берілген сызықтармен шектелген фигураның ауданын табындар: $y = x^2$ $y = x^3$ $y = 0$ $y = 0$ $x = 2$ $x = 2$	1	2	3	4
		4	8	$2\frac{2}{3}$	2

VII. Бағалау

VIII. Үйге тапсырма: №31(2;3), №32(2;4)

СТО технологиясы қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын студент тәрбиелеуде алатын орны ерекше.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясынан күтілетін нәтиже:

1. Әдіс түрлері
2. Белсенді практикалық іс-әрекетте болуы
3. Басқалармен қарым-қатынас жасай білу
4. Қажет болса өз көзқарасын өзгерту
5. Топтық тұжырымға келе білу
6. Топ алдына шығып, өз тұжырымын айта білу

Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын. Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі - Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ, Кубизм стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

Қазіргі кезеңде әр мұғалім үшін көмек болатын «ақпараттық-коммуникативтік технологиялар» (АКТ) деп айта аламын.

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға нық қадам басты АКТ оқыту мақсаты:

- бағдарламалау дағдыларын дамыту;
- мәтіндік редактор, электрондық кесте басқа да тәжірибе қосымшаларды пайдалануға үйрету;
- желіден, СВ-КОМ-нан ақпарат іздеуге үйрету;
- желі көмегімен қарым-қатынас жасауға үйрету.

Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық.

Электронды оқулықтарды пайдалану студенттің өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулыққа оқу технологиялары жинақталған. Мысалы: ойын арқылы оқыту, блокты оқыту, тірек-сигналдар арқылы оқыту. Электронды оқулық арқылы студент көптеген қосымша материал алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады.

Қорыта келгенде, жаңа педагогикалық технология мен әдіс-тәсілдердің негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан -2050» даму стратегиясы
2. М.Валиева «Жаңа педагогикалық технологиялар» Әдістемелік нұсқау, 2002 жыл
3. Изденіс және даму перспективалары. Әдістемелік оқу құралы. Алматы, 2016жыл
4. Білім.Таным.Тәрбие.Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. 2016жыл
5. К.Бұзаубақова Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру міндет.Қазақстан мектебі. №9-10. 2005жыл

ЖАҢАШЫЛ ОҚЫТУДЫҢ НӘТИЖЕЛІ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Досжан Гүлсезим Қаламғалиқызы
Босназарова Балжан Саматовна

Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары ауыл шаруашылығы колледжінің
арнайы пән оқытушылары

*«Сабақ – оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы»,
А.Сухомлинский*

Қазіргі қоғам – жаңа ақпараттық технологиялар дәуірі. ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры, бүгінде ғылымның әр саласын дамыту ақпараттық жаңа технологияларды игеру мен тығыз байланысты екендігіне көзіміз жетуде.

Ғылымның жаңа бағыттарын меңгеру - өмір талаптарына сай болу деген сөз. Жаңа ғасырда даму мен гүлденудің, табысқа жетудің бірден-бір кілті білімде. Сондықтан да ақпараттық қоғам қойып отырған басты талаптардың бірі – ақпаратты меңгере алатын, жан-жақты білімді, жаңа білімдерді игеруге қабілетті, дербес шешім қабылдай алатын, икемді ұрпақ қалыптастыру.

Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері өте мол, мұнда білім берудің мазмұны да, құрылымы да өзгерген. Мысалы, студенттер оқулықтағы берілген білімдермен шектеліп қалмай, неғұрлым терең әрі жан-жақты білімдерді тауып, игеруге ықпал етеді. Себебі, оқу үрдісі – бір орында тұрып қалмайтын, керісінше, үнемі өзгеріп, жаңарып отыратын құбылыс, сонымен қатар бүгінгі заман ағымы да күн сайын үздіксіз жаңару үстінде екеніне куә болудамыз.

Оқыту үрдісінде жаңа инновациялық технологияларының бағыттарының мынадай түрлеріне көңіл бөлген жөн: педагогикалық қарым-қатынас, проблемалық оқыту, деңгейлеп оқыту, моделдеу арқылы қарқынды оқыту, сатылай және дамыта оқыту жүйелері, бағдарламалық оқыту, компьютерлік оқыту. Оқыту үрдісінде пән бойынша ғылыми мағлұматтармен хабардар етудің және оларды зерттеу жолдары туралы берілетін әдістемелік кеңестер пәнге деген қызығуды арттырады, білім, білік және дағдыны қоғамға пайдалы еңбекте қолдана білуге үйретеді. Нәтиже жұмыстарын орындау кезінде пән бойынша алған білімін толықтыра түседі, өз бетінше дәлелді тұжырымдар жасауға бейімделеді және сол пәннің қоғамдағы, азамат алдында тұрған сан-салалы өзекті мәселелерді шешудегі маңызын түсінеді.

Оқытудың қазіргі жаңа технологияларын меңгеру және студенттердің психологиялық жас ерекшеліктеріне сай келтіріп, сабақ үрдісіне ендіру мол ізденушілікті талап етеді. Әрине, оқытушы әрбір сабағын мазмұнды құрып, жаңа технологиямен сабақ беріп отырса, студенттердің терең әрі тиянақты білім алуына жол ашылады. Сондықтан да қазіргі ұрпақты білім нәрімен сусындатуда жаңа технологияның алатын орны ерекше. Жаңа технологияны

меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адам қалбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытуға көмектеседі.

Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп отырған кезеңде білім беру мәселесін, әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастыру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. Осы орайда әрбір мұғалім озық технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдауы керек. Сонау ХХ ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – жай үйреншікті нәрсе емес, ол – жаңадан жаңаны табатын нәрсе» деген екен. Бұл баяндамада оқуда және оқытуда заманауи озық технологияларды қолдану тиімділігі жайлы айтылады.

Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін оқу және практикалық қызметте пайдалана алуын қамтамасыз ететін логикалық, конструктивті және сыни тұрғыда ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандарын енгізіп сабақ өткізу.

Әр оқытушы өз сабағының –көшбасшысы. Ал көпші дұрыс бағытта білу ол шеберлігіне байланысты. Жалпы менің оқытудағы өз міндетім оқушыларды өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, оқу жазу, математикалық сауаттылықтарын арттыру. Сондықтан сабақта оқушылардан жиі тақырып бойынша жеке,жұптық,топтық жұмыс яғни пирамидалық тәсіл түрлерін алып отырамын.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары студенттердің өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп.

Ойын технологиясы. Педагогикалық ойындар технологиясы дегеніміз педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, студенттерді қызықтырушы құрал ретінде қолданылады.

Проблемалы оқыту технологиясы. Проблемалы оқыту – мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және студенттердің белсенді түрде өз беттерімен мәселелерді шешу. Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Мақсат пен міндеттердің орындалуы мынадай ұзақ жоспарлар арқылы іске асады:

- ассоциация;
- бірлестік қызмет;
- көзқарасын талдау мен дәлелдеу түрінде қорғау. Бұл технология бойынша:
- оқу үрдісінде қызығушылық артады;
- оқушының өз бетімен білім алуына мүмкіндік беруі туады;
- оқушының ақпараттық тіл байлығы жетіледі.

Деңгейлік саралау технологиясы. Саралау оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

Жекелеп оқыту технологиясы. Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлері мен үлгілерін қарастырады.

- оқытушы бір ғана студентпен жұмыс істейді;
- студент тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады. Жекелік оқудың басты жетістігі студенттің қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

Топтық технология. Бұл топта оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Бұндай жұмыс белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты уақытша

топтарға бөлуді қажет етеді. Студенттің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда

Пайданылған әдебиеттер:

1. Портал материалдары
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы
3. С. Мерсейтова Ізденіс оқыту ретінде, оқыту ізденіс ретінде
4. «Қазақстан-2050» Стратегиясы

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІ

Досбатыр Бітеген Тынымбайұлы
Мейрам Шайза Пашубайқызы

Шағалалы ауылы, «Жоғары агротехникалық колледж» МКҚК
Kazak_87kz@inbox.ru

Бұл доклад заманауи білім беру жүйесін құру барысында орындалуға тиіс іс-шаралар мен мақсат-міндеттерді баяндайды.

Түйін сөздер: аграрлық сала, астықты сақтау және қайта өңдеу, Agroskills, демонстрациялық емтихан, ҰБТ, педагог.

Кіріспе.

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Қазақша айтқанда: жанымыздан оза шауып бара жатқан басқа дамушы елдердің шаңын қауып қалып қоймау ғасыры.

Бірақ бұл бәрі бірдей блогер, ақпараттанушы болсын деген сөз емес. Дәл қазір қажеттілікке сай білім беру – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Бұл үрдіс тікелей өндірісте, оқу-өндірістік комбинаттарда, оқу орталықтарында, курстарда және жұмысшылар мен қызметшілерді даярлайтын басқа да оқу-өндірістік құрылымдарда да кадрлар кәсіпке даярланады. Орта кәсіптік білім оқушыларға колледждерде беріледі, мұнда кәсіптік білім беру ісі арнаулы орта білім берумен ұштастырыла жүргізіледі және ол орта кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға бағытталған.

«Тақпақтан гөрі мақал маңызды, шымыр келеді» - деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, сөзден іске көшеін уақыт келді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

«Өнер-білім бар жұрттар тастан сарай салғызды, айшылық алыс жерлерден көзді ашып-жұмғанша: жылдам хабар алғызды»- деп ағартушы атамыз Ы.Алтынсарин айтқан қанатты сөз әлі күнге өз құндылығынан айырылған жоқ. Себебі, күн өткен сайын ғылым, техника мен технология жарыса даму үстінде. Жер шарындағы үлесі 9-шы орынды алып отырған Қазақ елі үшін де қазіргі уақытта басқа дамушы елдерден қалмай, иық тірестіре алға жылжу заман талабы болып отыр.

Адамзат екі түрлі азықты тұтынады: ет және нан! Ал нансыз өмір жоқ екені әмбеге аян! Адам баласы наннан бас тартпайынша нан саласындағы мамандықтарға сұраныс азаймақ емес. Керісінше, заман талабына сай дамып, жетіліп, көркейе түседі.

Аграрлық салаға кәсіптік білімі бар мамандарды тарту заман талабы. Ол мамандар қойылатын талаптарға дайын болуы керек. Ол талаптар:

- Ең бірінші қазақ тілін жетік меңгерген және ағылшын, орыс тілдерінде де еркін оқып-сөйлей алуы керек;
- Өз елінің патриоты болу керек; (Ел мен үшін не істей алады деп емес, Ел үшін мен не істей аламын дейтін маман)
- Өзі оқып бітірген мамандығына деген махаббаты шексіз болуы керек;
- Сол мамандықты оқып, үйреніп ғана қоймай әрі қарай жетілдіріп-дамытып әкете алатын қауқары болу керек;
- Ақпаратты коммуникациялық технологияларда (АКТ) және мамандыққа байланысты автоматтандырылған жүйелерде (АЖ) сауатты жұмыс жасай алатын болу керек;

Ал, біліммен және жұмыспен қамтушы тарап (ТЖКОББ ұйымдары, мемлекет) «Ұлым дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан шықсын» дегендей, жас мамандардың жағдайын жасау, қызықтыру керек. Ол дегеніміз:

- Шет алден келіп жатқан заманауи қондырғыларға қазақ тілін енгізу;
- Қымбат болса да заманауи қондырғыларды сатып алу (студенттерге қолмен ұстап көруге, жұмыс жасауға, әрбір деталдарын зерттеуге мүмкіндік беру);
- Аграрлық саладағы қызметкер кадрларды жасарту;
- Электрондық ресурс қорына (интернет) қазақ тілінде сапалы, сауатты материалдар жүктеу;

Зерттеу нәтижелері

Қазақстандық жастар заманнан қалып бара жатқан жоқ, тек оларды дұрыс бағытқа бұратын жүйе мен материалдық демеушілік өз деңгейінде жұмыс істей алмауда.

Дегенмен, жасалып жатқан жемісті жұмыстар да аз емес. Соның дәлелі: соңғы уақытта жақсы үрдіске айналған ТЖКОББ ұйымдарындағы өтіп жүрген AgroSkills чемпионаты. AgroSkills чемпионаты арқылы студенттер мамандық бойынша компетенцияларды жете танып, терең меңгеріп, білім мен біліктіктерін шыңдауда. Осы чемпионаттың арқасында колледждерімізге заманауи қондырғылар келуде. Техникалық база жаңаруда. Оқытушылар мен студенттер басқа өңірдегі колледждерге жарысқа барып, тәжірибе алмасып, танысып, мамандықтары бойынша білімдерін жетілдіру үстінде.

Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Шағалалы Жоғары агротехникалық колледжі «Элеватор, ұн тартатын, жармалық және құрама жем өндірісі» мамандығы бойынша мамандар даярлайды. Бұл мамандық аты айтып тұрғандай бірден 3-4 кәсіптік білім беріп шығарады. Ақмола өңірінде бұл мамандық жалғыз болғандықтан Агрономия мамандығын дайындайтын колледждермен өзара ұқсас компетенциялар (Астықтың және оны өңдеуден алынған өнімдердің сапасын анықтау құзыреті) бойынша AgroSkills чемпионаттарына барып, қатысып жүрміз. Нәтижеміз жаман емес.

Биылғы оқу жылында WorldSkills 2022 жұмыс кәсібі мен шеберлік дағдысының беделін арттыруды көздейтін чемпионатқа біздің колледж 17 құзіреттілікке қатысты. Тәлімгерлер мен қатысушылар өз күштерін кәсіби деңгейде сынады. Сайыс нәтижесі бойынша «Астықтың және оны өңдеуден алынған өнімдердің сапасын анықтау» құзіреттілігінен Махамбетова Мадина Хасиевна студенті Маленьких Кристина І дәрежелі дипломмен және медальмен марапатталды, «Электромонтаждық жұмыстар» құзыреттілігінен Жанекеев Асылжан Сахтагановичтің студенті Қабіболла Еламан І дәрежелі дипломмен және медальді иеленді, «Өндірістік автоматика» құзіреттілігі бойынша Оспанов Арман Даулеткановичтің студенті Свистунов Денис І дәрежелі дипломды және медальді қоржынына салды. Қола медальді «Ауылшаруашылық көлігін жөндеу және қызмет көрсету» құзіреттілігі бойынша Балтин Мурат Айдарханович студенті Қойбағаров Еламан иеленді.

Солтүстік Қазақстан облысының «Жәлел Қизатов атындағы жоғары ауылшаруашылық колледжінде» «АГРОНОМИЯ» құзіреттілігі бойынша өткен AGROSKILLS-2022 өңірлік чемпионатында Маленьких Кристина және Койбағаров Батырбек пен Кашкаров Даниил командалық жұмыста өз бақтарын сынаған болатын. Сайыс нәтижесінде: Маленьких Кристина 2 дәрежелі дипломымен, Койбағаров Батырбек пен Кашкаров Даниил командалық жұмыста 3 дәрежелі дипломға иеленді. Студенттерді дайындағын тәлімгерлер «Астықтың және оны өңдеуден алынған өнімдердің сапасын анықтау» құзіреттілігі бойынша Махамбетова Мадина Хасиевна, «Слесарлық іс» құзіреттілігі бойынша Абуов Азиз Ғабиденұлы.

Алайда, бұл мамандық (Элеватор, ұн тартатын, жармалық және құрама жем өндірісі) астық сапасын анықтаудан басқа: сызбалармен технологиялық жүйелермен, есептермен қамтылған. Алдағы уақытта жаңадан, күрделі құзірет дайындап, Республика бойынша осындай мамандықтарды оқытатын колледждермен AgroSkills чемпионатын өткізу ойда бар. Сол мақсатта осы конференцияға қатысып отырған ұқсас мамандық бойынша білім беретін әріптестерге үндеу жариялаймын. Ол үшін матриалдық базаны әлде де толықтырып, жаңарту керек.

Және екінші көңіл көншітетін жұмыс: оқу жылының аяғында ұйымдастырылып жүрген демонстрациялық емтихандар. Байырғы білім беру үрдісінде Мемлекеттік емтихандар билет жүзінде өткізілді. Онда 2 теориялық сұрақ және 1 зертханалық жұмыс болды. Емтиханнан сәтті өту үшін студенттер дәрістерді жаттап, 1-2 билетке ғана дайындалумен шектеліп жүрді. Ал қазіргі қолданысқа еніп жатқан демонстрациялық емтиханда студент айтып тұрған сөзін іспен көрсетеді. 3 немесе 4 жыл бойы алған, жинаған білімін тек сөзбен емес, іс жүзінде жасайды. Бұл жерде негізгі мақсат: студент жұмысын білмесе оқудан шығару немесе төмен бағалау емес. Қайта оған демеушілік жасап, қателігін өз қолымен дұрыстату, болашақ маман ретінде шыңдау, жауапкершілігін ұғындыру. Бұндай шара өз кезегінде жақсы нәтижесін көрсетуде. Атап айтсам, Элеватор, ұн тартатын, жармалық және құрама жем өндірісі» мамандығын оқып бітіріп жұмысқа тұрған студенттер ол жақта өздерін кәсіби маман ретінде жақсы қырларынан көрсетіп жүр. Себебі өндірістегі жабдықтар мен қондырғылар колледжімізде де бар және олармен кәнігі маман ретінде қалай жұмыс істеу керек екенін біледі. Жұмыс беруші тараптан әрдайым жақсы пікірлер естіп жүрміз.

Демнстрациялық емтиханға 20 колледж студенті қатысты, учаскеде бір уақытта 5 адам жұмыс істеді. Екі күн ішінде студенттер 2 модуль бойынша тапсырмаларды орындады: 1-ші күн: 1-ші модуль (1.1, 1.2, 1.3.); 2-ші күн: 2-ші модуль (2.1, 2.2, 2.3). 1-ші модульді аяқтауға – 3,5 сағат, 2-ші – 4,5 сағат берілді. Барлық модульдер бойынша тапсырманың жалпы ұзақтығы 11,5 сағатты құрады. Тапсырмалардың мазмұны: 1-модульде: Шикізатты қабылдау, тіркеу, үлгі алу жұмыстары жасалды. 2-модульде: колледж зертханасында үлгілерді бөлу әдістері, үлгінің сандық және сапалық қасиеттерін анықтау жұмыстарын жүргізді.

Демонстрациялық емтиханға қатысушылар тәжірибелік дайындықтың әртүрлі деңгейлерін көрсетті. Көптеген қатысушылар жұмыс процесін жоспарлай алды және жоспарға сай жұмыс ұйымдастыра білді, жұмысқа басымдық бере алды, жабдықтың жаңа және қосымша түрлерінде жұмыс істеу идеясына ие болады. Қатысушылар көп әбігерге түспей, сенімді жұмыс жасады. Астықтың сапасын дәл уақытында анықтай алды. Жалпы, емтихан кезінде студенттерде қиындықтар мен төтенше жағдайлар болған жоқ. Барлық оқушылар тапсырманы толық орындады. 20 студенттің 2-уі – «5», 16-сы – «4», «3»-ке 2 адам емтихан тапсырды. Демонстрациялық емтихан нәтижелері бойынша студенттер «Астықтың және оны өңдеуден алынған өнімдердің сапасын анықтау» құзіреттілігі бойынша» құзыреттілігі бойынша WorldSkills Russia стандарттары бойынша дағдыларды меңгергенін растайтын құжаттар – Skills Passports алады.

Демонстрациялық емтихандар өткізу барасында жұмыс беруші тараптардан комиссия мүшесі ретінде мамандарды шақырудың маңызы зор. Ол маман емтихан барысында

студенттердің қай сала жағына көп мән беретінін, қай сала ақсап жатқанын дәл, нақты байқап отырады. Емтихан соңында оқытушылармен бірге өтетін дөңгелек столда өз ойын ортаға салады, пікірлеседі. Және студенттердің қарымына қарай өз жұмыс орнына қажетті болашақ маманды да таңдау мүмкіндігі бар.

Осындай нәтижелі, жемісті жұмыстар әрі қарай өрбіп, жалғасу үшін оқытушылардың да тигізетін шарапаты мол. Себебі оқытушы колледж бен өндірістің, студент пен кәсіби маманның ортасындағы алтын көпір. Сол себепті педагогтар да заман талабына сай болуы әсте керек жәйт. Педагог студент айнасы деп бекер айтылмаған. Әсіресе кәсіптік білім беру ұйымдарындағы аграрлық саладағы жұмыс істеп жүрген педагогтерге артылатын жүк салмақты. Педагог болашақ аманды жете дайындау үшін бірінші өзі сол саланы түсініп, меңгеруі тиіс. Кәсіби мамандар жетіспеушілігі қазіргі уақытта көрініс тауып жүр. Сол себепті өндірістен мамандарды педагогтық жолға тарту жұмыстары жүргізілуде. Білім және Ғылым министрі Асхан Айтмағанбет осы жұмысқа баса назар аударуда. Себебі, халқымызда: «Көп өмір сүргеннен емес, көпті көргеннен ақыл сұра»- деген даналық сөз бар.

Әрине, педагог тек кәсіби маман ғана емес, ол психология, педагогика жағын да білу тиіс. Осы орайда КЕАҚ «Талап» қоғамының Білім басқармасымен бірге ұйымдастырып жүрген біліктілікті арттыру курстары өз кезегінде жемісін беруде. Педагогтер курстарға бару арқылы біліктілігін жаңартады, еселейді, көзқарасы кеңейеді, жұмыс жасау жеңіл болады. Және жаңа ортамен танысып, пікірлесіп, сұрақтарына жауап ала алады. Одан бөлек жақында қолға алынған ҰБТ да педагогтардың кәсіби шеберліктерін шыңдап жүргені анық. Әрине, бұл ҰБТда тек тест жүзінде болғандықтан теориялық жағынан берер пайдасы мол. Одан бөлек, іс жүзінде шыңдалу үшін жасалу тиіс жұмыстар да болуы керек. Мысалы: жылына 1 немесе 2 рет өндіріс орындарына барып тәжірибелік жұмыстар жасаса, қандай да бір ғылыми жұмыстарды қолға алса. Ол ғылыми жұмыстар бұрын жасалған, ашылған тақырып болса да қайта қарап, жетілдіріп, жаңартуға болады. Сол арқылы тың идеалар шығады. Ол үшін педагогта құлшыныс, жұмыс орнынан демеушілік жұмыстар болу шарт.

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаоану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту. 7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық. Астықты сақтау және қайта өңдеу саласында астықтан көп жанама өнімдер, қоспалар бөлініп алынады. Осы кезге дейін оларды қоқыс ретінде қарап келді. Ал қазір оларды шикізат ретінде танып, олардан қайта өңдеу арқылы өнім алуға болатыны дәлелденуде. Мысалы, бір ғана бидайдан үш сұрпты ұн түрлерін, кебек алып қалғанын қоқысқа жіберсе; қазір сол қоқысты немесе кебекті қайта өңдеу арқылы тағы да ұн алуға болатыны анық болды. Соңғы жылдары біздің елімізде ҚР Білім және Ғылым министрлігі және ҚР ауылшаруашылық министрлігі желісі бойынша жануарлар мен өсімдік қалдықтарын терең өңдеу (барда және т.б.) тақырыбы бойынша қаржыландырылатын көптеген ғылыми жобалар табысты іске асырылуда. Спирт алу барысында қолданылған дақылдың қалдығын «Барда» дейді. Барданы халық мал азығы ретінде пайдаланады. Енді сол қалдықтан қайта өңдеу арқылы өнім алу үшін ғылыми жұмыс жүргізілуде. Атып айтсам: Нұрсұлтан қаласында өзім магистрлік білім алып шыққан білім ордасы Сәкен Сейфуллин атындағы аграрлық университетте оқытушылар мен студенттер ғылыми-зертту жұмыстарын жасауда. Осы жобаларды зерттеу саласы қант өнімдерін (декстриндер, мальтодекстрин, лимон қышқылы, глюкоза және т. б.), энергия өнімдерін (биоэтанол, биометан, биодизель, биодизель және т. б.) алуды қарастырады.

Қорытынды.

Қорыта келгенде, біз де ешкімнен кем емеспіз. Артымызда ғасырдан ғасырларға созылып жатқан арқа тірер терең тарихымыз бар. Қазір қолымызда мол ресурстар, кең байтақ жер, заманайу қондырғылар, теория-тәжірибе шаш-етектен. Енді тек алдымызға дұрыс таңдау жасап, сол таңдауды жүзеге асыру үшін мақсат пен міндет қойып, қатарымыздан қалмай, қажып-талмай, аянбай терлеп жұмыс жасау ғана қалды. Ол үшін біреудің ашқан жаңылығы мен жасаған жұмысына ғана малданбай; өзіміздің білім мен ғылымды дамытып, ойдан ой тудырып, жоқтан бар жасап; ұлттық құндылықтарымызды ескере отырып, бірлігімізді бұзбай тірлік жасауымыз керек.

Әдебиеттер: интернет желісі, өсімдік шаруашылығы негізінде астықтану. (Ә.І.Ізтаев, С.Б.Ермекбаев). Педагогика және психология журналы

ДИСТАНЦИОННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Е.В. Брагина

Костанайский колледж автомобильного транспорта, преподаватель

Ключевые слова:

дистанционное обучение, образовательный контент система Moodle, электронно-образовательные ресурсы, профессиональное образование.

Одним из важных результатов применения ИКТ в сфере образования является дистанционное обучение. Наиболее эффективным дистанционное обучение стало с появлением компьютерных средств обучения и сетей телекоммуникаций. Главной особенностью этого этапа развития дистанционного обучения являются использование интерактивных обучающих программ и наличие оперативной обратной связи между студентом и преподавателем. Применяемые в дистанционном образовании информационные технологии можно разделить на три группы: В совокупности они и образуют технологии дистанционного обучения:

- технологии представления образовательной информации;
- технологии передачи образовательной информации;
- технологии хранения и обработки образовательной информации.

В дистанционном обучении должны соблюдаться следующие принципы.

- Процесс обучения строится в основном на самостоятельной познавательной деятельности студента.
- Познавательная деятельность студента должна носить активный характер.
- Дистанционное обучение должно быть личностно-ориентированным.

Эффективность дистанционного обучения зависит от качества используемых материалов (учебных курсов) и мастерства педагогов, участвующих в этом процессе. К таким системам относятся WebTutor, Competentum, Moodle и ряд других. На наш взгляд, наиболее перспективной и универсальной системой, разработанной специально для дистанционного обучения, является свободнорааспространяемая платформа Moodle. Данная образовательная платформа предоставляет широкий спектр возможностей для полноценной поддержки процесса обучения, предлагает разнообразные способы представления учебного материала, проверки знаний и контроля успеваемости. Отличительной особенностью дистанционного обучения в системе Moodle является интерактивность (постоянное системное взаимодействие), что создает комфортную образовательную среду для сотрудничества преподавателя и студентов. Для этого в курсе используются различные форумы и чаты, где студенты и преподаватели обмениваются сообщениями. Каждый дистанционный курс в системе Moodle максимально стимулирует интерактивное взаимодействие между студентами и преподавателями, между самими студентами, а также между студентами и учебным материалом для повышения качества

обучения и мотивации. Костанайский колледж автомобильного транспорта использует образовательную платформу Moodle с 2012 года. На конец учебного 21-22 года было создано 479 учебных курсов, преподавателями, мастерами п\о. Все преподаватели и студенты имеют учетные записи, которые они используют на весь период обучения в колледже.

Главными целями внедрения платформы:

- обеспечить учебный процесс учебными, учебно-методическими, справочными и др. материалами, повышающими качество подготовки будущих специалистов;
- актуализировать, систематизировать УМК доступный для студента в любое время;
- повысить эффективность управления самостоятельной работой студентов;
- возможность регулярного мониторинга работы студентов с помощью просмотра статистики посещений и работы со средой дистанционного обучения;
- организовать обратную связь в работе с обучающимися, т.к. система поддерживает обмен файлами любых форматов - как между преподавателем и студентом, так и между самими студентами;

Как система взаимодействия между педагогами и студентами, Moodle решает следующие задачи:

- создание и управление дистанционным курсом;
- управление пользователями внутри курса;
- дифференцированный доступ для участников образовательного портала;
- отслеживание выполнения учебных элементов - как педагогом (создателем курса), так и студентом;
- публикация учебных материалов различного формата: графики, тексты, аудио, видео, гиперссылки, учебные тренажеры LearningsApps, тестовые задания и др.
- на период пандемии были подключены сервера к конференций BigBlueButton, что позволило перевести учебно-воспитательный процесс полностью на онлайн режим это позволило, проводить ежедневно онлайн-уроки, заседания, совещания и т. д

Используя возможности информационно-коммуникационных технологий преподаватели, могут самостоятельно проявлять собственное творчество в своем учебном курсе, разрабатывают фрагменты курса различными способами, разделяют объем материала на дидактические единицы: Все эти комплексы содержат:

- рабочую учебную программу, календарно-тематический план;
- тексты лекций /или учебное пособие, разработанное преподавателем (электронные учебники) с мультимедийным сопровождением занятий;
- практические задания в виде рабочих тетрадей и задания с возможностью загрузки файлов на сервер;
- материалы для организации самостоятельных и контрольных работ;
- контрольно-измерительные средства обучения;
- методические указания по дисциплине, выполнению курсовых и дипломных работ;
- экзаменационные материалы;
- программы практик.

Каждый электронный курс, размещенный в Moodle, реализует функциональные возможности:

- круглосуточный доступ студентов и преподавателей к учебному контенту по изучаемым дисциплинам;
- поддержка общения преподавателя и студента в режимах on-line (чат, видеоконференции) и off-line (форум, отзывы на выполненные задания, обмен сообщениями по внутренней почте Moodle);

- возможность осуществления текущего и рубежного контроля знаний посредством автоматизированных тестирующих комплексов, проверки и оценки индивидуальных заданий.

Как один из примеров учебного курса хотелось бы представить вашему вниманию один из моих учебных курсов по общеобразовательным дисциплинам «Иностранный язык» [2] К курсу подписаны все студенты 1 курса около 250 чел. Курс включает в себя 9 разделов (согласно РУП). Каждый раздел имеет теоретический материал, задания для самостоятельного выполнения, тренажеры LearningsApps и др. (для закрепления материала), тестовый материал (Рис 1)




Рис 1

Одним из достоинств системы Moodle является активное ее использование в тех ситуациях, когда обучающимся необходимо самостоятельное освоение материала в случае пропуска занятия, а также устранение пробелов путем повторения, предоставляется возможность лучше сориентироваться в общем объеме и содержании изучаемого материала, что обеспечивает своевременное его закрепление. Статистика мониторинга учебной деятельности студентов накапливается, обобщается и систематизируется. В частности, Moodle создает и хранит портфолио каждого обучающегося: все сданные им работы, оценки и комментарии преподавателя, сообщения на форуме, контроль за посещаемостью и активностью студентов, время их учебной работы в Сети.

Одной из самых распространенных форм контроля знаний является тестирование. В системе Moodle очень быстро и легко можно получить результаты студентов. После прохождения теста студент получает свой результат, возможность просмотреть свои ответы и сравнить их с правильными. Выполненное задание студент загружает на сервер, преподаватель проверяет его и либо оценивает, либо отправляет на доработку, комментирует и делает выводы об эффективности проведенного обучения.

Таким образом: использование системы Moodle в учебном заведении позволяет не только интенсифицировать обучение студентов, но и закладывает прочную основу их дальнейшего постоянного самообразования. Вместе с тем активное использование Moodle требует большой организационной работы для большей эффективности. педагогические возможности и особенности дистанционного обучения складываются из специфики среды обучения, особенностей взаимодействия в этой среде и организации информации в условиях виртуального взаимодействия, в нашем колледже - это через систему Moodle и другие

платформы. Эти особенности определяют организацию данной формы обучения, применяемые средства и методы, а также формы контроля и оценочную деятельность. В настоящее время информационные технологии и виртуальная среда обладают большим потенциалом в развитии технического и профессионального образования, у педагогов колледжей можно сказать с уверенностью сформированы такие новые качества как инициативность, инновационность, гибкость, динамизм, конструктивность и мобильность.

Список литературы:

1. Никулина Т.В. Электронное и дистанционное обучение: сущность и качество//Theoretical & Applied Science. 2015. № 1 (21)
2. <https://moodle.kkat.edu.kz/>

СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ, ПРИМЕНЯЕМЫЕ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ МОДУЛЕЙ

О.С. Скобелева

Рудненский политехнический колледж, г. Рудный

Ключевые слова: педагогическая технология, цифровая технология, информационно – коммуникационные технологии

В научно-педагогических работах встречаются различные определения понятия «педагогическая технология»:

«Педагогическая технология» – это такое построение деятельности учителя, в котором входящие в него действия представлены в определенной последовательности и предполагают достижения прогнозируемого результата.

«Педагогическая технология» – продуманная во всех деталях модель педагогической деятельности по проектированию, организации и проведению учебного процесса с безусловным обеспечением комфортных условий для обучающихся и учителя.

«Педагогическая технология» – система функционирования всех компонентов педагогического процесса, построенная на научной основе, запрограммированная во времени и в пространстве и приводящая к намеченным результатам.

Слово «технология» происходит от греческих «*techne* – искусство, мастерство» и «*logos* – наука, закон». То есть дословно получается «технология» – наука о мастерстве.

Педагогическую технологию можно разделить на две технологии: обучения и воспитания.

Технология обучения проектируется под конкретную педагогическую концепцию обучения, в основе которой лежит определенная методологическая позиция преподавателя, последовательность педагогических операций, взаимодействий, которые выдержаны в соответствии с намеченными целями и ожидающие конкретного ожидаемого результата обучения.

Общепринятой классификации педагогических технологий в педагогической практике не существует. В современном образовании на первом месте стоит индивидуальность обучающегося, как субъекта образовательного процесса, и его учебная деятельность. Поэтому среди приоритетных технологий выделяют проектную технологию (научно-исследовательская работа), игровые технологии, проблемное обучение, активные и интерактивные технологии, технологии развивающего обучения, информационно – коммуникационные технологии (ИКТ).

Еще совсем недавно (до перехода на дистанционное обучение) для реализации учебной деятельности обучающихся во время изучения профессиональных модулей и повышение результативности образования по специальности «Техническая эксплуатация, обслуживание и ремонт электрического и электромеханического оборудования (по видам)» я применяла ИКТ.

Применение информационно – коммуникационных технологий позволяет преподавателю повысить активность и результативность процесса обучения, а для обучающихся расширить и углубить свои знания, научиться работать с компьютером, научиться применять ИКТ в повседневной жизни.

Информационно-коммуникационные технологии – это совокупность процессов, методов поиска, сбора, хранения, обработки, предоставления, распространения информации и способы осуществления таких процессов и методов [1].

Изучение профессиональных модулей с помощью ИКТ позволяет обучающимся размышлять и принимать участие в разработке структурных составляющих (этапов) занятия, что способствует повышению интереса обучающихся к изучению данного модуля.

Современные интерактивные уроки с применением презентаций мультимедийных, онлайн тестов, обучающих игр и программ, учебного и наглядного материалов, электронных учебников, каталогов, глоссарий, позволяют обучающимся расширить свои знания, повысить интеллектуальный уровень, сформировать навыки самообразования, упростить решение лабораторно-практических заданий.

ИКТ открыли колоссальные возможности для конструирования и преподнесения иллюстративного материала. Восприятие информации – значительный этап изучения нового учебного материала или закрепление уже пройденной темы, от этого этапа зависит формирование новых понятий и понимание их смысла.

На сегодняшний день существует большой выбор средств информационных технологий, доступных преподавателю:

- офисные технологии (MS Word, MS Excel, Power Point и др.), которые позволяют создавать программные продукты для обучения профессиональным модулям и организовывать проектную деятельность обучающихся;

- образовательные ресурсы сети Интернет;
- электронные образовательные ресурсы.

Использование ИКТ на своих занятиях позволяет мне как преподавателю использовать такое средство обучения, как наглядность (разделка кабеля, применение и устройство различных приборов и т. д.), что обеспечивает усвоение основных понятий учебного материала и способствует повышению профессиональной компетентности обучающихся.

Применение ИКТ дает и новые возможности дидактики, связанные с наглядностью учебного материала, дает возможность представить и увидеть процессы, действия, которые к тому же трудно продемонстрировать другими способами на занятиях.

А для обучающихся применение ИКТ позволяет развивать интерес к обучению, или к конкретному профессиональному модулю, предоставляет больше возможностей для участия в коллективной работе, развитию личных и социальных навыков.

ИКТ в обучении выполняет образовательную, развивающую и воспитательную функции.

Образовательная функция формирует профессиональные компетенции.

Развивающая функция формирует творческий потенциал, критическое мышление, креативность.

Воспитательная функция формирует взаимоотношение с окружающим миром, с его эстетическими, нравственными, этическими и правовыми нормами.

Основным качеством информационно – коммуникационных технологий является их мобильность, способность быть одновременно основной структурной составляющей в организации любого занятия при изучении профессионального модуля, а также быть основой

при создании общего электронного образовательного ресурса профессионального модуля (электронный УМК модуля).

Главными требованиями к информационно – коммуникационным технологиям в процессе обучения с целью повышения познавательной деятельности обучающихся во время обучения профессиональным модулям, являются:

- актуальность применения разнообразных дидактических материалов;
- определение места и характера демонстраций на занятии;
- выборе наиболее доступных форм объяснения незнакомых и трудно усваиваемых понятий, словосочетаний, высказываний и т.п.
- введение в процесс обучения различных ИКТ, которые обеспечивают необходимое качество обучения;
- соответствие ИКТ дидактической цели проведения урока;
- предоставление обратной связи с обучающимися.

ИКТ расширяют возможности образовательной среды разнообразными программными средствами, методами развития креативности обучающихся. Применение ИКТ в системе образования актуализирует их коммуникативную составляющую.

Информационно – коммуникационные технологии создают большие возможности для развития современного образования, а также условия для реализации творческого потенциала преподавателя и обучающегося.

Современный преподаватель обязан учитывать в своей работе результаты постоянного и стремительного развития и совершенствования информационных, компьютерных технологий.

С переходом на дистанционное обучение мне пришлось немного перестроить свою работу. Я начала записывать видеолекции, потому что не все обучающиеся могли выйти на онлайн видеоконференцию в облачной платформе ZOOM (перебои с интернет-связью, какие-либо личные обстоятельства). И скачав по ссылке мои видеолекции обучающиеся могли просмотреть их в любое удобное время и не один раз.

Стала просматривать все возможные платформы для обучения, и для обучения себя, в том числе.

И тут уже на смену понятию «информационно-коммуникационные технологии» приходят понятия такие как «информационные технологии» и «цифровые технологии». В системе образования происходит процесс цифровой трансформации.

Цифровая трансформация образования – это не создание компьютерных классов и подключение к сети интернет, а формирование и распространение новых моделей работы образовательной организации. В основе лежат единство и взаимосвязь новых педагогических методов, успешно реализующихся в цифровой образовательной среде с использованием цифровых технологий, непрерывного профессионального саморазвития педагогов, а также новых цифровых инструментов, информационных источников и сервисов.

В условиях постоянных изменений, вызванных «Четвёртой промышленной революцией» и «Индустрией 4.0», растет потребность в непрерывном образовании и самообразовании, в мотивированной учебной работе обучающихся, которая необходима для овладения универсальными компетентностями, так называемыми 4К: креативность, критическое мышление, кооперация и коммуникация.

Цифровые технологии помогают подобрать траекторию обучения для каждого обучающегося, повысить объективность в оценивании и радикально снизить нагрузку на преподавателя.

Цифровые технологии, применяемые в образовательном процессе КГКП «Рудненский политехнический колледжа», которые использую я и мои коллеги на занятиях:

- создание электронных образовательных ресурсов: ментальные карты, интерактивные плакаты и упражнения, облако слов, облако тегов, Kahoot, Quizlet, интерактивные нелинейные презентации Canva, Prezi, с помощью онлайн-программы «Renderforest», Sway

[Calameo](#), [WordCloud.pro](#), [TEDed](#), [Classtime](#), QR-коды на занятиях: интересные задания, квесты, кодирование аудиозаписей,

– использование Web-ресурсов в работе преподавателя: технология Web-квест, цифровой сторителлинг, Screencast, Google Forms, Picktochart,

– цифровой учебно-дидактический инструментарий педагога.

Самый простой способ организации совместной работы – сервис [Padlet](#).

TED-Ed – выступления TED, организованные для образовательных нужд и систематизированные по темам с вопросами и тестами.

Конечно самый удобный для осуществления постоянной обратной связи онлайн-инструмент – это Google-формы. С помощью формы можно проводить различные опросы, викторины, предметные и межпредметные олимпиады, создавать анкеты, тесты.

Современные цифровые технологии помогают вовлекать обучающихся в учебный процесс, делает обучение наглядным и помогает развивать навыки 21 века: работать в команде, мыслить критически и творчески.

В настоящее время в колледже КГКП «Рудненский политехнический колледж» осуществляется смешанное обучение.

Смешанное обучение – это образовательная технология, в которой обучающиеся учатся частично через онлайн-обучение, с возможностью личного контроля времени, в сочетании с классической классно-поурочной системой.

Не все обучающиеся учатся одинаково. На усвоение одного и того же материала разным обучающимся необходимо различное время, и делают они изучение материала по-разному. И эти две части смешанного обучения взаимосвязаны. Работа в кабинете с офлайн должна быть продолжением работы обучающихся в онлайн и наоборот.

И основная педагогическая задача преподавателя – соединить эти две части смешанного обучения.

При этом преподаватель должен построить занятия так, чтобы часть учебной работы в формате онлайн была направлена под ответственность обучающегося.

Современные инструменты электронного обучения позволяют создать единую базу методических материалов, которая всегда будет доступна обучающимся.

Для осуществления решения выше перечисленных задач, я постоянно саморазвиваюсь, совершенствуюсь в области своей профессиональной деятельности, принимая участия в различных вебинарах, проходя курсы повышения квалификации.

Список литературы

1. <https://ru.wikipedia>.

2. Скобелева О.С. Активизация познавательной деятельности обучающихся через использование ИКТ во время обучения профессиональным модулям // Сборник материалов городских педагогических чтений «Главная ценность – подготовка конкурентоспособного специалиста» – Рудный: «РПТК», 2020. ISBN 978-601-343-171-0, с. 16-19

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Ш.Р. Бекешова

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны

пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Тақырыптың өзектілігі: Оқушыларға цифрлы сауатты болуға мүмкіндік беретін жаңа құзыреттіліктің қажеттілігі туындады.

Педагогикалық идеяның мақсаты: Математика сабақтарында, оқыту цифрлық платформаларды қолданып, оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру құралдарын жинақтап ұсыну.

Педагогикалық идеяның құндылығы: Ұсынылып отырған оқытудың цифрлы платформаларын әр мұғалім қолдана отырып, оқушылардың цифрлық сауаттылықтарын арттырып, шығармашылыққа баулиды.

Оқытудан күтілетін нәтиже:

- Оқушылар цифрлы сауаттылықтың мақсат міндеттерін меңгереді;
- Қажеттіліктерін анықтай отырып тиімді қоладан алады;
- Білім алушылардың әртүрлі қолданбалы программаларды қолдану арқылы өз идеяларын ұсыну дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету;
- Байланыс, ақпарат алмасу және ынтымақтастық үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануын ынталандыру;

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»

Н.Ә.Назарбаев

Мен өз тәжірибемде қолданып жүрген оқытудың цифрлық платформаларын ұсынғалы отырмын. Бұл платформалар оқушыларға өзіндіктерінен білім алуына, алған біліміне қорытынды жасап бекітуге және әртүрлі интеллектуалдық марафондар ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

1. «СМС хабарлама» әдісі

Бұл әдісі күнделікті сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болатын әдіс. Ол Whatsapp қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.

2. “Kahoot » бағдарламасы

Kahoot қосымшасы оқу жылындағы барлық материалдарды толық қамтып, білімді меңгертуге арналған тест сұрақтарын құруға мүмкіндік береді. Kahoot-интерактивті тапсырмаларды жасауға арналған жарқын, қарапайым, ақысыз қызмет. Бұл қызметті студенттердің білімін тез тексеру үшін сыныпта және қашықтықтан оқытуда әртүрлі викториналар, пікірталастар, тесттер мен сауалнамалар жүргізу үшін пайдалануға болады.

Kahoot-та жасалған тапсырмалар ұсынылған жауаптардың ішінен дұрыс жауапты таңдауды қамтиды. Тапсырмаларға фотография және тіпті бейне үзінділерді қосуға болады. Бәсекелестік сәтті құру үшін тапсырманы уақытша шектеу функциясы қол жетімді.

Қызмет веб-сайтында әртүрлі тақырыптар мен пәндер бойынша ойындар мен викториналар бар. Сонымен қатар, сіз өзіңіздің есептік жазбаңызда жасалған тапсырмаларды көрсете алмайсыз, сонымен қатар басқа пайдаланушылардың материалдарын пайдалана аласыз, соның ішінде оларды өз қалауыңыз бойынша өңдей аласыз.

Оқушылар Kahoot-та жасалған тапсырмаларды Интернетке қол жетімді кез-келген құрылғыдан орындай алады: ноутбук, планшет, смартфон және т. б.

3. Quizizz-бұл сіздің оқушыларыңыз үшін тест құрудың ең жақсы платформасы. Мұнда сіз тестілеуді форматта жасай аласыз: бір жауапты таңдау, бірнеше таңдау, жауап, сауалнама, ашық жауап. Сондай-ақ, бұл сайт сабақта онлайн режимінде тестілеуді қосуға, уақыт шектеулі үй тапсырмасын қалай орнатуға, сонымен қатар тест режимін пайдалануға мүмкіндік береді.

Квиз-ді білім алушылар үшін қандай да бір тақырып бойынша немесе түрлі салалардағы сұрақтармен өткізуге болады. Оларды білім беру процесінде қолдануға болады, мысалы, тақырыптар жиынтығынан өткеннен кейін студенттер үшін өткен материал бойынша викторина өткізуге болады.

Жарыстың негізі сұрақтар болып табылады, оларды таңдауға мұқият қарау керек: тым қарапайым немесе күрделі сұрақтар ойыншылардың назарын аудара алмайды. Ұсынылған тақырыптарды шешкен жөн, әсіресе егер олар қатысушылардың қызығушылықтарына немесе қызығушылықтарына сәйкес келсе жақсы болады. Сұрақтарды таңдағаннан кейін сіз ойынның барысы туралы ойлануыңыз керек: бәсекелестік командалық немесе жеке бола ма, сұрақтарды (немесе оның тақырыбын) таңдау құқығы кімге тиесілі болады - ойыншылар немесе хост.

Сұрақтардың күрделілігі ойын барысында бірдей болуы немесе өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайда неғұрлым күрделі сұраққа жауап беру үшін сыйақыны көбейту керек. Ойын аяқталғаннан кейін ұпай жинап, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттауды ұмытпаңыз.

4. Quizlet - бұл флэш-карталарды және әртүрлі түрлер мен санаттардағы (тілдер, мәдениет, математика, география және т.б.) оқу ойындарын жасауға және қолдануға арналған тегін онлайн-сервис. Бұл қосымшаның негізі-sets (sets) – сөздер тізімі, әртүрлі ұғымдардың, суреттердің немесе сипаттамалы фотосуреттердің тізімі.

Quizlet-бұл оқу карталары ретінде ұсынылатын кез-келген ақпаратты есте сақтауды жеңілдететін ақысыз қызмет. Мұның бәрі дерекқордан табу немесе интерактивті материал жасау — жеке карталар, оларға суреттер мен аудио файлдарды қосу, содан кейін осы материалды есте сақтау үшін жаттығулар жасап, ойындар ойнау.

5. «Go Noodle» - қозғалысты талап ететін бағдарлама.

Бұл бағдарламаны мен көбінесе сергіту сәтін жасағанда қолданамын. Себебі, бағдарлама ортасында **әртүрлі жас ерекшеліктегі оқушыларға қозғалуға, жаттығу арналған бейнежазбалар жинақталған.**

6. TARSIA- әдісі

Сұрақтар мен жауаптар екі жаққа жазылады. Оқушылар қағаздардағы сұрақтарға жауаптарды іздеп бір-біріне жалғайды. Өте қызықты әдіс. Фигуралардың бірнеше түрлері бар. Үлкейтуге, кішірейтуге болады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, цифрлық платформа:

- Оқушының өз қабілетіне, болашағына сенуіне;
- Оқушыны ынталандыруға;
- Оқушы мен оқытушының ынтымақтастық қарым-қатынасына;
- Оқушының өз білімін бағалай білуіне бағыттауға мүмкіндік беретініне көз жеткіздім.

Меніңше, осы оқыту жүйесінде цифрлық платформаларды қолдану төмендегідей нәтиже береді:

- цифрлық платформа мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;
- Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;
- Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;

Цифрлық платформа әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар. Сондықтан, ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

2. “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
4. «математика және физика» журналы №4, 2007 жыл

ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

Г.А.Сазбаева

Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі, Ақтау қаласы

«Біздің мақсатымыз – өзгермелі әлемдегі жаңа жағдайларда тек тірі қалу емес, сондай-ақ бұрынғы табыстарымызды нығайта, осы жаңа әлемге өзіміздің ықпал ету мүмкіндігімізді кеңейте отырып, дамуымызды жалғастыру» деп Елбасымыз айтқандай білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, терең, білімді, ізденімпаз, барлық іс – әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұсынып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдылық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекетінің дамуына жол ашуы қажет.

Қазіргі жаңа оқыту технологияларының алдына қойған мақсаты бірінші орынға оқушының баянды білім алуын, білігі мен дағдысын емес, оның жеке тұлғасын білім арқылы дамыту.

Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін оқытудың әр түрлі әдіс – тәсілдерін қолдана отырып, терең, білімді, ізденімпаз, барлық іс – әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұсынып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында оқушылардың үнемі өзгерістерге бейім болуы мен жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуды басым бағыты ретінде айқындады. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан, жаңартылған білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамыту тиіс.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енеген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыртын тың бағдарлама болды. Оқытудың парадигмасы өзгерді.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Осы мақсатта, жаңартылған оқу бағдарламаларын сынақтан өткізіп, оқу үдерісіне сатылай енгізіп, оқу-әдістемелік тұрғыдан қолдау көрсетіп, «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін таратып, жаңартылған білім беру мазмұны және жаңа оқу бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудың жаңа бағдарламалары жасалынып, жаңартылған білім беру мазмұнын сынақтан өткізу және ендіру мәселелері бойынша мұғалімдерге арналған конференциялар мен оқыту семинарлары ұйымдастырылып, педагогтардың біліктіліктері арттырылуда.

Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты болмақ. Осы негізде, биология сабақтарында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отырумен қатар жаңа технологияларды меңгеріп, оны тиімді қолданып, оқушының өздігінен білім алуына

қолайлы білім беру ортасын ұйымдастыра отырып, сын тұрғысынан ойлап, АКТ –ны қолданып, коммуникативті қарым-қатынас орната отырып, жеке, жұппен және топпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға жұмыстар жасап келемін.

Әрбір сабағына аса жоғары жауапкершілікпен қарап, елімізде орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізілгені жайындағы жаңалықты оқушыларға жеткізуде, Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау – ұстаздың басты міндеті деп біліп, математика пәні сабақтарымда, оқушылардың ізденуін қадағалап, білім дағдысын толықтыруға бағытталған сабақ өткізу әдістерінің бірі және оқушының өздігінен білім алуына жетелейтін тиімді әдіс – тәсілдерді қолдану менің басты мақсатым болып табылады. Сабақта жаңа оқу материалдарындағы оқиға мен құбылыстарды оқушылардың өздері байқап, талдауына жағдай жасай жасап, оқушыларға өзінің ой еңбегін қажет ететін тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізуіне жетелеймін, бағдар беремін. Әр оқушының өз ойына шек келтірмей жауап беруіне дағдыландырып, оқушы бойындағы танымдық қабілетінің шығармашылық ойлау жүйесінің дамуына, практика кезінде өз сабақтарымда тиімді әдіс – тәсілдерді қолданамын.

Жалпы өзімнің іс тәжірибемде жеке тұлғаға бағытталған білім беруді жүзеге асыру үшін, мына мақсаттарды орындауға тырысамын. Ол:

- іс-әрекет үшін қолайлы ахуал туғызу табыс жағдайын қалыптастыру;

Күнде сабақтың басында, сабақты бастамас бұрын оқушылар тарапынан қызығушылық, сабаққа деген ынтасын туғызып, сабаққа деген жақсы көңіл-күй қалыптастыру негізінде **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АТМОСФЕРАСЫН** орнатамын. Бұл орайда, оқушының жас ерекшелігі ескеріліп;

“Үш қол”, “Сағат бойынша дос”, “Досыма хат”, “Ұшқан тілектер”

және т.б. сияқты әдістер арқылы сабақта сенімді, ынтымақтасқан орта

қалптастырамын.

- оқу материалы мен оны ұсынуда оқушының тұлғалық тәжірибесі мен ерекшеліктерін ескеру;

Сабақ барысы, әр оқушының білімді игеруіне сәйкес материалды таңдап, оны тиімді игеруіне қолайлы әдісті таңдаумен анықталады.

Бұл негізде, оқушының тақырыпты өзіндігінен меңгеруі үшін, тек меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар, мәселе тудыра отырып сабақтың мақсатын анықтату негізінде; “Кейс стади”, “Зерттеушілік конференция”, “Ментальді карта”, “Джиксо”, “Тұжырымдаламалық карта” және т.б. сияқты әдістер арқылы сабақты оқушылардың өзіндіктерінен меңгеруіне жағдай туғызып, жетелеймін.

- тапсырмалардың әртүрлі деңгейлік сипаты;

Сабақ барысында, әр оқушының тапсырманы орындау деңгейін анықтап, Блум таксономиясымен дайындалған сараланған сұрақтар мен деңгейлік тапсырмалар дайындаймын.

- оқу материалын таңдау мен орындауда таңдау мүмкіндігін беру;

Кей кездерде оқушылардың көңіл-күйлеріне қарай оларға тапсырманы орындауға мүмкіндік беру, олар өздеріне ұнайтын, өздері мүдірмей орындайтын тапсырмаларды таңдай алады. Мұндай кезде сыныпта максималды тәуелсіздік атмосферасы орнайды. Бұл жердеде Блум таксономиясы негізінде дайындалып, “Дауыстап ойлау”, “Менің пікірім”, “Стикердегі сұрақ” және т.б. әдістерін қолданамын.

Сабақта әр оқушыны қандай жағдай болмасын қолдап, қолпаштап, оқуға деген қызығушылығын туғызу мақсатында көтермелеу арқылы тиімді кері байланыс жасау. Бұл орайда кері байланыстың төрт түрін қолданамын

- Ауызша сұрақ арқылы кері байланыс жасау;
- Жазбаша сауалнама арқылы кері байланыс жасау;
- Графикалық түрде кері байланыс жасау;
- Қозғалыспен кері байланыс жасау;

Міне, осындай әдістерді сабақ барысында жүйелі түрде қолданып, оларды оқушының қабылдауы мен игеруіне сәйкес орынды үлестіріліп отырса оң нәтижеге жетуге болатынына кәміл сенімдімін.

Сонымен қатар, сыныптастарының және мұғалімінің берген кері байланысы оқушыны қалыптастыруға, оқу мақсаттарына жетуге үлкен көмегін тигізетінін ескеріп, өз сабақтарымда оқушылар үшін және мұғалім үшін тиімді кері байланыстардың берілуін басты назарда ұстап, кері байланыс жасаудың әртүрлі әдістерін қолданып келемін. Қорыта келгенде, оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, өздігінен білім алып, функционалдық сауаттылығын арттыруда, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыруға үлесімді қосудамын.

Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену

Мәңгілік Ел болашағы – өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың қолында, сондықтан да оларға баянды білім берумен бірге ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды да дарытып, қазақ халқының бай мұраларын бойларына сіңіре тәрбиелеу мен қатар үздіксіз, сапалы баянды білім беру біздің міндетіміз.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңашыл ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық үшінші (базалық) деңгей 2012 жыл
2. Оценивание учебных достижений учащихся Методическое руководство 2012г
3. Қазіргі мектепті басқару. Алматы 2018 жыл

БИЕЛЕРДІҢ МАСТИТІНІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ

Әбдіраш Ұ.Н.

Түлкібас агробизнес және саяхат колледжі

Аннотация

Жануарларды генетикалық тұрғыдан жақсарту, ауруларға, аса маңызды өнім ретінде сүт өндірісіне көп көңіл бөлу, осы мақсатқа қол жеткізуге тежеу болатын бірден-бір себеп желінсау ауруының бой алуына жол бермеу, машинамен саууға жарамды, желінсауға төзімді бие бастарынан табындар жасақтау мәселесі аса өзекті мәселе екенін алға тартпақпыз.

Негізгі мәтін

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығын, соның ішінде мал шаруашылығын ойдағыдай дамыту үшін жиі кездесетін аурулардан сақтандыру, малдардың денсаулығына мұқият бақылау, өсіріп-өндіру мәселелерін жетік ойластыру керек. Осы аталған міндеттер мен мақсаттарды орындауда әдетте мал дәрігерлері мен мал күтуші қызметкерлерге жүктеледі.

Жануарларды генетикалық тұрғыдан жақсарту, ауруларға, аса маңызды өнім ретінде сүт өндірісіне көп көңіл бөлу, осы мақсатқа қол жеткізуге тежеу болатын бірден-бір себеп желінсау ауруының бой алуына жол бермеу, машинамен саууға жарамды, желінсауға төзімді бие бастарынан табындар жасақтау мәселесі аса өзекті мәселе екенін алға тартпақпыз.

Сүт өнімділігінің төмендеуі мен сүттің санитариялық-технологиялық сапасын төмендеуіне әкеліп соғатын көптеген аурулар ішінде желінсаудың алатын орны ерекше. Бір мерзім аралығында желінсаумен 15-30 дан 50-70% дейін жануарлар ауыруы ықтимал. Желінсауға шалдыққан жануарларда қабыну үдерісінің ағымдық сипаты мен оның алдын алу жұмыстарының жасалмауына орай жылдық сүт өнімінің 15-20% одан да көп шамасын алынбай жатады. Зақымдалған сүт безі бөліктерінің сүтінде (секретінде) соматикалық жасушалар санының (басым түрде лейкоциттердің), ақуыыздардың, хлоридтердің мөлшері ұлғаяды, сілтілігі, сүттің тығыздығы, бактериалмен ластану деңгейі жоғарылайды, сүт майының, лактозаның, құрғақ майсызданған заттектерінің мөлшері азаяды, оның бактерицидтік белсенділігі төмендейді. Қазіргі кезде еліміздің тәуелсіздігін дамытып, экономикасын жоғары деңгейлерге жеткізу мақсатында мал шаруашылығының алатын орыны зор.

Келтірілген мәліметтерге байланысты біздің зерттеу жұмыстарымыздың мақсаты:

Биелердің маститтерін диагностикалау мен алдын алудың оңтайлы әдістерін таңдау және тиімді терапевтикалық препараттарды іздестіру. Қойылған мақсатты орындау үшін келесі сұрақтар бекітілді:

1. Биелердің маститтермен ауруының таралуы мен себептерін анықтау.
2. Жасырын, катаральды мастит кезінде биелердің желінің микробтық құрамын анықтау
3. Биелердің жасырын, катаральды маститтерін алдын алу және фармакотерапия үшін Бровамаст-2 Д және Ваккамаст препараттын қолдану тиімділігін зерттеу.

1.1 Желінсаулар этиологиясы

Сүт безінің қабыну үдерісі, әдетте, қолайсыз биологиялық (микроорганизмдер), физикалық (соғылулар, микрожарақаттар, суынулар, күн өтуі) және химиялық (сілтілер,

қышқылдар, тұздар, уыттар т.б.) сыртқы орта факторларына жауап ретінде дамиды. Көбіне желінсаулардың нақтылы себебі сүт безі ұлпаларына патогендік және патогендік әсер білдіре алатын микрофлораның еніп, дамуы, олар негізінен алтын тәріздес стафилококк, ағалактыялық және дисгалактыялық стрептококк, сирек жағдайда - эпидермалдық стафилококк, желін стрептококкы, эшерихийлер, сонымен қатар сүттен әрқилы ассоциациялар түрінде бөлінетін өзге бактерия түрлері, микоплазмдар, микроскопиялық саңырауқұлақтар, вирустар т.б. Әдетте, сүт безінің инфицирленуі, галактогенді жолмен – емшек аналы арқылы, әсіресе, сауғаннан кейін алғашқы 1-2 сағат ішінде ашылып тұрған кезінде, ал жергілікті микрбқа қарсы қорғаныс төмендеп қалған жағдайда байқалады. Өте сирек жағдайларда микрофлора сүт безіне лимфогенді немесе гематогенді жолдармен енеді.

Ғылымның қазіргі деңгейдегі дамуы сүт сауу үрдісін, қызмет орындаушы мүше – сүт безі мен сүт бөлінуіне ықпал ететін орталық нерв және нейро – эндокрин жүйелерінің қатысуымен өтетін, күрделі жүйе екенін тағы дәлелдеді. Сауын үрдісі қызметінің бұзылуы сүт безінің және оның қызметін қадағалайтын механизмдердің патологиясына байланысты өтеді.

Тіршілік әлемінің дамуы жануарлар тобының жеке бір дамыған тобы – сүт қоректілердің пайда болуына әкеліп соқтырды. Ал бұл топтың ерекше қасиеті аналықтарында арнайы сүт безінің болуы. Сүт безінің басты қызметі - өз ұрпағын қоректендіру.

Адамдардың ғасырлар бойы дамуы кезінде жануарларды өзіне бағындыруы (доместикация) арқасында сүт безі ұрпағын қоректендіру қызметтілігімен қатар адам үшін аса бағалы қорек көзі – сүт өндіру қызметін де атқара бастады.

Соңғы жылдары сүт безі патологияларына айтарлықтай еңбектер арналған. Ветеринария мамандарына нақты сүт безі мүшелерінің кеселдері үлкен кесірін тигізуде. Малдарды дұрыс ұстамау, қора-жайлардың жағдайының жөнді болмауы, суық, лас, ылғалды еденде ұстау, серуендеудің кемістігі немесе мүлдем болмауы, азықтандырылу бұзылуы немесе рационда түрлі азықтық заттар – ақуыз, қант, дәрумендер, микро- және макроэлементтер кемістігі мал организмінің түрлі кеселдерге қарсы тұру қасиетін төмендетіп, желінсаулардың пайда болып, таралуына ықпалын тигізеді.

Желінсау сүт безі патологиясының негізгі түрі болып саналады, ал оның таралу жиілігі әр түрлі авторлардың деректері бойынша алуан түрлі. Г.В. Зверев деректері бойынша кейбір шаруашылықтарда жылына сиырлардың 20%-ы желінсауға шалдығады. MatilPa сиырлардың жасына, сауын мерзіміне қарамастан желінсауға шалдығуы 25 –тен 50%-ға дейінгі шаманы қамтитынын атайды. Басқада авторлар сауын сиырларында созылмалы желінсаулардың жалпы зерттеген фермалардағы табынның 40%-ын құрғанын көрсеткен.

1.2 Желінсауларды балау

Ветеринарлық тәжірибесінде желінсауларды балау үшін клиникалық, цитологиялық, бактериологиялық және иммунологиялық әдістер қолданылады.

Клиникалық зерттеулерге жалпы және жергілікті дене температурасын, тамыр соғуы жиілігін, тыныс алуын өлшеу, мес қарын жиырылуын тексеру, тері, желін үсті лимфа түйіндерінің, жүрек тамыр жүйесінің, шырышты қабаттар және көбею ағзаларының күйін зерттеулер енеді.

Мысалы, желін терісін қарау арқылы оның түсінің өзгергендігін және түрлі зақымдануларды, жүн жамылғысы, тері асты қантамырларының жағдайын біледі.

Сірі желінсау кезінде жалқаяқ теріасты шеліне, бөлікаралық, аралық желін ұлпаларына жиналады. Фибринозды желінсау ұлпа бойына, сүт жолдарына шөгіп, жинақталуымен сипатталады. Іріңді желінсау үш түрде өтеді, гемморагиялық желінсау ұлпа бойына, желін тарамдары (альвеола) мен сүт жолдарында қанталаулар тудыруымен сипатталады.

Ал айқын көрінетін белгілері жоқ, сүттің сыртқы көрінісі өзгермей өтетін жасырын желінсауларды уақтылы анықтау айтарлықтай қиындықтар тудырады және осындай сүттің жалпы сауылған сүтпен араласып кетуі қауіпін туғызады.

Желінсаулар кезіндегі патологиялық үрдістердің кезеңалды күйлері мен жасырын

кезеңдері туралы түсінік материалдық негізге ие бола бастады. Бұл қағида, әрине түбегейлі тәжірибе және клиникалық тұрғыдағы дәлелдеулерді қажет етеді. Желінсаулардың бастапқы, жасырын кезеңдері жайлы сүт безінің биохимиялық, цитологиялық көрсеткіштерін бақылап, тұжырымдар жасланады.

Қабыну үрдісінің патофизиологиясына байланысты желінсау дамуы келесі үрдістерден тұратын кезеңдерден құралады:

1. Зақымдалған безге полиморфты ядролы лейкоциттердің жинақталуы.
2. Мүше ұлпалары мен жасушалары біртұтастығының бұзылуы және олардың тысқары шығуы.
3. Тамыр бойы өткізгіштігінің жоғарылауы әсерінен сүт безі ұлпаларына қанның жасушалық және жасуша маңы бөліктерінің шығуы.

1.3 Желінсауларды емдеу

Желінсаулардың әлемнің әр елдерінде кең етек жайғандығы әдеби деректер легінен көрініс табуда, түрлі авторлардың әрқилы мәліметтеріндегі айырмашылықтар осы кеселдің полиэтиологиялы болуына орай еш күмән тудырмауы қажет.

Сиыр табындарындағы желінсаудың таралуы Қазақстан мен өзге елдерде кең көлемде дамып, 2-5-тен 10-55%-ға дейінгі шаманы қамтиды. Клиникасы айқын түрде өтетін және жасырын желінсаулар шамамен 1:2-2:5 қатынастығында өршиді.

Қазақстан жоғары сұрыпты сүт тапсыру бойынша әлемдегі соңғы орындардың бірінде бір желінсауға шалдыққан сиырдың сүт өнімділігі жылдық есепте 10-15%-ға төмендейтіндігі белгілі. Сонымен қатар сүт безінің түрлі ақаулықтарында, ең алдымен оның семуіне (атрофия) байланысты орта есеппен 5%-ға дейінгі малдар шығындалады, ал бұл өз алдына қайта өндіруге кері ықпалын тигізетіндігі ақиқат. Біз өз зерттеулерімізде сиыр желінсауларының физиотерапия, фармакологиялық алдын алу, фармакотерапия мәселелерімен байланысқан жайларға көңіл бөлуді жөн санадық. Механикаландырылған фермаларда желінсауларды емдеуге үлкен мән беріледі. Антибиотиктермен қатар көптеген жаңа тәсілдер мен әдістер ұсынылған, мәселен, ультрадыбыс, магнит алаңымен емдеу, түрлі жылу көздерімен желінді қыздыру.

Басқада авторластар сүт безі бөліктерін «тоғыздықтарға» бөлу принципімен қабыну үрдісінің дәлме-дәл орналасуын пункциялық биопсия көмегімен анықтаған. Клиникалық және гистологиялық зерттеулер арқылы сірі, катаралды желінсаулардың жетінші аймақта дамуы 78-86% жағдайда байқалатыны, ал іріңді-катаралды әдетте диффузды жайылатыны анықталған. Бұл сүт безінде өтетін барлық өзгерістердің бактерияға қарсы препараттармен жойыла алмайтынын көрсетеді. Желін қызметтілігінің қалыпқа келуі трофика қалыптасуынан кейін ғана мүмкін.

Желінсаумен ауру сиырларды ЛПДА-2 УТЖ аппаратымен сауу кезінде емдеу бойынша деректер келтіреді. Мұнда келесі жұмыс тәртіптері қолданылған: қуаты 30 ватт, әсерлеу уақыты 5-10 минут, қуаты 20 ватт, әсерлеу уақыты 7-10 минут. Катаралды, іріңді-катаралды, сірі желінсаулар кезіндегі сауығу деңгейі 62%, емдеу уақыты 7,3 күн құраған, ал жасырын желінсау топтарында сауығу 89,5 және 100 %, орташа емдеу уақыты 5,7-6,5 күн құраған. О.А. Зотов УТЖ-ның магнитты және электр алаңының 40 Вт қуатының сиырлардың сау және патология кезіндегі желін ұлпасына лимфа кері ағуы мен лимфа құрамына әсерін зерттеген. Зерттеу нәтижелері сірі, сірі-катаралды желінсауға шалдыққан сиырларда лимфаның кері ағуы сау сиырлардікімен салыстырғанда 8,9%-ға аз екендігін көрсеткен. УТЖ алаңымен әсерлеген соң 6-24 сағат аралықтарында сүт безінен лимфа бөлінуі 37%-ға жоғарылайтыны анықталған.

Желінсауларды емдеуге қолданылатын медикаментозды препараттар қоры фармакологиялық заттардың орасан көп тізімін құрайды, олардың ішінде антибиотиктер,

сульфаниламидтер, анальгезиялаушы заттар, өзіндік иммундық сарысулары тағы басқалары кеңінен қолданылуда. Осы тізілінген препараттардың барлығы дерлік жеке түрде сондай-ақ өзге препараттармен қиылыстырып қолданылады. Желінсаулар терапиясы кезінде, желінсауларлар желін ұлпасында терең, қалпына келмейтін өзгерістер тудыратынын ескеру қажет. Сондықтан осы кеселді емдеу нәтижелері емдік жәрдем көрсету уақытына тікелей байланыста, яғни ауру басынан ем неғұрлым ерте көрсетілсе, соғұрлым нәтижелер де тиімдірек, ал ем мерзімі қысқа болады. Кейбір ем түрлері ауру басында жақсы нәтиже беріп, соңында тиімсіз болады. Сондықтан жасырын желінсауларды ерте диагностикалау әдетте сауығумен аяқталады.

Қорытынды және ұсыныстар

Ғылыми жұмысты орындау барысында келесі қорытындыларға келдік:

1. Биелердің маститке шалдығу деңгейі басқа аурулар ішінде 24% құрайды. Оның ішінде 10% маститін катаралды түрі және 14 проценті маститің субклиникалық түрімен аурады.
2. Бактериологиялық зерттеулер өткізу кезінде желінсау этиологиясындағы маңызды орынға стафилококктар мен стрептококктар шығып, бие сүтінен олардың бөлінетіні байқалды.
3. Бровамаст - 2 Д и Ваккамаст препараттарын биелердің маститі кезінде емдеуде қолдану мүмкіндігін зерттеу барысында, препараттың тиімділігі анықталып, жақсы нәтиже берді

Биелер маститінің алдын алу және емдеу үшін шаруашылыққа келесі іс-шараларды жүргізуді ұсынамыз:

1. 1 айда бір рет саулатын биелердің желініне диспансеризация жасау.
2. Биелердің маститің емдеу үшін Бровамаст - 2Д және Ваккамаст препараттарын қолдануды ұсынамыз

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шакиров О.Ф. Противомаститная программа компании «Байер»// Ж.Ветеринария №10, 2007 с.9-12
2. Париков В.А., Климов Н.Т., Романенко А.И., Новиков С.Г., Панитин Д.М., Игнатов И.В., Пачкун В.М. Мастит у коров// Ж.Ветеринария, №11, 2000, с.34-37
3. Иолчиев Б.С. и др. Молочная продуктивность// 2000 №2 с.5
4. Domagata J. Instrumental Textura Syneresis and Microstructure of Yoghurts Prepared// Lnt.J.of ford Pro. 2009 /3 (18)
5. Robinson R.K., ViahopovLou I. Goatis milk utilization milk products// Dairy industries internatiol 1988 /53 (18)
6. Зверева Г.В. Профилактика мастита у коров в различные периоды функционального состояния вымени. Вет. 1979. №11. с.49.
7. Жақыпов И.Т., 2010 Ветеринарно-технологические основы повышения репродуктивной функции молочного скота в условиях Северного Казахстана : Автореферат дис. на соиск. учен.степ. док. вет. наук по спец. 16.00.07 / Джакупов Исатай Тусупович. - Астана : 2009. - 42 с.
8. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, 23 қараша 2015 ж. № 414-V. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38910832.
9. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі, 9 қаңтар 2007 ж. № 212-III. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30085593#pos=0;0.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОГРАФИКИ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА ОБУЧАЮЩИХСЯ ТЕХНИЧЕСКОГО ПРОФИЛЯ

С.А. Курдина

Рудненский политехнический колледж, г. Рудный

Ключевые слова:

Инфографика, среднеспециальное образование, инновации.

На сегодняшний день система образования в нашей стране находится в стадии непрерывных модификаций, что продиктовано непрерывным международным сотрудничеством с другими странами в разных сферах. Расширение культурных и деловых контактов нашей страны с мировым сообществом требуют наличие специалистов, владеющих одним или несколькими иностранными языками в своей профессиональной деятельности. Владение иностранным языком является ресурсом для социального и профессионального роста специалиста любого профиля. В контексте профессиональной подготовки выпускников ТиПО обучение иностранному языку должно быть ориентировано на формирование у будущих специалистов технического профиля способности к осуществлению профессионального международного взаимодействия с иностранными коллегами.

В изучении иностранного языка, фундаментом на котором базируется лексика, является грамматика. Но, как показывает практика, при обучении грамматике, у многих обучающихся имеются трудности в понимании и практическом применении грамматических правил, когда объяснение правил слишком объемное или, наоборот, в виде картинок без объяснений. В таком случае, чтобы не уменьшилась мотивация к изучению иностранного языка необходимо найти правильный подход в передаче знаний, учений и навыков.

Как показывает практика при изучении иностранного языка студенты лучше усваивают учебную информацию, которая дается с использованием информационно-коммуникационных технологий (ИКТ), которые являются важным аспектом для развития навыков критического мышления, так как целью этих методов является заинтересованность и активное участие обучающегося в образовательном процессе.

При обучении иностранному языку студентов ТиПО преподавателю необходимо формировать иноязычную коммуникативную компетентность путем применения активных методов обучения (АМО) в качестве которых может выступать инфографика.

Инфографика, как форма визуальной информации в виде картинок с надписями или короткими текстами служит отличной альтернативой для восприятия больших объемов письменной или устной информации. Если обратиться к глобальной сети интернет и найти определение этого термина, то согласно данным сайта википедия «инфографика» - сочетание двух слов греческого и латинского языков «... *informatio* — осведомление, разъяснение, изложение; и др.-греч. γράφικος — письменный, от γράφω — пишу) — это графический способ подачи информации, данных и знаний, целью которого является быстро и четко преподнести сложную информацию» [1], то есть это представление информации в более доступном виде. Чтобы представить учебную информацию в более удобном виде допустимо использовать наглядности или визуализацию.

Так, например, Смикиклас М., отмечает инфорграфику можно понимать, как вид иллюстрации, который совмещает все нужные данные и оформление, которые позволяют в краткой форме донести необходимую информацию [2, с.12].

Таким образом для преподавателя иностранного языка инфографика служит инструментом для повышения мотивации у обучающихся к изучению иностранного языка, инфорграфика помогает активизировать критическое мышление обучающихся, а также помогает активизировать пассивный словарный запас.

Стоит отметить, что при выборе материала для инфографики необходимо использование качественного изображения, или четкие графические рисунки. Так, например, при изучении грамматических тем на занятиях по иностранному языку инфографика позволяет преподавателю предоставить материал в форме визуальной опоры, т.е. преподаватель может вывести на экран интерактивной доски схему, ментальную карту, таблицу или график. В качестве примера на рисунке 1. Представлена инфографика на тему «FutureSimpleActivevoice».




Рисунок 1. Инфографика на тему «FutureSimpleActivevoice».

Инфографика на занятиях по изучению иностранного языка у обучающихся любого профиля помогает обучающимся составлять монологические высказывания, диалоги по теме занятия. Так, например, при изучении грамматической темы «FutureSimpleActivevoice», с использованием инфографики студенты смогут составить свои собственные примеры, связанные с их будущей профессией, например: «In 3 4 years I shall finish Rudnypolytechnical college», «I shall work in a technical factory after study» и т.д.

Следовательно, использование инфографики при обучении иностранного языка обучающихся технического профиля способствует развитию не только навыков чтения, говорения, письма и аудирования, но и помогает преподавателю в интересной и форме преподнести учебный материал.

Список литературы

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
2. Смикиклас М. Инфографика. Коммуникация и влияние при помощи изображений. — СПб.: Питер, 2014. — 152 с.

ҒЫЛЫМИ ИНФРАҚҰРЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ.

Муканова Г.А.

Атырау сервис колледжі

Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлік сауаттылық - бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашып отыр.

Негізгі бөлім

Бүгінгі таңда тұжырымдамалық түрде білім беру жүйесі негізгі үш бағыт бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контенті, білім беруді басқаруды цифрландыру. Қазақстанда мектептік білім беруді цифрландыру оны реформалау үрдісіндегі басты тенденциялардың бірі болып табылады. Болашақ мектептер мен колледжілер көрінісі көбінесе барлық пәндердің бұлтты білім беру жүйесіне біртіндеп көшуімен байланысты. Біз онлайн оқулықтар мен виртуалды зертханалар туралы, ашық білім беру мазмұны, әрбір қатысушыға икемді және жеке көзқарас туралы айтып отырмыз. Үй тапсырмаларын оқушылар онлайн режимінде бірге жұмыс істей алады. Мектеп кітапханалары ақпараттық және компьютерлік орталықтарға айналды. Оқу үрдісі әрбір білім алушының идентификаторымен байланыстырылатын болады, бұл бағалау және бағаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізі 2016 жылы «Зерде» ұлттық холдингінің базасында дайындалғанын еске саламыз. «Зерде» Холдингінің төрайымы Әсел Жиенбаеваның мәліметіне сәйкес, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы ІТ саласын ғана емес, Қазақстан қоғамындағы көптеген басқа салаларды өркендетуге арналған.

Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту

Ғылым инфрақұрылымын жаңғырту (күрделі жөндеу жүргізу, жабдықтарды жаңарту, веб-ресурстарды, ғылыми ұйымдардың ақпараттық жүйелерін әзірлеу, лицензиялық бағдарламалық қамтылым, GLP, GSP халықаралық сертификаттау және стандарттау жүргізу) және ғалымдардың цифрлық дағдыларын дамыту (сертификатталған тренингтер) шаралары пысықталатын болады.

Ғылымды цифрландыруды дамыту мақсатында Қазақстан ғылымының бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылатын болады. Жүйенің мүмкіндіктері ғалымдардың өзекті дербес бейіндерін құруға және қолдауға, әрбір ғалымның мемлекеттік көздерден қаржыландырылатын зерттеулерге қатысу тарихын қалыптастыруға, оңтайлы ғылыми әріптестікті ұсынуға, қаржыландыруға өтінімдер мен ғылыми зерттеулер туралы есептерді жіберуге, сараптамадан өту мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді есепке алу, ғылым саласындағы сыйлықтарды, мемлекеттік ғылыми стипендияларды алуға жұмыстарды қабылдау, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу және т.б. бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер автоматтандырылады. Енгізу нәтижесінде ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласында көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы артады.

ЭБДҰ-мен ынтымақтастықты дамыту шеңберінде ҒЗТҚЖ, өнеркәсіп, технологиялар арасындағы байланыстар бойынша деректер базасы қалыптастырылады, сондай-ақ Қазақстан қосылған ЭБДҰ-ның құқықтық құралдарының қағидаттары, атап айтқанда, мемлекеттік қаражат есебінен алынған деректерге ашық қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша енгізіледі. Қазақстанның білім беру саясаты және ғылыми және технологиялық саясат жөніндегі ЭБДҰ комитеттеріне қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық үйлестірушінің жұмысы жалғастырылады.

Цифрландыру туралы не білеміз?

Адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Осылайша ертегілер шындыққа айналатын заман келді. Тіпті ата-бабаларымыз ертегілердің өзінде қиялы жетіп бейнелей алмаған жаңа дүниелермен кездесуімізге көп қалған жоқ. Бұл туралы атакты футуролог, жапон физигі Митио Каку былай дейді:

«Цифрлы технологиялардың арқасында адамдар, шартты түрде алғанда, өлместік жағдайға жетуі мүмкін. Мәселен, Альберт Эйнштейн туралы барлық мәліметтерді жинастыра келе, осы ақпараттардың негізінде оның цифрлы көшірмесін жасап, оны голографиялық бейнемен толықтыруға болады. Ал қазіргі өмір сүріп жатқан адамның, мәселен, сіздің цифрлы болмысыңыз бен тұлғаңызды жасау одан да жеңілдейді. Ол үшін сіздің миыңыздағы барлық ақпараттарды оқиды да, соның негізінде көшірмеңізді жасайды. Сіз өлген кезде бұл егіз-көшірмеңіз сіздің орныңызға өмір сүріп, сіздің мінезіңіздің негізінде дами алады және сіздің жадыңызды жаңа таныстықтармен байыта береді».

Цифрландыру – дамудың озық үлгісі

Цифрландыру – жаһандық үрдіс. Бұл үрдістен бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жақсартуды ойлаған мемлекеттердің ешбірі бас тартпайды. Қазақстан осы елдердің қатарында. Сондықтан елімізде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын енгізді. Аталмыш бағдарлама цифрлық технологияларды қолдану арқылы халықтың өмір сапасын арттыруға жол ашады.

Бүгінгі заман талабына сай әрбір сала онлайн жүйеге көшіп, жаңашылдыққа бейімделуде. Өткен жылы Қызылорда облысында цифрландыру үдерісін қарқынды дамыту үшін республикада алғаш болып облыстық санды технологиялар басқармасын ашты. Бір жыл ішінде экономиканың түрлі салаларын цифрландыру бойынша 29 жобаны жүзеге асырып, қазіргі уақытта 52 жобамен жұмыс жасауда. Мәселен, медициналық көмектің қолжетімділік пен сапасын арттыру мақсатында үйден шықпай-ақ дәрігер қабылдауына жазылуға не дәрігерді үйге шақыруға, өзге де қызмет түрлерін пайдаланатын «Дамумед» мобильді қосымшасы іске қосылды.

Оған қоса, ата-аналар үшін балалардың балабақшаға қабылдау кезегін бақылап отырған «электронды балабақша» автоматты жүйесі іске қосылды. Бұл да болса, кабинет жағалап, табанытозатынтұрғындарүшінтаптырмас платформа.

Сондай-ақеліміздетұңғышболыпіскеқосылғанбірегейжоба – «112Бірыңғайкезекшідиспетчерлікқызметі». Яғни, барлық 101, 102, 103, 104, 112 төтеншеқоңыраулары 112 нөмірінеқабылданады. Яғни, өңірдіңкезекелгентұрғыныбірқоңырауарқылықажеттіқызметтергедабылқағуынамүмкіндікашылды.Бұл да болса, жеделдіккебағытталғансандытехнологияныңжемісі.БиылғыжылыаймақбасшысыҚырымбекКөшербаевтыңіс-қимылжоспарынасайқоғамдықкөліктерде билет берудіңэлек-

трондыжүйесіненгізу, Қызылордақаласыбойыншаинтеллектуалдыжылдамдықөлшеукұралы мен бейнекамераларорнатужоспарланған. Оданбөлек, білім беру, денсаулықсақтаужәне спорт мекемелеріндегі бос орындарғаманіріктеукезіндесыбайластыққажолбермеу мақсатындапедагогтарменқызметкерлердіңбіліктілікталаптарынасәйкестігінөздігінентестілеужәнеіріктеуарқылытаңдаужүйесіненгізу жобаларыжүзегеасатыны белгілі.

Цифрландырудыңмұндайигіліктерінжаңақорғандықтұрғындар да сезініпкеледі. Мысалы, «Дамумед» мобильдіқосымшасыныңмүмкіндігінауданхалқыжақсыгеріпалған. Соныменқатар, денсаулықсақтаусаласындағықызметкөрсетудіңсапасынарттырумақсатындаҰлттық телемедицина желісііскеқосылған. Сандытехнологияныңбұлжемісінаудантұрғындары да пайдалануда.

Жаңашылжүйеарқылыелдегі 204 денсаулықсақтауобъектісібіріктіліріп, оныңкөмегіменнаудандықдеңгейдегі медицина қызметкерлеріоблыстықжәнереспубликалықауруханалар мен орталықтардағыәріптестерімен онлайн жүйедетәжірибеалмасып, кеңестералады. Бірғанамысал. 2018 жылыауданда 136 телеконференция, 123 телеконсультацияөкізілген. Нәтижесінде 14 науқастыоблысқаауыстырып, телемедициналықжүйеніңкөмегімен 90 проценткежуық пациентке ем тағайындалған.Тағыбірайтакетерлігі, артыққағазбастылықтанарылып, уақыт пен жүйкеніздіүнемдейтінЕgovплатформасыныңмобильдінұсқасынжаңақорғандықтар да белсендіқолдануда. Мәселен, «Ұлттыққапараттықтехнологиялар» АҚ ұсынғандеректергесүйенсек, Еgovмобильдіқосымшасыныңкөмегімен 9 201 076 қызметкөрсетілсе, 2018 жылдың 1 қаңтары мен 17 маусымаралығында 1,5 миллион адам осы қызметтүрінежүгінген. Мұныңішінде, аудантұрғындарыныңүлессалмағыбасым. Бұлжөніндебізгеаудандық «Халыққақызметкөрсетуорталығы» мекемесіненҚуанышМәуленовмәлімдеді. Оныңайтуынша, электрондықызметкежүгінетінтұрғындар саны артыпкеледіекен. – Мемлекеттікқызметтерхалықтұтынатынбастықызметболғандықтан, оныңхалыққақолжетімдіәріжылдаматқарылуымаңызды. ТұңғышПрзиденттің «ЦифрлыҚазақстан» бағдарламасынегізіндеіскеасыпжатқанЭлектрондықүкіметжобасының да көздейтіні осы. Айрықшаатапөтерліктағыбірбіртыңжоба – @EgovKzBot телеграмм-боты. Енді осы бот арқылыөзіңізгежақынжердеорналасқан ХҚО туралыбіліп, сондай-ақ бала тууғабайланыстыпроактивтікқызметтердіалумүмкіндігітуды. Яғни, туутуралықуәліккетәпсырыс беру, бала туубойыншажәрдемақылардырәсімдеужәнебаланыбалабақшағакезеккеқоютіптіжеңілдейтүсті

Біартықшылығыбарлыққапараттықолданушыныңэлектрондықпоштасынажолдаутетігіқарас тырылған, – дейдіҚуанышМәуленов. Иә, электрондықүкімет – цифрландырутерминініңкүнделіктітұрмысқадендепенуіменбірге келгенжаңаүрдіс. Ол мемлекет пен халықтыңвиртуалдыбайланысынқалыптастырып, азаматтарғамемлекеттікқызметтердіалудыбарыншажеңілдетугекөмектеседі. Қазірқолданысыендіғанадағдығайналыпкележатқанэлектронды сервис аз уақыттахалықжиіқолданатынплатформағайналып, Қазақстандыозықотызелдіңқатарынаенуінжақындататүседі.

Нәтиже

Қазақстанның цифрлық трансформация есебінен тиімді мемлекеттік басқаруы бар, сенімді деректер негізінде шешім қабылдайтын, сондай-ақ цифрлық дәуірде инфрақұрылымды тиімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыратын заманға сай елге айналу.

Қорыта келгенде, Қазақстанда цифрлануға алғышарттар әбден қалыптасып, дамуымыздың осы кезеңін оған көшуге ең оңтайлы сәт деуге болады. Себебі еліміз тозған жабдықтарын жаңадан жарақтап жатыр, ендеше бірден-ақ цифрлық технологияларға көшіп, бәсекеге

өнімнің өзіндік құнының төмендігімен қабілеті болуға болады. Ал әдейілеп, осы кезден цифрлануды қолға алмасақ, біз цифрлануға көшкен елдермен бәсекелесе алмаймыз. Елбасының цифрлы экономика мен бәсекеге қабілеттілікті қатар айта жүруінің себебі де осы.

Қорытынды

Қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып табылады. Сондықтан білім беру ұйымдарында IT-инфрақұрылымды, цифрлық білім беру ресурстарын, ашық онлайн-курстардың желілері мен платформаларын дамыту, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру қажет. Мектеп бойынша білім беруді цифрландыруды жүзеге асырудың жоспары әзірленіп, ауқымды жұмыстар атқарылуда, инфрақұрылымы дамуда.

ПРОБЛЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Л.Т.Абедчанова

Костанайский колледж автомобильного транспорта, преподаватель иностранного языка

Ключевые слова:

Интеграция, обучение, реализация, специфика, проблемы, использование, специальности, коммуникативность, владение, мобильность, мотивация

В Государственной программе образования и науки РК на 2020-2025 год поставлена задача обеспечить преемственность и непрерывность обучения, профессиональной подготовки в соответствии с потребностями экономики и региональными особенностями.

В этой связи развитие технического и профессионального образования является важной приоритетной задачей социально-экономической модернизации, достижения конкурентоспособности экономики и вхождения Казахстана в число 30-ти развитых стран мира.

В современных условиях возрастают требования к учебным заведениям системы технического и профессионального образования как основной базы подготовки высококвалифицированных кадров для экономики страны и регионов. Такие требования предъявляются не только со стороны государства, но и бизнеса, общества в целом. Неизбежность совершенствования деятельности колледжей стала одной из главных проблем в осмыслении современной системы ТПО. Формирование инновационной модели технического и профессионального образования, в которой сочетаются лучшие традиции казахстанской и мировой образовательной систем, является объективной необходимостью современного образования.

Инновационные процессы в профессиональном образовании получают практическое воплощение в инновационном профессиональном образовании. Цель инновационного профессионального образования состоит в подготовке универсальной нравственно зрелой личности, компетентного специалиста с развитой профессиональной культурой, владеющей научным стилем мышления, способной к качественному и эффективному решению проблем развития профессионального образования, науки, производства, экономики в условиях высокотехнологичного информационного общества.

Важным аспектом инновационного развития среднего профессионального образования, выступающего как практико-ориентированное обучение, является его интеграция с производственной сферой. Это является фактором адекватности результатов

системы среднего профессионального образования нуждам производства, сближения процесса подготовки кадров запросам различных отраслей экономики и конкретных работодателей, обеспечения связи обучения студентов с будущей работой на предприятиях.

Постоянно изменяющиеся требования работодателей, вызванные появлением новых производственных технологий, требуют изменения содержания обучения в средних профессиональных заведениях. В этой связи образовательными учреждениями совместно с работодателями разрабатываются и корректируются набор требуемых профессиональных компетенций по подготовке будущих специалистов, вводятся новые дисциплины и программы подготовки студентов. Все это оказывает влияние на систему практической подготовки студентов, а внедрение современных образовательных и информационных технологий позволяет готовить конкурентоспособных и востребованных специалистов на рынке труда.

Такое сотрудничество ориентировано на долговременное и стратегическое партнерство, так как позволяет готовить кадры под заказ предприятий, учитывать изменяющиеся запросы работодателей, как основных заказчиков специалистов, заключать договора между предприятиями и учебными заведениями по совместному управлению материальной базой, передаче в аренду оборудования, в том числе на льготных экономических условиях.

Таким образом, принимаемые мероприятия по модернизации среднего профессионального образования в современных социально-экономических условиях, призваны не только решать задачи по улучшению профессиональной подготовки молодежи, но и качественно ее изменить.

Высокие темпы социально-экономических изменений в Республике Казахстан требуют от системы профессионально-технического и среднего специального образования мобильности в подготовке квалифицированных рабочих, служащих и специалистов в соответствии с потребностями экономики и общества, создания широких возможностей для профессионального развития различных категорий населения на протяжении всей трудовой деятельности, повышения мотивации к трудовой деятельности, стимулирования профессиональной заинтересованности и личностной ответственности за результаты труда.

Как преподаватель иностранного языка, хочу остановиться на вопросе о состоянии профессионально-ориентированного обучения иностранному языку в Республике Казахстан.

Хотелось бы отметить: этот вопрос далеко не праздный.

В настоящее время профессионально-ориентированное обучение иностранному языку студентов технических специальностей приобретает особую значимость, так как в сфере профессиональной деятельности является необходимым условием международной профессиональной аккредитации отечественных образовательных программ в области инженерии, техники и технологий, а владение иностранными языками — в присвоении нашим специалистам звания «Евроинженер».

Сущность профессионально-ориентированного обучения иностранному языку заключается в его интеграции со специальными дисциплинами с целью получения дополнительных профессиональных знаний и формирования профессионально значимых качеств личности. Отсюда исходит основная сложность реализации такого обучения в колледже. Преподаватели ведущие занятия по профессиональному иностранному языку получили лингвистическое и педагогическое образование и не владеют специфической профессиональной лексикой, часто не имеют представления о коммуникативных потребностях присущих той или иной профессии. Из-за отсутствия опыта и специальных знаний сталкиваются с рядом проблем: психологических, лингвистических и методических. Кроме этого, проблему составляет отсутствие современных учебников и учебных пособий на иностранном языке по различным специальностям. Это создаёт неудобства и трудности, как в преподавании, так и при восприятии учебного материала. Безусловно преподаватели профессионально-ориентированного иностранного языка должны изучить основы

специальности, базовую профессиональную лексику, ориентироваться в терминологии причем разных специальностей. Ведь часто отсутствие базовой подготовки у преподавателя ведет к искажению смысла при переводе текстов, акцентированию не важной с точки зрения специалиста информации. Задача преподавателей состоит в том, чтобы за короткий срок подготовить специалиста, хорошо владеющего иностранным языком. Преподавание должно соответствовать требованиям учебной программы и укладываться в минимальное количество часов в действующем учебном плане. Кроме этого, необходимо в течение ограниченного учебными рамками времени научить обучающихся коммуникативным навыкам. Например: говорить о проблемах своей специальности и понимать речь носителей языка.

В связи с этим, на мой взгляд существует несколько способов решения данных проблем:

Использовать на занятиях иностранного языка материалы знакомящие с базовыми понятиями специальности.

На занятиях иностранного языка создавать ситуации приближённые к реальной обстановке.

Ситуации, в которых студенты могли бы использовать полученные теоретические знания по специальности для решения практических проблем.

Использовать материалы уже известные обучающимся, но представленные с другой точки зрения.

Использовать помощь преподавателя- предметника, как для подготовки к занятиям, так и во время их проведения.

Сочетать традиционные и инновационные методы обучения, но решительный упор делать на принцип коммуникативности в обучении.

Используемые учебные материалы и пособия строить именно на принципе коммуникативности.

Какой бы способ не выбрал преподаватель иностранного языка, от него в любом случае требуется:

- владение определенными знаниями в данной профессиональной области;
- желание усовершенствовать процесс преподавания;
- заинтересованность в практическом применении студентами знаний как в области иностранного языка, так и в профессиональной сфере;
- саморазвитие, самосовершенствование, профессионализм;
- творческий подход в осуществлении учебного процесса.

Современному обществу важно чтобы выпускник колледжа был профессионально успешным и мобильным, умеющим строить свою собственную карьеру, работать в условиях жесткой конкуренции на отечественном и мировом рынках, и активно содействовать благополучному развитию всего общества. Разработка и внедрение в учебный процесс учебно-методических комплексов и пособий по специальностям способствуют реализации профессионально-ориентированной иноязычной подготовки специалистов технических колледжей и вузов и повышению мотивации обучающихся к изучению иностранного языка.

Таким образом, мы видим, что как на уровне колледжа, так и на уровне вуза отмечаются свои трудности, влияющие на конечный результат обучения иностранным языкам в целом.

Благодаря принятой языковой политике в стране идет поступательное развитие иноязычного образования и проводится целенаправленная работа по обеспечению качества обучения иностранным языкам, которая находит свое отражение почти во всех программных документах развития образования.

Относительно иноязычного образования в Казахстане можно констатировать, что в государстве наблюдаются следующие тенденции его реформирования:

- реализация уровня обучения иностранным языкам в соответствии с общеевропейской шкалой оценки уровня владения языками;
- внедрение раннего обучения английскому языку;

реализация трехязычного образования.

Указанные выше тенденции реформирования иноязычного образования и развитие высшего профессионального образования в Казахстане предполагают не только получение студентами профессиональных знаний и компетенций, но и овладение иностранными языками как одной из значимых составляющих профессиональной компетентности будущих специалистов, так как свободное профессиональное общение на иностранном языке позволяет им быть конкурентоспособными на мировой арене и профессионально мобильными участниками интенсивно развивающихся международных отношений.

Список литературы

1. [Электронный ресурс]. Айгерим Ибраева «Как меняется профессионально-техническое образование в Казахстане», обзорно-аналитический портал STRATEGY 2050
2. Концепция иноязычного образования. — Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана
3. [Электронный ресурс]. Журнал: [Вестник КарГУ](#) Б.А. Жетписбаева, Ж.Г. Шайхызада, Я. Таборек «О состоянии профессионально-ориентированного обучения иностранному языку в Республике Казахстан».

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Берікова Н.

Шәкәрім жоғары колледжі, Семей қаласы

Жетекшісі: Смагулова Г.А.

Педагогика және методика тәлімгері.

Қазақ халқы жастарды еңбекке баулығанда күнделікті кәсібіне, тұрмыс тіршілігіне байланысты төрт түлік малды бағып - қағуды, аң аулап кәсіп етуді ойластырған. Халқымызда «еңбек етсен еріңбей – тояды қарның тіленбей» деген мақал бекер айтылмаған: еңбек ету арқылы ғана қазағымыз үлкен жетістіктерге жеткен. Халқымыз еңбек пен өнерді егіз деп санаған. Қыздар, әйелдер үшін өрнек тоқуды, жүн иіріп, киіз басып, ою ойып, түс киіз өрнектеуді, сырмақ, бас киім тігуді, тері илеуді - ерекше өнер санаған. Ал ер адамдар тері, ағаш, темірмен байланысты кәсіптерді атқарған. Олардың жеке кәсібі болып аяқ киім (етік, мәсі, кебіс) тігу, қайыстан жүген тартып, өмілдірік, қамшы, құйысқан, шідер секілді әбзел істейтін өрімшілік үлкен өнер болып есептелген.

Халық педагогикасынан орын алған, балаларды ерте жасынан бастап еңбекке баулу және еңбекке тәрбиелеу қазіргі педагогика теориясы принциптерімен ұштасып жатыр. Еркін еңбек барысында өзінің және бүкіл қоғам мүшелерінің қажеттілігін қанағаттандыру үшін адам материалдық және рухани құндылық жасайды. Шығармашылық еңбек барысында адам өз күшінің шамасын және қабілетін анықтайды. Қоғамның басты талаптарының бірі - әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдағы байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал, саналы қатынасу болып табылады. Еңбек тәрбиесі ұлы ғұламалардың хрестомотияларында, көркем шығармаларында негізгі орын алады. Олар өзінің еңбек тәрбиесіне байланысты ойларын терең және айқын көрсетті.

Әл-Фараби тәрбие мәселесін логикамен байланыстыра уағыздағанын білеміз. Ол «Ақыл мен түсінік» атты еңбегінде ақылдылық пен адамгершілік үлгілі тәрбиеге байланысты, оның негізі таза еңбекте, еңбек өз кезегінде тәрбиенің негізінен туындайды деген еді. Баланы ерте жастан бастап еңбекке баулу тақырыбы қазақ педагогикасына ХІХ ғасырдың аяғында

Ы.Алтынсарин шығармалары арқылы келді. Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» балаларға арналған кітабына енгізген мақалалары мен әңгімелерінде автор еңбектің аса зор маңызын көрсетіп, еңбекті қадірлеуге және сүйеге тәрбиелеу мақсатын көздейді. Автор хрестоматияда оқушыларды еңбектің мақсатқа жеткізетіндігіне, еңбек арқылы табылған табыстың берекелі болатындығына сендіре отырып, еңбек ету үшін «тұрақтылық пен табандылық» қажет екендігін уағыздайды. Оған дәлел оның хрестоматиясындағы көптеген еңбекке байланысты мақалдар мен мәтелдері. Мысалы «Бейнетсіз рахат жоқ», «Жалқау текке жатар, оның ырысы қашар», «Жігіттің ерінгені, көрінің көрінгені» тағы басқалары дәлел болады. [2]. Дене мен еңбек тәрбиесін ол адамгершілік тәрбиесінің аса күрделі мәселелері ретінде таныды.

Ғұламалардың еңбекке байланысты шығармаларымен таныса отырып, философиялық ой түюге болады, ол ұлы ұстаздың әдептілік принциптерінен шығады. Бұл принциптер мен өлшемдер адамгершілік тәрбиесінің негізгі мұраты, өйткені адамға оның мағыналы өмір сүруі үшін белгілі бір мақсатқа қарай әрекет жасауы керек, ол - еңбек әрекеті. Осы жолда адам көптеген қарама - қайшылықтарды жеңе отырып, өзіне қанағат алады. Пайда болған қанағат келесі қажеттілікті тудырады, қажеттілік әрекет етуге жетелейді, ол жаңа мақсаттың орындалуына ұмтылу болып табылады. Олардың еңбек идеялары осындай диалектикалық заңдылықтар негізінде іске асады.

Жастарды еңбекке баулу қай кезде де азаматтық тәрбиенің елеулі шарттарының бірі болды. XIX ғасырда еңбекке тәрбиелеу проблемасы орыс әдебиетінде де айрықша көтеріліп, халық өкілдерінің негізгі ерекшеліктері мен биік адамдық қасиеттері еңбекке байланысты көрсетілген болатын. «Тәрбие адамның ақыл-ойын дамытып, оған белгілі көлемде білім беріп қана қоймайды», «еңбексіз өмір қадірлі де, бақытты да бола алмайды» деген ойлар айтыла бастады.

Жазушылар мен ағартушылардың еңбек мәселесін шешудегі зор жетістіктерінен олардың өзінің әдеби, сондай-ақ педагогикалық жұмыстарында еңбек мәселесін суреттеуі қазақ қоғамының экономикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты және оқушының еңбекке деген сүйіспеншілігін арттыра аларлықтай дәрежеде екенін аңғаруға болады. Еңбек ету, өзі тапқанымен тіршілік етіп, қанағат қыла білу, басқаның еңбегіне көз алартпау сияқты нағыз адамгершілік қасиеттер олардың әңгімелерінің жалпы мазмұнынан байқалып отырады. Оны көптеген ғалымдарымыз Б.С.Сүлейменов, Қ.Қасымжанов, Е.Бекмаханов, Ә.С.Сыдықов, т.б, берген бағалары дәлелдейді.

Еңбек арқылы дүниетаным туралы көзқарастары қазіргі кезде актуальді проблемалардың бірі болып табылады. Адам өмірінде еңбек бақыт, қанағат пен қуаныш әкеледі және еңбек адам өмірінің физиологиялық қажеттілігі болып табылады. Ғұламалардың көптеген шығармаларында өмірдің мәні және мағынасы еңбекте екендігі, еңбексіз адам өмірі мәнсіз екендігі туралы айтылады. Еңбек әрекетінің біткені - өмірдің біткені. Ал біреудің еңбектерімен күн көруі арамтамақ және ақымақтық, яғни адалдық қасиеттің жоқтығы. Еңбек идеялары қазіргі заманда адам өмірінен орын тапты.

Педагогтік осындай прогрессивті идеялары мектептің оқу-тәрбие жұмысы арқылы іске асып отыр. Мысалы, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу әңгімелер төменгі сынып оқу бағдарламаларында бар, сондықтан оқу процесі (сабақ) арқылы іске асса, кейбір сыныптарда тәрбие сағаты, сыныптан тыс оқу, еңбек тәрбиесіне байланысты диспуттар, т.б. арқылы жүзеге асады.

Ғұламалардың еңбек туралы пікірлері, идеялары қазіргі біздің экономикалық жағдайда қойылатын талаптармен сәйкес келеді. Қазіргі қоғамымызды қайта құруға байланысты пайда болған әлеуметтік жағдайларда еңбек етпеген адам өмір сүре алмайды, қайыршылыққа, өлімге дейін барады – деген де ой бар. Педагогтар ұсынған еңбек туралы идеялар мектептегі оқу жүйесінің жаңа формаларының енуінің нәтижесінде жүргізіліп отырған еңбек сабақтарының құрылымынан көреміз. Өндірістік өнім, еңбек сабағы жоспарларына енді. Мысалы, еңбек сабақтарында киім тігу, тамақ әзірлеу, т.б. дайын өнімдер өндіріп өздерінің жұмысының нәтижесіне қуанып, қарапайым жұмыс түрлеріне үйренгені қалай жақсы.

Әсіресе еңбек тәрбиесі - қазіргі заманның үлкен мәселесі, тіпті үлкен әлеуметтік проблемаға айналған. Бұрынғы мектептерде еңбекке баулу оқу-өндіріс комбинаттарында, бригадаларда, цехтарда еңбек ету барысында оқушылар техникалық және технологиялық білімдер, еңбек тәжірибесін алатын болса, отбасында балалар үй шаруашылығымен айналысып, көркем өнер, қол өнер үйірмелеріне қатысса, олардың еңбектің әр түріне бейімділіктерін, икемділіктерін дамытушы еді.

Өкінішке орай, соңғы жылдары мектепте болып жатқан үлкен өзгерістер еңбек тәрбиесінің бағдарламасын мүлде қысқартты. Бұрын мектеп оқушыларының еңбек тәрбиесіндегі олқылықтарды әйтеуір шешіп келсе, енді мектеп оқушысы мектепте ештеңе істемейді: қоғамдық пайдалы жұмыс, сенбілік, патронат жұмысы жоқ; қалған еңбектің жалғыз түрі – үй тапсырмасын орындау. Балалар жұмыстан гөрі ұялы телефонмен көбірек айналысатыны сондықтан шығар? Педагогикалық әдебиеттерде де еңбек тәрбиесінің қазіргі түрлері туралы аз айтылған.

Айта кетсек, мен 2 курста өткен «Тәрбие технологиясы» атты практикасында байқағаным қазіргі мектептегі еңбек тәрбиесіне аса назар аударылмағандығы. Ия, балаға мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, мұғалім сынып ішінде жүйелі тәртіп орнатады. Бірақ, тек қана оқу жағынан тәрбиелемей, еңбек тәрбиесінде көңіл бөліну керек деп ойлаймын. Адал еңбек етуді, өз тапқанымен тіршілік етіп, қанағат қыла білуді адамгершілік қасиет деп санаймын. «Біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам - шын бақытты адам» екендігіне мен сенемін.

Біздің оқушыларды еңбекке тәрбиелеуде еңбек тәрбиесін басты назарда ұстап, оны зерттеп қазіргі күнге мұра етіп қалдырған ғұламаларымыздың шығармаларынан үлгі алуымыз керек.

Әдебиеттер:

7. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. - Алматы, 2002.
8. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы. *Интернет – ресурс*:<https://adilet.zan.kz> > rus > docs
9. Қазіргі мектептегі еңбек тәрбиесі - Zharar.kz *Интернет – ресурс*:<https://zharar.kz> > question
10. Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысына сипаттама. *Интернет – ресурс*:<https://shygharma.info> > azirgi...
11. Қазіргі мектептегі тәрбиенің мазмұны - презентация онлайн. *Интернет – ресурс*:<https://ppt-online.org> > ...
12. Манашова С. Еңбекке тәрбиелеу //Бастауыш мектеп. -2005.-№1.-11.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР ҚҰРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Кимашева Алтын Сиражевна

Жоғары аграрлық-техникалық колледжі,
физика пәні оқытушысы, БҚО, Орал қаласы

Елімізде білім саласындағы жаңа инновациялық технологиялардың енуі, мұғалімдерді ізденіске жетелеп отыр. Жас ұрпаққа сапалы білім беру әр ұстаздың міндеті саналады. Менің ойымша, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгеру үшін, оны түсініп алу қажет. Сабақтың толық мақсатына жетуде ұстаздың шеберлігі мен қатар қысқа мерзімді жоспарды (ҚМЖ) тиімді құрастырудың маңызы зор.

Жоспарды құрып отырғанда мұғалімнің алдында төменгі сұрақтарға жауап болу керек:

- Білім алушылар нені білу керек?

- Қандай түйінді идеяларды түсінуі керек?
- Қандай мәселелерді зерттеп, талдаулары керек?
Ал, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрудың негізгі міндеттеріне келсек:
- сабақтың тақырыбын анықтау;
- әр тақырыпты меңгертудің мақсаттары мен міндеттерін белгілеу;
- білім алушылардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
- уақытты үнемді және нәтижелі пайдаланудың жолдарын қарастыру;
- жаңа тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін рефлексия ұйымдастыру.
- сабақтың мазмұны бойынша қорытынды жасау;
- білім алушыларға өзін-өзі тексеруге және бағалауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар дайындау;
- тақырыпты пысықтау үшін үй тапсырмасын әзірлеу.

Міне, сабақтың жоспарын осы сұрақтарға жауап беретіндей етіп және сабақ құрудың жоғарыдағы міндеттерін ескере отырып жоспарласақ, нәтижеге жетеміз.

Қысқа мерзімді жоспардың құрылымы:

- Тақырыбы
- Мақсаттары
- Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді.
- Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1.кодында “1”- сынып; “2.1” дағдылар; “1” –оқу мақсатының реттік нөмірі.
- Тапсырмалар
- Бағалау критериялар
- Дескрипторлар
- Кері байланыс
- Рефлексия

Жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану нәтижесінде қазіргі білім алушының:

- Сабаққа қызығушылығы артады;
- Нақты өз деңгейінде бағаланады;
- Жеке қабілеті айқындалады;
- Өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді;
- Даму мониторингі айқын көрінеді;

Қандай әдіс – тәсілді қолданып өткізсек те әрбір сабақтың соңында сабаққа талдау жасап, жақсы жақтары мен кемшілік тұстарын анықтап отырудың маңызы зор.КТ-112.1 тобында өткізілген «Өткізгіштерді тізбектей және параллель қосу. Электр тоғының жұмысы мен қуаты» тақырыбындағы ашық сабақтың өту барысын назарларыңызға ұсынамын.

Білім алушылардың әрекеттері Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгіленеді. Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалды. Сабағымды сыни тұрғыдан ойлаудың жаңа әдіс - тәсілдерін кіргізе отырып, жоспарлап жүргіздім.

Мен бұл сабақты өтпес бұрын сабақты қалай өткізу керектігін, оның ішінде мынадай сұрақтар бойынша дайындалдым:

- Жеті модуль бойынша сабақты өткізу тәсілдері.
 - Қандай тақырып таңдау керек?
 - Ондағы мақсатым мен міндетіме жету үшін сабақтың әр кезеңінде қандай тәсілдер пайдалануыма болады?
 - Білім алушылардың деңгейін қалай анықтауыма болады?
- Мұндағы мақсатым сабағымаҚМЖ құрып, уақытты тиімді пайдалану жолдарын

көрсету.

Сабақ барысында мынадай мүмкіндіктерін жасауға тырыстым:

- бір-бірінің пікірін тыңдау;
- бірін -бірі сыйлау;

- берілген тапсырманы нақты орындау;
- бірігіп, белсенді жұмыс жасау;
- бәсекелестікке қабілетті болу;

Сабағымның мақсатына жету үшін және қызығушылықты арттыру үшін мынадай әдістерді қолдандым:

1. «Топтастыру әдісі»
2. Топтық жұмыс
3. Миға шабуыл
4. Талқылау, талдау
5. Кері байланыс

Сабақ барысы:

1-ТУР «Өткен сабақты тексеру»

2-ТУР «Теориялық білімдерін тексеру»

3-ТУР Эксперимент

4- ТУР. Практика

Қорытынды. Рефлексия.

Осы әдістер арқылы бір - біріне түсіндіру, топқа барып түсіндіру үшін барлық баланың да қалыс қалмай жұмыс істегенін көрдім. Осылайша топ мүшелері бірін - бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді. Мен бұл сабақта тек тапсырманы беріп жұмыс жасасам, ал білім алушылар тапсырманы өздері шешіп, қандай да бір қорытындыға өздері жетіп отырды. Әр топ бір-біріне сұрақ қоя білді. Топтасып бірлесіп жұмыс жасаудың арқасында, сол күнгі сабақтың мазмұнын терең түсініп, игеріп алды. Көптеген мағлұматтар, жаңа ұғымдар жинақтады.

Кері байланыс ретінде топ арасында пікір алмасу жүргізілді. Сабақты «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен білім алушылардың өз ой-пікірлерін жаздырып, тыңдаумен аяқтадым.

Ұстаз үшін басты нәтиже шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдер.

Білім алушылар жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Сабақты жаңаша ұйымдастырып, ізденген ұстаздың ұтары мол.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МЕНГЕРТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Халелова Қарлыгаш Пушкиновна

Оңайбай Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің оқытушысы, Атырау қаласы

Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет болып отыр.

Бүгінгі таңда сапалы білім мен саналы тәрбие беру ұлттық тәрбиемен қалыптасады. Ұлттық тәрбиеде, әсіресе, ана тілі байлығының алар орны ерекше екені белгілі. Осыны ескере келе, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында тек қана теориялық білім беріп қана қоймай, ұлттық үрдісімізден хабар бере отырып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесіне жете назар аударуға тырысу керек. Білім мен тәрбие берудегі озық ұстанымдардың ұлттық

тәрбие құндылықтарымен байланыстыра отырып, әр білімалушының қабілетін, талантын ашу, өзіндік ұлттық тәрбиесі мен санасын қалыптастыру – қазақ тілі мен қазақ әдебиеті ұстаздар қауымының алдында тұрған басты міндет болып табылады.

Әр пәннің өзіндік ерекшелігі бар, әрқайсысы өз өрнегімен сөйлейді. Әдебиет пәні – өнерпәні, оның басты құралы-сөз, жан-жақты ойлантудың, терең ойлаудың пәні. Әдебиет жасөспірімдерге сөз маржандарының қыр-сырынан білім беріп қана қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы жақсылық пен ізгіліктің ұрығынсебеді.

Адамның рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді. Әдебиет арқылы елінің тарихы, оның ғасырлар қойнауында қалған сөз сандығы ашылады, солар арқылы халық арманын, қиялын, болашақтан күтер үміті, сенімін біледі. Тіпті әдебиеттен әр сабақты адамның асқақ арманы, әдемі сенімі, әдемілік пен сұлулыққа құштарлық, имандылық пен кісілік қасиеттер туралы сырласу сабағы десек те болады. Әр мұғалім өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «Менін» ашу, сол «Менді» шығармашылық тұлғаға жеткізу.

Әдеби білім алған жеке тұлға әдебиетті пән ретінде ғана біліп қоймайды, сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады, эмоциялық құндылық болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, әдебиеттің жетекші қызметінің жүзеге асырылуына жол ашады. Бұл ретте көркем шығарманы дүниетанымдық, әлеуметтік, тәрбиелік бірлікте қарастырудың мәні артады, осыдан келіп, әдебиетті ұлттық құндылық ретінде оқыту қажеттілігі туындайды. Білімалушыларға білім беру барысында дәстүрлі емес сабақтарды ұйымдастыру жеке тұлғаның сабаққа деген ынтасын арттырады. Осыған орай, бүгінгі күнде мұғалімдер білімалушыларға жемісті және тиімді іс-әрекетін ұйымдастыру үшін белсенді түрде дәстүрлі емес сабақтарды пайдалануда. Дәстүрлі емес сабақ түрлеріне видео сабақтар, интернет-сабақ, спектакль-сабақ, экскурсия-сабақ және т.б. жатқызуға болады. Біз білімалушыларға күрделі және көлемі үлкен материалдарды бергенде зейіндерін сабаққа аударма алмай отыратындықтарын жиі байқаймыз. Дәл осы уақытта оларды қызықты әңгімемен немесе ойын арқылы ықыластарын аударып, сабаққа қарай көңілдерін аудару қажет. Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, шапшаң жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады.

Қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеу, оқушылардың өзара белсенді әрекеттер арқылы өздігімен білім игеру, оны іздену, құрастыру, ой-өрісін кеңейтуде ауызша сауатты сөйлеу мен жазба тіл мәдениетін дұрыс қалыптастыру болып табылады. Тұлғаның қалыптасуына қажетті басты құрал – тіл. Сондықтан білімалушыларды қазақ тіліне қызықтыру және мемлекеттік тілді еркін меңгерту - бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Осы тұрғыда, оқыту үрдісінде білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Сондықтан сабақты жоспарлағанда балаға нені және қалай үйрететіндігіме басаназар аударып, мақсатқа жетуде әдіс-тәсілдердің ең тиімдісін қолданып, студентімнің назарын өзіме аударуға бар күш-жігерімді жұмсаймын. Сонда ғана білімалушының қызығушылығы ерекше арта түсіп, оқуға деген ішкі уәждерінің оянуына ықпал етуге болады. Өз тәжірибем сүйенсем, бүгінгі күні баланың тілдік қатынасын арттыруда әр сабағымда іс-әрекет дағдыларына аса мән беріп, түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. «Айтушы ақылды болса, тыңдаушысы дана болады» дегендей, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастыруда әртүрлі мәтіндерді талдау, мәтіннен негізгі ойды анықтау, ақпаратты тану т.б. сынды әрекеттердің жүзеге асуына көмектесіп отырып, соған сай стратегияларды қолданамын. Оқушылар

сабақ барысында негізгі ақпараттарды танып, құрастырып, мәліметтер алады, өз идеяларымен бөліседі, бірлесіп әрекет жасайды және салыстырып, бағалайды. Осы орайда өз тәжірибемде қолданған сабақ жоспарымды ұсынбақпын. 1-курсқа «Абай Құнанбайұлының «Масғұт» поэмасы сабағында «Ашық микрофон» әдісі арқылы Абайдың өмірін оқи отырып, өзінің өмір жолына қажеттісі туралы ой толғайды. Абайдың шығармаларының мәнін ашып, құндылығы мен жаңашылдығына баға береді. Осындай сұрақ – жауап әдістері арқылы студенттердің патриоттық сезімдерін оятып, ұлттық рухтарын көтеруге бағыттадым. «Оқылым», «Тыңдалым» және «Айтылым» дағдылары бойынша «Ойлан, бірік, бөліс» әдісімен «Масғұт» поэмасын оқи отырып, шығарманың идеясы мен көркемдік маңызына тоқталды. Келесі кезекте «Талдап білу» әдісімен студенттер топ ішінде өзара атқаратын қызметтерін бөліп алды.

«Баяндаушы» топ – поэманың тақырыбы мен идеясын анықтады.

«Байланыстырушы» топ – оқиға бойынша сұрақ дайындады.

«Дәнекерші» топ – поэмадан алынған үзіндідегі мәселені өмірмен байланыстырса,

«Қорытындылаушы» топ студенттері оқиғаның шешіміне қорытынды айтып, баға берді.

Бұл әдіс – тәсіл студенттердің өз ойларын ашық жеткізіп, еркін сөйлеп танымдық белсенділігінің артуына ықпал етті.

Сабақтың келесі реті «Шығармашылық» кезеңмен жалғасты. Бұл ретте студенттер «Масғұт» поэмасынан үзіндіні сахналық қойылыммен өрнектеді. Шығармашылық жұмыс бағытында студенттердің әртістік қабілеттерінің қырын байқатып, қарастырылып отырған оқиғалар мен үдерістерге өзіндік көзқарасы мен пікірін білдіруіне септігін тигізді.

Сабақтың кері байланыс кезеңі «Төрт сөйлем» әдісімен аяқталды. Бұл бағытта студент жастарға шығарманың қай бөлігі ерекше әсер еткенін және шығарманың тәрбиелік мәні неде екендігі сұралды. Сұрақтарға жауап алу арқылы тұла бойы ұлттық тәрбиеге тұнып тұрған ұлт жанашырын байқадым. Олар өз жауаптары барысында шығарма кейіпкері Масғұттың қызыл жемісті таңдауын шынайы өмірмен байланыстырып, өзіндік тың пікірлермен дәлелдеді. Қорытындысында өз ойларын түйіндей отырып, «Жазылым» дағдысымен «Ана – өмір шырағы» тақырыбында шығарма жазып өрнектеді. Сабақ барысында қолданған әдіс-тәсілдерім оқыту мақсаттарыма қол жеткізуіме ықпал етті.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет деп сөзімді аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Ш.Орақова, Ж.А.Жартынова, Н.О.Қойлық, Т.Б.Корнилова,
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы. «Мектеп», 2003.
3. Жаубаева Ж., Ерназарова А. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытудағы дидактикалық тапсырмалардың маңызы. – Алматы, 2010

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Бисен Лаура Ахметқызы

Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының колледжі
Атырау қаласы

Елімізде білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану басты мақсат болып отыр. Ол тек қана техникалық құрал емес, сонымен бірге жаңа ақпараттық, коммуникациялық технология және білім беру жүйесіндегі сабақ берудің жаңаша әдісі.

Негізгі көздейтін мақсатым:

- Жаңа технологияны кеңінен қолдана отырып, білім алушылардың өз бетімен жұмыстануын дағдыландыру;
- Теориялық білімді тәжірибе жүзінде пайдалана білуге үйрету;
- Білім алушылардың компьютерлік іскерлігін дамыту.

Міндеттері:

- Білім алушылардың танымдық қабілеттерін арттыру;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- Өз бетімен білім алуына көмектесу.

Күтілетін нәтиже:

1. Қызығушылықты оятады
2. Сабақ беру әдісі өзгереді
3. Білім алушылар ізденуге үйренеді
4. Уақыт тиімді пайдаланылады
5. Білім алушылардың даму деңгейін үнемі бақылап отырамыз
6. Тыңдау, жазу, сөйлеу, оқу біліктіліктері артады

Ағылшын тілі сабағында ойын формаларын енгізу барысында интерактивті тақтаны да қолданудың маңызы өте зор. Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың бірі — Интернет. Интернет оқу үрдісін жеңілдетіп, сабақты қызықты, әрі тиімді ұйымдастыруға, оқу-білім сапасын көтеру үшін көптеген мүмкіндіктер береді:

- сұраныс бойынша ақпарат алу;
- Интернет тараптарында берілген пән бойынша тапсырмалар мен жаттығулар орындау;
- пән бойынша әр деңгейде тест жұмыстарын ұйымдастыру;
- сабақ тақырыбына байланысты ақпарат көздерін табу;
- шетел авторларының шығармаларымен танысу;
- электронды сөздіктерді қолдану;
- аудио-бейнематериалдар қолдану.

Педагогикалық іс-тәжірибемде қолданыс тапқан, білім алушылар арасында апробациядан өткен интерактивті оқытудың бір түрі – **LearningApps.org**


LearningApps.org деген не? Ол:

- интерактивті оқыту;
- интерактивті модульдердің көмегімен оқыту және оқыту процесін қолдау;
- модульдерді жылдам құру және өзгерту;
- тапсырмалар базасын жинақтап, қолжетімді ету;
- онлайнда оқу, жаппай тегін қолдану.


LearningApps.org платформасында жеке пайдаланушы ретінде тіркеліп, аккаунт құрдым. Өз оқу модульдерін жасап, сақтап, сонымен қатар басқарамын. Пайдаланушы оқу модульдерінің авторы ретінде жасаған контентті жасырын статистикада көре алады. «Барлық

жаттығу», «Жаңа жаттығу», «Менің сыныптарым», «Менің жаттығуларым» қызметтерін пайдаланамын. «Жаңа жаттығу» қызметі: жұпты табу, классификация, хронологиялық кесте, мәтін енгізу, суреттерді іріктеу, викториналық сұрақтар, бос орындарды толықтыру, аудио/видео контент, кім миллионер болғысы келеді?, пазл, сөзжұмбақ т.б. модульдерді ұсынады. Модуль құрылымы: жаттығу атауы, жаттығу сипаттамасы, тапсырма түрі, мәтін, сурет, аудио, видео, элемент қосу, кері байланыс, фон, көмектен тұрады.

Модульдеуге тапсырма енгізіп, сақтау арқылы «Менің жаттығуларым» базасын толықтырамын. Барлық жеке оқу модульдерінің шифрленген веб-сілтемелері болады. Білім алушылар іздеу жүйелері немесе LearningApps.org оқу модулінің авторы шифрланған веб-сілтемесі арқылы өтеді немесе бағдарламаны белгілі бір аудитория үшін қолжетімді ету үшін кірістіру кодын пайдалана алады. Оқу модулінің авторы тапсырмаларды сайтта жариялай алады.



«Қызыл кітап дегеніміз не?» бейнематериалын көріп, викториалын көріп, викториналық сұрақтарға жауап береді. Бұл білім алушылардың тыңдалым дағдыларын жетілдіре түседі.



Білім алушылардың қызығушылығын ояту мақсатында сөзжұмбақ, топтастыру, сәйкестіру тапсырмаларын ұсынуға болады.



Материалды меңгерту мақсатында тапсырманы сабақты кезеңінде, үй тапсырмасын осы модульдер арқылы берген жөн.

- LearningApps.org. платформасы оқу үдерісіне келесі мүмкіндіктерді береді;
- Білім алушылар тілдік және анализ, синтез, бағалау дағдыларын жетілдіре алады;
- Оқу материалын деңгей, уақыт, көлеміне қарамастан меңгереді;
- білім алушы алған білімін жүйелейді;

- шешімді тез қабылдауына мүмкіндік алады;
- тапсырманы бірнеше рет орындау арқылы жақсы нәтижеге жетеді;
- жалпы оқуға деген мотивация пайда болады;
- кері байланыс алады, өзін-өзі бағалайды.

Білім алушы өзіндік жұмысты дербес компьютердің, ноутбуктың, ұялы телефонның көмегімен ұйымдастыра алады.

Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді. Сабақта интерактивті технологияларды тиімді пайдалану жауапкершілік пен шығармашылық тұлға қалыптастыруға алып келеді.

Қортындылай келе, мұның барлығы да оқытушының шеберлігіне, ізденімпаздығына байланысты деп есептеймін. Мысалы, деңгейлік үлестірмелі тапсырмаларды білім алушыларға ұсынатын болсақ, бірінен екіншісіне ауысқанша біраз уақытты қажет етеді. Ал оларды интерактивті тақтаға алдын ала енгізген жағдайда білім алушылардың көз алдында үлкен көлемде көрсетіліп тұрады.

Ақпараттық–коммуникациялық технологияны оқу тәрбие үрдісіндегі қолдану оқытушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырады деп сенемін.

Алдағы уақыттарда әрдайым ақпараттық технологияларды сабақтарыма кірістіре отырып өтуде білім алушылардың ағылшын тілінде сөйлеу қабілеттерін қалыптастырамын деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Егемен Қазақстан» Елбасының Қазақстандықтарға Жолдауы, 2012 ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық "Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ
3. <https://go.mail.ru/redirect/learningapps.org>

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН МОТИВАЦИЯЛАРЫН ДАМУ

Қабидуллина Айгерім Дәрібайқызы

Атырау инженерлік-гуманитарлық институтының колледжі
Атырау қаласы

Педагогикалық практиканы жетілдірудегі жаңа жетістіктер болашақ ұстаздарды оқытуда педагогикалық қызметті тиімді үйлестіру біліктіліктерін меңгерту үшін өте маңызды. Бүгінгі күні қоғамның көптеген салаларында мамандардың өз қызметінде білімдегі бос кеңістіктерді жылдам жою қабілеттілігін белсендіруді талап етеді.

Жоғары оқу орындарындағы оқыту үрдісіндегі мақсаттарға жету үшін жаңа шарттар құрылады: білім беру стандартында тыңдаушының өзіндік жұмысына бөлінетін нормативтік уақыттың көлемі ұлғайтылады, тыңдаушының оқуға деген мотивацияларының өлшемдері енгізіледі, оқу сабағының жаңа формалары жасалып, іске асырылады.

Жоғары оқу орындарында білім алушылардың оқуға деген мотивацияларындамыту мүмкіндіктері мен әдістемелік жұмыстар жүйесі теориялық тұрғыда ғана емес, практикалық тұрғыдан дәлелділікті талап етеді.

Сол себепті мынандай міндеттерді шешуіміз қажет:

- педагогикалық зерттеу әдістемесін пайдалана отырып, тыңдаушылардың оқуға деген мотивация деңгейлерін және жағдайларын анықтау;
- оқу үрдісін тыңдаушылардың оқуға деген мотивацияларындамыту жолдарын анықтау;

- тыңдаушылардың, оқытушымен білім алушылардың оқуға деген мотивация жағдайларына салыстырмалы сипаттама беру;
- әдістемелік жұмыстардың тиімділігін дәлелдеу.

Егер тыңдаушыда белгілі бір білім жүйесі мен танымдық қабілеттері болатын болса, онда ол танымдық тапсырмаларды орындай отырып, оқу және ғылым танымдық іс-әрекеттерді дамыта отырып, алдын-ала болжай алу мүмкіндігіне ие болады. Тыңдаушылардың оқуға деген мотивацияларын дамыту критерийлері ретінде мынаны бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

- білімді өз бетінше алуға дайындығының болуы және оны түрлі нақты жағдайда қолдана білу;
- тұтастай педагогикалық күрдіс жағдайында оқытушының басшылығымен мақсатқа бағытталған өзара әсері;
- тірек білімдерінің болуы;
- әрекеттесілдерін білуі;
- өзін-өзі бақылау және әрекетке бейімдеу;
- танымдық тапсырмаларды шешу біліктілігі;
- проблемаларды шешудің жұмысдық нысандарын ұйымдастырудағы қажетсіну.

Көрсетілген критерийлер негізінде студенттердің оқуға деген мотивацияларын дамыту мүмкіндіктері мыналар деп есептейміз:

- білімге қызығушылық;
- танымдық белсенділігінің болуы;
- танымдық қажетсіну;
- жұмыстың міндеттерімен мақсатын анықтау білігі;
- жұмыс мазмұнын өздігінен шет аңдау білігі;
- оқудағы қиындықтарды жеңуге ұмтылу;
- жұмыстың тиімді тәсілін аңдау білігі;
- өзін-өзі бақылау және орындайтын жұмысқа өзіндік баға беру білігі;
- оқылып отырған пәннің ережесін, заңдылықтарын, негізгі ұғымдарын білу;
- негізгі ұғымды анықтау, түсіндіру білігі;
- өзіндік жұмыстарды орындауда ережелерді пайдалану білігі;
- ұйымдастыру-танымдық біліктерінің болуы;
- жалпы оқу білігінің болуы;
- оқу-танымдық біліктерінің болуы;
- пәндік біліктерінің болуы;
- танымдық тапсырмаларды өз бетінше шеше білу;
- танымдық тапсырмаларды шешуді тиімді тәсілдерді өз бетінше аңдау білігі;
- танымдық тапсырмаларды шығармашылық сипатта шешуге ұмтылу;
- кәсіптік міндеттерді шешуде оңтайлы тәсілдерді аңдау білігі;
- ақпараттар легімен жұмыс істей алу, бағдарлай алу білігі;
- жаңа педагогикалық технологияларға қызығушылығының болуы.
- тыңдаушылардың үздік білімі нәтижесінде, танымдық әрекеттерді жүзеге асыруы, мотивтік компонент, мазмұндық-операциялық компонент, еріктік компонент, бағалау

– нәтижелік компоненттердің даму деңгейлерін анықтау мүмкіндігі бар деп есептейміз;

– мазмұндық-операциялық компоненттің даму деңгейлері арқылы тыңдаушылардың оқуға деген мотивацияларының даму деңгейлері арқылы мотивацияның барлық компоненттерін анықтауға болады.

- мотивтік компонент – оқыту практикасында оқытудың әртүрлі мотивтері болады.

Мотив – адамның объективті қажеттілігімен ынтасын бейнелейтін әрекетіне іштей талпынуы. Тәжірибелік педагогикада мотивтік компоненттер бағытына және мазмұнына қарай:

- әлеуметтік;
- танымдылық;
- қызметтік;
- коммуникативтік;
- статусты–позициялық;
- дәстүрлік;
- тарихидептоптастырылады.

Мазмұнды-операциялық компонент–

танымдық мотив компоненттерінің ішінде мазмұнды операциялық компонент маңызды роль атқарады. Бұл білім алушылардың оқуға деген мотивацияларында мытумен қатар жетекші білімдердің, іргелі теориялы білім және оқу-танымдық қызмет тәсілдерінің жүйесі қамтылады, бұл тәсілдер жаңа білімдер мен әрекет тәсілдерін өзбетінше игеру біліктерінің қайнақын қындайды.

Еріктік компонент – танымдық мотивтің еріктік компоненті алдыңғы мотивтік және мазмұнды-операциялық, кейінгі бағалау-нәтижелік компоненттерімен тығыз байланысты, өйткені олардың негізінде – қажетсіну жатыр.

Жалпы негіз–

қажетсіну мотивтік және еріктік компоненттерінің сезіммен байланысына қындайтын көру геболады, өйткені сезімде қажетсінудің белсенді жағы бейнеленеді.

Бағалау-нәтижелік компонент – білім алушылардың өзіндік бағалауы, өзінің іс-әрекетіне жауап беруі, өзінің мүмкіндіктерін білуі, істеген жұмысын түзету, орындалған жұмысты жүйелеу, іс-әрекет бағытының анықтау, өзін талап қойғыштық сияқты бағалау-нәтижелік компоненттің белгілері бар.

Бағалау-

нәтижелік компонент өзіндік бағалаумен саналылықты, жекет ұлғаның өзіндік қасиеттерін қамтиды. Жоғарыда келтірілген компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты болып, бір-бірін толықтырып тұрады.

Психологиялық зерттеулерге қарағанда, студенттердің өздігінен түрлі әрекет, жұмыстар жасауға деген құштарлығы, белсенділігі жоғары, олардың психологиясында өзін-өзі, бірін-бірі бағалау қасиеті ерекше орын алады.

Олардың өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі түзетуі – бір-бірімен тығыз байланысты үрдістер.

Мұндай өзіндік әрекеттерге үйретуде қарапайым сатыдан жоғарыға, одан күрделі сатыға қарай дамиды.

Содан бірте-бірте білім алушының оқуға деген мотивациясына байланысты

- өздігінен жұмыс істеу білім алушының қажетіне айналады (өздігінен білім алу, өзін-өзі басқару, бағалау сияқты әрекет дәрежесіне көтеріледі) .
- Бізғылыми педагогикалық әдебиеттерді зерттеу барысында ғалымдардың барлықтары, студенттердің оқуға деген мотивацияларының дамуының әр шағында өз қиыншылығы, өз шыңы бар деп мойындағандарын байқадық. Әрине, біз олардың мұндай көзқарастарына қосыламыз.
- Адамның қызығушылығы әртүрлі істерді орындауға ұмтылудан туады. Ал, мотив сол істерге итермелейтін күш, яғни адамның белгілі қажеттіліктерді қанағаттандырудағы іс-әрекетіне байланысты психологиялық көңіл-күйі.

Қажеттілікадамның белсенді әрекетін тудыратын қозғаушы күш болса, білімге, оқуға итермелейтін студенттің танымдық қызығушылығын қадыптастыруда мотивтердің маңызы зор.



1-сызбанұсқа. Тыңдаушылардың оқуға деген мотивацияларын белсендіру үрдісі

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Смаилов С. С. Условия активизации познавательной деятельности студентов технического вуза. Алматы, 1997
2. Дәулетбекова Ж. Т. Оқушылардың оқу мотивтері сапалы білім негізі. Алматы, 2001
3. Кузьмина И. В., Гинецинский В. И. Актуальные проблемы профессионально-педагогической подготовки учителя. Советская педагогика, 1982
4. Шалавина Т. И. Формирование познавательной самостоятельности в условиях сочетания проблемного объяснительно-иллюстративного обучения.

«БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫРТУ-БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ»

Нугмарова Айғаным Куресовна

О. Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы иегері. «Жылдың жүз үздік мұғалімі», «Үздік мұғалім», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің қоғам қайраткері», Үздік ғылыми жоба авторы төсбелгісінің иегері, Атырау қаласы

«Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: айтып кеткендей: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге

күштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек».

Мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі-ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі. Жаңа қоғам кеңістігінде жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. ХХІ ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталатыны мәлім. Сондықтан қазіргі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәліметтер беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүріп, жаңа дәуір жаңалықтарымен суарылып отыруға тиісті. Бұл істе нәтижеге қол жеткізу үшін, мұғалім-қоғамдағы болып жатқан тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш, жаңаша ойлау жүйесін меңгерген, жан-жақты білімдарлығы, тұтас дүниетанымы болуы қажет. Өз пәнінің шеңберінде қалып қойған мұғалім балаға білім, тәрбие берудегі биік мақсаттарға жете алмайтыны анық. Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық жетелеу. Бұл жағдайда мұғалімнің терең қаруланған, педагогика мен психологияны жетік меңгерген шебер мұғалім қажет. Елбасы, Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Білім беру реформасы-Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге, экономикалық және қоғамдық жаңарту қажеттілігіне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесін құруды» міндеттеген болатын. Заманымыз алға жылжыған сайын уақыт талабы күшейіп, білім нәрімен сусындатып отырған шәкірттеріміз білімді, талапты, ойшыл, дарынды тұлға болып қалыптасуы үшін, оқыту үрдісінде жаңа әдіс-тәсілдерді, идеяларды қолдана отырып, үздіксіз ізденіспен студенттердің білімін, таным-талғамын, ой-өрісі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту ұстаздар қауымының басты мақсаты болып отыр. Осыған орай Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне енуі аясында педагогтің жеке тұлға ретіндегі бейнесі, оның кәсіби біліктілігі айрықша мәнге ие болуда. Білім- адамның сапаларының өзгеруін басқаратын үрдіс болғандықтан, біздің жағдайымызда, ол-педагогикалық мамандықтың кәсіби біліктілік қабілеттерін дамытуға бағытталады. Сол себепті біз «адамды»-маман тұрғысынан қарау «біліктілік» ұғымына шығарады. Біліктілік- бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, біліктілігі жоғары, құзіретті бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Сол себепті білікті ұстаз, білімді маман болу үшін-әрбір ұстаз өз білімін үздіксіз көтеріп отыруы тиіс. Білімін тұрақты көтеріп отыру-мұғалімдердің құқықтары әрі міндеттері, білім беру жүйесінің тұрақты дамуының кепілі, Мемлекеттік дамуының құралы болып табылады.

Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру - Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы, «100 нақты қадам» - Ұлт жоспары – «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспары», және басқа да білім саласындағы стратегиялық бағдарламалық құжаттар негізінде жүзеге асырылып келеді. ҚР-ның тұңғыш Президенті Елбасы Н.Назарбаев жыл сайынғы жолдауында білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда. «Қазақстан - 2050» Стратегиясында: — «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» деген болатын. Еліміздің ертеңі - бүгінгі жастар. Ол үшін қоғамда білімді де құзыретті мамандар болуы шарт. Аталған бағыттардың табысты іске асырылуы ең алдымен, тек білімнің сапасымен анықталатыны белгілі. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен

білік алған еліміздің кез-келген азаматы әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі болып табылады. Елбасымыздың бұл мақсатты бағдары біздің білім беру мазмұнын жаңартудағы басты бағытымызды айқындап берді. Міне, заманымыздың тілек-талабы білім мазмұнын жаңартумен бірге, оны өмір мұқтажына орай дамытып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін қолданудың мүмкіндіктерін арттыруды күн тәртібіне қойып отыр. Елбасының сындарлы саясатының арқасында білім саласы жылдан жылға жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Алайда, талғам өзгергенімен талап жалғыз. Алған білімі мен біліктілігі негізінде бүгінгі өзгермелі өмірді еркін бағдарлай алатын, өзін-өзі дамытып, өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдай білетін тұлғаны тәрбиелеу – қоғамдық маңызы зор мәселе. Қазіргі таңда білім мен ғылымды инновациялау мен модернизациялау экономикалық дамудың басты бағытына айналды. Еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңдағы негізгі міндеттердің бірі – білім беруді жаңа инновациялық жолмен дамыту болып отыр. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Ақпараттық – коммуникациялық технологияның келешек ұрпақтың жан – жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр-ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Біздің мемлекетіміз де ғылыми – техникалық үрдістің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандырудың жаңа кезеңіне енді. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы — студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық — құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ал қазіргі заман талабы - өзін-өзі басқара алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Осы талапқа сай, өз тәжірибеміз оқытуды жаңаша ұйымдастыру, студенттердің пәнге қызығушылығын артыру мақсатымен сабақ барысында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын студенттер аудиториясына байланысты таңдап, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарымен бірге сабақтастыра қолданудамын. Осы тұрғыда жаңа технологияның тиімді әдіс – тәсілдерін, яғни оза отырып оқыту, ұжымдық оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, СТО стратегияларының элементтерін пайдаланып, студенттің ізденушілік, зерттеушілік әрекетін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып, студенттердің танымдық белсенділіктерін дамыту ұстаздардың басты міндеті болмақ. Себебі, аталмыш технология әдістері студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі және өзгені де бағалай білуге үйретеді. Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Өзімнің әрбір сабағымда озық технологияларды пайдалану жақсы нәтижелер бергенін көрудемін. Мақсатым: пән мұғалімі ретінде менің алдыма қойған мақсатым- студенттердің пәнге деген сүйіспеншілікті ояту, терең білім беру, өз елін сүйер патриоты болуға тәрбиелеу. Әр студенттің бойына жаңа, тың серпіліс туғызатындай әдістер арқылы олардың ақыл-ойын ұштау, жетілдіру, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін дамыту жолдарын іздестіру. Міндетім: жаңа технологияларды игеру және оны шығармашылықпен дамыту, инновациялық технологиялармен білім беруде қабілетті мамандарды даярлау. Кез-келген сабағымда тақырып бойынша жаңалықтармен таныстыру арқылы бастау дәстүрге айналды. Қазақ тілі және әдебиеті пәндерін оқытуда жаңа технологиялардың озық элементтерін қолдануда, әсіресе сыни тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдеріне ерекше көңіл бөлемін. «Сыни тұрғысынан ойлау» технологиясының әдіс-тәсілдері: кластер (топтастыру), ойтолғаныс, қиял жетелеу, миға шабуыл, бүү, insert (түртіп алу) жүйесі, венн диаграммасы, болжам, әңгіме, ирек, сабақты қорытындылауда «5 минуттық эссе», рефлексия т.б элементтерін кеңінен қолдана отырып,

студенттің ішкі мүмкіндігін танып, оның сыртқа шығарылуына түрткі жасап, қабілеттерінің дамуына жағдай туғызуға болады.«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп Елбасымыз атап өткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісіне қолдану мен оның тиімділігін арттырудың маңызы аса зор.Себебі ақпараттық технология ғана жаңа педагогикалық технологиялардың мүмкіндіктерін іске асыра алады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бірі – интерактивті тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Интерактивті тақтаны сабақта пайдаланудың маңыздылығы, яғни оның көмегімен оқыту үрдісіндегі өзекті мәселелерді шешуге болатындығы анықталған. Осыған байланысты күнделікті сабақта:

мультимедиа (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);

анықтамалық мәліметтер (сөздік, карта, деректер қоры);

интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы студенттің пәнге қызығушылығы артып, зейін қойып тындауына және алған мәліметтерді нақтылауына мүмкіндік беріледі, алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы студенттердің білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтаған кезде немесе жаңа сабақты бекіткен уақытта тестілеу әдісін қолдануға болады. Бұл әдіс студенттерден бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді және тестілеген кезде мұғалім студенттердің білім деңгейін анықтай алады. Қазіргі жаңа технологиялы сабақтардың барлығында дерлік ең қажетті басшылыққа алынатын сабақ элементі болып табылатын электронды оқу құралдары. Электронды оқу құралдары - жаңа сабақты түсіндіру, тірек-сызбалары, тақырыптық тапсырмалар, тақырыптық тест жұмыстары, логикалық тапсырмалар, жаттығу тапсырмалары секілді бірнеше сабақ элементтерін қамтитын кешенді электронды жинақ. Студенттер сабақта арнайы компьютерлік бағдарламалар мен электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы кез-келген тақырыпты тез меңгереді. Бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыруға, олардың ой-танымын кеңейтуге, өз бетінше шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасауына көп көмегін тигізеді. Барлық пәндер бойынша электронды оқулықтар жасалып, кеңінен таралуда.

Ақпараттық технология және жүйелік бірігу түрлі мүмкіндіктерге жол ашты. Пәндерді жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасай білетін жан - жақты қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру басты мақсат екені анық. Ең бастысы, студенттердің өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады. Жаңа педагогикалық технологияның тиімділігі – студенттердің білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізу. Әрбір студенттің білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.Бүгінгі білім мазмұны, оқытушы мен студенттің арасындағы негізгі бастамалардың барлығы оқытушы арқылы жүзеге асырылады. Жалпы кәсіби тәжірибеде оқытудың жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерін пайдалануда күтілетін нәтиже: өз елінің тілін, тарихын, ұлттық мәдениетін жетік білетін, білімді де, сауатты жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, осы пәнді басқа пәндермен байланыстыра алатын, өмірде өз қажеттілігіне пайдалана алатын, елінің ұлттық құндылықтарын жоғары бағалайтын жеке тұлғаны қалыптастыру. Әр сабаққа дайындық-мұғалімнің ізденісінің нәтижесі. Сабақты ыңғайына қарай түрлендіре түссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданса, сабақтың мазмұны ашылады. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек»,- деп

Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі, сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді деп есептеймін. Қорыта айтқанда ХХІ ғасыр-бәсеке ғасыры, олай болса, ұлттық тарихымызды, мәдениетімізді қастерлейтін, ертеңгі Қазақстанның тізгінін ұстайтын, өмірдің әр түрлі мәселелерінен хабардар, жаңашыл кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтарды осы бастан тәрбиелеуіміз керек. Мұғалім- бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Яғни, балаларды тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне мұғалімге тікелей байланысты. Олай болса, іскерлік пен ізденімпаздықта табысты болайық!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру- мемлекеттік саясаттың басты мақсаты»/ Елбасының Қазақстан халқына жолдауы.
2. Коуч мұғалімнің жұмыс кітабы, Орақова А.Ш. Корнилова Т.Б., Жартынова Ж.А., 2014
3. Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2016ж
5. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың « Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауы

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН ЖАҒАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Турақбаева Булбул Саркеновна

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, Атырау қаласы

Тұрақты даму-бұл қазіргі уақыт талаптарын қанағаттандыратын, бірақ келешек ұрпақтың өзіндік талаптарын қанағаттандыру мүмкіндіктеріне қауіп төндірмей даму. Жаһандық білім беру-бұл ерекше «метажүйе», онда ұлттық және әлемдік білім беру саясатының мақсаттары қойылады және жүзеге асырылады, мемлекеттер мен олардың білім беру жүйелері араларында тұлғаның даму мүмкіндіктерін барынша кеңейтуге бағытталған ерекше байланыстар мен қарым-қатынастар жұмыс жасайды.

Жедел өзгеріп тұратын әлем және ақпараттар легінің ұлғаюы жағдайында іргелі пәндік білім алу міндетті, бірақ ол білім берудің қажеттілігін толықтай өтей алмайды. Білім алушылар білім беру жүйесі бағыт алған білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын (білім үстемдігі) меңгеріп қана қоюы аздық етеді, олардың өзін жан-жақты көрсете білуі және қоғам өміріне пайдалы болуы үшін (біліктілік) ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану білігін бойына сіңіруі әлдеқайда маңызды екені сөзсіз. Яғни, қазіргі қоғам талабына сай біздің алдымызда әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі тұр. Білім беру жеке тұлғаға бағытталып, педагогикалық үрдісте білім алушыны үнемі даму үстіндегі әрекет иесі – субъект ретіндегі орынға қойып отырғаны белгілі. Осындай мәселелердің шешімін табуда болашақ мамандарды жаңаша оқыту мәселесінің өзектілігі айқындалады.

Жаңа қоғамда жаһандық білім беру маңызды рөл атқарады. Тұрақты даму үшін жаһандық білім беру-қазіргі кезеңде білім берудің басты бағыты. Әр білім алушы өз жерінің, өңірінің, елінің қоғамдық өміріне саналы түрде қатысушы бола тұрып, дүниежүзінің жауапты азаматы болу қажет. ХХІ ғасырдың проблемаларымен күресуге дайын қоғамның сындарлы азаматын тек осылай ғана тәрбиелей аламыз. Жаһандық білім берудегі оқытушы-бұл мәдениетті тасушы және оны тудырушы, әлемдік педагогикалық тәжірибені

қабылдаушы әрі жасаушы тұлға. Заманауи білім берудің даму тенденциясы жаңа жағдайларда ойлау мен әрекет етуге үйретудің жаңа тәсілдерін іздестіру қажеттігіне әкеледі, сондықтан білім беруді келешекке-болашақ ұрпақтың жаңаша ойлау түрі мен жаңаша өмір сүру стиліне бастайтын оқытудың жаңа теориясы-бұл сын тұрғысынан ойлау. Сын тұрғысынан ойлауда басты назар біліктіліктер мен ойлау іскерлігін дамытуға аударылады, оқыту процесін біртұтас жүйе ретінде анықтайды. Оқу тапсырмаларын білім алушылармен бірге шешу көзделеді. Оқыту нақты проблемелар мен міндеттерді есепке ала құрылады. Басты назарда –білім алушы, оқытушы оқыту барысын басқарады. Білім алушылардың барлығын ойлауға (пайымдауға) үйретеді. Оқытуда ақпараттарға, әдістер мен деректерге қарағанда, рухтың, өнеге күшінің, жеке бас беделінің маңызы теңдессіз көп. Студенттердің танымдық деңгейін дамытуда сын тұрғысынан ойлау әдісінің маңыздылығы зор екендігін байқауға болады. Сын тұрғысынан ойлауға американдық профессор Дэвид Клаустер төмендегідей анықтама береді. Оның анықтамасы бес пункттен тұрады:

1. Сын тұрғыдан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады. Сын тұрғыдан ойлауда идеяның ерекше болуы міндетті емес, ойлау өзіндік сипатта болу қажет. Ең негізгісі – білім алушы нені ойлау керектігін өзі шешу керек.

2. Берілген ақпарат сын тұрғыдан ойлаудың соңы емес, бастапқы пункт болып табылады. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен концепциялар секілді көптеген шикізаттарды өңдеу керек болады. Тек сын тұрғыдан ойлаудың арқасында дәстүрлі таным процесі жекелік сипат алып, саналы, үздіксіз әрі өнімді бола бастайды.

3. Сын тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Америка педагогі әрі философы Джон Дьюи «сын тұрғыдан ойлау оқушылар тек нақты бір мәселемен айналысқанда ғана пайда болады. Мәселелерге ерекше көңіл аудару білім алушылардың табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сын тұрғыдан ойлауға итермелейді».

4. Сын тұрғыдан ойлау көңілге қонымды, дәлелге ұмтылады. Бұлай ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімді негізі бар саналы дәлелдермен нақтылай түседі. 5. Сын тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда тексеріліп, өткірлене түседі, әрі шыдамдылық, басқаны тыңдай білу және өз көзқарасына деген жауапкершілік секілді өнімді ой алмасуға өте қажет болатын сапалы өңдеулер жүріледі. Сын тұрғысынан ойлау әдіснамалық жағынан философияға негізделіп құрылса, оны жүзеге асыруда жүздеген стратегиялар қызмет атқарады.

Сын ойлау әдісінің сабақты жүргізу құрылымы дәстүрлі құрылымнан өзгеше болып келеді. Мұнда:

1. Ой шақыру стратегиясы немесе қызығушылығын ояту (мотивация)

2. Мағынаны тану (жаңа ақпарат)

3. Ой толғанысы немесе ой қорытындысы (рефлексия) деп аталатын үш құрылымынан тұрады. Әр кезеңде жеке, жұпта, топта, ұжымда жұмыс жасалады. Оқу іс әрекетіне қызығу туғызу, ояту. Бұл саты – танымдық іс әрекетті қалыптастыруда маңызды. Яғни, студенттер сабаққа белсене араласады, осы тақырыпқа байланысты білетіндерін пәнаралық байланыс негізінде еске түсіреді. Өз білімін талдауға ынталы болады. Бұрыннан білетінін жаңамен байланыстырады. Студент өз білімінің, ұғымының арқасында жаңа ұғым жасайды. Бұрынғы білімінің негізінде жаңа білім алады.

Меңгерген білімін іске асыру сатысы. Мағынаны ұғыну, сабақта студенттердің белсенділігін арттыру жалғаса береді. Өз білімдерін, түсініктерін жазады, айтады. Жауаптарды өз ақпараттарына сүйеніп іздейді. Өзінің жеке түсінігін береді. Студенттерде оқу әрекетіне деген қызығу туады және өз пікірлерін қалыптастыруға үйренеді.

Кері байланыс орнату сатысы. Өз іс-әрекетін, оның нәтижелерін ұғыну, түсіну. Өз түсініктерін дамытып, ақпараттарды өңдейді. Оқытушы бұл модель бойынша төмендегідей нәтижелерге жетеді:

1. Оқытуда қолжетімді мақсат қояды.

2. Студенттерді жаңа ақпаратпен қамтамасыз етеді.
3. Студенттер тақырыпты меңгеруде белсенділік танытады.
4. Өз ойын, пікірін ұсынуға ынталы болады.
5. Жақсы пікірсайыс туындайды.
6. Оқуға деген құлшынысы жоғарлайды.
7. Кері байланысқа дем беріледі.
8. Студенттерге түрлі пікірлер айтуға мүмкіндік беріледі.
9. Студенттер сұрақ қоюға, оны талдауға, өз түсінігін қалыптастыруға дайындалады.
10. Студенттердің ақыл-ой белсенділігі артады.

Сыни ойлау технологиясын пайдалану болашақ маманның танымдық деңгейі мен біліктілігін жетілдіруде негізгі күш болып табылатындығы сөзсіз. Студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы басты мақсат – қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы білім алушылардың жеке тұлғалық сапалық қасиеттерін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыта отырып, заман талабына сай құзырлығын қалыптастыру және рухани жан дүниесінің бай болуына жағдай жасау. Сабақ барысында студенттердің танымдық қызығушылығын қалыптастыруда білім берудің жаңашылдық сипатына сәйкес, білім мазмұнын, ұйымдастыру қалыбын, технологияларын, оған қатысушы субъектілердің бағытын, білімдік ортаны өзгерту арқылы ғана мүмкін болатындығына көз жетті.

Бұл жетістіктерге қол жеткізу үшін өзара үйлесімділікте қызмет атқару керек. Үйлесім-(гармония-грекше harmonia сөзінен-бөліктердің байланысты және өлшемдес болуы)-дүниенің құрылысын(жалпы да, сонымен қатар жекелеп алғанда да) және адамды олардың ішкі терең тәртіптілігі тұрғысынан ұғынуға бағытталған мәдениет ұстанымы. «Дүниенің үйлесімділігіне қызмет ету үшін адамдар өздері үйлесімді болуға, ақыл мен жүректің, білім мен сенімнің арасындағы жарасымдылыққа қол жеткізуге тиіс. Ал бұл үйлесімділік өркендей беретіндіктен, өзін-өзі дамыту мен болмысты өркендету үшін өзіне жауапкершілік алудан басқа жол жоқ. Бөліктер арасында үйлесімділік, өзара ықпалдастық болуы қажет, олардың еркін дамуы мен бірлескен шығармашылығын қамтамасыз ететін терең қатынастар орын алуы қажет. Қоғамның, адамның және табиғаттың осы тараптардың өз құндылықтарын мойындауы және солар жасаған тұтастық негізіндегі бірлігі болуы керек. Адамның өмір сүру қызметіндегі танымдық және құндылық ұстанымдарының теңдей ұштасуы үйлесімділікке алып келеді.

Толықтай үйлесім орын алған жерде заманауи мәдениетке қол жеткіземіз. Мәдениет білім берудің құрылымын, оқытушының іс-қимылдар логикасын және бүкіл білім беру процесін ұйымдастыру стратегиясын айқындай отырып, оның тәніне кіріп, қанына сіңуі керек. Жаңа қоғамда жаһандық білім берудегі заманауи мәдениет, заманауи тарих ойдың адамға қарай бет бұруын, адам баласының ұдайы ой көкжиегінде болуын, ақиқаттың құндылықты жоққа шығармауын талап етеді. «Мәдениет адамы» -бұл тұтас сомдалған адам, сондықтан заманауи білім беру жүйесі үшін ақпаратты өңдеу қабілеті ретінде ителлектіні ғана емес, жан дүниесін де қалыптастыру көкейтесті мәселе болып табылады, заманауи білім беру жүйесі аксиологиялық ойлауды және орасан зор жауапкершілік сананы қалыптастыруға тиіс. Қазақ тілін оқытуда аксиологиялық бағытты ұстану бүгінгі күні өте өзекті болып табылады. Оқушының қазақ тіліне құндылық ретінде қараушы көзқарасын тіл мен мәдениеттің тарихи байланысын түсіндіру арқылы дамыту тұлғаның ұлттық дүниетанымын, ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Қазіргі білім берудің құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған мазмұнына сай тілдерді оқыту үдерісі білім алушының коммуникативтік, лингвистикалық, әлеуметтік –мәдени, прагматикалық құзырет түрлерін, сыни ойлау іскерлігін қалыптастыруды, сонымен қатар аксиологиялық құндылықтар жүйесін оқушының таным дүниесінің негізгі ұстанымдары ретінде бойына сіңіруді көздейді. Аталған мақсаттар ішінде дүниетаным құндылықтарын тілді оқыту барысында меңгерту мақсаты соңғы уақытта мемлекеттік деңгейде көтеріліп, бірнеше маңызды құжаттарда аталды. Өйткені әлемнің тілдік бейнесі объективті шындықтың тілдегі өзгермеген көшірмесі емес. Адам танымы сыртқы әлемді белгілі бір бағалауыштық

өлшемдердің сүзгісінен өткізеді. Ол – құндылықтар жүйесі. Әлемді танудың, бағалаудың өлшемдері әр ұлттың мәдениетімен, тарихымен тығыз байланысты қалыптасады. Бағалаушы құндылықтар жүйесі немесе аксиологиялық құндылықтар жүйесі тілде сақталады және тіл арқылы беріледі. Сондықтан ұлттық дүниетаным мәдениетін қалыптастыруда аксиологиялық құндылықтар жүйесін оқыту мазмұнына енгізу қазіргі ғаламдану заманында өте маңызды және өзекті болып табылады. *Аксиологиялық құндылықтар – адамға жақсы мен жаманды, керек пен керек еместі, маңызды және маңызды емес, жақын және алысты ажыратуға, бағалауға көмектесіп, әрекеттерін, қарым-қатынастарын реттеп отыратын білім қоры.* Заманауи мәдениет-бұл адамның бірегей жан ретінде, тұлға ретінде, нәтижелі іс-әрекеттің бірден –бір қайнар көзі ретінде өзін-өзі бағалауына бағдарланған мәдениет. Оның басты символы-ойды, сананың жанды күйін тудыруға қабілеттілігі. Ой ақылдың жанды күйі, айқындылығы және ойлау қуаты ретінде, білімге қарағанда бет-бейнесіз бола алмайды. Ол тұлғаның күш-қуат жұмсауын талап етеді. Ой-нақты бір адамның, ал білім-қоғамның игілігі саналады.

Оқыту барысында оқытушы Табиғат-қоғам-адам жүйесінде дамуды сақтау қажет. Бұл үш элемент өзара қарым-қатынаста және олардың бір де біреуі бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды. Сабақтың мақсаты «Адам-Қоғам-Табиғат» біртұтас жүйесімен келісілген болуы керек. Бұл ретте сабақтың мақсаты мынадай үш сұраққа жауап беруі керек:

1. Осы мақсатқа жету білім алушыға не береді?

2. Бұл қоғамға не береді?

3. Бұл Жер Ғаламшарына не береді? Әрбір оқу тапсырмасы мақсаттың әлеуметтік астарын көрсетуіне ұмтылуы керек.

Жаңа қоғамда оқытушының бет-бейнесі қандай болуы керек? Оқытушының негізгі үш тұғыры бар: тіл, діл және дін. Осы үшеуі арқылы имандылық заңдылықтары орындалады. Қазақстан мемлекетінің болашағы бақытты, тірегі берік болуы үшін ұстазға үлкен үмітпен қарайтын өсіп келе жатқан жас өркеннің дұрыс өсуіне мән беру керек. Нағыз ұстаз қай ғасырда да ұстаз болып қала бермек. Ұстазға қойылатын талап пен тілек қашан да ортақ. Ол-білімділік, имандылық, парасаттылық барлық ғылым атаулының алғашқы әліппесі өркениет ұстазының тәлім сабағында күн сайын үйретіліп, үлкен «білім мұхитына» айналып, даму арнасынан асып-төгіліп, рухы мықтыларды сүйсінтпей қоймайды. Біздің еліміз дарындарымен әлемге танылатын болса, соның үлкен бір өлшемін өркениеттің озық ойлы ұстазының педагогикалық шеберлігінің күшімен бағалаймыз. Ауызы дуалы шешен-билерден бастап, Абай сынды даналардың еңбектері арқылы қазақ тілінің қасиет, қадірін, байлығын, көркемдігі мен бейнелілігін жас ұрпаққа таныта отырып, ойға тапқыр, сөзге шешен, сөздік қоры мол, тіл байлығы шұрайлы, жетілген ұрпақ тәрбиелеу-менің бүгінгі ұстаздық ұстанымым. Менің оқушым ғасырлар мақсаты-саяси-экономикалық және рухани дағдарысты жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлға болып қалыптасуы керек. Сондықтан мен әр сабақ сайын әдебиеттің бала жанына жылу шашатын, адамгершілік пен өреліліктің нұрын құятын сөз өнері, рухани байлық екеніне көздерін жеткіземін. Осындай ойлылықты дәріптеп, ұлттық рухты бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу мынау жаһандану дәуірінде оңай болмаса да, әр шәкірттің жүрек түкпіріндегі асыл сезімін, намыс отын оятып, жігерлендіре білу-менің мақсатым.

Әдебиеттер:

1. А.А.Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева 21-ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында-Алматы, 2009.-304с.

2. Байденко В.И. Болонский процесс: поиск общности европейских систем высшего образования (проект TUNING). – Москва-Астана, 2006. – 94 с.

3. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – 1990. – 125 с.

4. Меерович М.И., Шрагина Л.И. Технология творческого мышления. – Минск, 2003- 19-25 с.

5. Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. – М.: Академический проект, 2004. – 560 с.
6. З.Ш.Ерназарова.Журнал: ҚазҰУ Хабаршысы.-Алматы, 2018.

БҰЗАУ ЛИСТЕРИОЗЫН ПАТОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ БАЛАУ

Табылдиева Мөлдір Ислямқызы

О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжінің
арнайы пән оқытушысы

Инфекциялық ауруларды дер кезінде диагностикалап және үнемі жоспарлы ветеринариялық шараларды жүргізіп, алдын алып отырмаса малшаруашылықтары үлкен экономикалық шығынға ұшырайды. Экономикалық шығын инфекциялық аурулардан келесі мынадай элементтерден: мал өлімінен, мал өнімінің төмендеуінен, елемізде шикізат ресурстарының азаюынан, малды сыртқа сатудың және мал шикізатының төмендеуінен құралады. Үлкен шығындар карантиндік шараларға жұмсалады. Кейде бұл шығындар малдың өлімінен келген шығындардан да жоғары болады. Себебі, карантиндік шаралар шаруашылықтың экономикалық байланыстарын үзеді. Жалпы аурулардың ішінде инфекциялық аурулардың азаюы эпизоотологиялық жұмыстардың дұрыс жүргізілуіне және дер кезінде дұрыс диагностикалауға байланысты болады.

Статистикалық шараларға сүйене отырып, ветеринариялық шаралардың экономикалық тиімділігін арттыру үшін диагностика тәсілдерін, алдын алу шараларын, инфекциялық ауруларға қарсы күресу жолдарын жетілдіру керек.

Листерияоз - зооантропоидар тобына жататын, әлемде кең таралған инфекциялық аурулардың бірі болып саналады. Бұрынғы Кеңестер Одағының аумағында бұл ауру алғашқы рет 1936 жылы торайларда байқалған. Кейіннен табиғи жағдайда листерияозға сүтқоректілер мен құстардың көптеген түрлерінің, оның ішінде ауыл шаруашылығы түліктерінің түгел дерлік (қой, ешкі, сиыр, жылқы, шошқа, үй қояны) бейім екендігіне көз жеткізілген. Көптеген зерттеушілер листерияозға негізінен қой шалдығады деп есептейді. Біздің елдің зерттеушілері арасында да осындай пікір қалыптасқан, яғни Қазақстанда листерияоз негізінен қой шаруашылығының келелі мәселесі, бұл түліктің ауруға шалдығу көрсеткіші де, өлім көрсеткіші де, әсіресе солтүстіктегі аймақтарда, тым жоғары деп есептеледі. Арнайы оқулықтарда да осылай деп көрсетілген. Сондықтан мамандардың аурудың басқа мал түліктеріне де аса қауіпті екені жөнінде, аурудан олардың көп шығынға ұшырауы мүмкін екендігі жөнінде де хабары тапшы. Бұны біздің қолдағы бар деректеріміз бен Кеңестік кезеңнен дәстүрге айналған Қазақ ұлттық агроуниверситетінің Биологиялық қауіпсіздік кафедрасында шығынға ұшыраған малды патоморфологиялық зерттеулермен өлім себебін дер кезінде ашу арқылы мал иесіне аурудың тигізер экономикалық зиянын шектеуге бағытталған практикасы растайды. Алматы облысының кейбір шаруашылықтарында, олардың арасында қаланың іргесінде орналасқан шаруашылықта да, бұзаулар арасындағы күз - қыс айларында ондаған жыл бойы қайталанып тұрған мол шығынның листерияоздан екеніне дер кезінде көз жеткізілмей, қажетті алдын-ала шаралардың қолданылмауы осы пікірді айғақтайды.

Кеңестер Одағында жануарлардың листерияозға ұшырауын есепке алу ресми түрде 1956 жылы басталған. 1977 - 1987 ж.ж. ел аумағындағы қара малдың листерияозы байқалған елді мекендер санының үлестік салмағы бойынша Қазақстан бірінші орында (53,33 %), Ресей федерациясы екінші орында (35,15 %) болған. Қара мал листерияозы негізінен Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Алматы, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалады деген мағлұмат бар .

Листерииозбен адам да ауырады. жариялымдардағы деректер бойынша, соңғы ширек ғасыр ішінде экономикасы жоғары дамыған елдерде (АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Франция, т.б.) адамдардың листериозға шалдығуы жиілеген және ауру мал өнімдері арқылы (ірімшік, жартылай дайындалған ет өнімдері, т.б.) жұғатын көрінеді. Соңғы он жыл ішінде 23 мәскеулік азамат листериозбен сырқаттанған .

Малда листериоз бірнеше клиникалық-морфологиялық пішінде білінеді. Соның бірі іш тастаумен, төлдің өлі және сырқаттана туылуымен білінетін метрогенді листериоз. Біздің малдың өлім-жітімге ұшырау себептерін патоморфологиялық зерттеулермен анықтау қызметіміз Алматы облысының кейбір шаруашылықтарында листериозға ірі қара малдардың недәуір жиі шалдығатынына, жылдың салқын айларында бұзаулардың бұл аурудан көп өлетініне, яғни олардың листериозға шалдығу көрсеткішінің де және сырқаттанған бұзаулардың өлімге душар болу көрсеткішінің де жоғары екеніне көзімізді жеткізді.

Зерттеу объектілері базасы, мақсаты және міндеті

Листерииозбен ауырған бұзаулар организмінде туындайтын патологиялық морфологиялық өзгерістерді анықтау.

Алдымызға мынандай міндеттерді қойып, жұмыс мақсатын нақтыладық:

- бұзау листериозының клиникалық белгілерін анықтау;
- листериозға шалдыққан бұзау организмінде туындайтын макроскопиялық өзгерістерді зерттеп білу;
- листериозға шалдыққан бұзаулардың ішкі мүшелеріндегі өзгерістерді патогистологиялық тұрғыдан сипаттау

Листерииоздың жүйкелік түрімен ауырған бұзаудың сойып зерттеу нәтижелері. 2017 жылы 31 қазан күні Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Биологиялық қауіпсіздік кафедрасының секция бөлмесінде Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданындағы Айдарбаев сүт шаруашылығынан әкелінген бұзау өлекесін Қазақ ұлттық аграрлық университеті патология және паразитология кафедрасының секция бөлмесінде сойып зерттедік.

Сойып зерттеу алдында, біз осы аталған шаруашылықтың малдәрігерінен анамнездік деректер жинадық. Алынған анамнездік деректерді талдау нәтижесінде: ауырған бұзаудың бәрінде бір типті клиникалық өзгерістер анықталды: тәбеті төмендеп, күйзеледі, мойны бұралған, басы артқа қайырылған. Бұзаудың дене қызуы көтерілмеген. Басының кекжиуі, тұла бойдың тырысуы, қаңқа бұлшық еттерінің дірілі, құлап жатып аяқтарымен малтуы байқалып, ауырғанына 3 күн өткенде өлімге ұшыраған.

Тұқымы қара-ала, жынысы ұрғашы, жасы 10 күндік. Өлексенің қоңдылығы орташа, өлекселік сіресулер дененің барлық мүшелерінде анық білінеді. Көзге ілігерлік кілегейлі қабықтар ақшыл-сұрғылт түсті.

Тері жүні ұйпаланған, табиғи жылтырлығы жойылған, көмескіленген. Ауыз, көз және танау қуыстарының кілегейлі қабықтары ақшыл-сұр түске боялған..

Беткей орналасқан лимфалық түйіндер:

Жақ асты лимфалық түйіндердің – көлемі ұлғайған, консистенциясы нығыздау, сұрғылт-сарылау түсті, тілік бетінің суреті біркелкіленген, тілік беті түйірлі.

Жауырын алды лимфалық түйіндер – көлемі ұлғайған, консистенциясы нығыздау, сұрғылт-сарылау түсті, тілік бетінің суреті біркелкіленген, тілік беті түйірлі.

Шап лимфалық түйіндері – көлемі ұлғайған, консистенциясы нығыздау, сұрғылт-сарылау түсті, тілік бетінің суреті біркелкіленген, тілік беті түйірлі.

Ішкі құрылысын зерттеу нәтижесі бойынша бір типті патологиялық анатомиялық өзгерістер анықталды. Құрсақ қуысы мүшелерінің анатомиялық орналасу реті бұзылмаған. Сірлі қабығы ақшыл-қызыл түсті, ылғалды.

Көкірек қуысы мүшелерінің анатомиялық орналасу реті бұзылмаған. Плевра қабығы ақшыл-қызыл түсті, ылғалды.

Жұтқыншақ, көмекей, кеңірдек – кілегейлі қабықтары ақшыл-қызыл түсті, кеңірдектің сақина аралық қанамырлары қанға толған, кілегейлі қабығында қанталаулар орналасқан. Кеңірдектің төменгі $\frac{1}{3}$ бөлігінде көбіктенген сұйық бар.

Өкпе – мүшенің жоғарғы және диафрагмалді бөліктерінің көлемі ұлғайған, қызғылт-қоңырлау түсті, консистенциясы қамырға ұқсас, кесіп қарағанда тілік бетінен көбіктенген сұйық ағады.

Жүрек – көлемі ұлғайған, пішіні домаланған, миокард біркелкі боялмаған, ақшыл-сұрғыл түсті жерлер қоңыр түсті жерлермен шектесіп, араласып жатыр. Жүректің оң қарыншасы нашар ұйыған қара қоңыр түсті қанмен толған. Сол қарыншада шамалы ғана ұйыған қан бар. Жүрек қарыншалары қабырғаларының қалыңдығы 1:4 қатынаста.

Бауыр – мүшенің көлемі ұғайған, біркелкі боялмаған, консистенциясы жұмсақтау, мүшенің бетінде ақшыл сұр түсті жерлер көрінеді, олардың шекарасы анық көрінеді, мүше паренхимасына ене орналасқан. Кесіп қарағанда тілік бетінің суреті біркелкіленген.

Бүйрек – шамалы ұлғайған, қызғылт қоңыр түсті, консистенциясы жұмсақтау, ішкі суреті біркелкіленген, мүше қабаттарының шекарасы анық көрінеді. Капсуласы оңай сыпырылады, капсула астында өте ұсақ сұрғылт түсті домалақ келген ошақтар орналасқан

Таз қарын – азықпен жартылай толған. Кілегейлі қабықтары сұрғылттау түсті.

Қатпаршақ қарында – шамалы азық бар. Кілегейлі қабықтары сұрғылттау түсті.

Жұмыршақ қарын – азықпен жартылай толған. Кілегейлі қабықтары сұрғылттау түсті.

Ұлтабарда – шамалы азық бар. Кілегейлі қабығы ісінген, қызарған, бетіне сұрғылт түсті масса жиналған.

Аш ішек – кілегейлі қабығы ісінген, қызарған, бетіне сұрғылт түсті қоюлау масса жиналған.

Тоқ ішек – кілегейлі қабығы ісінген, қызарған, бетіне сұрғылт түсті қоюлау масса жиналған.

Шажырқай лимфалық түйіндерінің көлемі ұлғайған, түсі қоңыр-қызыл, консистенциясы жұмсақтау, тілік бетінің суреті жойылған, тілік беті ылғалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ірі қара мал шаруашылықтарында листериоз жылдың салқын мезгілдерінде жиі тіркеледі.

Листериозбен ірі қара мал барлық жас аралықтарында байқалады, бірақ басым түрде бұзаулар ауырады.

Бұзаулар арасында листериоз басым түрде жүйке жүйесінің зақымдалуымен сипатталады. Аурудың клиникалық белгілері: күйзелу белгілерімен, тәбетінің төмендеуімен, қозғалыс координациясының бұзылуымен, конъюнктивитпен, мойын және аяқ еттерінің тартылуымен байқалады.

Аурудың жүйкелік түрінде патологиялық анатомиялық өзгерістер ми қабықтарында, ми затында, сопақша мида, варолиев көпірінде тіркеледі. Патологиялық анатомиялық өзгерістер ми қабықтары қантамырларының гиперемиясымен, қабықтар мен ми затының домбығуымен, варолиев көпірінің қанталауымен байқалады.

Аурудың сепсистік түрі бұзаулар арасында сирек кездеседі және бауырдың некрозымен сипатталады. Бауырдағы некроз ошақтары әртүлі көлемде, пішінде, шекаралары анық, сарғыш түсті болып келеді.

Мида гистологиялық өзгерістер: мида іріңсіз лейкоцитарлық менингоэнцефалит дамиды.

Аурудың сепсистік түрінде, бауырда және басқа да мүшелер түрлерінде кариорексис түріндегі коагуляциялық некроз ошақтары байқалады. Некроз ошақтарының айналасында гистиоциттер тобырын, жекелеген полиморфтыядролы лейкоциттер, лимфоидты торшалар және басқа да торша элементтері кездеседі.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Сабырұлы Санат

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы техникалық колледжі

Елбасының биылғы Жолдауындағы басты идеялардың бірі – Қазақстанның әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған экономикалық дамудың жаңа моделін құру. Бұл ретте, цифрлық технологияларға аса көп көңіл бөлінетіні белгілі. Алайда, Жолдауда айтылған жаңа модель Қазақстан экономикасының дәстүрлі салаларын дамытуға негізделетінін де айта кеткен жөн. Нақтылай түссек, мұнай өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік саласы және т.б. Осыған байланысты мемлекеттің экономикалық даму мәселесінде қандай жаңа басымдықтарға назар аударатынын айқындап алу қажет.

Шикізат дәуірінің дәурені шектеулі

Қазақстан үшін соңғы жылдары экономикалық дамудың жаңа формуласын іздеу қажеттілігі туындай бастады. Мәселе мұнай-газ саласынан түскен табысты ішкі сұранысқа айналдыруға негізделген бұрынғы даму үлгісі өзінің маңыздылығын біртіндеп төмендетіп келе жатқандығымен байланысты еді. Әлемдік энергетика нарығындағы соңғы жаңалықтар мұнай дәуірінің аяқтала бастағанынан хабар беретіндей. Одан басқа, Қытай экономикасының бәсеңдеуі және Ресей экономикасындағы дағдарыс жағдайы қазақстандық экспортқа деген сұраныстың төмендеуіне әкеліп соқтыруда. Сыртқы факторлардың жағымсыз әсеріне қарамастан, Қазақстан Үкіметі рецессияға жол бермей, экономикалық өсімнің оң көрсеткіштерін қамтамасыз ете алды. Қазақстанға жай ғана экономикалық өсу емес, сапалы экономикалық даму қажет. Өнеркәсіпке кең ауқымда ақпараттық технологияларды енгізу және қуат үнемдейтін өндірістерге көшу нәтижесінде Төртінші өнеркәсіптік революция басталуда. Мұның бәрі Қазақстан үшін дамудың жаңа моделіне көшу маңыздылығын арттырып отыр.

Еңбек тиімділігін арттыру ұтымдылыққа апарады

Көптеген дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, еңбек өнімділігін арттыру тұрақты және қарқынды экономикалық өсудің кепілі болып табылады. Өнімділік көрсеткішін арттырмай, экономиканың сапалы жаңа даму деңгейіне шығу мүмкін емес. Еңбек өнімділігін арттыру үшін өндірістік үдерістерді автоматтандыру және роботтандыру жоспарлануда. Сонымен бірге, мемлекет негізгі капиталға инвестициялар тартуды көздеп отыр. Осыған байланысты Елбасы Үкіметке негізгі салаларды техникалық қайта жаратқандыру бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Біздің ойымызша, негізгі капиталды арттыру орта мерзімді болашақта экономиканың жоғары қарқынмен дамуына зор мүмкіндік береді. Сонымен бірге, үлкен инвестициялар өздігінен нәтиже әкеле алмайтыны түсінікті. Мұндағы негізгі мәселе инвестициялардың сапасына және олардың өндірістік қуаттылығының тиімділігін арттыруға бағытталғандығымен байланысты.

Дәстүрлі салаларды дамытудың артықшылықтары көп

Елбасы атап көрсеткендей, экономикалық өсудің жаңа моделінің басты мақсаты – еліміздің шикізат емес экспортын дамыту. Бұл ретте, Президент басым салалардағы экспортты дамыту мақсатында экономиканы одан әрі индустрияландыруға ерекше көңіл бөлді. Экспорттаушыларға көмек көрсету мәселесінде де шикізат емес өнімдерді сыртқа жөнелтетіндерге басымдық беріледі. Экспорттаушыларды, соның ішінде өңірлердегі кәсіпкерлерді қолдауды «бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асыру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Үкімет жанында бизнес өкілдерінің қатысуымен экспорттық саясат жөніндегі кеңес құрылады. Дамудың жаңа үлгісіне көшу Қазақстан экономикасының тұрақтылығын және өркендеуін қамтамасыз етіп отырған кен-металлургия және мұнай-газ кешендерін дамытуға тікелей байланысты екендігін ескерген жөн. Жалпы, еліміздің экономика және әлеуметтік салалардағы бүгінгі жетістіктеріне мұнай-газ секторы және тау-кен өнекәсібінің арқасында жетіп отырғанын мойындауымыз қажет. Сондықтан, аталған салалар өздерінің стратегиялық маңызын сақтап қалады. Мұнай өнеркәсібі бүгінде күрделі кезеңді басынан кешуде. Көмірсутегі өнімдеріне деген әлемдік сұраныс төмендеуде. Инвесторлардың назары жаңғыртылатын энергия көздеріне ауысуда. Болжам бойынша, таяу арадағы 10 жылда мұнай бағасы 60 доллардан аспайды деген пікірлер де бар. Төмен баға жағдайында мұнайдың жаңа нарықтарға шығуы ең оңтайлы стратегия екендігі белгілі. Осы ретте, Президент кен орындарының материалдық-шикізаттық базасын кеңейтудің маңыздылығына ерекше назар аударды. Сонымен қатар, Қазақстан мұнайшыларына шикізатты кешенді қайта өңдеуді тереңдету тапсырмасы берілді. Бұл жердегі басты мақсат – елімізде өндірілетін ресурстардың жоғары қосымша құнға ие болуы және олардың сыртқы нарыққа терең өңделген өнім ретінде экспортталуы.

Ауыл шаруашылығы – жаңа драйвер

Жолдаудағы экономикалық дамудың жаңа драйвері ретінде аграрлық сектор көрсетілген. Шын мәнінде, ауыл шаруашылығы Қазақстанның дәстүрлі бәсекелік артықшылықтарының бірі ретінде қарастырылатыны белгілі. Сондықтан, бұл жерде әңгіме мемлекет тарапынан агроөнеркәсіп кешенін реттеуге деген қандай жаңа құралдарды қолданатыны туралы болып отыр. Осы ретте, Үкіметтің жеке шаруашылықтарды ірілендіру бойынша жоспары назар аудартады. Ауылдағы үй шаруашылықтарын ірілендірудің маңыздылығы туралы пікірлер бірнеше жылдан бері айтылып келеді. Қазіргі кезде кең тараған ұсақ тауар өндірісі жағдайында сапалы түпкілікті өнім шығару қиындық туғызуда. Сондықтан, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өңделу деңгейін арттыру мақсатында Үкіметке 500 мыңнан астам үй шаруашылығын және кіші фермерліктерді кооперативтерге біріктіру үшін жағдай жасау тапсырылып отыр. Оны таяу арадағы бес жылдың ішінде жүзеге асыру жоспарлануда. Жалпы алғанда, шаруашылықты ірілендіру кәсіпкерлер үшін өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әрбір шаруашылықтың оңтайлы көлемі бар екенін ескеру қажет. Мысалы, егер құс өсіруде ірі шаруашылықтар құру тиімділік үшін басты шарт болса, мал шаруашылығында шағын, отбасылық үлгідегі фермалар да табысты жұмыс атқара алады. Сайып келгенде, агроөнеркәсіп кешеніне жаңа қарқын беру Қазақстанның әлемдік нарыққа ауылшаруашылық өнімдерін экспорттау бойынша әлеуетін ашуы тиіс.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ.

Текешова Саягүл Карипжанқызы

Атырау инженерлік- гуманитарлық институты колледжі мекемесі оқытушысы

Бұл мақала бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында, білім берудегі педагогикалық технологияларға арналады, ол білім берудің шығармашылық бастауын, кәсібилігін қамтиды. Мақалада инновациялық технологиялардың бірі — жобалық технология сипатталған. Жобалық технология білім беру үдерісінде бірқатар функцияларды жүзеге асырады, оқыту әдістемесі саласындағы құзыреттілік деңгейін бағалау үшін қызмет етеді, білімалушылардың білім жетістіктерін бақылаудың бір түрі болып табылады (білім, білік, дағды және жеке қасиеттері – құзыреттілік). Осы білім беру технологиясының жоба түрлері, құрылымы, ерекше ерекшеліктері мен артықшылықтары келтірілген.

Түйін сөздер: педагогикалық технологиялар, білім беру парадигмасы, құзыреттілік, мақсатты болжау, мотивация.

Оқытудың компьютерлік әдіс-тәсілдерінің тиімділігінің бағасы әдетте дәстүрлі әдіс-тәсілдерді инновациялық әдістермен салыстыру арқылы беріледі. Оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері пәндік білімнің жеткілікті түрде игерілуін қамтамасыз етуге жол ашады. Инновациялық әдіс –тәсіл оқыту үрдісінде әр оқушының жеке ойлауын дамытуды алдыңғы орынға қояды. Егер дәстүрлі оқытудың негізгі формасы имитация, үлгілерді көшіру болса, инновациялық оқытудың әр кезеңінде оқушының жоғары белсенділік деңгейі сақталатын өзара іс –қимыл формасы басты рөл атқарады.

Қазіргі заманда тудырған көкейтесті проблемалардың бір қатары бүгінгі таңда білім беру жүйесіне тән екендігі айқындалып отыр. Жұмыр жерді мекендеген мемлекеттер мен ел-жұрттардың қай-қайсысының да ғасырлар бойы оқу-ағарту, ілім –білім мәселесі күн тәртібінен түспеген.

Қазіргі жаңа педагогикалық технологиялар талабы білім алушыларға білім беруде мақсатқа түпкі нәтижеге жету үшін мұрағат және мұражайларға бару, баспасөз деректері, ғаламтор желісіне шығу, жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру, дамыту десек, осы талаптарды іске асыруда аймақтық компонентті қолдану оқыту сапасының артуына ықпал етеді.

Арнаулы оқу орындарының міндеті-әр студентті тәрбиелей отырып, терең білім беру. Сонымен қатар білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту оның білім алуға деген ынтасы, жауапкершілігін арттыра отырып, ізденімпаздыққа дағдыландыру. Баланың ойына, сезіміне серпіліс беруді де мақсат етіп қойған дұрыс.

Білім алушы өмі бойына білім,дағды, құндылықтарды құқықтану пәнінің алатын орны ерекше.Әрбір білім алушының жүрегіне жол таба білу,оны қызықтыра білу,ойланып сөйлете білу – ұстаздың шеберлігінің жемісі. Егер балалардың есту қабілеті арқылы (дәріс,әңгіме) ақпараттың 220 пайызы, көру қабілеті арқылы дәріс+көренкілікпен 50

пайызын, дәріс көрнекілік техникалық оқу құралдарымен 70 пайызын қабылдап алатынын ескерсек, бұл әдістердің тиімді екеніне дау жоқ.

Сабақтың көрнекілік ұстанымын техникалық құралдар арқылы жүзеге асыру - оқушыларды білімге деген қажеттілікті тудыру ынталандыру және берілетін білімнің түсінуін қамтамасыз ету.

Педагогикалық технологиялар – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған, ол білімалушының өздігінен жұмыс істеуіне, өздігінен ізденіп білім алуына жетелейді.

Қазіргі кезде білімалушылардың білім сапасын жетілдіруде технологияларды пайдалануда оқытушының білімі жеткілікті, жаңалықты білуге, меңгеруге құштар болуы қажет.

Технологияның өндірістік және әлеуметтік технология секілді түрлері бар. Соның ішінде әлеуметтік технология адамдық факторды қарастырып, субъектінің өсуі мен дамуына барынша ықпалдасады. Субъектіні жаңа сапалық деңгейге жеткізу мен дамытудың жолдары тек оқыту үрдісінде ғана жүзеге аса алады. Осыған байланысты технология педагогикамен ажырамас бірлікте қарастырылады. Энциклопедиялық сөздікте педагогикалық инновацияны... білім беру процесін айтарлықтай өзгертетін, жетілдіретін немесе жаңартатын білім саласындағы жаңалық [2] десе, ал, Қ. Мұқанованың зерттеу еңбегінде: педагогикалық технология алдын ала жоспарланған нәтижеге жеткізетін реттелген әрекеттер жүйесі. Ол ғылыми тұрғыдан негізделіп, оқытушының кәсіби біліктілігін жетілдіретін, оқытуда межелеген түпкі нәтижеге жетуге кепілдік беретін іс-әрекеттер жүйесі [3] деп түсіндіреді. Яғни жоғарыда аталған анықтамалардан педагогикалық технология оқыту жүйесінде жаңалықты, тиімділікті, түпкі нәтижені қажет ететіндігін түсінеміз. Бұл ретте, инновацияның алатын орны ерекше.

К. Өстеміров педагогикалық технологияны анықтауда мынадай тұжырымды анықтамалар тізбегін ұсынады:

Технология дегеніміз – белгілі бір процестерді жүзеге асыру әдістері жайындағы білімдердің жиынтығы. Технология дегеніміз – оқу процесін жандандыру мақсатында ұйымдастырылған, белгілі бір мақсатқа жұмылдырылған, алдын ала ойластырылған ықпал мен әсер. Технология дегеніміз – оқу процесін ойдағыдай жүзеге асырудың мазмұнды техникасы. Технология дегеніміз – тәжірибе жүзінде орындалатын белгілі бір педагогикалық жүйесінің жобасы [4].

Қазір педагогика жаңалықтарын қолданылып жүрген пән ерекшеліктеріне қарай пайдалана білу оқытудың мақсатына жетудің бірденбір жолы. Яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, білімалушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы оқу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алуда бірлесе әрекет ету.

Шығармашыл, ізденімпаз, таным кең тұлға қалыптастыру – қазіргі оқу үрдісінің ең басты талаптарының бірі, оның жолы – білімалушының танымдық ізденісін тиімді ұйымдастыру. Осы тұрғыда білімалушымен әртүрлі тапсырмалар орындауға болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [5] – делінген.

Қазіргі заман ағымына байланысты білім алушылардың білімге қызығуын арттыру үшін оқытушыларға жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру тәжірибесіне енгізілуде. Осылайша, жаңа инновациялық білім беру технологиялары білім берудің іргетасын, шығармашылық бастауды, кәсібилікті қамтиды.

Уақыт талаптарына жауап беретін мамандарды даярлау міндеттерін шешу жоғары мектептің білім беру процесіне технологиялық инновацияларды енгізуге көмектесе алады. ЖОО-ның оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану оқытуды дараландыру мен саралаудың дидактикалық принциптерін жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерін туғызады, білім алушылардың танымдық қызметін, олардың шығармашылық белсенділігін, санасын дамытуға оң әсер етеді, оқытудан өз бетінше білім алуға көшу шарттарын жүзеге асырады. Білім берудегі заманауи технологиялар жаңа білім беру парадигмасы іске асырыла алатын құрал ретінде қарастырылады. Осы ретте құқықтық пәндерді оқытуда:

- жеке тұлғаға бағытталған технологиялар;
- модульдік-блоктық технологиялар;
- ақпараттық-коммуникативтік технологиялар;
- басқару технологиялары;
- ойын технологиясы;
- оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясы;
- нақты жағдайлар әдісі (кейс-стади);
- интерактивті оқыту технологиясы;
- тілдік портфель немесе портфолио;
- жобалық технологияларды пайдалануға болады.

Мақалада тәжірибемізде қолданып жүрген жобалау технологиялары бойынша баяндаймыз.

Екі ғасырлық даму тарихы бар жобалау технологиясы бүгінгі оқу процесінде кеңінен қолданылуда. Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – білім алушылардың өмірде пайдалы болуы мүмкін және қажет білімдерге жеке қызығушылығын көрсету, нақты өмірден алынған, білім алушы үшін таныс және маңызды мәселе, оны шешу үшін алған білімін, жаңа білімдерін қоса беру, оқытушы берген ақпараттың жаңа көздерін пайдалана отырып, білім алушының ойын өз бетінше жетілдірудегі қажетті бағыт таңдауы. Жобалау іс-әрекеті арқылы алынған білімді ісжүзінде қолдануды көрсету. Басқаша айтқанда, теориядан практикаға, академиялық білімді прагматикалық, оқытудың әрбір кезеңінде тиісті тепетеңдікті сақтай отырып біріктіру.

Жоба әдісін қолдана отырып оқыту технологиясы ЖОО-ның жұмыс тәжірибесінде қолданылатын іздеу-зерттеу технологиясының нұсқаларының бірі. Бұл технологияны оқытудың басқа әдістерімен ұштастыра отырып пайдаланған жөн. Жоба, әдетте, аралас оқу пәндерінің түйіскен жерінде қолданылады және білімнің түрлі салаларынан ақпаратты біріктіреді.

Жобалау – оқытушы мен білім алушылардың алдағы зерттеу қызметінің негізгі бөлшектерін алдын ала жасау.

Жобалау – күрделі көп сатылы қызмет. Жобалау технологиясының үш кезеңін бөліп көрсетуге болады:

1. модельдеу – «жаңа өнім» құру мақсаттарын (жалпы идея) әзірлеу,
2. жобалау – құрылған үлгіні одан әрі әзірлеу және оны практикалық пайдалану деңгейіне жеткізу,
3. құру – құрылған жобаны әрі қарай нақтылау, оны нақты жағдайларда осы оқу процесінің нақты қатысушыларының пайдалануы үшін жақындатады

Оқытудағы жобалау технологиясын қолданудың мақсаты – білім алушыларды ЖОО-да оқудың ерте кезеңдерінде шығармашылық ғылымизерттеу жұмыстарына қосу.

Осы технологияның негізгі принциптері:

- болашақ мамандық саласында нақты ғылыми білім алу;
- алынған ақпаратты дәл бақылауға және талдауға үйрету;
- сараптамалық жұмысқа баулу;
- логикалық, сыни, проблемалық-бағытталған пәнаралық ойлауды қалыптастыру.

Жобалау технологиясының негізінде білім алушылардың танымдық дағдыларын дамыту, өз білімдерін өздігінен құрастыра білу, ақпараттық кеңістікте бағдарлай білу, сыни ойлауды дамыту жатыр.

Әртүрлі жағдайларда жобалардың тақырыбын таңдау түрлі болуы мүмкін. Тақырып бекітілген Білім беру бағдарламалары шеңберінде тұжырымдалуы немесе оқытушының өз пәні бойынша оқу жағдайын, білім алушылардың табиғи кәсіби мүдделері мен қабілеттерін ескере отырып ұсынуы мүмкін. Жобалардың тақырыптары білім алушылардың өздері де ұсынылуы мүмкін, олар тек таза танымдық қана емес, сонымен қатар шығармашылық, қолданбалы. Жобалардың тақырыптары осы мәселе бойынша жекелеген білім алушылардың білімін тереңдету, оқыту процесін саралау мақсатында жоғары оқу орнының бағдарламасының қандай да бір теориялық мәселесіне қатысты болуы мүмкін. Алайда, жобалардың тақырыптары тәжірибеде өзекті және сонымен қатар білім алушылардың білімін бір пәннен емес, әр түрлі саладан, білім алушылардың шығармашылық ойлауын, зерттеу дағдыларын талап ететін қандай да бір тәжірибелік мәселеге жатады.

Қандай да бір жобалық мәселені шешу барысында білім алушыларға ғылымның түрлі салаларынан білім мен іскерлікті қолдануға тура келеді.

Жобалау жұмысын қорғау түрінде емтихан өткізуге болады. Жобалық тақырыпты әзірлеу білім алушылардың білімін мәселені шешуге жұмылдырады, ғылыми жұмысқа тартады. Бұл емтихан түрі тәжірибеде көрсеткендей, білім алушыларға қызықты.

Оқытуды ұйымдастырудың мұндай түрі оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ол тиімді кері байланыс жүйесін қамтамасыз етеді, бұл білім алушылардың ғана емес, курстық жобаны әзірлеуге қатысатын оқытушылардың да жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді. Оларға өз тәжірибесін ұғынудың, өзінің кәсіби шеберлігін жетілдірудің, пәнаралық байланыстарды нығайтуға, талаптардың бірлігін әзірлеуге бағытталған педагогикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетудің жаңа мүмкіндіктері беріледі, бұл, сайып келгенде, оны ақпараттандыру негізінде оқу процесін оңтайландыруға ықпал етеді.

Айта кету керек, барлық білім беру процесін жобалық оқытуға көшіру орынсыз. Білім беру жүйесін дамытудың заманауи кезеңі үшін практиканы технологиялардың алуан түрлілігімен байыту маңызды, олардың бірі жобалау технологиясы болуы мүмкін.

Оқыту мақсаты білім алушылар үшін жағдай жасау болып табылады:

- түрлі дерек көздерден қажетті білімді өз бетінше және мұқият алады;
- танымдық және практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімді пайдалануды үйренеді;
- әр түрлі топтарда жұмыс істей отырып, қарым-қатынастық біліктерге ие болады;
- зерттеу іскерліктерін дамытады (мәселелерді анықтау, ақпарат жинау, бақылау, эксперимент жүргізу, талдау, болжамдар құру, жалпылау);
- жүйелі ойлауды дамытады.
- Жобалық оқытудың бастапқы теориялық ұстанымдары:

- басты назарда - білім алушы, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету;
- білім беру процесі оқу пәнінің логикасына емес, білім алушы үшін жеке маңызы бар іс-әрекет логикасына құрылады, бұл оның оқуға деген ниетін, құлшынысын арттырады;
- жоба бойынша жеке жұмыс қарқыны әр білім алушының өз даму деңгейіне шығуын қамтамасыз етеді;
- оқу жобаларын әзірлеуге кешенді көзқарас білім алушының негізгі физиологиялық және психикалық функцияларының үйлесімді дамуына ықпал етеді;
- базалық білімді терең, саналы игеру әртүрлі жағдайларда оларды әмбебап пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі.

Осылайша, жобалық оқытудың мәні білім алушы оқу жобасымен жұмыс істеу барысында нақты процестерді, объектілерді меңгереді. Ол білім алушының нақты жағдайларды тұруын, оны құбылыстардың, процестердің тереңдігіне және жаңа нысандарды құрастыруға тартуды көздейді.

Білім алушы мен оқытушының іс-әрекет жүйесін бөлу мақсатында жобаны әзірлеу кезеңдерін алдын ала анықтау маңызды. Қазіргі кезде жобаны әзірлеудің келесі кезеңдері қалыптасты: жобалық тапсырманы әзірлеу, жобаның өзін әзірлеу, нәтижелерді жинақтау, қоғамдық презентация, рефлексия.

Кез келген жаңа педагогикалық технологияның пәні – нақты құрылымдау, жүйелеу, бағдарлау, алгоритмдеу, оқыту немесе тәрбиенің әдістері мен тәсілдерін стандарттау негізінде, компьютерлендіру және техникалық құралдарды енгізумен ұйымдастырылған әр түрлі қызмет түрлеріндегі студенттер мен оқытушылардың нақты өзара іс-қимылы болып табылады. Сонымен, заманауи педагогикалық технологиялар оқытудың мазмұнын жаңаша іске асырады және қойылған дидактикалық мақсаттарға Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ғылыми тәсілдерін қарастыра отырып, білім алушыларға көрсетілетін білім беру қызметтерінің ауқымын кеңейтеді, оқытудың жаңа түрлерін, әдістері мен құралдарын өзгертеді және ұсынады. Қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды пайдалану – жоғары білім беруді дамытудың ең перспективалы бағыттарының бірі, ол оқу процесін жекелендіруге, оқыту мен тәрбиелеуді қарқынды дамытуға, болашақ маманның тұлғасын қалыптастыруға және белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 1 қыркүйек 2020 жыл.
- 2 Білім және Ғылым. Энциклопедиялық сөздік/ред.басқ. Ж.Қ.Түймебаев. – Алматы: Атамұра, 2009. – 135 б.
- 3 Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялармен оқыту құралдары. – Алматы: ЖШС Казпрофтех.
- 4 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. 6 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы: Ғылым, 2013.

ДУАЛЬДЫ БІЛІМ – БІЛІКТІ МАМАН ДАЯРЛАУДЫҢ НЕГІЗІ

Ерғазиева Айгүл Алпысбайқызы

Директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары

Дуальды оқыту жүйесі дегеніміз - теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясы.

Ол алғаш Германияда пайда болып, негізі қаланды. Дуальды оқыту жүйесінің кәсіби мамандар даярлауда тиімділігі мен нәтижелілігі зор екендігі тәжірибеде дәлелденген. Дуальды оқыту жүйесі қазіргі дүние жүзілік тәжірибеде бар дүние. Оның жарқын мысалдарының бірі - Германиядағы кәсіптік-техникалық білім берудегі даярлаудың дуалдық жүйесі. Мұнда оқушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды.

Дуальды оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – техникалық – кәсіптік оқу орындарының жұмыс беруші жеке сектордағы өндіріс, шаруашылық мекемелерімен серіктестік ретінде бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық-технологиялық бағдарламаларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау.

Қазіргі кезде әлемде оқытудың дуалды жүйесі-техникалық және кәсіптік мамандар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Нақты өндіріс жағдайларына бейімделген, жұмыс орнында дағды мен білімді тікелей игеруге бағытталған, практикалық сағаттардың оқыту бағдарламасына барынша үйлесіммен біріктірілетін білікті мамандарды дайындау қазіргі кезде білім берудің дуалды жүйесі деген атпен белгілі.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы ерекше орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүйедегі мәселелер, яғни жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасындағы алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету – бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Мұндай жағдайда жас мамандардың оқу үрдісінде алған білімдерін жүзеге асыру жоспарланатын кәсіпорын қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қосымша оқу, тәжірибеден өту, қайта даярлау қажеттілігі туындайды.

Соған орай бүгінде колледжде 9 мамандықтың 3,4 курс студенттер дуалдық негізде білім алууда. Олар: 07320100- «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану», 08410100-«Ветеринария», 07161300-«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 07130700- «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», 07140100- «Технология процесстерді автоматтандыру және басқару», 07310200-«Геодезия және картография», 1204000- «Су көлігін пайдалану» сынды мамандықтар нарықта қызмет жасап өз үлестерін қосуда. Колледжде дуальдық жүйе бойынша 60 мекемемен келісім шарт жасалған.

Бүгінгі күннің болмысы кәсіби білім жүйесі алдында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлау, өз мамандықтарын жетік меңгерген, өз мамандығы бойынша тиімді жұмыс жасауға қабілетті, тұрақты кәсіби өсуге дайын, әлеуметтік және онтайлы кадрларды даярлауды талап етеді. Осыған байланысты қойылған басты міндет - мемлекеттік құрылымдардың күшін біріктіру, жұмыс берушілер мен оқу орындарын облыстық кәсіпорындар мен өнеркәсіптерді білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселесінде жұмылдыру.

Дуальдық жүйе бойынша оқыту білім алушылардың кәсіби біліктер мен дағдыларды, іскерліктерді тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп,

түрлі жүйелердің – білім, ғылым, өндірістің – өзара байланысын, өзара әсерін, өзара кірігуін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыратындығы сөзсіз.

Техникалық және кәсіптік білім беруге қазіргі уақытта ел көлемінде айрықша мән беріліп отыр. Техникалық және кәсіптік-білімнің бәсекеге лайық ілгерілеп дамуы мемлекет, бизнес құрылымдарының және азаматтардың әлеуметтік жағдайына орасан серпін берері сөзсіз. Дуальдық жүйе маман даярлауда өндіріс, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіптік білім берудің түрі. Бұл өндіріс орны үшін экономикалық жағынан тиімді. Маманды қайта даярлауға, жұмыс орнына бейімдеуге уақыт кетпейді. Білім алушы жастар үшін өмірдегі өз орнын ерте табуға мүмкіндік туады, жұмысқа ерте араласып, бейімделеді.

Қазіргі кезде, әлемде оқытудың дуальды жүйесі кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорындарда технологиялық, диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді. Шаруашылықтың қай саласын да өздері таңдаған мамандықтарын кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп, озық технология мен заманауи техника тілін меңгергендер ғана дамыта алады. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік, теория мен тәжірибенің үйлесімділігі атқарады. Бұл үйлесімділік дуальды білім беру жүйесінде жан-жақты өрістей алады. Өңірлерде дуальдық жүйені енгізу бойынша жұмыстар кәсіпорындармен оқу жоспарларын, оқу процесінің кестесін қайта қараумен, кәсіптік білім беру орындарының материалдық-техникалық базасын жетілдірумен тығыз байланысты. Сонымен қатар, мамандықтар тізімін ұлғайтуға, оқытушылардың біліктілігін арттыруға ден қойылуда. Дуальды жүйемен оқытудың жетістігі көп.

Біріншіден, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған студент жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.

Екіншіден, жақсы білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.

Үшіншіден, «тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді. Теориядағы қиындық келетін терминдер мен есептерді тәжірибе жүзінде шешеді.

Төртіншіден, жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап ұзақ уақыт өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.

Бесінші, оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді. Алтыншы, бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі өндірісте болғандықтан оқушы оны күнделікті көріп, игереді. Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы дуальды оқыту технологиясы енгізіліп, жүзеге асқан кезде қол жеткізетін нәтижелер. Еліміздегі кәсіби-техникалық білім беру жүйесі ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Өйткені, экономиканың қарқынды дамуымен кәсіби-техникалық маман иелеріне сұраныс та күн санап артуда. Соған орай, теориядан гөрі тәжірибеге басымдық берілетін дуальдық жүйені енгізу халықты жұмыспен қамту проблемасын шешудің бірден-бір тиімді жолы екендігі анық.

Дуальдық оқыту жүйесі элементтерін енгізудің мақсаттары:

Колледж ұжымының мақсаты:

1. Дүние жүзілік білім кеңестігіне теңестірілетін техникалық және кәсіптік білім берудің тиімді жүйесін жасақтау;
2. Жұмыс беруші талабына сай оқу жоспарларын және оқу бағдарламаларын жасау;
3. Еңбек нарығындағы сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау;
4. Оқу орнының оқу-материалдық базасын заман талабына сай жаңа техникалық, технологиялық лабораториялық жабдықтармен қамту;
5. Оқытушылардың біліктілігін арттыру үшін өндіріске енгізіліп жатырған жаңа технологиялары- мен және жабдықтармен таныстырып отыру мақсатында өндірісте тағылымдамадан өткізу;
6. Әлеуметтік серіктестермен байланыста студенттерді өндірісте тәжірибеден өткізу және бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігіне ие болу.

Әлеуметтік серіктестіктің мақсаты:

1. Оқу орнына қандай және қанша маман дайындау туралы ақпарат беру;
2. Оқу орнына маман дайындауға өз талаптарын қою;
3. Оқу орнымен бірлестікте оқу-материалдық құжаттарды дайындауға қатысу;
4. Студенттерді оқу және өндірістік тәжірибеден ақылы өткізу мүмкіндігін қарастыру, шешу;
5. Студенттерді оқу және өндірістік тәжірибеден өткізуге жағдай жасау;
6. Оқу орнын бітірушілерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігін кеңейту;

Студенттердің мақсаты:

1. Теориялық білім мен тәжірибе арасындағы алшақтықты жойып, кәсіби құзіретке негізделген білім алу;
2. Өндірісте оқу және өндірістік тәжірибеден ақылы өту мүмкіндігін алу;
3. Колледж бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болу.

Білімгерлер өздері таңдаған мамандықтардың кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп қазіргі заманауи озық технологияны меңгеріп ары қарай дамытуы керек. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік және теория мен тәжірибенің үйлесімді болуынан дуалды білім беру жүйесін енгізу қажет. Дуалды оқыту кәсіптік техникалық оқу орны мен өндірісте бірге оқыту. Бұның ерекшелігі – еңбек нарығына қажетті жас мамандарды даярлауға кәсіптік техникалық колледждер ғана емес, сонымен қатар жұмыс беруші, өндірістік мекемелердің де жауапкершілігі артады. Қазіргі кезде еңбек нарығында білікті мамандар тапшылығы болып қол күші жетпей жатады. Қалыптасқан жағдайда білім беруді ұйымдастыру, яғни жас маманның өндірістік машықтандырудан толық кәсіпті игеруіне жағдай жасау. Бұл мақсатқа жетудің жолы негізгі сапалы білім беріп, дұрыс жолға бағыттаушы, білімгерлердің кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайларды жасаушы-өз мамандығын жетік білетін кәсіби дағдылары педогогикалық дарыны бар жаңашылдыққа ұмытылатын өзіне сын көзбен қарай алатын оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері қажет. Білімді үйреніп басқаларға үйрету-халыққа сапалы қызмет көрсетудің тетігі тәжірибелі, білімді мамандардың қолында-деп бекер айтылмаса керек. Білгенін басқаларға үйрету үлкен сауапты іс деп ойлаймын. Ол үшін білікті де тәжірибелі тәлімгерлерден өндірістік базасында, жұмыс орнында жұмыстың әдістерін, қыр сырын үйлесімі- мен үйреніп сұранысқа ие нағыз өз ісінің шебер иесі болуға тырысу. Теориялық біліммен қатар өндірістік машықтану кезінде білікті мамандар дайындау мәселесін шешуге бағдарланған құрылымдармен, сондай-ақ кәсіптік техникалық колледж білім беру мекемелерімен сұранысқа ие болатын білім беру жүйесін енгізу жан-жақты талқылануы қажет. Әлемдік тәжірибеге қарағанда, білім берудің дуалды жүйесі мамандықты толықтай игеруіне ықпал етіп, еңбек өнімділігі артады және жұмыссыздық азаяды. Дуалды білім беруде әлеуметтік серіктестермен тығыз байланыста болу. Еңбек нарығы жағдайларына байланысты кәсіпорындармен әлеуметтік серіктестік мекемелермен келісе отырып, өндірістік машықтандыруды жүзеге асыру бойынша бірігіп дуалды оқытуда

мамандар дайындауда – әдістемелік мәселелер бойынша келісім шарт міндеттерін жасау. Студенттердің қызығушылығы мен мекемелердің сұранысына қарай жұмысқа деген ынтасын ептілігі мен ұқыптылығын арттыру. Дуалды жүйе бойынша оқытылатын тұлғаның қажетті біліктілік пен еңбек дағдыларына, кәсіби білімге ие болса еңбек нарығында сұранысы жоғарылайды. Сонымен бірге оқу орныны болсын мекемелерде де осы мамандыққа деген сұраныс көбейіп, халықтың жұмыссыздығы кемиді. Бұл біздің кәсіптік техникалық колледждердің, білім беру мекемелерінің бәсекелесуге қабілеттілігін жоғарылатады деп сенеміз. Өндіріс орындарының сұранысы негізінде кәсіби деңгейі жоғары көп салалы маман даярлауда колледж қосымша жұмысшы мамандықтарды оқытуды қажет етеді. Көп салалы мамандықтарды даярлаудың, қосымша мамандықтарды игерудің негізгі түсінігі тәжірибедегі уақыттарын тиімді пайдалану өндіріс орындарымен келісілген оқу жоспары арқылы жүргізіледі.

Қазіргі кезде кәсіптік техникалық колледждер заманымызға сай жаңару мен даму үстінде. Бұның барлығы кәсіптік білім беруде оқытудың заманауи бағдарламалары мен оқыту әдістемелерін жаңғырту игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізе түседі. Дуальды оқытудың артықшылығы ең алдымен жас мамандардың жұмысқа орналасуының жоғарғы пайзын көрсетеді. Өйткені олар жұмыс берушінің талаптарына толығымен жауап береді Дуалды білім беру процесі, ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, студенттің шығармашылық іскерлік сапаларын, коммуниактивтілігін, жұмысқа бейімділігін, рухани-адамгершілік мәдениетін және болашақ мамандардың сауаттылығын қалыптастырады. Дуалды білім беру жүйесі оқу үрдісінде кәсіптік техникалық колледждер базасында қалыптасып, жұмысшы мамандарды өндіріске бейімдеу қажет.

Қорыта келгенде, егер дуальдық жүйемен оқыту әдістемесін жетілдіріліп, заңды түрде күшіне енгізілсе, жақсы нәтиже береді деп есептеймін:

1. Дуалдық жүйе - оқытудың дәстүрлі түрлері мен әдістерінің негізгі кемшілігін, яғни теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты жояды;
2. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері бітіруші түлектерін кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру үшін жұмыстанады;
3. Жұмыс берушімен тығыз байланыста жұмыс жасайтын оқу орны болашақ мамандарға қойылатын талаптарды ескеріп отырады;
4. Әлеуметтік серіктестіктер өндіріс талабына сай, білім алушыға қойылатын біліктілік талаптарды дайындауға, кәсіптік стандарттарды, дуальдық оқыту жүйесі бойынша өзгертін модульдық бағдарламаны, оқу бағдарламасын дайындауға және оқытушыларды тағылымдамадан өткізуге қатысады;
5. Әлеуметтік серіктестіктер мамандар дайындау бойынша мемлекеттік тапсырманы қалыптастыруға қатысады;
6. Студенттің кәсіби дайындық деңгейін бағалау және біліктілікті тағайындау үшін құзырлы мамандар мемлекеттік емтихан комиссиясы мүшесі ретінде қатысады;
7. Білім алушы дуальдық жүйемен оқыту нәтижесінде белгілі құзіреттерді меңгерген кәсіби дағдыға ие болады;
8. Оқу орнын бітіруші жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Студенттер осы әлеуметтік серіктестермен теория мен тәжірибені ұштастырып жұмыстар жасауда және олар өндірістік машықтану кезінде озат іс тәжірибелі мамандардан үйреніп, жаңа жабдықталған технологияны меңгереді және жұмыстар жасайды.

Біздің басты бағытымыз – өзінің туған жері мен елін сүйетін, білімді де білікті, ұтқыр ойлы ұрпақтар тәрбиелеу. Тәлімгерлеріміз сапалы білім алып, отанға деген патриоттық сезімін, еліне деген сүйіспеншілігін болашаққа деген нық сеніммен қадам басып өз міндеттеріне жауапкешілікпен қарайды деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қазақстан – 2050» стратегиясы –қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
3. «Кәсіптік мектеп» журналы №2, 2010 ж.
4. Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.
- 5.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018жылғы 2 қарашадағы №611 бұйрығы 5 қосымша және 2018жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығы 5қосымша

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қожахметова Асем Сансызбайқызы

О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі,
биология пән оқытушысы

Кіріспе

- 1 Жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдері
- 2 Модульдік оқыту технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру
- 2.1 Модульдік технологиямен оқытуға тән ерекшеліктер және модульдік технологияның тиімділігі
- 3.Саралап деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясын биология сабақтарына еңгізу жолдар
4. Қорытынды
- 5.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуға. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білімінің сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады.

Осы тұрғыдан бүгінгі күні жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып тәрбие беру мұғалімнің басты міндеті.

Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуға. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибегенегізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алуының маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзін-өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдері.

Қазақстан Республикасының «білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процестерді кезкелген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Жалпы білім беретін мектептегі биология пәнінің бастауыш білім беру сатысындағы дүниетану пәні негізінде құралады. Бұл пән бойынша оқушыларға еліміздің табиғаты, табиғи

байлығы, экономикасы, ғылымы мен мәдениеті, этика, әдеп, эстетика, адам-адам, адам қоғам, адам табиғат арасындағы қарым қатынас түрлері жайында ғылыми сарамандық ұғымдар беріледі. Пәнді оқып үйрену барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: адам, қоғам, табиғат саласынан білім алады. Биология, химия, география пәндерінің бастама негіздері қаланып, соның ішінде қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады.

Биология-бұл орта буында алғаш қосылатын пән. Сондықтан орта буында өсімдік құрылысы өсімдік жайындағы білім берудің алғашқы баспалдағымен танысады. Осы пәнді оқытуда жаңа технологиялардың тиімді әдісін алып жетілдіру барысында есте сақтауға негізделген ақыл ойын дамытатын оқуға көшу, мұғалім мен

Оқушының тең субъектіге түсіп, ынтымақтастықта болуын қажет етеді. Ынтымақтастық идеяларында тұжырымдамада қаралған азаматтастыру мәселесі еркін білім беруде оқушының және тұлғалық күшінің дамуына және шығармашылық деңгейінің өсуіне көмектесетін жоба қажет болады. Осы тұрғыда сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы оқушылардың тұлғасын дамытуға зор үлесін қосады.

Сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы стратегияларды пайдалануда оқушылардың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруға жол ашады. Оқушы жүрегіне жол тауып, оның білімге деген құштарлығын арттырып, өзін-өзі тәрбиелеуін ғылыми деңгейде ұйымдастыру үшін, әр оқушының дара ерекшеліктерін ескере білім алуға қабілетін зерттей отырып, тұлғалық негізінің ашылуына жол ашатын ұстаз.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан жобасымен танысып, оның стратегияларын өз тәжірибелеріңізде қолданудан өзіңіздің біліктілігіңіздің арта түскендігін аңғарасыз. Биология пәні бойынша, «өсімдіктердің көбею мүшелері», «гүлдің құрылысы» атты тақырыптардағы сабақтарда осы технологиялардың тиімді әдістерін қолдануға болады. Сонымен қатар сабақтарда «кубизм», «топтастыру», «бес жолды өлең», «түртіп алу жүйесі», «венн диаграммасы» стратегияларын жиі пайдалануға болады.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін осындай тиімді әдістердің пайдасы бар. Бұл сабақтардың дәстүрлі сабақтардан өзгешелігі топтап отырып, оқушыларға жеке, жұпта, топта ойларын ортаға салып талдайды. Осы стратегияларды пайдаланып өткізген сабақтарда өз ойын анық айтып, өзін еркін ұстап, өз білімін өзі талқылауға оқушыларға мүмкіндік жасалынады.

Ортаға салған ойларын мәтіндегі негізгі ойға сәйкестендіріп қағаз бетіне түсірерде де қорғайды. Әр топ қағаз бетіне түсірген сызбаларды талқылап жатқада сөйлейтін оқушы да топ мүшелерінің оргументтерін жинақтап сөйлеуге дайындалады. Бірінші кезеңде оқушылар әрі ойланып, әрі еске түсіріп, әрі жазып, өз ойларын саралап, өзге оқушылардың пікірін тыңдап, білімін кеңейте түседі. Ортамен қарым қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын қорғай білуге, айта білуге үйретеді. Оқушылардың жазған пікірі басқа оқушылардың пікірін тыңдап толықтырып, топта сызба ретінде түсіргенде ойындағы негізгі қажеттігін жазады.

Эссе — өз ойын білдіру, ішкі жан дүниесін ұғу, күнделікті өмірде туындайтын ойларды айту мен эссе жаздыруға көп көңіл бөліп, өсімдіктану тіл сабақтарымен интегративті қолдануға мүмкіндік жасайды. Бұл жерде оқушыларға «Тамырдың маңызы», «Өсімдік пайдасы», «Гүлді өсімдіктер» тақырыптарында үйге эссе жазып келуге тапсырма беруге болады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізіндегі сабақ процесінде мұғалім мына нәтижеге жетеді.

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады
- оқушыны басқа жақтарынан таниды
- өзін жетекші бағыттаушы ретінде таниды
- өзі білмейтін ақпараттарға тап болады
- оқушының жұмысын бағалайды

Осы міндеттерді орындауды ұстаз өзінің тақырыбы мен сабақ үрдісінде стратегияларды ұтымды пайдаланып, оқушылар арасында жеке, топтық іс әрекеттерді ұйымдастырады.

«Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» стратегияларын сабақта пайдалана отырып өткізу барысында мынадай қорытындыға келуге болады:

- оқушы мен мұғалімнің кең дәрежеде сыйласуына;
- оқушыларға өз пікірін айта білуіне;
- оқыту процесіне барлық оқушыларды қамтуға;
- шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасайды.

Ең басты сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына оң нәтижесін беретін жоба. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ процесінде пайдалану үшін, әр мұғалім өзінің алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсат мүддесіне байланысты, өзінің шеберлігіне байланысты тандап алуға болады. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық, ізденіс, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады.

Модульдік оқыту технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру.

Модульдік оқыту технологиясының мәні: оқушы модульмен жұмыс істеу процесінде нақты мақсаттарға өздігінен (немесе белгілі көмек нәтижесінде) қол жеткізеді. Модуль бұл – оқу мазмұны мен оны меңгерудің технологиясы біріктіріліп берілген мақсаттық функционалдық түйін.

Модульдің құрамы:

- әрекеттің мақсатты жоспары;
- ақпарат банкі;
- дидактикалық мақсаттарға жетуге арналған әдістемелік нұсқау.

Бұл технологияны оқыту мазмұнына аяқталған дербес ақпарат блоктары түрінде ұсынылады. Оларды меңгеру дидактикалық мақсаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Бағдарламаны құру үшін курстың негізгі ғылыми идеялары бөлініп алынып, оқыту мазмұны солардың төңірегінде белгілі бір блоктарға топтастырылады. Содан кейін екі деңгейден тұратын кешенді дидактикалық мақсаттар анықталады. Оның біріншісі – оқу мазмұнын меңгеру деңгейі, екіншісі-оны практикада және оқуды әрі қарай жалғастыруда қолдануына бағдарлау деңгейі. Кешенді дидактикалық мақсаттардан кіріктірілген дидактикалық мақсаттар бөлініп алынады да, модульдер соған сәйкес дайындалады.

Модульдер үш типке бөлінеді:

- танымдылық, ғылым негіздерін оқытуда қолданылады;
- операциялық, іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру және дамыту үшін қолданылады;
- аралас, алғашқы екеуін қамтиды.

Модульдік оқыту барысында өзіндік жұмысқа барынша көп уақыт бөлінеді. Оқушы мақсат қоюға, жоспарлауға, ұйымдастыруға, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалауға үйренеді. Бұл оған оқу әрекетіндегі өз күшін байқап, сезінуге, өзінің білім, білік, дағдыларындағы кемшіліктерін табуына мүмкіндік береді.

Модульдік оқыту технологиясын қолдану оқытуды субъект қатынасына негіздеп құруға көмектеседі.

Модульдік оқыту технологиясын сонымен бірге бақылау, талдау және түзетуді өзін өзі басқарумен үйлесімдікте іске асырады:

жаңа модульмен жұмыс жасауға дайындық деңгейі қандай екенің білу үшін әрбір модульді бастамас бұрын оқушылардың білім, білік, дағдыларын алдын ала бақылау жүргізіледі; қажет болған жағдайда оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмысы жүргізіледі;

- әрбір модульдің құрамдас бөліктерінің сонында өзін өзі бақылау, бірін-бірі бақылау, үлгімен сәйкестендіру түрінде ағымдық және аралық бақылаулар өткізіледі;

- қорытынды бақылау модульдің соңында жүреді.

Модульдерді кез келген оқыту жүйелерінде қолдануға болады. Ол оқытудың сапасын жақсартып, тиімділігін арттырады. Сондай-ақ дәстүрлі оқытумен үйлестіру өте нәтижелі.

Модульдерді жасаудағы мақсат курс немесе курстың әрбір тақырыбының мазмұның педагогикалық, дидактикалық және кәсіптік міндеттерге сәйкес құрамдас бөліктерге бөлу болып табылады. Одан кейінгі мақсат-барлық құрамдас бөліктер үшін оқытудың ең тиімді түрлері мен формаларын анықтап, оларды уақыт жағынан үйлестіру және бір кешенге біріктіру, кіріктіру.

Модульдерге бөлуоқу пәнінің түсініктемелік аппаратын жүйелі түрде талдауға негізделеді. Ол іргелі түсініктер тобын бөліп алуға, оқу материалдарын жүйелі, тиянақты етіп топтастыруға, курс ішіндегі немесе іргелес, туыс пәндерге тақырыптарды қайталауды болдырмауға мүмкіндік береді.

Әрбір модуль қажетті дидактикалық, әдістемелік материалдармен, негізгі түсініктердің тізімімен, оқыту барысында қалыптасатын білік, дағдыларымен қамтамасыз етіледі. Әрбір модуль үшін оны меңгеру алдында оқушыға берілетін анықтамалық және иллюстративтік материалдар іріктеліп алынады. Сондай-ақ оқуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі дайындалуы тиіс. Әрбір оқушы бір модульден келесі модульге оқу материалдарын игеру қабілетіне қарай өз траекториясымен жүреді және ағымдық бақылау кезеңдерінен басқа оқушыларға қатыссыз өтеді.

Оқу материалдарын модуль бойынша құру – міндетті және маңызды процесс, себебі ол:

- пән мазмұнын дамыту логикасын нақты айқындауға;
- осы мазмұнның бөліктері мен байланыстарын белгілеуге;
- олардың автономдылығының деңгейін анықтауға,
- олардың арасындағы логикалық байланыстарды тек мұғалімнің ғана емес, оқушының да толық түсінуіне жағдай жасауға мүмкіндік туғызады.

Модульдің оқу материалдарының мазмұнын анық, дәл құру оқушылардың жетекші идеяларды, оқу пәнінің даму логикасын, жалпыланған білім жүйесін саналы меңгеруіне көмектеседі.

Оқу материалдарының мазмұның құру барысында оқу пәнін мұғалім белгілі бір жүйе ретінде қабылдауы тиіс. Логикалық құрылымды талдау графасы мұғалімге аталған модульді меңгерту кезінде оқушыларда қандай арнайы, пәндік білік, дағдылар қалыптасуы керек және оны игеру процесін жеңілдету үшін қандай жалпы білік, дағдылар қолданылатынын анықтауға көмектеседі. Қажетті біліктер мен дағдылар жүйесі оқушылардың жаңадан иергендерімен қоса, бұрынғы білік, дағдыларына сүйеніп қалыптасады. Оқушыда бұрыннан бар білік дағдылар танымдық іс әрекеттің жаңа тәсілдерін меңгеру үшін негіз болып табылады. Оқу материалдарын модульде орналастыру, баяндау жүйесі оқушыларда іс әрекеттің жалпылама тәсілдерін құрастыру үшін жағдай туғызады. Нақтылы бір бала үшін жаңа болып табылатын маңызды білік, дағдылар туралы ақпараттар модульдің мазмұнына еңгізіледі. Бұл мағлұматтар әр түрлі әрекеттеріне арналған бағдарлық негіз түрінде беріледі. Ол оқу іс әрекетін күтілетін нәтижеге ғана бағдарлап қоймай, осы нәтижеге қол жеткізетін тиімді әдістерді іздеуге де көмектеседі. Бұл оқушылардың іс әрекетте шығармашылықпен қарауын дамытып, модульдік оқыту процесінде өздігінен жұмыс істеу, білім алу деңгейін жоғарылатады. Мұны іске асыру модуль мазмұның құру кезінде белгілі бір шарттар ескерілген жағдайда мүмкін болады.

Модульдік технологиямен оқытуға тән ерекшеліктер және модульдік технологияның тиімділігі.

Модульдік технологиямен оқытуға тән ерекшелік – модульдегі басқару қызметі өзін-өзі басқару қызметі және өзін-өзі бағалау қызметіменалмасады. Оқыту процесінің дамуына қарай мұғалім оқытуды тиімді ұйымдастыру мәселесі бойынша кеңесші және координатор ролін көбірек атқаратын болады. Оқытуды басқару біртіндеп көзге білінбейтін, жабық түрдегі басқаруға айналады.

Модульдік оқытуға мынадай тәуелділік тән: оқытудың ақсатына – жеке тұлғаның шығармашылық дербестігін қалыптастыруға – теориялық жалпылау деңгейінде оқытудың мазмұны арқылы оқушылардың репродуктивті, продуктивті іс әрекетін іске асыратын әдістердің көмегімен қол жеткізеді.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін күтілетін нәтижеге және оған қол жеткізудің тиімді жолдарын іздеуге бағыттайтын мақсаттарды айқындау деңгейінде оқыту процесін дамыту бағыты беріледі, танымдық дербестігінің даму қарқыны анықталады. Оқытудың бастапқы кезеңінде бірінші модульмен жұмыс барысында оқушылар мұғаліммен бірге оқытудың мақсаттары мен міндеттерін айқындайды. Модульдің құрамдас бөліктерінің бірінен екіншісіне көшкен уақытта дәл сол бөліктегі оқу материалдарын толық меңгерудің қажеттілігін, яғни келесі бөліктегі материалдарды онсыз түсінуге болмайтының оқушылардың саналы сезінуіне жағдай жасау керек. Осылайша оқушылар өз әрекеттерінің бағдарламасын өздігімен құруға біртіндеп дағдыланады.

Модульдегі оқу материалдарын орналастырудың ерекшелігі олардың белгілі бір принциптер, заңдылықтар, жетекші идеялар деңгейінде игерілуін қамтамасыз етеді, әрекеттің жалпыланған тәсілдерін қалыптастырады. Бұл өз кезегінде оқушылардың танымдық дербестігі мен қабілеттілігін дамытады. Тек қарапайым міндеттерді ғана емес, жаңа технологиялық және практикалық міндеттерді шешуге итермелейді.

Қазіргі оқыту процесінде модульді оқыту технологиясы кеңінен қолданылуда және өз тиімділігін көрсетуде. Бұл технологияның ерекшеліктері:

Құрылымның үш бөлімнен тұруы (кіріспе, сөйлесу, қорытынды).

Өзін — өзі бағалау.

3.Топтық жұмыстағы белсенділік.

Көру, есту, жазу, сөйлеу құбылыстарының қатар жүруі.

5.Еркін тәрбиеге баулу.

Әрбір тарауға құрылған жоспар бойынша кіріспе бөлімінде сабақ түсіндіріледі. Сөйлесу бөлімінде оқыту, үйрету ойындары нәтижесінде оқушының ізденісі, қызығуы жалпы білім деңгейі артады. Қорытынды бөлімінде тарауды қорытындылау мақсатында тест алынады, соңынан сынақ тапсырылады. Барлық оқушыларға тест пен сынақ басы бойынша қорытынды баға шығарылады.

Оқуциклі ретінде ұдайы қайталанатын модульді өзінің құрылымы бар. Ол үш бөлімнен тұрады: кіріспе бөлімі (модульге, тақырыпқа ену), сұхбат бөлімі (көбінесе сұхбаттасу, диалогты қарым-қатынас арқылы оқушылардың іс әрекеттерін ұйымдастыру), қорытынды бөлімі (бақылау жұмысын алу). Әр модульге сағат саны әртүрлі беріледі және баланың шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндіктер жасайды.

Саралап деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясын биология сабақтарына еңгізу жолдары.

Мектептегі білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол – оқыту процесіне педагогикалық технологияларды кеңінен еңгізу.

Саралап деңгейлеп оқыту технологиясының мазмұны «модульдерге» бөлінеді. Модуль дегеніміз – мазмұны, талабы ортақ бірнеше тақырыптардан тұратын, күнтізбелік жоспардағы әрі бақылау жұмысының арасында өтілетін оқу атериялдары. Әр сабақ соңында үш сабақ ерекше болады:

- қорытынды өздік жұмыс сабағы;
- қатемен жұмыс сабағы;
- бақылау жұмыс сабағы.

Деңгейлеп саралап оқыту нәтижесінде төмендегідей табыстарға қол жеткізуге болады:

- әр тақырыптың 1 –деңгейінің тапсырмаларын міндетті түрде және дұрыс орындаған үшін «зачетін алу арқылы, әр оқушы пән бойынша 100 процент үлгеруіне кепілдік алады»;
- әр тақырып бойынша қорытынды баға оның әлі келгенше еңбектеніп жинап алған ұпайына сәйкес қойылады;

- әр оқушы үй тапсырмасы мүмкіндігіне қарай саралап беріледі,
- оқушыға табиғи жолмен кәсіптік бағдар беру және оның қабілеті жететін саласынан дарының ашуға жағдай жасалынады.
- Рейтинг жүйе бойынша бағалау.

Деңгейлеп саралап оқыту оқушылардың білімін жаңа әдіспен, яғни рейтинг жүйе бойынша бағалауға мүмкіндік береді. Рейтингтік жүйеде сабақта орындаған әрбір тапсырмаларын ұпай арқылы бағалап отыру көзделеді. Аталған жүйе оқушылардың оқу сапасын, білімді игеру дәрежесін барынша толыққанды көрсетеді. Рейтингтік жүйе оқушының тапсырманы өз бетінше орындауына мүмкіндік жасайды. Рейтингтің арқасында ұстаз бен шәкірттің арасында оқушының ақыл – ой әрекетінің басқа да сипаттамалары, атап айтсақ, орындау тездігі, түсінігінің тереңдігі арқылы оқу мотивін арттырып көрсететін кері байланыс үзілмейді.

Рейтинг жүйесінің артықшылықтары оқушы қызметінде:

- Оқушының жеке тұлға ретінде өз бетінше дамуы мен тәрбиесіне ықпал етеді;
- Пәнді оқытуды ізгілендіру ұстамына жәрдемдеседі;
- Оқу жұмысында мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын қалыптастырады;
- Рейтингті бақылау қызметі тәрбиелеуші, дамытушы, бақылаушы және басқарушы рөл де атқарады.

Рейтингтік жүйе оқушылардың танымдық іс-әрекетіне тікелей саналы түрде әсер етуге мүмкіндік туғызады. Шәкірттің ақыл – ой әрекетінің сипаттамаларын, тапсырманы орындау тездігі, түсіну тереңдігі т.б. көрсететін жүйелі байланыс сапасы артады;

Жұмыс нәтижесі мен өз мінез құлқын дұрыс бақылап – бағалау дағдысын қалыптастырады;

Ырықты зейінін тәрбиелеп, жетілдіруге ықпал етеді.

Мұғалім қызметінде:

Оқушының оқуындағы кемшіліктерді анықтап, түзетудің әдістері мен тәсілдері алдын ала белгілі жүйеге келтіру мүмкіндігі бар;

Бақылау үлгілерін, бағалаудың қалыпты критерийін жасау;

Оқу қызметін тиімді ұйымдастыру мен оған түзету жасау тәсілдерін меңгеру;

Сыныптағы әр оқушы үшін жаңа көңіл – күй ахуалын қамтамасыз етуді жоғары деңгейде ұйымдастыру.

Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқыту – оқушының жеке бас ерекшелігі, рухани дүниесі, қабілеті, бейімділігін ескере отырып, оқу процесі арқылы әр оқушының өз бетінше танымдық қызметін, белсенділігін дамытуды көздейді.

Қорытынды.

Мектептегі білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол – оқыту процесіне жаңа технологияларды кеңінен еңгізу.

Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибегенегізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзін-өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – Москва, 1991.
2. Занков Л.В. Беседы с учителями. Изд. 2-ое-Москва, 1975.
3. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Әдістемелік құралдар. № 1,2,3,4. 1998.

4.Әбеуова И. Сын тұрғысынан ойлау мен дамытпалы оқыту. «Дауыс және көрініс» журналы. №1, 2001.

5.Источник: <https://www.tarbie.kz/24148>

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Алпамысқызы Гүлфара

О.Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі, химия пәні оқытушысы

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістемесінің заман талабына сай толық білім беруге, меңгертуге кепілдік бермейтіндігін оқу тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту процесінде іске асу үшін оны технологияландыру қажеттігі туады.

XXI ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алып, Қазақстанның жан-жақты дамуының бірден-бір жолы білім мен ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Білім мен ғылым қызметкерлерінің III съезінде «Құрылымдық өзгерістер мұғалім кадрларын әзірлеу жүйесін оздыра отырып, дамыту мен қамтамасыз етілуі тиіс»-деп, атап көрсетті.

Экономикасы күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кепілі екендігін көрсетіп отыр. Олай болса қазіргі заманның ақпараттық және телекоммуникациялық технологиясын игеру әрбір мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Оқу мен тәрбие саласындағы мұғалімдердің алдында тұрған аса маңызды міндет — талабы таудай дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып, оны жетілдіріп шығару. Қазіргі кезеңде мұғалімінің алдында тұрған маңызды , жауапты міндеттің бірі- оқушыға тиянақты білім беру. Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану , оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетеді. Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған.

Заманымыздың білім жүйесі оқу- тәрбие үрдісінде технологиядағы түрлілігімен сипатталады. Бүгінгі таңда педагогикалық технологияға ерекше көңіл бөлудің себебі неде?

Біріншіден, педагогикада іскерлік жүйесінің жаңа жолын табуға қажеттіліктің тууы.

Екіншіден, оқытуда жеке белгілей оқыту, білім беру тиімділігін арттыру. Қорыта айтқанда, технологияны жобалау — оқушы мен ұстаз арасындағы өзара қатынасты қалыптастырып, білімге қызығушылығын арттыруды бір жүйеге келтіру, әдіс-тәсілдердің түрлерін енгізу. Олай болса, осы педагогикалық жүйені дамыту, оны практикада пайдалану шарт. Бұл жетістіктерге арнайы курс, тәжірибе алмасу және жалықпай іздену арқылы жетеді. Демек, білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту бүгінгі күннің объективті заңдылығы.

Ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі мақсаты

–Оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы – коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.

Ақпараттық технологияларды қолданудағы негізгі **міндеттері:**

– Ғылыми – педагогикалық әдебиеттерден жаңа ақпараттық технология туралы мәліметтер жинақтау, озық тәжірибелермен танысу.

– Жаңа ақпараттық технологияны ұйымдастыру үшін материалдық техникалық базаны жетілдіру, іс шаралар кешенін әзірлеу.

– Компьютерлік және саралап, деңгейлеп оқыту технологиясын оқыту үрдісіне енгізу негізінде:

а) Химия пәнінен электрондық оқулықты қолдану арқылы өткізілген сабақтардағы оқушылардың білім деңгейінің көрсеткіштерін анықтау.

б) Химиядан өткізілген дәстүрлі және электронды оқулықты қолданып оқытылған сабақтардың білім сапасына әсерін зерттеу, талдау.

в) Химиядан өткізілген дәстүрлі және электронды оқулықты қолданып оқытылған сабақтардың салыстыруына сараптама.

Зерттеу әдістері:

Бақылау алу, тестілеу, сауалнама алу, тәжірибе жасау, бағалау.

Заттардың құрамы мен құрылымын, қасиеттерінің құрылымына тәуелділігін, қасиеттері белгілі жаңа заттар мен материалдар алуды, химиялық өзгерістердің заңдылықтары мен оларды басқарудың жолдарын зерделеу- химия пәнін оқытудағы негізгі мәселелер. Заттар әлемін (олардың құрамын, құрылымын, бір заттың басқа затқа айналуын) зерделей отырып, оқушылар практикалық қызмет үшін тиянақты білім алуы тиіс. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

-мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

-зертханалық тәжірибелер;

-компьютер (компьютерлікбағдарламалар, интерактивтітақта);

-анықтамалықмәліметтер (сөздік, энциклопедия, карта, деректерқоры);

-интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Студенттердің сабаққа деген қызығушылығын ояту мұғалімнің сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылық пен қолдану сабақтың сәтті өтуінің кепілі.

Мұғалім күнделікті әрсабағына шығармашылықпен дайындалуы керек. Өйткені, сабақ мұғалімнің өнері, шығармасы. Сондықтан әрсабақты тиімді ұйымдастыруда оқушыны жалықтырмайтын, қабілетін арттыратын жағдай туғызуға ықпал етуміз керек деп ойлаймын.

Ақпараттық технология негіздері тұлғаның химия пәнінен алған білім сапасы мен сауаттылығын кеңейтуге жәрдемдеседі, мысалы: интернет сайты арқылы жоғары деңгейдегі көрнекіліктерді пайдалануға болады. Заман ағымына қарай сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде оқушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады. Тестік тапсырмалар орындайды. Компьютер көмегімен оқыту оң нәтижелер береді. Ақпараттық мәдениет дегеніміз- тек компьютермен дұрыс жұмыс істей білу ғана емес, кез-келген ақпарат көзін: анықтамаларды, химиялық формулалар, сөздіктерді, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу деген сөз. Мысалы, бір ғана химиялық формуланың өзінен көп ақпарат алуға болады. Химиялық формула химиялық тілдің ең маңызды бөлігі болып есептелінеді, себебі сол заттың химиялық құрамын ажыратып береді.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өзжұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі, бүгінгі заман талабына сай білім беруі қажет. Сабақтың сәтті өтуі

біріншіден, мұғалімнің біліміне, іскерлігіне, тәжірибесіне байланысты болса, екіншіден, сабақ

материалына, ал үшіншіден, сынып типіне, төртіншіден мұғалім мен оқушының көңіл күйіне де байланысты. Сабақты тартымды әрі сәтті өткізе білу мұғалімдер қауымынан көп ізденуді, білімділікті, қабілеттілікті және тапқырлықты қажет етеді. Сабақты сәтті ұйымдастырудың бірнеше алғы шарттары бар. Олар:

- Сабақтың тақырыбына сайыс сабақ жоспарын жасау. Сабақ жоспары нақтылы жүзеге асатындай етіп жасалынуы қажет. Дұрыс құрылмаған сабақ жоспары жақсы нәтиже бермейді.
- Тақырыпқа сай сабақ түрін, оның әдіс-тәсілдерін түрлендіріп отыру.
- Қосымша материалдарды тақырыпқа сай шығармашылықпеніріктеп ала білу.
- Дидактикалық, техникалық құралдарды, электрондық оқулықтарды мақсатқа сай, оқушы сезіміне әсер ететіндей тұрғыда пайдалану.
- Сабақта алдыңғы қатарлы озық іс-тәжірибелер мен жаңа технология-ларды пайдалану.

Бұл орайда инновациялық технологияларды пән бойынша қандай тарауға, қай тақырыпқа пайдалану тиімді болатынына зерттеу, салыстырып жүргізіп отыру қажет деп ойлаймын. Сонымен бірге оқушының бастапқы білім деңгейін, жаңа технологияны пайдалану барысында қаншалықты білім алып шыққанын, не үйренгенін айқындап, диагностикалап отыру керек. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Оқыту үрдісін компьютерлендіру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау тиімді. Өзім жұмыс жасайтын колледжде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Интерактивті тақтаны, электронды оқулықты қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады. Сабақ барысында, соның ішінде химиядан зертханалық сабақтарды өткізген кезде жиі қолданамын. Ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы тағы бір мүмкіндігі – ол электронды оқулық. Электрондық оқулық — бұл дидактикалық әдіс – тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Электронды оқулықпен оқыту оқытушының оқушымен жеке жұмыс істегендей болады. Электрондық оқулық тек қана оқушы үшін емес, мұғалімнің дидактикалық әдістемелік көмекші құралы да болып табылады.

Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырады.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары болмақ. Компьютерлік графикалық материал презентациялық монитор көмегімен көрсетіледі. Химия пәні бойынша компьютерлік тестілеуді қолдану оқушылардың интеллектуалдық танымын арттырады. Оқушылар біртестілеуден жақсы нәтижеге жеткенше бірнеше қайтара өтеді. Келесі бір маңызды жағдай уақытты үнемдеу. Аз уақыттың ішінде бағдарламаның көптеген киын сұрақтарын формулалар мен эксперименттер көрсету арқылы түсіндіріліп, бекітіледі. Химия сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып өз бетінше жұмыс істеу факторы – есептерді шығара білу, шапшаңдылық, шеберлік дағдыларын ұйымдастыра отырып, сабақтар өткізуді қолға алдым.

Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, мен сабақ барысында оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ынтасына қарай топқа бөліп, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды жасауға машықтандырамын, оқушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырамын, сабаққа ынтасын арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беремін. Сабақ барысында оқушыларды, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін,

өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға өткізілген сыныптан тыс жұмыстар: «Химиялық сөзмерген», «Жүзден жүйрік», «Бұл неліктен?», «Кім көп біледі?», «Кім жылдам?», «Не? Қайда? Қашан?», «Білгір химик» сияқты танымдық ойындарын қолданамын. Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отыра, оқушының білім сапасын көтеремін, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға бағыт беріп оқушықұзырлығын дамытамын. Осындай тәжірибем арқылы оқушылардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін бақылау арқылы біршама нәтижеге жеттім. Мысалы: 1-курс студенттеріне «Темір», «Алюминий және оның қосылыстары» тақырыбындағы сабағымда тірексызба, семантикалық карта толтыру, эстафеталық сұрақтар арқылы, электрондық оқулықтарды пайдалана отырып, оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыттым. Есте сақтау қабілетін шыңдауға, ғылым мен техника жетістіктеріне, білімге деген қызығушылығын арттыруда сыныптан тыс шаралардың маңызы зор. Оқушылардың химиялық сауаттылығын арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай химиялық ойындар викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пәнаралық байланысты нығайту қажет. Тарауды қайталау, қорытындылау кезінде «қайталау-оқу анасы» деген нақыл сөздерді қолданып, тақырыпқа байланысты сөздік қорларын молайтып, өткен тақырыптың мазмұнын толық ашу үшін сәйкестендіру кестесін толтырғызып, сабақты бекітемін. Әртарауды өткенсоң, химиялық диктант, өздікжұмыс, тақырыптық есеп, бақылаужұмыстары, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған студенттермен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргіземін. Тест түрлері оқушы білімін бекітуге қайталауға, жүйелеуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдеуге оқужұмысын ұйымдастыруға жағдай жасайды. Тестік тапсырмаларды оқушылардың білім деңгейіне байланысты құрастырып, нәтижесін кілтімен тексертіп өздеріне бағалатамын. Оқушы білімін бағалауға оқушылардың жауап беру мүмкіндігі мен өзбетінше іздену дағдысын ескеріп, оқушы қабілетіне, қабылдау және меңгеру деңгейіне қарай сараптап тұлғаның психологиялық жас ерекшеліктерін ескеремін. Бағалау парағына әр деңгейлік тапсырманың бағасын қойып, қорытынды бағасын шығарып отырамын.

XXI ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады.

– Егер Жаңа ақпараттық технологияны химия сабағында тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады.

– Жаңа ақпараттық технологияны қолданса әрбір оқушы оқу процесінің субъектісіне айналуы нәтижесінде оқу жүйесінің қарқыны, білім сапасы артады.

– Жаңа ақпараттық технологияны тиімсіз пайдаланғанда, қажетті талаптарды сақтамаса оқушының білім сапасына танымды белсенділігі мен денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы студенттердің ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін. Егемен еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында десек, неге оларды заман талабына сай тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатпасқа. Оқытушы қауым химияны оқыту әдістерінде жаңа ақпараттық технологияның тиімді жағын пайдаланады деген оймен сөзімді аяқтаймын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»
2. Химия анықтамалығы 2015ж
3. Химия мектепте журналы №1-3, 2015ж
4. Қазақстан мектебі 2014/2015ж
5. Нұрахметов Н.Н. Химия. Әдістемелік нұсқау.6. Исабек. Н. «Компьютерлік технологияны пайдаланудың оңтайлы өлшемдері»

ҰРПАҒЫМЫЗ ҰЛТЖАНДЫ БОЛСЫН

Жаксиев Кошкарбай Жумашович

Атырау жоғары медициналық колледжі, Атырау қаласы

Егемен Қазақстан өмірінде жүріп жатқан өзгерістерге сай, үнемі даму мен жанғыру үдерісіндегі қоғам жан-жақты, сан салалы мәселелерді алға тартты. ХХІ – ғасырдың жаһандану өрісі әлеуметтік – саяси, экономикалық және рухани салалардағы елеулі өзгерістерге алып келді. Сан түрлі салалы кәсіби мамандықтардың арасында қазақ халқының тарихын, әдебиеті мен өнерін, мәдениетін дамыту бағыттары сараланып, зерттеліп, зерделеніп халықаралық деңгейге көтерудегі тетіктері қарастырылуда. Оның айғағы қазақ елінің тарихы мен философиясы, саясаттануы мен әдебиеттануы, психологиясы мен өнер тану салаларындағы ортақ мәселе – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ретінде айтылуы. Олардың ғылыми танымдағы көркем ой – идеялары, теориялық көзқарастарындағы ұлттық рухтың маңыздылығына басты назарға ілікті. Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назараевтың «Рухани жанғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының аталмыш мәселе аясында алар орны ерекше. Жоғарғы мектепке тиісті Президент Қ.К.Тоқаевтың жолдауында: «Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдер меңгерген озық ойлы әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеялына айналуға тиіс!» - деп айтуы өте орынды. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мен зерттеу мәселесі, рухани өркендеуде дербес еліміздің жастарының оқу үрдісіндегі кәсіби мамандық пен салаластырудағы сабақтастықтың құндылықтарын арттыру қажеттілігі бүгінгі таңда аса маңызды мәселеге айналуы өте орынды бағыт деп санаймын. ХХІ – ғасыр қоғам мен адамзаттың даму бағыттарында үлкен өзгерістер енгізді... Тарих қойнауынан ашылып жатқан бабалар еңбектері – салихалы, салмақты мұраларымыз бүгінгі ұрпақтың асыл қазынасына айналары хақ. Оның айғағы, Әл-Фараби бабамыздың 1150 – жылдық тойына орай жарық көрген еңбектер мен Абай Құнанбаевтың 175 – жылдық мерекесіне арналып жазылған еңбектер, күні кеше ғана ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай республика көлемінде барлық оқу орындарында кеңінен өткізілген шаралармен қатар халықаралық - әлемдік деңгейде ұйымдастырылып өтіп жатқан ғылыми – теориялық конференциялар, дөңгелек үстел басындағы бас қосулары мен еркін ой - тұжырымдары ұлттық рухымыздың бойтұмары, болашақтағы дамуымыздың даңғыл жолы десек болады. Айтылған тұжырымдар мен қосар ойлар негіздемесі таусылмас қазына екенін бағалап іске асыруға көкірегі ояу, көзі қарақты азаматтарымыздың атқарар ауқымды жұмыстары мен еселі еңбектеріне арқау болмақ. Осы ретте, өнер – білім саласында алға қойып отырған жоспарлы зерттеу мен зерделеу мәселелерін іске асыру жолдары күн тәртібінен түскен емес. Олар екшеліп жаңаша реңкте көрініс табуда. Тарихи тұлғалар еңбегі мен ұлағатты өмір фәлсапасы халқымыздың діні мен ділінің тазалығы, парасатты әдебі мен бауырмалдық қарым-қатынасы өнер мен шығармашылықтағы, ғылым мен білімнің өзегіне айналуы тиіс. Бүгінгі таңда тарих тереңінен, ғасырлар қойнауынан ұлтымыздың асыл мұралары рухани байлығымызға айналып жатқанда, әдебиет пен өнер, ғылым мен білім саласындағы шығармашылық мамандарының да қосар үлесі аса ауқымды болмақ. Ұлттық өнеріміздің өркендеуі мен кәсіби мамандарды баулу, осыған орай ұлтжанды тұлға тәрбиелеу, бәсекеге

қабілетті мамандар даярлауда ұстаздар алқасының қосар үлесі орасан зор. Кешегі өткен қоғамдағы бір сарынды саясаттың құрбанына айналған қазақ елінің бүгінгі тыныс-тіршілігі жаһандану ғасырындағы «дүниенің төрт бұрышындағы» әлемдің өркениеттің озық бағдарламаларымен сусындап, қасиетті қазақ елінің қарқынды өркендеуіне өз үлесін қосуда. Ғасырлар қойнауынан бастау алып, дала академиясы атанған қазақ би-шешендерінің айтқан аталы сөздері мен ұтымды ойлары, XIX ғасырдағы қазақ көгіндегі жарық жұлдыздар - Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық идеялары, XX ғасыр басындағы Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялы қауымының аса дарынды бір топ шоқ жұлдыздарының қалыптасып, олардың ағартушылық мәдениет, ғылым, білім саласына сіңірген еңбектері бүгінгі күнге дейін ұлтына, өнеріне, мәдениеті мен әдебиетіне деген ұлттық азаматтық рухының биіктігінің айғағы. Бұл мәселе бүгінгі күніде өз бағасын жойған жоқ. Қазақ халқының ғасырдан-ғасырға өтіп жалғасып келе жатқан өнері – ауыз әдебиеті, фольклоры, эпостары мен дастандары, өлең, жыр айтыстары да ғылым – біліммен қатар қазақтың ұлттық болмысын сақтап қалуға, халықтық бояуының жойылмауына, ділінің діңгегі ретінде зор роль атқарды. Ұлтымыздың киелі өнер - мәдениетінің, ағартушылық тарихы мен әдебиетінің, ғылымы мен білімінің дара тұлғалары – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Сәкен Сейфулин, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Санжар Асфендияров, Ермахан Бекмаханов, Илияс Есенберлин, Дина Нұрпейісова, Елубай Өмірзақов, Қалибек Қуанышбаев, Серәлі Қожамқұлов, Жұмат Шанин, Құрманбек Жандарбеков, Жүсіпбек Елебеков, Иса Байзақов, Қапан Бадыров, Өміре Қашаубаев, Ғарифола Құрманғалиев, Шәкен Айманов, Асқар Тоқпанов т.т.б шығармашылық еңбектері негізінде халықтық педагогикасы мен өнер - білімнің дамуын байланыстыра сабақтастыру ләзім. XXI ғасырдағы қоғамдық өзгерістер оқу жүйесіне, жастарды тәрбиелеу саясатына, ұстаздардың өзіндік атқаратын қызметтеріне сай кәсіби білімді жетілдіру мен ұлттық өнерді халықаралық стандартқа сай ерекшелігін екішеп жаңғырту мақсаттарында елеулі еңбектерімен танылуда. Ия, өнер мен білім - ұлттың жаны, ұлттың айшықты тұмары. Бүгінгі жаһандану заманында ұстаздар қауымында әртүрлі ағымдар мен діни наным-сенімдер ықпалына еріп көрсе қызарлық, жеңілдікке салынып ұлттық тамырдан ажыратушылардың ықпалына ұшырамау басты қырағылық, негізгі ұстаным болып табылады. Сонымен қатар қоғамда адами көз қарастағы құндылықтарда үлкен өзгерістерге ие болып отыр... Көп ұлтты Қазақстан жерінде ұлттық ерекшеліктері болып табылатын тілі мен ділі, мәдениеті мен әдебиеті, өнері, жалпы психологиялық қалыптағы ерекшелігін яғни; рухани байлығы мен ұлттық рухына мән бермей, ескермей саясат сүрлеуіне салу - ол отпен ойнағанмен бірдей деуге болады. Бүгінгі жоғарғы және орта, кәсіптік оқу орындарында ұстаздар ұжымының салиқалы да сындарлы, зерделі де зергерлі ізденістері біріншіден - ұлтымыздың болашағы, өскелең ұрпақты, еліміз бен жеріміздің заңды иелері болуына сай жан-жақты оқып-дамыған һәм бабалар өсиетіне қанық іскер де, талантты ұрпақ өсіріп, даярлау ұлт алдындағы абыройлы қызметтері екені бек анық. Өскен ұядан басталатын мәдениеті мен өнеріне, әдебі мен парасаты, ой өрісі, тарихынан тағылым алған, тамыры терең тәрбиеде сусындаған ұрпақ – Ұлт қазынасы болып табылуы хақ. Жағандану деп еркіндікті, демократияны анархияға ауыстыру - ол ұлттық рухымыздың түптамырына балта шабу екенін ұмытпаған абзал. Әр шаңырақ пен ортада, қоғамдық орындардағы қарым-қатынас әдебі ұлттық сипаттағы алтын діңгекке сай болуы елдігіміздің белгісі екені ескерту өте қажет. «Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп», ғасырдан-ғасырға жеткен ұлттық құндылықтарымызды бағамдап ұмытпағанымызды жастардың бойына сіңіру өзекті мәселе. Ғылым мен білімнің тілі де, ұстанымы да бөлек болғанмен, кәсіби маманның болмысынан, тіршілік тынысынан ұлт өкілін, қазақи тұлғаны көру ұстаздың ұстанымы болуы абзал. Елімізде аталып өткен Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Ұлы Абайдың 175 жылдығы және биылғы жылы кең көлемде аталып өткен Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына жан-жақты зерделі зерделеніп халыққа жетіп жатқан ғалымдардың зерттеу еңбектері – ол қазақ ұлтының алтындай асыл құндылықтары.

Мән беріп қарасақ, бұл еңбектердің әлемге ортақ құндылықтарға айналғандығын, Әл-Фараби мен Абайдың асыл ойлары қазақ қана емес, әлемдегі әр ұлттың арман – тілек, ойларын қозғап, асыл мұратына жол сілтеп отырғаны ашық айтылуда.

Тіл мәселесінің күрделі мәселе екенін айтып дабыл қаққан Ахмет Байтұрсыновтың қаупі әлі сейілген жоқ. Орыс тілі мемлекеттік тілмен бірдей қолданылып кей аймақтарда басымдық боп бара жатқаны жасырын емес. Бұл қазақ тілінің қолданыс аясына кедергі келтіріп, ұлттық тілдің көмескіленуіне әкелуі әбден мүмкін. Осы орайда, Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған «Пайда ойлама, ар ойла» атты республикалық Абай оқулары байқауында «Ұстау керек биікте ана тілді» деген өлең – шығарма жұлделі 1-орынды иеленіп, тілге байланысты мәселелерге бір кісідей атсалыстым. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай, колледж қабырғасында «Тіл - ұлттың жаны» атты шара ұйымдастырылып, оған тіл жанашыры Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, доцент Махимова Жұмазия Ғазизқызы қатынасып А. Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы туралы ойларын ортаға салып, студент жастардың сұрақтарына жауап беріп, қызықты сұхбат жасағандығын айта кеткім келеді.

Қорыта келе, қазіргідей дөңгеленіп тез өзгеріп құбылып тұрған заманда ұстаздық ұлы міндет - жас ұрпаққа заманауи білім беру ғана емес, сол біліммен қаруланған жастарымыздың бойында ұлттық дәстүр мен салтымыз, қазақтық қасиетіміз айқын аңғарылып тұратын ұлтжандылық қасиеттерді қалыптастыру болып тұр. «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп, Әлихан Бөкейханов айтқандай, қазақ ұлты үшін қызмет қылар ұлтжанды, ұлтмінезді жастарымыз көп болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Ж.Әбдильдин «Әл-Фараби» 12-наурыз 2020ж.
- 2.А.Дербісәлі «Әл-Фараби» 18-ақпан 2020ж.
- 3.С.Узақпаева «Тамыры терең тәрбие» Алматы «Білім»

ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ЖОСПАРЫН ҚҰРУ ҮШІН ҒАРЫШТЫҚ СУРЕТТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Саримова Шынар Маратовна

О.Көшеков атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжі,
арнайы пән оқытушысы, Атырау қаласы.

Аэроғарыштық, спутниктік суреттерді пайдаланудың негізгі міндеті – бақылау, белгілі бір уақыт аралығымен, зерттелетін объект немесе құбылыс туралы ақпарат алу, оның дамуын талдау және болжау. Мұндағы бақылау объектісі – жер беті және оған іргелес литосфера қабаттарындағы элементтер. Қашықтықтан зондтау материалдары мен карталары негізінде қоршаған ортаның және оның жеке құрамдас бөліктерінің жай-күйін жедел және аэроғарыштық бақылау (немесе картографиялық) мониторинг деп аталады. Аэроғарыштық мониторинг бір мезгілде объективті ақпаратты алуға және карталарды аумақтық бөлудің кез келген деңгейінде жылдам орындауға мүмкіндік береді: ел - облыс - аудан - шаруашылықтар тобы (жерді пайдалану) - нақты ауыл шаруашылығы жерлері - мәдениет. Аэроғарыштық мониторинг келесіге бөлінеді: Қашықтықтан бақылау – авиациялық және ғарыштық бақылаудың жиынтығы. Кейде бұл тұжырымдамаға жердегі жету қиын жерлерде орнатылған аспаптардың көмегімен қоршаған ортаны бақылау кіреді, олардың көрсеткіштері ақпаратты алыс қашықтыққа беру әдістерін қолдана отырып бақылау орталықтарына беріледі (радио, сымдар, спутниктер арқылы және т.б.) Авиациялық бақылау ұшақтардан, тікұшақтардан және ғарыштық биіктікке көтерілмейтін (негізінен тропосферадан) басқа ұшақтардан (соның ішінде қалықтайтын шарлардан және т.б.) жүзеге асырылады. Ғарыштық мониторинг – ғарыштық бақылау аппаратурасының көмегімен бақылау. Мониторинг процесті немесе

құбылысты бақылап қана қоймай, оны бағалауды, оның таралуы мен дамуын болжауды, сонымен қатар қауіпті салдардың алдын алу немесе қолайлы тенденцияларды қолдау шараларының жүйесін әзірлеуді қамтиды. Осылайша, оперативті карта құру құбылыстар мен процестердің дамуын бақылау құралына айналады және басқару шешімдерінің қабылдануын қамтамасыз етеді. Жерді қашықтықтан зондтауға арналған ғарыштық қондырғылар (ЖКЗ) қазіргі уақытта бүкіл әлемде кеңінен қолданылуда, қашықтықтан зондтау үшін жасалған ғарыш аппараттарының түрлерінің әртүрлілігі және олардың жалпы саны артты. Олар алатын ғарыштық ақпарат көптеген әлеуметтік, экономикалық және ғылыми мәселелерді шешуге пайдаланылады. Жерге орналастыру, жылжымайтын мүлік кадастры, экология және аумақтардың мониторингі мақсатында аэроғарыштық зерттеу материалдарының көмегімен шешілетін міндеттерді келесідей жіктеуге болады:

1. Географиялық ақпараттық жүйелерде (ГАЗ) бірінші ақпараттық қабат ретінде пайдаланылатын жер бедерінің цифрлық модельдерін фотограмметриялық әдістермен құру. Цифрлық рельеф моделі – бағдарламалық құралдардың көмегімен белгілі бір тақырыптық мазмұнның қабаттары таңдалатын базалық қабат, мысалы, рельеф қабаты, жол желісі, тұрғын үйлер, ауыл шаруашылығы жерлері, су объектілері, қоғамдық ғимараттар және т.б. модельдік және тақырыптық қабаттар геодезиялық кеңістікке ақпараттық базада сақталған облыс объектілері туралы семантикалық және статистикалық ақпаратты байланыстыруға мүмкіндік береді.

2. Жердің жай-күйі мен пайдалануының негізгі жоспарларын құру. Елді мекендердің, қалалардың, аудандардың, сондай-ақ облыстардың аумағында негізгі жоспарлар мен карталар жасалады. Құрылған жоспарлардың масштабы метрикалық деректердің талап етілетін дәлдігіне және мәселені шешуге қажетті ақпараттық жүктемеге байланысты. Негізгі жоспарлы-картографиялық материал зерттелетін аумақтардың табиғи ерекшеліктері мен шаруашылық дамуының ерекшеліктерін көрсетеді. Тақырыптық жоспарлар нақты ақпаратты толығырақ көрсету үшін құрылады. Мұндай жоспарлар мүмкіндігінше тезірек жасалады және олар табиғи-ресурстық және әлеуметтік-экономикалық кешендердің құрамдас бөліктерінің қазіргі жағдайын көрсетеді. Олар операциялық немесе кезекші жоспарлар (карталар) деп аталады.[4] Аэро және ғарыштық суреттер, сондай-ақ оларды өңдеу нәтижелері бірқатар артықшылықтарға ие, соның арқасында олар көптеген мәселелерді шешу үшін қолданылады:

- зерттелетін аймақ туралы метрикалық және семантикалық ақпаратты алу тиімділігі; - түсіру кезінде жер бетіндегі объектілердің нақты күйі тіркелетіндіктен, бұл ақпараттың объективтілігі мен құжаттық сипаты; - аэро-ғарыштық түсірістердің материалдары бойынша ақпарат алудың экономикалық тиімділігі; - зерттелетін аумақта болып жатқан өзгерістерді тұрақты түрде бақылау мүмкіндігі (әсіресе спутниктік түсірілімдер негізінде). - Жерге орналастыру, жер кадастры, экология және аумақ мониторингі мақсатында аэрофото және ғарыштық түсіру материалдарының көмегімен шешілетін міндеттерді бірнеше санатқа бөлуге болады. - Жердің жай-күйі мен пайдалануының базалық карталары мен жоспарларын құру және олардың негізінде әртүрлі тақырыптық карталарды алу. Базалық карталар мен жоспарлар ауылдық және қалалық елді мекендердің, аудандардың, сондай-ақ облыстардың аумақтарында жасалады. Олардың масштабы метрикалық деректердің талап етілетін дәлдігіне және есепті шешуге қажетті ақпараттық жүктемеге байланысты. - жерге орналастыру, түгендеу және әртүрлі мақсаттағы жерді кадастрлық бағалау үшін; - Ауыл шаруашылығы жерлерін, қала аумақтарын және басқа аумақтарды пайдалану тиімділігін бағалау; - жедел жер-кадастрлық ақпаратты алуды қамтамасыз ету; - елді мекендердің, қалалардың, өндірістік аймақтардың аумақтарын перспективалық дамытуды жобалау, табиғи ресурстарды өндіру және т.б.; - автомобиль жолдары желісін қайта жаңарту және дамыту; - жер асты коммуникацияларының, құбырлардың, электр желілерінің, су басу аймақтарының және т.б. жағдайын анықтау және бағалау. Бұл ретте ақпарат фотографиялық емес түсірілімдерден (жылулық, радиолокациялық, лазерлік) алынады; - жер ресурстарын жоспарлау мен басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету; - жылжымайтын мүлік объектілерін

кальптастыру, оларға құқықтарды тіркеу және олардың пайдаланылуы мен жай-күйі туралы ақпарат алу кезінде ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге байланысты экономикалық және құқықтық мәселелерді шешу; - жер және жылжымайтын мүлік нарығын ақпараттық қамтамасыз ету - жылжымайтын мүлікті қашықтағы әдістермен бақылау.[1] Жер беті үнемі өзгеріп отырады және кез келген карта бірте-бірте қартаюда. Спутниктік суреттер рельеф туралы ең соңғы және ең сенімді ақпаратты қамтиды және карталарды шағын масштабта ғана емес, сонымен қатар үлкен масштабта жаңарту үшін сәтті қолданылады. Олар жер шарының үлкен аумақтарының карталарын түзетуге мүмкіндік береді. Ғарыштық суретке түсіру, әсіресе, дала жұмыстары адам күші мен ресурстардың көп шығынымен байланысты, жету қиын аймақтарда тиімді. Сонымен қатар жерге орналастыру барысындағы жобаларды тиімді, барынша дәлді жобалауға мүмкіндік береді. Әрі далалық жұмыстарды жеңілдетіп, жер пайдаланушылық жерлері мен ауылшаруашылық алқаптарына ғарыштық суреттер арқылы мониторинг жүргізуге мүмкіндік туғызып отыр. Қорытындылай келе, заманауи технологиялар адам өмірінің мемлекеттік және жеке салаларында ғана емес, жерді пайдаланудың күрделі мәселесінде де жаңа мүмкіндіктер ашады деп айтуға болады. Жаңа технологияларды, ғарыштық суреттерді қолдана отырып жер пайдалану жоспарын әзірлегенді, оның сапасы мен жасалу жылдамдығы, экономикалық тиімділігі артады. Ұшқышсыз ұшу аппараттарды пайдалана отырып аэрофототүсірілім арқылы қоршаған ортаны зерттеу көптеген елдердің ғылыми топтары мен ұйымдарымен белсенді түрде жүргізілуде [1]. Ұшқышсыз ұшу аппараттарын (ҰҰА) пайдаланудың бейбіт бағыты көбінесе Жерді қашықтықтан зондтаумен (ЖҚЗ) байланысты. ҰҰА пайдаланудың негізгі мақсаты-берілген сипаттамалары бар қажетті аумақтың бейнесін алу. ҰҰА көмегімен шешілетін қазіргі заманғы зерттеулердің маңызды міндеті-кез-келген объект немесе рельеф туралы Кеңістіктік мәліметтерді экономикалық және технологиялық тұрғыдан негізделген түрде алу. Бұл технологияның артықшылығы мен бірегейлігі топографиялықгеодезиялық өндіріс үшін айқын. ҰҰА-дан алынған аэрофототүсірілім жергілікті жерді егжей-тегжейлі зерделеудің және ғарыштық суреттер немесе дәстүрлі аэрофототүсірілім материалдары бойынша сандық сипаттамаларды айқындаудың практикалық мүмкіндігі немесе экономикалық орындылығы жоқ аумақтардың цифрлық карталары мен жоспарларын жасау және жаңарту үшін пайдаланылады [1]. DJI Phantom — әуесқой деңгейдегі DJI Phantom 4 Advanced ең танымал квадрокоптерлерінің бірі. Ол салыстырмалы түрде арзан құны мен жеңілдігі мен басқарудың ыңғайлылығына байланысты танымал болды. Суретті борттық камерадан пайдаланушының мобильді құрылғысына беру Wi-Fi немесе өзінің lightbridge технологиясы арқылы жүзеге асырылады.

Әлемнің көптеген елдерінде дрондарды коммерциялық мақсатта пайдалану әлі де жартылай заңды болып табылады, қажетті реттеуші заңдар тек талқылануда немесе қабылдануда. Қазіргі уақытта ҰҰА журналистика], дауылдарды аулау, рельеф карталарын құру, қоршаған ортаны қорғау, ауыл шаруашылығы, құтқару жұмыстары, жоғалған адамдарды іздеу, барлау жұмыстары сияқты көптеген мәселелерді шешу үшін қолданылады. Dji Phantom 4 Advanced ҰҰА-тан алынған аэрофотосуреттерді өңдеу үшін AgisoftPhotoScan бағдарламасын пайдаланамыз. Agisoft PhotoScan Professional (бұдан әрі – PhotoScan) - аэрофототүсірілім материалдарын өңдеуге және ортофотопландар мен жергілікті жердің цифрлық модельдерін алуға арналған бағдарлама. PhotoScan орындалатын операцияларды автоматтандырудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді және бағдарламамен жұмыс істеу үшін арнайы біліктілікті қажет етпейді. Алайда, PhotoScan – мен жұмыс істеу кезінде негізгі геодезиялық және фотограмметриялық ұғымдар туралы жалпы түсінік болуы керек-координаттар жүйесі, проекция түрлері, байланыстыру дәлдігі және т. б [3]. Аэрофототүсірілім материалдары деп бұдан әрі түсінеміз:

- аэрофотосуреттер;
- аэрофотосуреттерді байланыстыруға арналған мәліметтер-суретке түсіру орталықтарының координаттары;

- атласы бар жердегі тірек (бақылау) желісінің тірек белгілерінің координаттарын анықтау сипатталған белгілері;

Бұл деректер бағдарламамен жұмыс істеу үшін жеткілікті. Сонымен қатар, фотосуреттердің өздері ғана қажет. Рельеф моделін нақты қалыптастыру үшін байланыстыру үшін мәліметтер қажет емес. Олар модельді қажетті координаттар жүйесінде (СК) байланыстыру үшін ғана қолданылады.

Аэрофототүсірілім материалдарын өңдеу келесі негізгі кезеңдерден тұрады: – фотосуреттерді туралау. Бұл кезеңде орындалады:

- суреттердегі ортақ нүктелерді іздеу;
 - суреттерді өзара бағдарлау элементтерін анықтау;
 - жалпы нүктелерден тұратын рельефтің бастапқы моделін қалыптастыру;
1. AgisoftPhotoScan бағдарламасына суреттерді жүктеу ;
 2. Аэрофотосуреттердің сапасын бағалау және түсіру бұрышы бойынша сұрыптау;
 3. Абрис бойынша суреттерді ;
 4. Аэротриангуляциясын жасаймыз. Соңында жер бедерінің 3D моделін салуға керек нүктелер бұлтын аламыз ;
 5. Өңделген суреттерді экспорттап одан кейін біз жер бедерінің 3D үлгісін аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :

1. Карпик А.П. Применение сведений государственного кадастра недвижимости для решения задач территориального планирования // Изв. вузов. Геодезия и аэрофотосъемка. – 2013. – № 6. – С. 112–117.
2. https://vuzlit.com/321947/primenenie_dannyh_distantsionnogo_zondirovaniya_vyavleniya_zahvata_zemel_zanyatyh_obektom_stroitelstva
3. Золотой С.А. Дистанционное зондирование Земли из космоса и устойчивое развитие общества//Вопросы электромеханики. Космические аппараты для дистанционного зондирования Земли. – 2008. – № 104.– С. 4–5.
4. Панарин В.А., Панарин Р.В. Применение космических снимков в муниципальном управлении урбанизированных территорий для задач территориального планирования //

ОТГРАНИЧЕНИЕ АППОЗИТИВОВ ОТ СХОДНЫХ ИМ СТРУКТУР

Кабдрахманова Гульжихан Кабдуалиевна

Атырауский аграрно-технический колледж

В статье рассматривается вопрос о сущности аппозитива как синтаксического явления в совокупности плана выражения рассматриваемого явления, что позволяет выделить его от сходных синтаксических структур.

Мақалада аппозитивтің мәні құбылысты білдіру жоспарының жиынтығындағы синтаксистік құбылыс ретінде қарастырылады, бұл оны ұқсас синтаксистік құрылымдардан ажыратуға мүмкіндік береді.

The article considers the issue of the essence of application as a syntactic phenomenon in the plan of expression of the phenomenon in question, that allows to separate it from similar syntax structures.

Аппозитивные образования очень широко используются как средство выражения характеристики, т.е. отношения между субстанцией и ее признаком, качеством, свойством. Данная модель привлекала внимание лингвистов своей необыкновенной, постоянно возрастающей продуктивностью.

Несмотря на повышенный интерес ученых к данной модели, ее лингвистический статус до сих пор не установлен и остается на периферии изучения. Далеко неоднозначно понимается исследователями грамматическая природа этого явления [21], расходятся

взгляды по поводу природы второго компонента модели (существительное в аппозитивной функции или прилагательное), не решена разгадка исключительно высокой продуктивности модели, ведутся дискуссии по целому ряду частных вопросов, связанных с этими образованиями.

Логико-синтаксические отношения приложения и определяемого, уточняющего члена предложения и уточняемого реализуются в предложении, а не в словосочетании.

Ни аппозитивы с определяемым, ни уточняющий член с уточняемым не образуют словосочетаний в собственном смысле слова.

Аппозитивы выделяются в результате установления логико-синтаксических отношений между двумя сопоставляемыми существительными на базе широкого контекста.

Впервые против расширенного объема приложения за счет включения в него уточняющих слов выступил Ф.Н. Бондарко. В статье «Некоторые вопросы синтаксиса» он ставит вопрос о суждении категории аппозитива и расширении категории уточняющих членов предложения.

Аппозитив – это особая синтаксическая категория, выступающая со значением аппозитивного определения – определения, совмещающего в себе атрибутивный и предикативный признаки.

Выраженный существительным, аппозитив, определяя предмет, утверждает наличие в нем данного признака. В утвердительной силе аппозитива проявляются его предикативные свойства. Морфологической природой аппозитива объясняется также его определяющее уточняющее значение. Аппозитив обладает способностью в большей степени уточнять определяемое, чем определение-прилагательное, так как оно наделяет предмет целым рядом признаков, обобщенных в существительном, служащем для его выражения. Наличие в приложении атрибутивно-предикативных свойств и определяюще-уточняющих значений составляет существо данной логико-синтаксической категории.

В зависимости от того, какой из признаков (определятельный или уточняющий) преобладает, аппозитивы подразделяются на атрибутивные и уточняющие. К разряду атрибутивных относятся: аппозитивы, выраженные существительным со значением качества-свойства (Хоть ты и купечество жалуешь, а нет тебе цены, подлецу), метафорические (Любит свою родину-мать, кровную кормилицу) (Ф. Гладков), риторические (Если мы люди, настоящие, советские люди, не побежим) (И. Эренбург), аппозитив с ведущим словом типа «человек» (В стороне сидел Кliche, долговязый юноша в очках, студент филологического фака) (И. Эренбург).

Атрибутивное значение в аппозитивах данной разновидности создается за счет семантики ведущего слова или за счет значений осложняющих его слов.

Уточняющими аппозитивами выступают существительные, не содержащие указания на признак (качество). Они дают функциональную характеристику определяемому предмету путем указания на его роль в окружающей действительности, в той или иной обстановке (Поднялись на Гудаур, высшую точку перевала через горный хребет) (М. Горк).

Особую разновидность уточняющих аппозитивов составляют аппозитивы, дающие характеристику лицу с точки зрения его положения в обществе. Это аппозитивы, определяющие лицо со стороны национальности, специальности, должности, принадлежности к той или иной политической партии, социального происхождения (Арагон–поэт, Арагон–коммунист – наш друг) (Литературная газета).

Уточняющие члены предложения и аппозитивы с уточняющими оттенками значения – близкие, но не тождественные логико-синтаксические категории. Их необходимо различать.

Аппозитивом является имя существительное, выступающее с функциональной характеристикой определяемого (Есть там у них один старикашка, пастух) (Л. Обухова).

В способности слова давать функциональную характеристику выявляются его определятельные свойства.

С функциональной характеристикой определяемого предмета могут выступать существительные, выражающие родовое понятие по отношению к определяемому, называющему видовое, а также существительные, обладающие более широким или более

отвлеченным значением, чем определяемое (Клим видел в Любаше непонятное ему, но высоко ценимое им желание и умение служить людям, качество, которое делало Таню Куликову в его глазах какой-то всеобщей и святой горничной) (М. Горький).

Уточняющими членами аппозитива выступают существительные, имеющие более конкретное значение, чем главное слово (На улицах продавали первые цветы весны – подснежники).

Уточняющие члены и уточняющие аппозитивы различаются и по значениям, и по синтаксическим функциям в предложении, а также по некоторым морфологическим признакам.

Аппозитив, как правило, выражается существительным. Уточняющие члены – различными частями речи, что зависит от морфологической природы главного слова.

В отличие от аппозитива, уточняющие члены, за исключением однородных, находятся в постпозиции по отношению к главному слову и почти всегда следуют непосредственно за ним [1].

Одним из важнейших показателей характера соотносящихся членов этих сочетаний могут быть служебные слова, в частности союз.

Если возьмем, например, союз и, который по определению А.М. Пешковского, «всегда выражает чистую идею соединения, т.е. отношение, само по себе всегда обратимое» [2], то при помощи него почти безошибочно можно установить сочинительный и подчинительный характер связи сочетаемых слов.

В тех сочетаниях, где отношения слов носят сочинительный характер, союз и может быть вставлен между словами без нарушения смысловой и грамматической структуры сочетания. Эти сочетания можно назвать парными сочинительными, потому что они большей частью выступают парами или устойчивыми сочетаниями.

Сравнение показывает, что союз и, вторгаясь в аппозитивные конструкции, в корне изменяет их семантическую и грамматическую природу. Изменяются даже грамматические отношения между словами.

В определительных сочетаниях в отличие от однородных парных сочетаний возможна предикативная обратимость подчинительного слова, т.е. аппозитива, обозначающего признак и переход его в сказуемое.

Следующей особенностью определительных сочетаний является возможность обособления подчиненного слова, т.е. аппозитива.

Определительные сочетания состоят из одних существительных, а парные сочинительные из: прилагательных (Ей вдруг захотелось сию минуту куда-то бежать, объявить всем людям, что она живая-здоровая); наречий и категорий состояния (любо-дорого смотреть; взад-вперед); числительных (2-3 года); глаголов (зачем зря будить – беспокоить).

Кроме грамматических признаков, в аппозитивных сочетаниях можно проследить еще лексические особенности, потому что:

во-первых, определительные сочетания имеют дифференцирующее значение, в них устанавливается видовое понятие по отношению к родовому.

во-вторых, эти сочетания имеют значение, показывающее временное, переходящее свойство предмета или субъекта, которым он выделяется из ряда других.

в-третьих, они имеют квалифицирующее значение, и слова, обозначающие признак, в таких случаях являются эпитетом: царь-орел [3].

Таким образом, на уровне конструктивно-синтаксического членения предложения атрибутивно-предикативные отношения приложения реализуются в отдельном члене предложения.

В аспекте актуального членения предложения аппозитив предикативуется к теме или реме и занимает второстепенное место в иерархии коммуникативной организации предложения.

Аппозитив имеет статус второстепенного члена предложения, так как обладает:

- а) специфическим морфологическим выражением;
- б) синтаксическими связями, характерными для аппозитивных конструкций;
- в) собственным функциональным значением.

Литература

1. Бертагаев Т.А. Отграничение словосочетаний с приложением от сходных сочетаний // Русский язык в школе. – М., 1957
2. Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. – М., 1934.
3. Бондалетов В.Д., Вартапетова С.С., Кучилина Э.Н., Леонова Н.А. Стилистика русского языка. – Л., 1982.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ВСТРЕЧНЫХ УСИЛИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Ержанова Аккенже Габбасовна

Атырауского аграрно-технического колледжа имени У.Кушекова,
преподаватель русского языка и литературы

Одной из главных задач работы образовательных учреждений в современных условиях является самосовершенствование учителя. Педагог, желающий освободиться от догм и стереотипов, понимает, что формы и методы его работы станут действительно новыми и нестандартными лишь в том случае, если будут избавлены от главного недостатка прежних методик - их обезличенности.

Всякое обучение есть создание условий для развития личности, и, следовательно, является развивающим, личностно-ориентированным. Реализация личностно-ориентированного обучения требует разработки такого содержания образования, куда включаются не только научные знания, но и методы, приемы познания, поэтому важным является разработка специальных форм взаимодействия участников образовательного процесса. Необходимы также процедуры отслеживания развития обучающегося, создание благоприятных условий для формирования его индивидуальности. Реализация личностно-ориентированного обучения предполагает разработку новых педагогических технологий и их использование в работе.

Основной целью использования ТВУ является признание индивидуальности студента, создание необходимых и достаточных условий для его развития, воспитание личности активной жизненной позицией, достаточно высоким уровнем знаний, необходимых в жизни.

Задача преподавателя – помочь студенту обрести знания, поддержать его, внушить веру в себя, в свой разум, в свои силы, в успех, в конечный результат! Всегда возникает вопрос: как сделать, чтобы урок был высокоэффективным, чтобы он оставлял след в душах учащихся? Считаю, что поиск новых форм и приемов изучения предмета, необходим.

Учимся для себя, для жизни. В этом-то как раз и заключается актуальность и перспективность педагогики встречных усилий на уроках русского языка. Но реализация данной технологии невозможна без усиленной работы по развитию устной и письменной речи, без знания новых методов и приёмов, без соотнесения с информационными технологиями.

Даёт ли ТВУ возможность ощутить радость открытия, воспитывает потребность узнавать все больше и больше? Ориентирована ли она на индивидуальность студентов, создание необходимых и достаточных условий для его развития? Что необходимо предпринять, чтобы сделать учение увлекательным, а каждый урок продуктивным? Уверена, что я нашла ответ на эти вопросы, познакомившись с технологией встречных усилий.

В основе этой технологии лежат принципы учебного сотрудничества. Сотрудничество – это совместная деятельность учителя и ученика, основанная на

взаимопонимании, доверии, совместном анализе хода и результатов учебной деятельности. Сильный взаимоотношений, который складывается в процессе учебного сотрудничества, демократический. Главным содержанием взаимоотношений становится принцип учения без принуждения.

Создание поля совместной деятельности учителя и ученика, как того требует технология встречных усилий, - долгий процесс, где необходимы сонаправленные усилия и учителя, и ученика, и других педагогов, и родителей... Только тогда учебное сотрудничество обретает основное свое значение: сотрудничество, совместный труд. Интересно общаться, учиться, трудиться, если это происходит на равных.

Поставленной цели можно достичь разными средствами. Педагогика встречных усилий (по Хан О.Н.) предполагает постоянные «шаги навстречу» от преподавателя к студентам и наоборот. Тогда обучение становится увлекательным процессом совместного познания.

Как и любая технология, технология встречных усилий базируется на дидактических принципах обучения. В первую очередь - это принцип сознательности и активности, в основе которого наиболее востребованные технологией приемы и правила. Необходимым условием сознательного обучения всегда являлось ясное понимание целей и задач предстоящей работы, использование всех видов и форм познавательной деятельности, приемов взаимообучения, воспитание активности.

Немаловажное значение в технологии встречных усилий имеет принцип доступности, эффективность которого заключается в умении учителя организовать и осуществить обучение в соответствии с возрастными закономерностями развития ученика. Классические «правила, относящиеся к практической реализации этого принципа сформулированы еще Я.А. Коменским: от легкого к трудному, от известного к неизвестному, от простого к сложному.

Реализацию встречных усилий можно организовать на уроках любого типа. Задача учителя - продумать этапы урока, методы и приемы, обеспечивающие взаимодействие с учениками в качестве участников образовательного процесса.

Перечислю основные характеристики урока, построенного на встречных усилиях участников учебной деятельности.

-Весь урок (или большая его часть) проходит на эмоциональном и интеллектуальном подъеме, что даёт выход творческой энергии его участников.

-Царит атмосфера сотрудничества и сотворчества: учитель и ученики «заражают» друг друга творческой энергией; чувствуется готовность той и другой стороны оказать друг другу помощь.

-Мыслительная деятельность учащихся стимулируется различными средствами и приемами: используются методы исследовательского, эвристического характера, творческие задания, познавательные игры и прочее.

-Учитель побуждает, организует и ведёт мысль учащихся к самостоятельному поиску и решению учебной проблемы, учащиеся адекватно реагируют на творческие и проблемные ситуации.

-На уроке для учащихся создаются возможности проявить себя – в зависимости от умения и желания учиться – в различных видах и формах учебной деятельности (индивидуальная, групповая, фронтальная; игровая и пр.)

-Речь учителя несёт огромную смысловую нагрузку на уроке: монолог и замечания педагога расставляют акценты, рожают проблемные ситуации, эмоциональные кульминации, обогащая учебную информацию.

-В результате такого урока у педагога и учеников возникает чувство удовлетворения от хорошо выполненной работы, желание повторить и упрочить успех совместной деятельности.

При планировании уроков с учетом данных требований обучение становится увлекательным процессом совместного познания.

Автор «Технология встречных усилий на уроках русского языка» Е.В. Коротаева предлагает структуру урока, «построенного в соответствии с технологией встречных усилий, состоящую из пяти основных этапов

